

A 2007

10320к

ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛҒҒЛЕРІ

II ТОМ



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ТІЛ КОМИТЕТІ

ТЕРМИНОЛОГИЯ

МӘСЕЛЕЛЕРІ

(1930-1990 жылдар)

II том



Астана, 2006

ББК 81.2

Т 36

Жинақты құрастырып, баспаға дайындағандар:

Шерубай Құрманбайұлы

филология ғылымдарының докторы, профессор

Ербол Әбдірәсілов, Әбдібек Әміров

филология ғылымдарының кандидаттары

Т 36 Терминология мәселелері. 2-кітап. Астана, «1С-Сервис» ЖШС, 2006. 288 бет.

ISBN 9965-9904-0-9

XX ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап қазақ терминологиясы дамуының жаңа кезеңі басталды. Бұл кезеңді қамтитын 60 жылдай уақыт ішінде терминнің, терминологияның түрлі мәселелеріне арналған көптеген ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалар жарық көрді. Әр жылдары түрлі басылымдарда жарияланған ондай еңбектерді зерттеушілердің, аспиранттар мен магистранттардың, студенттердің табуы оңайға түсе бермейді. Сондықтан қазақ терминологиясы дамуының тұтас бір кезеңіне қатысты жарияланымдар жинақталып беріліп отыр. Жинақта қамтылған мақалалар хронологиялық тәртіпке бағындырылған.

Бұл еңбек тілші ғалымдардың, терминология тарихын зерттеушілердің, терминтанушылар мен терминологтардың, терминографтардың, тіл мәселесі қызықтыратын көпшілік қауымның қажетіне жаратуы үшін шығарылып отыр. Жинақты жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне терминология бойынша жүргізілетін курстарға қосымша құрал, хрестоматия ретінде де пайдалануға болады.

ББК 81.2

Т $\frac{4602020400}{00(05)-06}$

© Ш. Құрманбайұлы,
Е. Әбдірәсілов,
Ә. Әміров, 2006
«1С-Сервис» ЖШС

ISBN 9965-9904-0-9 - (Т. 2)

АЛҒЫСӨЗ

Өткен жиырманшы ғасырдың 30-жылдарынан бастап, қазақ терминологиясы дамуының жаңа кезеңі басталды. Сол 30-жылдарға дейінгі жиырма жылдай уақытты қамтитын алаш оқығандарының терминологияны дамытуда ұстанған бағыт-бағдары басқа арнаға бұрылды. Ендігі жерде кеңес одағы халықтарына ортақ жалпыкеңестік терминологиялық қор құру мақсаты қойылды. Одақты құрайтын барлық ұлттық республикалар орыс тілінің терминологиясын үлгі ете отырып, ұлтаралық тіл мәртебесіне ие осы тілмен ортақтығы мол терминологиялық қор қалыптастыру көзделді. Терминологияның халықаралық сипатын арттыруға баса мән берілді. Ұлттық республикалардың көпшілігі кеңестік тіл саясатына сәйкес белгіленіп отырған осы бағытқа қарай бетбұрыс жасады. Қазақстан да 30-жылдардан бастап ұлттық терминологиялық қорын осы жаңа бағытқа сәйкес қалыптастыруды бірден қолға алған республикалардың бірі болды. Қазақ терминологиясын дамытудың осы кезең талаптарына жауап беретін жаңа қағидаттары белгіленді, барлық терминологиялық жұмыстар кеңестік тіл саясатының талаптарына лайықталып жасалған терминология қағидаттарына сай жүргізіле бастады. XX ғасырдың 30-90 жылдары аралығын қамтитын 60 жылдай уақыт ішінде терминология дамуының негізгі бағытын белгілеп отырған мемлекеттің саяси курсы, оған негізделіп белгіленген тіл саясаты да айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ. Сол себептен де жалпы кеңес одағындағы терминологияны дамытудың бағыты, ұлттық республикаларда да сол бағыттағы жұмыстардың жүргізілу тәртібі мен бағдары да басқа арнаға бұрыла қоймады. Қайта жыл өткен сайын орныға түсті. Біздің қазіргі қолданыстағы терминологиялық қорымызды құрайтын терминдеріміздің елеулі бөлігі дәл осы кезеңде жалпыкеңестік терминқор қалыптастыруды мақсат еткен уақытта жасалып, қалыптастырылды. Сондықтан да

ұлттық терминологиялық қорымыздың даму, қалыптасу тарихындағы бұл кезеңнің алатын орны айрықша. Аталған кезеңде жасалған терминдердің саны мен сапасын, ұстанған жолымыз бен жүргізген жұмыстарымыздың жетістігі мен кемшіліктерін анықтап, терминология саласындағы алдағы атқарылатын жұмыстарымызда оларды ескеріп, жақсы тәжірибелерін іске жаратып, кемшіліктерін қайталамауымыз керек. Сол үшін де бұл кезеңді зерттеудің, аталған мерзім ішінде жарық көрген еңбектердің ешқайсысын да назардан тыс қалдырмаудың қажеттілігі сөзсіз. Жинақта Қ. Жұбанов, Ә. Ермеков, С. Бөйішев, С. Аманжолов, М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Қайдаров, Ө. Айтбаев, Т. Жанұзақов, Е. Жанпейісов, Б. Қалиев, А. Әбдірахманов, Р. Барлыбаев, И. Шәріпов, Т. Мұса-құлов, Ә. Сатыбалдиев, Ж. Молдажаров, Е. Аққошқаров сынды ғалымдар, қайраткерлермен қатар 30-90 жылдар аралығында термин мәселелеріне арнап қалам тартқан өзге де көптеген авторлардың ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалары қамтылды.

Бұл сөз болып отырған уақыт аралығын қазақ терминологиясы дамуының кеңестік кезеңі деуге болады. Осы кезеңде көптеген терминологиялық сөздіктер жарық көріп, термин, терминология мәселелерін сөз еткен мақалалар жарияланды, мамандар тарапынан түрлі ұсыныс-пікірлер айтылды. Газет-журналдар мен түрлі басылымдарда жарияланғандықтан оларды зерттеушілердің, студенттердің, термин мәселесі қызықтыратын жалпы оқырман қауымның бүгінгі күні тауып, пайдаға жаратуы оңайға соқпайды. Сол себепті оларды жинақтап, хронологиялық жүйеге келтіріп, жеке басылым ретінде бастырып шығаруды мақсат еттік. Бұл жинақ термин мәселелерін зерттеуші ғалымдардың, салалық мамандардың, филология факультеттері студенттерінің қажетіне жарайды деп білеміз. Көзі қарақты оқырман қауым осы жинақта топтастырылып берілген мақалалармен таныса отырып, қазақ терминологиясы дамуының жарты ғасырдан астам уақыт аралығындағы даму жолын, кезеңдік сипатын, басты ерекшелігін бағамдай алса керек.

Біз көрсетілген мерзім ішінде жарияланған үлкенді-кішілі мақалаларды мейлінше қамтуға ұмтылғанымызбен, біздің назарымыздан

тыс қалып кеткен материалдар болуы мүмкін екендігін жоққа шығара алмаймыз. "Мемлекеттік терминология комиссиясында", "Қазақ тілінің терминдері" деген атпен осы кезең аралығында газеттерде жарық көрген бекітілген терминдер тізімі де жинаққа енгізілмеді. Сондай-ақ жеке кітап, жинақ түрінде жарық көрген бірді-екілі еңбектердегі мақалалар бұл басылымда қамтылған жоқ. Мәселен, 1986 жылы басылып шыққан "Қазақ терминологиясының мәселелері" және "Терминдер мен олардың аудармалары" (1990), "1920-1930 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер" (1994) сияқты жинаққа енген мақалалар қамтылмады. Бұл басылымға тек 1961 жылы Мәскеуден шыққан "Вопросы терминологии" жинағына енген қазақ ғалымдарының баяндамалары мен сөйлеген сөздері енгізілді. 60 жыл ішінде жарық көрген сан түрлі басылымдардың бәрін ақтарып сүзіп шығып, оларды тұтастай қамтудың қандай ауқымды жұмыс екендігін әркім-ақ пайымдай алса керек. Дегенмен біз осы жұмысты мүмкіндігімізше атқара отырып, негізгі мақсатымызға қол жеткіздік деп ойлаймыз. Ұсынылып отырған жинаққа еңбей қалған, біздің қолымызға түспей, назарымыздан тыс қалып кеткен мақалалардың біздің тарапымыздан баспаға ұсынылғалы отырған терминология саласы бойынша жарық көрген еңбектердің библиографиялық көрсеткішіне және осы жинақтың келесі басылымдарына енгізілетінін хабарлаймыз. Орыс тілінде жарияланған бірнеше мақала қазақшаға аударылмай, сол жарияланған қалпында беріліп отыр. Жалпы бұл басылым кеңес дәуіріндегі қазақ терминологиясының даму, қалыптасу үрдісін білгісі келетіндердің, жоғары оқу орындарының филология факультеттері студенттерінің, термин, терминология мәселелерін зерттеушілердің, салалық мамандардың қажетіне жарайтын құрал болады деп білеміз.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

филология ғылымдарының докторы, профессор

1930-1990 жылдар аралығында термин, терминология мәселелері бойынша жарияланған мақалалар

М. Қайыпназарұлы

ҚАЗАҚ ТІЛІН ӨРКЕНДЕТУГЕ БАСШЫЛЫҚ КҮШЕЙТІЛСІН

Қазақ тілі құрылысының майданы ең елеусіз келе жатқан майданымыз. Бұл жұмыс бұрын қазақтың "алаш" жол, ұлтшыл оқығандарының қолында болған; олар талай зиянын келтірді.

Сталин жолдастың "Болшеви́зм тарихының кең бір мәселесі" туралы деген хатымен қабат қазақ тілі құрылысының да негізгі негізгі жерлері қайта қаралып өткен еді. Майданда жөнді көңіл бөлінбей, басшылық етілмей келгендіктің салдарынан туған олқылықтың беті анықталды. Оның бер жағында белгілі саясат ұсынып, тіл құралу істері жөнге салып, реттеп отыру көрнекті мәдениетіміздің бірі.

Қазақ тілі ауыл шаруашылығы әсіресе мал шаруашылығы сөздерінде бай, кәсіп тіліне кедей. Октябрь төңкерісінің капитализмге Ленинді ұлт саясатының дұрыстығы арқасында Қазақстан социалды жолға түсіп, тез өсіп өркендеп келеді. Ауылшаруашылық - елден ауылшаруашылық - индустриалды елге айналып отыр. Осыған сәйкес қазақтың тілі де баюда. Қазақ тілі құрамында басшылық етудің, бір ізге салып реттеп отырудың керек жері осы ара; бұл күнге дейін ондай басшылық болмай келеді дерлік халде жүр.

Бұл жұмысқа бәрімізде ие болуымыз керек еді, ішінара алғанда оқу комиссариаты ие болу керек еді; алайда бұл жұмыс жөнінде әлі күнге дейін бас ашиды, айқын Маркс жолына толымда бірыңғай бағытымыз жоқ деуге болады.

Алдымен қазақ тілі құрамындағы алаш ордашылдық теорияларға тиісті соққы берген жоқ. Олардың теориясы не дейді, мәнісі қайсы? Олар қазақ тілін өзге тілдердің бәрінен де оқшау ұстайды. Бөліп, жырып қарайды: өзге ұлттардың бізге сіңісіп кәдімгі қол тумай болып кеткен сөздерін жат көріп шетке шығарып отырады. Бұл жолда Досмұхамбетұлы Халелдің "Қазақ тіліндегі үндестік заңы" деген кітапшасы көзге ерекше түседі. Сол кітапшасында Халел - "қазіргі казак әдебиетінде жат тіл, бұралы сөз көбейіп кетті; төңкерістен кейін газет, журналдарымыздың беттері сондай сөздермен толып, шұбарланып кетті... жат сөздерсіз тұруға ешбір мүмкіншілік қалмады. Заман сондай болды, дейді. Халелдің айтып отырған жат сөздері. Бұралқы тілдері коммунизм, социализм,

комсомол болшевик" және басқа сондайлар. Оның "бұл сөздері көбінесе қазақтың оқығандары зорлап енгізіп жүр" дейді Халел сол кітапшасында.

Кітапшада Халел жат сөздерден алуы қазақтың тілін қорғау керек дейді; бұл үшін Байтұрсынның Ахметі шығарған үндестік заңын қолдану керек дейді. Жат сөзсіз күшіміз болмайтын болса оны алмай-тұра алмайтындай болады, үндестік заңына бағындырып, өзгертіп алайық, өзгерткен соң сол елдің өзінде танымастай болсын! "Жауропа сөздерінде, түрік сөздерінде айнытпай алуға болмайды, ол дұрыс емес" дейді Халел. *Алаш: оқырмандардың қазақ тілі құрылысында ұстаған бағыты көп уақыт жүргізген жолдары қандай болғаны осы сөздерден толық аңғарылса керек. *Бөкей ханның Әлиханы да аудармада талай зиянын тигізген; орыстың "ура" дегенін "алас" деп аударған; жастарды коммунизм рухында тәрбиелеу керек деп аударуға тиісті сөзді "жастарды коммунизм иісі мен мекіту керек" аударған интернационал - бейфориааль болып аударған; мұнысы теріс мағына беріп, тасбауыр, рахымсыз дегендік қой. Осы сықылды талай сорақылықтарды, көбіне теріс мағына беретін аудармалар аз болған жоқ.

Алашшыл оқығандар Ахметтің үндестік заңын мықты ұстады. "Шет сөздерді алғанда сол жұрттың өзінде танымайтындай болып, бүтіндей өзгертіп алу керек" дегенін олар түптеп отырды. Мысалы, Елдеше аударған жеке жауыропалық сөздердің аудармасы мынандай болады:

Педология - аудармасы педоложы болған.

Лаборатория - аудармасы лабыратыр болған.

Аудитория - аудармасы аудетір болған.

Психология - аудармасы психоложы болған.

Досмұхамбетов Халелше аударғанда:

Топелевский - топайлы

Орловский - өрлік болған

Бұл аудармалардың түбірі жауыропалық болса да, жауыропалық түсінбестік халге жеткен. Қазақтың бұларға түсіне алмайтындығы өз алдына.

Біздің ойымызша интернационалдық сөздерді өзге жұрт тілдерінде айтылуынша еш бір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Қазір Қырым, Әзірбайжан сықылды өзге ұлт республикалары да солай алып жүр.

Біз неге сөйтпейміз?

Қазақ тілі құрылысында жоғарыда айтылғандарға қарама-қарсы тағыда бір өрескелдік бар. Ол – қазақтың өз тілі мен-ақ әп-әдемі аударылатын сөздерді аудармай, қазақ тіліне сол күйінше тықпалауға тырысатындық бар. Мысалы, директива деген сөзді алайық; қазақ газетінің бәріде директиваны деректіп дейді де отырады. Мұны нұсқау десе болмай ма? Міне осы сықылды сөздер толып жатыр.

Онсоң бізде әлі күнге дейін келісіп, бір ізге салынып қалаған сөз атаулары [терминдер] жоқ; әлі әркім әр түрлі термин қолданады; олар түзетілместен сол күйінде басылып кете береді. Оқу комиссариатының термин комиссариатында алашшыл оқығандардың ықпалы күшті болып тұрған кезде Кеменгер ұлының басқаруымен бір сөздік шыққан; ол жалпы алғанда ұлтшылдық бағытында болды; білім жағына толымды бола алмады.

Биыл "Атаулар сөздігі" шықты. Алды да, арты да осы болды. Бұл сөздіктің мақсаты көп қолданып жүрген терминдерді көпшілігіне ұғындыру болса керек. Бірақ жалпы алғанда сөздік онысын орындай алмады. Бұл сөздікте көп ұшырамайтын сөздер көп, термин-атау емес жат сөздер де толып жатыр; бұлармен қоса төңкеріспен қоса келген сөздерді бұл сөздіктен таба алмайсыз. Мысалы, марксизм, ленинизм, большевик, большевизм, диктатура, революция, политика, комсомол, социалды соревнования, бригадир, трактор тағысын тағылар еш қайсысын бұл сөздіктен таба алмайсың. Гарнизон, дивизия, рота, пулемет, жаңа басқа сондай әскерлік сөздер де жоқ.

Сөздікте теріс аударылғандарыда бар; мысалы, агитация да, пропаганда да үгітделінген; бұның алғашқысы үгіт болғанда, екіншісі насихат болуы тиіс еді.

Коммуна деген сықылды қазақтың өз сөзіндей болып сіңісіп кеткен интернационалдық сөздердің де аудармасы сөздікте бар көрінеді.

Термин комиссиясы бұл сөздікте интернационалдық сөздерін аударуға келмейтіндеріне қазақ тонын кіргізіп барып алуға тырысады, бұл дұрыс саясат дей алмаймыз.

Қазақ тілін бұдан бұлай өркендетуге ұстайтын бағытымыз қандай болу керек? Бұл мәселеге келгенде қалың көптің ұғымынына оңай, жеңіл болуы керек деген Ленин, Сталин нұсқауларын қолдануымыз керек. Оның "социализм бүкіл жер жүзінде жеңіп, әбден орнығып, қалыптасып кеткен уақытта ұлт тілдері де адасып, ортақ бір тілге айналып кетуі сөзсіз." деген Сталин нұсқауын жүзеге асыра беру бағытын ұстауымыз керек. Тіл саясатындағы, ішіндегі түрлі уклон мен әсіресе қазіргі дәурдің бас қабірі болып отырған ұлы орысшылдықпен жергілікті ұлтшылдықпен мықтап күресіп қазақ тілі құрылысында көсемдеріміздің жаңағы нұсқауларын бұлжытпай қолдануымыз міндет.

Қазақтың тілін әсіресе әдебиет тілін қазақта жоқ шет терминдермен байытудан тартынбау керек. Сонымен қазақ қалың елден қашық кетіретіндерінен аулақ болуға тырысу керек. Мұның үстіне ол терминдердің жөнін айтып мәнісін молырақ ұғындыра отыру қажет. Шет сөздерді, кісі, дала, жер аттарын алу мен қоса кіретін жеке дыбыстардан да қашпау керек. Қазақтың тіліне оларды алу керек. Қабыл алынған жер жүзіндік сөздерді сол күйінше айтуға тырысу керек (бірақ міндет етпеу керек). Шет тілдерді үйренуді күшейту керек, әсіресе орыс

тілін үйренуге ерекше зер салу қажет. Жалпы пролетариат мәдениетіне жетуде бұл тілдің көп себебі тиеді.

Бұл жөнінде дұрыс жасалған сөздіктердің [қазақша-орысша, орысша-қазақша] септігі орасан күшті болады. Мұндай сөздіктерге еңбекшілердің бәрі де ділгер. Бұларды тез құрап, бастырып шығаратын болу керек.

Қазақстан оқу комиссариаты баспасөз жаңа кеңес жасаушылары қазақ тілі құрылысына большевиктік басшылық ету жұмысын қолдарына шындап алу керек.

Қайыпназарұлы М. Қазақ тілін өркендетуге
басшылық күшейтілсін // Әдебиет майданы.
1932 жыл. № 10; 59-61 бб.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАЙСЫБІР ТЕРМИНДЕР ТУРАЛЫ

Соңғы жылдары мәдени тұрмыс құрылысының қалың шаруашылығы адам айтқысыз өмірде болмаған табыстарға ие болып бірінші социалдық бес жылдықты 4 жылда бітіріп орындаудың мүмкіндігін қамтамасыз етіп, қалың шаруашылықтың социалдық жолмен қайта құру үшін және күшті техникалық баздар жасауы.

"СССР аграрлы елден индустриалды елге айналды". (ЦКА мен ЦКА-ның біріккен пленумінде Сталин, Молотов, Куйбышев жолдастардың баяндамалары бойынша шығарылған қауылыдан).

Біздің социалдық экономиканың іргесін қалап "кімді кім" деген Ленин ұранын қала мен деревняларда ақтық рет социализм пайдасына шешіп еңбекшілердің мәдениеті көтеріліп, тұрмыс жағдайлары түзеліп орасан жетістіктеріміз барлығына ешкімнің де таласы жоқ. Бай-кулак табы негізінен жойылып, ауыл шаруашылығындағы капитализм түбірлері түзіліп "сонымен деревняда да социализмнің жеңуі қамтамасыздандырылып" ендігі кезекті міндетіміз - екінші 5 жылдықта тапсыз социалдық қоғам жасау болып отыр.

Біздің осы сияқты жалпы өсуіміз бен байланысты кешегі Ресей патшалығының езіліп, жәншіліп , қаналып қараңғы түпкірінде өндіріс пен жер шаруашылығының қалыңғы түрлері мен ұзақ, өгей ұлттардың да өзгеріп, өркендеп, олардың түрлері мен қалған ұсақ, олардың шөл далаларында, тауарларында, қараңғы түпкірлерінде шойын жолдар жүргізіліп, тас көмірлер қазылып, электрленіп, қымбаты түсті металдарды істеп шығаратын ірі зауыттар салынып кешегі елсіз шөл даланы совхоз, колхоздар мен машина трактор станциялары қаптап екінші түрге социалдық түрге айналдырып отыр.

Кешегі ана тілінде бірде мектебі жоқ қазақ елі бүгін жарты миллиондай бастауыш мектебінде, 10 мыңдап орта мен жоғары дәрежелі мектептерінде оқушылары бар, 10-нан аса жоғары оқу орындары, 100-ден аса орта дәрежелі мектептері, 20 шақты ілім зерттеу институттары, 120 латын газетті (62 қазақ тілінде), 10 шақты журналы (6 қазақ тілінде) болып мәдениет сатысында анағұрлым ілгерілеп отыр.

Осы фактілердің бәрі де қазіргі дәуірдегі басты қауып ұлы орысшылдық ұлтшылдық пен күресе отырып Лениннің саясатын жүргізе алудың арқасындағы "түрлі ұлттық, мазмұн социалдық" ұлт мәдениетінің өсіп өркендеп келе жатқандығының зор дәлелдері бола алады да, және дүние жүзі пролетариатының көсемі, жолдас Сталиннің 16-шы партия съезіндегі "Артта қалған ұлттарды

социалдық құрылысқа нағызынан жұмыла кірістіре алуымыз тек ұлт мәдениетін өркендеткен жағдайда ғана" деген сөзін іс-жүзінде іске асырылып орындалып келе жатқанын толығынан дәлелдей алуы.

Алайда, бізде басқа туыс республикалармен салыстырғанда жергіліктендіру мәселесінде, мектеп жұмысында, тұрақты оқу кітаптарын жасауда Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин сияқты классиктарымыздың оқуларын қазақ тіліне аударып, қалың еңбекшілермен таныстырып, яғни қазақ еңбекшілерінің үкімет басқару жұмысына "социалды құрылысқа жұмыла қатыстыруына" жеткілікті жағдай туғызуда анағұрлым артта қалып отырмыз. Мысалы, Ойрат республикасында 75 процент хат танып, Шуаш республикасында 50 жасқа дейінгілері түгел хат танып барлық мектеп жасындағы балалары түгел 7 жылдан оқуға тартылып, Чебоксарияның (кішкене ұлт) бар халқының бестен бірі оқушы болып отырғанда, бізде 30 процент-ақ мөлшерде халқымыз хат танып оқу жасындағы балаларымызды 7 жылдық оқу түгіл 1-ші басқыш мектептерге де түгел тарта алмай отырмыз.

"Ұлт мектептерін өркендету бұл мектептерге жалпы қазақ жастарын тарту ұлт театрын, музыкасын, көркем әдебиетін өркендету баспа жұмысын кенейту, марксизм - ленинизм классиктерің, үлгілі орыс көркем әдебиетін қазақ тіліне аудару социализм мүддесі емес пе?"

"Ұлттық мәдениет құрылысы артта қалған қазақ бұқарасын қазақ ауылын, қазақ жұмысшыларын социалдық мәдениетте баулып, бұл артта қалған бұқараның дәрежесін көтеру біздің міндеттерімізден болуы керек" (Крайкомның 6 пленуміндегі сөйлеген Мирзоян жолдастың сөзінен).

Терминнің дұрыс, тұрақты, ауқымды сай болуы аударушыға да, жазушыға да үлкен құрмет болып жеңілдік келтіреді де, олай болмауы орасан қиыншылықты кездестіреді. Қиыншылыққа кездестірмек түгіл кейбір не жазуға не аударуға жарамайтын жүрген жастарымыздың бастарын шайқап, кірбендеп бөгеліп тұрып қалулары да болып жүреді.

Бөгелмей жаза бастап кеткен жазушыларымыздың көбінің тілі әсіресе аударма жөнінде немесе мәдениеті үлгері басқан тілінен пайдаланғанымызда әркім өзінше жазып, өзінше аударып сөйлеп жүре бергендіктен шығармаларымен аудармалардың көбісі дерлік оқушылардың көбіне жеткілікті түрде алмай жұртшылық тілегін көңілдегідей орындай алмай келеді. Қазақ тілінде сабақ беретін орта, жоғары дәрежелі мектептердің оқушыларына келсек бұларда да осы қиыншылық көп кездесіп жүр. Мәселен: Каспийдің бір бөліміндегі 15 баланың қазақ тілінде болған сабақ политэкономикадан сынаған уақытта біреуі ақ қанағаттанарлық болып, қалғандарының бәрі де нашар болып шығуында басқа себептерімен қатар (оқушылардың тұрақты болмай ауыса беруі, қазақ тіліндегі

оқу кітаптарының жеткіліксіздігі т.т.). Оқытушының қолданған терминдерінде ауқымсыздық болып, соның әсері күшті болмады деп кім айта алады? Ешкім де айта алмас.

Бұл тұрақты, ауқыммен термин жасау туралы ешкімнің қарсылығы болмауы мүмкін, өйткені бұл кімге болса да "қаныққан қашаттық" болып отыр. Оған Қазақстан халық комиссарлар кеңесінің биылда июнның 22-сі, 508 санды қаулысы дәлел (осы журналдың аяғын қара). Осы қаулының күшімен құрылған комиссия Қазақстан халық ағарту комиссариатының қасынан құрылып жаңа ғана іске кірісіп отыр. 1931 жылы сол комиссариаттың білім кеңесінің термин комиссиясы бұл мәселені қолға алса да біраз атаулар теріп, басқармаға беруі ғана тоқтап қалған еді. Оны, өмір-социалдық қарқындары жұртшылық тілегі мазмұн жағынан да көлем жағынан да жеткіліксіз деп көп жұмыстар тілеп отыр.

Бұл әрине үлкен тілек мезгілі жеткен тілек. Бұған жұртшылық болып көмектесуіміз қажет. Әйтпесе 5-6 адамнан ғана құрылған комиссияның осыншама өскен тілекті көпшіліктің тілегінсіз орындап шығу мүмкін емес.

Бұл жөнінде жоғарыда айтып өткен қазақ тілінде шығып отырған 62 газет пен 6 журналдың, оның ішінде әсіресе қазақ баспасөзінің қай жағынан болса да көсемі болып отырған астана газеті "Социалды Қазақстан" неғып отыр десек? Әрине, үлкен көмектесіп, зор пайдасы тиіп отыр. Өйткені жазушы болсын, аудармашы болсын, оқытушы мен оқушылар болсын қайсылары болса да тіл-термині жөндерінде пайдаланып, оқып, жаттығып жүргендерінде ешбір талас жоқ. Алайда, өмірден қалмай, жұртшылық тілегін ерте сезіп, мезгілімен орындап, көсемдік ете алып отыр ма деген сұрау қойса? Иә дей алмайсың. Әлгі айтылып өткен көмектерін жоққа шығара жаздайсың. Ол үшін мысалды мыңдап келтіруге болады, әйтседе, әзірше алыстан арбаламай-ақ астана газетінің аты болып отырған "Социалистік Қазақстанның" өзінен-ақ бастайық. Жұртшылық мәдениеті, салт санасы өскен сайын таптық қырағылығы да өсіп әрбір продукцияны (ескісі болсын, жаңасы болсын) сол берілген күйінде қабылдай бермей таңдап, талдап қабылдауға айналып келеді. Мысалы, осыдан 2 жыл бұрын "Социалды Қазақстан" дегеннің сыртында, мазмұн жағынан да, дұрыс табылған ат деген деп қол көтермеген еңбекшілер болмаған болуы керек. Енді соны бүгін қарасақ "үйретуші ең жақсысы өмір" (Ленин), дегендей еңбекшілер жұртшылығы әсіресе мазмұн жағынан қолайсыз деп атап өтіп барады да, "Социалды Қазақстан" оны сезбей артта қалып барады. "С.Қ"-ның кеңесінде істеушілерден басқаның бәрі дерлік Социалды тастап оның орнына "Социалдық" деп барады да, кеңесіндегілердің бәрі дерлік оны сезбей сол "Социалды" күйінде жырлап барады. Конкретті мысалдарға көшпес бұрын, қазіргі қазақ тілі болып сіңісіп бара жатқан "Социалды" мен "Социалдық"-тарды ұғымын байқайық. Социалдық

дегеніміздің орысшасы "Социальный" ғой, орыстың басқа ұлттан алған бұл сөзін өздеріне тән сөздеріне аударсақ "общественный" болады ғой, енді келіп соны қазақшалап көрсек "С.Қ" деген атауымыз "Қоғамдық Қазақстан" немесе "Әлеуметтік Қазақстан", әлде "Жұртшылық Қазақстан" болады. Міне бұлардың қайсысы болса да "Социалистический" деген ұғымды бере ала ма? Әрине жоқ. Ендеше біздің қазіргі қазағымыз "С.Қ" екенінде ешкімнің таласы жоқ қой, бізге бұл жердегі керегі сол ұғынысты жұртшылыққа қай терминмен бере аламыз? Міне көбі осында ғана ғой. Осы "С.Қ"-ды үлгіге алып облыстық, аудандық газеттеріміздің бірсыпырасы, "Социалды дала", "Социалды шығыс", "Социалды құрылыс" тағысын тағылары деп отыр. Ал, газетіміздің сол ісі атауларына сәйкес бір ізбен сол "Социалды" деген атаулардың өзін "Социалистический" деген ұғымға етіп шығарарлық болып келе ме? Жоқ, ондай мақсатсыз қалай кездесе солай жүрме? Бұған жауап беру үшін тағы сол "С.Қ"-ның өзінің қайсыбір бір беттерін шолып өтейікші; биылғы июлдің 4-гі 152 номеріндегі ЦКА-ның одақтық халық комиссарлар кеңесінің, Ворошиловтың бірінші екпінді колхозшылар съезін құттықтауларында "Социалдық егін", "Социалдық мәдениеті", "Социалдық егін шаруашылығы", соның 157 номеріндегі "Социалдық ауыл", "Социалдық шабуылдың мәнісін ұқпағандық" десе 151-152 сандарында тағы да "Социалдық өнерлі кәсіп орнатылды" (Мирзоян жолдастың баяндамасынан), "Социалды жарыс" (екпінді колхозшылардың Калинин жолдасқа жолдаған сәлемінде) деп қайталақтап отыр.

Қашанда болса мәдениет тірегі болып келе жатқан мемлекетіміздегі қолданылатын оқу кітаптарымен әдемі тілде көсемдік ететін көркем әдебиетте қалай делініп отыр десек: Аманжолұлы басқарған "2-ші жылдың тіл кітабында" -"кеңес еңбекшілері социалдық құрылыстың табысын есептемейді" (93-бет), Сталин ленинизм мәселелерінде "Социалдық құрылыстың", "Социалдық сектор" (190 бет), Асқардың "екпінді мен ақынында" ақын "ауылда рас екпінді; таң қаларлық табыс бар; социалдық құрылыс, социалдық жарыс бар (С.Қ биылғы июлдің 6-да, №154). Мұқанұлы Сәбиттің "20 ғғ. Қазақ әдебиеті" "ерікті социалдық кеңес республикасы", (1-ші бөлім, 3-бет) "Социалды тәрбие" (1-ші бөлім, 452-бет). "Әдебиет майданы" журналының 1932 жылғы 9-шы санында. "Социалды жарыстың", "Социалдық штабтың" деп отыр да, халық ағарту комиссариатының білім кеңесінің термин комиссиясының 1931 ж. шығарған атаулар сөздігінде "Социалдық" деп аударылған.

Мұны дәлелдеу үшін тере берсек мыңдаған дәлел табуға болса да оқушыларымызды жалықтырмау үшін осы келтірген дәлелдерімізде болар дедік. "Социалды"-ны жақтаушыларымыз "Социалистический" деген ұғымға "Социалды" да "Социалдық" та, басқа ұлттардың бір сөздерін біз эксеізбен

ұғынатын болсақ та одан тіліміз байығаннан басқа келер зиян жоқ деулері мүмкін. Бірақ, ондайды өмір жақтай алмай көркем әдебиет болсын, оқу кітаптары болсын, яғни баспасөздің қайсысы болса да "Социалды"-ны аттап өтіп, "Социалдықты" қолдап отырғанына жоғарғы келтірген мысалдарымыз дәлел бола алса керек.

"С.Қ" газетті басында "Крайком, Казатком, Казатпром, Алматы обкомының тілі" деп орысша мен қазақшаны араластырып жазады да, ісіне келсек ылғи ғана өлкелік партия комитетті "Алматының облыстық партия комитеті деп көбінесе [әлде қалай болмаса ғана] қазақшалап отырады. Мұның неге былай екі түрлі болып отыруы оқушылардың тағы да оқи алмай теңселмеде жүргендіктен басқа іс нәрсе емес". "С.Қ."-ның бірен-саран адамдары мен кеңескенімізде басында қысқартып орысшалап отырғанымыз орынды ықшамдау ғана әйтпегенде жалпы принципизм қазақшалап отыру ғой дейді, дегені мен онысына мақұлдасуға менімше болмайды-ау деймін. Бес-алты әріптің орны үшін принципті бұзып оқушыларымыздың пікірін жалтақтату жол емес; біреуі мен-ақ, яғни принципімен болу керек. Егер "С.Қ."-ның бұдан басқа, яғни ЦКА, Крайком, Обком дегендер атау ретінде интернационалды терминге айналып келе жатқандықтан екеуінде қолданып, бара-бар ЦКА, Крайком, Обкомдардың өздерін қолданамыз деген пікір болса оларына қосылар едік те, мақұл десіп қол көтерісер едік.

"Өлкелік партия комитетті политехникалық мектеп" журналын білім тәрбие жұмысына коммунистік жол басшылық көрсететін қарымды тілге айналдыру жөнінде әлде неше рет сілтеу берген болсада, әлі күнге дейін журнал ондай болмай келеді.

Басылып келе жатқан материалын мазмұны және өз уақытында шығармалуы мен осы күнгі тауып отырған әдіс жөніндегі оқытушылар тілегін өтей алмай отыр (Маркстіл педагогтар қоғамның Қазақстан ұйымдастыру бюросынан 1932 жылғы декабрдегі қаулысынан).

Бұл журнал Халық ағарту комиссариатының тілі болып шығуына 8 жыл болсада мазмұн жөнінде мезгілі мен шығуы жөнінде оқушылар тілегін мезгілімен өтей алмай отыр. Соңғы 4-7 сандарынан бастап әжептәуір қайта құрылып мәдениет майданындағы кемшіліктерді мезгілі мен сезе бастап конкретті жол басшылық етіп төменгі бастауыш мектеп оқушыларына әсіресе әдіс жөнінде жөн сілтеуге бет бұрды [Қараңыз 4-7 сандарынан]. Алайда кемшіліктері әлі көп, Крайкомның 6-шы пленумының көрсеткен жобасы мен қайта құрылып мәдениет жұмыстарында істейтін міндеттері толып жатыр. Біздің бұл жолғы ұстап келе жатқан мәселеміз термин мәселесі болғандықтан журналдың жалпы жағдайына бұл жолы тоқтай алмай тағыда мұнда жолданып жүрген терминдері туралы бір-екі сөз айтпақпыз. Термин туралы төменгі оқытушыларымызда басшылық ете алмай буда аяғын бұралаңдап басып келеді, ол сияқты кемшілік бұрынғы сандары

түгел әлі түзелуге бет алған сандарынан өзінде де бар. Мысал үшін мұнда да әуелі осы журналдың жақында түзеліп қойылған атынан бастамақпыз. Мұның бұрынғы аты "Жаңа мектеп" әрине мазмұнына сәйкес ат емес еді, өмірде жаңалықта, жаңа мектепте бола бермек, бірақ, бұл жаңалық қай жаңалық, көп сонда. Олай болса "Жаңа мектеп" өзгерілуі әбден дұрыс. Өзгерілгенде "Политехникалы мектеп" боп өзгерілген, өзгертушілердің бұл пікірі былайша айтқанда, біздің мектебіміз политехникаланған мектеп болуы керек те, аты да, мазмұны да соған сәйкес болсын дегеніне ешкімнің де таласы жоқ. Ал, сол пікірге біздің "Политехникалы мектеп" деп отырған атымыз сәйкес пе, жоқ па? Менімше, орыстан "Политехническая школа" деген ұйымын біздің "Политехникалы мектеп" бере алмайды, "Политехникалық мектеп" десек дұрыс болады. Өйткені біздің "лы" сияқты жұрнақтарымыз сол нәрсенің толық мағынасында солай боп кеткендігін көрсете алмайды, тек сондайының барын ғана көрсетеді. Біздің мысалымызда, біздің мектебіміздің политехникаланып отырғанын көрсете алмайды, тек политехникасы бар дегенді ғана көрсетеді. Біздің айтайық деп отырғанымызда, орыстың "Политехнический" де политехникасы бар деу ғана емес "Политехникаланған" деу ғой. Айналыра келе айтатынымыз орыстан "ический" деген приставкаларын біздің "лы", "ды" жұрнақтарымыз ұғындыра алмайды, біздің бұл жұрнақтарымыз орыстың көбінесе "ный" деген приставкаларына ғана төлеу бола алады. Мәселен: "Социалды Қазақстан" емес, "Социалдық Қазақстан", "Коммунисті қоғам" емес "Коммунистік қоғам", "Политехникалы мектеп" емес "Политехникалық мектеп" тағысын тағылар. Бұл туралы біздің әдебиетіміз не деп отыр дегенге келсек: Садуақасұлы Ж. "Бастауыш мектеп" деген биылғы кітапшасында "Политехникалық мектептің" "Политехникаланған мектеп", политехникалық білімге "Политехникалық мектепте" [31-бет] деп: "Жаңа мектеп" журналының 1931 ж. 11-12 сандарында "Политехникалық жол", "Политехникалық оқу" [48 бет]; "Политехникалы мектеп" журналының 1933 жылғы төртінші санында, "Политехникалы еңбек", "Политехникалық оқу", "Политехникалы ғылым негіздерін" тағысын тағылар деп отыр. Міне мұнда да өмір - еңбекшілер жұртшылығы политехникалы мектеп дегенді қанағаттанбай, политехникалық мектеп дегенге айналып барады.

Осы журналдың биылғы 4-санының 1-бетінде "Сека", "Наркомпрос", 2-бетінде "Наркомпрос коллегасы" десе, сол санның мазмұнында - "орталық партия комитеті", 10-бетінде Халық ағарту комиссиясы деп отыр. Наркомпростың барлық қаулы - қаралары мен "Социалды Қазақстан" газеті "Коллегия"-ның орнына алға деп жүр, аяғын дәл баспай бұлғақтап жүр.

Қорыта келе айтатынымыз "Социалистический" деген ұғымды "Социалды" бере алмайды, "Социалдық" береді, сондықтан социалдыны тастап, "Социалдық"-ты алудың уақыты жетті, яғни "Социалды Қазақстан" газетінің атын "Социалдық Қазақстан" деп өзгерту керек.

"Политехнический" деген ұғымды "Политехникалы" бере алмайды, "Политехникалық" береді, яғни "Политехникалы мектептің" журналының атын "Политехникалық мектеп" деп алу керек.

Сека, Крайком, Обком, Казопром тар интернационалды тілге айналып бара жатқан ұғыныстар болғандықтан, сол күйінде алынып "Наркомпрос", "Коллега" дегендер "Халық ағарту комиссиясы", "алға" делініп алынуы керек. Өйткені бұл сияқтылардың бәрін сол орысша күйінде ала берсек тым әсіре қызылданып кеткен боламыз да, онымен қабат бұл соңғылар ана бастағылар сықылды интернационалды тілге алынып кете қоюына ешкім күні бұрын кепіл бола алмас дейім. Сонымен "С.Қ." газеті болсын, "П.М." болсын саяси бағытпен ғана отырмай тіл, термин жағынан да жол басшылық ете отыруына бағыт жетті ғой деймін.

Момынұлы Р. Қазақ тіліндегі қайсыбір терминдер туралы//Политехникалық мектеп.1933 ж. № 7-8. Айына бір рет шығатын, педагогика журналы.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТ ТІЛІНІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ЖӨНІНДЕ

Мемлекет Термин комиссиясы қолданған (Мәдениет қызметкерлерінің сөзі мақұлдаған) принциптер мыналар:

1. Ел-елдің өз тілдеріне аударылмай, әдебиет тілінде бір-ақ түрде жазылып, айтылып келген терминдер, мысалы, "революция", "совет", "теория", "практика", "тенденция", "конкрет", т.т. - аударылмай со түрінде алынсын.

2. Әдебиет тілінде әр елдің өз тіліне аударылып алынатын халық ара терминдер, мысалы, "өндіріс", "еңбек", "ақша", "түбір", "сабақ", "бұлшық ет", "бөлу", "көбейту" сияқтылар қазақ тіліне аударылып алынсын. Кейбір аударылып алынатын терминнің қазақ тілінде эквиваленті табылмаса, немесе қазақшаға аударғанда түсініксіз, я тіпті теріс ұғым беретін болса, ондай реттерде орысша сөздер алынсын. "Сословие", "состав", "клетка", "слет", т.т.

3. Түрлі пәндерде бір мағынада қолданылатын, немесе мағына жағынан бір-біріне жақын, біркелкі байланысы бар терминдер сол мағыналарында бір-ақ түрде алынсын. "Форма", "материя" (философия мен физикада), "түбір" (математикада, ботаникада, лингвистикада), "морфология" (ботаникада, лингвистикада), "реакция" (химияда, биологияда), "экскурсия" (физиологияда, педагогикада).

4. Бір сөзбен айтылатын, бірақ түрлі орында түрлі мағынада жүретін "мануфактура" (экономикада және мата мағынасында), "продукт" (өндіріс өнімі мағынасында, "продукт" - азық-түлік мағынасында) сияқтылар, бір пәнде термин болып алынсын да, қалғандарында қазақ тіліне аударылсын (мысалы, "мануфактура" - экономиканың даму кезеңі мағынасында термин, ал енді мата мағынасында термин емес).

5. Интернационал терминдер орыстың әдебиет тілінде жазылғанынша алынсын қазақ тілінде жоқ кейбір дыбыстар қазақ әріптерімен жазылсын: "форма", "химия", "революция" сияқты.

Порма, ғимия, револутсия.

6. Қазақ тіліне аударылып алынған терминдердің ғылыми мағынаны толық бере алатын болуы, қазақ тілінің грамматика ерекшеліктеріне қайшы келмейтін болуы, қазақ тілінің рухына жат, жасама көз болмау жағы айрықша көзделсін, мысалы: "беріліс" (передача), "тоқыма" (текстиль), "көпкіл" (многоугольник), "іс жүзі" (практика) сияқты.

7. Есім және есімденген етістік формаларындағы интернационал терминдер со түрінде алынсын. Ал енді "зация", "ация" жұрнақтарымен келетін "машинизация", "электризация", "объективизация" сияқты сөздердің негізіне қазақ

жұрнақтары жалғанып алынсын, мысалы: машиналандыру (... изацияландыру емес), электрлендіру (... электризациялау емес), объективтендіру. Интернационал терминдер қазақшада анықтауыш сын есім болып ұсталғанда ықшамдалып, "ский", "ний" жалғаулары алып тасталынсын; "популяр кітап", "абсолют шама", "буржуаз идеология", "экстенсив шаруашылық", "дифференциал теңгерме", "-ский" жұрнағы жалғанып, түбірінің "к" дыбысы "с"-ға айналатын сын есімдер қазақшасында зат есім формасында алынсын: "электр шам" - физика, жағрапия, т.т.

"Изолировать", "машинизировать" сияқты етістік форма қазақ тіліне былай аударылсын: зат есім мен сын есім түрі алынып, оған қазақтың етістік жұрнақтары жалғансын; орыс тілінде етістік формасынан ғана қолданылатын есім түрінде айтылмайтын немесе есім мағынасынан алыстап кеткен терминдер, жай сөз есебінде контекстке қарай аударылып отырсын: игнорировать, регулировать, регаировать сияқтылар.

8. Терминмен қатар халық ара терминдер де ұшырайтын, бірақ қазақ қосымшалары оларға эквивалент бола алмайтын бірсыпыра аффикстер де алынсын: "ист", "изм" (суффикстер), ре, сиң, суб, анти, контр (префикстер).

Терминдерде ұшырайтын басқа аффикстер де қазақшада да болып отырсын, бірақ олар формал элемент болып есептелмесін.

9. Терминдердің басқа сөздерге ықшамдалып барып, қосылған формалары қазақ сөздеріне де ықшам түрде қосылып алынсын: авто, аэро, т.б. автожол, аэроқатынас, авиашана сияқты.

10. Октябрьден бастап орыс тіліне етене болып сіңіскен ықшам қосынды сөздерді революция табысы деп санап, қазақ тілін байытуға да бұл табыс жұмсалсын, қазақ тілінде де ықшамдау қиындалған терминдер жасалсын (политэкономия, ауатком, т.т.). Бірақ ықшамдалған, ықшамдау қиындалған терминдер ықшамдағанда, қиындағанда қазақ әдебиет тілінің заңына, сөніне үйлестіріп алынсын да, Мемлекет термин комиссиясының қабылдаған сөздері жаңа іске асын.

11. Бұрынғы терминдердің бәрі де қайта қаралып, теріс ұғым бермейтіндері ғана сол күйінде қалдырылсын "Диктатура", "революция", "совет", "теория", "практика", "контрреволюция", "милитаризм" сияқты бұрын қазақшаға аударылып қана алынып жүрген терминдер сол интернационал күйінде қазақ тіліне кірсін.

Қазақ әдебиет тілінің терминологиясы жөнінде // Қазақ тілінің терминдері (Сөздік). Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1936. - 7-9 бб.

ТЕРМИНОЛОГИЯ ПРИНЦИПТЕРІ ТУРАЛЫ

Термин мәселесі жалпы мәдениет мәселесімен тығыз байланысты, ол мәдениет мәселесінің бір бөлімі. Сондықтан біздің шаруашылығымыздың жаңа ұлттық формалы, социалистік мазмұнды мәдениетіміздің қаулап өскен дәуірінде терминдер жасау, терминдерді сұрыптап, бір қалыпқа салу мәселесінің маңызы зор. Осыған байланысты бәрінен бұрын терминология принциптерін белгілеп алу керек. Бұл істе ВК(б)П тарихының қысқаша курсына жаңа марксизм-ленинизм классиктерінің бірнеше томдаған шығармаларын қазақ тіліне аударғанда алған көп тәжірибелерді ескеру керек.

"Термин" деген латын сөзі. Бұрын бір нәрсенің шегі, географияда шекара деген мағынада қолданылады екен; ол біздің заманымызда көбінесе тіл жөнінде айтылады, жаңа ерекше бір ұғым мағынасында қолданылады. Термин көбінесе бір сөзден құралады, бірақ ол бірнеше сөздерден құралуы да мүмкін. "Саясат", "экономика" деген жеке сөздер де, солд сөздерден құралған "саяси экономика", "жаңа экономикалық саясат" деген сөйлемшелерде термин болып саналады. Терминдерді кейде бір заттың аты есебінде кездеседі (мәселен: комбайн). Терминдер өздерінің мазмұндары өзгеріп кетпеген күнде баспасөз де, жұрттың аузында да бір мағынада қолданылады. Терминдер көбінесе қысқа, орамды келеді, сондықтан да мағыналы болады. Сонымен термин дегеніміз ерекше ұғым, мағынасы бар жеке сөздер яки бірнеше сөздерден құралған сөйлемшелер, яғни белгілі бір дәл ұғымның шеңберінен шығып кетпейтін сөздер яғни сөйлемшелер. Бір ғылымның саласында берік орын алған терминдердің жиынтығы сол ғылымның терминологиясы болып табылады.

Терминология дамуының процесі қоғамдық дамудың, қоғамдық ойдың, ғылымның, техниканың, искусствоның даму процесіне байланысты. Бұрын артта қалып, енді ғана алдыңғы қатарлы мәдениетке қолы жеткен қазақтары өздерінің даму жолында толып жатқан жаңа ұғымдары кездестіреді жаңа ол ұғымдарды өзге халықтардың тілдеріндегі тиісті терминдермен беруге немесе өз тілдерінде сол ұғымдарды бере алатын жаңа терминдер жасауда тілдер болады. Қазақ тілінде ғылымның, техниканың, искусствоның, тарихтың, философияның түрлі салаларындағы білім табыстарының таралу әсіресе марксизм-ленинизм қазынасының таралуы революциялық рөл атқарып, қазақ тілін ғылыми тіл дәрежесіне жеткізеді.

Өзге халықтардың тілдеріндегі терминдерді қазақ тіліне енгізу жолымен қазақтың өз тілінде жаңа терминдер жасау жолы бір-бірімен өте тығыз байланысты. Және бұл жолды практика жүзінде дұрыс қолдану ісі екі оғаштыққа да қарсы күресуді керек қылады. Ол қандай оғаштық?

Бірінші оғаштық-орынсыз пуризм, яғни тілдің "популярлы" болуын, тіл "тазалығын" сақтауды сылтау қылып, қандай интернационалдық терминді болса да қазақ тіліне аударамын деп әурелену. Мұндай орынсыз долбарлау ғылыми ұғымдарды түсінуге үлкен кедергі болады. Владимир Ильич Ленин тілдің миллиондаған бұқараға популярла, түсінікті болуын жақтай отырып, орынсыз долбарлау дегенді жек көретін. Ол былай деген: "Мен жұмысшылар үшін популярлы әдебиеттің", өте-мөте артта қалған жұмысшылар үшін популярлы әдебиеттің (бірақ, әрине, майрампаздық әдебиеттің емес) қажеттігін берекеге шығару деген ойдан аулақпын. Бірақ ылғи педагогиканы ұйым мәселесіне апарып шырғаушылық менің ызамды келтіреді. Сендер "орташа жұмысшының" қамын ойлайтын господиндер-ау, жұмысшы саясаты туралы, яки жұмысшы ұйымы туралы сөз бастаудан бұрын қалайда еңкейе түсуге тырысуларыңмен шынында жұмысшыларды қорғап жүрсіндер ғой? Келелі нәрсе туралы тік тұрып айтыңдаршы (Ленин. IV,-461-462 бет). Сөйтіп жұмысшыларды түк білмейтін надастар деп санап, оларға аса маңызды келелі мәселелерді дұрыс, долбарлап айту жұмысшылардың өзін қорлау болады" дейді Ленин. Ғылыми мазмұны терең интернационалдық терминдер жөнінде де долбарлаудың қандайы болса да заңды. Мұны дәлелдеу үшін Белинскийге жүгінуге болады. "Прогресс" деген термин туралы атақты сөзінде Белинский терминология принциптерін айқын көрсетіп берді. Атап айтқанда "прогресс" сияқты сөздердің тілге сөзсіз сіңетіндігін дәлелдейді.

Белинскийдің бұл сөздерін біздің практикамыздағы толып жатқан мысалдармен дәлелдеуге болады. Қазақ "итеншек", "тартыншак", "салт-сана", "центр маңдай", "центр өкше" деген сөз сымақтарды қанша тақса да, олар халыққа аздап болса да сіңе алмайды. Өйткені олар "прогресс", "регресс", "идеология", "центрстремительная" деген терминдердің ғылыми мағынасына ешбір сай келмейді. Ал енді, "шайтан арба", "от арбаның айғыры", "егін басатын машина", "астық суаратын машина", "тұқым себетін машина" деген қазақ сөздерінен гөрі "велосипед", "поезд", "молопилка", "елка" деген сөздердің аудармаған күйіндегісінің өзі түсінікті екені сөзсіз. Мұнда мағыналы қысқа сөздердің шұбалаң сөздерден артықшылығы айқын көрініп тұр. Мағыналы қысқа сөздерді интернационалдық терминдерді жақтай келіп, Энгельс былай дейді: "...кейде бір шетелдік сөз немесе ө дегенде толық көлемде түсінікті бола қоймайтынын сөйлем кездесе, мұның жаман ештеңесі жоқ. Жиналыстағы ауызша баяндама мен баспасөз жүзінде берілетін түсінік бұл арада қажетті істің бәрін істеп береді, сөйтіп қысқа, бірақ мағыналы сөздер, түсінікті болғандықтан ойда қалып, ұранға айналады. Ал, шұбалаң сөздерде еш уақытта бұлай болмайды" (Энгельс, Эрфрут проектісіне сын. Ленин шығармаларында, 5-том, 23-бет). Бұдан марксизм

классиктерінің аударуға келмейтін, мағыналы интернационалдық терминдерді сол күйінше алуды жақтайтынын көреміз. Бұл жөнінде Сталин жолдастың берген нұсқауын ұмытпауымыз керек. Ярославский жолдас "Марксизм-ленинизм жөніндегі негізгі білімдердің энциклопедиясы" деген мақаласында шетелдік ғылыми терминдер жөнінде Сталин жолдастың мынадай жетекші нұсқау бергенін айтады: "Біз ВК(б)П тарихының қысқаша курсы" жазып жатқан кезде Сталин жолдастың: жолпыға бірдей шетелдік ғылыми терминдерді енгізбеуге немесе оларды кеңірек түсіндіріп айтуға болмас па екен деп сұрадық. Сталин жолдас бұған қарсы болды, ол: жұрт үйренетін болсын, өссін, белгілі ұғымның мағынасын білетін болсын" деді ("С.Қ"-ның осы жылғы 9 сентябріндегі нөмірін қараңыз). Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды ерекше ұғым мағынасы бар, қазақ тіліне дәл аударуға келмейтін интернационалдық терминдер, соның ішінде орыс тіліндегі терминдер, орысша нұсқасы бойынша қазақ тіліне сол күйінде енгізілуі керек. Бұл - терминология мәселесіндегі негізгі принциптеріміз.

Екінші оғаштық - шетелдік сөздер мен орыс сөздеріне тым әдістенушілік, оларды орынсыз қолдану. Орыс тілін тазалау туралы Ленин былай дейді: "Орыс тілін біз бүлдіріп жүрміз. Шетелдік сөздерді орынсыз қолданып жүрміз. Оларды теріс қолданып жүрміз. Недошаттар яки недостаткілер яки пробелдер деуге тұрса да, "дефектілер" деудің не қажеттігі бар... Шетелдік сөздерді орынсыз қолдануға қарсы сөз жариялайтын уақытымыз жеткен жоқ па?... " (Ленин, 24 том, 662-бет). Бұл арада айта кететін бір нәрсе: кейбір жолдастар Ленин шетелдік сөздерді қолдануға қарсы болған деседі. Бұл әрине, кешірместік күнә. Шынында Ленин шетелдік сөз аталуға қарсы болған емес, шетелдік сөздерді орынсыз қолдануға қарсы болған, кей реттерде тіпті "экспроятся" деген терминін қолдануын Ленин жаратпаған. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің мәселесінде 1918 ж. 28 апрелде сөйлеген сөзінде ол былай дейді: "осында "тонаушыларды тона" ұранда өте-мөте соққы тиді,-бұл ұранда қанша тесіле қарасам да, мен одан, тарихқа жүгісек, теріс еш нәрсе таба алмай отырмын. Егер біз эксприятторларды, экспроприатаалау деген сөздерді қолданып жүрсек,-мұнда латын сөздерін айтпай-ақ қосуға болмайды?" (Ленин 12 том, 493-бет). Лениннің бұл нұсқауын қазақ тіліне де толық қолдануға болады. Бұл жөнінде біздің практикамыздан жүздеген мысалдарды келтіруге болады. Шетелдік сөздер мен орыс сөздерін ешбір дәлелсіз қолданып, ғаріпін ғана қазақшалап жүрген адамдар аз ба? Мәселен, "жалған" деудің орнына "фәлші", "аттаныс" дегеннің орнына "атака", "жер аудару", "айдау" дегеннің орнына "ссылка", "высылка". "салық" деудің орнына "налог", "теңгерме" деудің орнына "уравниловка", "керексіну", "ұсыну" деудің орнына "спрос", "предложение", "басқарма" деудің орнына "правление", "ер" деудің орнына "герой" дейді. Біздің бір әдебиетіміздің

мақаласында "клевета", "сплетта", "лож", "сравнение" деп жазды. Әрине, ол бұл сөздерді "жана", "өсек-аяң", "өтірік", "теңеу" деп қазақшалауға әбден болатынын жақсы білді, бірақ орысша айтсам сөзім күштірек шығар деп ойлаған ғой. Сосын бізде аударуға келетін сөздерді қазақшалағанда орыс сөзін төлеуін бере алмайтын сөздерді ала салатын ауру да бар. Мәселен, "нищета" деген сөз "жоқшылық" яки "бишаралық" деудің орнына "қайыршылық" деп теріс аударылып жүр.

Көп еңбек сіңіріп, шеберлік көрсетудің арқасында жаңадан жасалған орыс тілдеріндегі терминдердің толық төлеуін бере алатын бұл күнде қалың бұқара игілігіне жаратылып отырған қазақша терминдер аз емес. Ондай терминдер топ [класс], жұмысшы [рабочий], өндіріс [производство], қозғалыс [движение], тежеу [ограничение], ығыстыру, ұласу [перерастание], тоқырау [застой], тобыр [толпа], болмыс [бытие], өзіндік зат [вещь для себя], біздің зат (вещь для нас) т.т. Белинский жоғарыда келтірген сөзінде мынандай бір анықтама береді: "...теңбе тең орыс сөзі тұрғанда шетелдік сөзді қолдану ақылға да сыймайды, әдетке де жатпайды" [Белинский]. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: Қазақ тіліне мағынасын бұлардай дәл аударуға келетін шетелдік терминдер мен орыс тілдеріндегі терминдер қазақша күйінде алынуы керек. Бұл терминология мәселесіндегі негізгі принцип.

Терминдер көбінесе бір мағынада қолданылуда мүмкін. Ал, кейде керісінше бірнеше терминдердің мағынасы бір болатын реттерде кездеседі. Мәселен, "эпоха", "эра" деген терминдердің мағына жағынан бір-бірінен айырмасы жоқ, сондықтан екеуіде "заман" деген бір сөзбен аударылады. "Реакция" деген термин химияда да, саясатта да кездеседі, бірақ сайып келгенде мағынасы бір-біріне жуық, сондықтан екеуіде қазақ тіліне "реакция" деген бір сөзбен аударылады. Ал, "герой" деген бір терминнің бірнеше мағынасы бар, сондықтан ол қаһармандық, батырлық мағынасында "ер" деген сөзбен аударылып, көркем әдебиеттің тірі кейіпкері ретінде аударылмай, сол "герой" күйінде қалуға тиіс. "Центр" деген термин белгілі бір ұйымның орталығы мағынасында сол "орталық" деген сөзбен аударылады да, меншіктік, центрлік бағыт ретінде аударылмай "центр" күйінде қолданылады; "Союз" деген термин бір жақ болу мағынасында "одақ" деген сөзбен аударылады да, ұйым ретінде сол "союз" күйінде алынады. "Средство" деген термин ақша мағынасында "қаражат" деп аударылып, бөтен реттерде "кұрал" деп аударылады. Сонымен әр түрлі пәндерде бір-ақ мағынасы бар терминдер әр түрлі аударылуы керек. Әлгі негізгі екі принциптен шығатын туынды принцип осы.

Жаңа терминдер жасағанда провинциализмнен сақ болуымыз керек. Провинциализмге А.М. Горький былай деді: "Орыс сөйлеміне шетелдік сөздерді қыстыру оқушыларымызға қандай қиындық келтіретін болса, провинциализмге

жер-жердегі сөз сымақтарға құмарлықта бейнелеудің айқын болуына келергі жасайды" [Горький. Әдебиет пен әдебиет техникасы туралы мақалалары, 84-бет]. Бізге екеуінің біреуінде "кесек шығарма", "кесек образ", "кесек адам", "кесек ақша" деп келеді, жаңа оны ірі деген мағынада қолданылады. Шынында бұл кезектің республикамыздың біраз жерлерінде кішкене деген мағынада айтылады. Олай болса "кесекті" тастап, "ірі шығарма", "тұтас ақша" деп айтудың өзі дұрыс емес пе?

Жаңа термин жасау жолындағы ісімізге осы сияқты принциптерді еске алу жөн болар деп ойлаймыз. Мұны кремілдің 5 жылдық жұмысының тәрбиесі айқын көрсетіп отыр.

Терминология принциптері туралы//
«Социалистік Қазақстан»
1939 жыл 27 декабрь, № 297.

ФИЗИКА ТЕРМИНДЕРІ ЖАЙЫНАН¹

1. Аэросани - аэрошана.

Термин есебінде алынған интернационал сөздер қазақ тіліне судай сіңіп, бойына тарап, өз сөзіндей болып кетуі керек. "Ақыл", "ақпар" сықылды арабтан кірген сөздер де, "самаурын", "бөкебай"-ларға ұқсаған орыс сөздері де бұл кезде қазақтың өз сөзі болып кеткен. Ол сөздердің төркіні араб яки орыс сөзі екенін тілші ғалымдар болмаса, жалпы жұрт білмейді де, "қазақтың өз сөзі" деп ойлайды.

Тілге жаңадан кіріп жатқан терминдер де соларға ұқсап, қазақтың төл сөзінен айыра танығысыз болып кетуі керек. Әйтпесе оларды жат сөз, жат нәрсе қылып көрсетіп қойсақ, тілді ілгері бастырып көркейтуге еш септігі болмақ емес. Біз "изм", "йст", "тор", "ия" сықылды халықаралық қосымшаларды жұрнақ есебінде қабылдап алғанмен, әзіріне оларды парсыдан кірген "кер", арабтан кірген "ие"-лерге ұқсатып, әзіріне өз сөздерімізге жалғап көргеніміз жоқ. Бірақ түбінде сөйтетін болуымыз керек.

Мынау "аэрошана"-ға ұқсастырып "ультракүлгін", "субжанама", "микротаразы" сықылды бірқатар терминдерді де осылайша: интернационал сөз бен қазақтың, төл сөзін қосарлап әдейі алып отырмыз. "Аэрошана" сықылды техникалық термин-сөздер осы қалпында елдің құлағына сіңіп пайдаға асып кетсе, "аэр"-ға ұқсайтын халықаралық сөздерді сонда ғана "өзіміздікі" қылып, меншіктеп алатын боламыз. Алғаш қолданған өзірде бұлар қайсыбіреулерге ерсі, тұрпайы болып та көрінуі мүмкін. Бүгінде "аэросани", "автодорога" деп жүрген сөздерді орыс елі де алғашында осылайша жатырқаған болатын. Бірақ қоғам өмірінің дамуы мұндай сонылықтардың талайын үйреншікті, дағдылы, сыпайы қалыпқа салды. Бізде де осындай болатынына сөз жоқ.

Мысалдар:

аэросани - аэрошана
грамм-вес - грамм-салмақ
сила - күш
инфракрасный - инфрақызыл
канал-лучи - канал-сәуле
микровесы - микротаразы
ультрафиолет - ультракүлгін

¹Мақала "Қазақстан Мемлекеттік термин комиссиясының" 1935 жылғы 15-мамырдағы № 2 Бюллетенінен (Қазақстан, 1-ші бөліктің 1-2-бб.) көшіріліп алынды.

2. Волна световая - жарық толқыны.

Екі сөздің басын құрап термин жасайтын болғанда, оның біріншісі ілік жалғаулы анықтауыш та, екіншісі - тәуелдеулі сөз болып келсе, олай құрап шығарған сөз терминге тым қолайсыз болады. Қазақтың өз сөздерінің олай құралып, бір сөз болып кеткендері санаулы. Мәселен "отағасы" деген сөз солай жасалған: "от" - ілік септіктің жалғаусыз түріндегі анықтауыш та, "ағасы" - соның анықтаған сөзі. Солай құралғанмен де, жүре-келе мағынасы жағынан бір сөз болып кеткен соң тәуелдеуші "-сы" жалғауы тәуелдеушілік мәнінен айырылып, "отағасы" сөзі тәуелдеусіз атау есебінде айтылып кеткен. Сондықтан ол "біздің отағасымыз", "олардың отағасы" түрінде айтылады да, оның үстіне тағы бір тәуелдік жалғау жалғанады. Ал мәселен, олай бір сөз болып тұтасып кетпеген "ат басы" сықылды сөзге өйтіп жаңадан тәуелдеу қосымшасын жалғай алмаймыз, яғни "Құрманбайдың ат басысы" - дей алмаймыз. Сол сияқты "қой еті" түрінде тіркесіп жасалған сөздер де мағына жағынан мызғымас бірлікте бола алмайды. Мәселен, оған жаңадан тағы бір анықтауыш қосатын болсақ, айталық, "жас қой еті", "сан қой еті" деп айта алмаймыз. Олай етсек, "жас" та, "сан" да тек "қой" сөзінің ғана анықтауышы болып қалады. Ал, оларды "ет" сөзінің анықтауышы қылу үшін: "қойдың жас еті" деп, жаңа анықтауыштарды "қой еті" деген екі сөздің арасына сыналауымыз керек. Демек, осы сықылды болып тіркескен сөздер екеуден-екеу ғана тұрғанда бір сөзге ұқсағанмен, оларға жаңадан анықтауыш қосылғанда екеуінің арасы ашылып, мағынасы да алшақтап кетеді.

Бұған қарағанда ілік жалғауының жасырын түрінде тұрған сөз сындық мағына білдіріп, оның анықтайтын сөзі тәуелдеусіз зат есім болып келетін тіркестер жиірек кездеседі. Мәселен, "желке шашы", "маңдай тері", "жастық тысы", "сыыр қорасы" дегендер алғашқы үлгіден басқашалау. Алайда "Волна световая" дегенді "жастық тыс" сияктандырып "жарық толқын" деуге болмайтын болды. Өйткені, "жарық" сөзінің орыс тіліндегі "свет" сөзімен дәл келетін зат есім мағынасынан басқа "светлый" дегенге келетін сын есім мағынасы да бар. Сондықтан, "жарық" түбіріне **-тық** жұрнағын қосып: "жарықтық" деуге де болмайтын болды, себебі бұндай қолданыстың "әулие" дегенге саятын айрықша мағынасы тағы бар.

Түпкі мағынасы "жарыққа себеп болатын", "жарықты шығаратын" толқынға қатысты болған соң, "балала", "бұзаула" дегендерге ұқсатып "жарықта" деген етістік жасап алып, сосын оған **-уыш** жұрнағын қосып "жарықтауыш" дейтін туынды түбір туғызып, сөз болып отырған терминді "жарықтауыш толқын" деп беруге болар еді, бірақ ондай жасанды сөз жалпы көпшілікке тым жат, ерсі көрінер деп те ойладық. Сөйтіп, бұл терминді және осыған ұқсас "инерция заңы", "электр ұшқыны", "дыбыс интерпретациясы" деген сияқты біреуі ілік жалғауы түрінде, екіншісі тәуелдеулі болып келген терминдердің бәрін де амалсыздан алдық. Біздің

білуімізше бұл сықылды терминдерге ендігі істейтін амалымыз - жалғыз-ақ: оның бәрін де "отағасы" сияқтандырып қосып жазу. "Маңдай тер", "табан ақы" дегендерді де қосып жазған жөн. Бірақ бұл - жалпы емле мәселесі. Оны өз алдына сөз қылармыз деп ойлаймын.

Мысалдар:

световая волна - жарық толқыны
электрическая волна - электр толқыны
электромагнитная волна - электромагнит толқыны
эфирная волна - эфир толқыны
дуга вольтовая - вольт доғасы
закон Архимеда - Архимед заңы
закон инерции - инерция заңы
закон сохранения энергии - энергияның сақталу заңы
интерференция звуковая - дыбыстың интерференциясы
интерференция световая - жарықтың интерференциясы
искра разрядная - разряд ұшқыны
искра электрическая - электр ұшқыны
единица измерения - өлшем

"Единица измерения" деген терминді бұл кезге шейін біресе "бірлік" деп, біресе "өлшеуіш" деп түрліше атап келдік. "Бірлік" сөзінің қолайсыз жері - оның бұдан басқа да мағыналарының көптігінде. Мәселен, "күштің бірлігі" дегенді "бірнеше күштердің бір іске не нәрсеге бірыңғай жабыла бірігіп кірісуі" деп те түсінуге болады. Сондай-ақ, "күштің көп емес, біреу-ақ екені, жалғыздығы" деп те түсінуге болады. Ал, "өлшеуіш" деген сөзде "өлшейтін аспап" мағынасы да бар.

Біздің "өлшем" деген сөзге тоқтаған себебіміз - "өлше" деген етістікке -м жұрнағын жалғағанда туатын осы "өлшем" мағынасы жағынан көбінесе-ақ бірнәрсені санап айтуға келетін белгілі бір шаманың атын білдіреді. Мысалы, осы -м жұрнағын "шақыр" деген етістікке жалғасақ, "шақырым", "уз" түбіріне қоссақ, "үзім", "қайна" сөзіне қоссақ "қайнатым", "жұт"-қа "жұтым" болады. Содан барып екі ауылдың ортасын "шақырымдап" өлшеп, "пәлен шақырым" дейміз; нанды үзімдеп өлшеп, "бір үзім нан" дейміз; "екі қайнатым шай", "бір жұтым қымыз" дейміз. Сондағы "шақырым", "қайнатым" секілді сөздердің бәрі де белгілі бір шаманы білдіретін "**өлшем**" мағынасында қолданылады. Біз "өлшем" деген терминді де сол жолмен өлше деген етістікке жоғарыдағы - м жұрнағын жалғау арқылы жасадық. Сондықтан бұл сөз де сол "шақырым", "жұтым" сықылды бір нәрсенің шамасын өлшеуге жарайтын мөлшерлердің бәрін қамтитын жалпы ұғымға ие бола алады.

Әрине, **-м** жұрнағынның қызметі осы аталған "өлшем" тәрізді зат есім туғызумен шектеліп қалмайды. Бұл жұрнақты біркатар етістікке жалғап, зат есім жасап алған соң, оның үстіне **-ды, -лы** жұрнағын қосып, сын есім жасауға болады. Мәселен, **біл-ім-ді, күт-ім-ді, төз-ім-ді** т.б. сияқты сын есімдер осы жолмен жасалған. Осылайша **-м, -ды** тұлғалы сын есімдердің **-ды** қосымшасын алып тастағандағы зат есім болып қалатын тұқылдары: "білім", "күтім", "төзім" т.б. сын есімнің түбірге **-лық** жұрнағын жалғау арқылы жасалатын "зорлық", "сұлулық" т.б. сияқты дерексіз (абстракт) зат есімдерге де ұқсайды. Өйткені жоғарыдағы "білімді", "төзімді", "күтімді" сын есімдеріне **-лық** жұрнағын жалғап, "білімділік", "төзімділік", "күтімділік" дегенде бой көрсететін абстракт мағына білім, күтім, төзім деген туынды зат есімдердің өз бойларында да бар. Сондықтан осы кезге шейін: "серпімділік" - упругость, "өткізімділік" - проводимость деген сияқты **-м-ды-лық** болып үш жұрнақ қабаттасып жалғанатын сөздерді ықшамдап, "серпім", "өткізім" т.б. түрінде алдық.

3. Передача - жеткізу.

"У" жұрнағы етістікті нағыз зат есім қылып шығара алмайды. Осы жұрнақ арқылы жасалған "бару", "айту", "ішу" сықылды сөздер зат есім болғанымен, етістік мағынасынан мүлде айрылып кете алмайды; басқа сөздерді өзіне етістік күйіндегідей бағындырып, бағыныңқы сөздеріне септік жалғауын жалғатып, әйтпесе өзіне бағынған есімдерді үстеу қылып жіберіп отырады.

"У" жұрнағынан шын зат есім болып шыққан сөздер санаулы. Олар: "ауру", "жаулау", "егу" дегендер сияқты бірер ғана сөздер. Бұлардың "шын" зат есім болып кеткендігінің белгісі сол - өздерінен бұрын келген сын есімдер оларға анықтауыш болады және әуел бастағы сын есім мағынасынан айырылмай тұрып, қандай деген сұрауға жауап береді. Бұларды қатыстырып: "ескі ауру", "биылғы жайлау", "болат егеу" деуге болады. Ал енді "бару" дегеннің алдынан "жаяу" деген сөз келсе, ол сын есімдік қасиетінен айырылып, үстеу болып кетеді: "жаяу бару" тіркесі **"қалай бару?"** керектігін көрсетеді, **"қандай бару?"** деуге келмейді.

Сонымен, "жеткізу" тәрізді, соған ұқсайтын сөздер **"амал"** мағынадағы зат есімдер арқылы берілетін терминдерді жасауға жарай бермейді. Орыстың "передача" деген сөзінде екі мағына бар: 1. "Передача энергии на расстояние вполне возможна" дегендегі "передача" сөзінің мағынасы - "амал". Бұған біздің "жеткізу" деген сөзіміз жарайды; 2. "Установлена ременная передача" дегендегі "передача" **"амал" емес**, деректі зат, конкретті нәрсе. Бұған біздің "жеткізу" деген сөзіміз жарамайды (балама бола алмайды). Мағынасы жағынан бұл жердегі "передача" біздің **"егеу", "сабау"** сияқты туынды зат есімдер. Сондықтан бұл мағынаны **"жетек"** сөзі арқылы беруді лайық көрдік.

Етістіктен зат есім болған осы тақылеттес орыс сөздерін қазақшалағанда көбінесе-ақ, олардың мағыналарын жоғарыдағыша екі айырып берген жөн: біреуі - амал мағынасындағы "-у" тұлғалы сөз болуы керек те, екіншісі - зат, нәрсе мағынасын білдіретін нағыз зат есім болуы керек.

Әйтпесе, құр -у жұрнағымен ғана тұлғаланған сөздерден туынды термин жасайтын болсақ, орысшасында анықтауыш болып келетін сын есімдерді біз не үстеу етіп жіберуіміз керек те, не болмаса -у тұлғалы сөздің ауанына қарай тиісті септік жалғауын жалғап айтуымыз керек. Мысалы, сәуленің шағылысуын білдіретін отражение деген терминнің нағыз зат есім болып шығатын қазақша сыңары жоқ. Сондықтан орыс тіліндегі "внутреннее отражение" деген терминдік тіркестің анықтауышы болып тұрған внутреннее деген сын есімді біз зат есім қылып, әрі оны "шағылысу" сөзіне бағындырып, шығыс жалғау жалғап септедік. Сонда оның қазақшасы "ішінен шағылысу" болып шықты.

Мысалдар:

сопротивление - қарысу, кедергілік
накаливание - қыздыру, қызу
насыщенность - қанығу
абсолютная насыщенность - абсолют қанығу
отражение - шағылысу
внутреннее отражение - ішінен шағылысу
отталкивание - тебісу
передача - жеткізу
зубчатая передача - тісті жетек
превращение - түрлену, екінші (басқа) түрге түсу
преломление - сыну, сыным
удельное преломление - сыбаға сыным
тяготение - тарту, тартылыс
расширение - ұлғаю
кубическое расширение - үлкею
линейное расширение - ұзару
угол отражения - шағылысу бұрышы
угол падения - түсу бұрышы
угол преломления - сыну бұрышы

Мақала мәтінін латын әліппесінен транслитерациялағандар Е. Жұбанов пен М. Миоров.

Қ. Жұбанов. Физика терминдері жайынан // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - 354-359-бб.

МАТЕМАТИКА ТЕРМИНДЕРІ ЖӨНІНДЕ

Мемлекет термин комиссиясының сәуірдің 6-17 аралығында өткен сессиясында талқыланған математика терминдерінің ішінен көбінесе элементар математикаға лайықтыларын іріктеп алып, жариялап отырмыз. Математика терминдерін қабылдаудағы негізгі принциптер:

1. Интернационал түрін өзгертпей [қазақ тіліне аудармай] алған терминдер. Бұл қатарлы сөздер орыс тілінде қалай жазылса, қазақ әліппесімен де солай жазылатын болады: орыс емлесіндегі Ф, Х, В әріптері келетін жерлерге қазақ әліппесінің соларға ұқсайтын П, К, Б әріптері жазылады

Мысалдар:

сумма	интеграл	радиус
анализ	конус	ромбы
аналогия	куб	пигур
арккосинус	масштаб	септр
базис	пизика	покус
бектор	периметр	шар
диагонал	радтан	еккер
		сиркул т.б.

2. Сын есім ретінде кездесетін халықаралық терминдердің сын есімдік жалғауына тағы да қазақ тілінің сын есімдік жалғауына қосып жазу орайсыз деп табылады.

Мысалдар:

абсолют	сентрал
абстракт	элементар
диперенсиал	ирратсионал
интеграл	горизонтал
натурал	бертикал

Қолданылу орнына қарай және сын есімнің анықтайтын сөзінің ауанына қарай кейде **-лық, -дык, -тық** жұрнақтарын қосуға да болады. Мысалы:

пропортсиалық бөлу - пропортсионал бөлу емес;

логарипмдық теңгерме - логарипм теңдеу емес. Бірақ, "период болшек", "сентр бұрыш", "квадрат теңдеу" т.б.

3. Терминдердің түбіріне орыс тілінің заңы бойынша кейде "а" жалғасып келеді. Біз оны барлық сөздерге бірдей заң қылып бекітпей, бірқатар сөздердің соңында келетін "а" дәнекерін қысқарттық. Олар көп буынды және аяғы "д", "ш", "г" сықылды дыбыстарға бітпейтін сөздер.

Мысалы:

аксиом - аксиома емес;	теорем - теорема емес;
проблем - проблема емес;	апопем - апопема емес;
биссектрис - биссектриса емес;	координат - координата емес;
абссис - абссиса емес;	гипотенуз - гипотенуза емес;
амплитуда - амплитуда емес;	база - баз емес;
паза - паз емес,	т.б.

4. Аяғы **-тсия (-ция)** болып бітетін сөздердің соңы не **-сия** болып қысқарады, немесе **-тсия** түрі өзгермей алынады. Бұлайша қолданыс түбірдегі дауысты-дауыссыз дыбыстардың сөз соңында кездесуіне байланысты. Мысалы: **пунксия, бірақ үнді "р", "л", "н"** және дауысты дыбыстардан соң: **пропортсия, диперенсия, нумерасия, проексия. Просент** сөзі де соңғы "т" әрпінсіз жазылады.

5. Кейбір сөздердің біз қабылдаған жаңа тұлғалары алғашқыда орайсыз көрінуі де ықтимал.

Қараңыз:

**түзу - түзулер,
кисык - кисықтар,
жоғарғы табан,
шексіз аз шама,
шексіз көп шама,
шекті шама,
жак - бет мағынасында т.б.**

Бірақ мұндай сөздер қысқартылған күйінде сіңісіп кетуі тиіс: түрлі сызық таңбалар, немесе толықтырма сөздерді айтып, жаза беру - тексті ауырлатып кетеді деп есептелді.

6. Кей сөздердің емлесі бұрыннан қазақ тіліне лайықталып, өзгертіліп алынғаны ескеріліп, сол күйінде қабылданды.

Мысалы:

**минот - мүйнет емес, доға - дуға емес,
секунт - секонт емес, но'л - нул емес т.б.**

7. Бұрын айтылып жүрген: шаршы, текше, тікше, үшкіл, төрткіл, бірлік*, ондық, жүздік, яғни бүтін сандардың бірлері, ондары, жүздері қолайсыз деп табылып, квадрат, куб бірге жазылатын: үшбұрыш төртбұрыш, ондар, бірлер, жүздер "өлшем" деп өзгертілді. Бірақ үш бұрышы бар затты атау керек болса, "үш бұрышты" деп, төрт бұрышы бар затты атау керек болса, "төрт бұрышты" деп, сандық анықтауышын айырып, бөлек жазамыз.

8. Арифметика амалдарының аттары және әр амалдағы сандардың аттары былай деп алынады (қабылданды):

қосу	қосылғыш	қосылғыштар
азайтқыш	қалдық	айырма
көбейтінді	бөлу	бөлінгіш
қосынды немесе	көбейту	бөлгіш
сумма	көбейгіш	бөлінді
алу	көбейткіш	бөлік
азайғыш	көбейткіштер	

Бұлардан басқа: еселік, бөлшектің алымы мен бөлімі, көлем, аудан, түбір, даража, көлбеу, теңдеу т.б. сөздері бұрынғысынша алынды (қабылданды).

9. Геометрияда көп кездесетін терминдер:

Бұрын кесік, қима, қиысу деп әртүрлі айтылып келген сөздер:

сечение - қима//қию

секущая - қиған

пересечение - қиылыс//қиылысу т.б. түрінде бірыңғай алынады.

Осы ізбен:

высота - биіктік; "ен", "бой" емес,

величина положительная - жөн шама; "он" емес,

величина отрицательная - теріс шама,

число - количество - екеуі де: "сан" деп алынады.

10. Математика ғылымының ең негізгі ұғымдары болып табылатын: "отношение", "относительная", "зависимость" сөздері әзірге былайша жобаланды:

отношение - қатынас, "байланыс" емес

соотношение - қатынастастық,

относительная - салыстырма,

зависимость - іліктестік, тәуелділік. Осылай деп жоба түрінде алып отырмыз, бірақ, әлі де ойланың қырап, бұдан да гөрі лайықтырақ балама сөз табылса, өзгертуіміз де мүмкін.

*Бірлік - "өлшем" мағыншасында - Е.Ж.

11. Бір буын ішінде қайталанып келетін екі дауыссыз дыбыстың, соңғысы қазақша тексте түсіріліп жазылады: клас - "класс" емес; бірақ, қайталанатын екі дауыссыз екі буынға айырылып кететін болса, екеуі де жазуда сақталады: касса - "каса" емес.

12. Математикалық өрнегі, яки бейнесі (образы) халықаралық термин ретінде қабылданған: **синус, косинус, тангенс, котангенс** т.б. сөздердің ықшамдалған формулалары өзгертілмей, сол латынша таңбалануы бойынша жазылады. Мысалы, **sin, cos, tg, cotg, sec, cosec** т.т.

13. Халықара термин атауларының бас жағынан үстемеленіп, негізгі мағынаны терістейтін, немесе жаңа мағына телитін **би-, анти-, арк-, суб-** тәрізді қосымшалармен тұтастықта қолданылатын: **биквадрат, бином, антилогарифм, арктангенс, субнормал** т.б. сөздер сол қалыптасқан тұлғада алынады; оларға үстеуіш болып тұрған **"би" - екеу, "анти" - қарсы, "арк" - кері мағыналы, "суб" - төменгі не сыртқы қабаттағы дегендей түсінік беріп жатпай-ақ, күрделі терминдер кіріккен сөздер қатарында беріледі. Тіпті осы берілістің негізінде орыс тіліндегі "подкасательная" термин - сөзін "субжанама" деп аударып алдық. Өйткені орыстарда "поднормал" деген сөзбен жарыса "субнормал" дейтін халықара термин де алма-кезек қолданыла береді. Осы екі түрлі сөз жұмсаудың бізге қолайлырағы - "субнормал" болды. Сөйтіп біз жоғарыдағы "субжанама" деген термин-сөздің де орайсыздығы болмас деп ұйғардық. Бұлай деп алмаған күнде субнормал дегеннің мағынасын екі сөзбен: нормал іргесі, жанама іргесі деп, немесе басқаша түрде икемдеп алуға тура келер еді. Бірақ, бір ұғымды олайша екі сөзбен айтып, жазуды біз лайықсыз деп білдік.**

14. Қазақ тілінде әр түрлі айтылып, жазылып жүргені **"образ" - бейне, кескін т.б.; "ось" - сабақ, шүлдік, өзек** т.б. Кейбір шет сөздер термин мағынасында қазақ тіліне енгізілді. Ескерте кетейік, бұның бәрі әзірге жоба ретіндегі ұсыныстар. Сондықтан бұған көпшілік өз пікірін айтады деп күтуліміз*.

Қ. Жұбанов. Математика терминдері жөнінде//
Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым,
1999. - 359-363-66.

*Мемлекеттік термин комиссиясының Бюллетені, № 2, 15 мамыр, 1935. Бірінші бөлімнің 3-ші, 4-ші беттері. Мақаланы латыншадан транслитерациялап, баспаға өзірлегендер Е. Жұбанов пен М. Мирон.

ПРИНЦИПЫ ТЕРМИНОЛОГИИ КАЗАХСКОГО ЛИТЕРАТУРНОГО ЯЗЫКА, ПРИМЕНЯЕМЫЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ КОМИССИЕЙ

(Одобрено съездом культурных работников, Алма-Ата, 1935 г.)

Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией*

1. Термины, имеющие в практике литературных языков международно-единые обозначения без перевода на национальные языки, вроде: **революция, совет, теория, практика, тенденция, медицина, хирургия, климат, абсолютный, конкретный** и т.д., принимать в том же международно-едином обозначении, без перевода их на казахский язык.

2. Международные термины, которые в практике литературных языков переводятся на национальные языки, как то: **производство, труд, деньги, корень, стебель, мышцы, деление, умножение** и т.д. переводить на казахский язык. Если подлежащий переводу термин не имеет эквивалента в казахском языке или же если казахский перевод делает его менее понятным (в иных случаях искажает смысл термина), то принимать соответствующее русское слово: **сословие, состав, клетка, слет** и т.д.

3. Термины, употребляющиеся в различных дисциплинах, но в одном и том же значении или в значениях, близких друг к другу, принимать в едином обозначении: **форма - forma** (в философии и физике), **материя - materija** (в философии и физике), **корень - tybir** (в математике, ботанике и лингвистике), **морфология - morfologija** (в ботанике и лингвистике), **реакция - reaksija** (в химии, биологии, политике), **экскурсия - ekskursija** (в области просвещения и в физиологии).

4. Термины, имеющие в различных случаях различное значение, вроде **мануфактура** (в историко-экономическом и товароведческом значениях), **продукт** (продукт производства и продукт как продовольствие), **легенда** (как фольклорный жанр и как аннотация) и т.д. принимать как термин для одной дисциплины, а в остальных случаях переводить. Например, мануфактура как этап экономического развития - термин (не переводится), но как вид товара - не термин (переводится).

*Материал впервые опубликован в качестве предисловия к Терминологическому словарю казахского языка, составленному Х.К. Жубановым (Алма-Ата, 1936).

5. Международные термины принимаются в той форме, в какой они пишутся в русской литературе. В том случае, если в казахском языке будут отсутствовать какие-либо звуки (для передачи этих терминов), таковые изображаются буквами в пределах казахского алфавита (**форма - рогма, химия - qijmija, революция - rebolutsija**) и т.д.

6. Термины, переводимые на казахский язык (см. п. 2), должны сохранять при переводе полное соответствие их научному значению. При переводе этих терминов следует точно учитывать грамматические особенности казахского языка, не прибегая к искусственным словообразованиям, делающим термины непонятными, как, например: **berilis - передача, kopkil - многоугольник, тоqьта - текстиль, tecirijbe - практика** и т.д.

7. Международные термины, выраженные в именной и отлагольно-именной формах, за исключением образований с каузативной формой, созданной при помощи формальных элементов **-изация, -ификация, -ация** (в словах механизация, электрификация, объективация), которые соответствуют казахским формам **macijlandьruv, elektirlendьruv, objekteptenuv**, принимать в том же виде.

Международные термины как определения, образованные из прилагательных на **-ский, -ный**, в казахском образовании принимать усеченно, т.е. без **-ский, -ный**: популярная книга - **popular kitap**, абсолютная величина - **absolut cama**, буржуазная идеология - **burcuaz ijdeologija**, экстенсивное хозяйство - **ekstensijp carnасььq**, дифференциальное уравнение - **dijperensijal tengerge**.

Прилагательные, оформленные суффиксом **"-ский"** с превращением звука "к" основы в "ч", оставлять в существительном оформлении без всяких наращений: электрическая лампа - **elektir cam**, физическая география - **pizijka cagrapijka** и т.д. Глагольные формы от существительных и прилагательных основ образовывать при помощи соответствующих казахских суффиксов: изолировать - **ijzolatsijalav**, механизировать - **macijnalandьruv** и т.д. Термины же, имеющие в русском языке лишь глагольные формы и не имеющие именных форм или слишком отдаленные от именных значений, переводить сообразно с контекстом (игнорировать, регулировать, реагировать - последнее слишком отдалено от именной формы "реакция").

8. Вместе с терминами ввести в казахский язык ряд приставок, употребляющихся в международной терминологической практике, которые не могут быть заменены казахскими суффиксами, например **"-ист", "-изм"** (суффиксы), **"ре-", "син-", "де-", "анти-", "контр-"** (префиксы).

Большинство же других аффиксов, встречающихся в терминах, сохранять в казахском употреблении, но не выделять как формальные элементы, а считать их органической частью основы.

9. Сокращенные формы терминов, присоединяемые к другим словам (авто-, аэро-, авиа- и пр.), иметь в сочетании с казахскими словами: **aptoғol**, **aptoғatынас**, **aviacana** и т.д.

Термины **диктатура**, **революция**, **совет**, **теория**, **практика**, **контрреволюция**, **милитаризм** и пр., употреблявшиеся в казахском языке только переведенными, принимать без перевода в интернациональной их форме.

10. Ввести в практику казахского словообразования сокращенные сложные слова, широко применяемые в современном русском языке со времен Октябрьской революции, считая такие образования вкладом, внесенным достижениями революции (политэкономия - polijtekonomija, райисполком - avatkom и т.п.).

Однако при образовании подобных сокращений необходимо увязывать их с законами казахского литературного языка, используя на практике лишь те из образований, которые были приняты Государственной терминологической комиссией.

Жубанов Х. Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые государственной терминологической комиссией // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - С. 528-530.

ТЕРМИНЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

В соответствии с новыми понятиями, возникшими в период социалистического строительства, в состав казахского литературного языка вошло большое количество слов, в значительной мере обогативших казахский язык. Многие термины, заимствованные нами из русского языка, стали неотъемлемой частью всего лексического состава казахского литературного языка. Одним из главных источников, через который обогащается и развивается казахский литературный язык, являются интернациональные научные термины, заимствованные из русского языка. Они вводятся в казахский язык не без разбора, а соответственно по определенным разработанным принципам. Только таким образом принятые для всеобщего пользования термины займут почетное место в речевой культуре казахского народа.

Правительство, придавая огромное значение вопросу разработки и внедрения терминов в казахский литературный язык, создало Государственную терминологическую комиссию при Совете Министров КазССР для официального утверждения поступающих к ней терминов. В последнее время Гостерминком утвердил термины, встречающиеся в переводах произведений В.И. Ленина и И.В. Сталина. Эти термины были разработаны Институтом Истории партии при ЦК КП (б) Казахстана - Казахским филиалом Института Маркса-Энгельса-Ленина при ЦК ВКП (б).

Термины, утвержденные Гостерминкомом и поступившие в фонд Института языка и литературы АН КазССР, публикуются в нашем "Вестнике". Этим мы ставим перед собой цель, во-первых, ознакомить общественность с утвержденными терминами, во-вторых, обратить внимание нашей интеллигенции и научных учреждений на разработку терминологии казахского языка.

Просьба ко всем научным учреждениям и отдельным специалистам по различным отраслям науки присылать собранные и систематизированные ими термины, а также замечания по отдельным опубликованным терминам по адресу: сектор языка Института языка и литературы Академии наук Казахской ССР.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТЕРМИНДЕРІ

Социалистік құрылыста пайда болған жаңа ұғымдарға лайық орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген көптеген терминдер тіліміздің лексикалық қорына біржола еніп оның байлығын анағұрлым арттырып отыр. Алдағы уақытта да қазақтың әдебиет тілін байытып, дамыта түсетін салалы арнаның бірі - орыс тілі арқылы енетін атау сөздер болу керек. Бірақ, олар қалай болса, солай ене бермек емес, белгілі принциптерге лайық қабылданып, қазақтың тіл мәдениетінің төрінен орын алу керек.

Үкімет бұл мәселеге айрықша мән беріп, түскен терминдерді ресми түрде бекітіп отыру үшін Қазақ ССР Министрлер Советі жанынан Мемлекеттік терминология комиссиясын құрған еді. Соңғы кезде Мемлекеттік терминология комиссиясы В.И. Ленин мен И.В. Сталин шығармаларының аудармасындағы кездесетін терминдерді қарап бекітті. Бұл терминдерді ВК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин Институтының қазақ филиалы - ҚК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы Институты жасаған.

Ол сияқты, Мемлекеттік терминкомда бекітіліп, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының қорына түскен терминдерді "Хабаршыда" жариялап отырмақпыз. Ондағы мақсат, біріншіден - бекітілген терминдерді жұртшылыққа таныстыру болса, екіншіден - термин жасау мәселесіне көпшіліктің назарын аудару.

Республикамыздағы түрлі ғылыми мекемелердің және жеке мамандардың түрлі салалардан жинаған терминдері болса, және төмендегідей жариялап отырған жеке терминдер жайында айтатын пікірі болса, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының тіл секторына жіберуін сұраймыз.

Ленин мен Сталин шығармаларының
аудармасында кездесетін терминдер

А

Абсолютизм	абсолютизм
Абсолютная истина	шын ақыйқат
Абстракт	абстракт
Абстракция	абстракция
Авангард	авангард
Авантюрист	авантюрист
Автор	автор
Агент	агент
Агитация	үгіт
Аграрный вопрос	аграрлық мәселе
Агрегат	агрегат
Адвокат	адвокат
Администратор	өкім, администратор
Администрация	өкімшілік орындар, администрация
Адъютант	адъютант
Азиат	азиат
Азия	Азия
Акт	акт
Актив	актив
Активист	белсенді
Акциз	акциз
Акционер	акционер
Акция	акция
Амбар	қамба
Анализ	анализ, талдау
Анархизм	анархизм
Анархист	анархист
Анархия	анархия
Англичанин	ағылшын
Англия	Англия
Антагонизм	антагонизм
Антагонистический	антагонистік
Антипод	антипод
Антисемитизм	антисемитизм

Античное время	арғы заман
Антрепренер	антрепренер
Антропология	антропология
Апологет	апологет
Апофеоз	апофеоз
Аппарат	аппарат
Априори	априори
Аргумент	дәлел
Аргументация	дәлелдеу
Арена	арена
Аренда	аренда
Арендатор	арендатор
Арендная плата	аренда ақысы
Аристократ	аристократ
Армия	армия
Арсенал	арсенал, мол қазна
Артель	артель
Ассоциация	ассоциация
Астрономия	астрономия
Атака	шабуыл, атака
Атмосфера	атмосфера, жағдай
Афоризм	афоризм, нақыл сөз

Термины казахского языка - Қазақ тілінің терминдері//
Вестник Академии наук Казахской ССР. 1946.
Декабрь. № 12 (21). - С. 42-43.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЕМЛЕСІ МЕН ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті "Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы" - деген қаулысында және сол қаулының шығуымен байланысты ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретары Ж. Шаяхметов жолдастың Алматы қаласының ғылым, әдебиет, көркемөнер қызметкерлерінің жыйылысында жасаған баяндамасында қазақ тілін зерттеу, талдау мәселелерінде де көп қателердің, кемшіліктердің болғанын дұрыс көрсетті.

Соның ішінде терминология жайындағы саяси хаталар мен емле жайындағы кемшіліктер ерекше аталып оларды тез уақыттың ішінде жөндеу керектігі көрсетілген. Баспасөз жүзінде, көпшілік жыйылыстарда болып жатқан сындардан да Қазақстан жұртшылығының терминология мен емле мәселелеріне үлкен мән беріп, көп көңіл бөлетінін байқауға болады. Олай болуы дұрыс та, орынды да.

Үйткені Октябрьден кейін қалыптасып әдебиет, мемлекет тілі болған қазақ тілін жаңа сөздермен әлі де байыта түспекпіз. Олай қазақ тілін байытудың, әліде икемді, әсерлі етудің оны халқымыздың ой-санасының дәрежесіне үйлесімді, мүддесіне сай етудің ең негізгі дұрыс әрі төте жолы ұлы орыс халқының тілінен өзімізге керекті сөздерді, интернационалдық терминдерді синтаксистік құрылыстарды, керекті грамматикалық тұлғаларды да тартынбай қабылдай беру болады. Оларға қазақ тіліне енген "кірме", "буратана" деп қарамай қазақ тіліне сүтпен еніп сүйекке сіңген, осы күнгі ана тілімізге біржола еніп, қазақтың байырғы сөз сыяқтанып кеткен қазақ тілінің бөлінбейтін бөлшегі деп, тіл мәдениетіндегі үлкен табысымыз деп, қарауға тиістіміз.

Не пайда, біздің Тіл және әдебиет институтының қызметкерлері - тілшілер мен әдебиетшілер қазақ тілін "шубарлап өзгертіп жібердіндер ғой..." деген кейбір обывательдердің сөзіне еріп, қазақ тілін басқа тілдердің, соның ішінде орыс тілдердің ықпалынан аулақ ұстау керек деген көзқараста болды. Сол үшін 1945 жылы Тіл, әдебиет және тарих институтының дирекциясы осы мәселе туралы қаладағы тіл мамандары мен әдебиетшілердің басын қосып жыйылыс та өткізген. Сонда жолдас Смаилов баяндама жасап бұрынғы қазақ тілін мақтап, осы күнгі қазақ тілі орыс сөздерімен шұбарланған "қойыртпақ" дегенге дейін барған. Оны қуаттап сөйлеген тілшілер мен әдебиетшілер аз болған жоқ-ты. Осындай, "қазақ тілінің тазалығын сақтайық" деген сылтаумен, расында, қазақ тіліне орыс сөздерін,

интернационалдык терминдерді жолат бермейік деген ұлтшылдық көзқарастан соңғы кезге дейін арылғанымыз жоқ. Сондайдың салдарынан көп терминдерді орынсыз қазақшылап, тіпті кейбір ғылым-техникалық терминдердің тұрпатын бұзып, мысалы, географияны - "жағрафия" деп, станция дегенді "станса" деп, финансы дегенді "ақша", юстиция дегенді "заң" деп келдік. Оның үстіне біздің Институттың тіл секторы көп жылдан бері терминология мәселелерінен ауызға аларлық түк істеген жоқ. Ол маңызды, өте керекті мәселе деп қаралған жоқ. Соның нәтижесінде бұдан 10 жыл бұрын жыйналып, сол кезде ресми түрде бекітілген терминдерді де кітап қылып шығарып көпшілікке ұсына алмадық. Терминдерді қолданудағы анархияға жол беріп қоя бердік.

Емле мәселелері де - күнделікті өмірімізге керекті сусын сыяқты, өте маңызды мәселенің бірі. Онда да көп кемшіліктер бар. Біз оны да елегеніміз жоқ. Тіл мамандарының көбі бұл мәселеден мүлде қол үзіп кетті. Ал жазудағы былық, сауатсыздық күшейе берді.

Міне сондықтан Қазақстан Орталық Партия Комитетінің секретары Шаяхметов жолдас өзінің баяндамасында емле мәселесін де басты мәселенің бірі деп қойды.

Қазақ тілінің емлесі түкке тұрмайды, әбден былыққан деп айту көп жылдан бергі орныққан жазу мәдениетімізге жапқан жала болар еді. Олай деуге біздің аузымыз бармайды. Расында 1940 жылы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көшудің өзі жазу мәдениетінің дұрыс дамуына кең жол ашты. Соның нәтижесінде жазуымыз бұрынғысынан недәуір жеңілденді және бір ізге түсті. Қазақстан жұртшылығы, баспа орындар негізінде, ресми түрде бекітілген қазақ емлесін дұрыс қолданып, дұрыс жазып жүр.

Бірақ соның өзінде елеулі кемшіліктер бар. Оның бірі - біздің бірқатар әдебиет, көркемөнер және кеңсе қызметкерлері ресми түрде бекітілген емле ережелерін қолдануды жазудың заңы деп ұғынбай, оны үйренуді азаматтық борышым деп санамай келді. Міне сондықтан біздің арамыздағы бірқатар кісілер, жаңа жазуды ұнатпағандықтан ба, әлде басқа себебі бар ма, әйтеуір баяғы арапшадан қол үзбей келеді. Баспа орындары ондай жазуды қаймықпай ала береді де машинисткаларға жаңа алфавитке көшіртеді. Сондықтан орыс графикасы негізіндегі жаңа алфавитке шыққан Ф. Мүсреповтың кітабының орфографиясы бір түрлі (оның "Қазақ батырын" қараңыз), С. Мұқановтың шығармаларының орфографиясы бір түрлі.

Жазушылар өз еңбегінің емлесінің дұрыс болуына зер салмайды. Олардың жаңа алфавитпен жазуға қолы жүрмейді. Оны үйренгісі, білгісі де келмейді, осындай кемшіліктің болуы таң қаларлық нәрсе. Егер ол тек ескіліктен арылмаған жеке кісінің қарабасының жаман әдеті ғана болса, ол кісілерді ауызға алмас та

едік. Бірақ жазушылар мен баспасөз қызметкерлерінің басында бар орфографиялық сауатсыздық, олардың шығармалары арқылы көпшілікке тарап отыр. Ғабиттің "Қазақ батырларының" алғашқы бөлігін ашып қараңыз. Бір бетте 6 емле қате, 9 тыныс белгілерін қоюмен байланысты қате бар. Не болмаса, "Біржан мен Сара" операсының либреттосын қараңыз. Онда (қазақшасында) емле ережелері сақталып дұрыс жазылған сөз кемде-кем. "Қазақстан фаунасы" деген жас балаларға арнап шығарылған кітапшаны қараңыз. Онда 9 түрлі айуанаттың суреті салынып, солардың астына 9 сөз (олардың аты) жазылған. Соның төрт сөзінде 5 қате бар: Бұғыны - "бүгі", елікті - "елик", қарақұйрықты - "Қара құйрық", қасқырды - "қасқыр", деп әдемілеп тұрып жазған. Мекемелердің маңдайына жазылған жазуларды қараңыз. Олардың қатесіз жазылғаны аз.

Осыларды көріп-біле тұра тіс жарып ештеңе демейміз. Ондайды жеке кісілердің сауатсыздығы ғой деп санаймыз да жүре береміз. Соның салдарынан қате жазу әдетке айналып кетті.

Сүйтіп басты кемшілік-сауатсыздыққа қарсы күрестің жоқтығы.

Оның үстіне, осы күнгі қолданып жүрген дұрыс жазудың емле ережелері көп жерде "бу қалай жазылады" дегенге толық жауап бере алмайды. Барлық сөздерді, тілде кездесетін құбылыстарды түп-түгел қамтыйтын емле ережелерінің болуы мүмкін де емес. Ондайда емле ережелеріне сай жасаған емле сөздігі болу керек те, емле ережелері түгел қамтый алмайтын көптеген сөздердің жазылуы сол емле сөздігінде берілуі керек еді. Әзірге бізде ондай емле сөздігі де жоқ. Сондықтан да қазақ тіліндегі көптеген сөздердің жазылуы бір ізге түсе алмай, әркім әр түрлі жазып, мектеп оқушыларының, жалпы халықтың сауатты жазуына көп нұқсан келтіріліп жүр. Әсіресе ауызша әр түрлі айтылмайтын сөздер емле ережелерінде, емле сөздігінде бір ізге салынбағандықтан бір сөз, мысал, *қате, қата, хата, хате болып, не қайтып, қайтіп, кәйтіп болып, жарыяланды, жарияланды, жәрияланды* болып түрліше жазылып жүр.

Қазақ тілінің жазуында әсіресе біріккен сөздердің емлесі мен х-қ, ы-і әріптерінің жазылуы, термин сөздерге жалғанатын қосымшалардың емлесі шатасқан қалпында қалып келеді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының тіл секторы жақында қазақ тілінің емлесіне аздаған өзгерістер енгізіп, мектеп оқушылары үшін жаңа емле сөздігін жасап, оны кітап қылып шығармақ болып отыр. Әрине емледегі кемшілік оны мен түгел түзеле қоймайды. Ол - тек келелі жұмыстың бастамасы ғана болып отыр. Алдағы жылда көлемі 40 - 50 баспа табақ, толық емле сөздігін жасамақпыз, емле ережелерін әлі де дәлдеу, айқындау бағытында біраз жұмыстар істелмек.

Бұл мақалада жоғарыда аталған емле сөздігін жасау үстінде емле ережелеріне енгізген айқындау, дәлдеу, кейбір болар-болмас өзгерістер туралы, Қазақ ССР Оқу Министрлігі ресми түрде бекіткен мәселелерді сөз қылмақпыз.

Емледегі даулы әрі беті айқын ашылмаған мәселенің бірі - біріккен сөздердің жазылуы. Осы күнгі емле ережемізде "екі сөз бірігіп бір мағына білдірсе ол бірігіп жазылады" дейді. Көп жерде біріккен сөздер мен бірікпей бөлек жазылатын сөз тізбегін айыру қыйын-ақ. Бірқатар кісі "бір мағынада" деген екі сөзді басқа біреулер "екі мағынада" деп ұғып бөлек жазады. Бірқатар кісілер біріккен сөздердің бір мағынада екенін айыру үшін оның тыянақты ережесі болмағандықтан қазақтың екі сөзі орысша бір сөздің орнына жүретін болса, соларды ғана біріккен сөз деп танып, біріктіріп жазады. Әрине олай ету дұрыс бола бермейді. "Бір жарым" дегенді орысша "полтора" болғандықтан бірге жазып "екі жарым" дегенді орысша "два с половиной" болғандықтан бөлек жазып, сол сыяқты "он бір" (орысшасы одиннадцать) дегенді бірге жазып "жыйырма бір" дегенді (орысшасы двадцать один) бөлек жазып не "ат қора" дегенді (конюшня) біріктіріп, "мал қора" дегенді (скотный двор) бөлек жазып қояды. Расында жоғарғы сөздердің бәрі де бірікпей бөлек жазылатын сөздер. Біріккен сөздерді басқа сөздерден айырып біріктіріп жазу үшін оларға қазақ тілінің тұрғысынан қарау керек. Қазақ тіліндегі жұрнақ жалғап жаңа сөз тудыру сыяқты; екі сөзді біріктіріп айту арқылы жаңа сөз жасалады. Олардың бірқатары, мысалы, қоян, бүгін, быйыл сыяқты әбден жымдасып әдепкі тұлғасы және әдепкі мағыналары өзгеріліп бір сөз болып кеткен, бірқатары бірігіп бір сөз болғанмен олардың қандай сөзден жасалғаны сөздің сыртқы көрінісінен айқын көрініп тұрады: *қарақұс, көкқұтан, жолбарыс, шекара, әркім, кішіпейіл, қайнаға көкжәтел, ашықауыз*, тағы басқалар.

Жоғарғыдай сөздерді біріккен деп танып, біріктіріп жазу үшін олардың мағынасына қарау жеткіліксіз. Сонымен қатар олардың айтылу екіні бір ме, олардың арасына басқа сөз кірістіруге және алдыңғы сөзге қосымша жалғауға бола ма деп те қарау керек. Анғарып қараған кісіге біріккен сөздердің айтылу екіні түгел бір болады да алдыңғы сөз кейінгіге анықтауыш бола алмайды, олардың арасына басқа сөз, не қосымша қойып айтуға болмайды. Сүйтіп барын олар бір ұғымды білдіреді.

Осы негіздерге сүйеніп *қайната, жалақы, еңбекақы, қарамаң сарымай, басқим, жалаңбас, аққөңіл, өркөкірек, есерсоқ, баспасөз, өнеркәсіп* деген сөздерді біріктіріп жазу керек.

Соңғы кезге дейін араб, парсы тілімен енген сөздердің қайсысында "қ", қайсысында "х" жазылатыны айқындалмай, біреу олай, біреу былай жазып келді. Осының салдарынан бұрын "қ" жазылып жүрген орынға "х" жазу көбейді. Бірақ

онымен сөз арабшасындай да, қазақша да болып шықпай, қайта олардың емлесі қыйындап әртүрлі жазатын болды.

Сондықтан "х"-ны Ахмет, хан, хабар, халық, сахара, ахуал деген сыяқты терминдік мәні бар солай жазылып, әбден әдетке енген сөздерді және орыс тілінен енген термин сөздерді орысшасындай етіп жазатын болдықта, бақыт калыс, мұқтаж, ықлас, марқұм, нұқсан, ықтияр, мақлуқ сыяқты сөздерді естүінше "қ"-мен жазатын болдық.

Осылай еткенде "х" мен "қ"-ның жазылуымен байланысты шатасулар бұдан былай бола қоймас деп ойлаймыз... "ы", "і" әріптерінің бұрынғы емлесінде де біраз қыйындық болатын. Ереже бойынша топырақ, жапырақ, көкірек, үкімет, өкімет деген тәрізді сөздерде ы мен і анық естілмейді, сондай сөздерде олар жазылмасын деп келдік. Тәжірибеде ол ереженің тыянақсыз екендігі байқалды. Көпшілік ондай сөздерді дұрыс жаза алмай келді. Оның үстіне айтылуында бар дыбыстың таңбасын жазбай кетудің пәлендей тәжірибелік мәні жоқ екені байқалды. Сондықтан ы, і әріптерінің бұдан былай жоғарғыдай орындарда жаза беретін болып келістік.

Осылар мен қатар термин сөздерге қосымшаларды жалғау мен байланысты кездесетін қыйыншылықтар ескеріліп олардың да бұрынғы емле ережелеріне керекті айқындаулар енгізілді.

Осылардың бәрі Қазақстан Орталық Партия Комитетінің біздің Институт жайындағы қаулысын орындау бағытында істеле бастаған жұмыстар. Бұдан былай терминология және емле мәселелеріне көп көңіл бөлініп бұл мәселелердегі хаталар мен кемшіліктерді болдырмау шарасын көруге тиіспіз.

Балакаев М. Қазақ тілінің емлесі мен терминологиясының кейбір мәселелері туралы// Вестник Академии наук Казахской ССР 1947. Март. № 13 (24). - С. 17-20.

ТЕРМИНОЛОГИЯ ЖӨНІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Жақында "Социалистік Қазақстанда" Баишев жолдастың "Термин және терминді қолдану туралы" деген мақаласы басылды. Бұл мәселенің республикалық газеттер бетінде қазір көтерілуі әбден заңды нәрсе. Өйткені, терминология сыяқты аса маңызды ғылыми-идеялық мәселе бұрынғысынан әлде қайда күшті қарқынмен өркендей түсу үшін баспасөз арқылы ұйымдастырылған осындай басшылықтың болуы тұрмыстың алдымызда көлденең тартып отырған тілегі. Ғылыми мәселелер, оқу кітаптары, баспа әдебиеттің барлық түрі, ауызша пропаганда - осының бәрі терминология мәселесімен тығыз байланысты.

Баишев жолдас терминология мәселесін көтеріп, бірталай күрделі пікірлер айтып, әсіресе терминдер жөнінде үгіт-пропаганда жұмысын жүргізу, оларды үйрену, қолдану, көпшілік арасына тарату жағын көбірек қозғаған. Бұл дұрыс пікір, термин жөніндегі аса хажет жалпы мәселелердің бірі. Ал біз терминологияның жалпы мәселелерімен қатар оның жеке, көлемі жағынан шағын мәселелерін де көтеріп, егжей-тегжейіне жете тексеруіміз керек.

Бүкіл жұртшылығымыздың Октябрь революциясымен бергі бұл жөндегі күресі қазір өте күрделі жетістіктерге жеткізді. Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы 30 мыңдай термин жыйнап, оның алдын қарап шығып, бастырғалы отыр. Жұртшылығымыз терминология майданында бір кезде мықтап қарсылық көрсеткен ұлтшылдықты, пантуркизмді жойып, бұл мәселенің өркендеуінің жағдай жасап отыр.

Термин қабылдау ісінің тағы бір үлкен жетістігі: бұл жөнінде қазір ғылыми принциптер қолданылып отыр. Бұдан былай да осы ғылыми принципті бұрынғысынан әлдеқайда күшейте түсу хажет. Біз жұртшылықтың назарын осы мәселеге ерекше аударғмыз келеді. Терминнің өзі ғылыми сөз болғансын, оның бүтіндей ғылыми принциптерге сүйеніп отыратындығы өзінен-өзі түсінікті емес пе деп ойлауға болады. Бірақ іс жүзінде олай болып жүрген жоқ. Бізде сол қолданылып жүрген ғылыми принциптердің өзі көбінесе үстірт, жеке ғылыми қызметкерлердің терминдер туралы жай ұйғаруы негізінде ғана қолданылып жүр. Бұл жөнінде жазылып жарыққа шыққан, терминдерді системаға салушылар үшін ғана емес, сол терминдермен пайдаланушылар үшін, әдебиет оқушы жалпы көпшілік үшін де басшы болатын материалдар кемде-кем. Біз термин мәселесін көбінесе осындай терең тексерілген ғылыми-зерттеу жұмысына сүйеніп шешіп жүргеніміз жоқ. Қазіргі кейбір кемшіліктерімізге бұрын болып өткен жағдайдың

әсері тиісі мүмкін. Бұл ретте мынаны ескермекке болмайды. Бұл мәселеге бұрын кедергі болған көбінесе ұлтшылдық, пантуркизм болатын. Мұндай кедергілер қазір жойылса да, бізде ескіліктің сарқыншағы адамның, идеялық сана-сезімінен мүлдем жойылып болған жоқ. Термин мәселесі идеялық мәселе. "Идеялар тілден бөлек өмір сүрмейді" - дейді Маркс. Біз термин талғағанда сөздік суретін талғамаймыз, сол сөзбен байланысты белгілі бір ұтымды талғаймыз. Кейбір ұғымдардың біреудің көңіліне "оның, біреудің көңіліне қонбауының бір себебі - әр адамның идеялық даярлығының қандай екендігіне байланысты болуы мүмкін. Олай болса, белгілі бір термин бір не бірнеше адамның идея жағынан кейін қалғандығының жемісі болып шығуы мүмкін. Бұл сыяқты жағымсыз жағдай жіңішкеріп келгеннің өзінде ең болмаса жеке қателерге ұшыратып отырады. Осындай жеке қателер бізде қазірдің өзінде де мүлдем жоқ дей алмаймыз. Міне осындай кемшілікті болдырмау үшін маркстік-лениндік методологияға сүйенген ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуіміз керек. Бұл әбден пісіп жеткен мәселе. Бұл жөнде біздің едәуір тәжірибеміз бар, ұшан-теңіз көп материалымыз бар, үлгі боларлық негізінен дұрыс жасалған терминологиямыз бар. Ғылыми-зерттеу жұмысының мықтап өркендеуіне жағдай даяр.

Біз терминологияның жеке мәселелерін жете зерттеуіміз керек жеке терминдер жөнінде ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуіміз керек. Біздің кемшілігіміз көбінесе осы жағынан болып отыр. Өйткені, жалпы принциптік мәселелері бүкіл одақтық көлемі де шешіліп, біз содан үлгі алып, соған сүйеніп отырамыз. Ал жергілікті жағдайға, тіл өзгешеліктеріне және тағы басқаларға байланысты жеке мәселелер жөнінде олай деуге болмайды.

Енді осы айтқандарымызды кейбір фактылармен дәлелдеп көрейік. Ғылыми принциптер терең ғылыми-зерттеу жұмыстарын сүйеніп қолданылмай жүр дедік. Қандай жақа сөз болса да, соның ішінде термин де, іс жүзінде неғұрлым көп қолданылса, солғұрлым тезірек етене болып, көпшілікке үйреншікті, ұғымды болып кетеді, солғұрлым оның кемшілігі болса тез ашылып, түйіні болса тез шешіледі. Ал біздің терминдеріміз қандай жағдайда туып, қандай жағдайда қолданылып жүр? Олардың көп қолданылып жүрген бір процесі аударма жұмысы. Аударма әдебиетте алғашқыда жеке адамдар өз бетімен қолданып, бара-бара көпшілікке үйреншікті болып, ақыры термин ретінде кіріп кешен сөздер тіпті көп. Мұндай терминдердің бәрін мағына жағынан оп-орынды алынған термин деуге болмайды. Олардың ішінде, нақ сол қолданылған кездегі мағынасын алғанда, орысша терминнің ұғымын бере алмайтындары болды. Сөйтсе де олар сіңісіп кетті. Бұл іс жүзінде көп қолданудың әсерінің күшті екенін көрсетеді. Ресми түрде алынғанмен қолданылмаған соң, қолдануға келмеген соң тұрмыстан шығып қалған сөздер де көп болды. Тереңдегі тексергенде термин жасау ісіне

аударманың тиізген әсері алуан-алуан. Бірақ, соны қаншалықты зерттеп отырмыз? Кейбір қыйын сөздерді қыйын терминдерді шешу үшін талай аударушы ізденді, өзінің тапқырлық күшін аямай салып, материал қарастырып, зерттеу жүргізіп, ақыры өзінше шешті. Қалай шешті? Міне, осыларды зерттеу керек қой. Бізде ол істелмей отыр. Терминдердің, бәрі болмаса да, бірсыпырасы жөнінде мұны істеу аса хажет. Бұл оңай жұмыс емес, бірақ, керек жұмыс. Аударманы тек мысалға алып отырмыз. Зерттеу жұмысының басқа салалары да толық жатыр.

Осы зерттеу жұмысының кемдігінен бізде термин туралы сөз қылғанда: орысша терминнің орнына қазақша сөз табылса - деген сөзді қолданушылық өнеге болып кетті. Ал, "Қазақша сөз табылып тұрғанда" деген сөздің мағынасын әркім әртүрлі түсінеді. Сондықтан, бұл термин мәселесін шешудің ғылыми жолы емес. Кейде сол "табылған" сөздің жарайтын-жарамайтынын білу үшін көп зерттеу жұмыстары жүргізіліп, көп дәлелдер келтірілу керек. Міне, осы "сөз табылса" дегеннің өзі кейде сол зор ғылыми-зерттеу жұмысының орнына ұсынылып жүр. Мысалы, "ощущение" деген терминді аудару үшін сондай "табылған" сөздің, бірі "түйсік". Ощущение - философияның басты терминдерінің бірі. Ал, түйсіктің осыған жуық мағынада қолданылатындығын қазақтың көбі білмейді. "Түйсіктің" қай жерде ощущениеге болар-болмас жуық мағынада айтылуы да мүмкін екен дейік. Бірақ олай бола қойғанда да бұл айтылған терминнің толық мағынасын бере алмайды. Мәселен, Лениннің "Материализм және эмпирикритицизм" деген атақты еңбегінің аудармасында "түйсік" "ощущениенің" орнына термин ретінде алынған. Ал, әртүрлі контексте "ощущение" былай беріліп отырған. 1) Лениннің: "Ни единого соображения, ни единого проблеска мысли, кроме того, что "мы ощущаем только свои ощущения" (22-б.) деген сөзі былай аударылған: "Біз өзіміздің түйсіктерімізді ғана түйсініп отырмыз" дегеннен басқа бір де пікір, ең болмағанда пікірдің бір ұшқыны да жоқ" 2) "Когда я говорю, что стол, на котором я вижу, существует, то это значит, что я вижу и ощущаю его..." (Берклидің сөзі. 9-бет) - "Мен өзімнің жазу жазып отырған столымды бар десем, ол менің бұл столды көріп, түйсініп отырғандығымды көрсетеді..." (9-бет). 3) "Если все присутствующие за столом видели бы его, слышали его запах, пили вино и ощущали его вкус, видели бы на себе последствия питья вина..." (Берклидің сөзі. 14-бет) - "Егер столдың жанында отырғандардың бәрі ол арақты көрсе, оның иісін сезсе, арақты ішіп, оның дәмін татса, арақты ішудің нәтижесін өздері көрсе..." (14-бет), 4) "...Неужели вы не видите, что все качества материи, все ее доступные нашему ощущению формы по существу своему неделимы?..." (Дидронның сөзі. 18-б.) - "... Материяның сапаларының бәрі, оның бізге түйсік арқылы белгілі болатын формаларының бәрі шынында бөлінбейтінің қайтіп көрмейсіз?..." (18-бет. "Ощущениенің" және оның аудармаларының астын сызған біз С. Н.).

Осы төрт цитатада "ощущение" бес жерде келіп отыр. Оның екеуі "түйсік" деп, екеуі "түйсініп" деп, ал біреуі "татса" деп аударылған. Егер осы кітапты бұдан әрі қарай берсек, мүмкін, мұның аудармасының басқа түрлерін де табар едік. Бірақ осы материалдың өзі де бұл жерде үлкен қайшылық бар екендігін, логикалық қайшылық бар екендігін көрсетеді. Бұл аударманы талай адам қарап шықты, солардың бәрінің ойы белгілі бір қайшылықтармен күресіп отырғандығын, бірақ оны жеңе алмағандығын көреміз. "Түйсік", "түйсіну" және "тату" мүлдем әртүрлі сөздер. "Ощущение" бұл еңбекте соншалықты арнаулы термин: ол жай терминдер қатарында белгілі бір ұғымды беріп қана отырған жоқ, осы термин арқылы айтылатын ұғымның өзі әдейі сөз болып отыр. Ол ұғым осы терминмен байланысты. Одан айыруға мүлдем келмейді. Сондықтан оны әртүрлі сөзбен беруге тіпті де болмайды. Әңгіме "ощущение" жайында болып отырғанда оны "татса" деп аударудың Лениннің қарастырып отырған идеялық мәселесіне ешқандай қатысы жоқ, бұл сол идеяны шатастыру ғана. "Түйсік" пен "түйсінудің" екі түрлі сөз екенін аударушылар білмей қолданып отыр ма, әлде бұған да басқа бір себеп бар ма, - бұл жері зерттеуді керек қылады. Бірақ қалай болғанда да, мұның да сол "түйсік" деген сөздің осы мағынада термин бола алмайтындығынан туып отырғандығы сөзсіз. Аударушылар "түйсік" деуін десе де "түнсiктену", "түйсіктеп", "түйсіктегiмiн" деп айта алмай отыр. Бұл қыйыншылықтар "түйсініп" арқылы шығып отыр. Аударушылардың түйсіктен сөз туғызудан қашып отырғандығы мынадан да байқалады: олар "түйсіктің" өзін қолданғанда "түйсік арқылы" деп кетеді, бұл жерде "арқылы" текстің мағынасын бұзады, дұрысында оның мағынасы терминнің өзінен сөз туғызу жолымен берілуге тиіс. Одан кейін "ощущали его вкус" дегеннің мағынасын беруге тура келгенде аударушылар "оның дәмін түйсіктесе" деу былай тұрсын, тіпті, "түйсінсе" деуге де жоламай, "оның дәмін татса" деп, текстің мағынасын мүлдем бұзып отыр. Міне, осы қателердің тууына көбінесе себеп болған "түйсік" деген сөздің "ощущениенің" орнына жүре алмайтындығы екені және мұның термин жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмысының кемдігінен болып отырғандығы оқушыға осы айтылғандардан түсінікті болар деп ойлаймыз. Біз, мысалы, "көтеріліс", "ақиқат" деген терминдер жөнінде аударушының мұндай жалтарыстарын кездестіре алмаймыз.

Сөйтіп, "түйсіктің" қарапайым мағынасының шалағайлығының үстіне одан сөз туғызуға болмайтын болып отыр. Басқаша айтқанда, ол терминологиялық екінші бір принципiне сәйкес келмей отыр. Термин сөз туғызуға келетін болу керек. Бірақ сөз туғызу дегенді де келте түсінуге болмайды. Оның да толып жатқан әдістері бар. Сол әдістері әрбір термин жөнінде өз алдына ескеріліп, зерттеліп отыруға тиіс. Мысалы, "цитировал" дегенді "цитаттадым" демей, "питата келтiрдiм" дeв терминдi қолданудың заңды жолдарының бірі.

Енді жай мағынаны сол алынып отырған сөзге жуықтайды деп жүрген кейбір сөздерді алайық. Жай мағынасы жуық не тіпті сәйкес келетін сөздер бірінің орнына бірі термин бола кетеді деп түсіну, соны принцип егіп қатып қалу да қате түсінік. Терминді аудару мен жай сөздерді аударуды шатастырмау керек. Жай сөздердің мағынасының кемістеу жері терминдікіндей елеулі болмайды, ол кемістікті әрбір текстің ыңғайына қарай түрлі амалдармен толтыруға болады, оның орнына басқа сөз қолдануға да болады. Ал, термин жөнінде олай емес. Оның мағынасы өзінен өзі өте айқын, тұжырымды, өзі ықшам болу керек; ол сөз туғызуға келетін болу керек және басқа да осындай шарттарға сәйкес келу керек. Термин тексте көп сөздің бірі ретінде ғана мағына бермейді, ол сол текстің ұйытқысы сияқты. Ең бастысы: термин ғылыми дәрежеге жетіп өскен сөз. Сондықтан аудармада жай сөз кезінде оның орнына жүретін сөз термин болған кезде ол мағынада қолдануға олқылық етуі не тіпті жарамауы да мүмкін. Мысалы, "совет" жай сөзде "кеңес" болса, термин ретінде "совет" болып жүр. Нақ осындай дәрежеде бола бермеседе, терминнің жай сөзден өзгешеліктері бар екені айқын нәрсе. Сондықтан оған жай аударма сияқты деп қарамау керек.

"Пространство" - "кеңістік", "бытие" - "болмыс", "истина" - "ақиқат", "вселенная" - "бүкіл әлем" деген теориялық терминдерді мысал үшін ғана алып ойланып көруге болар еді. Бұл терминдердің мағынасына олардың аудармаларының мағынасының жақындығы бірдей емес. Бұл аудармалардың бәрін біркелкі "табылған" сөз деуге болмайды. Соңғы екеуі бұрын да сол мағынаға өте жуық қолданылып жүрген сөздер. "Кеңістікте" "пространство" деген ұғым болмаған, ол "простор" мағынасында ғана қолданылып жүрген сөз. Ал "болмыс" "тағдыр" мағынасында қолданылып жүрген сөз. Бұл "судьба" дегенге келінкірейді. Сөйтіп, соңғы екі сөз қазірдің өзінде дұрыс ұғым беретін термин десек бірінші сөз, алғашқы кезде шартпен алынып, бірталай уақыттан кейін үйреншікті термин болып кетер де еді десек, "болмыстың" "бытиеге" алғашқы кезде теріс мағына беретіндігін көріп отырмыз. Біз белгілі бір сөзді жатқанымызда не ойлағанымызда есімізге сонымен байланысты белгілі бір ұғым түседі. Ол ұғым сол сөзге ежелден біткен қасиет емес, күнделікті тұрмыстан көп жылдар ішінде бойына сіңіп бірте-бірте құралған ұйым. Біз "кеңістік" пен "болмысыз" қапелімде басқаша ұғым бере алмаймыз. Сіз "болмысты" ауызға алған сайын оның бұрынғы ұғымы ойымызға түсіп, белгілі бір әсерін тигізеді де отырады. Мұндай терминнің сіңісуі қыйын, не оған аса көп уақыт керек. Сөйтіп бұл уақытпен байланысты. Олай болса "кеңістіктің" өсіп жетілуін күтіп уақыт өткізгенше "пространствоның" өзін алсақ, ол "кеңістіктен" бұрынырақ үйреншікті термин болып кетпей ме? - деген сұрақ туады. Мұның заңды сұрақ екендігі тағы да мынадай жағдаймен байланысты. Біз терминдерді таңдағанда оларды қолданатын адамдардың

даярлығымен есептесуіміз керек. Біздің мәдениетіміздің өсу жағдайының бір өзгешелігі мынадай: мәдениетті адамдарымыз көбіне орыс тіліндегі әдебиеттік әсерімен өседі, тіпті, шалғай аудандардағы жастардың өзі осылай өсіп келеді. Мұның жайын-түсіндіріп жатудың хажеті жоқ. Бұл - ақиқат термин мәселесін сөз қылғанымызда біз сол оқушыларды естен шығармауымыз керек. Оларды білім алу жөнінде азды-көпті еңбек сіңірген, белгілі бір ұғымдарға жаттығайын деген не жаттығып қалған тәжірибелі адамдар деп есептеу керек. Міне, оның сол тәжірибесі көбінесе орысша әдебиетте қолданылып жүрген терминдермен байланысты десек қате болмайды. Ол "пространство" мен азды-көпті үйренісін қалған соң енді оған "кеңістік" деген термин жасап, бөлен жылдан кейін жетілдіріп беремін деудің хажеті жоқ. Егер бүгін "кеңістіктен" бастап үйренетін, "пространствоны" білмейтін оқушылар да бар екен десек, олардың ертен "пространствоны" оқыйтындығын, он есе артық оқыйтындығын түсіну керек. Сондықтан мүмкін болып тұрған жерде терминді әлсіретпеу керек.

Біздің "кеңістікті" тек мысал үшін алып отырғанымыз оқушыға түсінікті болар. Бізде әлі жөнге салынбаған терминдер де көп. Мысалы, психология, логика ғылымдарында, ғылымның басқа да толып жатқан тарауларында әлі жөнді қолданылмай жүрген терминдер көп кездеседі. Сондай жерлерде өзін алуға болатын терминдерді қолданбай, мағынасы әлі шалағай терминдерді қолдана берушілік тексті өте қыйындатады. Бұрын термин болмай, енді ғана термин орнына алынып жүрген сөздер көп кіріп кеткен текстім орысшасын азды-кемді болса да білмейтін адамға қазақшасын түсіну тіпті қыйын болатын жағдай да болады. Нақ мұндай болмаса да бірсыпыра терминдер жөнінде осы кемшілік бізде болып жүр. Осындай ойлануды керек ететін терминдер ретінде мына терминдерді мысалға келтіруге болар еді: "надел" - "үлес", "надстройка" - "қондырма", "община" - "қауым", "промышленность" - "өнеркәсіп", "рекрут" - "солдатқа алу", "слой" - "жік", "состав" - "құрамы", "таблица" - "кесте", "тип" - "турпат", "кейін", "формулировка" - "тұжырым", "эксплуатация" - "қанау", "эпоха" - "заман", т. т. Мұндай терминдер ғылымның барлық саласынан табылады. Олардың әрқайсысының өзінің өзгешелігі бар. Оларды зерттеу керек. Бірталайдан аударылып келе жатқан кейбір терминдердің де өзін алуды жаңалық көрмеу керек. Бұл өсу заңы. Біздің жалпы мәдениетіміз, соның ішінде терминологиямыз неғұрлым есейген сайын, оның белгілі бір ұғымдарды бойына сіңіру қабілеті де арта береді. Мысалы, "промышленностінің" орнына, бірнеше жылдың ішінде "өнерлі кәсіп", "өндірісті кәсіп", "өнеркәсіп" деп әлденеше термин қолданылғандығының өзі бұл жөнде ойлануды керек етеді.

Бұл жеке фактылардың жеке терминдердің әсері қорытыла келгенде белгілі бір дағдыға айналады. Міне біздің айтып отырғанымыз осы дағдыдан аулақ "болу

мәселесі. "Қазақша сөз табылса" дегенге ғылым көзімен қарап, оны іс жүзінде дұрыс қолдана білуіміз керек, шынында, алуға болатын сөздерді алуымыз керек және қазақша біркелкі жақын сөздер табыла қойғанның өзінде де орысша терминнің өзі алынуы мүмкін екендігін есте сақтауымыз керек. Күнделікті жұмысымызда осыны дағдыға айналдыруымыз керек. Бұл тұрмыс тілегі қазақтың терминологиясының, тілінің, бүкіл түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің тұрмыстан туған осу жолы екендігін түсінуіміз керек.

Әрине, біз бұл мәселені бір беткей шешіп, осы бағытқа қара бура тарту деген ойдан аулақпыз. Осы жеке мәселе жөніндегі ойымызды оқушыға анық түсіндіру үшін ғана мәселенің басқа жағын сөз қылмай отырмыз. Шындығында, бұл мәселенің бір кішкентай саласының өзі көп ізденуді керек етеді. Міне, сондықтан да біз, бұл мәселені қателеспей шешу үшін, ғылыми-зерттеу жұмысын күшейту керек дейміз. Күшейткенде, ең алдымен, осы жай мағынасының өзі, шалағай терминдерді қолдана берушіліктің зияндылығын ашып, "тілдің ең жақсы ресурстарын пайдалану хажет" (Энгельс), ал, өзін алуға болатын терминдерді аударма бермей, олардың өзін алу керек дейміз. Өйткені, біздің термин мәселесіндегі бір кезде принцип болған, әлі де жойылып болмай, күнделікті ісімізге жіңішкелеп кіріп отыратын елеулі кемшіліктердің бірі осы. Ал, біздің күшті қарқынмен өсуіміз үшін тұрмыстық керек етіп отырған елеулі тілегінің бірі осы кемшілікті тез жою.

Бұл қазақ тілін елемей, кеміту емес. Қайта, сол қазақ тілін ерекше күшейту үшін нақ осылай істеуіміз керек. Бұл өсудің, прогрестік бұрын-соңды болып келген, келешекте де сөзсіз болып отыратын тура жолы. Бұл мешеуліктің ескілікті жоюдың жолы, ескіліктің адам санасындағы қалдықтарын жоюдың күшті құралы. Бұл орыс халқының ұлы мәдениетінің даяр жемісін жеуімізге мүмкіншілік беріп отырған тарихи жағдайлардың бірі. Бірақ бұл жұмыс ғылыми-зерттеу жұмысына сүйеніп жүргізілгенде ғана және бұған бүкіл тіл мамандарымыз, аударушылар көпшілігі тартылғанда ғана көңілдегідей болып шығады. Ал, бұл жұмысты ұйымдастыру жөнінде Терминология комиссиясы мен Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының орны өзгеше.

Нұрышев С. Терминология жөнінде ғылыми-зерттеу жұмысын күшейту керек // "Социалистік Қазақстан". 1947. 8 октябрь. № 198.

ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақ халқының осы күнгі шарықтап өскен ой-санасына лайық, соңғы жылдары пайда болған ғылыми ұғымдарға сәйкес тілімізге жыл сайын мыңдаған жаңа сөздер - интернационалдық терминдер енуде. Орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген ондай терминдер тіліміздің сөз байлығының төрінен орын алады. Қазақтың кәрі-жасына колхоз, совхоз, завод, фабрика, трактор, ферма сыяқты сөздердің ешқандай жаттығы болмай, үйреншікті ана тілінің бөлінбейтін бөлшегі сыяктанып, халықтың көкейіне біржола қонған мәдени табысының бірі болып отыр. Мұнан былай да тілімізге күн сайын, ай сайын жаңа терминдер ену арқылы оның сөз байлығы арта түсіп, тіл мәдениеті ілгері дамый бермек.

Күнделікті өмірімізге керекті саяси мәні бар терминдерді қабылдап, қазақ тіліне баянды етіп ендіру үшін оларды дұрыс жазып әдеттену керек болды. Оларды дұрыс жазып әдеттену тек халықтың сауаттылығын арттыру мақсатына тірелмейді, сол термин сөздердің дұрыс жазылуына немқұрайды қарауға болмайды.

Осы күні термин сөздерді қандай принципке сүйеніп жазып жүрміз? Негізгі принцип - терминдердің орысша жазылуын сақтау, сонда олар кейде айтылуы әр түрлі болғанымен, жазылуы әр уақытта бір түрлі болып, орыс графикасына негізделген жаңа алфавит бойынша, орысша қалай жазылатын болса, қазақша да солай жазылады. Солай жазудағы мақсаттың бірі - термин сөздердің тұрқын бұзбау болса, екіншіден, бір сөзді әркім әр түрлі жазбай, бір түрлі жазып, олардың емлесін оңайлату еді. Соңғы 5-6 жылғы жазу тәжірибеміз жоғарғы принцип пен соны қолданғандағы мақсаттардың дұрыс екенін көрсетіп отыр. Біздің баспа сөздерде жоғарғы принцип бойынша, негізінде, термин сөздер дұрыс жазылып жүр. Тіпті бұрыннан өзгертіліп айтылып, тұрқы бұзылып өзгертіліп жазылып жүрген станса, Ресей, жағрафия, фабрик деген сыяқты терминдік мәні бар сөздер де станция, Россия, география, товар, фабрика деп орысшасындағыдай дұрыс жазылатын болды.

Сөйтін, термин сөздердің емлесі, жалпы алғанда, бір ізге түсті деуге болады. Бірақ, бұл айтқанымыз терминдердің түбірін, негізін, қалыпты түрін жазудағы тәжірибеге дәл келеді де, оларға қазақ тіліндегі қосымшаларды жалғап жазу тәжірибесіне қарасак, онда көп алалық барлығын байқаймыз. Терминдер байырғы сөздерден дыбыс, буын құрылысы жағынан өзгешелеу болғандықтан, оларға дыбыс, буын үндесу заңына бағына жалғанатын қазақ тіліндегі қосымшалар сол өзгешелікке үйлесе алмайтын орында түрлі-түрлі вариантта кездеседі. Мысалы: секретарь, октябрь сыяқты аяғында жінішкелік белгісі бар сөздерге қазақ тілінің қосымшаларын жалғап айту керек болғанда, баспасөздерде бірде секретарі, бірде октябрдың, бірде

оқытбрыдің сыяқты болып, не институт, клуб, геолог деген сөздерге жалғанатын қосымшалар институтқа, институтке, клубқа, клубке, геологтар, геологтер сыяқты жуанды, жіңішкелі қосымшалар түрліше жазылып жүр. Географиялық атаулар бірде Омскі, бірде Омск сыяқты болып екі түрлі жазылып жүр.

Ондай қыйындық, емле сауатсыздығы неден туып отыр? Оның бірінші себебі - термин сөздердің қазақтың байырғы сөздерінен дыбыс, буын құрылысы жағынан өзгеше болуымен байланысты болса, екінші себебі солар жайындағы кейбір емле ережелерінің айқын, дәл болмауында, үшінші себебі - айқын, дәл ережені бұлжытпай қолданып, дұрыс жазуға әдеттенбеуде болып отыр.

Терминдердің жазылуында жиі кездесетін тыянақсыздықты ескеріп, терминдерге қазақ тілінің қосымшаларын жалғап жазумен байланысты олардың ережелерін бұрынғысынан көрі, керек жерінде, анығырақ етіп, көпшіліктің есіне салмақпыз.

1. Термин сөздердің соңы қосарланған дауыссыз дыбыс болса, олар сөздің түбірін жазғанда сақталады да, қосымша жалғап айтқанда, екі дауыссыздың бірі жазылмайды:

Клас - кластан, классыз, класымыз.

Металл - металдар, металдан, металдық.

Грамм - грамнан, грамың, граммен.

Бұл сыяқты сөздердің соңғы дауыссыз дыбыстары орысша классовый, металлический, грамма дегенде, түбірдегісінен көрі анық естілсе, қазақ тілінің қосымшаларын жалғап айтқанда, керісінше болады. Оның үстіне, сыз, мен, кен сыяқты қосымшаларды жалғап, классыз, граммен, металдан дегендей етіп үш дауыссыз дыбысты қатар жазу қазақ тілінің дыбыс заңына үйлеспей тұрады, жазуды қиындатады. Сондықтан, жоғарғыдай сөздерге қосымша жалғап жазғанда, бір дауыссыз түсіп қалады дейміз.

2. Егер термин сөздер "зд", "кст", "мб", "кт", "нк" дыбыстарына бітсе, түбір қалпында сол күйінде жазылады да, дауыссыз дыбыстан басталған қосымша жалғап айту керек болғанда, түбір мен қосымшаның арасында "дөнекер" ы не і жазылады.

Фонд - фондідан, фондьға.

Омск - Омскіден, Омскінің.

Текст - текстіден, текстінің.

Ромб - ромбылы, ромбылар.

Субъект - субъектінің, субъектіден.

Банк - банкіден, банкімен.

3. "Ст", "сть", "зд", "фт" дыбыстарына біткен сөздер де түбір қалпында сол күйінде жазылады да, оларға қосымша жалғанғанда, соңғы өріптер жазылмайды.

Трест - треске, трестең, тресінің.

Коммунист - коммунистер, коммунистің.

Съезд - съезден, съезге, съезі.

Ведомость - ведомосқа, ведомостар.

4. Жіңішкелік белгіге ("ь") біткен сөздерге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, "ь" жазылмайды, дауыссыз дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, бұрынғы қалпында жазылады.

Секретарь - секретары, секретарьдың, секретарьлар.

Вексель - векселі, вексельдер, вексельмен.

Жіңішкелік белгі ("ь") қойылып жазылатын жоғарыдағыдай сөздерге қосымша жазылғанда ол соңғы дыбыстың жіңішкелігіне қарамай, түбір сөздің соңғы буынының жуан, жіңішкелігіне бейімделіп, бірде жуан, бірде жіңішке болып жалғанады:

Секретарьлар, секретарьға, секретарымыз, секретары, броньдар, броньға, броньсыз, броным, брони.

Дизельде, дизельден, дизельдің, дизелі.

Сентябрьде, сентябрьге, сентябрьдің, сентябрьі.

5. Термин сөздердің соңғы дыбысы "к", "г" болып, оларға дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, "к" байырғы сөздегідей "г" болып өзгеріліп айтылса, сол өзгертілген қалпында жазылады:

Гудок - гудоғі

Ток - тоғі

Ботаник - ботанигі.

6. Аяғы қ, г-ге біткен термин сөздерге қосымша жалғанғанда, ол сөздің соңғы буынының жуан, жіңішкелігіне бейімделіп жалғанбайды, жіңішке айтылатын қ, г-нің әуенімен қосымшалар әр уақытта жіңішке болып жазылады. Демагоктің, педагоктің, Гамбургтен, универмагке, универмагтен тағы басқалар. Сол сияқты, термин сөздің соңғы буыны ку, гу, болса да, оған жалғанатын қосымша жуан болмайды, жіңішке болады: Бакуден, Бакуге, тағы басқалар.

7. Әлденеше сөздің бас әрпі қысқартылып бір сөз болып айтылатын МТС, ССРО сияқты сөзге қосымша жалғанғанда, сол сөздің әуеніне қарай емес, соңғы әріптің алфавиттегі атының әуеніне қарай жалғанады: "МТС-ға емес, МТС-ке (эм-тэ-эске) ССР-ның республикасының деген ретпен емес (ССР-дің (эс-эс-эрдін).

8. Институт, клуб, лакаут деген сияқты соңғы буынында у бар сөздерге (жоғарыда айтылған гу, ку ден басқасы (қосымша жуан болып жалғанады: институтқа, клубқа.

Термин сөздерге қосымшаны жоғарыда айтқандай етіп жазып дағдылансақ, емле сауатсыздығы деген жаман әдеттен біраз арылған болар едік.

ЕМЛЕ МЕН ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Пікір алысу ретінде)

Қазіргі адамдардың сөз дыбыстарына балама (эквивалент) есебінде қолданылып жүрген әріптік таңбаларға жеткенге шейін, талай ғасырлардың өткендігі, талай ақыл-ой еңбегі сарп етілгендігі мәлім. Содан болғандықтан, қазіргі әріпті жазу - адамзаттың қоғамдық еңбегінің зор табысы, баға жетпестік жемісі деп есептеледі. Қай тілдің болсын жазуы әріптік болатын болса, сол тілдің жазуы үшін емле - негізгі заң.

Қазақ жазуы - әріптік жазу; демек, мұның да негізгі заңы - емле, яғни қазақ тілінің өзіне тән емлесі бар деген сөз. Емленің қолайлы болуы, - бір жағынан алғанда, - алфавитке де қарайлас құбылыс.

Осы күнгі қазақ тілі әріптік жазудың үш түрін біледі: арапша, латынша, орысша. Әуелгі екі түрдегі алфавиттер өз тұсындағы дәуірдің даму талаптарына сәйкес келіп, ежелгі "жазулардың" түрліше шартты белгілеріне қарағанда, прогрессивтік құбылыс болғанымен, тіліміздің советтік құрылыс дәуірлеріндегі дамуына төтеп бере алмады, емлені қыйындатты, сондықтан күн тәртібіне алфавитті жаңалау, өзгерту мәселесі қойыла келіп, ақыры дұрыс шешуін тапты: 1940 жылы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көштік. Бұл тіліміздің лексикалық, грамматикалық, емлелік, терминологиялық жақтарынан жалпы баюына, іргелі, тұрақты болуына бірден-бір дұрыс шара болды. Дәл осындай объективтік мүмкіншіліктерге ие бола тұрып, емле қатесі деп аталатын өте қолайсыз жағдайлардан арыла алмай қойғанымыздың себебі не?

Біздің байқауымызша, толып жатқан ұсақ себептермен қатар, басты бір себеп бар сыяқты. Ол себеп ана тіліміздің ауызша және жазуша түрін қазақ интеллигенттерінің бірсыпыралары жете бағаламайды. "Көзге айтқанның көнеуі жоқ" дегендей, дәл шынын айтсақ, осы күнгі қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавитін білмейтін, осы жазумен хат жаза алмайтын, тіпті оқый білмейтін интеллигент қазақтар бізден табылады. Бір тілдің емлесін тұрақты ету үшін, оның көптік хасиеті болуы шарт, яғни қазақ тілінде шығатын көптеген газеттердің, журналдардың жазу принциптері, нұсқалары әрбір қазақ интеллигентіне, әрбір сауаты бар қазаққа үлгі болуы керек, ол үшін сол адамдар қазақ тіліндегі газеттерді, журналдарды оқығанда өз сауаттығылығын арттыра беруді мақсат етулері керек. Емле сауаттылығына бірден жете қою мүмкін емес; көп оқу, қарастыру, дағдылану арқылы жетуге болады.

"Социалистік Қазақстан" газетінің 1947 жылғы 21 декабрьдегі санында жарияланған "Ленин мен Сталиннің еңбектерін қазақ тілінде нәсихаттау - республикамыздың бүкіл партия ұйымының айбынды міндегі" деген мақаласында Шаяхметов жолдас былай деді: "Әрбір облыстық аудандық және бастауыш партия ұйымында бұл жұмысты жақсылап жолға қою керек, бүкіл үгіт-нәсихат жұмысында марксизм-ленинизмді қазақ тілінде нәсихаттау мәселелері лайықты орын алатын болу керек. ҚК(б)П облыстық комитеттері мен аудандық комитеттері жанында қазақ тілінде баяндамалар жасай алатын, лекциялар оқый алатын, газеттер мен журналдарға көпшілікке түсінікті мақалалар жаза алатын білімді нәсихатшылар коллективін құру керек. **Әрбір қазақ-коммунист** қазақ халқының қалың топтары арасында ана тілінде марксизм-ленинизм нәсихатын жүргізуге тиіс" (Қара әріппен мен жаздым. Ә. Е.)

Хат білетін адамдарымызды жетілдіріп, олардың ауыз сөзі мен жазу сөзінің мәдениеттілігін арттыра берудің қаншалық маңызды екендігін Шаяхметов жолдастың осы нұсқауынан анық аңғаруға болады. Емле сауаттылығына жетіспеген адамның ауыз сөзі де шалағай, ора-шолақ болады, өйткені жазу сөзі мен ауыз сөзінің мәдениеттілігін бір-бірінен айырып қарауға болмайды. Партияда бар және партияда жоқ қалың көпшілікке қазақ тілінде шығатын газет, журналдардың бұл жөніндегі пайдасы мен көмегі орасан зор; газет, журналдар өздерінің бұл жөніндегі тарихи борыштарына сәйкес те болып келеді.

Дегенмен, бұл тұста газет, журналдарымыздың бір сыпыра кемшіліктері де бар; ол кемшіліктер әсіресе емледе болып жүр.

Дәлел боларлық бірнеше мысал келтірелік. "Социалистік Қазақстан" газетінің 1947 жылғы 15 августағы санында басылған "Қазақ әдебиеті мен әдебиет зерттеудің күрделі мәселелері туралы" деген Баишев жолдастың мақаласында әдебиет зерттеу ісінің принциптік мәселелері айтылып, бұл жөніндегі бірқыдыру кемшіліктердің беті ашылған. Мұндай мақалаларды көптеген адамдардың оқуы сөзсіз. Ал, осы мақаланың емлелік жағында көзге көрінерлік мынадай кемшіліктер бар: мақаланың бірінші бағанасында жоғарыдан төмен санағанда 35-жолда "**қателер**" деп жазылса, содан төменгі төртінші жолда, яғни 39-жолда "**хателер**" деп жазылыпты. Осы мақалада: **абырой, мағына, қабілетті, кадырлы** деген сөздер осы күйінде жазылыпты, ал "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі" (1941 жылы) деген документте дәл осы сөздер **қаблет, аброй, мағна, қадір** деп жазылған. Осы екі жазудың қайсысын қолдануымыз керек? Емле заңы - көпке біртегіс ортақ нәрсе; әркім өзінше өзгерте алмайды. Сондықтан аталған сөздердің сөздіктегі жазылғанын алу керек.

Осында аталған сөздіктің бесінші бетінде мынадай нұсқау бар: "б) кейбір сөздердің аяғындағы "а" әрпі бізде жазылмайды. Мысалы: газет, минут, фабрик,

т.б." ал, газеттердің көпшілігінде "фабрика, фабрикалар" болып жазылып жүр. "Социалистік Қазақстан" газетінің 1947 жылғы 8-октябрьдегі санында Нұрышев жолдастың "Терминология жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмысын күшейту керек" деген мақаласы басылды. Сонда "мағына" деген сөз дәл осы түрінде қате жазылыпты. Аңғарылмағандықтан қате кеткен болар деп ойлайын десең, осы "мағна" деген сөз мақалда 11 рет қайталаған, он бірі де "мағына" болып, қате жазылған. Осы мақалада: әлдеқайда, біркезде, бірбеткей деген сөздер де қате жазылған.

"Оңтүстік Қазақстан" газетінің 1947 жылғы 24 декабрьдегі санының бірінші, екінші беттерінде басылған материалдарды тегіс кунттап оқып шыққанымызда, отыз бір емлелік, он жеті тыныстық қате табылды.

Емле туралы сөз еткенде, ең алдымен осында аталған екі газетке тоқталуымызда мынадай себептер бар: "Социалистік Қазақстан", "Оңтүстік Қазақстан" газеттерінің беделі өскендігі соншалық, олар мектептерде ресми оқу құралдарымен қатар ұсталады, бұл, әрине, өте сүйсінерлік іс; осыны біздер, мектеп мұғалімдері, күнделікті оқытушылық жұмысымыздың тәжірибесінде көріп жүрміз. Сөздің расын айтсақ, істің шындық халі мынадай: егерде кейбір сөздердің қалай жазылуы жөнінде "шатақ" бола қалса, мектеп оқушылары мен оқытушылары "Социалистік Қазақстанға" жүгінеді. Солай болғандықтан, көлемді газеттердің төрт бетіндегі материалдарда бірде-бір емле қатесі болмаса екен деп тілек қоямыз. Бұл советтік өскен заманымыздың мәдени тілегі және заңды тілегі.

Қазақ тілінің емлелік сөздіктерінің халі қандай? Бұл сұрауға жауапты сөздіктің өзі берсін.

Біздің қолымызда 1941 жылы шыққан "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі" деген документ бар. Сөздіктің кіріспесінде мынадай нұсқау бар: "Жаңа орфографияның ережелерінде негізгі сөздеріміздің, жалғау, жұрнақтардың жазылуы айтылған, әр сөзге бірнешеде ғана мысал берілген. Сондықтан, оған кірмей қалған сөздер, тұлғалар толып жатыр. Қолыңыздағы орфографиялық сөздік бұл кемшіліктерді жоюға арналды". Бұл не? Ұшан-теңіз сөз байлығынан "бірнеше ғана мысал беріледі" де, "қолыңыздағы орфографиялық сөздік бұл кемшіліктерді жоюға" қайтып арналады? Сөз байлығын сүзе келіп сұрыптағанда, бірнеше ғана мысал беру, - сайып келгенде, - кемшілікке соғып жүр. Сөздіктің қамтуын тарылта берудің нәтижесінде, ол терминология және емле жөнінде басшылыққа аларлық шын мәнісіндегі документтің дәрежесіне көтеріле алмай жүр; тіпті, сөздіктің бір жері екінші жеріне қайшы келетін жағдайлар да жоқ емес: сөздіктің кіріспесінде "фабрик" деп жазылған сөз 98-бетте "фабрика" болып жазылған болса, сөздіктің беделі төмендеме ме? Сөздікте: әрсесе, көкрек, келсап,

фән, құрлыс, Ханафия, хабар, нарк, палуан, қуфия, неткен, неғып, дәстір, зиягі, зиялы, хияд, хиянат, мағлумат, хат, хурмет, худды, халық деген сөздер дәл осылай жазылыпты. Бұл әбден дұрыс. Ал, осы сөздерді газет, журналдар, грамматика кітаптары, мектеп оқытушылары, әдеби шығармалар сөздікке бірыңғай жазып жүр ме? Жок. Ендігі жерде бұған төзе беруге бола ма? Жок. Сөздікті басшылыққа алу керек. Бұлармен қатар, жазылуы жөнінде әлі де ойлауды керек ететін бірнеше сөздер бар сыяқты. Мәселен: нәсихат, тәбиғат деген сөздердің бірінші буынында сөздікте "ә" жазылыпты; сөздікте "қате" деп жазылыпты; бұларды: **насихат, табиғат, хате** деп жазсақ, орындырақ болмас па еді. Сөздікте орынсыз кеткендік те аздап бар. Мысалы: **Борбасар, Бөрібай, Базархан, Баймақан, аңрау, ақырату, ататек, ата кәсіп** деген сөздердің әртүрлі жазылуына дәлел не? Оның үстіне айта кетуді керек ететін нәрсе - **Базархан, Баймақан, Борбасар, Бөрібай** деген сөздердің жалқы есім екендігі сөздікте ескертілген, солай болғандықтан, мұндай сөздердің жазылуында бір-қалыптылық болса қайтеді? деген сұраудың қойылуы заңды болатын сыяқты. Сөздіктің өзара қайшылықтарын атамай кетуге тағы болмайды.

"Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде" мынадай ереже бар: **"Баир, Таир, Нурпеис...** сыяқты жалқы есім болған сөздерде "и" сонорға айналмайды, сондықтан оның артынан "ы", "і" әрпі жазылмайды". Бұл басшылыққа аларлық нұсқау делік. Ал, 1941 жылы шыққан "Қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавиті мен орфографиясы" деген екінші бір документте **"Жанпеис"** деген жалқы есім дәл осылай жазылыпты. Бұл тұстан - **Жанпейіс пен Нурпеистін** айырмасы қанша? - деген заңды сұрау туатын сыяқты. Және, біздің оқытушылық тәжірибемізде мұндай сұраулардың кездесіп жүретіні де рас, ал мынанікі дұрыс, мынанікі бұрыс деуге бізде дәрмен жоқ, үйткені сөздіктердің бәрі де - көпшілікке арналған заңды документтер; ондай документтерге жеке адамдардың құлақ қоймауына немесе ондай документтерді жоққа шығаруына еркі жоқ.

Емлеміздегі біркелкі кемшілік біріккен сөздер мен қысқарған сөздердің жазылуында болып жүр. Қазақ ССР Жоғарғы Советі бекіткен (10-XI 1940-ж.) ережелік заңның 27 § де былай делінген: "Бірнеше сөзден құралғанмен, бір мағнаға ие болған сөздер қосылып жазылады. Олар мыналар.... Алматы, Аманкелді..,". Солай болғанда, **Қозыкөрпеш, Баянсұлу, Қызжібек** секілді сөздерді баспасөз бетінде неліктен бөлектеп жазып келед? Қызжібек деген сөздің бір компоненті болмаса, ол сөз әдебиет тарихының белгілі кейіпкерінің атын білдіре алмаған болар еді, демек екі сөз бірігіп бір мағнаға балама болып тұр екен.

Қысқартылған сөздер жөнінде де бірсыпыра ойлану әлі де керек. Қысқартылған сөз өзінің толық түрінің баламасы болу керек. Мысал үшін айтсақ **ССРО** дегеннің толық түрі - Советтік Социалистік Республикалар Одағы - деген болып шығады. Ал,

"ТАСС" деген сөзді осы қалпында қысқартып қолданып жүрміз. Қазақ тілі сөйлем заңына сәйкес толық түрін айтсақ: "Советтер Одағының телеграфтік агенттігі" деген болып шығады: қысқартылуы толық түріне дәл емес. Осы сөзді қазақша "СОТА" деп қысқартсақ, дұрыс болар еді. Бұл, әрине, алғашқы кезде құлаққа ерсілеу естілуі мүмкін, бірақ зәредей де қыйыншылықсыз, етене болып кетер еді.

Емле белгілі принциптерге негізделіп қалыптастырылады. Қазіргі қазақ емлесінің негізделгені - морфологиялық-фонетикалық принцип. Егерде осы екі принциптің үстіне тарихи принцип дегенді де негізге алсақ принциптік жалпы жүйеден шығып кеткен сөз болмас еді және әрбір сөздің дұрыс жазылуын түсіндіруге де болар еді. Шынында: **хор, кер, паз, кеш, мен, бен, "ен, нікі, дікі, тікі** деген қосымшалардың қандай сөзге болса да осы қалпында жалғануы, өленді сөйлемнің үнемі бас әріптен басталуы осы тарихи принципке жатпай ма?

Осы тұрғыдан алғанда, **ғасір, ғалім, мұғалім** деген сөздерді де дұрыс жазар едік.

Сөздікте жазылған "**Нарқ**", "**Халық**" деген екі сөздің жазылуына екі түрлі мөлшер қолданғандығына дәлел қайсы? Екеуі де зат есім; тәуелдесек, халқым, нарқым, халқы, нарқы болып, әуелгі буындағы "ы" жоққа шығады; "халық" деген сөздегі "ы" фонемін жазбағаннан емлеге келерлік нұқсан болмас еді; қайта, осы типтес сөздердегі аса маңызды емес "ы" ларды біркелкі ықшамдап жазуымыздың артық "жүгін" алып тастаған болар едік. Шынында да: **тыйың, сыйыр, жыйын** секілді сөздерді: **тыиң, сиыр, жиын** деп жазсақ әлдеқайда қолайлы болмас па еді? Дәл осы бағытта доцент Балақаевтың да ұсынысы болған.

Бұл мақалада сөз етілген мәселелердің кейбір оқушыға тіпті ұсақ көрінуі де мүмкін. Біздіңше, ендігі жерде осындай өте ұсақ кемшіліктерге де жол беріп отыруға болмайды, үйткені баспасөздегі, жалпы жазу сөзіндегі ұсақ-түйек кемшіліктерді елемей көне берсек, ондай кемшіліктерге әбден бой үйреніп кетуі мүмкін.

Редакциядан: Ермеков жолдастың "Емле мен терминологияның кейбір мәселелері" деген мақаласында көрсетілген кемшіліктер (бір сөздің бірнеше түрде жазылуы т.б.) "**Халық мұғалімі**" журналында да көп кездеседі. Мұндай кемшіліктердің келешекте болмауына журналдың редакциясы айрықша көңіл бөліп отырмақшы.

Ермеков жолдастың мақаласын оқушылар жұртшылығының пікір алысуы ретінде басып отырмыз.

Ермеков Ә. Емле мен терминологияның кейбір мәселелері // Халық мұғалімі. 1948. № 3. - 45-48 бб.

ЕМЛЕ МЕН ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Пікір алысу ретінде)

Терминология дегеніміз білім-ғылымда, мамандық кәсібінде, оқу-өнер тәжірибесінде, ел басқару істерінде сурыпталып қолданылып жүрген сөздердің жыйындысы.

Советтік өміріміздің 30 жылында қазақтың әдеби тілінің терминологиясы орасан байыды. Совет дәуірінде қазақ тілінің терминологиясы екі жолмен - қазақ тілінің байырғы сөздері мен ұлы орыс тілінің сөздері арқылы - байыды.

Елімізде Октябрь революциясы жеңісімен совет өкіметінің ұлт тілдерін және түрі ұлттық, мазмұны социалистік ұлт мәдениетін өркендету жөніндегі істеген ұшан-теңіз заттық шараларының нәтижесінде, қоғамдық өмірдің барлық салаларына керекті сөздер де көбейіп, терминологиялық қорға айналды.

Октябрь революциясына дейін білім-ғылым жөнінен бүтіндей мешеу қалған қазақ тілінде қазір әрбір салаға байланысты терминдер қалыптасып, олар қазақ тілінің дәулетіне айналды.

Мысалға математика ғылымының геометрия деген саласын алайық. Совет дәуірінде осы фәннен қазақ тіліне белгілі бір ұғымға ие болған толып жатқан жаңа терминдер қосылды.

Қазақтың байырғы тілінен: нүктелер, іргелес бұрыштар, сыбайлас бұрыштар, тең бүйірлі үшбұрыштар, түзудің берілген кесіндісі, ортақ төбелі бұрыштар, үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының арасындағы тәуелділік, шеңбер, қоюшы, түйіндесу, кесінділер, аудан, дөңгелек, түзулер, бұрыштар, амалдар тағы басқалар, ал, орыс тілі арқылы: медиана, радиус, фигура, пропорционал, диагональ, трапеция, параллелограм, теорема, перпендикуляр, симметрия тағы басқа терминдер тілімізде қолданылатын болды.

"Дөңгелектегі пропорционал кесінділер, түзу сызықты фигуралардың ауданы" - деген сөйлемдерді термин ретінде қолданғанда түсінік-сөздік ешнәрсесі жоқ. Осындай терминдердің жыйындысы математика ғылымының бір саласы - геометрияның терминологиясы болды, ондай терминдерді советтік қазақ мектептерінде қазақ балаларын оқытқанда қазақ тілінде қолданып, оқушыларға ғылымнан нақты білімдер беріп жүрміз деп әбден айта аламыз және осылай деуге өмір тәжірибеміз, ақыл-ой еңбегіміздің, зерттеу, қарастыру істеріміздің нәтижелері толық көрсетіп отыр.

Енді терминдік сөздерді жасау мәселесіне келейік. Терминдік сөздерді нақты ұғымдардың сөздік баламасы (эквиваленті) есебінде алғанда, негізінде екі аспекте түсіну керек: жалпы ғылым-білімге, логикалық ұғымдарға байланысты қалыптасатын терминдер және әдеттегі жай ұғымдардың атауы. Осының қайсысы болсын, қазақ тілінде айтарлық сөз болмаса, орыс тілінен алу керек және алып та жүрміз.

Кафедра, платформа, философия, логика, аудитория, математика, совет, коммунизм, педагогика, медицина т.б. ғылым-білімге байланысты қалыптасқан, халықаралық маңызы бар терминдер, бұларға балама боларлық қазақ сөздері жоқ және іздестіріп жатудың қажеті де шамалы, тек істес болып отырған аудиториямыздың даярлық шамасына қарай, жалпы мәнісін бірнеше сөздермен сыйпаттауға болады; орыс тілінде қалыптасқандығын, сол тіл арқылы қазақ тілінің де дәулетіне айналғандығын айту керек.

Жалпы тіл байлығына, сөз қорына әруақытта да үнемі осындай ұқыптылықпен қарап отырдық па? Жоқ. Кей кездерде ойланбаушылық ағат кетушілік бізде болды. 1938-1941 жылдары: район, план, союз, профсоюз, дисциплина, кружок, сомнение деген сөздерді қазақ тілінде де осылай қолданып жүрдік. Сонда осы сөздердің қазақша баламасы жоқтықтан болды ма? Жоқ. Мұндай сөздер тілімізде барды; сонымен ақыры: аудан, одақ, жоспар, кәсіпшілер одағы, үйірме, төртіп, шығарма деген сөздерді қайтадан қолдануды өмір тәжірибесінің өзі батыл түрде талап етті.

Осы кезде "председатель", "секретарь" деген сөздер сол қалпында алынып жүр. Бұл сөздерге "төраға", "хатшы" деген сөздер балама болмай ма? "Төраға" төрдің үлкені, төр иесі деген мағнаны, хұрметті білдірмей ме? Үлкенді, басшыны хұрметтеу бізге, совет адамдарына, жат мінез емес, қайта, бұл біздің ізгілік қасиеттеріміздің бірі. "Төраға", "хатшы" деген сөздерде біздің жаңалығымызға кедергі боларлық ескілік қанша? Біздіңше, ешқандай ескілік жоқ. Мұндай терминдер жөнінде қайтадан, әлі де жете ойлану керек. Осы күнгі грузин тіліндегі "темада" деген сөзді қазақшаға дәлме-дәл аударсақ, "төраға" болады. Председатель дегеннің мағнасы - алда отырушы дегенге келмей ме?

"Разряд, наряд, отряд, звено, карточка" деген сөздер де орыс тілінен енген, халықаралық термин емес, бірақ қазақшада баламасы болмағандықтан, осы қалпында қолданып жүрміз, тілімізге үйлесіп-ақ тұр: орыс тілінен келгендіктен түсініксіз деп немесе мұндай сөздерді "шеттетіп" жүрген ешбір қазақ жоқ, қайта, мұндай сөздер қазақ халқының қалың, топтарына тегіс тарап, байырғы болып кетті; бұл, әрине, өте сүйсінерлік нәрсе. Солай болғандықтан, мұндай сөздерді қазақшылап жатудың қажеті жоқ.

Бұлармен қатар, қазақша баламасы бола тұрып, орынсыз ұсталып жүрген сөздер де бар. Бірнеше мысал: пункт - тұрғылықты орынды, жерді көрсетерлік мағнада ұсталса, қазақша "мекен" болады; жазу ісіне, документке байланысты айтылса, "тармақ", "буын" деген сөздермен беруге әбден болады.

Вожатый - водить - водитель деген мағнадан алынған: қазақша "жетекші" деген сөз осыған дәл балама бола алады. "Старший вожатый пионерского отряда" деген сөйлемді: "Пионер отрядының аға жетекшісі" дегеннен тілімізге де, түсінігімізге де келетін кемшілік жоқ. Сондай-ақ "отлично" деген сөзге "үздік" деген сөз балама бола алмай ма?

Термин есебінде қолданылатын сөздер, мейлі орышадан алынсын, мейлі қазақшадан алынсын, бәрібір жете ойланылған, жете зерттелген болса, оның тілдегі орны баянды болады. Мысалы, "совет" деген сөзді 1944 жылға шейін сол күйінде қолданып келіп, 1944 жылдан бастап біраз уақыт "кеңес" деп қолданатын болдық. Онан соң "совет" деген сөзді сол күйінде қайта қолдана бастадық, бұл дұрыс.

Сондықтан тілімізге термин болып орналасып қалған сөздерді ауыстыра берудің қажеті жоқ қой деп ойлаймын.

Ермеков Ә. Емле мен терминологияның кейбір мәселелері// Халық мұғалімі.1948. № 4. - 51-52 бб.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасау жөніндегі жұмыстарымыздың тәжірибелерін қорыту жөнінде, соңғы бір-екі жылдың ішінде бірсыпыра шаралар істелді. Көптеген пәндердің терминдері жыйналып, түрлі ғылыми мекемелерде жұртшылықтың талқысына түсті. Ақырында, олар Мемлекеттік терминология комиссиясында қаралып бекітілді: олардың бірқатары түрлі ғылыми мекемелердің еңбектерінде, журналдарда басылып шықты. Бірақ, олардың басы бір жерге құралып, өз алдына жеке кітап болып шығып, қалың көпшілікке тараған жоқ.

Бұдан былай ресми түрде бекітілген терминдер Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының қаулысы бойынша, жеке-жеке кітап болып, шығып отырмақ. Соның бірі - осы жыйнақ.

Бұл жыйнаққа еніп отырған қазақ тілінің терминдері мынадай принциптерде қабылданған.

1) Дүниедегі тілдерге, әсіресе Советтер Одағындағы елдердің тілдеріне аударылмай қолданылатын халықаралық терминдер орыс тіліндегі қалпында алынды. Мысалы, филология, физика, изотерма, унисон, хронограф, гелий, гейзер, висмут, шлак, агрегат сыяқты.

Халықаралық терминдердің мынандай өзгешеліктері болады: а) бұлар белгілі ғылымға немесе техниканың белгілі тарауына ғана тән ерекше ұғымды білдіреді. Мыс., "аксиома", "теорема" математика ғылымына тән ұғымдар. Сондықтан бұлар математикада келтірінді мағнада емес, тіке негізгі мағнасында қолданылады. Ал "теореманың" қарапайым сөздегі немесе басқа реттегі ("дәлелденетін") мағнасы, "аксиоманың" ("дәлелдеуді керек етпейтін, айқын") мағнасы негізгі мағна емес, келтірінді мағна болады, келтірінді мағнасында бұлар термин емес; б) халықаралық терминдердің көпшілігі ескі грек, латын сөздерімен, біразы орыс, француз, неміс, ағылшын, арап және түрік сөздерімен аталып, халықаралық әдебиетке сол бойынша қалыптасып кеткен.

Социалистік қоғам құрылысымен байланысты шыққан советтік неологизмдер де орыс тіліндегі қалыптасқан түрінде алынды, өйткені олар дүниедегі тілдердің көпшілігінде солай қолданылады: бадыя (металлург.), забой, барабан (гор.дел.) т.б.

2) Толық мағнасында халықаралық термин болып саналмайтын, бірақ терминдік мәні бар сөздер де аударылмай орыс әдебиет тіліндегі қалпында алынды. Мыс., купец, приказчик, резерв, руда, рынок (экон.), газ, заряд (физ.),

звено, овал (геол), бадья (металлург.), забой, барабан (гор. дел.) т.б. Бұл сөздер халықтың көпшілігінде-ақ орысша түрінде қолданылып, жұртшылыққа түсінікті болып кеткен.

3) Аударылмай алынған терминдер тек жоғарғы 1 және 2 пункттегі терминдер ғана емес. Қазақ тілінде ешбір баламасы жоқ терминдер де аударылмай, орыс тіліндегі қалпында алынды. Мыс., взрывник, воронка, затвор, вентиляция, капсюль, клапан (гор. дело), конопля, маевка, отставка, профессионал (соц. эк.) сыяқты. Мұндай терминдер оңай аударылатын сыяқты болып көрінеді. Ал аударып қарасақ, қазақ тілінен бұларға тең мағналы сөздер тұрсын, мағнасы шендесетін де сөз табу қыйын. Жаңадан сөз ойлап шығарып аударсақ, ол сөзіміз орысшасынан да түсініксіз болып шығады. Сонымен, ойдан шығарылған аударма сөз терминнің мағнасын басқа жаққа бұрып әкетеді, яғни бұзады. Мысалға: "клапан" деген терминді аударып байқаңыз.

4) Кейбір терминдердің бірнеше мағнасы болады. Мыс., блок: 1) одақ, 2) жүкті жоғары көтеріп шығаратын машина, брак: 1) неке, 2) жарамсыз. Мұндай терминдердің қай түрде алынуы бір принципке ғана шегенделмей, олардың мағаналарының қазақ сөздерімен аталу мүмкіншілігіне қарай шешілді. Мыс., "анализ" деген термин ғылымдардың көпшілігінде-ақ қолданылады. Барлық жердегі мағналарының тегі бір болғанмен, ғылымның әр тарауындағы қолдануында белгілі өзгешеліктері бар. Мұндай полисемантикалы (көп мағналы) терминдердің қазақ тілінде баламасы бар мағнасы қазақшаға аударылып, баламасы жоқтары орысша қалпында қалдырылды. Сол "анализ" математика, физика, металлургияда "анализ" түрінде алынып, ал әлеуметтік-экономикалық ғылымда "анализ" және "талдау" болып та алынды. "Атмосфера" физикадағы мағнасында "атмосфера", ал әлеуметтік ғылымдағы мағнасында "жағдай" болып алынды. "Фаза" физикадағы мағнасында "фаза", ал әлеуметтік ғылымдағы мағнасында "кезең".

Полисемантикалы терминдердің кейбір мағнасын атауға балама сөз табылмағандықтан, оның барлық мағналары орыс тіліндегі қалпында қалдырылды. Мыс., автомат: 1) телефон, 2) оружие.

5) Аударылмай алынған терминдердің мағнасына дәлме-дәл болмаса да, шендесетін қазақ сөздері орысша алынған терминдермен қатар берілді. Мыс., заговор - заговор, астыртын әрекет; аффикс - аффикс, қосымша; идеал - идеал, мұрат, арман, мақсат; афоризм - афоризм, нақыл сөз; арсенал - арсенал, мол қазына, бархан - бархан, құм (география), активатор - активатор, күшейтуші т.б.¹

¹ Кей жерде орысша алынған терминдермен қатар тұрған қазақ сөздері термин мағнасында емес, түсіндіру ретінде берілді. Сөздер түсіндіру мақсатымен түсіндіргіш сөз жақшаға алынғанда, термин мағнасында қосалқы берілген сөздер жақшасыз берілді.

6) Қазақ тілінің лексикасында тең мағналы баламасы бар және қазақ тілінің сөз тудыру тәсіліне сай істелген орынды, қонымды аудармасы бар терминдер қазақ тілінде аударылып алынды. Ол терминдер, мәселен, мынадай: амнистия - кешірім, античное время - арғы заман, новое время - бергі заман, новейшее время - жаңа заман, община - қаум, оборот - айналым, отечество - отаң, ощущение - түйсік, производство - өндіріс т.б. Мұндай аударылып алынған терминдердің көпшілігі тәжірибеде қалыптасып кеткен.

7) Полисемантикалы терминдердің әрбір мағнасына лайықты дәл балама сөз табылғанда, немесе қонымды аударма сөз тап келгенде, олардың әрбір мағнасы дербес сөздермен берілді. Мыс., кузов: 1) шанақ, 2) қора; величина: 1) шама (физ.), 2) мөлшер (мат.); дисциплина: 1) тәртіп, 2) пән; организация: 1) ұйым, 2) құры-лыс. Ал, егер осы сыяқты терминдердің әр пәндегі мағнасы бір-біріне жақын болса, олар барлық жерде бір түрлі болып аударылды. Мыс., корень - түбір (мат.), корень - түбір (лингв.); период - дәуір (тар.), период - дәуір (геол.).

8) Аударылған терминдердің мағналары ылғый қазақ тілінің лексикасында бұрыннан бар сөздермен ғана берілген жоқ, әлденеше жаңа туынды сөздермен де, сөз тіркестерімен де берілді. Мыс., сыйымдылық (вместимость), көрсеткіш (показатель), жазықтық (плоскость матем.), газ жолы (газоход), байыту фабрикасы (обогадательная фабрика), демократиялық революция (дем. революция), қосымша күн (сверхстоимость) т.б. Мұндай бір ұғымды білдіретін сөз тіркестерінің кейбіреулері бірінші рет алынып отыр. Сондықтан олар алғашқы кезде оқушыға шалғез көрінуі де мүмкін. Бірақ, мағнасы жағынан дәл болғандықтан олар бара-бар қалыптасып кетеді.

9) Аударылмай алынған халықаралық терминдер зат есімнің жалғаусыз атау қалпында (номинатив) алынды. Олардың бірнешеулері түбір түрінде, бірнешеулері туынды түрінде алынды. Мыс., матрица, меридиан, логарифм, реформа, марксист, социализм т.б. Атау қалпындағы туынды сөздермен бірге "изм", "ист", "ция" сыяқты жұрнақтар: "бей", "аэро", "ре", "де" сыяқты халықаралық сөзалды қосымшалар (префикстер) да қазақ тіліне еніп отыр.

10) Аударылмай алынған терминдер қазақ тілінің емле ережесінің туыс жүйелі принципіне сай орыс тіліндегі негізгі формасы сақталып жазылды (материя, философия т.б.).

"Қазақ тілі терминдері" жыйнағының I кітабына бес пәннің: әлеуметтік-экономика, тіл, география, математика және физика ғылымдарының терминдері ғана еніп отыр. Басқа ғылымдардың терминдері "Қазақ тілі терминдерінің" келесі кітаптарына енгізілмек.

Сауранбаев Н.//Алғысөз. Терминология сөздігі. 1-кітап. Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. - 5-9 б. ҚазССР Министрлер Советі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен

И. Шарипов

*Қазақ ССР Министрлер Советі
Председателінің Орынбасары, Мемлекеттік
терминология комиссиясының председатели*

ТЕРМИНОЛОГИЯ ТӘРТІБІ БЕРІК САҚТАЛСЫН

Ұлы Октябрь социалистік революцияның бұрын қазақ халқы экономика және мәдениет жөнінде кейін қалған ел еді. Ол тек совет үкіметі тұсында ғана коммунист партиясының басшылығы арқасында, ұлы орыс халқының жәрдемімен өркендеп өсіп, мәдениетті елдің қатарына қосылды.

Бұрын теңдік тимеген қазақ тілі мемлекет тілі болып, түрі ұлттық, мазмұны социалистік қазақ мәдениетінің күшті құрана айналып отыр.

Социалистік құрылыс кең өріс алып, тіліміздің экономикасы дамыған сайын ғылым, техника және мәдениет салалары да өрлей түсуде. Демек, қазақтың әдебиет тілі де байып келеді.

Еліміз бұрын қолы жетпеген зор табыстарға ие болды, халқымыздың ой-санасына социалистік жаңа өмір, өскен ғылым, техника мен мәдениет тудырған жаңа ұғымдар енді. Міне, сол жаңа ұғымдар қазақ халқының тіл қазынасына жеке термин қалпында орыс тілі арқылы келіп қосылуда. Сөйтіп, тіліміз: "революция", "марксизм", "техника", "коммунист", "философия", "радио", "механика", "пленум", "президиум", "интеллигент", "монополия", "трактор", "комбайн", "танк", "партизан", "отряд" деген сыяқты жаңа сөздермен, терминдермен байыды. Бұл жаңа ұғымдар, сөздер, терминдер қазақтың әдебиет тіліне ғылымның, техниканың және мәдениеттің неше түрлі тарауларынан, әсіресе, орыс тілінен аударылған әдебиет арқылы еніп отыр. Бұл жөнінде, әсіресе, марксизм-ленинизм классиктерінің қазақ тіліне аударылған еңбектері ерекше мағыналы орын алады. Ол аударма жұмысының тәжірибесінде терминология мәселесі аса ұқыптылықты керек ететін өте жауапты мәселенің бірі болып саналады. Расында, елімізде ғылым мен техника, мәдениет пен искусство, халқымыздың экономикасы мен мәдениеті алып адыммен алға басып, өркендеп отырған кезде қазақтың әдебиет тілінің ғылыми терминологиясын жасап, оны баянды ету - мәдениетіміз үшін, келешек үшін мемлекеттік саяси мәні зор мәселелерінің бірі. Өйткені, тіл - мәдениеттің күшті құралы, тілге жаңа ұғымдар, термин-сөздер енген сайын халықтың білімі, саясат сана-сезімі мейлінше арта береді. Сондықтан, халқымыздың әдебиет тілінің терминологиясын қарастыру, жасау, байыту, оны баянды ету - саяси және мәдени мәніні өте зор мәселенің бірі.

Прогрестің күшті құралы болып отырған біздің әдебиет тіліміз жалпы қоғам дамуына, атап айтқанда, мәдениетіміздің өркендеуіне кедергі болмай, халқымыздың тілегіне, ғылымның, техниканың мәдениеттің қазіргі өрлеген талаптарына сай болуға тиіс.

Міне, сондықтан Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Қазақ ССР үкіметі халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларында қазақтың әдебиет тілінің терминдерін ғылыми жолмен дұрыс жасап, қабылдап, кең қолдану ісіне айрықша маңыз беріп отыр. Бұл жұмысқа қолма-қол басшылық ететін Қазақ ССР Министрлер Советінің жанынан құрылған Мемлекеттік терминология комиссиясы.

Мемлекеттік терминология комиссиясының алдында тұрған міндет өте зор. Ол қазақ әдебиет тілінің ғылыми терминологиясын жасау жөнінде Қазақстанның ғылыми-зерттеу орындарының көп жылдардан бергі тәжірибесін қорытып, бұл жұмысқа қазақ интеллигенциясын кеңінен қатыстыра отырып, жаңа терминдер қабылдауға, оларды қазақ еңбекшілерінің қалың бұқарасына таратып отыруға міндетті. Құл игілікті міндеттерді орындау үшін "Мемлекеттік терминология комиссиясы Қазақтың әдебиет тілінің ғылыми терминологиясын жасау жөніндегі өзінің практикалық жұмысында белгілі бір ұғымның маңызын дәл беретін, толық мағыналы қазақ терминдерін жасау, қазақ тілінде эквиваленті жоқ интернационалдық ғылыми терминдерді (шет елдікі болсын, орыстікі болсын, аудармайынша қабылдап, орысша жазылған күнінде жазу принципіне сүйенеді" (Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы Ережеден). Сонда: "коммунизм", "коммуна", "комитет", "лектор", "объект", "материалист", "педагог", "режим", "схема" деген сыяқты терминдер сол орысша қалпында өзгертілмей алынады да, "колония" дегенді "отар" деп, "конкуренция" дегенді "басеке" деп, "призыв" дегенді "ұран" деп, "мастер" дегенді "шебер" деп, "надел" дегенді "үлес" деп, "план" дегенді "жоспар" деп қабылдайтын боламыз.

Қазір мәдениет майданының шешуші учасоктарында жұмыс істеп жүрген қазақтың алдыңғы қатарлы интеллигенттері тіліміздің терминдерін жасау ісіне және оны бұқара арасына таратуға белсене қатынаса бастады. Бұл өте қуанарлық іс.

Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты ғылымның, техниканың, мәдениеттің түрлі салаларынан термин жыйнау ісімен шұғылданып жүрген интеллигенттерден актив құрып алды. Бұл актив қазір физика-математика және филология ғылымдарының терминдерін жыйнау жөнінде едәуір үлкен жұмыстар істеді. Әлеуметтік-экономикалық, ғылымдардың терминдерін жасау жөнінде БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин Институтының қазақ филиалы да аса маңызды жұмыстар істеп отыр. Бұл институт

соңғы бір жарым жыл ішінде В.И. Ленин мен И.В. Сталин шығармаларының алғашқы томдарын аударғанда қолданылған терминдерді жыйнады. Бұл терминдерді қабылдап, бекітті.

Маркстік-лениндік ғылымның терминдерін жыйнау жұмысының бұлайша жолға қойылуы ғылым мен техниканың басқа салаларында термин жыйнау жөніндегі жұмысты дұрыс жолға салуға жақсы әсерін тигізді. Қазақтың В.М. Молотов атындағы мемлекеттік медицина институтында және Абай атындағы мемлекеттік педагогика институтында профессорлар мен оқытушылардан, студенттерден инициаторлар тобы құрылды, олар медицина, биология, педагогика, филология ғылымдарының терминдерін жыйнайтын болды. Республиканың басқа да ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары дәрежелі оқу орындарында ғылыми терминдер жыйнау жұмысы күшейе бастады.

Большевиктік баспасөз орындарымыз да бұл жөнінде үлкен жұмыс жүргізіп келеді. Газеттеріміз бен журналдарымызда қазақ тілінің терминдерін жасау, ол терминдерді жұртқа тарату мәселелері жөнінде соңғы кезде мақалалар басылып тұратын болды. Қазақ ССР Ғылым академиясының "Хабаршысында", Маркс-Энгельс-Ленин Институтының Қазақ филиалының еңбектерінде, "Халық мұғалімі" журналында Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдер әрдайым жарияланып отырады.

Бұдан былай мемлекеттік терминология комиссиясы өзінің бекіткен, терминдерінің жыйнағын бөлек-бөлек кітап қылып бастырып шығарып отырмақ. Жуық арада ондай жыйнақтың бірінші бөлімі баспаға беріледі. Оған бірнеше ғылымдар тарауының терминдері енетін болды.

Алайда, мұның бәрі алда тұрған мемлекеттік маңызы зор ғылыми жұмыстың тек бастамасы ғана. Бұл жұмысты ойдағыдай күшейту үшін оған республикамыздың барлық интеллигенциясы, қызметкерлері, жұмысшылары мен колхозшылары белсене қатысуы керек. Ең алдымен, ғылыми-зерттеу мекемелері, оқу, мәдени-ағарту орындары қазақ тілінің терминдерін жасау ісіне жабыла ат салысуға тиісті.

Республикамыздың кейбір ғылыми-зерттеу мекемелері, оқу, мәдени-ағарту орындары өздерінің еңбектерінде мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен және қазақтың әдебиет тілінде қолданылып жүрген терминдерді дұрыс пайдаланбайды. Кейде осы оқып отырған газетіміздің бетінде де терминкомның қабылдаған терминдерін дұрыс қолданбаушылық кездеседі. Мысалы: терминком "проект" деп жазды, "колонианы" терминком "отар" деп қабылдаған, оны кейбір нөмерінде "колония" деп жазған. "Забастовка" дегенді терминком "кітапхана" деп қабылдаған, оны "Коммунист" журналы "библиотека" деп жазады.

Кейбір жолдастар ресми түрде бекітілген терминдерді өз бетімен өзгертіп, "жеңілдеткен" болып ауа жайылады, сөйтіп, әдебиет тіліміздің төрінен орын алуға тиісті терминком қабылдаған терминдерді өзінше бұрмалап, тілдің сапасын төмендетеді. Ондайларға Энгельстің мына сөздерін ескертіп өту артық болмайды: "Егер кейде бір шетел сөз немесе барлық толық мағынасында бірден түсінікті бола қоймайтын сөйлем кездесе, оның зыяны жоқ. Жыйналыстардағы ауызша баяндама және баспасөздегі жазба түсінік бұл арада барлық хажетті өтейді. Сөйтіп қысқа, бірақ кең мағыналы сөз, түсінікті болып, ой-санаға орнығады да, ұран болып кетеді".

Кейде республиканың ғылыми, оқу және мәдени-ағарту мекемелері, қазақтың кейбір ғалымдары мен интеллигенттері қазіргі қазақ тілінің терминдеріне зейін аудармайтыны былай тұрсын, тіпті қазақша жазылуға тиісті баяндама, мақала, ғылыми еңбектерін орыс тілінде жазып алып, оны даярлығы жоқ, білімі аз адамдарға қазақ тіліне аударуға береді. Бұл ең алдымен ғылыми еңбектің сапасын төмендетсе, екіншіден, қазақ тілінің терминдерін тиісінше қолдануға, оны системаға келтіруге, қалыптастыруға үлкен кедергі келтіреді. Жергілікті мекемелер мен қоғам ұйымдарының бірсыпырасы, тіпті өз мекемелерінің аты-жөнін мандайшаларына дұрыс жазуға назар салмайды. Мұндай кемшіліктерді түзететін мезгіл жетті.

Мұнан былай қазақтың әдеби тілінің терминдерін жасау ісіне атүсті қараушылыққа біржолата тыйым салуымыз керек. Қазақ ССР-нің барлық мекемелері, қоғамдық және шаруашылық ұйымдары, ғылым, әдебиет, искусство майданында істеуші интеллигенттер, халық шаруашылығының барлық тарауында істеуші қызметкерлер мемлекеттік терминком қабылдаған терминдерді бұқараға таныстыруды және бұлжытпай қолдануды өздерінің айбынды міндетті деп санауға тиіс.

Совет өкіметі орнағаннан бергі аз дәуірдің ішінде Қазақстанның партия ұйымымен совет орындары мәдениеттік революцияның талай күрделі мәселелерін ойдағыдай шешті. Соның арқасында қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін гүлденіп, көркейді. Қазақ халқының аса зор мәдени табыстарының бірі қазіргі әдебиет тілінің дұрыс ғылыми терминологиясын жасап, баянды ету міндетін де ойдағыдай орындап шығатынымызға күмән жоқ.

Шарипов И. Терминология тәртібі берік сақталсын//
«Социалистік Қазақстан». 1948. 21 сентябрь. № 188.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Жұртқа мәлім, қазақ халқының қазіргі кездегі тілі тек совет өкіметі тұсында, яғни совет туы астында еткен соңғы отыз жылдың ішінде жетіліп, шын мәнісінде әдеби, ғылыми тілге айналып келеді. Қазақ әдеби тілінің дамуы мен жетілуіне, заманның тілегіне сай әдеби тіл болып әбден қалыптасуына жаңағы айтылған соңғы 25-30 жылдың ішінде бүкіл қазақ совет жұртшылығы, басшы партия және совет органдары көп көмек көрсетті, қажырлы қайрат етті.

Мұны ешбір даусыз дәлелдейтін тарихта, біздің өткен өмірімізде, қандай фактылар, қандай сыйпаттамалар бар?

Біріншіден, қазақ әдеби-ғылыми тілін дамыту мен қалыптастыру ісі тұңғыш рет 1920 жылы, яғни Қазақ Совет республикасы құралысымен-ақ қолға алынады. Бұл жұмысты ол кезде Қазақ АССР Оқу Халық Комиссариаты, оның жанындағы Академиялық Орталық (Акцентр) басқарады, бұл жұмыспен тікелей айналысатын қазақ ғылыми-әдеби советі құрылады. Бұл Совет, партия-совет органдарының тікелей басшылығы арқасында, қазақ ғылыми-әдеби тілін жасаудың мәселелерімен, әсіресе қазақ әдеби тілінің терминологиясын жаңадан жасау ісімен шұғылданады. Мәселен, Қазақ АССР Оқу Халық Комиссариатының 1921-22-23 жылдардағы қызметі туралы есепте былай делінген:

"Қазақ өлкесін зерттеу жөніндегі ғылыми жұмыстармен қатар, Академиялық Орталықтың өткен жылдарда атқарған екінші бір маңызды жұмысы мынау болды:

- а) қазақ ғылыми тілін жасау,
- б) жалпы жұртқа түсінікті саяси әдебиетті қазақ тіліне аудару.

Қазақ ғылыми-әдеби советі өткен жылдарда қазақ тілінің дәл ғылыми терминологиясын жасаумен айналысты, оны жергілікті қазақ баспасөз орындарында жарыялап отыру арқылы жалпы жұрттың міндетті түрде қолдануын қадағалап отырды" (Қазақ ССР архивы, фонд 81, опись 1, іс № 56).

Бұл кішкене ғана документтің тарих үшін де, біздің қазір қолға алып отырған жұмысымыз үшін де айрықша атқаратын ролін айтпағанның өзінде, біздіңше, мынадай екі маңызы бар. Алдымен, бұл документ қазақ әдеби тілі баяғы атам-

заманда-ақ жасалып қалыптасқанды деп күні кешеге дейін даурығып келген кейбір азаматтарға ескерту болады. Онан кейін, бұл документ біздің совет жұртшылығымыздың қазақ даласында совет өкіметі ортасымен-ақ қазақ әдеби-ғылыми тілін жасау ісімен айналысқанын айқын көрсетеді.

Екіншіден, 1925-1935 жылдардың арасында Қазақ АССР Оқу Халық Комиссариаты жанында болған Методикалық бюро, онан кейін арнаулы түрде құрылған. Терминология комиссиясы қазақ әдеби тілінің терминологиясын жасау ісімен шұғылданып отырады. Қазақ әдеби тілінің дамуы мен өркендеуіне, терминдерін қалыптастыруға көп әрекет етеді.

Үшіншіден, 1936 жылдан бастап күні бүгінге дейін қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасау, оған ұдайы басшылық етіп отыру ісімен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы айналысып келеді. Бұл жылдардың ішінде қазақ әдеби тілінің терминологиясын жасау ісіне көптеген ірі ғылыми мекемелер, атап айтқанда: Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты, БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс - Энгельс - Ленин институтының қазақ филиалы қолма-қол араласады, терминология жасаудың теориясы мен практикасын қорытады, ғылыми қызметкерлердің назарын бұл сыяқты мемлекеттік маңызы бар іске аударып бастайды.

Біздің совет туы астында өткен тамаша өміріміздің тарихында болған бұл фактылар мен сыйпаттамалардан біз не көреміз?

Бұдан біз, алдымен, Қазақ ССР басшы партия-совет органдарының, мәдени-ағарту орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің қазақ әдеби тілінің терминологиясын жасау ісімен үнемі, тынбастан шұғылданып келгенін және шұғылданып отырғанын айқын көреміз.

Бұдан біз, онан кейін, совет туы астында өткен ширек ғасырдан аса уақыттың ішінде біздің, әдеби тілімізге көптеген жаңа ұғым, жаңа терминдер кіргенін, тіліміздің ғылым мен техниканың, әдебиет пен искусствоның шығармаларын қазақ тіліне аударуға, ол шығармаларды қазақ халқының игілігі етуге толық жағдай жасалғанын көреміз.

Бұдан біз, ақырында, қоғамдық даму тарихының жаңа кезеңінде, социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту кезеңінде отырғанымызда, бүкіл халқымызды мәдениетті, білімді ету мәселесі күн тәртібіне қойылған кезде әдеби тілінің ғылыми терминологиясын бұрынғыдан да гөрі әрі өзiрге түпкілікті етіп жасау, әрі халық арасына батыл түрде баянды етіп сіндіру мәселесінің өте зор маңыз алып отырғанын көреміз.

Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасаудың тарихы туралы жұртшылығымызға қажетті кейбір анықтамалар міне осындай.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТЕРМИНДЕРІН ЖАСАУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

Қоғамдық өмірдің барлық салаларында әрқашан кездесіп отыратын тартыс, жаңа мен ескінің арасында болып отыратын күрес қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасау ісінде де ылғый болып отырды. Егер жыйнақтап, қорытып айтсақ, өткен өмірімізде, яғни қазақ әдеби тілінің терминологиясын жасау ісінде көпке дейін екі бағыт, екі көзқарас болып келді.

Қазақ әдеби тілінің терминологиясын жасаудағы бірінші бағыт, бірінші көзқарас салған жерден ғылыми дұрыс жолға түсті: қазақ халқының тіліндегі, мәдениетіндегі сөз байлығын сарқа пайдалана отырып, іске, жарар, болашағы бар сөздердің бірін қалдырмай пайдалана отырып, ұлы орыс халқының бай мәдениеті мен тіліне сүйену жолына түсті. Соның арқасында бүкіл дүние жүзі мәдениеті мен тіліне мұрындық болып отырған орыс мәдениеті мен тілінің сарқылмас қорынан сансыз көп жана ұғым, жаңа терминдер алынды. Әсіресе совет өкіметі тұсында алдымен орыс тіліне енген жаңа ұғымдар мен жаңа терминдер, яғни тілдегі советизмнің бәрі дерлік қазақ тіліне де батыл ендірілді. Мәселен, **революция, партия, совет, диктатура, большевизм, марксизм-ленинизм, совхоз, колхоз** деген сыяқты толып жатқан жаңа ұғымдар мен терминдер қазақ тілінің де төл сөзі болып алды. Міне, осындай батыл, іркілмей қыймылдаудың арқасында қазақ тілі аз уақыттың ішінде-ақ шын мәнісінде әдеби тілге, ғылым мен техниканың, әдебиет пен искусствоның, шаруашылық пен мәдениеттің табыстары мен жемістерін, дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы ғылымның - марксистік-лениндік ғылымының ұлы идеясын қазақ халқына емін-еркін жеткізе алатын, халықтың игілігіне айналдыра алатын тілге айналды. Міне, сондықтан біз бұл бағытты ең прогрестік бағыт деп таныймыз. Біз ешуақытта бұл бағыттан, бұл көзқарастан таймаймыз да, аумаймыз да. Өйткені бұл бағыт - қоғамдық даму тарихында кейін қарамайды, ілгері қарайды. Ал, тарихта, қоғамдық дамуда ілгері қарайтын нәрсенің бәрі ылғый өсіп отырады, ылғый жеңіп отырады. Сталин жолдастың сөзімен айтсақ: "тұрмыста туатын және күннен-күнге өсіп отыратын нәрсе - жеңдірмейді, оның алға басуын тоқтату мүмкін емес" (Шығармалар, 1 том, 334-бет).

Бірақ, жасыратын сыр жоқ, қазақ әдеби тілінің терминологиясын жасау жолындағы бірден-бір дұрыс осы бағытқа екінші бір бағыт, екінші бір көзқарас, кейде жасырын түрде, кейде ашық түрде ылғый кедергі жасап келді. Бұл бағыт қазақ әдеби тілінің дамуы мен баюы өзімен тектес тілге, яғни түрік тұқымдас тілге сүйенуі керек деген теріс, артта қалған, кертартпа көзқараста болды. Бұл көзқарасты жақтаушылар қоғамдық даму заңына мүлде түсінбеді, сондықтан олар шығыстан басқа жерде жарық сәуле жоқ, дүниенің төрт бұрышың, яғни тұтқасын ұстап тұрған тек қана түрік тұқымдас, түрік қандас халықтар деп

білді. Осыдан келіп олар қазақ тіліне кірген жаңалықтарға, орыс тілінің ықпалымен енген жаңа ұғымдар мен жаңа терминдерге қарсы болды. Ал осындай жаңа терминдер, олардың ықтыярынсыз-ақ қазақ тіліне ене бастаған кезде, олар ол терминдерді барынша төмпештеп, ретті жерінде де, ретсіз жерінде де қазақтың тұма сөзімен бермекші болды, немесе олар ол терминдерге түрік тұқымдас халықтардың сөздерінен, яғни араб бен парсы тілдерінен, қазақ халқына мүлдем дерлік жат тілдерден балам (эквивалент) іздеуге тырысты. Осының салдарынан: **Советті** - кеңес, **революцияны** - төңкеріс, **империализмді** - жиангершілік, **режимді** - низам, **помещикті** - алпауыт, **тракторды** - дүл-дүл қара, **паровозды** - қара айғыр деп аударып үлкен ғылыми және техникалық ұғымдардың көрер көзге өңін айналдырды. Бұл бағытты жақтаушылар қазақ, әдеби тілінің даму ісінде ілгері емес, кері қарады, халыққа жаңалық емес, ескілікті, өсуші емес, өшуші нәрселерді ұсынды. Бұлардың ендірмек болған ұғымы да, сөзі де халыққа сінбеді. Осыдан келіп бұл бағыттың өрісі тар, өмірі қысқа болды.

Міне, сондықтан біз бұл бағытты нағыз барып тұрған регрестік, кері кеткен бағыт деп таниймыз. Мұның өзін өмір логикасы айқын көрсетті. Бұл регрестік бағыт қоғамдық даму өрісінде күл-талқан болып қыйрады. Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Сталин жолдастың сөзімен айтсақ: "Күннен-күнге іріп-шіріп бара жатқандардың бәрі ақылға қонымсыз, олай болса, ол жеңілмей қоймайды" (Шығармалар, 1 том, 334-бет) дегеннің дәл өзі болып шықты.

Сонымен, қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасаудағы прогрестік бағыттың жеңіп шығуына негізгі үш себеп, үш тірек болды. Олар мыналар:

Б і р і н ш і т і р е к. Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасауда бұл бағыт әрі түгелдей, әрі берік түрде марксистік-лениндік методологияға түсті. Қазақ тілінің терминологиясын жасау жолында марксизм-ленинизм классиктерінің даналық нұсқауларына түгелдей сүйеніп отырды.

Е к і н ш і т і р е к. Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасауда бұл бағыт орыс халқының аса бай тіліне, оның сарқылмас алтын қазынасына сүйенді. Мұның өзі қазақ тілінің баюына, қорлануына, ғылыми-әдеби тіл болуына тікелей әсер етті, көп көмек берді.

Ү ш і н ш і т і р е к. Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасауда бұл бағыт Қазақстан. Қ(б)П Орталық Комитеті мен Қазақ ССР үкіметінің күнделікті қамқорлығына, тікелей жәрдемі мен басшылығына сүйеніп отырды. Мұның өзі ғылыми мекемелер мен қоғамдық ұйымдарға, ғылым мен мәдениет қайраткерлеріне аса зор көмек болды.

Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасай беру, дамыта беру ісінде алдағы кезде де біз осы негізгі тіректерге сүйенеміз. Мәселен, өткен 1947 жылдың басында ҚК(б)П Орталық Комитеті В.И. Ленин мен И.В. Сталин шығармаларын

қазақ тіліне аударуға байланысты арнаулы қаулы алды. Бұл қаулыда қазақ тілінің терминдерін жасаудың принциптері айқын көрсетілді. Атап айтқанда: "Белгілі бір ғылыми ұғымды дәл беретін қазақ терминдері жасалсын, қазақ тілінде баламы жоқ шетелдік және орыс терминдері аударылмай алынатын болсын, бұлардың жазылуы орысша болсын, бұл принцип қазақ тілінің шаруашылық пен мәдениет, ғылым мен техника, әдебиет пен искусство салаларындағы терминдерін жасауда негізге алынсын" деп ескертті.

Міне сондықтан да "Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы ереженің" екінші пункті былайша жазылып отыр:

"Мемлекеттік терминология комиссиясы қазіргі қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасау жөніндегі өзінің практикалық қызметінде белгілі бір ұғымды дәл беретін толық мағналы қазақ терминдерін жасау принципін, қазақ тілінде толық баламы жоқ шетел және орыс тілдерінен кірген интернационалдық терминдерді аудармай, орысша күйінде қабылдау принципін қатаң қолданады".

Ал енді осы теориялық жағынан ойланып, ақылға салынып алынған принципті күнделікті өмірімізде қолдану дегеннің мәнісі не?

Мұның мәнісі - ең алдымен, қазақ тілінің барлық алтын қазынасын, сөз қорым, барлық мүмкіншілігін сарқа пайдалана отырып, белгілі бір ғылыми, техникалық, әдебиеттік және әлеуметтік ұғымды дәлме-дәл бере алатын қазақ терминдерін жасау деген сөз. Яғни, егер бұдан да гөрі дәлірек және түсініктірек етіп айтсақ, ғылым мен техникада, әдебиет пен искусствода, шаруашылық пен мәдениетте қолданылатын атауды, термин сөздерді қазақ тілінің толық мағналы, бұл терминдерге шын мәнісінде тең, балам (эквивалент) бола алатын байырғы, төл сөзімен беру керек деген сөз. Айталық, орыс тілінде немесе басқа тілдерде қолданылатын терминдерге қазақ тілінен теңеу, балам табылса, ол термин сөздер ешбір іркілмей қазақ тіліне аударылу керек деген сөз. Мәселен, біздің тілімізде "ангел" (грек сөзі) - "періште", "азбука" (орыс сөзі) - "әліппе", "блок" (ағылшын сөзі) - "одақ", "бедняк" (орыс сөзі) - "кедей", "группа" (неміс сөзі) - "топ", "государство" (орыс сөзі) - "мемлекет", "дефект" (латын сөзі) - "кемшілік", "дворец" (орыс сөзі) - "орда" деп алынып жүр. Бұл - әбден дұрыс. Егер мұндай шетелдің немесе орыс тілінің терминдеріне өз тілімізден толық теңеу табылатын болса, ондай терминдерді біз ылғый аударып келдік және мұнан былай да аударып отырамыз. Сөйтіп қазақтың төл сөздерінен түпкілікті, тыянақты ғылыми термин жасаймыз. Демек, белгілі бір ұғымды дәл беретін толық мағналы қазақ терминдерін жасау принципін біз осылай түсінеміз және тек осылай түсіну де керек.

Мұның мәнісі - онан кейін, егер қазақ тілінде толық төлемі табылмаса, шетел және орыс тілдерінде қолданылып жүрген, жалпы жұртқа ортақ болып кеткен

интернационалдық атауларды, терминдерді аудармау керек деген сөз. Яғни дәлірек айтсақ, мұндай терминдерді орынсыз, беталды, кейде көрер көзге зорлық етіп, қазақ тіліне аудармау керек деген сөз. Өйткені басқа тілдерден кірген термин сөздерді түгел аудару әрекеті әр уақытта бірдей пайдалы бола бермейді, қайта зыян болады, белгілі бір ғылыми және әлеуметтік терминдердің өңін айналдырады. Міне сондықтан қазір **"коммунист"**, **"совет"**, **"завод"**, **"фабрика"**, **"банк"**, **"помещик"**, **"пролетариат"**, **"диктатура"**, **"демократия"** және басқа сондай толып жатқан терминдерді аудармай алып жүрміз. Бұл - әбден ғылыми дұрыс принцип. Өйткені, ашығын айту керек, біздің тіліміздің сөз байлығында мұндай терминдерге толық телеу боларлық сөз әзірге жоқ, олай болса, буынсыз жерге пышақ салып, зорлық етпеуіміз керек, мұндай терминдерді батыл қабылдауымыз керек, бұларды бірте-бірте тіліміздің төл сөзіне айналдыруымыз керек. Мұндай термин сөздердің төркінін іздеп жатпаймыз және іздеп жатудың ешбір қажеті де жоқ. Барлық халықтардың тіл даму тарихи процесі осылай болған және бұдан былай да осылай болмақ. Сөйтіп, біз де өз жұмысымызда осы заңға сүйенеміз. Демек, қазақ тілінде толық төлемі жоқ шетел және орыс тілдерінен кірген интернационалдық терминдерді аудармай қабылдау принципін біз осылай "түсінеміз және тек осылай түсіну де керек.

Мұның мәнісі - ақырында, шетел және орыс тілдерінен бізге кірген және болашақта кіретін терминдер орыс тілінде қалай айтылатын және жазылатын болса, бізде де дәл солай айтылып және жазылу керек деген сөз. Мәселен, күні кешеге дейін тілімізге кірген интернационалдық терминдер көбінесе теріс айтылып және теріс жазылып келді, яғни **"коммунисті"** - "көменес", **"банкті"** - "бәнке", **"философияны"** - "пәлсепе", **"Россияны"** - "Ресей", **"феодалды"** - "пидал" деп жазып келді. Мұны біз нағыз барып тұрған теріс әдіс, теріс бағыт деп есептейміз және ендігі жерде мұндайларға ешбір көне алмаймыз. Өйткені мұның өзі терминдерді тек түр жағынан ғана емес, мазмұн жағынан да мейлінше бүлдіреді, терминдердің өңін айналдырады. Сондықтан интернационалдық терминдерді, айталық, **"автор"**, **"академия"**, **"армия"**, **"базис"**, **"бойкот"**, **"генерал"**, **"депутат"**, **"журнал"** деген терминді орысша жазылу күйінде жазамыз. Сөйтіп, бұл терминдерді дұрыс түсіну жағынан да, дұрыс жазу жағынан да қазақ халқына үлкен жеңілдік туғызамыз. Демек, интернационалдық терминдерді орысша күйінде қабылдау принципін біз осылай түсінеміз және тек осылай түсіну де керек.

Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасаудың негізгі принциптері және оларды іс жүзінде қолдана білудің жолы, шолып алғанда, міне осындай. Қоғамдық дамудың қазіргі сатысында, тіл даму процесінің қазіргі жағдайында басқаша принцип қолдану мүмкін емес. Мұндай принципті қолданудың қажеттігін дәлелдеу үшін мынадай бірнеше мысал келтірейік.

Бірінші мысал Бұдан дәл 45 жыл бұрын В.И. Ленин кедей шаруаларға арнап нағыз түсінікті тілмен "Деревня кедейлеріне" деген еңбек жазады. Мұнда социал-демократияның қандай мақсат көздейтінін, жұмысшылар мен деревня кедейлерінің алдында тұрған міндеттерді талдап түсіндіреді. Міне, осы кедей шаруалар үшін жазылған еңбектің өзінде де Ленин ғылыми, саяси интернационалдық терминдерді қолданбай отыра алмайды. Мәселен, "партия, революция, социализм, программа, демократия, депутат, капитал" деген терминдерді батып қолданады. Себебі? Себебі - мұндай терең ғылыми, саяси терминдерді аударып, жай сөзбен берген болса, марксистік ғылымның ұлы идеясын жұртшылыққа жеткізе алмаған болар еді.

Екінші мысал Карл Маркстің атақты еңбегі - "Капиталды" соңғы рет орыс тіліне аударған И. Степанов. Мұның аудармасы күні бүгінге дейін ең тәуір, ең сапалы аударма деп есептеледі. Міне осы И. Степанов былай дейді: "Егер "Капиталды" орыс тіліне аударушы адам "**капитал**", "**рента**", "**процент**", "**политика**", "**экономия**" және басқа сондай сөздерсіз аударған болса, ол көрер көзге күлкі, жұртқа мазақ болған болар еді". Тауып айтылған сөз. Ал егер қазіргі кезде біздің арамыздан бір адам марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударғанда жаңағыдай сөздерді қолданбай, оларды қазақтың толық төлеу бола алмайтын төл сөздерімен бермек болса, оны жұрт не тентек, не хожанәсірлікке, донкихоттыққа салынғандық деп табар еді.

Үшінші мысал В.И. Ленин өзінің әдеби еңбектерінде нағыз интернационалдық, нағыз дүние жүзілік маңызы бар сөздерге айрықша көңіл бөліп отырды. Біздің заманымыз туына "совет", "большевик" деген сөздердің жазылғанына, ол сөздердің барлық елдер тілінде айтылып жүргеніне В.И. Ленин мейлінше қуанған болатын. Сондықтан да Ленин былай дейді: "Барлық елдердегі буржуазия өкілдері қаншама шуласа да, қаншама жала жапса да, бүкіл дүние жүзінде "совет" деген сөз жұмысшылар үшін, барлық еңбекшілер үшін тек түсінікті ғана болып отырған жоқ, нағыз беделді, нағыз сүйікті сөз болып алды" (Шығармалар, XXIV том, 201-бет).

Төртінші мысал Марксизм-ленинизм классиктері ғылыми, саяси, техникалық ұғымдардың өнін айналдырушыларға, оларды толық мағынасы жоқ сөздермен берушілерге әрқашан және ылғый қарсы болды. Бұл мәселе жөнінде олардың айтқан талай тамаша пікірлері бар. Мәселен В.И. Ленин "Не істеу керек?" деген тамаша еңбегінде социал-демократиялық нәсихат пен үгіттің өнін айналдырушыларға, түсінікті болсын деп ұлы идеяны қолжаулыққа айналдырушыларға қарсы шығады. Жұмысшыларды революционерлер дәрежесіне жеткізу қажеттігін атап көрсетеді. "Орташа-жұмысшылардың" қамын жеуші кейбір мырзалар идеяны, теорияны түсінікті етіп айтамын деп, қайдағы бір коқысқа, жабайы сөздерге жабысып, жұмысшыларды қорлап жүр" деп ашып

көрсетеді (Шығармалар, IV том, 461-бет). Немесс "Өндірістік нәсихат" деген мақаласында былай дейді: "Өндірістік газет миллиондаған жұртқа ұғымдылық жағынан түсінікті болуы керек, бірақ түсінікшілдіктен аулақ болу керек. Білімі төмен оқушының дережесіне түсіп кетпеу керек, қайта, өте ұқыптылықпен, бірте-бірте олардың дәрежесін көтере беру керек" (Шығармалар, XXV том, 479-бет).

И.В. Сталин жолдас та өзінің еңбектері мен сөйлеген сөздерінде осы қағыйданы әрдайым қолданып, әрдайым айтып келеді. Мәселен, "БК(б)П тарихының қысқаша курсы" жазылуымен байланысты ғылыми, саяси интернационалдық терминдерді ешбір іркілмей, батыл, әрине, ақылға салып, өз орнымен қолдану қажеттігін атап көрсетті. Бұл терминдерді жұрт біле берсін дейді.

Бірақ, осы айқын нұсқаулар мен ережелерге қарамастан, кейбір жеке адамдар әлі күнге дейін біздің тілімізге орыс тілі арқылы кірген интернационалдық терминдерден қауыптенеді, кейде тіпті қорқады. Ғылым мен техниканың, әдебиет пен искусствоның шығармаларында, газет пен журналдарда басылған мақалаларда, аударылмаған жаңа терминдер кездесе қалса, зәресі ұшады, өздерінің әлсіздігін бүркеу үшін жұмысшылар мен колхозшылар түсінбейді деген дерексіз сылтауларға салынады, сөйтіп, жұртшылық "қамын" жеген болады.

Мұның себебі не?

Мұның себебі - мұндай адамдар қоғамның материялық жағдайларының мүлде өзгергенін, адамдардың әлеуметтік-өндірістік қатынастарының өзгергенін, осыған сәйкес біздің халқымыздың рухани жағынан да мықтап өскенін, яғни саяси сана мен мәдениет жағынан қарыштап өскенін ескермейді. Совет өкіметі тұсында қазақ халқының әлеуметтік-өндірістік қатынастары мен рухани-мәдени өміріне бұрынғы кезде адамның ойы түгіл, түсіне де кіріп шықпаған жаңа қарым-қатынастар, жаңа салт-саналар, жаңа ұғымдар мен жаңа сөздер кірді. Егер осылардың бәрі, ата-бабалардың "әруағы мен ар-намысына" кір келтірмеу үшін, атам-заманғы ескі ұғымдар мен сөздер арқылы береміз деп әуреленсек, қоғамдық өмірде ілгері басқандық емес, қайта кері тартқандық болар еді. Бұл - бір. Екіншіден, мұның өзі халқымызды, оның жаңа өсіп келе жатқан жас ұрпақтарын әрі мәдениетті, әрі білімді ету жолындағы қасиетті ісімізге көмек еткендік емес, қайта тұсау болғандық болар еді.

Мұның себебі - мұндай адамдар қоғамдық өмірдің барлық салаларында күн сайын, сағат, минут сайын жаңа мен ескінің арасындағы тынбастан болып жатқан күресті не білмейді, не білгісі келмейді; қоғамдық даму өрісінде үздіксіз жеңіп келе жатқан жаңалықты не көрмейді, не көргісі келмейді. Мұның өзі іс жүзінде өсіп келе жатқан жаңалықты сезуден, өмір логикасынан үйренуден қалдырады.

Міне осылардың бәрі, сайып келгенде, көрер көзге өмірден қалып қоюға әкеліп соғады, біздің революциядан бұрынғы қазақтар емес екенімізді онша ескермейді. Осыдан келіп ретті жерде де, ретсіз жерде де әйтеуір "түсінікті"

болсын деген соқыр сезіммен ескі "мұраға" жармасушылық бар. Әрине, жақсы мұраға, ескіден келе жатқан жақсы ұғымдар мен сөздерге ешкім де қарсы емес. Қарсылық былай тұрсын, біз, большевиктер, ондай мұраларды, халық тіліндегі барлық жақсы ұғымдар мен сөздерді сарқа пайдаланамыз. Біз тек жаңа ұғымдар мен терминдердің өңін айналдырушылыққа, ешбір мағна бермейтін қара жайдақ сөздерге қарсымыз, "түсінікті" болсын деген сылтаумен ескі қокыстарды қоздырушыларға қарсымыз. Өйткені, А.А. Жданов жолдастың соңғы кезде сөйлеген бір тамаша, терең мағналы философиялық сөзімен айтсақ, **"түсінікті атаулының бәрі данышпандық нәрсе бола бермейді, ал, нағыз данышпандық нәрсенің бәрі түсінікті келеді, сондықтан ол данышпандық нәрсе халықтың қалың бұқарасына неғұрлым түсінікті болса, соғұрлым асқан данышпандық нәрсе болып шығады"**.

Бүкіл қазақ совет интеллигенциясы, Мемлекеттік терминология комиссиясы қазақ әдеби тілінің терминдерін тырнақтап жыйнау және қалыптастыру жөніндегі жұмыстарында алдағы кезде де жоғарыда талданып айтылған принциптерге, марксизм-ленинизм классиктерінің нұсқаулары мен ережелеріне, қоғамдық өмір тәжірибесі мен тілектеріне сүйенеді. Сөз жоқ, жаңадан қабылданған терминдер, айталық "Халық мұғалімі" журналының номерлерінде жарыяланып жүрген терминдердің бәріне жұрттың бәрі бірден түсіне қоймайды. Бірақ кейін оларды жұрттың бәрі түсінеді, олар қазақ тілінің төл сөзі болып кетеді. Әрине, бұл үшін, бір жағынан, жұртшылықтың өзі, бүкіл интеллигенциямыз да, оқушылар мен оқытушылар да, жұмысшылар мен колхозшылар да, көп оқуы керек, көп ізденуі керек, білмегендерін не кітаптан іздеуі керек, не білетін адамдардан іркілмей сұрауы керек. Бұл үшін, екінші жағынан, еңбекші халықты көркейту жолында, мәдениетті және білімді ету жолында әрі адал, әрі қасиетті еңбек етіп отырған сансыз көп қазақ совет интеллигенциясы қазақ әдеби тілінің терминдерін жыйнауға да, күннен-күнге ауызша да, баспасөз бетінде де нәсихаттап халыққа түсіндіріп отыруға мейлінше көмектесуі тиіс. Анығында, егер тілімізге кірген және кіргелі отырған жаңа терминдерді жұрттың бәрі бірден түсіне қоятын болса, онда терминдерді жыйнап жатудың да, ол үшін арнаулы түрде Мемлекеттік терминология комиссиясын да құрып жатудың ешбір қажеті болмас еді. К. Маркстің сөзімен айтсақ, **"егер бір нәрсенің көрінісі оның мәнімен ылғый дәл болып отыратын болса, онда ешқандай ғылымның да қажеті болмас еді"**.

Демек, қазақ әдеби тілінің терминдерін жыйнау мен нәсихаттау - аса маңызды және өте қажетті жұмыс, әрі ғылыми, әрі қоғамдық маңызы бар жұмыс, біздің жұртшылығымыздан, қазақ совет интеллигенциясынан көп еңбек талап ететін қасиетті жұмыс.

МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасау, қазақ тіліне кірген және күнделікті өмірімізде кірмей қоймайтын терминдерді жыйнау, қалыптастыру және жұртшылыққа түсіндіріп отыру - қазір мемлекеттік маңызы бар іске айналып отыр.

Сондықтан Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бұл жұмысты қазір айрықша қолға алып отыр. Егер тұжырымдап айтсақ, Мемлекеттік терминология комиссиясының алдында негізгі екі міндет тұр.

Б і р і н ш і с і: Қазақ әдеби тілінің шаруашылық пен мәдениет, ғылым мен техника, әдебиет пен искусство салаларында, яғни қоғамдық өмір салаларының бәрінде қолданылатын және қолдануға әбден тиісті терминдерді ғылыми жағынан терең талдап, терең тексеріп жасау, қабылдау болып табылады.

Е к і н ш і с і: Мемлекеттік терминология комиссиясының ғылым мен практика тәжірибелеріне, дәл қазіргі сағыдағы қоғамдық дамудың материялық өмірі қажет етіп отырған талаптарға қатты сүйеніп, ақылға салып қабылдаған әрбір ғылыми терминді әрі тынбастан нәсихаттау, әрі күнделікті қоғамдық өмірімізде қолдану жағын қадағалап қарап, бақылап отыру болып табылады.

Міне, сондықтан да "Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы ереженің" ең бірінші пункті мына түрде жазылып отыр:

"Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік Терминология Комиссиясы, яғни "Терминком" қазіргі қазақ әдеби тілінің Қазақ ССР Халық шаруашылығы мен мәдениетінің барлық салаларындағы - өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, ғылым мен техника, әдебиет пен искусство салаларындағы терминологиясын ғылыми жолмен жасайтын және жасалған терминологияны міндетті түрде жалпы жұрттың пайдалануы үшін енгізіп отыратын мемлекеттік орган болып табылады".

Мемлекеттік терминология комиссиясы өзінің осы жоғарыда көрсетілген міндеттеріне сәйкес соңғы кезде бірсыпыра жұмыстар істеді. В.И. Ленин мен И.В. Сталин шығармаларының алғашқы төрт томдарының терминдерін қарап, бекітті. Одан кейін физика-математика ғылымдары мен психология терминдерінің бір бөлегін қарап, бекітті. Жақында басқа ғылымдардың да терминдерін қарамақшы. Терминком жанынан өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, ғылым мен техниканың терминдерін жыйнап отыратын ғылымның түрлі салаларына сәйкес жеті секция құрылды. Бұл секциялардың жұмысына республика астанасында істейтін қазақ совет интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері қатыстырылып отыр.

Алдағы кезде Мемлекеттік терминком өзі қабылдаған терминдерді газет пен журнал беттерінде үнемі жарыялап отырмақ, кейін бұларды жеке жыйнақ етіп шығармақ.

Осының бәрі қазақ әдеби тілі терминдерінің жасалып, баянды болуына, сөйтіп социалистік мәдениетіміздің өркендеуіне, халқымыздың өсуіне үлкен көмек болуында сөз жоқ.

Сонымен, қазір біздің алдымызда, ғылым мен мәдениет майданында қазақ әдеби тілін бұрынғысынан да гөрі дамыта түсу, оның байлығы мен мүмкіндігін молайту міндеті тұр.

Бұл үшін қазір не істеуіміз керек?

Бұл үшін, біріншіден, қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасауымыз керек. Өйткені әр халық тілінің "Дәл ғылыми терминологиясы болуға тиіс" (Ф. Энгельс).

Бұл үшін, екіншіден, жалпы тіл даму процесіндегі, осыған байланысты қазақ тілінде де ылғый болып отыратын өзгерістерді қадағалап қарап отыруымыз керек. Өйткені, "Тіл дамып отырады, түр жағынан үздіксіз өзгеріп отырады, себебі - тіл дегеніміз қоғамның ең тікелей және ең ерекше құралы болып табылады" (П. Лафарг).

Бұл үшін, үшіншіден, қазақ әдеби тілін дамыту ісінде ылғый орыс тілінің байлығы мен көмегіне тікелей сүйсінуіміз керек. Өйткені, "Орыс тілі басқа халықтардың әдебиетін байытады, ол халықтардың ұлы мәдениет мұраларын пайдалануына мүмкіндік туғызады" (Ленин).

Бұл үшін, төртіншіден, әдеби тілімізді барған сайын мейлінше күшті, мейлінше өткір етуге тырысуымыз қажет. Өйткені, "Тілдің таза, мағна жағынан дәл болуы үшін, өткірлігі үшін күрес - мәдениет құралы үшін күрес; бұл құрал неғұрлым өткір болса, неғұрлым дәл болса - ол құрал соғұрлым жеңімпаз келеді" (М. Горький).

Бұл үшін, бесіншіден, қазіргі күнделікті өмірімізде, көздеген нысанамыз - коммунизмге жету жолындағы күресімізде тілімізді де құрал ете білуіміз қажет. Өйткені, "Соғысты тек штыкпен ғана емес, ақылды, жаңа сөзбен де жүргізе білу керек; ақылды баспен, біліммен, білгірлікпен барлығын бірден түсіру керек, басқаға да қалай істеу керек екенін бірден айта білу керек" (Д. Фурманов). ***

Баишев С. Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері // Халық мұғалімі. 1948. № 5. - 13-21 бб.

ТЕРМИН СӨЗДЕР ТУРАЛЫ

Жобаның 20-параграфында орыс тілінен енген сөздер өзгертілмей түбірі сақталып жазылады деген орынды ереже беріледі де, осы параграфтың ескертуінде анкета, контора, минута, газет т.б. сөздердің соңындағы "а" дыбысы түсіріліп жазылады деген кері пікір айтылады. Осының салдарынан да бұл параграфтағы ереже тыянақсыз, екіұшты болып шыққан. Біздіңше, орыс тілден енген сөздерді дұрыс жазу туралы берілген ережеге қосымша ескерту берудің ешқандай қажеті жоқ. Орыс тілінен енген, тілімізде көптен қолданылатын, қалыптасып кеткен сөздердің соңындағы "а" әрпін түсіріп жазудан оқушыларымыздың сауатты жазуына қыйындық келтіргеннен басқа ешқандай пайда жоқ. Сонымен біз орыс тілінен енген сөздер өзгертілмей, түбірі сақталып жазылсын деген жолдастардың пікірлерін толық қолдаймыз.

Сол сыяқты, жобаның 41-42 параграфтарындағы қосарлы дауыссыздар сс, лл, тт әріптеріне біткен және кст, ст, сть, зд әріптеріне біткен термин сөздердің қосымша жалғанғанда да түбір күйінде өзгеріссіз жазылуы керек. Мысалы: класстан, классқа, конгресстен, прогрессті, металлдан, текстке, тексттер, коммунистер т.б. Термин сөздерді бұлайша түбірін сақтап жазудан тілімізге келетін ешқандай зыян жоқ, қайта мұнымен оқушыларымызды термин сөздерді дұрыс айтуға дағдыландырып, оларды дұрыс жазуына жағдай туғызамыз.

Орыс тілінен енген сөздерді қазақ тілі заңына зорлап көндірмек болатын, орынсыз ескертулерді тықпалай беру жөн емес. Бұл оқушыларымызды орыс тілін үйретуге емес, оны дұрыс оқып, дұрыс сөйлеуге итермелейді. Көп жылғы оқытушылық тәжірибеміз міне, осыны көрсетіп отыр.

Баймурзин Т. Термин сөздер туралы // Қазақстан мұғалімі. 1953. 25 апрель. №18.

ТІЛІМІЗДІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жалпы алғанда әрбір ұлт тілінің, жекелеп алғанда ұлт тілінде өркендеуші мәдениеттің әрбір елеулі тарауының, атап айтқанда ғылым мен техниканың әрбір тарауының ғылыми терминологиясын жасау мен дамытудың теориялық та, практикалық та аса зор маңызы бар. Қоғамның дамуы үшін, адамдардың өз тіршілігінде, өмір сүруінде, материалдық игіліктер өндіруде қажетті қатынас жасау үшін тіл қандай керек болса, тілге өз міндетін ойдағыдай орындау үшін әртарапты дамыған терминология сондай керек. Сондықтан да марксизм-ленинизм классиктері әрбір ұлт тілінің бай терминологиясы болуға тиіс деген қағыйданы талай рет ескерткен болатын.

Тіл дегеніміз адамдардың өзара қатынас құралы екенін және ол ойлаумен тығыз байланысты екенін айта келіп Сталин былай дейді: "Ең алдымен нақ осы себептен тіл, атап айтқанда оның сөздік құрамы, үздіксіз дерлік өзгеру күйінде болады. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, сауда мен транспорттың, техника мен ғылымның үздіксіз өсуі тілден сөздік қорын солардың жұмысына қажетті жаңа сөздермен, сөйлемшелермен толықтырып отыруды талап етеді".

Ал мұның өзі, тілдің сөздік қорын жаңа сөздермен сөйлемшелермен толықтыру ісі, нақты практикада, ұлт тілінің даму ісінде, алдымен тілдің терминологиясын жасауға, дамытуға келіп тіреледі.

Мұны, яғни белгілі бір тілдің ғылыми терминологиясын жасаудың қажеттігін, - ал терминология дегеніміз - сөз арасында айта кетелік - қоғамдық-саяси өмір саласында, ғылым мен техникада, әдебиет пен искусствода, адамдардың өндірістік қызметінде ылғый кездесіп отыратын белгілі бір ұғымды дәл айтып беретін сөздер мен сөйлемдердің жыйынтығы болып табылады - көптен бері-ақ дамып келе жатқан әрбір озат ұлт тілінің тарихынан көреміз. Мұны біз, одан кейін бұрынғы кезде өркендей алмаған, тіл біздің заманымызда, совет заманын да ғана дамудың кең арасында түсіп отырған әрбір ұлт тілінің тарихынан да айқын көреміз.

Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін тарихтан бірнеше мысал келтірелік.

Егер озат ұлт тілдерінің, әсіресе ұлы орыс халқының тіл тарихына көз жіберсек, бұларда жаратылыстану ғылымдары (биология, химия, физика, математика, медицина және тағы басқалары) терминологиясының ертеден-ақ дамығанын көреміз. Бұл кездейсоқ, өзінен өзі бола қалған нәрсе емес. Ғылым тарихында алдымен өркендей бастаған жаратылыстану ғылымдарының дамуы терминология жасауды қажет етті, яғни жаңадан пайда болған ғылыми ұғымдарды тұжырымды терминдері арқылы жұртшылықтың игілігі ету міндеті алға

қойылды. Сондықтан бұл ғылымдардың өкілдері өздерінің ғылыми жұмыстарының үстінде белгілі бір ұғымды дәл жеткізетін талай атаулар, терминдер жасады.

Әлеуметтік-экономикалық терминология қоғамдық ғылымдардың шыға бастауы мен өркендеуіне байланысты жасала бастады. Мәселен, философиялық терминология гректердің философиясының дамуына байланысты пайда болды. Грек философтарының шығармаларын латын тілінде аударуға байланысты латын тілінде философиялық терминология жасалды. Осындай жолмен кейінгі басқа да көптеген халықтардың тілінде философиялық, әлеуметтік-саяси терминология жасалды.

Экономика ғылымдарының терминологиясы жөнінде де шамамен осыны айтуға болады. Жұртқа мәлім, 17 ғасырдың бас кезінен бастап саяси экономика пән есебінде ғылым тарихына енді. Осыған байланысты сол замандағы озат ұлт тілдерінде саяси экономия терминологиясы жасала бастады.

Алайда әлеуметтік-экономикалық терминология, яғни қоғамдық ғылымдардың терминологиясы, тек өткен ғасырдың ортасынан бастап ғана, тарихи майданға марксизм шыға бастағаннан бері ғана шын мәнісінде өрістей бастады. Ғылымның бұл аса маңызды тарауының терминологиясын жасауда, оны миллиондардың игілігі етуде адамзаттың асқан данышпандары - Маркс пен Энгельстің, Ленин мен Сталиннің сіңірген еңбектері өлшеусіз зор. Олар өздерінің теориялық еңбектерінде қоғамдық ғылымның барлық тарауларының шын мәнісінде дәл, өте орамды терминдерін жасады.

Бұл жөнінде мынадай бір-екі мысал келтірсек те жеткілікті. Маркс өзінің, данышпандық еңбегі "Капиталды" жазу үстінде неміс тіліне саяси экономияның талай жаңа, экономикалық әдебиетте бұрын қолданылмаған терминдерін енгізді.

Орыс тілінің әлеуметтік-экономикалық терминологиясын молайтуда В. И. Ленин көп еңбек етті. Мәселен, "производственные отношения" ("өндірістік қатынастар"), "производительные силы" ("өндіргіш күштер") деген аса маңызды, өте деген аса маңызды, өте дәл терминдерді орыс тіліне тұңғыш рет Ленин енгізді.

Қоғамдық өмірдің алға тартқан мәселелеріне жауап берудің, тілді күрестің, қоғамның даму құралы етіп пайдалана білудің тамаша мысалдары мен үлгілері міне осындай. Марксизм-ленинизм классиктерінің осы өнегелері мен үлгілері, әлеуметтік-экономикалық терминология жасаудағы ұстаған жылы мен бағыты қазір біздің елімізде ғылым мен техниканың, мәдениет пен искусствоның барлық тарауларында да терминология жасаудың бірден-бір ғылыми принципі болып отыр.

Озат ұлт тілдерінде ғылыми терминология жасаудың тарихы мен методологиялық жағы қысқаша ғана шолып жазғанда міне осындай. Мұны біз, қазақ совет интеллигенциясының өкілдері, өз ісімізде, тіліміздің терминологиясын дамытуда әрқашан ескеріп отыруға тиіспіз.

Жұртқа мәлім, қазақ халқының ұлттық әдеби тілінің шын мәнісінде өркендеуі де, қалыптасуы да тек совет заманында ғана өріс алды. Бұдан, әрине, қазақ халқының ұлттық тілі, оның негізгі белгілері, элементтері Октябрь революциясының бұрын болған жоқ деген ұғым мүлде тұмайды. Бұлай жору - әрі шолақ, әрі қате болар еді. Бұл жерде Сталин жолдастың мына сөздерін естен шығаруға болмайды:

"Әрине, ұлт элементтері - тіл, территория, мәдениет тұтастығы, т.т. - аспаннан түсе қалған жоқ, қайта капитализмге дейінгі дәуірде-ақ бірте-бірте жасалып отырды. Бірақ бұл элементтер ұрықтанып келе жатқан жағдайда болды және ең мықтағанда болашақта белгілі қолайлы жағдайлар тұсында ұлт болып құрала аларлық мағнадағы потенция ғана болып табылатынды" (И.В. Сталин. Шығармалар, 11-том, 376-377-беттер).

Ал "Марксизм және тіл білімі мәселелері" деген тамаша еңбегінде Сталин жолдас, жаңағы пікірін дамыта келіп, былай дейді:

"Қазіргі замандағы тілдің элементтері сонау арғы заманда, құлдық заманына дейін жасалған болса керек. Ол кездегі тіл болмашы ғана сөздік қоры бар, күрделі емес тіл еді".

Қазақ тілі жөнінде де жалпы алғанда осыны айтуға болады.

Міне осы жағдайларға байланысты қазақ тілінің терминологиясын жасау, барынша дамыту ісі тек Октябрь революциясынан кейін, атап айтқанда 20-шы жылдардан бастап қолға алынды. Міне содан бері, яғни отыздан аса жыл бойында қазақ совет жұртшылығы, қазақ совет интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері партия және совет органдарының әрі тікелей басшылығымен, әрі нақты жәрдеммен қазақ тілінің терминологиясын жасап, дамытып келеді. Ғылым мен білімнің бұл сыяқты аса күрделі проблемаларын мүмкіндігінше әрі мінсіз етіп, әрі тыянақты етіп шешу үшін отыз шақты жылдың тым аз екеніне қарамастан, бұл жаңа, тыңнан ғана қолға алынған істе кездескен аса көп қиыншылықтарға қарамастан, біз қазақ тілінің терминологиясын жасауда, сол арқылы ғылым мен техниканың жемістерін қазақ халқының игілігіне айналдыруда бірсыпыра табыстарға ие болдық, олардың бастылары жөнінде кейін айтылады. Бұл жерде біз, ең алдымен, терминология жасауда табысты болуымыздың негізгі шарттарын атап өтпекпіз. Ондай шарттар, біздің байқауымызша, үшеу:

Бірінші шарт. Қазақ совет жұртшылығы қазақ тілінің терминологиясын жасауда тіл жөніндегі маркстік-лениндік ілімнің негізгі принциптері мен ережелеріне сүйенді және қазірде де сүйенуде.

Екінші шарт. Қазақ совет жұртшылығы қазақ тілінің терминологиясын жасауда озат ұлт тілдерінің, оның ішінде өсіресе озат орыс тілінің даму тәжірибесіне сүйенді, оның бай сөздік қорынан жаңа ұғымдарды бере алатын сөздер, терминдер алды, қазірде де алуға. Мұның өзі, бір жағынан, терминология

проблемаларын ғылыми тұрғыдан дұрыс шешуге жәрдем берсе, екінші жағынан, қазақ тілінің шын мәнісінде баюына, тұлғалы тіл болуына көмек берді.

Үшінші шарт. Қазақ совет жұртшылығы қазақ тілінің ғасырлар бойы жасалып, екшеліп, шындалып келген сөздік қорына сүйенді, оны сарқа пайдаланды, оның негізінде, тілдің ішкі даму заңына сүйене отырып, жаңа ұғымды жұртқа қалтқысыз жеткізе алатын жаңа сөздер, жаңа терминдер жасады.

Егер бұл шарттар ескерілмеген болса, қазақ тілінің терминологиясын жасаудағы, дамытудағы қазіргі қолымыз жетіп отырған азды-көпті жетістіктер болмаған болар еді. Егер бұл шарттардың тигізген ықпалы мен әсерін қазір өз жұмысымызда, өз практикамызда ескермесек, біз қазақ тілінің ешкімге күмән емес қазіргі кездегі дамуын, оның терминологиясының біршама қалыптасып, тәртіпке салына бастағанын түсіндіре алмаған болар едік. Демек, тіліміздің дамуын, оның терминологиясының жасалуын объектілік түрде түсіндіргіміз келсе, бұл негізгі үш шартты ешуақытта екі елі естен шығаруға болмайды.

Олай болса, біз қазақ тілінің терминологиясын дамыта беру жөніндегі жұмыстарымыздың қазіргі халі мен кезектегі міндеттері туралы мәселелерге қазір аспаннан емес, реалды өмір тұрғысынан, жаңағы айтылған шарттардың тигізетін ықпалы мен әсері жағынан қарауымыз керек.

Жоғарыда жазғанымыздай, қазақ тілінің терминологиясын жасау ісі бұдан отыз жыл бұрын шамасында ғана қолға алынды. Бұл дәуірдің ішінде қазақ тілінің терминологиясын жасау жөніндегі жұмысымызда біз негізгі екі кезенді бастан өткіздік.

Бірінші кезең - 1920 жыл мен 1935 жылдың арасындағы 15 жыл. Бұл кезеңнің бойында біздің партияның лениндік-сталиндік ұлт саясаты негізінде еліміздің шаруашылығы шалқып өсті, қазақ даласында бұрын болып көрмеген ауыр өнеркәсіп, индустрия пайда болды, ауыл шаруашылығы социалистік жолмен қайта құрылды, транспорт пен товар айналымы мықтап өрістеді. Ал осыларға байланысты қазақ халқының мәдениеті жаңа, советтік негізде гүлдене бастады: Қазақстанның қаласында да, аулында да совет мектебі ашылды, халықтың қалың бұқарасына совет өкіметінің идеяларын, қоғамдық дамудың зияндарын, ғылым мен техниканың, мәдениет пен искусствоның жемістерін насихаттайтын, қазақ тілінде көптеген газет, журнал, кітаптар шықты, көптеген мәдени-ағарту орындары (клуб, кітапхана, музей, театр, кино, т.т.) ашылды, бірнеше жоғары дәрежелі оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері ұйымдастырылды. Қазақ интеллигенциясының күшімен оқу құралдары жазыла бастады, әдебиет пен искусствоның шығармалары жасалды, орыс тілінде көпшілікке арналып жазылған ғылыми және техникалық кітапшалар қазақ тіліне аударыла бастады. Бұл жерде ерекше атап өтетін бір нәрсе мынау: бұл кезеңде марксизм-ленинизм классиктерінің кейбір аса маңызды шығармалары, атап айтқанда: "Коммунистік

манифесі", Лениннің мақалалары мен сөздерінің бірнеше жыйнақтары, Сталиннің кейбір мақалалары мен сөздері, "Марксизм және ұлт мәселесі", "Ленинизм мәселелері" деген тамаша еңбектері тұнғыш рет қазақ тіліне аударылды.

Осы жағдайларға байланысты, яғни жаңа өмірдің, жаңа заманның тілектеріне байланысты қазақ тілінің терминологиясын жасау міндеті күн тәртібіне қойылды, өйткені онсыз қазақ бұқарасының қалың көпшілігіне жаңа ұғымдарды, әсіресе ғылым мен техниканың ұғымдарын мүмкіндігінше дәл жеткізу қиын болды. Сондықтан қазақ совет интеллигенциясының сол кездегі өкілдері, әрине, әліне қарай, айналасындағы ортадан дәрежесіне қарай, қазақ тілінің терминологиясын жасауды ойластырды, терминдер жыйнады, оларды үгіттеп, практикаға енгізді. Әділін айту керек, қазіргі кезде тілімізге әбден сіңіп кеткен, ешкім дауласа алмайтын көптеген терминдер қазақ тіліне нақ сол алғашқы кезде енген болатын. Мәселен, саясат пен экономиканың, тіл мен әдебиетті көп қолданылатын терминдері, атап айтқанда: саясат, халық шаруашылығы, партия, социализм, коммунизм, большевизм, ұйым, өндіріс, машина, техника, театр, клуб, физика, химия, колхоз, совхоз, екпінді, бригада және басқа толып жатқан сондай терминдер қазақ тіліне отызыншы жылдары енді. Бұл терминдер қазақ тілінің дәрежесін, халықтың білімін көтеруге елеулі түрде көмектесті. Қазақ ССР-дағы мәдени құрылыс қызметкерлерінің 1935 жылы болған съезі қазақ тілінің терминологиясын жасаудың принциптерін әдейі талқылап, оларды шешуге бірсыпыра әсер етті.

Қазақ тілінің терминологиясын жасаудағы алғашқы кезеңнің тәуір жағы міне осындай.

Бүркейтін ешнәрсесі жоқ қазақ тілінің терминологиясын жасаудағы алғашқы кезеңде елеулі кемшіліктер мен қателер де болды. Олардың бастылары мынадай. Термин жыйнауда, терминология жасауда кейбіреулер белгілі бір ұғымды мағна жағынан дәл беру керектігін ескермеді, қайта тек түсінікті болсын, оның үстіне қалай да қазақша болсын деген сылтаумен, араб пен парсы сөздеріне көбірек жармасты. Міне сондықтан қазақ тілінің терминологиясында тиісті ұғымды дәл бере алмайтын, кейде тіпті теріс ұғым беретін терминдер орын алып жүрді. Ол кезде қазақ тіліне жаңадан кіре бастаған интернационалдық терминдер аударылып жүрді. Мәселен, Советті - кеңес деп, экономиканы - шаруашылық, интернационалды - бибауырмад велосипедті - шайтан арба, паровозды - кара айғыр, тракторды - дүлдүл кара, империализмді - жиангершілік, интеллигенцияны - зиялы, указды - өмір, председательді - төр аға, украинды - хохол, татарды - мұсылман деп айтып жүрді.

Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың алғашқы кезеңінде, терминологияның нашарлығы жөнінде, терминологияның қажеттігі жөнінде газетте ғана жарияланған он шақты хабар мен мақалаларды айтпасақ, не

терминология сөздігі, не терминология жөнінде айтуға тұратын зерттеу болған жоқ. Ал Қазақ ССР-дағы мәдениет құрылысы қызметкерлерінің жаңағы айтылған 1935 жылғы съезі қазақ тілі терминологиясының принциптері туралы қарарында бірсыпыра шалалықтар мен қателер жіберді.

Мұның, яғни қазақ тілінің терминологиясын жасаудағы ол кезде болған шалалықтар мен қателіктердің себептері қандай еді.

Біздің байқауымызша, оның негізгі себептері мынадай.

Біріншіден, ол кезде қазақ тілінің жалпы даму дәрежесі төмен болды, терминология мәселелерін марксистік-лениндік тұрғыдан талдайтын тіл мамандары өте аз болды.

Екіншіден, қазақ халқының қалың бұқарасының жалпы мәдени дәрежесі онша жоғары болмады, сондықтан кейбір әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық жаңа терминдер жұртқа сіңісе қоймады. Оның үстіне тілге енген жаңа сөздерді, жаңа терминдерді насихаттау жұмысы тым нашар болды, қазақ интеллигенциясының терминология мәселелерімен шұғылданушы өкілдері арасында тиісті ауыз бірлік болмады, олардың әрқайсысы өзінше принцип ұсынып жүрді. Сондықтан ол кезде шынын айтқанда, тілге еніп, халыққа шын пайда келтіріп жүрген терминдерден гөрі, түрлі "принциптер" көп болды.

Үшіншіден, ақырында, қазақ тілі терминологиясының ғылыми жолмен жасалуы мен дамуына буржуазияшыл ұлтшылдар да көрер көзге кедергі жасады. Олар қазақ деген атты жамылып, қазақ түсінбейді дегенді сылтаулап, интернационалдық терминге қарсы болды, кез келген жерде араб парсының ескі сөздерін тықпалады. Мұның өзі іс жүзінде қазақ халқының мүддесін көздегендік емес, оның қабілеттілігіде сенбегендік еді, оны ілгері бастыру емес, кері кетіру еді, оны жақтағандық емес, нағыз сатқандық еді, оны мәдениеттендіру емес, нағыз надандықта ұстау еді.

Қазақ тілінің терминологиясын жасаудағы ең алғашқы кезеңнің жәйі, қысқаша айтқанда, осындай. Бұл тарихи сабақтан біз үшін туатын міндет мынау: мұның, яғни бұл кезеңнің жақсы, ұтымды жағын ескеру, ал жаман, осал жағын ешуақытта, әсіресе қазіргі практикалық жұмысымызда мүлдем болдырмау.

Қазақ тілінің терминологиясын жасау жөніндегі жұмысымыздың, екінші кезеңі - 1936 жыл мен 1950 жыл арасындағы 15 жыл. Тіліміздің терминологиясын жасау жөніндегі жұмысымыздың басты-басты салалары осы кезеңде қолға алынды. Осы кезеңнің басында, яғни, 1936 жылы терминология жұмысын ұйымдастыру ісіне елеулі өзгеріс енгізілді. Оқу комиссариаты жанындағы көмекші комиссияның орнына Қазақ Республикасының Үкіметі жанынан мемлекеттік терминология комиссиясы құрылды, ол халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларының қазақ тіліндегі терминдерін бекітетін және олардың практикада қолданылуын бақылап отыратын мемлекеттік органға

айналды. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің, қазақ совет интеллигенциясынан алдыңғы қатарлы өкілдерінің жәрдемімен ол мына төмендегі негізгі үш міндетті шешіп келеді:

Біріншіден, мемлекеттік терминология комиссиясы қазақ тілінің терминологиясын жасаудың принциптерін түпкілікті шешті. Бұл принциптер бойынша белгілі бір ұғымды дәл беретін қазақ терминдері жасалды және жасалып келеді, қазақ тілінде баламасы жоқ, шетел және орыс тілдерінен кірген интернационалдық терминдер аударылмай, орысша күйінде қабылданды және қабылданып келеді. Соңғы 15-16 жылдың өн бойында өткен өмір, практика бұл принциптердің бірден-бір дұрыс екендігін, ғылыми жағынан мінсіз екенін айқын көрсетті.

Демек, бұл - қазақ тілінің терминологиясын жасаудағы жұмысымыздың ең іргелісі, ең күрделі жетістігі болып табылады.

Екіншіден, қазақ тілінің терминологиясын жасау жөніндегі бүкіл жұрт қабылдаған принциптеріне сүйене отырып, мемлекеттік терминология комиссиясы шаруашылық пен мәдениет, ғылым мен техника, әдебиет пен искусство салаларында, яғни қоғамдық өмір салаларының бәрінде қолданылатын және қолдануға әбден тиісті көптеген терминдерді мүмкіндігінше мұқиятты тексеріп қабылдады. Бұған айғақ мынау: мемлекеттік терминология комиссиясы тек соғыстан кейінгі аз уақыттың ішінде-ақ әлеуметтік-экономикалық пәндердің, тіл, география, физика, математика, медицина, геология пәндерінің, сонымен қатар тау-кен ісінің, металлургия терминдерін қарап, қабылдады, ғылым мен техниканың басқа тарауларының терминдерін жыйнауды тиісті ғылыми-зерттеу мекемелеріне тапсырды.

Үшіншіден, мемлекеттік терминология комиссиясы ғылым мен практика тәжірибелеріне, дәл қазіргі сатыдағы қоғамдық дамудың материалдық өмірі қажет етіп отырған талаптарға сүйеніп, ақылға салып қабылдаған терминдерді әр түрлі жолмен насихаттап, әрі күнделікті қоғамдық өмірімізде қолдану жағын қадағалап қарап, бақылап отырды.

Бұл кезеңде, ең алдымен, терминология мәселелеріне арналып, баспасөз бетінде көптеген мақалалар басылды, оларда терминология жасаудың күрделі-күрделі мәселелері көтерілді, жаңадан қабылданған терминдер насихатталды, терминология жасау жұмысындағы кемшіліктер мен қателіктер де сыналып отырды. Мұның өзі қазақ интеллигенциясы жұртшылығының ана тілінің терминологиясын жасау ісіне бет бұрғандығын көрсетеді.

Одан кейін, газет пен журналдарда, ғылыми-зерттеу мекемелерінің еңбектерінде мемлекеттік терминология комиссиясы қабылдаған терминдер дүркін-дүркін жарияланып отырды. Оның үстіне мемлекеттік терминология комиссиясы қабылдаған терминдердің жыйнағы үш рет жеке кітап болып, басылып шықты.

Мұның өзі де қабылданған терминдердің халық игілігі болуына, практикада қолданылуына көп жәрдем етті.

Ақырында, қазақ тілінің терминологиясы ғылыми негізге салынды, оның қоры молайды, шаруашылық пен мәдениеттің, ғылым мен техниканың қазіргі өмірде қолданылып жүрген барлық дерлік ұғымдарын дәл беретін терминдер жасалды. Қазақ тілінің төл сөздерін пайдалану арқылы да, шетел және орыс тілдерінен кірген сөздерді пайдалану арқылы да көптеген жаңа, белгілері бір ұғымдарды мағна жағынан дәл беретін терминдер пайда болды. Мұны дәлелдеу үшін қазіргі кезде қазақ тілінің төл сөзі, төл термині болып кеткен кейбір терминдерді атап өтсек те жеткілікті. Бұған, мәселесіне, совет, революция, социализм, коммунизм, программа, демократия, армия, базис, депутат, генерал, офицер, банк, бригада экономика, машина, техника, медицина, теория, практика, философия, материя, материал және тағы сондай көптеген терминдер кіреді. Мұны қазақ тілінің совет заманы тұсында дамуының үлкен жеңісі деп бағалау керек.

Әрине, қазақ тілінің терминологиясын жасаудың екінші кезеңінде де кемшіліктер мен қателіктер болды. Егер жыйнақтап айтсақ, олар мыналар. Қазақ тілінің терминологиясын жасауда бұл кезеңде де талай рет кертартпалыққа кездестік, әсіресе соғыс кезінде, кейбір артта қалып қойған адамдар жаңа терминдерді естен шығарып, араб пен парсының тозығы жеткен сөздерін тағы да тілге енгізіп, қоздырмақшы болды. Мәселен, совет, интеллигенция, империализм, режим деген терминдерді өзгертіп, мағынасы жағынан алыс, ескі сөздермен бермекші болды. Сонымен қатар кейбір пәндердің терминдері ішінде онша ойланбай алынған терминдер де болды.

Қазақ тілінің терминологиясын жасаудағы екінші кезеңнің жәйі, шолып айтқанда міне осындай. Бұл кезеңнің нәтижелерінен де біз өзіміздің қазіргі жұмыстарымыз үшін тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Бұл кезеңде болған олқылықтар мен қателіктерді қайталамаудың шарасын қарастыруымыз керек.

Қазақ тілінің шын мәнісінде ғылыми терминологиясын жасаудың қазір біз үшінші кезеңіне кіріп отырмыз. Бұл кезең 1950-1951 жылдары, әсіресе И.В. Сталин жолдастың "Марксизм және тіл білімі мәселелері" деген классиктік еңбегінде баяндалған тіл туралы ілімін тікелей басшылыққа ала отырып, тілімізді мықтап дамыту ісіне байланысты басталды. Бұл - қазақ тілінің терминологиясын дамыта беру жөнінде істелетін жұмыстың көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да ең шешуші кезең болуға тиіс.

Бұған енді толық жағдай да бар, тиісті себеп те бар. Олар, біздің байқауымызша, мыналар.

Біріншіден, қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері жасалып, ғылыми тұжырымда келіп, практика жүзінде жалпы алғанда сыналып болды, терминологияның принципті мәселелері жөнінде қазіргі бүкіл қазақ совет

интеллигенциясы арасында, оның ішінде терминология мәселелерімен тікелей шұғылданып жүрген ғылыми қызметкерлер арасында да, практикалық қызметкерлер арасында да, елеулі даулы, келісе алмай жүрген мәселелер жоқ. Бұған, әрине, терминологияның жеке мәселелері жөнінде, жеке терминдер жөнінде алдағы кезде айтысатын, ақылдасатын ешнәрсе болмайды деген ұғым мүлде тумайды, ондайлар болады және болуға да тиіс, өйткені онсыз даму болмайды. Дегенмен, бұл жұмысымыздың негізгі мәселелері жөнінде қазіргі кезде бір ауызды болуымыз қазақ тілінің ғылыми терминологиясын бұдан былай да дамыта беруімізге аса қолайлы жағдай болып табылады.

Екіншіден, шаруашылық пен мәдениет, ғылым мен техника, әдебиет пен искусство мәселелері жөнінде қазақ тілінде көптеген кітапшалар мен кітаптар шығаруға байланысты, әсіресе марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, ғылым мен техниканың, әдебиет пен искусствоның көрнекті өкілдерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, басып шығаруға байланысты терминология мен шұғылданатын ғылыми да, практикалық та қызметкерлердің саны күннен күнге көбеюде. Олардың бірсыпырасы терминология мәселелері жөнінде елеулі, айту тұратын зерттеулер жасап жүр. Мәселен, қатардағы қызметкер Арзымбетов жолдас көп жылғы зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде 1952 жылы "Орысша-қазақша ауылшаруашылық сөздігі" деген еңбегін жариялады. Бұл сөздікте ауылшаруашылық өндірісінде, ауылшаруашылық ғылымында, әсіресе биология ғылымында қазіргі кезде жиі қолданылатын негізгі терминдердің бәрі бар. Арзымбетов жолдастың бұл әрі елеулі, әрі көлемді тұңғыш еңбегін де, былайша айтқанда, тырнақ алдысында, кемшіліктер жоқ емес. Алайда бұл еңбектің жасалғанын, жарыққа шыққанын біз жақсы бастама деп білуіміз керек.

Демек терминологиямен шұғылданатын қазақ кадрларының өсуі, көбеюі қазақ тілінің ғылыми терминологиясын жасауды ойдағыдай шешуге әрі өте қолайлы жағдай, әрі сенімді кепіл болады.

Үшіншіден, Қазақстанда мәдениеттің, ғылымның гүлденуіне байланысты, қазақ халқының өз өкілдері арасынан ғылыми қызметкерлердің өсуіне байланысты республикамызда көптеген ғылыми-зерттеу мекемелері, жоғары дәрежелі оқу орындары, мәдени-ағарту ұйымдары құрылды. Осыған байланысты шаруашылық пен мәдениеттің, ғылым мен техниканың, әдебиет пен искусствоның барлық салалары бойынша қазақ тілінде ғылыми терминология жасауға мүмкіншілік туып отыр. Сондықтан Қазақ ССР Министрлер Советі "Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысын жақсарту туралы" өткен жылғы қаулысында қазақ тілінің терминологиясын жасау және ғылыми тұрғыдан мінсіз етіп системаға салу жөніндегі барлық жұмысты бұдан былайғы жерде тиісті ғылыми-зерттеу мекемелеріне, атап айтқанда Қазақ ССР Ғылым академиясына, В.И. Ленин атындағы Ауыл шаруашылық Ғылым академиясының қазақ филиалына міндеттеді.

Төртіншіден, Қазақ халқының қалып бұқарасының мәдени дәрежесі, саяси, коммунистік сапасы бұрынғымен, тіпті бұдан 10-15 жылғымен салыстырғанда анағұрлым жоғары және алдағы жыл сайын бұрын болып көрмеген "атты қарқынмен жоғары өрлей бермек, көтеріле бермек. Сондықтан қазақ тілінің терминдерін ойланып, ақылға салып, барлық жағынан бірдей тексеріп, орыс халқының "жеті рет өлше, бір рет кес" дейтін мақалындағыдай етіп алсақ, оларды халық әрқашан қабылдайды.

Қазір, жұртқа мәлім, халықтың мәдениеті өсті, осыған сәйкес олардың тілегі де, талабы да мықтап өсті. Халық енді тіліміз терминологиясының тыянақты, дәл, мол болуын тілейді.

Егер осы тұрғыдан қарайтын болсақ қазақ тілінің терминологиясын дамыта беру ісінде жасалған терминологияны практикалық жұмыста пайдалануда, оны түрлі жолдармен халықтың игілігі ету ісінде әлі де көптеген елеулі-елеулі кемшіліктер бар.

Біздің бәріміздің қазіргі ең басты және ең маңызды міндетіміз - осы кемшіліктерді тез жою және тіліміздің терминологиясындағы әлі де ақырына дейін анықталып болмаған кейбір мәселелерді тез шешу.

Олай болса, тез жойылуға тиісті ол кемшіліктер және тез шешілуге тиісті ол мәселелер қандай?

Егер істің әділін және турасын айтсақ, тілімізде күні бүгінге дейін жасалған терминология ғылым мен білімнің негізгі тараулары қамтыйды, біз тек өмірде, практикада көбірек кездесетін және қолданатын терминдерді ғана жыйнап үлгердік. Мұнымыз қазіргі жағдайда мүлдем жеткіліксіз. Сондықтан да қоғамдық өмірге, өндіріс практикасына орыс тілі арқылы объективтік түрде енген терминдерді еркін өзінше алып жүр. Мәселен, гидроэлектростанцияны біреу су электростанциясы біреу гидроэлектростанция дейді, біздің күнделікті баспасөзімізде де осылай әр түрлі болып жазылып жүр.

Ол ол ма. Мемлекеттік терминком қабылдаған, практикаға көптен бері-ақ енген терминдерді біздің кейбір баспасөз орындарымыз әртүрлі жазады. Мәселен, олар "Мемлекеттік думаны" - "мемлекет думасы", "оппозициялық ағымды" - "оппозицияшы ағым", "коммунистік сананы" - "коммунистік сана" деп жазады. Ал "Әдебиет және искусство" журналы "жаңа ілім" деген терминді "жаңа оқу" (Ә. Хасеновтың мақаласы), "кітапшаны" - "брошюра" деп жазады. Терминдік маңызы бар кейбір еңбектің аттары мен формулалар әрбір баспасөз орындарында әртүрлі аударылады. Мәселен, Энгельстің "Майымылдың адамға айналу процесіндегі еңбектің рөлі" деген еңбегі "Әдебиет және искусство" журналында "Маймылды адамға айналдырудағы еңбек рөлі" (Ә. Хасеновтың аудармасы) "Маймылды адам қылудағы еңбектің рөлі" (С. Аманжоловтың аудармасы) деп жазады. "Халық мұғалімі" журналы "Маймылдардың адамға айналудағы еңбектік

ролі" деп жазады. В.И. Лениннің "Коммунизм дегеніміз - совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру" деген белгілі формуласы да әртүрлі аударылады. Мәселен, "ССРО тарихында" бұл формула: "Коммунизм дегеніміз - бүкіл елді электрлендіру ісіне қосқандағы Совет өкіметі" деп, Ф. Мұстафиннің "Қарағанды" романында: "Совет өкіметіне қоса электрификация" деп аударылған.

Демек, тіліміздің ғылыми терминологиясын барлық жағынан бірдей бір ізге, системаға саламыз десек, біз алдымен осы сыяқты кемшіліктерді жоюымыз керек.

Бұл үшін, ең алдымен, терминология ғылым мен білімнің барлық салалары бойынша қазіргі қоғамдық өмірде кездесетін терминдерді тегіс қамыйтындай болып жасалуы және дамуы қажет. Бұл жұмысқа ендігі жерде тек практикалық қызметкерлер емес, ғылыми қызметкерлердің үлкені де, кішісі де белсене қатынасуы керек. Жасыратын сыр жоқ, тәжірибелі ғылыми қызметкерлер бұл жұмыстан әлі күнге дейін аулақ келеді.

Бұл төзуге болмайтын жағдай. Ғылымның көрнекті қайраткері қолма-қол қатыспаса, тілдің ғылыми терминологиясын ойдағыдай жасау мүмкін емес. Қазақ халқының өз арасынан шыққан ғылыми қызметкерлер, мәдениет қайраткерлері бұл жұмыста да біздің үлкен ағамыз орыс халқының ғылыми қызметкерлерінен, мәдениет қайраткерлерінен үлгі алулары керек.

Қазақ тілінің терминологиясын дамыта беру ісінде ескірген, дәл емес терминдерді батыл түрде өзгертіп отыруымыз қажет. Ал ондайлар қазірде де бар және болашақта да болады. Мәселен, соңғы кезде, әсіресе В.И. Ленин мен И.В. Сталин шығармаларын қазақ тіліне аударуға байланысты бірсыпыра терминдерді өзгертуге мәжбүр болдық. Мәселен, тілімізге орыс тілі арқылы кірген терминдер, атап айтқанда: абсолютная истина (шын ақыйқат) - абсолюттік ақыйқат¹, барин (төре) - барин, дискуссия (айтыс) - дискуссия, кризис (дағдарыс) - кризис, реставрация (жаңартушылық) - реставрация, сфера (сала) - сфера, статистика (санақ) - статистика, себестоимость (өзіндік баға) - өзіндік күн, учебник (оқу кітабы, оқу құралы) - оқулық, Волга (Еділ) - Волга, Урал (Жайық) - Урал, компромисс (келісім) - компромисс, заметка (мақала) - заметка, лидер (басшы) - лидер, умственный труд (ақыл-ой еңбегі) - ой еңбегі деп алынды.

Өмір мұның дұрыс екендігін айқын көрсетіп отыр. Егер қажет болса, істің мүддесі үшін алдағы кезде де кейбір терминдерді өзгертуден ешбір тайымбауымыз керек.

Осыған байланысты бұл жерде айта кететін бір мәселе мынау. Мәселен, "народ", "народность", "население" деген терминдерді біз күні бүгінге дейін "халық" деген бір сөзбен, бір терминмен беріп жүрміз. Сол сыяқты "нация" және "национальность" деген терминдерді де біз "ұлт" деген терминмен беріп жүрміз.

¹ Жақшаның ішіндегілері бұл терминдердің тілімізде бұрын қолданылып келген варианттары С.Б.

Мұны біз жетіскендіктен істеп жүргеніміз жоқ, бұлардың әрқайсысына қолайлы термин болып кетерліктей сөз таба алмай жүрміз. Сондықтан терминология мәселелерімен айналысып жүрген жолдастардың арасында осылардың әрқайсысына теңеу, балама боларлық сөз (термин) қарастырарлық деген пікір туып жүр. Олардың бірсыпыралары народ - халық, народность - халайық, население - жұрт, нация - нация, национальность - ұлт болып алынсын деген ұсыныс жасайды.

Демек, біздің совет қазақ интеллигенциясының түрлі өкілдері бұл ұсыныстар жөнінде де барынша объективтік түрде пікір айтуы қажет, атап айтқанда:

Біріншіден, осы терминдерді шынында да өзгерту қажет пе, одан тіліміз ұта ма?

Екіншіден, бұл терминдердің ескі баламасы орнына ұсынылып отырған жаңа балама мағынасы жағынан да, дәлдігі жағынан да бұрынғысынан шынында да артық па?

Үшіншіден, өзгертілуге жататын басқа да терминдер бар ма, егер болса, қалай өзгертуге болар еді?

Мәселені бұлайша қоюдың түбірлі себебі бар. Тілде, И.В. Сталиннің үйретуі бойынша, орынсыз өзгеріс болмасқа тиіс, егер кейбір жеке сөздер, терминдер ғасырлар бойы ойдағыдан пайдаланып, қоғамның тілектерін орындап келсе, оларды өзгертуден тіл ұтпайды, қайта ұтылады. Сондықтан бұлардың бәрін ақылға салып, барлық жағынан бірдей салыстырып көру керек. Жаңалық атаулының бәрі әрқашан жақсы бола бермейді.

Терминология жасаудағы тағы бір үлкен кемшілік - практикалық қызметкерлердің де, ғылыми қызметкерлердің де терминология жөніндегі зерттеу жұмысының нәтижесі жарыққа шықпайды, уақтылы жұрттың игілігіне айналып отырмайды. Сондықтан белгілі бір пәннің терминдері жыйналған сайын дүркін-дүркін жариялап отыру керек, ал бірнеше пәндердің терминдерінен үнемі жыйнақ шығарып отыру керек. Ал егер қажет болса, практикалық өмір қажет ететін болса, көлемді терминология сөздігін де шығару керек.

Біздің жұмысымыздағы үлкен кемшіліктердің енді бірі - қабылданған терминдердің практикада қалай қолданылып жүргенін қадағалап қарап отыру, бақылау жоқ, теріс немесе бұрмалап қолданушыларға қарсы күрес жоқ. Бұл жөнінде жоғарыда бірсыпыра мысалдар келтірдік. Енді терминдердің көркем әдебиет саласында қалай қолданылып жүргені туралы бірнеше мысал келтірелік. Жазушы Ғ. Мұстафиннің "Қарағанды" романы көркем әдебиеттегі тәуір шығармалардың бірі делініп жүр. Бұған біздің ешбір қарсылығымыз жоқ. Ал егер қазіргі қазақ тілінің терминдерін қалай пайдаланғандығы жөнінен алсақ, бұл шығарманың авторына айтатын бірсыпыра өкпеміз бар. Яғнай, автор техникалық, өндірістік терминдердің өңін айналдырады. Мәселен, әлімсақтан

бері дерлік айтылып келе жатқан "жоспарды" - "план" деп, "ережені" - "правило" деп жазады. Ал көптеген терминдердің жазылуы онан да сорақы. Мәселен, "шахта" деген терминді "шахты", "шақты", "шахта" деп үш түрлі жазады; "Труба" - мұража, моржа, тұрба, труба деп төрт түрлі жазылады; "поселок" - поселка, поселке; "Участок" - учаска, учаске, участка; "тачка" - ташке, тәшке, тачка; "извозчик" - арбакеш, извозчик болып жазылады. Ең аяғы географиялық атаулар, жер мен судың, тау мен тастың, елді пункттердің аттары да әлденеше түрлі жазылады, көбінесе түпкі нұсқасы мүлдем бүлініп жазылады. Реті келгенде айта кетелік, автор тек терминдерді ғана емес, қазақтың кара сөзін де кейде орнымен пайдаланбайды. Мәселен, Ғ. Мұстафин шығармасының бір жерінде сыйырды да босандырады. Ол былай дейді:

"Екеуі сыйырды босанатын бөлмеге енгізді. Асты тақтай, іші жарық, вентиляция, градуснигіне дейін сай, мәдениетті бөлме. Босанған сыйырды екі-үш күн оңаша күтеді осында".

Бұл сияқтыларды келтіре отырып біз мынаны айтқымыз келеді: орыс тілі арқылы енген терминдерді орысшасындай етіп жазудан тіліміз бұзылмайды, қайта түзеледі, шыңдала түседі. Ал егер ғылыми және техникалық терминдерді бұзып жазсақ сыйыр мен қойды, жылқы мен түйені, яғни малды босанады, ал әйелдерді төлдейді десек, нағыз тіл бұзарлықтың өзі осы болады.

Демек, халыққа тез тарайтын және тез қонатын көркем әдебиет саласында терминология мәселесі мықтап ақсаулы, мемлекеттік Терминком қабылдаған терминдерді де әдебиетшілеріміз мүлдем ұқыпсыз пайдаланады. Мұның өзі көбінесе есейген, буыны бекіген жазушылар арасында көп кездеседі. Мәселен, кейбір жазушылар кейде тіпті "жұмысшыны" - "рабочий", шаруаны - "қара шаруа" немесе "крестьян" деп жазады. Әбділдә Тәжібаев өзінің "Гүлден, даласында" көптеген терминдердің шырқын әбден бұзған, "қойшы", "жылқышы", "шошқашы" деген қазақ сөздерінің ізімен формалды түрде кетіп, орыс тілі арқылы тілімізге кірген "почтальон" деген терминді "пошташы" деп жазады. Жасыратыны жоқ, көптеген жазушыларымыз өлі күнге дейін "Москваны" - "Мәскеу", "Сибирьді" - "Сібір" деп жазады.

Біздіңше, мұндайларға енді көнуге болмайды. Өйткені тілдің заңын, тілдегі әрбір жаңалықты білмейтін адам шын мәнісінде жазушы, әдебиетші бола алмайды. Әдебиетшілер шынында, әсіресе біздің жағдайымызда, әрі әдеби терминдерді жаушы да, әрі тілдегі жасалған барлық терминдерді жұртқа дұрыс жеткізуші болуға тиіс. Қазақ совет әдебиетшілерінің тілімізді жетілдіре берудегі бір зор міндеті міне осында.

Терминді ала-құла жазуда тілшілердің де күнәсі мол. Шынында тілімізге орыс тілі арқылы енген терминді, айталық "факт", "парк", "педагог", "банк", "агрессия", "прогресс", "роль" және сондай толып жатқан сөздерді қалай жазу керек, олардың

қазақ тіліндегі жалғаулықтары қалай болуы керек деп сұрасаңыз, тілшілеріміз скі жағынан бірдей туралайды, ақылға қонымды, дұрыс жауап бере алмайды, бұларды зерттеліп, оның нәтижелерін баспасөз бетінде жариялап тұрмайды.

Сондықтан біздің тілшілеріміз бұл проблеманы да әрі тез, әрі толық шешулері керек. Мұнсыз тіліміздің терминологиясын шын мәнісінде дамыта алмаймыз.

Қазақ тілінің терминологиясында әлдеқашан-ақ әбден жоюға болатын кемшіліктердің әлі күнге дейін созылып келуінің тағы бір себебі - бұл жұмыс саласында объективтік сын, істің мәніне жете сынау жоқ. Біздің баспасөз орындарымыз да, газеттер мен журналдар, терминология жұмысыздағы кемшіліктер мен қателіктерді үнемі, терең түрде, өмірлік жаңа проблема көтеріп, сынап отырмайды. Сын көбінесе біреуге жеке терминдер ұнамаса немесе терминология мәселелері жөнінде басқа жолдастардың пікіріне терминология болса ғана анда-санда, оқта-текте сын хабарлары немесе мақалалар түрінде көрініп қалады. Сондықтан мұндай сындар, бұлар да азын-аулақ пайда келтіргенімен, жұртқа терең ой салмайды, белгілі бір, бүгінгі таңда өте қажет проблеманы қалай да шешуге жұмылдырмайды.

Біздің елімізде совет адамдары арасында жүргізілетін сынның мақсаты - "кеткен қателерді түзету, дискуссия арқылы мәселенің дұрыс, маркстік тұрғыдан шешілуін табу, сөйтіп коммунизм орнату жолындағы алып іс пен күреске барлық жұртты жұмылдыру.

Қазақ тілінің терминологиясын дамыта беру ісінде де бізге дәл осындай сын керек.

Тіліміздің ғылыми терминологиясын дамыта беру - қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің бір күрделі мәселесін тыңғылықты шешу деген сөз. Мұндай күрделі проблеманы ойдағыдай шешу үшін тынбастан қажырлы, адал еңбек етудің үстіне бізге көп білім керек, өйткені марксизм-ленинизм ілімінің алтын қазынасын меңгермейінше, қоғамдық дамудың заңдарын жетік білмейінше, заманымызға, халқымызға сай ойдағыдай, жемісті қызмет етуге болмайды.

Коммунистік партияның тікелей басшылығымен біздің халқымыз шаруашылық пен мәдениеттің талай ауыр, күрделі мәселелерін ойдағыдай шешті. Қазақ халқының қазіргі советтік интеллигенциясы бүкіл халықтың көмегімен, партиямыздың басшылығымен, үлкен ағамыз - ұлы орыс халқының бай тілінің ықпалына сүйене отырып, қазақ тілінің ғылыми терминологиясын бұдан былай да дамыта береді.

Баишев С. Тіліміздің терминология мәселелері //
Әдебиет және искусство. 1954. № 1. - 105-115 бб.

КЕЙБІР ГРАММАТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖӨНІНДЕ

Тілімізге орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздер мен сөйлемшелер қазақ тілінің грамматикалық заңдарына бағынып, төл сөзімізбен қатар қолданылып жүр.

И.В. Сталиннің "Марксизм және тіл білімі мәселелері" атты еңбегін және осыған байланысты жазылған мақалалар мен кітапшаларды қазақшаға аудару нәтижесінде жүздеген терминдер қазақ тілі білімі саласындағы сөздік қорды молықтыра түсті. Мектептегі қазақ тілі грамматикасына енген терминдер негізінен тұрақты. Мысалы, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш, егістік, есімдік тағы басқалар. Керісінше, күні бүгінге дейін белгілі-бір жүйеге салынбай, тұрақтамай келе жатқан терминдер де жоқ емес. Профессор С. Кеңесбаев, доцент А. Исқақов, К. Аханов жолдастардың 1951 жылдары жазған грамматикаларында грамматикалық бір ұғымға қосарлы ат тағылады: мысалы, үндестік заңы немесе сингармонизм, орфография немесе емле, сонор немесе үнді, негізгі түбір немесе түбір сөз т.б. Шынында бір ұғымды түрліше атаудың оқушыны шатастырғаннан басқа, пайдасы жоқ. Біздіңше, бұл атаулардың бірін ғана шартты түрде келісілген, тұрақты термин етіп алған жөн.

Мектеп грамматикаларында мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен, сіңісіп кеткен терминдер орнына, кейде жасанды терминдер де кіріп кетеді. Мысалы, "ілгерінді ықпал", "мұрын жолды дыбыстар" деген терминдерді профессорлар С. Кеңесбаев, М. Балақаев және Н. Сауранбаев "ілгерінді ықпал", "мұрын жолдылар" деп алып жүр. "Сонор" термині қолданудан мүлдем шығып қалған. Оның орнына "үнді" термині алынып жүр. Ал "сонор", өзінің түпкі төркініне карамастан, қазақ тілінде ертеден-ақ айтылып, жазылып келеді. Оның үстіне, бұл термин тіл білімі туралы еңбектерде де, орыс тілі грамматикасында да осы күйінде қолданылады. Біздің ойымызша, тілімізге сіңісіп, қалыптасып, мәдени дәстүрге айналып кеткен осы сияқты терминдерді өз қалпында ала бергеніміз дұрыс.

Грамматикалық терминдерді қолдануда ішінара ескіргендерін жаңартып отырған жөн. Мысалы, терминология сөздігінде говор-уақ диалекті, антоним-қарсы мәндес сөздер, словоизменительная приставка-жалғаулар; словообразовательная приставка-сөз тудырушы жұрнақтар ("Қазіргі қазақ тілі" кітабын қараңыз). Оның бер жағында бұл терминдер талқыланып, терминология комиссиясында бекітілмеген.

Қазір кейбір авторлар "Условное придаточное предложение" терминін "шарт бағыныңқы сөйлем" деп жүр. Шынында "шарт бағыныңқылы сөйлем" болуы керек. Өйткені, условное сөзінің қазақшасы "шартты" деген ұғым береді. Мұны қазір грамматикамызда "условное наклонение" терминінің "шарт рай" емес, "шартты рай" болып алынуының өзі-ақ дәлелдейді.

Мектеп грамматикасындағы даулы мәселелердің бірі - шырайлар категориясы. Бұлар түрліше жіктеліп, түрліше аталады. Мысалы, профессор С. Кеңесбаев сын есімнің шырайларын екіге бөліп: талғаулы, таңдаулы; профессор Н. Сауранбаев үшке бөліп: салыстырмалы, таңдаулы, шағын; ал доцент А. Исқақов үшке бөліп: жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай деп мүлдем басқаша атайды. Осы шырайлар жоғары оқу орындарына арналған қазақ тілі грамматикасында төртке бөлініп: жай, салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырай делінеді.

Шырайларды жікке бөлуде және олардың терминдік атауларын қолдануда тіл білімі ғалымдарының арасында түрлі пікір бар. Профессор С.Г. Бархадуров орыс тілінде екі-ақ түрлі шырай (сравнительная, превосходная) бар дейді. А.С. Никулин "Қазіргі орыс тіліндегі шырайлар" атты еңбегінде жай шырайды толық зерттеп, оның шырай категориясы бола алмайтындығын дәлелдеді. Осы ғалымдардың пікірін қуаттай келіп, филология ғылымының кандидаты Ф. Мұсабаев "қазақ тіліндегі сын есім шырайлары" атты еңбегінде "жай шырай" мүлдем жоқ деген қорытынды жасады. Шырайдың бұл түрі профессорлар С. Кеңесбаев пен Н. Сауранбаевтың еңбектерінде де айтылмаған. Олай болса, қазақ тіліндегі сын есім шырайлары үш жікке бөлініп, салыстырмалы шырай, таңдаулы шырай, күшейтпелі шырай деп аталуы дұрыс сияқты.

Грамматикалық синтаксис бөлімінің терминдерінде де ала-құлалық бар. Мысалы, профессор С. Аманжолов "обстоятельство образа действия"-ны "сын-кимыл пысықтауыш" деп атайды. Профессорлар Н. Сауранбаев пен М. Балақаев "ыңғайлас мәнді жалғаулықтар" десе, профессорлар С. Аманжолов пен М. Балақаев "ыңғайлас мәнді жалғаулықтар" дейді.

Қорыта келгенде, терминдердің жөнсіз көбеюі оқушылардың олардың үйренуіне, дұрыс қолдана білуіне кедергі келтіреді.

Сондықтан мүмкіндігінше мектеп оқулықтарына терминдердің ғылыми, практикалық мәні барларын ғана енгізген жөн.

Сонымен қатар практикада әлі бекімеген көптеген термин сөздер де қолданылып жүр. Мысалы, бейтарап, бейнелеуіш сөздер, ерікті қалау рай, тілекті қалау рай, күмәнді сұрақ т.б.

Қазақ тілі грамматикасындағы термин алалықтарын жою қажет.

Тіл білімі саласындағы терминдердің де қоғамдық-саяси мәні зор. Жас ұрпақтың тіл мәдениетін арттырып, лексиконын байытудағы атқаратын ролін ескеріп, терминдерді ғылыми тұрғыдан зерттеп, дамыта беру керек.

Қазақ мектебі үшін орысша-қазақша шағын сөздік жасалса, оқушылардың тіл байлығын арттыруға игі әсер етеді. Бұл үшін тіліміздегі бар терминдерді сұрыптап, жұртшылық талқысына салып, одан кейін мемлекеттік терминология комиссиясына бекіттіріп алуымыз керек. Грамматика терминдерін бір ізге келтіретін мезгіл әлдеқашан жеткен.

Жанұзақов Т. Кейбір грамматикалық терминдер жөнінде// Қазақстан мұғалімі, 1955 жылғы 17 февраль № 9.

ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕР

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының Москвадағы Шет тілдер мен ұлт тілдері сөздіктерінің мемлекеттік баспасымен бірлесіп шығарған. Орысша-қазақша сөздік жайында бұдан бұрында пікірлер айтылды. Соларға қосыла отырып, біздер бұл мақалада сөздіктегі кейбір ғылыми терминдерге тоқталғымыз келеді. Өйткені қазіргі айтылған сын ескертпелер еңбектің екінші басылуында көп кемшілікті түзеуге себепші болады деп ойлаймыз.

Ғылым мен техниканың мықтап өркендеп, тұрмысымызға кең сіңісуі қазақ тіліне де көптеген ғылыми терминдер әкелді. Қазақ халқының көзіргі тілі грамматикалық, лексикалық және семантикалық жағынан бірсыдырғы сараланып, жіктелді. Көптеген оқулықтардың қазақ тіліне аударылуы нәтижесінде биологияның, химияның, физиканың терминдері қазақ тіліне аударылды. Мұның барлығы жаңа сөздіктің ойдағыдай, халықтың өскелең тілегіне сай құрастырылуына мүмкіншілік беретіндігі сөзсіз. Осыған қарамастан, жаңа сөздіктер ғылыми терминдерді аударуда көптеген кемшіліктер жіберілген.

Мұндай ғылыми терминдерді қамтыйтын сөздікті тек тіл мамандарының ғана құрастыруы жеткіліксіз. Сөздікте көптеген ғылыми терминдер енгізілгендіктен, оған басқа мамандардың қатыстырылуы қажет еді. Тиісті мамандардың қатыстырылмауынан бірсыпыра ғылыми терминдер қате аударылған.

Сөздікте **жануарлар** мен **жәндіктер** айырылмайды. Бұл екі сөздің ғылымда екі түрлі ұғым беретіндігін, жануарларға омыртқалылардың, ал жәндіктерге омыртқасыздардың кіретіндігін сөздікті құрастырушылар аңғармаған. Мысалы, котик, амфибия, рептилия - жәндік деп алынған. Ал, шындығында бұлардың барлығы да омыртқалылар болғандықтан жануарларға жатады.

Сөздікте ішек қуыстыларға жататын жәндік **гидра - су жылан**ы деп аударылған, губкаларға жататын бадяга деген жәндік балдыр (суда өсетін өсімдік) деп аударылған.

Сол сыяқты сөздікте **дикобраздарға - кірпікшешеннің бір түрі** деп түсініктеме берілді. Шынында ол кірпікшешен емес, **кемірушілер** отрядына жататын мақұлық. Кітаптің түсіндіруінше, **энтмолог**, жәндіктерді зерттейтін адам емес, насекомдарды зерттеуші. Осыдан шығатын **энтмология**, **энтмологический** деген ғылыми терминдер шатастырылған.

Жало пчелы деген сөз араның бізгегі деп аударылады да, оған: **ауыздағы қару жасайтын істігі** деп түсініктеме беріледі. Шынында бұл араның аузында емес, құйрығының ұшында болады.

Кітапта "қоспа", "қосылыс", "құйма" деген сөздер ажыратылмайды. Бұлардың бірінің орнына екіншісі шатастырылып қолданылады. Ғылымда да, өнеркәсіпте де бұл үшеуінің түбірі айырмашылығы бар, бсрер мәні әр басқа. Мысалы, аллюр деген сөз желіс деп қате аударылған. Шынында бұл сөздің басқа тілдердегі сыяқты қазақ тілінде де қамтыйтын мағынасы кең. Аллюр деп жылқының жалпы жүрісін айтады, оның ішінде аяң, бүлкіл, текірек, жортақ, т.б. бар. Желісті орыс тілінде рысь дейді. Мұның өзі қазақ тіліндегі бар балама сөздердің орынды қолданылмағандығын көрсетеді. Сол сыяқты гуано деген сөзді кең, қый деп аударып, малға апарып таңады. Шынында бұл сөз қазақ тілінде - маңғырық делініп, дәл баламасы беріледі. Қазақтар малды санғып кетті деп ешуақытта айтпайды.

Ассимиляция азота растениями дегенді өсімдіктерде азотпен ассимиляциялау деп алған. Бұл өсімдіктердің азотты ассимиляциялауы (сіңіруі) болып аударылуға тиіс еді. Сондай-ақ, физиология ғылымында біртұтас түсінік беретін сөздер екі бөлініп жіберілген. **Гормон** деген сөзге **ішкі бездердің секрециясынан жасалып, қанға қосылатын зат** деп түсініктеме беріледі. Бұдан бездің өзінде секреция деген бір зат бар екен, ал қанға құятын зат сол бездердегі секрециядан жасалады екен деген ұғым туады. Дұрысында гормон деген ішкі секреция бездерінен бөлінетін зат. Қанға құятын зат (гормон) бездің секрецияларынан емес (дербес без секрециясы деген жоқ), сол жалпы ұғымдағы секреция бездерінен жасалады. Сол сыяқты, **амфибияға** кітаптағыдай көп сөзбен, шұбырта түсінік бермей-ақ, қос мекенді жануарлар деп түсінік беріліп, олардың кейбіреулері аталса да жетер еді.

Аудармашылар **эритроцитты - қызыл қан ұрықтар** деп аударып, қанның қызыл түйіршіктерін ұрыққа айналдырып жіберген. Ұрық пен қанда болатын түйіршіктердің арасында үлкен айырмашылық бар. Қан түйіршіктері ешуақытта ұрықтың дәрежесіне жеткен емес. Ұрық деген сөздің ұғымы ғылымда мүлдем бөлек. Сондай-ақ **условный және безусловный рефлекс**тер кітапта **туа біткен және өмірде пайда болатын рефлекс** делінген. Бірақ, кезір ғылымда бұлар **шартты және шартсыз** рефлекс деп аталып, жұрттың ұғымында сіңіп кеткен.

Закись азота деген химиялық термин **азот қышқылы** деп аударылған. Шынында ол азоттың **шала тотығы**. Авторлар "**азотная кислота**" мен "**закись азота**" дегендерді шатастырып, бірінің орнына бірін жазған. Сол сыяқты, **двуокись - қос қышқыл** деп алынған. Мұндай қышқыл химия ғылымында әзірге ашылған емес. Ол **қос тотық** деген сөз. **Едкий натр**, авторлардың аударғанындай, **ащы натр** емес, **күйдіргіш натр**. **Насыщенный раствор** - **шылыққан ертінді** емес, **қаныққан ертінді**. **Атмосфера** деген сөзге жер шарын қаптап тұрған, газ тәрізді, көзге көрінбейтін газ деп түсініктеме берілген. Атмосфера дұрысында **жер шарының ауа қабаты** деп аударылуға тиісті. Авторлар **гелийді** ең жеңіл газ деп аударып, одан да жеңіл сутегін елемеген. **Гидролиз** - **тұздарды химиялық**

жолмен судан ажырату деп алынған. Оның дұрысы - **түздарды су арқылы** (суды пайдалану арқылы) **ажырату**. Бұл екі түсініктің арасында түбірлі айырмашылықтың бар екендігі қазақ тілін білетін әрбір оқушыға түсінікті болуға тиісті. Сол сыяқты **углеводтың - көмірсутегі** делініп аударылуы да дұрыс емес.

Авторлар кейбір жеке сөздер жөніндегі өздерінің түсініктеріне шұбаланып, бір затқа әр жерде әртүрлі ұғым береді. Мысалы, цинк, үшінші жерде - қалайыға (олово) айналып кетеді. Мұнда павлин да - тоты, попугай да - тоты болыпты.

Сөздікте жалпы алғанда 300-ге жуық ғылыми сөздер қате аударылған немесе оларға теріс түсінік берілген. Ал, олардың кейбіреулерінің қазақ тілінде баламасы бола тұрса да, авторлар оны жазбаған.

Кітаптың авторлары сөздіктің ойдағыдай шығуына жете көңіл бөлмеген. Дегенмен, бұл кітаптың қазақ оқушыларының орыс тілін үйренуіне едәуір көмек болатындығы сөзсіз. Келесі басылуында кітаптағы мұндай қателіктер мен кемшіліктер ескерілуге тиісті.

М.Нұрышев, Қ.Мақашев. Ғылыми терминдерді
аударудағы кемшіліктер //«Социалистік Қазақстан».
1955, 3 апрель. - № 79.

КЕЙБІР ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНДЕР ТҮСІНІКТЕМЕСІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕР

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты мен Москвадағы шетел тілдері мен ұлт тілдері сөздіктерінің мемлекеттік баспасы бірлесіп жасаған Орысша-қазақша сөздіктің жарыққа шығуы қуанарлық жай. Биология, химия, физика және ауыл шаруашылығы саласында көп қолданылатын ғылыми терминдер енгізілген бұл сөздіктің жоғарыда айтылған ғылымдармен шұғылданатын адамдар, әсіресе, қазақ кадрлары үшін маңызы орасан зор. Сөздікте биология мен химияның көптеген терминдері берілген. Сөздікті құрастырушылар ғылыми терминдердің көбін дұрыс және түсінікті етіп бере білген.

Елімізде ғылым мен техниканың шарықтап өркендеуі қазақ тілінде көптеген ғылыми терминдердің пайда болуына үлкен игілікті әсер етті. Кәзіргі уақытта оқулықтардың көпшілігі қазақ тілінде баламасы табылып немесе аударылып алынып жүр. Осының бәрі жаңа сөздіктің идеялық және ғылыми жағынан ойдағыдай құрастыруына баға жетпес мүмкіндік әперді. Солай бола тұрса да, бірсыпыра ғылыми терминдер өз дәрежесінде емес, кейбір терминдердің мағнасы бұрмаланып, теріс түсіндірілген. Мақаламызда біз осы кемшіліктерге тоқталғымыз келеді.

Сөздікте алебастр - ақ гипстін бір түрі делінген. Шынында, гипстен 180 градуске дейін қыздырғанда ғана алебастр алуға болады. Олай болса, алебастрды - күйдірген гипс деп алу орынды еді. Сол сияқты аммоний - азот пен сутегінің қосындысы, аммиак-азот пен сутегінің қосындысынан жасалған ащы иісті түсті газ деп түсіндірілген. Бұлай болғанда аммиак пен аммонийдің бірінен бірінің айырмашылығы қайсы? Дұрысында, аммонийдің құрамында азот, оттегі және сутегі болады.

Сөздікте ангидрид - су қосқанда қышқылтымға айналатын құрғақ тотық деп алынған. Оны бір сөзбен қышқылдық тотықтар десе де жеткілікті болатын еді. Бұдан әрі ангидрид - су қосқанда гипске айналатын құрғақ күкірт қышқылтымды кальций деп түсіндірілген. Бұл қайдан келген термин? Шынында, химияда ангидрид деген термин осы уақытқа дейін жоқ. Анод - болымды етіліп зарядталған электрод делінген. Бұл терминді оң электрод деп түсіндірсе, дұрыс болар еді.

Бивень деген зоология ғылымындағы терминге азу (қабанның я пілдің т.б. ұзын таяқ тісі) - деп, теріс түсінік берілген. Бивень тек пілде ғана болады, оның үстіне азу тісі емес, күрек тісінің өзгерген түрі. Букашка - шыбын-шіркей деп

алыныпты. Бұлай деу орынсыз. Сол сияқты бычок - бұзаубас деп дұрыс аударылмаған. Бұзаубасты орыс тілінде медведка деп атайды.

Артерия және вена деген анатомия ғылымына жататын екі терминнің екеуі де - күре тамыр делінген. Влагалище дегенге қынап, өсімдіктің қынабы деп түсіндірме беріледі. Ал бұл - жануарлар жатынының бір бөлімі. Гидра - жеті басты айдаһар, ал екінші бір жерде - су жыланы деп аударылған. Шынында, бұл ішек қуыстыларға жататын қармалағышы бар, отырып өмір сүретін жәндік. Губкалар типіне жататын бадяга деген жәндікке өсімдіктер қатарына жататын балдыр деп түсінік берілген.

Орысша-қазақша сөздікте бірқатар терминдердің мағнасын дұрыс бермегенін жоғарыда айттық. Пікіріміз дәлелді болуы үшін, бірнеше мысал келтірейік. Гремучий газ - шыртылдауық газ делінген. Оны күркіреуік газ десек, дұрыс та түсінікті болар еді.

Құрастырушылар биология ғылымына жататын кейбір ғылым саласына байланысты терминдерге де дұрыс түсінік бере алмайды. Олардың ойынша, энтомолог - жәндіктерді зерттейтін маман болып шығады. Жалпы жануарларды зерттейтін ғылымды зоология деп атайды. Ал энтомология - насекомдар туралы ғылым, сондықтан энтомолог - насекомдарды зерттеуші. Сол сияқты генетика - генетика (организмнің дамуын, тұқым қуалауын және олардың өзгергіштігін зерттейді) делінген. Шынында, генетика организмдер дамуын зерттемейді.

Дарвинизмге - жан-жануар, өсімдіктердің түрлерінің шығуы және дамуы табиғи іріктелу жолымен болады дейтін ілім деп анықтама берілген. Бұған қарағанда, дарвинизм тек табиғи сұрыпталу бар деп, қолдан сұрыптауды жоққа шығаратын ілім бе деген екіұшты ұғым туады. Дарвин қолдан сұрыптауға да ерекше назар аударған.

Орысша-қазақша сөздікте грач - құзғын қарға деп теріс аударылған. Шынында, грачмыз - ұзақ. Сол сияқты грена - жібек құртының ұрығы деп түсіндірілген. Бұл тіпті дұрыс емес. Жібек құрты ешқашан ұрық бермейді. Жібек құртының өзі жібек көбелегінің личинкасы. Ал, жібек құртының жұмыртқасын ғылым жүзінде грена деп атайды. Осы гренадан барып личинка немесе жібек құрты пайда болады. Сонымен бірге гусеница - шыбын-шіркейлердің құрт дәуіріндегі түрі деп алынған. Шынында, гусеница личинканың бір түрі. Зоологияда көбелектің личинкасын көп жағдайда гусеница деп атайды.

Сөздікте двукопытные - аша тұяқтылар деп алыныпты. Оны жұп тұяқтылар деген дұрыс. Себебі жұрттың ұғымына осылайша сіңіп кеткен. Жанат төрізді ит - енот тек жанат деп, бұлғын - соболь, керісінше, бұлғын болып, ақкіс - горностай, мүлде басқаша ақ тышқан делініп, күзен - хорек - сасық күзен болып аударылған.

Құрастырушылар кейбір терминдерді толық бермеумен қатар, олардың мағнасын тіпті өзгертіп жіберген. Мысалы, солитер – ішек құрты делінген. Бұлай деу түсініксіз. Солитер дегеніміз таспа құрттың бір түрі. Каракатица – теңіз құрты делінген. Ал каракатица – құрттар типіне жағпайды, керісінше, моллюскалар типінің бас аяқтылар тобына жататын жәндік.

Кітапта клевер – жоңышқа, беде, сол сыяқты люцерна да – жоңышқа беде деп аударылған. Бұған қарағанда, клевер мен люцерна өсімдіктері бір екен деген мағна туады. Практикада қазақтар клеверді – жоңышқа, ал люцернаны – беде деп алып жүр. Сөздікте де осылайша алған дұрыс болатын еді.

Құрастырушылар бір сөздің мағнасын бұзып, екінші бір мағна беретін сөздерді алған. Клоака деген биология ғылымына жататын терминді қатпаршақ (кейбір жәндіктердің асқазан каналының түпкі бөлімі) деп ала салған. Ал ғылымда клоака деген терминнің мағнасы кейбір жануарлардың несеп, нәжіс және тыныс түтіктерінің бірігіп, бір жерге құюын атайды. Мысалы, клоака бақаларда, төменгі сатыдағы сүтқоректілерде т.б. жануарларда болады. Сол секілді, эритроциты дейтін анатомия ғылымының терминін қызыл қан ұрықтары деп аударып, қанның қызыл түйіршіктерін ұрыққа айналдырып жіберген. Амфибия – амфибия делінген. Бұл терминді қосмекенділер деп алса, түсінікті де, ғылыми жағынан дұрыс та болады.

Жужелица – түнде ұшатын қоңыз делінген. Түнде ұшатын қоңыздар өте көп. Сондықтан түнде ұшатын қоңыздардың бәрін жужелица деп ала беру орынсыз. Жужелицаны ызылдақ сасық қоңыз деген орынды. Зоопарк – зоопарк делінген. Шынында, айуанаттар бағы деп аударған жөн. Сол сыяқты лунь – ителгі, ақсары делінген. Дұрысы – кезқұйрық. Синица – сары шымшық деп аударылған. Олай болса, дрозды не деуге болар еді. Кобчики – қырғый деп, пустельга – бөктергі, полевка – сұр тышқан болып теріс аударылған. Кобчикиді – жағалтай, пустельганы – күйкентай, полевканы – дала тышқаны деп алса, дұрыс болар еді.

Жало пчелы деген сөз – араның бізгегі деп алынып, оған ауыздағы қару жасайтын істігі деген түсінік берілген. Шынында, араның бізгегі ауызында болмайды, керісінше, құрсағының ұшында болады.

Козодой – ешкіемер (құрт-құмырсқа жейтін бір құс) деп дұрыс аударылмаған. Бұлай деу мүлде дұрыс емес. Өйткені жәндіктердің көпшілігі денесінен арнаулы сілекей затын бөліп шығарады. Осы зат ауада кеуіп, қатты затқа айналады. Осындай заттармен, әсіресе, насекомдар өздерінің жұмыртқасын қоршайды. Мұндай қасиет жібек көбелегінде де болады.

Авторлар кейбір жеке сөздер жөнінде өздерінің түсініктерін шұбалаңқы етіп, бір терминге әр жерде әртүрлі ұғым береді. Мысалы, синица да – сары шымшық, дрозд да – сары шымшық болып алынған. Сол сыяқты павлин да тоты, попугай да – тоты болыпты.

Қорыта айтқанда, сөздікте көптеген ғылыми терминдер қате аударылып, оларға теріс түсініктер берілген. Бұлардың көпшілігінің қазақ тілінде дұрыс баламасы болуына қарамай, авторлар оларды өздерінің жемісті еңбегінде дұрыс пайдалана білмеген.

Сөздікте қате кетудің ең басты себебі, оны жасауға тіл мамандарынан басқа мамандардың аз немесе тіпті қатыстырылмауының салдары ма деп ойлаймыз. Көпшілікке ортақ, мұндай құнды еңбектердің екінші басылуында бұл қателер мен кемшіліктердің болмауы қатты ескерілуге, бұл үшін сөздік жасауға басқа мамандар да кеңінен қатыстырылуға тиіс.

Меирманов Е. Кейбір ғылыми терминдер
түсіндірмесіндегі кемшіліктер//
"Социалистік Қазақстан", 1955, 11 тамыз, № 33

МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНДА

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы орысша күрделі қысқарған сөздерді - терминдерді қазақ тілінде қолдану туралы мәселе қарады. Мына сөздерді қазақ тілінде орысша жазылатын түрінде қолдану ұйғарылды:

қазақ әлдеқашаннан бері сіңісіп кеткен орыстың қысқарған термин сөздері: колхоз, совхоз, комсомол және басқалар;

қазақ тілінде қысқарған термин сөздерге дәл келетін орысша қысқарған термин сөздері: компартия, коминтерн, комуниверситет, партсъезд, РСФСР, УССР, обком, губком, партком, партбюро, РКП, ГДР, ҚазТАГ, МТС, МТМ, МДС, сельсовет, фабзавком, ФЗУ, фабзавуч, тағы басқалары;

бастапқы әріптері немесе буындары реті жөнінен қазақ тілінде қысқарған сөздердің бас әріптерімен және буындарымен міндетті түрде сай келмейтін, орысша қысқарған термин сөздер, мысалы РКП(б);

ғылым мен техника саласындағы шартты қысқартулар, телеграф агенттіктерінің, фирмалардың, фабрика-завод маркаларының қысқартылған аттары, мысалы: Н2О, ТАСС, Синьхуа, Рейтер, ЗИМ, ЗИС, СТЗ, ХТЗ, ТЭЖЭ, ДОТ, ДЗОТ және басқалар.

Бастапқы сөздердің қысқарған буындарынан және одан кейінгі сөздердің толық формасынан құралған мекемелердің, кәсіпорындардың және олардың бөлімдерінің аттары қазақ тілінде толық аударылып қолданылады. Мысалы: госаппарат, парторганизация, - партия ұйымы және басқалар.

Күрделі қысқарған сөздерді қазақ тілінде қолданудың басқа мәселелері әлі талқылануда.

ҚазТАГ, Мемлекеттік терминология комиссиясында//
Қазақстан мұғалімі. 28 июль. 1955. № 31 (144).

ТЕРМИНДЕР ЖАЙЫНДА

Қазақ халқының мәдениеті мен экономикасы, өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы күн сайын ілгері басып, дамып отыр. Осындай игі жағдай ұлт мәдениетінің негізгі бір саласы - қазақ тілінің де дамуына ерекше әсерін тигізіп келеді. Кәзірде кеңінен байып жетілген, қазақ әдеби тілінің арнасы ғылыми терминдермен ұштасып жатыр.

Тілімізге ұлы орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген терминдер мен сөйлемдерді қалыптастыру, оларды тілдік нормамызға бағындырудың заңдылықтарын зерттеу, ертеректен қолға алынып келе жатқан жұмыс. Негізінде қазақ тілі терминдерін жыйнап, бір жүйеге келтіру мемлекеттік мәні бар мәселе. Бұл жұмыспен Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы шұғылданып келеді. Бұл ұйым қазақ тілі терминологиясын жасаудағы ұзақ жылдық тәжірибеге сүйеніп, осы тұрғыда көптеген еңбектер жасады.

Мемлекеттік терминком бекітіп, баспадан шыққан "Тіл білімі терминдерінің сөздігі" мен баспадан жуырда шығатын "Биология терминдерінің сөздігі" жақсы бастама. Ғылымның басқа салалары бойынша да осындай сөздіктердің шығуын жұртшылығымыз асыға күтіп отыр.

Алайда қазақ тілі терминологиясында көптеген кемшіліктер бар. Ең алдымен, жеке терминдерге берілген қазақша баламаларда бір ізділіктің жоқтығы байқалады. Әрине, бұл жағдай терминге балама беруде қазақ тілінің өзіндік заңына, оның лексикасына жеке көңіл бөліп, ізденбегендіктің салдарынан туған. Мұндай кемшіліктер күнделікті баспасөз беттерінде, тіпті екі тілді сөздіктеріміздің өзінде де кездесіп жүр. Оны мына төменгі салыстырма мысалдардан көруге болады. Мысалы: терминология сөздігінде: Бархан - үрме құм, гавань - кеме тоқтайтын жер; орысша-қазақша сөздікте (1946 ж.): бархан - шағыл гавань - тығырық, гавань; орысша-қазақша сөздігінде (1954 ж.): бархан - құм, төбе, гавань - айлақ деп аударылған.

Гавань терминіне берілген баламалардың ішіндегі "айлақ" дұрыс сыяқты. Кемелердің бір жерге жыйналып тоқтайтын жерін республикамыздың теңізді аудандарында айлақ деп атайды. Бұл сөз "гаваньға" тұжырымды балама бола алады. Бархан терминіне берілген үрме құм, шағыл деген баламалар оның мағнасына сәйкес емес. Бархан - жел айдап әкеп, үйіп тастаған, сусымалы үйме құмдар. Әр жерде төбе-төбе болып үйіліп қалған мұндай құмдардың биіктігі 0,5 метр, одан да биік болады. Олай болса, үрме құм да, шағыл да, үйме құм да тынақты балама бола алмайды. Сондықтан бастапқы атау қалпында алынғаны мақұл.

Кей жағдайда термин аудармасына атүсті қарап, олардың баламасын болжалмен бере салушылық та кездеседі. Терминология сөздігінің әлсуметтік экономика бөлімінде атака - шабуыл, зарплата - жалақы деп аударылған. Бұл баламалар терминнің ақиқат мағынасын білдіре алмайды. "Шабуыл" - наступление сөзіне тән балама. Атака - атака, лап қою. Ал зарплатаның қазақша сөзбе-сөз аудармасы "жұмыс ақысы", ал "жалақы" наемная платаның сөзбе-сөз аудармасы екені анық. Бұл екеуінің арасында үлкен айырмашылық бар. "Наемный труд" болса, жалдама еңбек дейміз (Орысша-қазақша сөздік, 370-бет, 1954). "Жалақы" деген терминді күні бүгінге дейін қолданып келуіміз орынсыз. Социалистік қоғамда жалдама еңбек жоқ. Еңбек социализм тұсында эксплуатациядан азат болып отыр. Еңбекке қабілеті бар әрбір СССР азаматы социалистік қоғамда еңбек етуді өзінің абройлы міндеті мен азаматтық борышы деп санайды. Олай болса, саяси жағынан ұстамсыз мұндай терминдер қайта қарауды керек етеді. Зарплата терминінің қазақша баламасы "еңбекақы" болып қолданылуы керек.

Қазақ тілі терминологиясын жасаудың өзіндік принципі бар. Ол принципті бұрмалап, жете көңіл бөлмеушілік те кездеседі.

Терминология сөздігінің физика бөлімінің терминдерінде (1946 ж.): близорукий - сығыр көз, орысша-қазақша сөздікте (1946 ж.): близорукий - жақыннан көргіш (жуық көз), орысша-қазақша сөздікте (1954 ж.): близорукий - алыстан көрмейтін, жуықтан көргіш деп аударылған. Бұл сөздерге берілген баламалар оқушы жұртшылықты қанағаттандыра алмайды.

Аудармашылар "близорукий человек" деген тіркесті "сығыр көз адам", "жақыннан көргіш (жуық көз) адам" яки "алыстан көрмейтін адам" тіркестері бойынша аудармақ па?

Біздің пікірімізше, бұл аудармалар (баламалар) мағынасы жағынан ықшамсыз және тыянақсыз. Мұндай сөздердің халықтық ұғымға әрі дәл, әрі жатық баламаларын тауып қолдану қажет. Тіптен близорукий сөзінің өзі термин емес, мұнда ешбір терминдік қасиет жоқ. Сөздіктерімізде кездесетін бұл сыяқты екіұшты баламаларды бір ізге келтіріп, нақтылы, тұжырымды балама беретін мезгіл жетті.

Әрі орысша, әрі қазақша жарыса қолданылып жүрген терминдердің негізінде бір варианттың қолдануымыз керек.

Терминология мәселесі орфографиямен тығыз байланысты. Оларды қолдануда орфография заңына сүйенеміз. Бірақ та қазақ тіліндегі кейбір терминдерді жазудың орфографиясы тыянақты түрде шешілмей отыр. Мысалы: он бес мың центнерші, жиырма мыңшы сыяқты ауыл шаруашылығымыздың дамуына байланысты туған терминдердің жазылу принципі әлі белгісіз. Бұларды бөлек я бірге жазуды жұртшылығымыз күні бүгінге дейін ажырата алмай келеді. Сол

сыяқты қазақ тіліндегі географиялық атауларды, кісі аттары мен фамилияларды дұрыс жазуда да бір ізділік жоқ. Қазақ тіліндегі еріндік дауыстылар (о, ү, ұ, ө) орыс графикасында басқаша беріліп жүр. Мысалы: Оспан - Успан, Өтеп - Утеп, Орал - Урал, Дүйсен - Дюсең, Қара төбе - Кара тубе, Көкшетау - Кокчетав т.б. Тілалды "ж" әрпінің алдынан орысша жазылуда "д" әрпін қабаттастырып, сірестіріп қоюшылық заңға айналып кеткен.

Мәселен: Үржар - Урджар, Саржас - Сарджас, Жанпейісов - Джанпейсов, Мұхаметжанов - Мухамеджанов т.б.

Негізінде географиялық атаулар мен кісі аттарын, фамилияларды жазуда белгілі бір ереже болуы тиіс.

Қазақ тілі терминологиясын ғылыми жолмен зерттеудегі және бір ізге түсіретін мәселенің бірі - термин қосымшаларының (аффикстерінің) жалғану заңдылығы. Алайда, бұл мәселе ғылыми тұрғыда зерттелмегендіктен әлі де бір ізге түспей келеді.

"Сөздің соны -ский, ское, ская, -ный, ний, ное, ная қосымшаларына біткен терминдерге қазақша "лық" қосымшасы жалғанады" - деген ережеміз бар. Алайда бұл екі ұштылау ереже. Терминдерге жалғанатын қосымшалар қазақ тілінің грамматикалық заңына байланысты жалғанады. Бірақ та кейбір жолдастар, жоғарыда айтып кеткен қосымшалардың құрылысы жағынан әртүрлі екенін ажырата алмайды. Сондықтан жаңағы қосымшалар келген терминдерге "лық" ты жалғай береді. бұл теориялық, әрі практикалық жағынан негізсіз. "Лық" қосымшасы барлық жерде жалғанбайды. "Лық" қосымшасының көбіне тәуелденген сөздерге жалғанбайтынын байқауға болады.

Терминде кездесетін бұл сыяқты алалықтар мен жүйесіздік мектеп оқушыларының лексиконын мағналы, анық және өткір сөздермен байытуына сөзсіз кедергі келтіреді. Сондықтан қазақ тілі терминологиясының мемлекеттік маңызы бар екенін ерекше еске ала отырып, оның қолдану сапасы мен зерттелу проблемаларын дұрыс жолға қоюымыз керек.

Т. Жанұзақов. Терминдер жайында//
"Қазақ әдебиеті", 1956 ж., 28 қыркүйек

ТАҒЫ ДА ТЕРМИНДЕР ТУРАЛЫ

Қазіргі қазақ тілінің жете шешілмеген мәселелерінің бірі - термин мәселесі. Мұның күнделікті тәжірибеде көптеген кедергіге душар етіп жүргені белгілі. Сонда да болса, бұл жөнінде әлі күнге дейін жұртшылық пікірі ортаға салынған емес. Мемлекеттік терминологиялық комиссияның термин жөніндегі әр мезгілдегі шешімдері түгелдей ғылыми принципке негізделген деуге болмайды. Термин мәселесіндегі әртүрлі пікірдің, шалағай ұғымның кесірі газет, журнал тәжірибесінде де жиі көрініп жүр. Бұл халықтың сауатты жазуына әсте де пайда бермейтін құбылыс. Сондықтан да термин жөнінде, оның қазіргі әдеби тілде қолданылуы жөнінде пікір айтуды мақұл санадық.

Терминді тұрақтандыру, жаңа терминдерді қабылдау ісіндегі кемшіліктің басы - термин деген ұғымды ғылыми негізде түсінбей, оған жалаң, схоластикалық тұрғыдан келуде жатыр. Сол үшін, ең алдымен термин деген сөздің мәнін ұғынуымыз керек. Онсыз жерде, көзіргі баспасөзде, аудармада кездесіп жүрген былықтан құтылу мүмкін емес.

Термин жөнінде ғылыми әдебиетте үш түрлі ұғым бар. Біріншіден, термин бір мағналы сөз болу керек, оның ауыспалы мағынасы болуға тиіс емес. Егер сөз ауыспалы мағынаға ие болса, ол терминологиядан жалпы лексикаға ауысады. Термин белгілі бір ғылыми мамандықтың адамдары арасында қолданылатын сөз. Жалпыға бірдей түсінікті сөз термин болып саналмайды. Мысалы: дала (степь), жазық (равнина), ауа (воздух), толқын (волна) дегендер географияда, физикада бір кезде термин болғанмен, көзір жалпыхалықтық лексика болып кетті. Сол сыяқты **социализм, коммунизм, коммунист, совет, колхоз** деген сөздер де осы күнде жалпыхалықтық лексикаға айналып отыр.

Онан соң, термин сөздер дерексіз заттардың атауы екені мәлім. Мысалы: атау (номинатив), табыс (аккузатив), т.б. Ал деректі заттардың атауы ғылыми терминге жатпайды. Өйткені олар көбінесе өздерінің пайда болған ортасында өзіне тән атауға ие болады да, басқа тілге сол қалпында ере келеді. Мысалы, трактор, бульдозер, комбайн, станок, пресс сыяқты сөздер қайда болса да өзінің бастапқы атымен аталып жүр. Оларды басқаша атаудың қажеті де жоқ. Рас, мұндай сөздердің кейбіреулерінің қазақ тіліне аударуға оңай-ақ келетіндері де бар. Оларды аударудан ешбір залал жоқ. Мысалы, **картофелосажалканы - картоп отырғызғыш; свеклоподъемникті - қызылша жұлғыш** немесе **қызылша** көтергіш дегеннен ешқандай зыян таппаймыз.

Термин сөздерінің осы айтылған ерекшеліктеріне көңіл бөлмеген аудармашылар қарапайым, жай атауларды да термин қатарына апарып метафизикалық түрде қолданып жүр. Мысалы, быйыл газеттерде Батыс Германия туралы қысқа хабар басылды. Онда "Бундестаг көпшілігі мен Батыс Германия

халқының арасында аса терсең шыңырау туды" деген сөйлем бар. Біз әрі-бері оқып мұндағы айтылмақ болған ойды орысша тексімен салыстырып әрең ажыраттық.

Біздіңше, газетте анда-санда ұшырап қалатын сірескен, әріпшіл аудармалар кездейсоқ туған емес. Ол терминнің басқа сөздерден айырмашылығы ескермей, қысылып, қалайда сөз орнына сөз табу әлегінен шыққан құбылыс.

Сол сыяқты "пушечное мясо" дегенді "зеңбірек жемтігі" деудің қандай өрескел екенін ҚазТаг аудармашылары аңғара ма екен. Жемтік деп қасқыр жеп кеткен малдың қалдығын ғана айтады. Зеңбіректің жемтігі - зеңбіректі бірдеме жеген, соның қалдығы деген ұғым беріп тұр. Сондай-ақ, ұзы дружба дегенді - достық дәнекерлері, "большие деньги" дегенді үлкен ақшалар деп теріс аударғандарды да көріп жүрміз.

Аударманың дәлдігі туралы орыс халқының атакты философ-жазушысы Н.Г. Чернышевский: "Аударма ең алдымен, көпшілікке түсінікті болуы керек, егер олай болмаса, ол аударманың не керегі бар" деген еді. Аударманы халыққа түсінікті, жатық етіп ұсынатын мезгіл жетті. Жоқ әлде ғылым, техника, саясат мәселелерін қазақшалап беруге тіліміздің мүмкіншілігі жетпей ме. Тіпті де олай емес. Бұған мысалға физика-математика ғылымдарының кандидаты О. Жәутіковтің жоғары математиканың аса қиын ұғымдарын қазақшалап бергенін оқығанда, тіліміздің байлығына шүбә қалмады. Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті А. Машановтың "Таулар қалай құрылған", "Жер сілкіну", "Жер құрылысы" т.б. кітаптарын рахаттана отырып оқисың. Бұл кітаптардың аты ғана қазақша емес, тілі, сөз нақышыда нағыз қазақша.

Төл шығармаларын ұғымды етіп жаза білетін кейбір жазушыларымыздың да аудармаға келгенде, шоқырақтап қалып жүр. Мұның да себебі аударманың оригиналынан шыға алмай, дәл аударамыз деп тырысушылықта жатыр. Мұның қазақ тілінің лексикасының өсуіне, дамуына залалы тиіп отырғаны да айқын. Қазақ тілінде аббревиатура қысқарған сөздер жоқ деп табылғаны да бұған дәлел. Тіпті жана ғана қалыптасып келе жатқан СОКП, ССРО сыяқты қысқарған сөздерді өкімшілік жолмен өзгерту фактісі да бұл мәселенің дұрыс шешілмегенін дәлелдейді. Бұл сыяқты әрекеттер тіл ғылымы теориясынан хабары жоқ, кейбір құрғақ белсенділерден шығып отыр. Олар терминкомның "Тіл білімі терминдері" деген шағын еңбекте "мужской род", "женский род", "средний род" деген тауларды қазақша қабылдатқанын қалай түсінуге болады. Егер осы әдісті басқа да сөздерге қолдансақ, статический, штатский, оптическая сила, диэлектрическая среда, динамическая энергия дегендерді де сол қалпында алу керек болады. Термин алу жөніндегі былықтың басы - осы айтылған "средний родтар" болады. Бұл белсенділердің бел алып кеткендігі соншалық, проф. Т. Тәжібаев өзінің аббревиатура жөніндегі ғылыми дұрыс пікірін жұртшылық қолдап отырғанның

өзінде де терминком мәжілісінде өткізе алмады. Өйткені бұл мәселе ғылыми айтыс негізінде шешілген жоқ, жеке адамға табынушылық жолымен шешілді.

Кейбір қалыптасқан терминдердің де қайтадан өзгеріліп жүргендері аз емес. Мысалы "кризис" дегенді "дағдарыс" деп талай жыл жазып келсек, биыл терминкомның қаулысымен оны қайтадан "кризис" деп жазатын болдық. Сол сияқты тұрақталып кеткен көптеген термин сөздерді аудармашылардың пікірі деп, Партия тарихы институты атынан өзгеріс енгізуге көбінесе терминком председателінің орынбасары С. Балмашев жолдас себепкер болып келеді.

Егер терминком өзі бекіткен терминдерін өздері құбылта берсе, оның іс жүзінде қолданылуын бақылайтын орын болмаса, терминдерді қолдануда алалықтар бола беру сөзсіз. Сондықтан термин мәселесін аударма процесімен араластырмай, өз алдына жеке қарап, оның тұрақтануына зер салу қажет.

Мұсабаев Ф. Тағыда терминдер туралы//
"Қазақ әдебиеті", 1956 жыл № 48, 30 қараша.

БІР ТЕРМИН ЖӨНІНДЕ

Жалпы терминдердің, әсіресе күнделікті қолданылатын қоғамдық-әлеуметтік, саяси терминдердің баламасын дұрыс берудің үлкен маңызы бар. Терминдердің баламасындағы үйлеспеушілікке, қателікке қарсы күрес терминдердің қалыптасуы үшін, әдеби тілдің қалыптасуы үшін күрес болып табылатындығы түсінікті.

Қазақ тілінде қолданылғанына бір талай уақыт болса да дұрыс балама ала алмай жүрген кейбір терминдер бар. Солардың бірі - "критика" және "самокритика". Қазақ тіліндегі қазіргі алынып жүрген балама "критика" және "самокритика" терминдерінің ұғымын дұрыс бере алмайды.

Шынында, "сын" деген сөз "критика" деген сөздің ұғымын бергенмен, көлемін толық қамтый алмайды. Бірақ біздің тоқтайық деп отырғанымыз тілімізде өз қызметін біркелкі атқарып келе жатқан "сын" сөзі туралы емес. Әңгіме термин ретінде қалыптасқан "сын" және "өзара сын" сөздерінің екінші бөлегінде.

"Самокритика" сөзі адамның өз ісіне өзінің сын көзімен қарауын, яғни өз кемшілігін өзі ашық, айқын, жасырмай айтуын білдіреді. Біздің қоғамдық болмыс әрбір совет адамын жұмыстағы кемшілікті, біреудің кемшілігін ашық айтумен қатар, өз олқылығын да бүркемей, өзіне өзі сын көзімен қарауға үйретеді. "Самокритика" сөзінің қазақшасынан осы жай толық көрінбейді. "Өзара сын" деген сөздерден дәл "самокритика" сөздің ұғымындай, өзін өзі сынау деген өткір ұғым шықпайды, қайта, керісінше, әлсіз, жұмсартылған, сол "өзара" қалпын сақтап, кейбір реттерде келісімпаздық рай білдіретін ғана ұғым шығады. Бұл дәрежесінде "өзара сын" сөзі "самокритика" ұғымын емес, "критика между собой" немесе "взаимная критика" дегенге жуық ұғымды береді.

Дұрысында, алдыңғы "сын" деген сөз жалпы сын ұғымын білдірумен қатар, "өзара сын" деген ұғымды да білдіре алады, өйткені сын сөзсіз біреуге не бір жағдайға сын екені белгілі ғой. Сондықтан "сын және өзара сын" терминінің "өзара сын" бөлігін алып тастап, оның орнына неғұрлым ұғымды дәл беретін сөздерді қалыптастыру керек. Бұрмаланып шыққан екінші бөліктің орнына ұғымды ашық беретін "өзін сынау" сөздерін балама етіп қолданса, біздіңше, "самокритика" сөзінің ұғымы берілер еді және бұл сияқты үлкен қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар терминнің сипатына жуықтар еді. Сонда толығы "сынау және өзін сынау" немесе "сын және өзін сынау" болып шығады.

Мүмкін бұдан да жақсы балама табылар. Оны терминология комиссиясы ойлануға тиіс. Қалайда "самокритика" термині қазақ тілінде өзіне сай ұғым беретін жақсы баламасын иеленуі керек.

ТЕРМИН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

Социализм дәуірі әкелген ұлы өзгерістер - ғылым мен техниканың өндірістің шалқып өсуі қазақ тіліне әсерін тигізбей қалған жоқ. Тіліміздің сөздік қоры мен сөздік құрамы экономика және мәдениет саласындағы қол жеткен жетістіктерге сәйкесті кемеліне келіп дамыды. Мәнерлі сөздермен, жаңа атаулармен молықты.

Қазақ терминологиясын жасау ісі 1930 жылдардан бастап қолға алынды. Осы жылдарда бұрын қазақ ұғымында кездеспеген, қазақ үшін жаңалық боп есептелетін, голып жатқан термин сөздерді қазақ тілінің ерекшеліктеріне сай бір ізге түсіру жұмыстары басталды. Рас, алғашқы кезде терминдердің тілімізге сіңісуі кедір-бұдырсыз болған жоқ. Әсіресе, бұрыннан қазақ ұғымында жоқ терминдерді қазақша беру мәселесінде өрескел бұрмалаушылықтар да кездесті. Алынып отырған терминнің қазақ тіліндегі баламасы сол терминге тиісті мағынаны бере ала ма, жоқ па ол жағын екінші жаққа шығарып, қалай да болса қазақша аудару керек деген ғылыми ұшқары, практикалық жағынан пайдасыз пікірлер де болды. Алайда ондай пікірлер кезінде жұртшылығымыздың келісімін ала алмады, сондықтан өрісті де болмады. Осы күнгі қолданылып жүрген термин сөздердің едәуір бөлігі сол жылдары қалыптасты, келе-келе орнығып та кетті.

Дегенмен, термин сөздердің қолданылуы осы күнге дейін әлі бір ізге толық түсе алмай келеді. Әр түрлі авторлар мен аудармашылар терминдерді түрліше аударып, түрліше қолданып келді. Бұл сияқты ала-құлалық кейде баспасөз бетінен де, басылып шығып жүрген оқулықтардан да ұшырасады. Одан қалса, кейбір термин сөздердің қазақша баламасын беру, не бермеу тіпті қалай аудару мәселесі де қазіргі кездің өзінде күн тәртібінен түскен жоқ.

Қазақ терминологиясын сөз еткенде ең алдымен, термин сөздердің барлығы бірдей аудару беруге келе бермейтінін, бірсыпыра сөздің дүниедегі көп халықтар тіліне ортақ екенін еске алу керек. Тілімізге ұлы орыс тілі арқылы енген шетел сөздері бірқыдыру. Мысалы, қазіргі қолданылып жүрген ферма, кадр, оркестр сөздері француз тілінен кіргенде, ал драма, тезис грек тілдерінен ауысқаны тағы белгілі. Тіліміздің сөздік қорынан новелла, опера сөздері реттес италиян атауларын да кездестіруге болады. Қазақ тіліндегі осы тәрізді жеке сөздерден басқа соңғы 40 жылға жуық уақыт ішінде пайда болған индукциялық машина, галактикалық ядро сияқты терминологиялық тұрақты сөз тіркестері де қыруарлап бар. Бұл жерде бұрында талай сөз болған бір жайды айтпай кетуге болмайды. Ол - терминдер мен басқа сөздердің арасына қойылатын шек туралы мәселе. Өйткені ана тіліміздегі терминдер қатарында тек сырттан, өзге елдер тілінен ауысқан сөздерді ғана білетін адамдар, шынын айту керек, әлі де болса аз емес. Яғни

қазіргі практикада ыңғай митинг, рекорд, дирижер сияқты жиынтығы ғана терминделіп жүр. Ал жарық, жылу және осылар тәрізді көп сөздердің термин екендігі көбімізге әлі мәлімсіз.

Тілімізде ұшырасатын әр текті термин сөздердің бүгінгі қазақ әдебиет тілін жетілдіре түсудегі тигізген себеі елеуге тұрарлық. Халық шаруашылығының, өнеркәсіп пен ауылшаруашылық салаларында, еліміздің саяси және мәдени өмірінде пайда болған термин атаулардың қалыптасуы мен қолдану дәрежелері әр түрлі. Тіліміздегі терминдердің басым көпшілігі аударылмай, өзінің негізгі формасында жұмсалатыны белгілі. Қазақ тілінде аударма түрінде, яғни бұрыннан бар байырғы сөздердің мағынасының кеңуі нәтижесінде қалыптасқан терминдерде мол табылады. Мұндай терминдер қатарына физика, химия, тарих, саяси экономика сияқты ғылым саласында қолданылатын сәуле, қысым, айналым сияқты сықылды сөздер жатқызуға болады. Термин болып кеткен сөз тіркестерінің сынары үнемі аударыла бермейді. Қазіргі термин ретінде қолданылып жүрген сөз тіркестерінің бірсыпырасының тек бір сынары, онда да орыс тілінен енген компоненті ғана аударылып қолданылады.

Халықаралық терминдердің бірен-саранын кейде аударуға тура келеді. Мысалы, нейтрал деген сөз де орыс тіліне латын тілінен келген. Бірақ, бұл сөз орыс тіліне аударылмаған. Сондықтан ба, қазақ тілінде нейтрал сөзі сол күйінде өзгеріссіз қолданылып жүр. Бұл жағдай әсіресе мектепке арналған физика оқулықтарында көп кездеседі. Шынында да, қазақ тілінде нейтраль сөзінің мағынасын дәл беретін бейтарап деген сөз бар. Осы, бар баламаны қолдану керек. Ал егер жана терминдерге қазақ халқының өз тілінен балама терминдер табылса, соларды тегіс пайдаланған артық болмас еді.

Шет ел сөздері керек жерде де, керек емес жерде де, қалай болса солай бейпіл қолданылатыны жайында кеменгер В.И. Ленин: "недочеты", "недостатки", "пробелы" сөздері тұрғанда "дефекты" сөзін қолданудың қаншалықты қажеттігі бар деп ескерткен жоқ па еді? Демек термин деген жалпы атпен тілге кез-келген бөтен сөздің бәрін бірдей сол күйі талғаусыз қабылдай беруден ештеңе ұтпаймыз. Терминология сөздігін құрастырғанда оған термин ретінде тілімізде өмірлі болатын сөздерді жинастыру керек. Бұл сәтте синонимдердің орында пайдаланылуын қадағалау керек. Ғылымның не өндірістің бір саласында ғана қолданылатын терминдерді синоним сөздермен аудару терминдердің тұрақты қалыптасуына негіз жасамайды. Бір термин сөздің бірнеше синонимді баламасы кездеседі. Іріктеуде осы жайға баса назар аудару қажет. Физикалық термин болып саналатын ясность сөзін ашықтық, айқындық деп немесе точность относительное тіркесін бірде салыстырмалы дәлдік бірде қатысты дәлдік деп аударудан еш пайда жоқ. Әсіресе оқулықтарда осындай ала-құлалық болатын болса, ол оқушыларды шатастырады.

Сондықтан термин сөздердің баламасын таңдап алғанда синонимдер іріктеуге барынша нақты назар аудару қажет. Қазақ тілінде терминнің қалыптасу процесінде бірлі-жарымды ескі сөзін де қолданып жүргені байқалады. Мысалы, отау сөзінің қазіргі беретін ұғымы ертеде білдірген мағынасынан мүлдем өзгеше. Отау деп әдетте біз жаңадан ғана өз алдарына семья құрып, әке-шешесінен бөлек жеке тұра бастаған жас адамдардың үйі айтылады. Яғни кіші үй отау делінген. Ал отау сөзі бүгінгі колхозды ауылда жаңа мағына алып отыр. Ол соңғы мағынасында отау қызыл сөзімен тіркесе жұмсалып, мәдени ағарту ісіне байланысты терминдердің біріне айналып кетті. Бүгінгі қызыл отау колхозшылардың қолы бос кезінде түрлі газет-журналдар оқып отыратын демалыс орны.

Осы кезеңде термин деп айтылып жүрген сөздер ішінде мағынасы күңгірт, шұбалаңқы терминдер жиі кездеседі. Мұндай, айтуға қиын жасанды терминдер, әсіресе оқулықтарда көбірек ұшырасады. Термин жасаудағы қазіргі ең бір басты принцип термин сөздердің барынша түсінікті, айтуға оңай, қысқа болуын қадағалау. Ұғымға жеңіл, ыңғайлы терминдерді есте сақтау да оңай. Оларды сөйлеу тілімізде еркін қолдана білуге де болады. Демек баламасын дәл тапқан термин сөздер терминдік көмелетке тез жетеді. Алайда, қажеттіліктен туып отырған осы, негізгі принцип әлі де толығымен сақталмай жүр.

Мектепке арналған физика оқулықтарында кездесетін кума толқындар, көтеруші күш сияқты терминологиялық тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын оңай түсінуге болады. Осындай ұғымы анық, сәтті шыққан сөз тіркестерінің ішінен зорлықпен тіркесіп келетін түсініксіз терминдер де табылып қалады. Орыс мектебінің 10-классына арналған физика оқулығындағы охлаждение при испарении (178-бет, 1956 ж.) сөз тіркесі қазақ тілінде кебуде суыну (188-бет, 1956 ж.) болып аударылған. Кебіну суыну тіркесі қазақша құрылған тіркес пе? Жоқ. Мұндай тіркестер текстің мазмұнын қиындатып, оқушының материалды меңгеруіне ауырлық етеді. Физика, химия тағы да басқа оқулықтарды аударуда ана тіліміздің мүмкіншіліктерін барынша сарқа пайдалануымыз ұтымды.

Қазақ терминологиясын жасау мәселесі жеңіл міндет емес. Халық арасында қолданылып жүрген термин сөздерді жинап, оларды бірізге, жүйеге түсіру жұмыстарын жүргізу қажет. Әрине, бұл үшін арнаулы экспедициялар ұйымдастыру керек екендігі белгілі. Осы жылдың басында ұйымдастырылған Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының терминология бөлімінің ғалымдары осыны ескергені жөн.

Жанпейісов Е., Томанов М. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының кіші ғылыми қызметкерлері "Лениншіл жас" газеті, 1957 ж. 17 тамыз.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНОЛОГИЯ МЕН АУДАРМА МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы өткен жылғы декабрьде республика баспа орындарының аударма әдебиеттерді шығарудағы елеулі кемшіліктері туралы ерекше қаулы алды. Бұл қаулы баспасөз орындары мен аударушыларға ғана арналып отырған жоқ, бүкіл ғылыми мектептерге, жоғары оқу орындарына, министрліктерге т.б. арналып отыр. Қаулыны іске асыру - республикадағы игілікті істің бірі екені сөзсіз, өйткені бұл қаулының негізгі көздегені қазақ жұртшылығына орыс тіліндегі не түрлі асыл сөздерді, кеменгер көсемдер мен ақын-жазушылардың, асқан ғалымдардың жазған шығармаларын, оқулықтарды түсінікті етіп беруге, сол арқылы елімізді мәдениетке тағы жетілдіре түсуге арналған.

Аударма тілі негізінде ұлт әдеби тілі мен орыс тілін жақсы білуге, оның қағидаларын дұрыс қолдануға және ұлт терминологиясының дұрыс жасалуы, дұрыс пайдаланылуына байланысты әдемі және айқын болмақ.

Ұлы Октябрь революциясының жеңісі нәтижесінде СССР-дағы басқа да халықтар сияқты қазақ халқының да экономикасы мен шаруашылығы, ғылымы мен техникасы, мәдениеті мен әдебиеті өркендеп өсті. Ұлы орыс халқымен ежелгі достық қарым-қатыстың нәтижесінде орыс тілі мен қазақ тілінің арасында өзара сөз ауысулары ертеден-ақ болып келеді. Орыс тілінен қазақ тіліне Октябрь революциясынан бұрын да әртүрлі сөздер енген. Мәселен, сауда-саттық ісіне байланысты: **мәнет** (монета), **жәрменке** (ярмарка), **пұт** (пуд), т.б., әкімшілік басқару істерімен байланысты: **сот** (суд), **болыс** (волость), **әтбекет** (адвокат), **съез** (съезд), **поштабай** (почтовый), т.б., мәдени тұрмысқа байланысты телеграмма, почта, **гәзет** (газета), **жұрнал** (журнал), **дөктір** (доктор) т.б., күнделікті тұрмысқа қажетті заттарға байланысты: **барқыт** (бархат), **сәтен** (сатин), **божы** (вожжи), **кәлеш** (голоши), **бәтеңке** (ботинки), **кәресін** (керосин), **самауыр** (самовар) сияқты, ауыл шаруашылығына байланысты: лабогрейка, плуг, борана (борона), веялка, сеялка, өндіріске байланысты: инженер, штейгер, грузчик, шахтер, завод, фабрика, пароход, баржа, матрос сияқты азын-аулақ термин сөздер де енді. Осындай термин сөздер, біріншіден, жоғарыда аталғандай сол заттың келуіне байланысты болса, екіншіден, қазақтар Октябрь алдында орыс еңбекшілерімен бірлесіп істегеніне айғақ. Алайда ол кезде қазақ даласында ғылым мен техниканың өте мешеу екендігі, дамымағандығы осы терминдердің дәрежесінен-ақ көрініп тұр.

Октябрь алдында енген азын-аулақ терминдерді сан жағынан да, сапа жағынан да, революциядан кейінгі енген терминдермен салыстыруға келмейді. Оның мәнісі мынада.

Октябрь революциясының арқасында қазақ халқы бостандық-тендікке қолы жетті. Нақтылы ұлт болып, басы қосылды. Совет өкіметі езілген еңбекшілердің қолына белгі әперді. Қазақтың ұлттық мәдениеті осыған байланысты бірден қарыштап дами бастады. Ана тілінде көптеген бастауыш, орта, жоғары мектептер ашылып, бұрынғы сауатсыз елдің толық сауаттануына, өнер-ғылымға ие болуына мүмкіндік жасалды. Қазақ жерінде сан-алуан өндіріс орындары, завод, фабрикалар салынып, жұмыс істеуде. Ғылымның қай саласы болса да, Қазақстанда етек алып дамып, қалыптасты. Қазақ тілінде бұл күнде жүздеген газет, ондаған журнал шығып жатыр. Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері, орыс және бүкіл әлем әдебиет классиктерінің еңбектері қазақ тіліне аударылуда. Орыс тілінен аударылған және қолтума саналуан ғылыми-техникалық кітаптар да бар. Қазақтың мыңдаған ұлттық кадрлары әртүрлі ғылым мен техника саласында қызмет етуде. Міне, осы жағдайлардың нәтижесінде ғылым мен техниканың көптеген саласынан терминдер жасалып, күнделікті практикада қолданылып жүр. Мұндай терминдер қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамынан белді орын алып, қазақ тілін бұрын болмаған дәрежеде байытты. Осылардың арқасында біздің әдеби тіліміз шын мағнасында буыны бекіп, нығайды.

Көпшілікке түсінікті болу үшін терминнің не екенің, қарапайым сөзден қандай айырмашылығы бар екенін айта кетейік.

Термин деп танылған, қабылданған сөздің бір-ақ мағнасы болуы керек. Екі-үшты мағна беретін сөз термин болып жарытпайды. Сондай термин сөз, әрине, кейде әр түрлі ғылым саласында қолданылуы мүмкін. Мысалы, **реакция** химияда, физиологияда, қоғамдық ғылымдарда бірдей қолданылады. Кейбір ғылымда термин сөз, мысалы "**обогащение**" (тау-кен жұмысында) әдебиетте, қоғам ғылымдарында термин болмай қалуы ғажап емес. Бірақ кейбір ғылымның (мысалы физика, математика, химия, медицина т.б.) көптеген термині сол ғылымның негізгі клеткасы, жайы келсе, қаңқасы сияқты. Ондай терминдерді білмеген кісі сол ғылымның маңына жолай алмайды. Мысалы, синус, косинус, котангенс... деген терминдердің мәнін түсіну тригонометриядан хабары болумен бір. Демек, термин сөздер - жай сөз емес, ерекше құнды, мағнасы айқын, әрі терең, асыл сөз.

Осымен қатар терминдердің бізде қалай қолданылып, қалай тұрақтап жүргеніне тоқтамасқа болмайды. Тілімізде ғылым-техникаға байланысты терминдер жоғарыда айтқанымыздай көбеюі, қалыптасуы, әрине, кемшіліксіз, кедергісіз бола қойған жоқ. Дұрысын айтуымыз керек, олардың қабылдануы, жиналып ретке салынуы, зерттелуі, әсіресе, олардың қолданылуы оңайлыққа

түскен жоқ. Бұл жолда бізде көп кемшіліктер болды, олар әлде де жойылып біткен жоқ.

Бұл кемшіліктердің басты-басты түрлеріне тоқталып өтейік.

1. Бірсыпыра ғылым саласында әлде болса термин сөздің қасиетін білмеушілік, қазақша балама табуда ойланбай бірдемені ала салушылық, соның арқасында қазақ тілінің қадірін түсірушілік орын алып жүр; мысал үшін VI-VII кластарға арналған 1954 жылғы зоология оқулығының аудармасын алайық. Мұнда **"саранчаның"** қазақшасы **"көк қасқа шегіртке"**, **"ящерица прыткая"** - **"сұр шегіртке"**, **"вредная черепашка"** - **"зиянды шегіртке"** т. с. болып шыға келіпті. Кесірткені шегірткеден, шегірткені тасбақадан айыра алмайтын адам қалай кітап аударып жүр? Редакторлар не қарады екен?

VIII класқа арналған "адам анатомиясы мен физиологиясы" деген оқулықты аударушылар қазақ тілінде бір сөзбен айтылатын "двенадцатиперстные кишкидің" баламасын, яғни **"бүйенді"** білмеген, **"ұйқы безінің сөлі"** ("поджелудочный сок") дегенді білмей, **"қарын сөлі"** депті; **"самай"** ("висок") деген сөз ауыздарына түспей, **"шықшыт"** дей салыпты. **"Қабак"** ("веки") деудің орнына **"кірпік"** депті.

2. Осы кезде қолданылып жүрген терминдеріміздің арасында бір ұғымға әртүрлі сөз қолданып, сөздің терминдік қасиетін кетірушілік бар. Мысалы, геологияда, металлургияда, тау-кен ісінде қолданылатын **выработка** деген термин бірде **қазынды**, бірде **қазба**, бірде **қазу** болып жүр. Географияда **"бассейн"** дегенді бірде **"алап"**, бірде **"алқап"**, бірде **бассейн** деп жүр. **Полупустыня** дегенді бірде **"жартылай шөл дала"**, бірде **"шөлейт"** деп жүр. **"Подножия гор"** дегенді бірде **"тау балақтары"**, бірде **"тау етектері"**, бірде **"тау беткейі"**, немесе **"тау төскейі"** дейді.

3. Халықаралық терминдердің мәніне түсінбей, оларды кейбір орыс сөзімен шатастырып, қазақшылау бар. Соның нәтижесінде асыл нұсқалық кітаптың мағынасын оқушыларға теріс түсіндірушілік орын алып жүр. Мысалы, 9 класқа арналған шет елдердің экономгеографиясын (авторы П.А. Витвер) аударушылар **"ареалды"** - **арал** деп, аударма салған. Ол шынында **"арал"** деген сөз емес, латынша: **белгілі бір хайуан я өсімдік түрінің табиғи таралған жері** деген сөз. **"Аралдың"** орысшасы - **остров** екенін айтып жатудың да керегі болмас. Алтыншы класқа арналған "Дүние жүзі бөліктерінің географиясын (авторы Иванов пен Добров) аударушылар **"оазис"** деген халықаралық терминді **"көгал"** деп аударған. Ал шынында оның мәнісі - **түрлі өсімдігі, ағашы, шөбі, суы** (өзені, құдығы, бұлағы) **бар шөл даладағы жер**. Көгалдың мәні бұл ұғымды қамти алмайды. Жоғарыда аталған Витвердің кітабын аударушылар ландшафт деген халықаралық терминді **"жер бедері"** деп аударған. Бұл, біріншіден, екі сөз, екіншіден, ландшафтың

ұғымын бере алмайды. Дұрысында, "ландшафт" - жер бетінің типтік көрінісі деген ұғымды білдіреді. Оны аударып жатудың қажеті жоқ.

4. Кейбір аударушылар белгілі терминдердің қазақ тілінде толық баламасы бола тұрса да, аударуға қолы батпайды. Қазақ тілі сөз байлығының асылдану жолы бір жақты дамиды деп түсінеді. Бұлай етушілер орыс тіліндегі талай термин сөздер бұл күнде қазақ сөзімен алынып жүргенін, оның өте орынды екенін білмейді. Мысалы, орысша "пространство" деген физикалық философиялық терминді қазақша "кеңістік" деп, "полуостровты" "түбек" деп, "дельтаны" - "атрау" деп, "заливты" - "шығанақ" деп, "подлинникті" - "түпнұсқа" деп аудару қандай тамаша! Бұлар балама табудың шебер үлгісі деуге болады.

Алайда қазақшылаудың жөні осы екен деп, орыс тілінен термин дәрежесіне көтерілген сөздің бәрін аударуға болмайды. Олардың ішінде халықаралық - интернационалдық мәнге ие болғандарын аударудан бас тарту жөн. Мысалы, совет деген сөздің екі түрлі мәні бар. Бірі - пролетариат диктатурасының басқару орнын, мемлекеттің жаңа түрін бейнелейтін, мағынасы өте зор, өте қасиетті сөз. Мұны жер жүзі халықтарының бәрі дерлік совет деп алған. Ал екіншісі - кәдімгі біздің кеңес, ақыл деген ұғымды білдіреді. Мұны аудару керек.

5. Біз қазақтың әдеби тілі қалыптасуы ол ерекше дамыған социалистік мәдениетіміздің, ғылым-техникамыздың дәрежесіне сай өсіп нығайды деп, мақтаныш етіп жүрміз. Шынында әдеби тіл - қазақ тілінің ең жоғарғы сатысы, қаймағы, ерте жете білу - әрбір оқыған азаматтың міндеті. Әдеби тілдің жай қарапайым сөйлеу тілінен недәуір айырмасы бар. Мұнда, біріншіден, жалпы халыққа түсінікті сөзге ғана қолданылуы қажет; екіншіден, өкімет қабылдаған термин сөздер ғана қолданылуы қажет; үшіншіден, сөздер дұрыс айтылып, дұрыс жазылуы қажет; төртіншіден, грамматикалық формалар белгілі нормада (қалыпта) қолданылуы қажет; бесіншіден, бір сөйлем ішінде бір абзацта бір түбірде я сөздің қайталамауы керек; қатар екі-үштілік жалғаудың қайталақтамауы қажет. Бұл айтып отырғандарымыз - әдеби тіліміздің жалпы нормасы.

Бұлардың ең бірінші орында айтылып отырған жалпы халыққа түсінікті сөздер ғана қолдану дегеннің маңызы өте зор. Кейбір авторларымыз, аударушыларымыз жалпы халыққа түсінікті болу дегенге мән бермей, өзінің туған жерінің, ауылының, ауданының, я облысының адамдары ғана түсінетін, білетін сөздерін баспасөз бетінде орынсыз ендіріп, қолданып жүр. Мұндай сөздерді тіл ғылымында диалектизм, я провинциализм дейді. Осындай жергілікті сөздерді ғылыми, саяси, әдеби шығармаларға ендіру жалпы халыққа жасаған қиянат деуіміз керек. Өйткені ондай сөздерді автордан басқа, я оның ауылдастарынан басқа ешкім түсінбейді. Мысалы:

1) Облыстық "Оңтүстік Қазақстан" газетінде (24 июль, 1957 ж.) "өсімдіктің біркелкі ызалатып суарылуын жүзеге асыру керек" деген. Бұл сөйлемдегі **ызалатып** дегенді басқа облыстың қазақтары түсінбейді. Оның орнына, **сіңіре суарылуын** деген тіркесті қолданса, дұрыс және көпке түсінікті болар еді, "**ыза**" деген сөз қазақтың әдеби тілінде "**кек**", "**ашу**" сөздерімен синонимдес екенін ескермей болмайды. Оңтүстікте "ыза"-ның негізгі мағнасы - **дымқыл, саздауыт** деген ұғымға сай.

2) "Колхоз жерлеріне овощ-бақша дақылдары мен картоптың таңдаулы сорттары егілген" деген кітапта (1950 жылы, авторы С.Г. Рауз) өзек деген сөздің орнына аударушы **зігірік** сөзін қолданған (10, 13 б.). Сол кітаптың 28, 31, 51 беттерінде **қарт-қарт** деген қос сөз қолданылған. Өсімдіктің сабак, жағы, еті қарт-қарт болады деп қай қазақ айтатынын білу қиын.

3) Жазушы Ғ. Сылановтың "Дөңасқан" деген кітабында жергілікті провинциализмдер көп-ақ, мысалы, **ерсі** дегенді **әбес**, **мүдірту** дегенді **жөкелту**, **қолару** дегенді **қорыс қылу**, **ешбір** дегенді **биғайын**, **тойтару** дегенді **мойтаптау** т.б. деп берген. Ғ. Сылановтың "Жас гвардия" (авторы А.С. Фадеев) романын аударғанын қарасак, онда да жоғарғыдай жергілікті сөз қаптап кеткен. Мысалы, **тиянақты** дегеннің орнына **ұсынақты**, **ынғай** орнына **ығыт**, **жылға** орнына **жылуан**, **кәші**, **бөртпе** орнына **төп...** қолданылған.

Әдеби тілден ауытқушылық, шығарманы қотырлайтын диалектизмдерді орынсыз қолданушылық ақын Ғ. Ормановта, тағы басқалары да бар. Ғ. Орманов Л.Н. Толстойдың "Анна Каренинасын" аударған. Бұл аударманың азды-көпті кемшіліксіз беті жоқ десек, артық айтқан болмаймыз. Мысалы: 1. "Сергей Иванович встретил брата своею обычною для всех, ласково-холодною улыбкой" (1-том, 26 бет, 1958 ж.) дегенді "Сергей Иванович бауырын жұрт біткенге **қанігі суықтау-жайсаң** жымыңмен қарсы алып", деп аударған. Мұнда "обычною" дегенді "кәнігі" деуі, "ласково-холодною улыбкаю" дегенді "суықтау-жайсаң жымыңмен" деуі аударманың әрі орашалақ, әрі жауапсыз екенін көрсетеді. Біздіңше "қанігі" орнына "әдеттегіше" деген сөзді қолданса, "суықтау-жайсаң" орнына "жайдары-салқын", деп қолданса, әрі жатық, әрі түсінікті болар еді. Қазақта "қанігі" **машықтанған** деген қолайсыз кейіпкерге айтылатын сөз. Сол абзацта орысша "продолжал разговор" дегенді "әңгімесіне айналысып кетті" депті аударушы. Оны "сөзге қайта кірісті" деу керек еді.

Осы беттің 5-абзацын қараңыз. Мұнда бірнеше сөз, бірнеше тіркес, онланбай аударылу салдарынан бүлінген. "Задушевный" дегенді "жан" деп аударған соң, не сұрайсың? Оны "шүйіркелескен", я "жаны сүйген", я "ықласы ауған", я "сырласқан" деп аудару керек еді. "Почти подходили" дегенді "төніп келген" демей, "жақындап келді" десе қайтер еді. "С трудом поднимал" дегенді "әрең-

әрең шалып отыр" демей, "әрең түсініп отырды" десе дәл әрі түсінікті болар еді-ау дейміз.

Тағы осында "и опять углублялись в область тонких подразделений, оговорок, цитат, намеков, ссылок на авторитеты" деген сөйлемді "қиын бөлімдерге, дәлел цитат, мезгеулерге тағы да тереңдеп, беделге сілтеп кете берді" деп аударған. Мұны біздіңше, "нәзік салалар жайына, қоспа сөздерге, цитаттарға, емеуріндерге, беделге сүйену дегендерге терең сүңгіп" деп аударса, дұрыс болар еді.

31-бетте орысша "уступка" дегенді "**женер ақынға**" деп аударыпты. Бұл - тіпті сорақы. Сол бетте "намерение" дегенді "діт" деген диалектизм сөзбен аударған. Қысқасы, кітаптың өн бойы осындай кемшілікке толы.

Біздің байқауымызша, аудармашылардың кейбірі іске творчестволық көзбен қарамайды, әр сөздің үйлесімін, орнын, синонимдік қатарлардың мәнін салмақтап, таңдап отырмайды. Кемшіліктердің бірсыпырасы осыларға да байланысты.

Жазушы Ж. Тілековтың "Қайнар" атты повесінде (1953 ж.) де диалектизм ерсі көп. Онда **түр, бет, әлпет** дегеннің орнына судін; кеңесу, ақылдасу орнына **мүшәу-араласу; азын-аулақ** орнына **азын-шоғын; тұспалдау, оспақтау** орнына **мошқау; шайнек я шәүгім** орнына **шайгон; қыртыстану, құнарлану** орнына **туырылу; реті, ыңғайы** орнына **ұтыры...** қолданылған.

Көркем әдебиетте диалектизмдерді мүлде кіргізбе демейміз, тек оларды орынсыз қолданудан авторлар сақтануы керек. Диалектизмдер көркем әдебиетте жергілікті халықтың әдет-ғұрпын, іс-әрекетін суреттеу үстінде белгілі персонаждың аузымен мөлшерді түрде айтылуы ғана мүмкін. Автор өзінің суреттеуінде, топшылауында ондай сөздерден аулақ болуы шарт. Әдеби тілді білмеген автор ғана өзін геройларынан айыра таныта алмайды.

"Проза туралы" деген мақаласында М. Горький жергілікті сөздерді өз шығармасында орынсыз қолданғаны үшін жазушы Панферовты қатты сөгіп: "Орыс тіліне шет сөздерді тықпалағанда, оқушы қандай қиналатын болса, жазушының провинциализмге (жергіліктіге) әуес болуы да көріністі, ойды (уақиғаны) айқын түсіндіруге сондай бөгет жасайды" деген (М. Горький, О литературе, 1935, 125). Міне, бұл пікір біздің ақын-жазушыларымызға да нұсқа болар деп білеміз. Алайда қазіргі шығармаларымызда мазмұны төп-тәуір болғанымен, әдеби тілді дұрыс қолданбау салдарынан болып жүрген бірсыпыра кемшіліктер бар екенін жоғарғы мысалдардан көрінсе, байқалса керек.

4. Қазақ халқы - ежелден ауыл шаруашылығымен шұғылданып келе жатқан халық. Ерте заманнан бері қазақтың ерекше көңіл аударғаны - мал өсіру, егін кәсібінң дамуы беріректе басталды. Осыған лайық қазақ тілі ауылшаруашылық терминге, сөзге ерекше бай. Алайда Қазақстандағы ғылыми мекемелер (Ғылым

академиясы, Ауылшаруашылық ғылымдар академиясы, т.б.) бұл жөнінде айтарлықтай күрделі іс істеген жоқ. Қазақтың малға байланысты бай сөзін жинауды, сөздік жасауды әлі қолдарына алған жоқ. Бұл, әрине, жақсы емес. Дегенмен бұл жөнінде біз білетін екі адамның тамаша еңбектері бар. Бірі - С. Арзымбетовтың орысша-қазақша ауылшаруашылық сөздігі (1951, 1955 жылдар басылып шыққан); екіншісі - Ш. Жанәбіловтың мал атауларына арналған диссертациялық еңбегі (1953 жылы жазылып біткен). Бұл адамдар өз беттерімен қазақтың асыл қазынасы саналған сөздерді жинап, игілікті еңбек істеді. Бірақ Ш. Жанәбілов өз еңбегін жарыққа шығара алмай, ұзақ аурудан соң қайтыс болды. Оның еңбегін іске асыру, жарыққа шығару Мәдениет министрлігі мен Ауылшаруашылық академиясының міндеті деп білеміз.

Қазіргі күнде қазақ тілінде ауылшаруашылық ғылымның әр саласынан шыққан зерттеулер, тәжірибелер, аудармалар жоқ емес, олардың ішінде мазмұны жағынан не түрлі құндылары да бар. Бірақ тіл жағынан алып қарасақ, бұлар біркелкі емес, әсіресе аудармалардың тілінде олпы-солпылық, әдеби тіл нормасына қашылық көп-ақ. Мысал үшін "Дело в организаторах из практики руководства колхозами" (Гос. издат с/х литературы, Москва, 1956 г.) деген кітаптың аудармасын алайық. Бұл кітапты 1957 жылы Қазақ мемлекет баспасы қазақша шығарды.

Жинақты аударудағы басты кемшіліктердің бірі - термин сөздердің тұрақты, дұрыс қолданылмауы. Мысалы, **клевер** деген терминді жинақтың 28, 38, 117, 168, 171 беттерінде **беде** деп аударса, 31 бетте жоңышқа деп аударды. Жинақтың 171 бетінде люцерна деген терминді де **жоңышқа** деп аударған. Аударманы **люцерна** мен **клеверді** шатастырып, бірінің орнына бірін кате қолдана береді. Шынында **люцерна**ны - **беде**, **клеверді** - **жоңышқа** деп аударуы керек еді. **Пруд** деген термин 5, 52 беттерде **су қоймасы** деп аударылған. Оны не **тоған**, не **бөгет** деп аудару керек еді, өйткені **су қоймасы водохранилище** деген терминнің қазақшасы осылай практикада қолданылып та жүр. **Отрава** деген термин бірде алшын шөп (38 бет), бірде **көрпе кегі** (171 бет) деп беріледі. Дұрысы: алысын.

"**Гречиханы**" - **бұршақ** деп аударған. Шынында **гречиха** - **қарақұмық**. Бұршақтың орысшасы **горох** екенін қалай білмеген? **Плотник** деген сөз бірде **балташы**, бірде **ағаш шебері** болып екі вариантта беріледі. Шұбалаң синоним сөздер терминдердің мәнін түсіріп, қасиетін төмендетінін аудармашы ескермеген.

Жинақта **крупный рогатый скот** деген сөз тіркесі **сиыр малы** (55 бет) деп аударылған. Оның дұрысы **ірі қара мал** болу керек. Бұл ауыз екі тілде де, баспа сөзде де қалыптасқан тіркес.

"**Грубый корм**" дегенді **көлемді азық** (55 бет) депті, дұрысы - **тұрпайы азық**. "**Полыньды**" **ермен** (168 бет) депті, дұрысы - **жусан**. "**Рыхлитель**" **жұмсарту** (17 бет) деген, дұрысы - **қопсыту** т.б.

Бұл жинақтағы кемістіктер тек терминдердің маңында ғана емес, сөйлем, сөз тіркестерін аударуда да көп кездесіп отырады. Мысалы:

1. "Ведь нисколько хозяйственной сметки у этого председателя нет" деген сөйлем: "Бұл председательдің титтей де болса, шаруашылық сметасы жоқ қой деп ойлады" болып аударылған (12 бет). Бұл сөйлемдегі **сметка** деген сөзді аудармашы смета деп түсінген. Біздіңше, оны: "Бұл председательдің шаруашылыққа ешқандай да ебі жоқ" - деп аудару керек еді.

2. "До полного вызревания кукурузы оставили 90 гектаров" деген сөйлем: "Толық пісіру үшін 90 гектар жүгері қалдырдық" (11 бет) деп аударылған. Оны "Жүгерісі толық пісіп-жетуі үшін 90 гектар (жер) қалдырдық" деп аударса болмас па еді? Үйткені "толық пісіру үшін" дегенде, жүгері өзі піспейді, адам пісіретін бірдеме болып шығады.

3. "У меня в памяти каждый шаг этого года: как обрабатывали почву, как сеяли, ухаживали за посевами, убирали урожай. Но больше всего занимает мысль о том, как мы руководили хозяйством" деген сөйлем: "Осы жылдың ішінде жасаған әрбір қадамымыз есімде: жерді қалай өндегеніміз, тұқымды қалай сепкеніміз, егісті қалай күткеніміз, егінді қалай жинағанымыз әлі есімде. Бірақ осының ішінде, әсіресе шаруашылыққа қалай басшылық еткеніміз менің есімде мәңгі қалып қойды" (4 бет) деп аударылған.

Бұл бір тексте "есімде" деген сөз үш рет қайталанады, "больше занимает мысль" деген сөйлем: "менің есімде мәңгі қалып қойды" деп, қате аударылады. Бұл сөйлемдердің аудармасы біздіңше былай болу керек: "Осы жылдың, ішіндегі әрбір қадамымыз: топырақты қалай өндегеніміз, тұқымды қалай сепкеніміз, егісті қалай күткеніміз, егінді қалай жинағанымыз менің әлі есімде. Бірақ мұның бәрінен көрі шаруашылықты қалай басқарғанымыздың жайы ойына көбірек түседі".

4. "Соберемся, бывало, поговорим, решение примем, а дальше этого дело не шло" деген сөйлем: "Бас қосып жиналатынбыз, сөйлесетінбіз, қарар қабылдайтынбыз, бірақ одан әрі асып ешқайда бармайтынбыз" (5 бет) деп аударылыпты. Әңгіме соңғы сөйлемде болып отыр. Мұнда жасырын бастауыш болып тұрған "біз" (мы) бен айқын бастауыш "іс" (дело) дегеннің рольдері шатастырылған. "Алға баспайтын" "біз" емес, "іс". Сондықтан соңғы сөйлемді "бірақ іс одан әрі алға баспайтын" деп аударған дұрыс болар еді.

5. "Выросла наша партийная организация, окрепла" дегенді жинақтағыдай "Біздің партия ұйымы өсіп нығайды" (5 бет) деп аударғанның орнына "Біздің партия ұйымымыз өсті, нығайды" деп аударған дұрыс. Аудармада тиісті грамматикалық форма жетіспегендіктен, сөздер біріне бірі байланыспай жатыр.

6. "Присмотрелись мы к ней, приобщили к книжкам, к делам, к агитколлективу, и стала она коммунисткой" деген сөйлемді: "Біз оны қалай байқадық, кітап

оқуға, іске, үгіт коллективтің жұмысына тарттық, осының арқасында ол коммунист те болып алды" деп, жасанды түрде, артық сөз қосып аударған. "Біз оған көңіл бөлдік, кітап оқуға, іске, үгіт коллективіне тарттық, сондықтан ол коммунист болып алды" деп аударса, түсініктірек болар еді.

7. "Только держали мы их в отдалении, не додумались воспитать из них коммунистов" деген сөйлем: "Бірақ, біз оларды **бөлімшелерде** ұстап келеміз, олардан коммунистерді тәрбиелеп шығаруды әлі ойлағамыз жоқ" деп, мүлде шатастырған. "**В отдалении**" деген "в отделении" екен деп, қате түсінген. Бұл сөйлемді "Бірақ біз оларды аулақта ұстаймыз, оларды коммунист тәрбиелеп шығаруды ойластырғамыз жоқ" десе, жетіп жатар еді.

8. "А что из нее делают? Этакую барыньку, перед которой все препятствия сами собой устраниются" деген сөйлем: "Бірақ оны жаман үйретіп жіберген. Бұндай ханшаның алдындағы кедергілердің бәрі өзінен-өзі жоққа шығады" (7 бет) делінген. Мұнда аударма мен оригинал арасы тым алшақтап кеткен. Оданда: "Ал одан не шығарады? Алдындағы кедергілердің бәрі өзінен өзі жойылатын бикеш болады да шығады" деу керек еді.

9. "А потом кто-то другой ухитрился вырваться, и теперь уже он передовик, теперь ведет он" деген сөйлем: "Ал содан кейін біреуі **сытылып** алға шыға келсе - енді ол озат, енді ол жұртты соңынан ертеді" деп, сүйкімсіз аударылған. Оны "Ал сонан соң басқа біреу алға түсу жолын табады да, озат болып үлгереді, енді жұрт соңынан ертуші де сол" деп, аударсақ, сытылып деген басқа мағына беретін сөзден де, орынсыз шартты райдан да құтыламыз.

10. "Мы ни о ком особо не печемся" деген сөйлем: "Біз дара адамға ғана ерекше қамқорлық жасамаймыз" деп, мүлде қате аударған. Бұл сөйлемді: "Біз ешкім үшін де ерекше қам жемейміз" десе болғаны еді. Аудармашы дара адамға ғана деп текстің өнін айналдырып жіберген.

11. "А от чего это бывает? От неподготовленности" деген сөйлемдер: "Ал бұл неден болады? Күні бұрын әшкереленбегендіктен болады" деп қате аударылған. Мұнда әңгіме бір сөзде, яғни "неподготовленности" дегенді "әшкереленбегендіктен" деп беруге байланысты сөйлем мәні мүлде басқа болып кеткен. Мұндайлар аудармашының салақтығынан да болады.

12. "Посоветил" дегенді "кеңес бердім" (26 бет) деп қате аударған, "ұялттым" деу керек еді.

13. "Едва забрезжит суббота, у агронома в голове сборы в дорогу" деген сөйлем: "Сембі болысымен-ақ агроном зым-зия жоқ болып кетеді" деп аударылған. Бұл сөйлемді "сембі таңы сарғайысымен агрономның басында үйге қарай сызып тұру орнайды" деп аударған жөн. "Зым-зия жоқ болып кетеді" мен "кеткісі келу" бір емес. Оригиналдан алыстап кетуге болмайды.

Міне, жақсы өте құнды кітаптың аудармасында осындай кемшіліктердің, қателердің болуы қынжыларлық-ақ нәрсе. Біз ондағы бар кемістікті тізіп отырғанымыз жоқ. Бұдан басқалары да бар. Сонымен қатар ол кітапта өте ұнамды аударылған жолдар да жоқ емес. Бірақ, жалпы алғанда бұл кітаптың аудармасы өте төмен дәрежеде.

Жоғарыда айтылғандай кемістіктер тек ауылшаруашылық кітаптарының ғана аудармасында болып отырған жоқ. Мұндай жағдай мектеп оқулықтарында да, саяси-көркем әдебиеттерде де, классиктер шығармаларының аудармаларында да бар. Оларға біз арнаулы мақалада тоқтауды керек деп таптық.

Қазақтың әдеби тілін бұдан былай да көркейту, байыту баспасөз орындарының, ғылыми мекемелердің, жоғарғы оқу орындарының және бүкіл интеллигенцияның, ақын-жазушылардың және түрлі саладағы ғалымдардың міндеті. Бұлар саналы түрде қазақ тілін байытуға ат салысуы үш жолмен орындалады деп білеміз. **Оның бірі** - өз шығармаларын әдеби тілдің арнасынан ауа жайылмай әрбір сөзін, сөз тіркесін я сөйлемін сынап, қырнап, екшеп белгілі нормада қолдануына байланысты.

Екіншісі - оқымысты ғалымдар, аудармашылар, баспа қызметкерлері өз тәжірибелерінде, күнделікті істерінде қазақ тілін ғылыми терминдермен байытуға ат салысуына байланысты. Мұның өзі біріншіден, ғылымның әр саласына лайық орысша-қазақша термин сөздігін жасауды міндеттейді, екіншіден, қазақтың өз тілінен термин дәрежесіне көтерілетін я көтерілген сөздерді жинап тәртіпке келтіруді міндеттейді: үшіншіден қазақ тіліне енген интернационалдық терминдерге және қазақ сөзінен терминдік дәрежеге жеткен сөздерге терең талдау беретін түсіндірме сөздер жасауды міндеттейді.

Үшіншісі - университет пен Абай атындағы пединституттың филология факультеттерінде аударманың теориясы мен тәжірибесі деген курс енгізіп, сол арқылы кадр даярлап отыруға байланысты.

Төртінші - жұмысшылар мен қызметкерлер арасында жақсылап қазақ тілінде техникалық оқу ұйымдастыру арқылы. Бұл күнге дейін өндірістерде, өнеркәсіп орындарында мұндай оқу жоқтың қасы, қазір жұмысшылары техникалық оқулықтарың, оның терминдерін жақсы білмейді, көбінесе терминдерді бұлдіріп қолданады. Мұны жақсы жолға қою үшін, қазақ тілінде "Техникалық оқу" атты журнал шығаратын да уақыт жетті.

Міне, осы міндеттер түгел орындалса, қазақтың әдеби тілі бүгінгі қалпынан тез арада әлдеқайда ілгері баспақ, жоғарыда келтірілген кемшіліктер мүлде жойылмақ.

Аманжолов С., Әбдірахманов А. Қазақ тіліндегі ғылыми терминология мен аударма мәселесі туралы// "Социалистік Қазақстан". 15 январь. 1958 ж.

ТЕРМИН СӨЗДЕРДІҢ СПЕЦИФИКАСЫ ЖӨНІНДЕ

Термин мәселесіндегі үлкен кемшіліктеріміздің бірі мынау - тіпті термин емес сөздер де термин қатарына қосақталып, белгілі бір мағнаны білдіретін стандарт сөздер боп қатып қалған.

Сөйтіп, қазақ сөздері мешеулікке айналған, тілеген бір ұғымды еркін айтып берерлік басы бос сөздер санаулы боп қалған, термин ғып алынған сөздер көбінесе-ақ адам түсінбейтін боп шыққан.

Мынау қазақ сөздерінің денесіне жабысқан бір дерт қой. Енді со дертті қазақ сөздерінің денесінен сылып тастап, термин принциптерін дұрыс шешу үшін: гермин деген не, белгілі бір ұғымға арналып, басқасына бұрылмайтын стандарт термин болуға қандай сөздер лайық: алдымен осыны шешіп алу керек.

Белгілі бір ұғымдарды білдіретін қарақшылы сөздер болады, о сөздерді әлгіндей ұғымдарға - ғылым мен революция жолы қандай сатыда тұрса, міне осы екеуі теліп отырады; сонымен қатар термин сөзінің терминдік ұғымы мен күнделік тіршілікте қолданылатын жай сөздік мағнасы басқа болуы да мүмкін.

Сүйтіп, термин сөзі белгілі бір кезеңдегі белгілі бір ғылыми ұғымды, ұғым болғанда да, көбінесе-ақ жай со сөздің сөздік мағнасына жуыспайтын ұғымды білдіретін болады; олай болса, термин сөз, қашан өзінің тұрақтылығын жойып, екінші бір ұғымға ауып кеткенше, тұрақты болып тұрады.

Бұрынғы мағнасы өзгергенде іргесін аудармай, сақталып отыратын термин-сөздер көп ұшырайды, мысалы, "атом", "психология", "яровизация", т.т. сияқты.

О баста: "атом" - онан әрі бөлінбейтін, "психология" - "жан тану ғылымы", яровизация - "күздік тұқымды жаз себетін тұқымға айналдыру" мағналарында қолданылған. Ғылым өрісі кеңейіп ілгері басқаннан кейін, жаңағы сөздер беретін ұғымдар да өзгерген, сөйтіп әлгі сөздер басқа мағналарды білдіретін болып шыққан; электрон теориясы келіп шықты да атом - дененің онан әрі бөлінбейтін ең кішкентай бөлшегі деген ұғымды бекерге шығарды; психология - рух тану ғылымы емес, қайта, "рух", "аруақ", "жын-шайтан" сияқтылардың түбі шикі екенін ыспаттайтын ғылымға айналды; яровизация - күздік тұқымдарды жаз себуге жарамды етіп шығаратын ғана ғылым емес, тұқымды жақсартып, егістік жерлерді өңдейтін, оның үстіне жаз себілетін тұқымдарды, шапшаң көктеп өсіп шығатын етіп, егіннің бітік болып шығуын арттыру жолдарын табатын ғылым боп шықты.

Мұндай реттер барлық терминдерге де ұшырайды десек көп қателескен болмаймыз; сонда ескі терминдер сақталып қала барады, бірақ мағнасы соныланып жанарады. Ұйткені ғылыми ұғымды білдіретін сөздер ғана аударылады, ұғым со кезеңге ортақ болғандықтан ол аударылмайды, жалғыз-ақ түсіндіріліп анықталып кетеді. Олай болса, халықара терминдерді аударып алам

деу бекершілік болып шығады. Термин алу мәселесінде бізде неше түрлі өрескелдік болғанын көреміз. Бізде "психология" демей "жан жүйесі" (жан тану ғылымы), "геометрия" демей "пішіндеме" (фигура жайлы деген боп шығады) деп алынған болатын. Әрине, бұ сықылды өрескелдік аударылмайтын сөздерді, халықара терминдерді аударып алам деуден, аудару керек болғанда да терминдерді емес, сөздердің лексикалық мағналарын аударудан келіп шыққан ауру екені даусыз. Мұнан мынадай қорытынды шығады: тұрақты ұғымдардың әрқайсысына, халықара термин болып кеткен белгілі бір сөзді теліп, тұрақты термин етіп алу керек. Термин емес жай сөзге келгенде бұлардың орнына - жазушының, сөйлеушінің лексика запасына қарай, бар запасын орынды жерінде қолдана білуіне қарай, басқа сөздер алуға болады.

Тарих бүкіл жер жүзіндік мөнге ие болған күннен бастап ғылым мен революция табыстары да бүкіл жер жүзіндік ғылым мен жер жүзіндік революция табыстарына айналды. Біздің заманымызда бір заңды екі адам өз тұсынан табуы, - мысалы Ломоносов та, Лавуазие де бір заңды өз бетімен ашуы мүмкін емес. Капитализм жағдайында, капиталистер ғылымның, техниканың жеке табыстарын қанша жасырып ұстағылары келгенмен, жасырып ұстап тұра алмайтын сияқты. Капиталистердің ғылым-техниканың бар сыры өз қолымда болсын, басқалар білмесе екен дейтін тілегі жалғыз-ақ соғыс техникасында, онда да уақытша іске асуы мүмкін. Уақытша деуіміздің себебі - империалистер соншама қару-жаракты көріп қою үшін жасамайды ғой, әрине оны екінші бір елді жаулап өзіне бағындырып алуға даярлайды ғой. Сол-ақ ол ұзақ уақыт жасырын болып қала алмайды, сол-ақ оны басқалар да малданатын болады.

Сондықтан ғылым-техника табыстары жарыққа шығарған терминдер де бүкіл жер жүзіне ортақ, халықара термин боп шығады. Термин сөздердің жай сөздерден мағна жағынан өзгеше болуы да осыдан келіп шықпақ. Бір сөз белгілі бір кезеңдегі халықара бір ыңғай, стандарт ұғымға телінбей, әр елдің тілінде қандай мағнада қолданылған түрінде қалып отырса, о сөз термин катарына кіре алмайды. Мысалы: орыстың "лошадь", "корова", "толстый", "мелкий", т.т. сияқты сөздері мен соларға сәйкес келетін қазақтың "ат", "сиыр", "жуан", "ұсақ" сөздері.

Үстіртін қарағанда соңғы қазақ сөздері алдыңғы орыс сөздеріне сәйкес, солар берген ұғымдарды да дәл түсіндіре алатын сияқты. Бірақ олай емес көрінеді: орыстың "лошадь"-ына бірде қазақтың "аты", кейде - "жылқы"-сы сәйкес келіп отырады; со сияқты, қазақтың "ат"-ына бірде орыстың "мерин"-і, кейде "конь"-і сәйкес келіп отырады. Қазақтың "сиыр"-ы, көбінесе-ақ орыстың "рогатый скот"-ы орнына, сирек қана "корова"-сы орнына жүреді. Орыстың "толстый" деген сөзі цилиндр дененің жуандығын білдіретін болса ғана қазақтың "жуан" сөзіне сәйкес келеді; бірақ орыстың "толстая бумага"-сын қазақ "қалың қағаз" дейді, - ("жуан қағаз" демейді), - "толстый стебель"-ін - "жуан сабақ" дейді.

Орыстың мелкий деген сөзі, "камешек" сияқтылар жайлы айтылған болса ғана оған қазақтың "ұсақ" сөзі сәйкес келеді ("ұсақ тастар" "мелкие камешки"), ал енді "мелкая вода" дегендегі "мелкий"-ді "ұсақ" (су) деуге болмайды, - "тайыз су" дейміз - мұнда "мелкий" сөзіне "тайыз" дәл келеді.

Солай болатын жөні де бар: өйткені сөз бір нәрсенің жай аты ғана емес, - жете танылған, бөлектеніп шыққан нәрсенің аты.

Бір нәрсенің осылайша бөлектеніп шығуы әр елдің тарихи даму жағдайларынан келіп шықпақ, конкрет тарихи жағдайларға қарай икемделмек, - ондай жағдайларды әрбір қоғам коллективі өз басынан оздыратын сияқты, бірақ бір сөздің әлгінше бөлектеніп шығуы түрліше болады. Әр коллектив өзінің тіршілігінде бір нәрсенің бір жағынан пайдаланса, ол нәрсені со жағынан ғана таниды, құбылыстардың арасындағы байланысты осы жағынан алып тексереді.

"Восход солнца" кейбір халықта "күннің жоғары көтерілуі" болып көрінген, енді біреулерге - "үйден шығу" тәрізді, үшіншілерге - "туу" тәрізді боп көрінген. "Меньшая глубина воды" ұғымы да со сияқты. Орыстар мұны "мелкий предмет"-ке байланыстырып алса, қазақтар оны "замерзающая вода" ұғымына ұштастырып, "скользкость" ұғымымен байланыстырып, "тай" түбірінен "тайыз" туынды сөзін қолданып кеткен.

Өмірде кездесетін ұғымдар, оған сәйкес сөздер осылай жасалып жарыққа шығып отырады, ал енді, - бір елдің тіліндегі сөздерге сәйкес келетін екінші бір елдердің тілдеріндегі сөздер, қашан да толық сәйкес болып отырған емес. Үйткені ел-елдің тіршілік жолындағы, тарих заңы мен келіп шыққан ұғымындағы айырмашылықтар жойылмай тұрып, ол сөздер бірыңғай толық бір-біріне сәйкес келе алмайтын сияқты. Ғылыми ұғымдарды алатын болсақ, мұнда әңгіме басқаша. Өйткені бұл ұғымдарды белгілі бір ғылым тарихының белгілі бір кезені жетектеп отырады, - мұнда сол ұғымды малданып отырған халықтың тарих жолымен, немесе жер-суы, мекені басқалығымен келіп шыққан сезімі жаңағы процеске кедергі бола алмайды. "Линия" сөзі ғылыми бір ұғым, бірақ мұның қарапайымғы мағнасы ғылыми ұғымға сәйкес емес, - әр ел мұны әртүрлі құбылыстармен байланыстырып алады, - "пар" ұғымы да сондай: физикадағы "линия" бір басқа да, жай тіршілікте кездесетін "линия" бір басқа.

Қай тілдің де жай сөздері тек сол елдің ғана қолданатын сөзі болудан озып, ғылыми ұғымдарды білдіретін болса, сонда ғана термин қатарына кіреді. Қазақтың "тау сағыз"-ы мен "жабағы"-сы өрісі ұзарып шетке шыға алмай, қазақтың өзі ғана білетін ұғымдар болып жүрген кезде жай сөздіктен асқан жоқ. Ал енді "тау сағыз" сөзі белгілі бір ботаникалық, биохимиялық ұғымды, "жабағы" сөзі - товарлық ұғымды алып еді, - бұлар термин болып шыға келді.

Сондықтан әр ұлттың меншікті, - басқалар қолданбайтын терминдері болмайтын сияқты. Дұрыс, араб, қытай сияқты бірен-саран елдер бар: бұлар тарихи жағдайлардың күшімен барлық терминді өздерінің ұлт тілінде бар

сөздерден жасап алуға тырысқан. Бірақ бүкіл жержүзілік тарихи процестің ағымына бұлар да төтеп бере алмай, халықара терминдерге бұлар да қойындарын аша бастады. Империализм дәуіріндегі революция қозғалысы жер жүзіндегі колония елдерді тегіс оятты, сонымен қатар олардың тілдерін де жақындастырып "жалпы" тіл тудырып келеді. Революция тудырған терминдер қай тілде жасалмасын - бүкіл жер жүзіне таралып келеді.

Сондықтан, термин - әр елдің өз сөзімен алынса да, мысалы: "еңбек", "ақша", немесе халықара сөзбен алынса да, мысалы "капитал", "валюта" сияқты - қашан да халықаралық болады, өйткені бұлардың екеуі де жер жүзіне белгілі ортақ ұғымдарды білдіреді.

Капитализмнің жұлма мерез аурудай-ақ іріп шіруге бет алған дәуірін алсақ, - мұнда қай мәселе де ұлт аясында ғана шешілмей, өндіріс бүкіл жержүзілік болып стандарт түрге көшкенін көреміз; осының белгісі болып халықара стандарт терминдер көбейеді, - өзі көбінесе халықара ортақ сөздермен айтылатын болады. Бірақ бұл дәуірде ұлт және ұлт тілі жойылып кетпейді ғой, сондықтан халықара терминдердің бірсыпырасы, мүмкін тіпті көбі ел-елдің өз сөзімен алынып отырады.

Пролетариат диктатурасы дәуірінде ұлт мәдениеті екпінді түрде ілгері басып дамып отырады, бірақ мұнда ұлт мәдениетінің мәні капитализм тұсындағы ұлт мәдениетінің мәнінен мүлдем басқа; олай болса пролетариат диктатурасы дәуірінде де халықара ортақ терминдермен қатар, ел елдің өз тілінде алынған терминдер де болмақ. Екеуі қоян-қолтық тепе-тең түсіп отыра ма, немесе біреуі кеміп, оның есебіне екіншісі артып отыра ма, - о жағы тарихи жағдайлармен сабақтас нәрсе, - бірақ халықара ортақ сөздермен алынатын терминдер қоғамның дамуына қарай өсіп, өрісі кеңеюі даусыз.

Біз жоғарыда: терминдер, бір жағынан халықара ортақ болып кеткен сөздерден жасалса, екінші жағынан - ел-елдің өз тіліне аударылып та алынып отырады деген едік; міне термин тәжірибесіндегі осы заң қазақ тілінің терминдерін жасауда да өзінің күшін сақтауы керек.

Сүйтіп, қазақ тілінің терминдері бір жағынан бірыңғай интернационал сөздермен алынса, екінші жағынан - қазақ сөздерінен жасалатын болса.

Біз, бірыңғай интернационал терминдер - қазақ тілінде оларға сәйкес келетін сөздер табылсын, табылмасын - аударылып алынбасын дейміз. Қазақ тілінің терминдері жайлы біздің ұстаған жолымыз осы.

Қазақ АССР Оқу Халық Комиссариатының жанындағы "Мемлекеттік терминологиялық комиссия" бюллетенінің 1935 жылғы 2 нөмірінде жарық көрген профессор Қ. Жұбановтың "Термин сөздердің спецификасы" деген мақаласы. "Қазақстан мұғалімі", 1958, 10 сәуір, № 15.

ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН БҮКІЛ ОДАҚТЫҚ МӘЖІЛІС

Октябрь революциясынан кейін Советтер Одағындағы халықтар өмірінде болған түбірлі өзгерістер ұлт тілдерінің мейлінше өрістеуіне жол ашты. Ғылым мен техниканың сан алуан салалары бойынша терминологиялық сөздіктер жасауда ұлт республикаларында көптеген жұмыстар жүргізілді. Алайда терминология мәселесінен байланысты жұмыстарды одақ көлемінде бір ізге түсіру, қорытындылау және бұл саладағы тәжірибелерді ортаға салып, пікірталасу ісінің көңілдегідей болмағаны да рас. СССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының осы жылы май айында одақтас республика халықтарының әдеби тілдерінде терминология жасау мәселесі туралы арнайы мәжіліс өткізуі негізінен осы жағдайға байланысты еді. Кеңес бір жетіге созылды. Мұндағы мақсат бір жағынан осы уақытқа дейін одақ көлеміндегі терминология жұмысын қорытындылау болса, екінші жағынан алда тұрған міндеттерді белгілеу болды. Мәжіліске Советтер Одағындағы барлық тілдердің өкілдері қатысты. Қазақстаннан Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор **Балақаев М.Б.** бастаған 12 делегат барды. Олардың ішінде 30-жылдардан бері үзбей термин мәселесінен шұғылданып келе жатқан, бірнеше терминологиялық сөздіктің авторы **Қ. Әбішев, Т. Мұсақұлов** сияқты КазПИ-дің доценттері, марксизм классиктерінің шығармаларын аударуға және қоғамдық ғылымдардың терминдерін жасауға еңбек сіңірген **М. Жанғалин, Х. Рахимов, Қ. Жабасов** тәріздес сақа аудармашылар, оқу-педагогика баспасынан Хателов, академиядан **Ж. Болатов, Ә. Хайдаров, Қ. Садуақасов, Е. Рамазанов, А. Әбдірахманов** сияқты жас тіл мамандары бар. Бұл жолдастардың бәрі дерлік сөйлеп, өз тәжірибелерін ортаға салысты.

Жалпы мәжілісте 7 баяндама тыңдалды. Кіріспе сөз сөйлеген академик **В.В. Виноградов** совет тіл білімінің алдында тұрған күрделі міндеттерді айта келіп, оның үлкен бір саласы терминология мәселесіне де тіл мен әдебиет институттарының зор көңіл бөлуі керек екенін атап көрсетті. Терминология жайындағы теориялық еңбектер ұзақ жылдардағы тәжірибеден туатынын, терминология жұмысы бір жағынан ұлттық тілдерде жүзеге асып жатса, екінші жағынан оның халықаралық шеңберге барып ұласатынын академик **В.В. Виноградов** баса айтты. Осымен бірге ол басқа кейбір республикалармен қатар Қазақстандағы терминологиялық жұмыстың да өрге басып отырғанын атап өтті.

Будан кейін жалпы мәжілісте "СССР халықтары тілдерінің сөздік құрамын байытудағы орыс тілінің ролі" деген тақырыпта проф. **Ю.Д. Дешериевтің**, "Термин және терминология" деген тақырыпта проф. **А.А. Реформатскийдің**, "СССР халықтары тілдеріндегі терминологияның кәзіргі жайы" туралы проф. **А.Н. Баскаковтың**, "Техникадағы терминологиялық жұмыстың негізгі бағыттары" туралы **Н.К. Суховтың**, "Терминологиялық сөздіктердің сөздікшелері" жайында **Т.Г. Брянцеваның**, "Орыс алфавитін қолданатын СССР халықтары тілдері жазуындағы графика мен орфографияның кейбір мәселелері" деген тақырыпта проф. **Е.И. Убрятованың**, "СССР халықтарының тілдері үшін бірыңғай транскрипция жасау" туралы проф. **Л.Р. Зиндердің** баяндамасы тыңдалды. Аталған баяндамалардың барлығы да өз тақырыбына сай тиісті мәселелерді жеткілікті дәрежеге көтере алды деуге болады. Бұлардың ішінде профессорлар **Ю.Д. Дешериевтің**, **Н.А. Баскаковтың**, **Е.И. Убрятованың** баяндамалары қызықты болды. Баяндамаларды талқылау үстінде көптеген құнды пікірлер айтылды.

Мәжіліс бұдан кейінгі жерде қоғамдық-саяси терминология, тіл терминологиясы, ғылыми-техника және оқу-педагогика терминологиясы атты үш секцияға бөлінді. Мұнда әр түрлі мазмұнды 12 баяндама тыңдалды. Қазақстаннан апарылған "Орысша-қазақша терминологиялық сөздіктерді жасау принциптері туралы" (баяндамашы **А. Әбдірахманов**) деген баяндама ғылыми-техника және оқу-педагогика терминологиясына арналған секцияда жасалды.

Бүкіл одақтық мәжілісте қазақ терминологиясының көрнекті орын алуына мына жағдайлар себеп болды. Қазақстанда Совет өкіметі орнағаннан бері терминология мәселесіне жалпы мәдени құрылыстың бір саласы ретінде үкімет пен партия тарапынан үнемі басшылық етілді. 1925 жылдан 1935 жылға дейін терминология ісін Қазақ ССР Халық ағарту комиссариаты басқарып келсе, 1936 жылдан осы күнге дейін Қазақ ССР Министрлер Советінің қасындағы Терминология комиссиясы басқарып отыр. Мемлекеттік терминкомның председателі, Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары **А.З. Закарин**, Мемлекеттік терминком председателінің орынбасарлары академиктер **С.Б. Бөйішев**, **С.Қ. Кеңесбаев**, ғылыми хатшысы профессор **М.Б. Балақаев** жолдастар терминология жұмысына белсене қатысып жүр. Ғылым мен техника салаларындағы қазақ терминологиясының жасалу және қалыптасу тарихындағы ерекше бір жай мынау: біздің **Қ. Жұбанов**, **С. Кеңесбаев**, **С. Аманжолов**, **М. Балақаев**, **Н. Сауранбаев** сияқты көрнекті тілші ғалымдарымыз осы жұмысқа тікелей араласып келді. Терминология жұмысына соңғы жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы зор көңіл бөліп, академияның барлық институттарына 1965 жылға дейін терминологиялық және түсіндірме сөздік жасап шығару туралы нұсқау

берді. Осының нәтижесінде екі томдық "Орысша-қазақша терминология сөздігі" биыл жарыққа шықты. Бүкілодақтық мәжілісте, бірінші жағынан, Қазақстанда терминологиялық жұмыстық дұрыс жолға қойылғаны атап көрсетілсе, екінші жағынан, жоғарыда аталған сөздіктің ойдағыдай жасалғаны сөз етілді. Мәселен, терминология сөздіктері туралы баяндама жасаушы Т.Г. Брянцева жолдас ұлт тілдеріндегі терминологиялық сөздіктер "Орысша-қазақша терминология сөздігінің" I томындағы физикалық география терминдерінің сөздігі үлгісімен жасалғаны жөн деді. Т.Г. Брянцеваның пікірін мәжіліске қатысушылар қызу қолдады. Сонымен терминология сөздіктерінде ұлт тіліндегі балама сөздерге жақша ішінде түсінік беріп отыру керек деген ұсыныс бір ауыздан мақұлданды.

Мәжілісте терминнің анықтамасы жөнінде айтыс болды. Бұл ретте кейбір сөйлеуші жолдастар проф. А. А. Реформатскийдің пікіріне қосылуға болмайтынын айтты. Проф. Н.А. Баскаковтың баяндамасындағы терминге берілген анықтаманың қолайлылығы баса көрсетілді. Мәжілісте проф. Ю. Д. Дешериевтің баяндамасында айтылған ұлт тілдерінде термин жасаудағы алшақтығы аз принцип (принцип минимальных расхождений) пен барынша алшақ принцип (принцип максимальных расхождений) туралы пікірталасы болды. Бірақ қорытындыда баяндама тезисі негізінен дұрыс деп табылды. Термин жасаудағы алшақтығы аз принципті қалай түсінуге болады? Бұл, біріншіден, термин сөздерге ана тілінде балама сөз болса, соны пайдалану арқылы, екіншіден, сол тілде балама сөз жоқ болса, терминді орыс тіліндегі формада қабылдау арқылы жүзеге асады. Егер орыс тіліндегі терминге ана тілінен балама табылмаса, оны әйтеуір "ұлттандырамыз" деп жасанды термин жасаудың қажеті аз. Үйткені, жасанды, әрі көкейге қонымсыз термин жасау пуризмге соқтырады. Бұл принциптің мәні осылай түсіндірілді. Проф. Н.А. Баскаковтың "Осы принципті әсіресе туысқан тілдер ішінде жүзеге асыру керек" деген пікірі де орынды болды.

Мәжілістің жалпы қорытындысында баяндамашылар мен сөйлеушілердің сөзін ескере отырып, терминология жөніндегі теориялық еңбектер жазу, терминологиялық сөздіктер жасау ісіне маман адамдар мен тілші ғалымдардың бірігіп жұмыс істеуі керек екендігі, туыстас тілдердің арасында терминге байланысты мезгіл-мезгіл региональдық мәжілістер шақырып отыру, терминологиялық сөздіктер туралы инструкция басып шығару, жалпы терминологиялық жұмыстағы байланысты күшейту, терминологияның теориялық және практикалық мәселелеріне арналған бюллетень шығару, т.б. толып жатқан мәселелер жөнінде тұжырымды шешімдер қабылданды. Жалпы алғанда бүкілодақтық мәжілістік терминологиялық жұмыстың келешектегі міндеттерін анықтауда үлкен маңызы болды.

Қазақстандағы терминология жұмысында екі үлкен кемістік бар екені осы мәжіліс кезінде байқалды. Біріншіден, бізде терминдердің іс жүзінде қолданылуына бақылау жасалмайды. Осының нәтижесінде терминдік синонимдер, кейде кате терминдер де кездесіп жүр. Мемлекеттік терминком мен Тіл-әдебиет институтының осы олқылыққа барынша зер салғаны жөн ғой дейміз. Екіншіден, бізде көптеген ғылым мен техника салалары бойынша әлі сөздіктер жасалған жоқ. Мысалы, химия, темір жол транспорты, құрылыс терминдерінің сөздігі т. б. осы күнге дейін жасалмай келеді. Қазақ ССР Ғылым академиясының кейбір институттары Президиумның 1957 жылғы 13 сентябрьдегі жарлығына сай орысша-қазақша терминологиялық және түсіндірме сөздіктер жасау ісіне кіріскенімен, кейбір институттар бұған әлі де мән бермей отыр. Сондықтан, барлық ғылым мен техника саласынан терминологиялық және түсіндірме сөздіктер жасау ғылыми мекемелердің міндеті екенін ұмытпау керек.

Мәжілісте графика мен орфография, біріккен сөздердің жазылуы, фонетикалық транскрипция мәселелерін бұдан былайғы жерде де зерттеу және бұл жұмыстар жөнінде арнайы мәжіліс шақыру керектігі де сөз болды.

Терминология жайындағы бүкілодақтық мәжіліс ұлт тілдеріндегі терминологиялық жұмысты қорытындылаумен бірге, алда тұрған міндеттерді де анықтап берді.

Әбдірахманов А. Терминология мәселелеріне арналған бүкілодақтық мәжіліс // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. № 7 (12). шілде. 1959. - 101-103 бб.

ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНОЛОГИЯДАҒЫ КЕЙБІР АРАБ-ПАРСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ ТУРАЛЫ

Бір ұлт тілінен екінші бір тілге түрлі жаңа сөздер еніп, олардың белгілі бір уақыт ішінде сол тіл ыңғайына әбден бейімделіп, сіңісіп кету процесін әсіресе ғылым салаларының әрқайсысы өз алдына жан-жақты өріс алып, жаңа дами бастаған тұста анығырақ байқауға болады. Бұл орайда, жоғарыдағы тәрізді, тілден тілге сөздердің өтуі кейінгі жерде және қазіргі уақытта кездеспейді деген ұғым тумасқа керек. Мұндай ауысу әдетте сол тілде сөйлейтін елдің өміріндегі, ең алдымен ондағы ғылым мен техника саласындағы жаңалықтармен тығыз байланысты. Ғылым мен техникадағы жаңалыққа байланысты тілде тың атаулар пайда болады, немесе бұрыннан бар белгілі бір сөз жаңа бір "мағыналық рең" алады. Мысалы, *спутник* - орыс тілінде бұрыннан бар белгілі сөз. Бірақ ол бұрынғы білдіретін ұғымының үстіне соңғы тұстағы техника табысымен сәйкесті тағы бір үстеме мағынаға ие болды. Қазір ол көптеген шетел тілдерінде, сондай-ақ қазақ тілінде де өзгеріссіз, *спутник* ыңғайында қалыптасып барады. Біздің сөз еткелі отырған мәселеміз ежелден бар белгілі сөздердің жаңа мағыналық астар алуы жайында емес, тілімізге осындай басқа тілден енген терминдер турасында.

XI-XV ғасырлардың аралығында математика, физика және осы сияқты әр алуан дәл ғылымдар саласында араб елінің басқа жұрттар үлгі етерлік жетістіктерінің болғаны мәлім. Европа оқымыстылары Орта Азияның Хорезми және Фергани тәрізді ұлы ғалымдарының математика және астрономия саласындағы еңбектерімен арабтар арқылы ең алғаш осы тұста танысты. Сондай-ақ олардың сол кез үшін жетістік ретінде санарлық табыстары физика саласында да болды. Әсіресе X ғасырдың екінші жартысы мен XI ғасырдың бірінші бөлегінде өмір сүрген физика маманы Ибн-аль-Хайтамның оптика саласында қол жеткен кейбір көрсеткіштері сол уақыттағы ғылымда зор жаңалық болып қабылданды. Оның "Оптика" деп аталатын ең басты еңбегінің Европа ғалымдарының кейбір мәселелер төңірегіндегі ізденулеріне кезінде белгілі дәрежеде мұрындық болғаны аян. Араб оқымыстылары жаратылыстануда да көп еңбек қалдырды.

Араб, парсы елдерінің бір кездегі ғылым мен техника саласында басқа ұлттар үшін үлгі боларлық осы тәрізді жетістіктерге жетуі нәтижесінде Европа халықтары тіліне жаңадан бір қыдыру араб-парсы сөздері енеді. Араб, парсы тілдерінен басқа тілдерге бұл тәрізді сөз ауысу реті тек ғылым мен техника саласында емес, мәдениет және өнер саласынан да ұшырасады. Бірақ мәдениетпен, өнермен байланысты сөз ауысу процесі негізінен түркі тілдері

шеңберінде ғана байқалады. Бұл - өз алдына бөлек мәселе. Біз бұл мақалада ғылыми терминологиядағы кейбір араб, парсы элементтеріне ғана тоқталмақпыз.

Араб, парсы элементтерін химия, ауыл шаруашылық, физика, астрономия және басқа да ғылым салаларындағы қазір әбден қалыптасып, бір ізге түскен терминдер ішінен кездестіруге болады. Бірақ осы күнгі ғылыми терминологияда сақталған мұндай элементтер онша көп емес. Дегенмен олар түрлі ғылым саласында әр мөлшерде ұшырасып отырады. Ал енді, жалғыз-жарым сақталған сол терминдер қандай тұлғалық, мағынадық өзгеріске түскен? Жок, әлде олар еш өзгеріссіз-ақ қалыптасқан ба? Бұл ретте мына бір жайларды айта кету шарт. Ғылыми терминологиядағы араб, парсы сөздерінің кейбіреулері сол ауысқан тілдің фонетикалық заңдылықтарына сәйкес ыңғайланған да, енді біразы, негізінен, бастапқы күйінде қалыптасып кеткен.

Химия саласы бойынша ғылыми терминологияда бірнеше араб, парсы элементтері бар. Енді осылардың кейбіреуінің қазақ тіліндегі табиғаты мен қолдану жайына тоқталып өтейік.

Калий термині қазақ тіліне орыс тілі арқылы енді де осы түрінде сіңісті. Бұл - араб сөзі. Бірақ оның араб тіліндегі нұсқасы бұдан гөрі шамалы өзгешерек. Араб тілінде ол ал-қали түрінде айтылады. *Ал* араб тілінде белгілілік (нақтылық) ұғымда жұмсалатын артикль. Орыс тілінде термин ретінде қабылдану процесінде *ал* артиклі түсіп қалған. Осыған сәйкесті қазақ, түркпен және басқа түркі тілдерінде де бұл термин ал артиклінсіз калий (кали) түрінде қолданылып кетті. Бірақ бұл жерде бір ден қоярлық қызық жай - осы калий терминінің орыс тілінде жаңа жұрнақ қабылдап, өзге сөзге айналу ыңғайы, орыс тіліндегі *механизация, модернизация* сияқты сөздердің ізімен *-изация* жалғауы *калий* терминіне емес, оның араб тілінің өзіндегі бастапқы толық нұсқасы *ал-қали* сөзіне жалғанып, бастапқы *калий* ұғымының негізінде екінші бір мағынаны көрсететін алкализация термині қалыптасты. Демек, қазіргі ғылыми терминологияда қолданылып жүрген калий терминінің де, *алкализация* терминінің де әуелгі із-өкшесі араб тілінде бір-ақ сөз. Сол секілді *алкалоз* делінетін химия терминінің де түп төркіні - ал *калий* сөзі.

Алкил термині де араб тілінен енген. Бірақ, мұның түбірі қазіргі араб тілінде килун түрінде айтылады¹.

Сондай-ақ, алкоголь сөзі де араб тілінен кірген терминдер қатарына жатады. Мұның негізгі түпнұсқасы *ал-куһулун*². Орыс тіліне енген тұста оның соңғы родтық қатынасты білдіретін *ун* көрсеткіші түсіп қалған да *алкоголь* түрінде сіңіскен. Қазіргі химия терминдері тобында бұдан басқа да осы тәріздес араб

¹ Х.К. Баранов. Арабско-русский словарь. 1958, 90 бет.

² Сонда. 862 бет.

тілінен ауысқан бірнеше кірме атаулар бар. Жоғарыдағы терминдер сияқты дыбысталу жағынан бұлар да азын-аулақ өзгеріске түскен. Бұған дейін ғылыми терминологиядағы осы алуандас жалғыз-жарым терминдер өз алдына арнайы сөз болған емес. Сондықтан бұл арада олардың тілімізге сіңісу реттері, қазіргі қолданылу жайы туралы қысқаша болса да жеке-жеке тоқтала кетуді жөн көрдік.

Медицинада кездесетін *асафетида* терминінің тіліміздегі қалыптасуы өте қызық. Бұл - екі сөзден біріккен құранды термин. Бірақ, осы екі сөз, екі тіл элементінен кеп бірігіп, күрделі бір атау құрған. Мұндағы бірінші сөз - *аса* да, екіншісі - *фетида*³. *Аса* - парсы тіліндегі аза атауы, ал *фетида* - латын тіліндегі фоетиде сөзі. *Аза* парсы тілінде *қарамай* дегенді білдіреді.

Латынша *фоетида* сарымсақ (чеснок) иісті қарамай тәріздес дәрі. Екі тілдегі бұл екі сөз бірімен-бірі осылай кіріге келе бір ғана терминдік ұғымға ие болған.

Араб тілінен енген терминдердің бірі - минералдың атын білдіретін *лазурут*, ол "өз топырағында" бұдан гөрі өзгешелеу айтылып, өзгешелеу жазылады, яғни араб тілінде *лазавард* болып айтылса⁴, парсы тілінде *ладжвард* түрінде кездеседі⁵. Ғылыми терминологияға араб тілінен еніп, сіңісіп кеткен жоғарыдағы сөзбен төркіндес *азурут*, *азур* терминдері де бастапқы күйінен азды-көпті өзгеріске түскен.

Химияда, минералогия саласында кездесетін *яшма* термині араб тілінде *яшб*, сондай-ақ *яшм*⁶ түрінде қолданылады. Орыс тіліне бұл термин *яшма* түрінде сіңісіп кетті. Қазақ тілі терминологиясында да ол осы орыс тіліндегі түрінде қалыптасты.

Химиядағы *кальций* термині де тілімізге араб тілінен енген. Бірақ ол араб тілінде *кальсиум* түрінде қолданылады⁷. Біздің тілімізде бұл сөз бір шама "ықшамдалып" *кальций* болып қалыптасты. Бұл аталғандардың бәрі араб тілінен тілімізге тек химия саласы бойынша енген сөздер. Тілімізге араб тілінен ауысқан бұлардан басқа да көптеген химия терминдері бар. Мұнда олардың кейбір жекелеген түрлері ғана сөз болды.

Сонымен бірге тілімізде химия саласына байланысты жалғыз-жарым болса да парсы элементтері кездеседі. Қазіргі ғылыми терминологиямызда олардың да әрқайсысының әртүрлі ыңғайда орныққанын байқаймыз. Терминдердің бұл тобының бірсыпырасы ешқандай формалық өзгеріске түспей-ақ ауысқан болса, енді біразының тілімізге азды-көпті өзгеріспен сіңіскендігі аңғарылады. Мысалы, *лак* термині қазақ тілінде сол әуелгі күйінде ешбір өзгеріссіз қалыптасты. Сондай-ақ, осы саладағы парсы тілінен ауысқан сүрме термині де елеулі өзгеріске

³ Словарь иностранных слов. 1949, 778 бет.

⁴ Х.К. Барановтың аталған сөздігі. 906 бет.

⁵ А.А. Фархадян. Персидско-русский словарь. 1959, 561 бет.

⁶ Х.К. Барановтың аталған сөздігі. 1164 бет.

⁷ Сонда, 891 бет

түспеген. Дегенмен парсы тілінде ол бұдан гөрі сәл басқашалау, *сормэ* болып қолданылады⁸. *Сормэ* термині орыс тілінде *сурьма* түрінде қабылданған. Бұл арада мына бір жайды айта кеткен орынды. Жоғарыда тоқталып кеткен *кальций*, *лак*, *яшма*, *лазурит* және т.б. терминдердің тілімізде бастапқы кейпінен бәлендей өзгеріссіз жұмсалатындығын көрсек, сүрме терминіне келгенде жағдайдың бұдан гөрі басқашарақ екенін байқаймыз. Бұл термин қазақ тілінде орыс тіліндегі нұсқасында емес, тіліміздің фонетикалық жүйесіне бейімделген, фонетикалық тұрғыдан өзгеріске түскен нұсқада жұмсалады. Осы өзгешелікке қарағанда қазіргі ғылыми терминологиядағы *сүрме* термині, басқа ғылыми терминдер тәрізді орыс тілі арқылы емес, парсы тілінің өзінен тікелей, немесе басқа көрші түркі тілдері арқылы ауысқан сияқты.

Ғылыми терминологияда араб-парсы элементтері тек химияда емес, сондай-ақ басқа да ғылым салалары бойынша ұшырасып отырады. Бұл ретте қазақ ғылыми терминологиясында кездесетін кейбір өсімдік атауларын өз алдына топтап, жеке әңгімелей кетуді мақұл көрдік.

Ботаника терминдерінің ішінде *шафран*, *сафрол*, *кунжут* (*кунжіт*), *цитварное семя*, *гармала*, *люффа*, *могар* тәрізді өсімдік аттары кездеседі. Бұл сөздер де қазіргі ғылыми терминологиямызға араб және парсы тілдерінен енген. Ілгеріде сөз еткен терминдер тәрізді бұлар да сыртқы пішіні, дыбыстық құрамы жағына азын-аулақ өзгеріске түскен. Әсіресе, алғашқы екеуінің - шафран және сафрол терминдерінің қалыптасу реті өте қызықты. Шығу түбірінің бір болғандығына қарамастан, бұлардың екеуі - екі ынғайдағы термин, яғни, екі түрлі атау. *Шафран* мен *сафрол* терминдерінің түбірі араб тіліндегі *загфаран* сөзі⁹. Осы загфаран сөзінің қолданыла келе шафран формасына айналуы ешқандай күдік тудырмайды. Бірақ, бұл арада "сафрол терминінің мұнымен қисындасу реті қалай, шафран сөзімен түбірлес болатын болса, ең болмағанда сафрол емес, шафрол болып қалыптаспас па еді" деген сұрақ тууы мүмкін.

Шындығында, *сафрол* сөзі *шафран* атауымен түбірлес болғанмен, екі сөзден кіріккен. Мұндағы бірінші компонент *загфаран* сөзі де, екіншісі – латын тіліндегі *ол* сөзі¹⁰. *Загфаран* – шөп түрі, ал соңғысы латын тілінде сарғылт түсті сұйық май дегенді білдіреді. Біздің ойымызша, бұл атаудың *шафран* терминінің ізімен *шафрол* болмай, *сафрол* түрінде қалыптасып кету себебі, яғни, *ш* әрпінің *с*-ға айналуы кейінгі компонент – *ол* сөзінің әсерімен байланысты.

Тілімізге түрлі өсімдік атауларымен байланысты енген *цитварное семя*, *гармала* терминдері жайында да осыны айтуға болады. Алдыңғы тіркестегі біздің тоқталғалы отырған сөзіміз – бірінші компонент. Бұл – араб тілінде *дзадвар*

⁸ Х.К. Барановтың аталған сөздігі. 386 бет.

⁹ Х.К. Барановтың аталған сөздігі. 414 бет.

¹⁰ Словарь иностранных слов. 579 бет.

түрінде қолданылады¹¹. Орыс тілінде ол жоғарыдағы тіркестік терминде қазір *цитвар* деген вариантта қолданылып жүр. *Цитварное семя* терминінің қазақ тіліндегі баламасы дәрмене, немесе дәрмене жусан.

Сондай-ақ, *гармала* терминінің де “өз топырағындағы” бастапқы түрі мұндай емес. Ботаника саласындағы бұл *гармала* терминінің әуелгі формасы – *гармалун*¹². Кейін басқа тілге ауысқан кезде мұндағы соңғы септік жалғауының көрсеткіші түсіп қалған. Ал *люффа*, *могар* терминдері бұл сияқты өзгеріске түспеген.

Кунжут терминінің парсы тіліндегі нұсқасы *конджэд*¹³. Қазақ тіліне осы *кунжут* күйінде сіңісіп кетті.

Терминологиядағы осы тәрізді араб, парсы элементтері басқа ғылым салаларында да азды-көпті кездеседі. Араб, парсы элементтері астрономия, физика, геология терминдері ішінен де жоқ емес. Осындай терминдердің бірі – азимут сөзі. Бұл араб тілінде *асумут* түрінде қолданылады. Бірақ оның жазылуында осылай жазылғанмен, оқылуы бұдан гөрі өзгешелеу. Мұндағы негізгі түбір сөз – *самт*. *Самт* – жол, бағыт деген мағынаны білдіретін сөз. *Ал* – артикль. Араб тілінде *л әрпі с әрпінің алдында келгенде түсіріліп* оқылады. Осы заңдылыққа сәйкес бұл сөз *ал сумут* деп жазылғанымен, *асумут* болып оқылады. Арабтардан алынған астрономия терминдерінің бірі – *альмуқантрат* сөзі. Мұның араб тіліндегі түбірі *кантарат*¹⁴. Сөз басындағы *ал* – артикль, ал *т* – жыныстық көрсеткіші.

Сол секілді минералогияда *бура* термині де араб тілінен енген атау. Араб тілінде ол *бурақ* түрінде айтылады¹⁵. *Бирюза* термині парсы тіліндегі *фирузэ* сөзінен алынған¹⁶. Әр алуан ғылым салаларында қолданылатын араб-парсы терминдері қатарында *надир*, *нашатырь*, *шептала* сөздерін де атауға болады.

Ғылыми терминологияда ұшырасатын осы алуан терминдердің сіңісуі, тұрақтану жайы – күні бүгінге дейін назардан тыс қалып келе жатқан өз алды бір үлкен сала. Әсіресе олардың басқа тілде қалыптасу тарихына үніле зер салу – жалпы терминология мәселесінің жасалу, даму дәрежесін аша, анықтай түспек. Мұндай терминдердің көбі-ақ қазақ тіліне орыс тілі арқылы сіңісті. Бұл заңды да құбылыс. Өйткені тілімізге ғылым мен техника саласы болсын, мәдениет пен өнер болсын, солардағы барлық жаңалық атаулы мен жетістік, соны атау мен тың ұғымдар тілімізге орыс тілі арқылы қабылданып келеді.

Жанпейісов Е. Ғылыми терминологиядағы кейбір араб-парсы элементтері туралы// Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы, 1960, тамыз, № 8 (185), 53-57-беттер.

¹¹ Словарь иностранных слов. 726 бет.

¹² Х.К. Барановтың аталған сөздігі. 211 бет.

¹³ А.А. Фархадияның аталған сөздігі. 537 бет.

¹⁴ Словарь иностранных слов. 38 бет.

¹⁵ Х.К. Барановтың аталған сөздігі. 112 бет.

¹⁶ А.А. Фархадияның аталған сөздігі. 496 бет.

ВЫСТУПЛЕНИЯ НА ВСЕСОЮЗНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ “ВОПРОСЫ ТЕРМИНОЛОГИИ”

Т. Мусакулов

Принципы установления и применения биологических терминов еще не разработаны в достаточной мере и никем не исследованы. Между тем необходима унификация биологических терминов, тем более что названия растений и животных в биологии отличаются от других естественных и естественно-технических терминов своей специфичностью. Специфика их заключается в том, что в биологии исходными терминами могут служить обыкновенные бытовые слова, встречающиеся в разговорной речи (например, “подорожник”, “осока” и т. п.).

У нас были сделаны некоторые шаги, чтобы упорядочить биологическую терминологию на казахском языке с целью обеспечения правильного ее практического использования.

Мы считаем, что для разрешения поставленной задачи необходимо: а) изучить биологические понятия, связанные с терминами на казахском языке; б) установить некоторые источники обогащения и развития биологических понятий и терминов на казахском языке, собрать и систематизировать их, рекомендовать методы правильного использования биологических терминов; в) разработать на основе изучения трудов русских и казахских ученых принципы создания биологических терминов и проверить правильность разработанных терминов и их применение при составлении биологических словарей. На этих вопросах я и хочу остановиться.

Источниками обогащения биологической терминологии могут служить: словарный фонд казахского языка, лексика художественной литературы казахского и русского языков, научная лексика из произведений русских ученых-биологов и т. п.

В дореволюционный период многие слова, которые могли быть биологическими терминами, сосредоточивались в произведениях устного народного творчества Казахстана (пословицы, поговорки, сказки, эпические сказания); в них казахи широко использовали названия растений, животных. У казахов существовали также биологические слова-термины, обозначающие общебиологические, ботанические и агро-биологические понятия. Эти терминологические материалы до сих пор мало использованы или почти не использованы нашими биологами.

Со второй половины XIX в. стали появляться отдельные произведения художественной литературы, в которых встречалось немало биологических понятий или терминов. Нами разработаны принципы применения биологических терминов в практике преподавания естественных наук в казахской школе. На основе упорядочения и систематизации этих терминов и следует создавать биологические словари на казахском языке.

1. Международные термины, которые в русский и другие языки пришли из древних языков – латинского или греческого (хотя в каждом языке имеются для них равнозначные по смыслу слова), могут быть приняты и в казахский язык также без изменения, при сохранении вместе с тем равнозначных казахских слов.

2. Биологические названия на казахском языке, которые употребляются населением ряда районов Казахстана, по праву могут войти в биологическую терминологию. Без изменений они должны найти свое отражение в биологическом словаре и в практике биологической науки в школах.

3. Отсутствующие в казахском языке названия растений и животных должны входить в казахскую терминологию в дословном переводе. К таким названиям относятся: “кофейное дерево”, “железное дерево” и т.д.

4. Русские биологические термины, знакомые казахам с давних времен и в то же время не имеющие соответствующих названий на казахском языке, должны включаться в казахскую терминологию без изменений. Например, “сорт”, “порода” и т. д.

Нами рекомендуется свыше тридцати подобных положений, разработанных на основе опыта как преподавания биологии в школах, так и составления русско-казахского и казахско-русского словарей биологических терминов.

Мусакулов Т. Выступления //Вопросы терминологии.
М.: Наука, 1961. – С. 105-106

Издания политической литературы создали в Казахстане широкую возможность изучать на родном языке труды К. Маркса, Ф. Энгельса и В. И. Ленина, овладеть марксизмом-ленинизмом – наукой о законах развития природы и общества, о пролетарской революции, о победе социализма, о строительстве коммунистического общества. Широкое распространение этой литературы способствовало дальнейшему обогащению нашего общелитературного и публицистического языка. В этой связи следует отметить важность наиболее правильной разработки принципов перевода и терминологии произведений классиков марксизма-ленинизма на языках народов СССР.

Опыт проделанной работы показал нам необходимость критически пересмотреть существовавшие ранее приемы перевода. В результате этого у нас развернута кропотливая, упорная работа, которая в основном ведется в двух направлениях:

1) создаются собственно казахские термины путем перевода отдельных слов и выражений, имеющих терминологическое значение, эквивалентными казахскими словами и выражениями, например: “общество” – *қоғам*, “движение” – *қозғалыс*, “забастовка” – *ереуіл*, “восстание” – *көтеріліс*, “средства производства” – *өндіріс құрал-жабдықтары*, “промышленность” – *өнеркәсіп*, “пространство и время” – *кеңістік пен уақыт*, “прибавочная стоимость” – *қосымша құн*, “воспроизводство” – *ұдайы өндіріс* и т.д. При этом мы максимально используем все лексические богатства родного языка.

2) используются интернациональные термины в тех случаях, когда то или иное терминологическое слово или терминизированное сочетание не находит в нашем языке своего эквивалентного выражения, например: *теория*, *революция*, *демократия*, *идеология*, *абсолютизм*, *капитализм*, *монархия*, *олигархия*, *империализм*, *диалектика*, *материализм* и т.д. При этом мы сохраняем их русское начертание. Под интернациональными терминами мы понимаем не только термины иностранного происхождения, но и слова, бытующие в языках всех братских народов Советского Союза, которые, имея терминологическое значение, не находят своего эквивалентного выражения в нашем языке.

Нами созданы и систематизированы термины, встречающиеся во всех вышедших на казахском языке произведениях классиков марксизма-ленинизма. Эти термины были утверждены Терминологической комиссией при Совете Министров Казахской ССР и опубликованы в трех выпусках научных трудов Института и в двух сборниках “Терминологического словаря”, изданного АН Казахской ССР. В настоящее время разрабатываются термины политэкономии (в связи с переводом “Капитала”) и марксистской философии.

К разработке социально-экономической терминологии широко привлекаются философы, экономисты, историки, лингвисты и другие специалисты научных учреждений столицы и кафедр марксизма-ленинизма в высших учебных заведениях.

При разработке принципов терминологии мы вели борьбу с двумя крайностями.

Одной крайностью были пуристические увлечения, уклонения от применения интернациональных терминов под видом сохранения “чистоты языка”, под видом популярности перехода. Здесь проявлялась тенденция во что бы то ни стало переводить интернациональные термины казахскими словами, даже если они и не передают смысла данного термина. Так, например, в переводах 20-30-х годов у нас употреблялись слова: *жуангер* как перевод термина “империализм”, *бибауыр малдық* – “интернациональный”, “поезд” – *отарба* (букв. “огненная телега”), “паровоз” – *қара айғыр* (букв. “черный жеребец”), “революция” – *тәңкеріс* (букв. “переворот”). Такие переводы, не передавая точного смысла указанных терминов, изжили себя в казахском литературном языке. Теперь интернациональные термины, в том числе термины, заимствуемые из языков братских народов СССР, не поддающиеся переводу на казахский язык, принимаются без перевода.

Вторая крайность – чрезмерное увлечение русскими и иностранными словами, употребление их без надобности. Так, в 30-х и в начале 40-х годов у нас иногда переносили в казахский язык русские и иностранные слова (например, сочетанием *конкретті еңбек* переводили “конкретный труд”), хотя в казахском языке они имеют свои эквивалентные выражения.

В результате долгой и упорной работы у нас создано немало собственно казахских терминов, прочно завоевавших себе права гражданства в общелитературном и в публицистическом языке. Отсюда вытекает вывод, что термины русского и иностранного происхождения, поддающиеся переводу без ущерба для их значения, должны переводиться на казахский язык.

Проблема правописания отдельных заимствованных терминов пока еще не получила своего окончательного разрешения. Хорошо было бы ознакомиться с практикой других тюркоязычных республик и с авторитетным мнением наших руководящих тюркологов.

Прежде всего следует сказать о правописании и переводе терминов, имеющих родовые окончания, в особенности окончание женского рода, как, например, “артистка”, “колхозница”, “работница” и т. п. Известно, что у тюркоязычных народов отсутствует родовая категория. Терминологические слова с такими родовыми окончаниями у нас пишутся и переводятся по-разному. Например,

слово “артистка” берется без перевода, тогда как слова “колхозницы” и “работницы” переводятся как: *колхозшы әйелдер, жұмысшы әйелдер*.

За последнее время наши языковеды, литераторы и другие научные работники пришли к единому мнению, согласно которому эти слова следует переводить не как *колхозшы әйелдер, жұмысшы әйелдер*, а как *колхозшылар, жұмысшылар*, так как они по нормам казахского языка в одинаковой степени обозначают и колхозника и колхозницу (соответственно и работника и работницу).

Затем вопросы применения в интернациональных терминах суффиксов *-ист, -изм, -ция* и префиксов *контр-, анти-*. В практике нашей работы, за исключением отдельных случаев, термины с указанными аффиксами мы берем без изменений, например: *марксист, коммунист, марксизм, ленинизм, конфискация, контрреволюция, антипартийный* и т.д. Мы считаем, что все эти аффиксы хотя и не характерны для казахского языка, но, будучи заимствованы, они способствуют обогащению нашего языка новыми формами словообразования, тем более, что казахский суффикс *-шыл -шіл* не всегда может точно передать смысл того или иного интернационального термина с подобными аффиксами. Термины с указанными суффиксами и префиксами широко вошли в обиход нашего литературно-публицистического языка. Термины с префиксами *контр-* и *анти-* принимаются без перевода в непереводаемых интернациональных терминах еще и потому, что при переводе посредством казахского слова *қарсы* можно натолкнуться на явную бессмыслицу. Например, если, переводя предложение: “партия вела борьбу против контрреволюции”, взять слово *қарсы*, то получается *партия революцияға қарсыға қарсы күресті* (букв. “партия против революции против боролась”). То же получается и при переводе предложения “партия вела борьбу с антипартийными элементами”. Используя при переводе слово *қарсы*, получаем: *партия партияға қарсы элементтерге қарсы күрес жүргізді* (букв. “партия против партии, против элементов вела борьбу”). Отсюда очевидна необходимость применения указанных терминов с этими префиксами без перевода. А там, где эти префиксы встречаются в переводимых на казахский язык терминологических словах, их можно переводить безболезненно словом *қарсы*. Например, предложение “антинародный характер империалистической войны” можно перевести так *империалистік соғыстың халыққа қарсы сипаты*.

Рассмотрим применение суффикса *-ция* в терминах “коллективизация”, “электрификация”, “конфискация”, “экспроприация” и т. п. Здесь в одной группе терминов, в частности в терминах “коллективизация” и “электрификация”, имеются корневые слова или основы в форме существительных, например, “коллектив”, “электро”. Когда эта группа терминов встречается в форме глагола, то их можно перевести с прибавлением казахских аффиксов следующим образом: *коллектив+тендіру, электр+лендіру*.

Другая группа терминов, встречающаяся в форме отглагольных существительных (например, “конфискация”, “экспроприация”), используется нами двояко, т.е. как в форме существительного, так и в форме глагола с прибавлением казахского аффикса *-лау*. Например, в предложении “конфискация помещичьих земель” термин “конфискация” выступает в форме глагола, поэтому данное предложение переводится как помещик жерлерін конфискациялау. Так обстоит дело с интернациональными терминами, оканчивающимися суффиксом *-ция* и не имеющими своего отдельного корня или основы.

Наконец, в переводах общественно-политической литературы в казахской периодической печати аффиксы *-ский*, *-ный* в терминологических словах, имеющих форму прилагательных, передаются казахскими суффиксами *-лық*, *-лік*, *-тық*, *-тік*. Например, переводы терминизированных выражений “социалистический строй”, “диалектический материализм”, “государственный капитализм”, “культурная революция” – *социалистік құрылыс*, *диалектикалық материализм*, *мемлекеттік капитализм*, *мәдени революция* принимают доступную для казахского читателя форму. Однако неуместное применение указанных суффиксов, употребление их без надобности усложняет оборот речи, иногда создает у читателей отрицательное отношение к этим нормам словообразования в нашем языке, вполне оправдавшим себя на практике. Например, ничем не оправдан перевод русского терминизированного сочетания “три русских спутника земли” как жердің үш орыстық жасанды серігі, так как можно перевести жердің орыстардағы үш жасанды серігі. Перевод сочетания “партийно-правительственная делегация” как партиялық-үкіметтік делегация также ничем не оправдывается.

Мы стремимся сделать наши термины более стабильными.

Вопросы терминологии, алфавита и орфографии – это вопросы исключительной важности, которые интересуют всю общественность национальных республик.

В своей терминологической работе мы, с одной стороны, руководствовались принципом создания полноценных казахских терминов, точно или максимально приближенно передающих их понятия, с другой – принципом принятия интернациональных научно-технических и прочих терминов русского и иностранного происхождения с сохранением их русского начертания.

Такой подход вполне соответствует предлагаемому здесь Ю.Д. Дешериевым принципу минимальных расхождений. Правда, соотношение принятых из русского языка терминов и терминов, созданных на базе казахского лексического и иного языкового материала, неодинаковое. Подсчеты, сделанные докладчиками, совершенно правильно отражают эти различия.

Но насколько наш подход к созданию терминологии является правильным, можно проверить в процессе освоения литературным языком терминов.

Этот процесс очень сложный. Тут речь может идти не только о лексическом освоении, но и о фонетическом, а также о грамматическом освоении. Сознательно и разумно сформированные термины, соответствующие нормам литературного языка, быстро осваиваются языком, даже если это терминотворчество на первый взгляд кажется несколько искусственным. Так, например, нам надо было отличить понятия “строй”, “строительство” от слова “состав”, слово “науки” от “знания”, “учебник” от “учебного пособия”, которые долгое время не различались. На заседании Терминологической комиссии мы решили обозначать “строй” словом құрылыс, “состав” – құрам, “наука” – ғылым, “знание” – білім, “учебник” – оқулық, “учебное пособие” – оқу құралы.

Литературный язык это освоил, но терминотворчество типа ортақшыл вместо коммунист, жан жүйесі вместо психология, үшкіл вместо үш бұрышты “треугольник”, тыңдарман вместо тыңдаушы “слушатель”, назыларман вместо жазушы “подписчик” не прививалось на практике.

Путем внедрения научно-технических и других терминов мы не только создаем возможность свободного изложения научного трактата, но и облегчаем чтение, следовательно, облегчаем распространение социально-экономических и научно-технических знаний среди масс.

Все это требует от нас улучшения и упорядочения терминологической работы. Прежде всего нам необходимо правильно определить форму организации терминологической работы. В Казахстане это дело поставлено так: имеется Терминологический комитет при Совете Министров Казахской ССР, но он не разрабатывает термины, а является лишь законодательным и контролирующим органом.

Здесь говорили о том, что Терминологический комитет разрабатывает термины. Для меня это показалось странным. У нас, в Институте языка и литературы, имеется отдел терминологии, который является координирующим и организующим центром по разработке терминологии по различным отраслям науки. В этой разработке участвуют специалисты и практики. Они составляют основы терминологических словарей, которые получают соответствующую апробацию в Институте языка и литературы, а потом предлагаются Терминологическому комитету для утверждения.

Безусловно правильна идея о координации научной и организационной работы по терминологии. Тут ставился вопрос о создании координирующего центра по терминологии и по алфавитам отдельно. Было бы целесообразнее создать одну авторитетную комиссию. Она должна унифицировать формы организации терминологических работ, разрабатывать словники по различным отраслям науки, создавать типовую инструкцию по разработке терминов, а также вести работу по унификации алфавитов тюркоязычных республик.

Балакаев М.Б. Выступления //
Вопросы терминологии.
М.: Наука, 1961. – С. 122-123.

В лингвистической терминологии казахского языка встречаются:

- 1) интернациональные термины, которые не переводятся на национальный язык (русс. “фонетика”, “морфология”, “синтаксис”, “лексика” и т.д.);
- 2) термины, имеющие интернациональный характер, употребляемые в переводе (типа русских “слог”, “буква” и т.д.);
- 3) ряд национальных терминов, которые выражают специфику данного языка или данной группы языков.

Поэтому принцип минимального расхождения практически не является приемлемым.

На нашем Совещании обсуждается вопрос об унификации терминов. Я считаю такую постановку вопроса неправильной. Если раньше в своих исследованиях мы исходили из уже установленных терминов, то теперь наши исследования выходят за эти рамки, затрагивают новые области, отражают новые понятия. Новые же понятия, безусловно, надо обозначать и новыми терминами. Правда, русская терминология нам помогает в этом, но нельзя недоучитывать и специфику национального языка. Например, в русском языке различаются такие формы синтаксической подчинительной связи, как согласование, управление и примыкание. Исследователи национальных языков также устанавливают только эти формы связи, между тем в казахском языке имеется еще и тип соподчинения. Это явление свойственно казахскому и другим тюркским языкам, и его надо обозначать особым грамматическим термином. Нельзя, следовательно, переносить все лингвистические термины, которые быгуют в русском языке, в казахский и другие национальные языки. В то же время мне кажется несколько странным, когда, например, в Армении термины создаются только на основе национального языка.

В каждом языке имеются свои традиции, но если терминология создается на базе одного собственного языка, то это ограничивает общение между различными национальностями.

Мы должны стремиться к тому, чтобы наши термины были устойчивыми и общепринятыми. В этом нам помогут терминологические словари, которые являются учебными пособиями, облегчающими преподавание и общего языкознания, и родного языка. К этим словарям мы очень часто обращаемся, поэтому задача создания словарей разного типа – это, безусловно, задача первостепенной важности. Трудность, с которой мы здесь сталкиваемся, – толкование в словаре отдельных понятий и терминов. Нередко разные авторы

вкладывают в них разное содержание. Например, согласование мы считали одним из видов подчинения одного слова другому, одного члена предложения другому, исходя из грамматического значения и грамматических форм подчиняющего слова. Профессор же А. Н. Кононов в “Грамматике турецкого языка” (М.-Л., 1941), исходя из принципа двухсторонней связи, относит к согласованию то, что мы считаем соподчинением.

Необходимо сказать также относительно терминологического разнобоя, который существует в наших тюркских языках. Ряд лингвистических терминов одного тюркского языка не соответствует по содержанию лингвистическим терминам в другом тюркском языке, хотя многие грамматические понятия (подлежащее, существительное, сказуемое и т.д.) для всех тюркских языков общие.

Следует сохранять термины, имеющие определенные традиции и являющиеся общими. Однако надо подумать о возможности сближения лингвистических терминологий отдельных тюркских языков. Тюркологический сектор Института языкознания АН СССР должен нам в этом помочь.

Необходимо также создавать сопоставительно-терминологические словари для групп родственных языков.

Балакаев М.Б. Выступления // Вопросы терминологии.
М.: Наука, 1961. – С. 183-184.

О ПРИНЦИПАХ СОСТАВЛЕНИЯ РУССКО-КАЗАХСКИХ ОТРАСЛЕВЫХ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИХ СЛОВАРЕЙ

В развитии казахского литературного языка и терминологии исключительно большую роль сыграл русский язык. Казахский язык значительно пополнился за счет слов и терминов русского языка. Еще до революции в казахский язык вошли такие русские слова, как “лавка” – ләпке, “суд” – сот, “волость” – болыс, “съезд” – сияз, “адвокат” – әтпекет, “телеграмма” – тілгірам, “газета” – гәзет, “самовар” – самауыр и т. д.

После Великой Октябрьской социалистической революции количество заимствованных из русского языка терминов значительно увеличилось.

Разумеется, современные термины не сразу были разработаны и применены на практике. Первые учебно-педагогические и научно-технические отраслевые термины начали создаваться в 20-х годах. В то время еще не были разработаны твердые принципы терминологии слов в казахском языке. При создании терминов тогда руководствовались лишь критерием общепонятности терминов. Исходя из этого осуществлялся массовый перевод советско-интернациональных терминов, что привело к искажению их смысла. Например: “интернационализм” переводился словом бйбауырмалдык “неродственность”, “революция” — төңкеріс, “паровоз” — қара айғыр “черный жеребец”, “велосипед” — шайтан арба “чертова коляска” и т. д.

В исправлении подобного рода ошибок известная роль принадлежит Съезду культурных работников Казахстана (1935 г.), на котором были утверждены новые принципы разработки терминов казахского литературного языка. С этого времени большинство международных и советско-интернациональных терминов типа “революция”, “интернационализм”, “совет”, “теория”, “абerrация”, “абсорбция”, “ампер” и так далее было принято без изменения.

С 1925 по 1935 г. терминологической работой в Казахстане руководило Методическое бюро при Наркомпросе Казахской ССР, а с 1936 г. по настоящее время руководит Терминологическая комиссия при Совете Министров Казахской ССР.

На основе опыта многолетней работы по переводу учебников, пособий по научно-технической литературе с русского на казахский, отчасти с казахского на русский язык в 1948-1950 гг. был выпущен “Русско-казахский терминологический словарь” (т. I-II), в который вошли термины социально-экономических дисциплин, медицины, геологии, горного дела, металлургии и др.

Со времени выпуска этого словаря прошло более десяти лет. За этот период отрасли науки, техники и промышленности далеко продвинулись вперед в своем развитии. В декабре 1956 г. был организован отдел терминологии при Институте языка и литературы Академии наук Казахской ССР, которым руководил проф. С.А. Аманжолов. Все институты и секторы Академии наук Казахской ССР в течение 1957-1959 гг. составляли русско-казахские терминологические словари, а на период 1960-1965 гг. запланировано составление русско-казахских толковых терминологических словарей по соответствующим отраслям.

В настоящее время подготовлены к печати русско-казахские терминологические словари по геологии, почвоведению, биологии, делопроизводству, юриспруденции, педагогике и психологии, литературоведению, спорту.

I. О ТИПАХ ДВУЯЗЫЧНЫХ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИХ СЛОВАРЕЙ

В разработке терминов национальных языков большое значение имеют двуязычные отраслевые терминологические словари. Существуют четыре типа таких словарей.

1. Словари, в которых дается двуязычный словник без какого-либо толкования. Таковы, например, упомянутый выше “Русско-казахский терминологический словарь” (т. I-II, 1949-1950), второй том “Русско-казахского терминологического словаря” (т. II, 1959), “Русско-туркменский словарь строительных терминов” А. Эсенова (1956) и многие другие. Основной целью подобных словарей является выяснение того, в какой форме принят термин и как он передается на данном языке.

2. Словари, в которых в национальной части даются краткие толкования, объяснения и даже определения терминов. Например: “аппарат пневматический” – *пневматикалық аппарат, қысылған ауаның күшімен істейтін аппарат*, аппарат, работающий под давлением воздуха¹, “акрилат” – *акрилат (акрил кислотасының дузларының ве эфирлериниң умуми ады* “общее название солей акрилатовых кислот и эфиров)². К этому типу двуязычных терминологических словарей относятся: “Краткий русско-казахский словарь лингвистических терминов” С. Кенесбаева и Т. Жанузакова, “Русско-казахский словарь терминов физической географии”, “Русско-туркменский словарь химических терминов” А.Н. Ниязова, “Краткий русско-туркменский географический словарь-справочник” Арк. П. и Ал. П. Лавровых (1954), “Русско-туркменский словарь

¹ См. “Русско-казахский терминологический словарь”, 1959, стр. 16.

² См. Л.Н. Ниязов. Русско-туркменский словарь химических терминов, 1954, стр. 12.

астрономических терминов” К. Калчаева (1958). Такой тип словаря условно можно назвать двуязычным полутолковым терминологическим словарем.

3. Словари, в которых дается полное толкование национального термина. Словарями этого типа являются: “Русско-казахский толковый биологический словарь” (1959) Т. Мусакулова и “Русско-узбекский краткий толковый словарь по химии” (1954) З. Н. Саид-Носировой и Т. В. Деркунской.

4. Словари, в которых национальные термины даются первыми, а русские – вторыми. К сожалению, таких словарей пока еще очень мало. Например, в Казахстане подготовлен к печати лишь один такой словарь “Казахско-русский словарь терминов биологии” Т. Мусакулова. В Башкирии издано несколько башкирско-русских словарей.

Выявив существующие типы двуязычных терминологических словарей, мы пришли к выводу, что на современном этапе развития науки и техники, образования и культуры национальных республик двуязычные терминологические словари первого типа не могут удовлетворить растущие требования научной терминологии. Наилучшим типом двуязычных терминологических словарей мы считаем второй тип. Именно на основе таких двуязычных словарей могут создаваться толковые словари.

Не менее важно составление национально-русских терминологических словарей. Здесь полезно отметить заслуги Т. Баишева в создании башкирско-русских словарей. Башкирские языковеды опередили в этой работе языковедов других тюркоязычных республик.

II. О ПРИНЦИПАХ СОСТАВЛЕНИЯ РУССКО-КАЗАХСКИХ ОТРАСЛЕВЫХ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИХ СЛОВАРЕЙ

1. Оформление русской масти русско-казахских отраслевых терминологических словарей

При оформлении русской масти русско-казахских отраслевых терминологических словарей мы исходили в первую очередь из традиций существующих терминологических словарей на русском языке. Составление словника обуславливается характером и назначением двуязычного терминологического словаря. В эти словари вошли, например, наиболее важные и часто употребительные термины той или иной отрасли науки и техники. Кроме того, словники дополнялись терминами, наиболее часто встречающимися на практике, в учебниках и иной литературе. При отсутствии в определенной отрасли знания

словника на русском языке на составителя возлагается сбор и систематизация материалов для терминологического словаря. В таких случаях авторы руководствуются принципами отбора и построения терминов, изложенными в “Руководстве по разработке и упорядочению научно-технической терминологии” Комитета технической терминологии Академии наук СССР. Это руководство оказало нам большую помощь.

2. Оформление казахской части русско-казахских отраслевых терминологических словарей

При оформлении казахской части русско-казахских отраслевых терминологических словарей мы руководствовались следующим:

1. Международные и советско-интернациональные термины в основном приняты в той же форме, в какой они употребляются в русском языке: *абсорбция, автотрансформатор, аккумулятор, ом, ампер, бремсберг, аммонит, амплитуда, архипелаг* и т.д.

2. Интернациональные технические термины в основном приняты без перевода. Однако отдельные интернациональные термины, главным образом термины физической географии и биологии, были переведены в тех случаях, когда имелись точные казахские эквиваленты, которыми практически уже пользовались. Например: “дюна” – *құм төбе*, “левада” или “урема” – *тоғай*, “океан” – *мұхит*, “океанография” – *мұхит тану*, “структура” – *құрылым* и т.д.

3. Префиксы *ре-*, *син-*, *де-*, *анти-*, *контр-* и другие и сокращенные слова типа *авто-*, *аэро-*, встречающиеся в составе международных терминов, приняты казахским языком вместе с терминами. Эти префиксы, а также суффиксы типа *-изм*, *-ист* в казахском языке воспринимаются как составные части единого целого, а не как определенные формальные элементы. В некоторых случаях при переводе на казахский язык сложного слова русское слово, являющееся одним из его компонентов, переводится, а интернациональные сокращенные слова типа *аэро-*, *авто-* оставляются без перевода: “автопогрузчик” – *автотіеуіш*, “автопоилка” – *автосуарғыш*, “автоприцеп” – *автотіркеме*, “аэросани” – *аэрошана* и т.д. Но имеются и также термины, которые не переводятся, например “автопоезд”, “автостоп” и др.

4. Производные термины с различными интернациональными суффиксами переводятся следующим образом.

а) Суффиксы *-изация*, *-ификация*, *-ация* во многих случаях передаются казахскими суффиксами *-лау/-леу*, *-дау/-деу*, *-тау/-теу* и *-ландыру/-лендіру*, *-дандыру/-дендіру*, *-тандыру/-тендіру*: “амальгамация” – *амальгамалау*, “коагуляция” –

коагуляттау, “автоматизация” – *автоматтандыру*, “газификация” – *газдандыру*, “электрификация” – *электрлендіру*, “механизация” – *механикаландыру* и т.д.

Ряд терминов с указанными суффиксами принят без изменения: *дистилляция*, *диссоциация*, *купелляция*, *гравитация*, *детонация* и т.д.

б) Суффикс *-тор* во многих случаях сохранен и в казахском языке: *детонатор*, *амортизатор*, *экскаватор*, *карбюратор*, *конденсатор* и т.д. Однако в некоторых случаях, особенно при переводе названий инструментов, аппаратов, эти суффиксы переданы соответственно казахскими суффиксами *-қыш/-кіш*, *-ғыш/-гіш*: “газоанализатор” – *газанализдағыш*, “классификатор” – *сұрыптағыш*, “вентилятор” – *желдеткіш* и др.

5. Отдельные русские термины передаются имеющимися казахскими точно соответствующими эквивалентами: “бур” – *бұрты*, “бур долотчатый” – *қашауша бұрғы*, “вруб” – *үңгіме*, “давление” – *қысым*, “напряжение” – *кернеу*, “крепь” – *бекітпе*, “валун” – *қой тас*, “бронза” – *қола* и т.д.

Если русский термин не имеет готового казахского эквивалента или создание необходимого эквивалента было затруднительным, русский термин вводился без изменения. Так, термин: *боров*, *вал* (техн.), *ванна*, *воронка* (металлург), *штулка*, *гитара* (металлург), *драга*, *золотник*, *колошник* и другие приняты в русской форме из-за отсутствия казахских эквивалентов. Обычно их называют заимствованными терминами из русского языка.

6. При передаче международных и русских терминологических сочетаний используются соответствующие казахские словообразовательные суффиксы, если они способствуют передаче смысла переводимого термина, например: “алгебраическая символика” – *алгебралық символика*, “бинантный электрометр” – *бинантты электрометр*, “советская демократия” – *советтік демократия*, “алюминиевая руда” – *алюминий рудасы* и т.д.

7. Расширение знания слов используется как способ создания казахских терминов. Так, например, слово *жарыс* до революции в казахском языке имело только одно значение “состязание” (ср. *ат жарысы* “конное состязание”). Ныне значение этого слова расширилось: оно употребляется в сочетании с такими словами, как *социалистік жарыс* “социалистическое соревнование”, *спорт жарысы* “спортивное соревнование” и др.

8. Использование словообразовательных суффиксов казахского языка в сочетании и с казахскими, и с русскими корнями: *-ғыш/-гіш*, *-қыш/-кіш*, *-уыш/-уіш* – *газ сорғыш* “газосос”, *тегістегіш* “гладилка”, *жер* “землерыхлитель”, *су сепкіш* “ороситель”, *жалын сөндіргіш* “пламегаситель” и др.; *-ма/-ме*, *-па/-пе*, *-ба/-бе* – *блоктама* “блокировка”, *басқарма* “управление”, *бекітпе* “крепь”, *қорытпа* “сплав”, *қазба* “выработка” и т. д.

9. Некоторые термины созданы путем калькирования из русского языка. К ним, например, относятся термины астрономии (название созвездий): созвездие “Волк” – *Қасқыр*, созвездие “Муха” – *Шыбын*, созвездие “Большой Пес” – *Үлкен Арлан* и т.д.

Использование лексического богатства и грамматических средств национального языка является одним из основных способов создания научной терминологии. В связи с этим при разработке терминов в национальном языке нужно учитывать тот факт, что в различных республиках по-разному развиваются отдельные области производства. Поэтому при разработке терминологии отраслей науки и промышленности нужно шире вводить национальные термины родного языка, которые разрабатывались народом в течение десятков и сотен лет.

3. О некоторых недостатках в области практической терминологии казахского языка

В области терминотворчества в казахском языке имеется ряд недостатков, которые могут быть показаны на примерах из учебно-педагогической литературы.

Часто составители учебников, переводчики и специалисты не стараются тщательно подобрать в казахском языке эквиваленты для переводимого русского термина, а употребляют случайные, первые попавшиеся слова. Например, в учебнике зоологии для шестых-седьмых классов, переведенном на казахский язык в 1954 г., термин “саранча” переведен *көк қасқа шегіртке* “серая с лысиной кобылка”, “ящерица прыткая” переведена *сұр шегіртке* “серая кобылка”, “вредная черепашка” — *зиянды шегіртке* “вредная кобылка”. Таким образом, “саранча”, “ящерица” и “черепашка” переведены одним словом *шегіртке* “кобылка”. Еще пример: в учебнике “Анатомия и физиология человека” для восьмого класса термин “двенадцатиперстная кишка” искусственно переведен словами *онекі елі шек*, тогда как в казахском языке имеется эквивалент, заменяющий это сложное слово одним словом *ұлтабар*; “поджелудочный сок” переведен *қарын сөлі* (букв. “брюшной сок”), тогда как казахи его называют *ұйқы безінің сөлі*; “висок” неправильно переведен словом *шықшыт*, в действительности *шықшыт* имеет значение “сосцевидный отросток височной кости”, а слову “висок” соответствует казахское слово *самай*; “веко” переведено словом *кірпік* “ресница”, тогда как казахи его называют *қабақ*.

Каждое понятие должно выражаться одним определенным термином, а не несколькими синонимами или различными вариантами слов. Однако на практике этот принцип до конца не соблюдается. Употребление разных вариантов не дает возможности стабилизировать термин, нарушает нормы литературного языка. Например, термин “выработка”, употребляемый в геологии, металлургии и горном деле, имеет следующие варианты: *қазба, қазу, қазынды* и др.; термин “бассейн” в географии употребляется то в виде *алаң*, то в виде *алқан*; “полупустыня” в географической переводной литературе имеет варианты: *жартылай шөл дала, шөлейт*; “подножие гор” при переводе на казахский язык имеет следующие варианты: *тау балақтары, тау етектері, тау беткей* или *тау төскей*.

У некоторых переводчиков не хватает смелости внедрять имеющиеся в казахском языке точные эквиваленты отдельных терминов. Обогащение казахского языка они видят только в заимствовании слов из русского языка. На самом деле термины могут создаваться и на базе казахского языка. Например, философский и физический термин “пространство” на казахский язык переведен *кеңістік*, географический термин “полуостров” — *словом түбек*, “дельта” — *атырау*, “залив” — *шығанақ*, “подлинник” — *түпнұсқа* и т.д. Эти слова полностью передают значение русских терминов. Подобные переводы служат образцом творческого подхода к созданию национальных терминов.

Вместе с тем нельзя забывать о том, что некоторые термины русского языка поднялись до уровня интернациональных терминов. Например, слово “совет” имеет два значения: первое — форма и орган власти пролетарской диктатуры, второе — наставление, совещание. В первом случае слово “совет” не следовало бы переводить, так как почти во всем мире этот русский термин принят без изменения, а во втором случае необходимо перевести его словами *кеңес, ақыл*.

Создание русско-казахских отраслевых терминологических словарей намного отстает от развития и практического применения терминов. Даже в последних русско-казахских терминологических словарях, выпущенных в 1959 г., охвачены не все термины соответствующей отрасли науки. Поэтому большинство изданных словарей называется “краткими”. Кроме того, еще не разработаны термины по многим отраслям науки, техники и производства. Например, до сих пор отсутствуют русско-казахские терминологические словари по химии, нефтяной и угольной промышленности, строительству и строительным материалам, железнодорожному транспорту и др. Не осуществляется должный контроль над употреблением терминов на практике, в печати и т. д.

Отсутствует согласование между некоторыми печатными органами Казахстана в употреблении ряда терминов. Например, нами замечено, что такие термины,

как “гусеница”, “завязь”, “известняк”, “ирис”, “ковыль”, “люцерна”, “кровеное давление”, “крона”, “белуга”, “клевер” и другие, переводятся по-разному Казучпедгизом, с одной стороны, Казгосиздатом и журналом “Сельское хозяйство Казахстана”, – с другой стороны.

Все эти недостатки терминологической и словарной работы могут быть устранены только объединенными усилиями лингвистов и представителей отдельных отраслей науки и техники. Особо следует обратить внимание на важность осуществления контроля над правильным употреблением и внедрением терминов со стороны терминологических комиссий и институтов языка и литературы. Институт языкознания и Комитет технической терминологии Академии наук СССР должны помочь координации терминологической работы союзных республик. Особое значение имеет координация работ в республиках с родственными языками. Так, например, Межреспубликанское совещание по вопросам перевода литературы с русского языка на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана, происходившее 14-18 января 1958 г. в Алма-Ате, принесло большую пользу в разработке учебно-педагогической и отраслевой терминологии. По нашему мнению, в Ташкенте или Алма-Ате нужно создать постоянный комитет, координирующий терминологическую работу тюркоязычных республик.

Абдрахманов А.А. О принципах составления русско-казахских отраслевых терминологических словарей // Вопросы терминологии. М.: Наука, 1961. – С. 195-200.

После установления Советской власти в Казахстане произошла коренная реорганизация всей системы народного образования. Казахской молодежи была предоставлена широкая возможность изучения в школах основ наук, в том числе физики, математики, астрономии, на родном языке. Примерно с середины 1935 г. начали издаваться стабильные учебники по физике, математике и другим дисциплинам. При переводе этих учебников возникла необходимость в создании терминологии на казахском языке. В то время не было организующего центра – Института языка и литературы Академии наук Казахской ССР, – и эта работа проводилась стихийно.

Научная и техническая терминология в языках народов СССР развивается при помощи и при благотворном влиянии русского языка. Отсюда вытекают следующие основные принципы создания научной терминологии в национальных языках.

1. Интернациональные термины следует принимать без перевода и в той форме, в какой они употребляются в русском языке. Переводить их нужно лишь в том случае, когда имеется совершенно точный эквивалент на данном языке. Например: русск. “микроскоп” – казах. *микроскоп*, русск. “атомная энергия” – казах. *атомдық энергия*, русск. “баллистическая ракета” – казах. *баллистикалық ракета*, русск. “ажурное строение” – казах. *селдір құрылыс*.

2. Следует принимать термин русского языка, если нет эквивалента в данном национальном языке, ср. казах. *ток, пароход, паровоз, самолет, оптикалық ось* “оптическая ось” и др.

3. Переводить термины с русского на национальные языки можно только в том случае, если имеется удачный эквивалент в словарном составе языка данного народа, например: русск. “мощность” – казах. *қуат*; русск. “работа” – казах. *жұмыс*; русск. “сила тока” – казах. *ток күші*; русск. “напряжение” – казах. *кернеу* и т.д.

4. В некоторых случаях наряду с интернациональным термином допустимы эквиваленты на данном языке, например: русск. “космос” – казах. *космос, әлем*.

Составители терминологического словаря должны знать основы данной науки, хорошо владеть русским языком и языком национальным, должны также интересоваться практическим применением принятых терминов, чтобы установить степень их пригодности.

Один и тот же термин может встречаться в разных отраслях науки и техники. Например, термин “пространство” встречается у физиков, философов, термин “единица измерения” – у математиков, физиков. Отсюда вывод, что составители терминологии разных специальностей должны координировать свою работу.

При составлении отраслевых терминологических словарей необходима консультация специалистов-языковедов.

В результате многолетней кропотливой работы составителей, переводчиков, языковедов и других специалистов и неспециалистов в Казахстане терминология по физике и математике, охватывающая курсы средней и высшей школы.

В разработке научной терминологии Казахстана, однако, могут быть отмечены недостатки. Создание новых терминов в ряде случаев отстает от развития науки и техники. Не решен вопрос о форме окончаний интернациональных терминов, особенно с притяжательными аффиксами, а также вопрос о слитном и раздельном написании сложных терминов, хотя многие сложные слова сейчас пишутся слитно.

Существует некоторый разнобой в терминах разных наук, например, “единица” у физиков до сих пор переводилась как *өлшем*, а у математиков *бірлік*; “полярность” – у химиков *полялық*, а у физиков – *полярлық*.

Газеты не всегда пользуются установленными терминами. В ряде случаев они создают свои термины, может быть, вследствие отсутствия терминологических словарей.

Абишев Х.А. Выступления // Вопросы терминологии.
М.: Наука, 1961. – С. 208-209

ТЕРМИНОЛОГИЯ ПРИНЦИПТЕРІ ТУРАЛЫ

Халықтың мәдениеті көтеріліп, санасы өскен сайын тіл қадірі де арта бермек. Ана тілін ардақтайтын дәрежеге қазір біз де жеттік. Ана тілінің әрбір сөзін де, әрбір жұрнағын да халықтың аяулы асылына балап, сол бір қазынаны қамқорлықпен мәпелеп сақтауға, әр сөздің ішкі сырын ашып, мағынасын жетілдіре беруге атсалысу ана тілінде сөйлейтін әрбір кісінің азаматтық борышы.

Тіл ұстартуға себі тиетін болмашы нәрсенің өзіне мәдениетті қауым дереу назар аудара қояды. Сондай-ақ, орнын таппай оғаш кірген бір ауыз сөз болса, оған да жұртшылық өкіне реніш білдіріп қалады. Өйткені тарихи дамудың нақ қазіргідей қауырт кезеңінде әрбір сөз халықтың қайрап салар қаруына тең.

Халықтың тіл қазынасын қорытып, бар сөзін орын-орнына қоятын сөздік жасау – мәңгілік мәдени монумент орнату деген сөз. Екінші жағынан, бұл – ұлт мәдениетінің өскендігін, оның кәзіргі дәрежесін сыпаттайтын белгілі бір көрсеткіш те.

Соңғы бірнеше жылдың ішінде Қазақстан ғалымдары сөздік жасау саласынан көп жұмыстар істеді. Бұрынырақ шыққан орысша-қазақша үлкен сөздікті былай қойғанда, академик Исмет Кеңесбаевтың басқаруымен қазіргі қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі келді дүниеге. Ғылым мен техниканың әрбір саласын жеке-жеке қамтитын терминологиялық сөздіктер шығып жатыр. Бұлардан басқа академия баспасынан бөлек шыққан Мұсақұловтың, Арзымбетовтың сөздіктері тағы бар. Қазіргі уақытта Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты үлкен орфографиялық сөздік, қазақша-орысша үлкен сөздік, этимологиялық сөздік, синонимдік сөздік деген сияқты тағы бірнеше ғылыми еңбектер үстінде шұғылдандуда. Қазақ тілінің академиялық үлкен түсіндірме сөздігі көп том болып ол шықпақшы. Сөйтіп, бұл саладан бізде біткен жұмыс та, алдағы уақытта істелетін жұмыстар да көп-ақ.

Тек қана бір айта кететін нәрсе, сол шығып жатқан күрделі еңбектерді халыққа кезінде таныстырып, кеңінен насихаттап отыру, олардың әрқайсысына талдау жасап, тиісінше қорытынды шығару жағы жеткіліксіз.

Жоғарыда аталған сөздіктердің әрқайсысы жайында арнайы мақала жазылса да артық болмас еді. Өйткені олардың қай-қайсысы болса да көп жылдар бойы сарылып ізденуден, тірнектеп жинаудан, күш қосып жұмыс істеуден туған коллективтік еңбек. Олардың бәрінде де ғылыми тұрғыдан қорытуды, шешуді керек ететін әр алуан тәжірибелер, проблемалық мәселелер, даулы жағдайлар бар.

Біздің қазір сөз еткелі отырғанымыз тек терминологиялық сөздіктер ғана. Бұл саланың өзінен де істелген жұмыстардың көптігі соншалық, оның бәрін тәптіштей талдап, сөздіктің әрбіріне жеке-жеке баға беріп жатуға бұл жерде мүмкіншілігіміз тағы жоқ. Өйткені, бұл сөздіктер қамтитын ғылым мен техниканың әрбір саласында терминдік сөздердің қалай туып, қалай қалыптасып, қалай дамып бара жатқанын зерттеудің өзі қазір арнаулы ғылыми тақырып, немесе пән болуға жетіп қалған сияқты. Мұны дәлелдеу үшін бір ғана биология терминдерінің жасалуы мен қалыптасуы жайында Т. Мұсақұлов жолдастың диссертация қорғап, ғылыми атақ алғанын, медицина саласынан жасалған Орысша-латынша-қазақша терминология сөздігінің авторы М. Исамбаев жолдастың диссертациялық еңбек жазғанын айтудың өзі де жеткілікті. Біздің мақсатымыз — осы шығып жатқан еңбектердің негізінде кейбір ойда жүрген пікірлерді ортаға салу ғана.

1959 жылдан бастап бүгінге дейін бірінен соң бірі қосарлана шығып үлгерген (Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан ғана) тоғыз сөздік те, сол сияқты басқа баспа орындарынан шыққан сөздіктер де, шындығына келгенде, сонау жиырмасыншы жылдардан бері жүргізіліп келе жатқан бір сала күрделі де жүйелі жұмыстардың жемісі. Сол жылдардың өзінде-ақ, яғни Қазақстанда Совет өкіметі орнағаннан кейін көп ұзамай-ақ ғылым мен техниканың, әсіресе оқу-педагогика саласының терминдерін жасау қолға алына бастады. Сол уақыттан бері жаңа өмірге байланысты туып жатқан жаңа ұғымдардың атауларын қалыптастыру жолында тынымсыз жұмыс істеліп келеді.

Әуелгі кезде бұл жұмысты Қазақстан Оқу халық комиссариатының жанындағы Методикалық бюро басқарған болатын, сонан соң Қазақ ССР Министрлер Советінің жанынан арнаулы Терминологиялық комиссия құрылды. Сөйтіп, мәдени өміріміздің барлық саласынан жаңа келіп жатқан ұғымдарға байланысты атау-терминдер жасау және оны қалыптастыру ісі еш уақытта күн тәртібінен түскен емес.

Әрине, солай бола тұрса да соңғы жылдары бұл жұмыстың ерекше жанданғанын да айта кету керек. Оған себеп: 1956 жылғы декабрьде Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институты жанынан терминология жөнінде арнаулы бөлім құрылды. Сонан соң Ғылым академиясының жанындағы барлық институттар мен секторлар шұғылданып, әр саланың мамандары кірісті. Орысша, қазақша жақсы білетін және сол саланың маманы болып табылатын, оның үстіне сөз өнерінен өздерінің де көптеген хабары бар кісілерді іріктеп алып, сөздік жасауға жұмылдыруды және оларға күн сайын басшылық етіп отыруды дұрыстап ұйымдастыра білген Тіл білімі институты қазір жұртшылық алдына жоғары да аталған күрделі еңбектерді ұсынып отыр.

Бұл, әрине, тек көлемі жағынан ғана емес, жалпы алғанда, мазмұны жағынан да құнды еңбек. Бұл еңбектер арқылы біздің мұғалімдеріміз бен оқытушыларымыз, аудармашыларымыз бен мамандарымыз, үгітшілеріміз бен насихатшыларымыз, күллі мәдениетті қауым күнделікті жұмыстарында өздеріне көмекші болатын үлкен құрал тапты.

Терминологиялық сөздіктер біздің халқымыздың көп заманнан бергі сөз жаратушылық өнерінің тәжірибесін қорытады, жалпы тіл ұстарту жолындағы қол жеткен табыстарымызды жинақтайды. Бұл сөздіктер ұғым мен атаудың арасындағы кейбір үйлеспеушілікке, аудармадағы балама сөздердің алалығына және түсінбеушілікке жол бермеуге себепші болады; өмірімізге енді-енді еніп келе жатқан соны атаулардың тез қалыптасып, олардың ғылыми ұғымдарының халық санасынан тиянақты орын тебуіне көмектеседі. Сондықтан да мұндай игілікті еңбектерді жүзеге асыруға аянбай ат салысқан кісілердің халық алдындағы қызметі өте бағалы.

Терминологияның теориялық мәселелерін зерттеу және бұл саладағы тәжірибелерді қорытып оған бағыт сілтеп отыру ісі бір ғана Қазақстанда емес, бүкіл одақ көлемінде әлі жеткіліксіз екендігі әр жерде-ақ айтылып жүр. Сондықтан ортаға салатын пікірлер де көп-ақ.

Ең алдымен, осы “термин” деген сөздің ұғымы жайында және қазақтың қазіргі ұлттық әдеби тілінің дамуына байланысты бұл сөзді біздің қалай түсінуіміз керек екендігі жайында бірер сөз айту керек сияқты. “Терминология дегеніміз – ғылымның, техниканың, саясаттың ұғымдық қасиеті... осы заманғы ғылым мен техниканың тілі”, – дейді ғылым. (“Вопросы терминологии”, 266-бет).

Біздің бүгінгі өмірімізде ғылымның, техниканың, саясаттың қамтымайтын саласы жоқ. Сондықтан термин дегеніміз халықтың жалпы әдеби тілінен оқшау тұрған бірдеңе емес, сол тілдің өзі, өзімен біте қайнасып жатқан қаны мен тәніндей бөлінбес белшегі. Олай болса, бізде осы уақытқа дейін “термин” десе, оған халықтың жалпы тілінен оқшау тұрған бірдеңе деп қарау, сол себепті оны қолдануда, немесе жаңа атаулар жасауда әдеби тілдің ежелгі дәстүрінен, ішкі заңдылығынан шығып кетсе де болады деген сияқты бір теріс ұғымдардың болып келгенін де айта кетуіміз керек.

Егер біздің осы уақытқа дейінгі терминологиялық жұмыстарымызда орын тепкен азды-көпті оғаштық болса, оған ең алдымен осы тенденцияның салқыны тигенін мойындауға тиіспіз. Ана тілінің өрбу, туындау, жаңарып-жасару жолдарына көп зер салмайтын кейбір жолдастар, өздерінің әлдеқалай бір қолдана салған терминдерін өзгертуге қимайды да: “е, бұл термин ғой, термин болған соң бола береді”, – дегенді сылтау етеді. Сөйтеді де қажетсіз жерде шет сөздерді енгізеді, не болмаса жаңадан сөз жасағанын ешқандай ұғымы жоқ, ұлттық

тілімізбен тамырласып жатпайтын қайдағы бір жасанды бірдеңелерді қыстырады.

Тегі бұл мәселеге біздің өз тұрғымыздан келетін жақтарымыз толып жатқан сияқты. “Терминология дегеніміз – осы заманғы ғылым мен техниканың тілі” десе, орыс ғалымдары бұған ғылым мен техниканың ең соңғы шыққан ұғымдарын жатқызады да, “термин жасау” дегеннен сол ұғымдарға әдейілеп ат қоюды түсінеді. Ал біздің шығарып жатқан сөздіктерімізде қазақ болғалы бар сөздер жүр. Мысалы, “жер”, “су”, “ауа”, “астық”, “дән”, “кемір”, “темір” деген сияқты сөздер кімге соны?

Мен бұл сөздердің терминологиялық сөздіктерге еніп кеткендігі әбес болыпты демекші емеспін. Егер орыс тілінде шығарылған терминологиялық сөздіктер болса, осы сияқты көдімгі қарапайым сөздер енер ме еді?

Шынында біз үшін бұл сөздердің енуі заңды да шығар. Ғылыми ұғымдарымыздың көп атаулары әлі тұрақтап, қалыптасып болмағандықтан, әшейінде қарапайым көрінетін сөздердің біразын, орыс сөздерінің ғылыми ұғымдарына сүйене отырып, тағы бір айқындап берудің қажеттігі де бар шығар. Егер олай болса, біз термин деген сөзге өз тұрғымыздан сәл еркіндеу келуге тиіспіз.

Термин деп аталған сөздерімізге балама іздегенде, ең алдымен, өз тіліміздің қазынасын сарқа пайдалануымыз керек. Өйткені, сол айтылған ғылыми ұғымдардың көбі біздің тілімізде ескі заманнан бар. Ғылыми ой, ғылыми ұғым дегендер қазақта тек бүгін ғана туды деп ешкім де айта алмайды. Олар тілдік негізінде әуел бастан бірге жаралып, бірге дамып отырған. Сол себепті біз ғылыми ұғымдарын, атауларын саралағанда, өзімізде ежелден бар және күн сайын туындап, толысып жатқан ғылыми атауларды өз орындарына қоя білуді сондай-ақ орыс сөздерімен салыстыра отырып, кейбір сөздердің ұғымдық шектерін ажыратуды, сонан соң өз тіліміздің заңды даму жүйелерін пайдалану арқылы оның қазіргі бар мүмкіншіліктерін де болашақ потенциалдық мүмкіншіліктерін де аша білуді бірінші мақсат етіп қоюға міндеттіміз. Ғылыми терминдердің негізін халықтың бұрынғы ауыз әдебиетінен бастап іздеу керек. Халықтың ежелгі салт-санасы, әдет-ғұрып, қарым-қатынастарында да солардың негіздері жатыр. Ауруға ішірткі бергенде “Лұқпан Хәкімнің емі болғай” деп күбірлеп отыратын қазақ оның айналасында аз сөйлемеген болар. Сондықтан қазақ тілінде оған байланысты атаулар да аз болмауға тиіс. Әрине, олардың кейбіреулерінің алынатыны бар да, кейбіреулерінің қалатыны бар. Ол өз алдына басқа мәселе. Тек қана ем мен шипаны, ауру мен сырқатты, кесел мен дертті бір-бірінен ажыратпай, аудармада синонимдік сөздердің бәрін жинап-теріп бір-ақ сөздің балауына беруден, сөйтпін, сол мәндес басқа сөздерге балама таппай отырып қалудан аулақ болайық.

Біз ғылым мен техника жаңалықтарының ұғымынан бұрын көбінесе орысша атауларын естиміз. Сол атауларға қарап барып, ұғымын жорамалдаймыз да, өзімізше шамалап ат қоямыз. Бұл жерде мамандардан гөрі аудармашылар бұрын кіріседі.

Біздің қазіргі жағдайымызбен санаса келгенде, сірә, мұның өзі заңды да құбылыс болса керек. Мәселен, осы кезде соншалық орнын тауып, әдеби тілімізге әбден қалыптасып кеткен “өнеркәсіп” деген сөзді алайықшы. Ол қазіргі қалпына келіп жайласуы үшін қаншама эволюциялық жолдардан өтті. Ең әуелі ол “өнерлі кәсіп” болды, содан кейін “өндіріс кәсібі” болды, сонан соң “өнер кәсібі” деп жазып жүрдік. Ақыры міне енді “өнеркәсіп” боп адамзат тіршілігінің аса бір күрделі саласын тұлғалайтын мәні терең ғылыми ұғымның атауы болып, халыққа үздіксіз қызмет етуде. Тіл мәдениетінің дамығанын бейнелейтін мұндай мысалдар қазір көп-ақ.

Терминологияны сөз етушілердің кейбірі еліміздің бұл саладағы еткен жолдарына зер сала келіп, “бір кездерде “отарба”, “шайтан арба” деуші едік, паровозды қара айғырға теңеуші едік” дегенді көбірек айтады. Мұның өзі, кейде тыңдаушылар тарапынан арзан күлкі ұтудың оңай жолы тәрізді болып та шығады.

Шынында бұл оншалық күле қоятындай нәрсе емес. Мұнда халық мәдениетінің өсу жолындағы заңды көрінісі жатыр. Жиырмасыншы жылдардың бас кездерінде термин екен деп шет сөздерді нақ қазіргідей көптен енгізе берсе, одан ешнәрсе шықпаған да болар еді. Ол кездегі халықтың жалпы мәдени дәрежесі ондай сөздердің ғылыми ұғымын түсінуге әлі жетпегені, сол себепті мүмкіндігі болғанынша ғылыми атауларды ұғымын елес-тетіп тұратындай етіп айту керек болғаны бышай тұрсын, тіпті, сол “шайтан арба” деп аталған “велосипелты” осылай деп айтуға тілі келетіндердің өзі мүлдем аз емес пе еді? “Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!” деген атақты ұранмен келген “пролетарлар” деген сөздің өзі талай сатылардан өтіп, “бейнеткештер”, “бейнетқорлар”, “жалшылар” “еңбекшілер” “еңбекшілдер” деген сияқты болып өзгере-өзгере келген жоқ па? Егер сол кездерде “пролетарлары” деп жазса, қазақ кедейлері оны түсінер ме еді, ал түсінбейтін болса, ондай ұранның әсері болар ма еді?

Екіншіден, паровозды “отарба” деуде пәлендей оғаштық та жоқ. Кезінде кімнің қалай өзгерткенін кім білсін, бірақ “паровоз” болғанда “отарба” болмайтын да ештеңе жоқ сияқты. Егер осылай алына бергенде, бұл сөздің жап-жақсы атау-термин болып қалыптасып кетуі де ғажап емес еді. Ал, “қара айғыр” деп паровозды ешкім де атаған емес. Ол атау емес, жай ғана теңеу ретінде айтылатын. Ондайлар бола береді. Самолетті құсқа, паровозды айғырға, дүлдүлге, тракторды өгізге, тіпті, тасбақаға теңеу қай халықта болса да бар.

“Термин” деген сөз айтылса болғаны, оның қасында “жасау” деген сөз қабаттаса жүреді. Басқа жағдайда сөз жасалмайды, жиналады, құрастырылады.

Ал, “терминді қолдан жасау керек” деген сияқты ұғым бар. Мұның бәрі термин сөздердің әуелбаста жаңа туған ұғымға қарай қолдан жасалынып, белгілі бір жағдайда келісу арқылы алынатындығынан туған. Ал бізде, жоғарыда айтылғандай, термин сөз көбінесе аудару арқылы шығады. Сол себепті де оның ұғымын беретін атауды біз ең алдымен халықтың бар сөздерінен іздестіреміз. Мұның тағы бір себебі: сол терминдерді әдепкі жасаушылардың өздері де ат қойғалы отырған ғылым жаңалықтарының қасиетіне, атқаратын қызметіне қарап, халықтың сол ұғымды қалай атайтынын ескере отырып шығарады. Сондықтан да тілді жаңа терминдермен байытудың ең тиімді де өнімді жолы – сол тілдің өзінің сөздік қоры мен диалектілерін пайдалану екенін атақты тіл ғалымдарының бәрі мақұлдайды.

Тіліміздің ежелгі сөздік қорын пайдалану арқылы терминологияны байытуда істелген жұмыстарымыз өте көп. Сөздіктерді құрастырушылар да бұл жағына едәуір назар аударған. Олар аударма мәдениетінің, бүкіл баспасөздің табыстарын жинақтауға тырысқан және өз тараптарынан да талай сөздерді орын тауып қоя білген.

Сонымен қатар, бұған қатынасқан жолдастардың кейбіреулері терминологиялық ұғымның мағынасын тек өз мамандықтарының тар шеңберінен ғана қарап, осы уақытқа дейін сол ұғымның атауы болып келген сөздерді оп-оңай ғана ауыстыра салғандығы, ондай сөздердің ұзақ қолданылу арқасында бірте-бірте толысып, жаңа мағына алып кеткенін ескермегендігі байқалады. Мәселен, “известь” деген сөз бүкіл баспасөзде және ауызша да барлық жерде “әк” деп айтылып жүр. Бұл атау Қазақстанның біраз жерлерінде бар сөз болғандықтан да бір кезде баспасөз айналасындағы жұртшылық осылай деп алуға бәтуаласқан болатын. Сол секілді “блок” дегенді “шығыршық” деп алуға да келісіліп, солай алынып жүретін. Мұның бәрі қала беріп, сөздіктің бірінші томында “ізбес”, “блок” деп алыныпты. Бірақ іс жүзінде ол сіңе қоймағандықтан болуы керек, басқа жерлерде “ізбес”, “әк”, “блок”, “шығыр”, “шығыршық” болып шатаса берген. “Форма” деген сөз де сол бірінші томда “форма” болып алыныпты да, басқа жерлерде “қалып”, “қалыптау” болып, біресе қайтадан “форма” дегенге көшіп өзгере берген. Сөздіктерде бүйтіп шатысып жүрген сөздер тым көп.

Тегінде кептен қалыптасып кеткен және келе жатқан сөздерді ауыстыра беруге әуес абзал. Белгілі бір сөзді белгілі бір ұғымның алғаннан кейін, ол баспасөз бетінде де, одан көпшіліктің аузында да сан рет қайталанып айтылады, сөйтеді де, ұғымдық жағынан бірте-бірте толыса барып, өзінің кемеліне келеді; халықтың санасынан солай орын тебеді. Мәселен, “жарна”, “мүше”, “күн”, “тап”, “өкімет”, “үкімет”, “дағдарыс” деген сияқты сөздердің қазіргі мағыналарын бұрынғы мағыналарымен салыстыруға болар ма еді? Салыстыру былай тұрсын, ол

сөздердің бір кездердегі ұғымдық шеңбері қаншалық болғанын көбіміз қазір білмейміз де. Олай болса, өзінің жана ұғымымен барша жұрттың санасына сіңісіп кеткен сөздерді жаңа бір контексте онша жетіңкіремей тұр екен деп, қайтадан өзгерте салудың жөні жоқ. Ол тек шатастыруға ғана себепші болады.

Айталық, “өзара сын” деген сөз “самокритика” дегеннің баламасы болып барлық жерде өзгермей алынатын. “Сын мен өзара сын” деген сөздер, тіпті, идиомалық тіркеске айналып кетті деуге де болатындай еді. Соның түп тамырын қуа келгенде, бірденесі жетпей тұр екен деп, соңғы бір кезде өзгерткен болатынбыз. Содан соң-ақ оның сан алуан түрлері туып, шұбарланып сала берген. Қазір “өзара сын”, “өзіндік сын”, “өзін өзі сынау”, “өзін сынау” деп жазылады. Сөздіктерде осылардың бәрі де жүр. Бұдан не ұттық? Әрине, бұдан түк ұтқанымыз жоқ, қайта тілімізге үлкен нұқсан келді.

Қазіргі қазақтың орта буыннан жоғарғыларының бәрі сауатын ашқаннан бастап “квадрат” дегенді “шаршы” деп, “куб” дегенді “текше” деп оқып, бұл екі сөздің бар ұғымын тек сол атаулар арқылы ғана қабылдап өсті. “Текше метр”, “шаршы метр” деген сөздердің мағыналарын түсінбейтін қазақ кем болатын. Сондықтан бұл сөздерді қайта өзгертіп, орысша қалыбына түсірудің не мұқтаждығы болды екен? Мүмкін, математика ғылымына мүлде салынып жүрген мамандарға бұл атаулардың оғаштау көрініп тұратын жайы да бар шығар. Бірақ ондай кісілердің өздері ана тілінен қол үзіп, мұндай мағыналарды қазақша атаулар арқылы ұғынудан аулақтап қалуы да ғажап емес қой. Күн сайын тек орысшасын айтып, орысша естіп жүргендіктен де олардың құлақтары үйреніп кетіп, солай қарай бейімделе бергісі келіп тұруы да мүмкін. Көп адам — әдеттің, дағдының құлы ғой. Кейбіреулердің тіл мәселесіне келгенде әділ ғылым тұрғысынан, жалпы халық тұрғысынан келмей, отбасы, ауыл арасына сіңіскен дағдының ығымен кететін, сөйтіп беталды бұрғыштай беретін әдеті де болады. Бірақ тіл субъективизмнің қолжаулығы емес.

Бұл сөздіктерде кұрастырушы мамандардың кәсіптік шеңберден шыға алмағандығының ізі едәуір-ақ сезіледі. “Единица” дегеннің бірде “единица, бірде “бірлік”, бірде “өлшем” болу себебі де содан. “Договор генеральный” дегеннің “бас шарт” деп алынып, нақ сол жерде “договор двухсторонний” дегенге келгенде “екі жақты договор” болып өзгеріп кетуі де содан. Немесе, тағы да дәл сол жерде “договор типовой” дегеннің “типті шарт”, “қалыпты договор” деп, әдейілегендей-ақ, орысшасына қазақшасын, қазақшасына орысшасын тіркестіріп шұбарлатып қоюда қандай ғылыми негіз бар? “Қарыз” деген сөздің “заемодавец” дегенде балама болуға жарап, “қарыз беруші” деп алынғанда, “заемовладелец” дегенде балама бола алмай, “заем иесі” болуының себебі қалай? Мұндай мысалдар бірен-саран болса, оған тоқталып та жатпас едік. Ондайлар осы айтылып отырған сөздіктердің бәрінде де түйдек-түйдегімен жүр.

Ана тілінің байырғы сөздерін тиісті орыс сөздерінің (оның ішінде термин сөздердің де) баламасы ретінде дұрыс қолдану және соған сүйене отырып, оларды мағыналық жағынан жіктеу, балама ретінде тұрақтандыру қазіргі тіл мәдениетін көтерудің аса күрделі мәселесі. Бұл бағытта әлі көп жұмыстар істелуі керек. Осы тұрғыдан қарағанда, шығып жатқан терминологиялық сөздіктерде біраз олқылықтар бар. Сөз баламаларын қолдануда алалық күшті, тиянақтылық жоқ, жүйе жоқ. Мәселен, “Фонд премирования” дегенді “сыйлық қоры” деп алып тұрып, сол жерде қатар келген “Фонд потребления” дегенді “тұтыну фонды” деп жүре берген. Қазақтың “қор” деген сөзі қандай контексте келсе де сол “фонды” дегеннің мағынасын толық бере алады. Бүйтіп құбылта беру, қайта қалыптасып қалған ұғымды тиянақсыз етіп, босаңсытып жіберуге себепші болады.

Сөз мағынасының жаңартыны, жасаратыны болады. Мұны біз ана тіліміздің тәжірибесінен көп кездестіреміз. Мысалы, талқылау”, “өркендеу” деген сөздердің қазір қандай мағыналарда және қаншалық жиі қолданылатыны баршаға мәлім. Алайда сол сөздердің біріншісінің алғашқы мағынасы қатқан кенді илеу, жұмсарту, ал екіншісі — қауынның сабақтап желі тартуы екенін көп адам біле бермеуі мүмкін. Осылай жасарып, жаңа ұғым алып жүрген атаулар бұдан былай да молая бермек. Осы тұрғыдан қарағанда, “сауыт”, “қарыз”, “несие”, “шебер”, “ұста” деген сияқты сөздердің көп орнықпай, бірде алынып, бірде шығып қалып жүруі жақсы әдет емес. “Кредит”, “заем”, “ссуда” “мастер” деген атауларға “қарыз”, “несие”, “шебер”, немесе “ұста” деген сөздерді балама етіп тұрақтандыра алмай жүрміз. Сол сияқты, “дәулет” деген сөздің де бір терминге дырдай теңеу болып сөздікке енгенін кездестіре алмадық.

Тегінде біздің аударма сөздіктерімізде ойға өң беретін, қанат бітіретін, желпіне, асқақтай сөйлегенде қолданылатын әдемі поэзиялық сөздер ығысып қалып қоя береді. Оларға сырттан қараған адам: “қазақ тілінің лексикасы неткен жұпыны еді” дейтіндей-ақ бар. Демек, тіліміздің бар байлығы аудармада толық іске асырылып жүрген жоқ.

Осыған байланысты мынаны айта кету керек. Бізде тілдегі “архаизм” деп аталатын көне сөздерден қашу әдеті бар. Бұл дұрыс емес. “Архаизм” деп үркіп жүрген көне сөздеріміздің көбі жазушылар мен журналистердің шабыт шақырып, желпіне, асқақтата, әсерлендіре еселеп, нығарлап айтқысы келген кездерде қолданылатын құралы. Жауынгер публицистика жанры да оған айрықша сүйенеді. Қазіргі өмірімізді ұжмаққа, Москваны қағбаға, Кремльді мехрабқа теңейтін ақындар да аз емес. “Қүдірет”, “ғажайып” деген сияқты сөздер қазір мүлде жаңа мағынамен айтылатын болды. Сондықтан, аудармада және аударма сөздіктерде де біз, жөні келіп тұрған жерде, ондай сөздерді батыл қолданып,

қайта, олардың көнеріп, ескіруіне жол бермеуге тырысуымыз керек. Соңғы кездерде шыққан қазақша түсіндірме сөздікте де, қазақша-орысша биологиялық терминдер сөздігінде де қазақ тілінің бай екендігі бірден аңғарылады. Сол сөздер аударма игілігіне де түгел қызмет етуі шарт. Демек, жаңа мағына аларлықтай көне сөздерді балама ретінде батыл қолдану терминдік атауларды байыту жолдарының бірі деп білуіміз керек.

Халық тілін термин сөздермен байытудың тағы бір арнасы – сол халықтың өз диалектілері екені мәлім. Бұл жағдай, әсіресе, біз сияқты баспасөзі әлі жас, тілдік қоры хатқа түсіп болмаған ұлттар үшін ерекше маңыз алады. Ұлан-байтақ қазақ жерінің түрлі облыстарында тіршілік жағдайы әрқилы. Әрқайсысында іргелес отырған басқа халықтардан сінген сөздер де бар екенін былай қойғанда, тұрмыс жағдайларына байланысты көптеген соны атаулар табылады. Мәселен, оңтүстік облыстарда егін, су, бау-бақша шаруашылықтарынан, қоныстану тіршілігінен, қолөнер кәсібінен туған атаулар көп. Балық шаруашылығына, теңіз өміріне байланысты атаулардың көбін Гурьев облысынан, Сырдария мен Ертіс бойларын, Арал мен Балқаш жағалауларын мекендеген қазақтардан табуға болады. Сол сөздерді жалпыхалықтық тілдің қатарына тезірек қосудың, ол үшін терминдердің аудармасына батыл қолданудың маңызы айрықша. Қазақ елінің жартысына жуығы білетін сөз болса, оны “диалект” деп ысырып қойып, баршаға соны шет сөзді қолданудың қаншалық жөні бар?

Социалистік өміріміз жаңалыққа толы. Саяси-шаруашылық мәні зор көптеген материалдар күн сайын дамылсыз аударылып жатады. Солармен бірге толып жатқан соны сөздер, жаңа ұғымдар, яғни терминдер келеді. Шебер аудармашыларымыз оларды халыққа әрі тез, әрі түсінікті етіп аударып беруге тиісті. Айталық, суландыру жүйесін өзгерту туралы үкімет қаулысы шыққанда “главный канал”, “оросительный канал”, “распределительный канал” деген сияқты терминдер келді. Міне, соларды аудару кезінде “бас арық”, “оман арық”, “оқ арық”, “құлақ арық”, “арық”, “қарық” деген сияқты егіншілік кәсібі дамыған облыстарда болатын атаулар шықты. Мақта шаруашылығына байланысты “қозапая”, “шиіт”, “көсек”, “шанақ” деген сияқты сөздер келіп жатыр. “Дақыл” деп, “егіс” деп – “культура” мен “посевті” айыратын болдық. “Пөлек” деп, “жапырақ” деп – “ботва” мен “листіні” сараладық. Еліміз жүгері дақылын жаппай өрістетуге кіріскенде, оның “сотасы”, “собығы”, “шашағы”, “шашы” деген ұғымдар мен атаулар да өрістей берді. Қазір бұршаққа байланысты голып жатқан соны сөздер қазақтың тіл қазынасының қалтарыстарынан қайта шығып, жаңара, жасара бастады. “Асбұршақ”, “жембұршақ”, “жасымақ” “нокат”, “қара-құмық” деген сияқты сөздерді осыдан аз-ақ уақыт бұрын Қазақстанның біраз жерлері біле бермейтін.

Бұлардың бәрі халықтың хатқа түспеген ауызекі сөздігінде бар атаулар еді. Оларды қазір өмір мұқтажы қайта шығарды.

Ана тіліміз әлі де осылай толыса береді, есе береді. Оның қазынасында ашылмай жатқан кен көп. Тіл қазынасының кеншілері — аудармашылар мен жазушылар, журналистер мен ғалымдар әлі талай сөз асылдарын аршып, тіршілік мүддесіне жегеді. Тек қана біреуін “архаизм” деп, біреуін “диалект” деп, біреуін “жергілікті сөз” деп, барымыздан безбейтін болайық, таба білейік те, тандай білейік, орнын тауып қолдана білейік. Санасы ашылып, мәдениеті көтерілген қалың бұқараның ондай соны жаңалықты іле көтеріп өз игілігіне жарата бастайтынына күмән келтірмейік.

Термин жасаудағы осы жүйемен келген табыстарымыз сөздіктерде едәуір мол қамтылған. “Су құбыры” деген сөз қазір әдебиет тілінің қатарынан лайықты орнын алды. Бұл өзі “водопровод” дегеннің баламасы. “Сооружение” дегеннің “ғимарат” болғаны да теріс емес. Өйткені, “құрылыс” дегенді тым көп жерге пайдаланып жүрміз. Бұлардан басқа да толып жатқан атаулар сөздіктердің тізіміне өте дұрыс енген.

Бірақ, жоқ жерде оғаш бірденелердің шыға келетіні де бар. Түтін шығатын мұржаны ауызекі сөйлегенде “труба” деп айта салушылар болуы да мүмкін. Ал жазуға келгенде және сөз бағып сөйлейтін кісілердің бәрі оны тек “мұржа” деп атайды, өйткені бұл қазақтың байырғы сөзі. Оның тек үй пешіне келгенде ғана емес, завод пештерінде де “мұржа” болуға хақы бар. Ал, сөздіктерде “от шығатын труба”, “түтін шығатын труба” деп алынған.

Бір айта кететін нәрсе, бізде осы тәрізді ұсақ нәрсені қамтитын атауларды нақ соның өзіндей өндірістік ірі ұғымдарға көшіруге келгенде батылдық жасай алмай, тайқып шыға келетін әдет бар. “Ман” деген сөз үй тірлігінде де, ұсақ қолөнер кәсібінде де көп заманнан “күбі” деп алынатын. Әуелгі сөздіктерге солай боп енген де. Ал кейін, осы сөз өндіріске, құрылысқа байланысты боп келгенде, олай деп алуға жүрегіміз дауаламай, “ман” деп қойыппыз да, жақшаның ішіне “күбі” деп түсінік беріппіз. Күбі болған соң ол барлық жерде неге күбі бола бермейді екен?

Осы тақылетті қазақ тұрмысында бар, немесе бұрын болған нәрселердің атауларын сол нәрселердің қазіргі өзгерген жаңа түрлеріне қолдануда біраз батыл болуымыз керек. Түрі мен мазмұны біраз өзгергеніне қарамастан, сол заттың бұрынғы бар атауын жаңа түріне де еркін қолданса, айтыла-айтыла ол сөз сол заттың жаңарған түрін ұқтыратын болады, сөйтіп, өзі де жаңа мазмұн алады.

Бұл жөнінде орыс халқының тәжірибесі біз үшін үлгі болуға тиіс. Оларда да әлгі айтылған “труба”, “ман” деген сөздердің бұрынғы мазмұндарын қазіргі мазмұндарымен, тіпті, салыстыруға да болмас еді.

Термин жасауда және жалпы орыс сөздеріне лайықты қазақша баламалар қарастыруда тіліміздің қос сөзден құралып жаңа мағына алатын және жалғау, жұрнақтар арқылы туындап өзгеретін жүйелері аударма жұмысында кеңінен қолданылып келеді. Біз талқылап отырған сөздіктерді құрастырушылар да бүгінгі әдеби тіліміздегі осы жолдармен туып жатқан жаңалықтарды біраз жинақтауға және өздері де сол әдістерге сүйене отырып жаңа атаулар жасауға, немесе солай аударуға әрекеттенген.

Қос сөзден құрылған терминдердің кейбіреулері соншалық сәтті болып шығады да, айтуға да, ойдың желісіне қарай жалғау, жұрнақтармен сан құбылта өзгертуге де икемді келеді. Ондай сөздер өздерінің тиісті ұғымдарын да екіұшты етпей, нақтылы да тиянақты етіп айқын жеткізеді. “Өнеркәсіп”, “кәсіпорын”, “кәсіподақ”, “жемшөп”, “қолөнер”, “еңбеккүн”, “айналсоқ” деген тәрізді сөздер әдеби тілімізге аударма мәдениетінің қосқан үлесі.

Бұл қалыпқа жетіп, осылай бекуі үшін ол сөздердің әрқайсысы талай-талай эволюциялық өзгерістерден өтті.

Қазіргі баспасөз бетінде әбден орнығып, баршаға түсінікті болып кеткен “сүрлем” деген сөз де бұрынғы “шөп “сүрлеудің” орнына, “қорғаныс” деген сөз “Отан қорғаудың” орнына дәл осындай ұзақ эксперименттерден өтіп келген сөздер болатын.

Әлі бөлініп-жарылып, алмақ-салмақ болып жүрген талай атауларымыз осылай өзгере береді, ыңғайлана, шындала түседі. Тіліміздің бүгінгі даму беталысы осындай жинақтылықты тілейді. Сірә, бұл дәуір стилі, тіл дамуының тарихи тенденциясы болар. Кең қолтық, салпы етек тон-шекпенді тастағанымыз сияқты, дәуір қарқынына бейімделуден шыққан прогрестік бір мән бар шығар мұнда.

Сөз тіркестерінің арасында, әсіресе күрделі сөйлемде қос сөзбен атау ретінде келген етістіктің қисындық дәнекері алмағайып болады екен. Мұны тіл өнерін қуғандар, әсіресе, аудармашылар түсінуге тиіс. Сөйлем олақ құрылған жағдайда ол жазушының қиыстырған жағына жүрмей, жапсарлас тұрған басқа бір сөзбен үндесіп те кетеді. Өйткені ол нақ осы тіркеске алдыңғы қосар сөзінің сүйреуімен әрең ғана не етістік емес, не зат есім емес, әрі-сәрі күйінде, серігімен қосып айтып, атау деп қарағанда ғана ұғымдық жағынан зат есім болып саналатын солқылдақ күйде келеді. Сондықтан, әсіресе аудармада жиі ұшырайтын көп сатылы ұзақ сөйлемдерде оның өз қосарынан ажырап шыға келуі де оп-онай.

Міне, осы жағдайдың себебінен де журналистер, әсіресе аудармашы журналистер бұл тектес сөздерді манағыдай етіп өзгерту арқылы біріктіріп жазуға бейімделе береді (“өнеркәсіп”, “кәсіпорын” деген сияқты). Мұнымен олар қос сөз арқылы құрылған терминдердің атаулық қалпын тұрақтандыруды көздейді.

Орыс сөздерінің атаулық баламасы ретінде алынған кейбір осы тектес сөздердің қосылып, немесе бөлек жазылуы жайында тіл ғалымдары мен журналистердің арасында жиі кездесетін келіспеушіліктер, меніңше, осы жағдайдан туып жүр. Орфографиялық алалықтардың кейбір себептері де осында жатыр. Әрине, қосып жазудың бұдан басқа да себептері бар. Қалайда мұның бәрін ғылыми әділдіктің биік мұнарасынан жіті қарап, терең зерттей отырып, тезірек бір ізге түсірген абзал.

Қос сөзбен термин жасаудағы ең басты шарт: оған жалғау жалғап, ой қисындарына қарай құбылтқан кездерде ұғымдық мағынасының осалдап кетпеуі. Бұл үшін бір ұғымның атауы ретінде термин етіп алынған қос сөздің берік кіріктірілуі іс жүзінде елеулі маңыз алады.

Терминологиялық сөздіктерді құрастырушылар өз тараптарынан термин жасамақшы болған кездерінің көбінде осы жағын жете ескермеген сияқты. Сондықтан олардың термин деп айтқандарының көбі әшейін бір баяндау немесе олақ аударылған түсінік болып шыға берген. Ал кей жерлерде кісі күлерлік дөрекі сөз тіркестеріне де айналып кеткен. Мәселен, “кубовая – су қайнатар”, “осенняя стрижка – күзгі күзем (жазда күзем болмайды, “күзем” дегеннің өзі күзде күзеу деген сөз. – Ә. С), “сетка нитей – қылсым торы”, “выпускная лейка – металл ағызатын тесік”, “выпрямитель ртутный – сынапты туралағыш”, “вентилятор центробежный – ортадан тепкіш желдеткіш”, “вентилятор частичного проветривания – жартылай желдету желдеткіші” деген сияқтылар.

Бұлар термин де емес, жәй ғана түсіндіру де емес, тек орашолақ аударма ғана. Сондықтан мұндайларды сөз санатына қосып, термин ретінде ұсынудың керегі де жоқ еді. Өйткені ең орташа аудармашының өзі ондай сөздер кездескен жағдайда, қисынына қарап отырып-ақ, бұл айтылғандардан әлдеқайда жатық та түсінікті етіп аударып бере алады.

Біз шолу жасап отырған сөздіктердің бәрінде де жалғау, жұрнақтар арқылы сөз тудыру әдісі кеңінен қолданылған. Бұл өзі қазақ тілінің ежелгі дәстүрлік заңы, оның туындап, өсіп өрбуінің ең тиімді де өнімді жолы. Орысшасына қарап отырып, нақ осы әдіспен түбірлес сөздерді шебер құбылту терминологиялық атауларымызды әбден молықтырып, байытып жатыр. Мұндай әдіспен жасалған терминдер халыққа ұғымды, тілге жатық келеді. Сондықтан да тез сіңеді, тез орнығады. Өйткені, олардың тамыры ана тілінің өз топырағынан нәр алып, тығыз байланысып жатады. Бір ғана “күру” деген түбірден туып жатқан сөздерді алайықшы: “күр”, “күра”, “күрау”, “күрам”, “күрама”, “күрак”, “күрылыс”, “күрамыс”, “күрылым”, “күралым”, “күралыс”, “күрылғы”, “күралғы”, “күранды”.

Қандай өсімтал, қандай төлшіл, неткен икемді десеңізші біздің ана тіліміз! Өткен, не керек, тіліміздің осы мүмкіншіліктері аудармада, әсіресе, термин жасауда толық іске жегілмей келеді. Кейде осындай өзінен өзі тілге оралып келіп тұрған сөздерді тастай беріп, шет сөздерге, немесе жасанды бірдеңелерге жармаса кететініміз бар.

“Структура” деген ғылыми термин қандай мағынада келсе де және не туралы айтылса да “құрылым” деген қазақ сөзімен айнытпай жеткізіліп жүр. Бұл сөздің енгеніне де көп болды. Бірақ осындай тілдік табыстарымыздың ғылыми қорытындысы ретінде ұсынылып отырған мынау сөздіктерде бұл термин барынша шатысыпты да, бір жерде “структура”, бір жерде “құрылым” делініпті, ал тағы бір жерде “устройство” дегеннің баламасына айналған.

Мұндайда “е, тәйірі, тілге араласа берудің керегі не, әйтеуір барын тіркей берсек болғаны да, қайсысын алуды халықтың өзі біле жатар” дейтіндер де табылады. Бірақ бұл дұрыс пікір емес. Өйткені, термин қолдан жасалады да, келісіліп алынады. Ал, жасалған нәрсені халыққа ұсыну, насихаттау, орнықтыру деген бар. Сол себепті де біз әрбір жақа сөздің әр қашан өз орнына тұтылуын көздеуге тиістіміз.

Еңбек құралдарына, машина саймандар мен олардың тетіктеріне, үй жабдықтарына ат қойғанда, әсіресе “қыш”, “ғыш”, “кіш”, “тіш” жұрнақтары көбірек қолданылып жүр. Бұл жұрнақтар арқылы жасалған терминдерді шығып жатқан сөздіктердің бәрінен де және жаппай кездестіруге болады. Мысалы: “Радиоприемник – радиоқабылдағыш”, “вентилятор – желдеткіш”, “вибратор – дірілдеткіш”, “заполнитель – толтырғыш”, “звукоизлучатель – дыбыс шығарғыш”, “зеркало рассеивающее – шашыратқыш айна”, “центростремительная сила – центрге тартқыш күш”, “центробежный регулятор – центрден тепкіш регулятор”, “водомерная труба – су өлшегіш түтік”, “испытатель взрывной – жарылғыш сынағыш”, “канат предохранитель – сақтандырғыш арқан”, “молоток, электрический отбойный – электр қопарғыш балға”, “дождомер – жауын өлшегіш”, “ковочный молоток – шындағыш балға” тағысын тағылар.

“Центр” дегеннің “орта”, “орталық” деген дайын баламасын тастай беріп, оны “центр” деп алудың әбес болғандығын қазбаламағанда, әлгі мысалдарда келтірілген әдіспен жасалған терминдердің көпшілігі дұрыс шықпаған. Олардың көбі, жоғарыда айтылғандай термин болудан гөрі, олар аударма болып қалған. Ал, оның үстіне, сөз туғызатын жұрнақтардың өздері көп жерлерде орнын таба бермеген. Атап айтсақ, “өлшегіш”, “сынағыш”, “шындағыш” деген сияқты сөздер аспапты, құралды, немесе олардың тетіктерін мезгеуден гөрі адамды, яғни өлшеуге, сынауға, шындауға икемділігі күшті кісіні мезгейді. Асылында, бұл жұрнақтар біздің тілімізде көбінесе шеберлік иесін, белгілі бір іске салынушы

адамды тұлғалайтын жұрнақтар болса керек. “Тұтқыш”, “таңғыш” деген сияқты бірен-саран сөздер болмаса, бұл жұрнақтар арқылы еңбек құралын бейнелейтін атаулар онша көп бола бермеген.

Оның есесіне, қазақта “уыш”, “уіш” жұрнақтары арқылы жасалған еңбек құралдарының аттары өте көп. “Бұлғауыш”, “түйреуіш”, “желпуіш”, “елеуіш”, “таяуыш”, “тіреуіш” деген тәрізді болып келетін атаулар тек қана еңбек құралдары мен олардың тетіктерін, үй бұйымдарын тұлғалайды. Ал егер бұл сөздерге қазіргідей етіп “қыш”, “ғыш” жұрнақтарын жалғасақ не болар еді? Онда “бұлғауыш”, “түйрегіш”, “желпігіш”, “елегіш”, “таяғыш”, не “таянғыш” болып шығар еді де, бұлғауға, желпуге бейімділігі, шеберлігі бар адамдар тұлғаналар еді.

Міне, сондықтан да бұл жұрнақтар (“қыш”, “ғыш”) арқылы еңбек құралдары мен олардың тетіктеріне қойылған аттар көп жерде онша сәтті болып шықпай жүр.

Еңбек құралдары мен техника тетіктеріне, үй бұйымдарына, машина саймандарға етістіктен шығарып ат қоюға келгенде “уыш” “уіш” жұрнақтарының неғұрлым қолайлы екені байқалады. Нақ осы негізде ғылыми терминдер жасау әдісі бізде көп уақыттан бері қолданылып келе жатқан, яғни әбден сыналған өнімді де тиімді дәстүр. Бұл дәстүрдің, әсіресе тіл ғылымында кең өріс алғандығы да мәлім. “Бастауыш”, “баяндауыш”, “анықтауыш”, “толықтауыш” деген сияқты ғылыми атаулар соншалық жатық та үйлесімді болғандықтан да халықтың санасына әбден орнығып алған.

Бұл әдіс қазірде де қолданылады. “Қозғауыш”, “тежеуіш” деген сөздер “двигатель”, “тормоз” деген сөздердің тамаша баламасы. Сондай-ақ соңғы кезде шыққан “стогометатель”, “скирдометатель”, “соломокопнитель” дейтін машиналарды колхозшылардың “күделеуіш”, “маялауыш”, “шөмелеуіш” деп жүргенін де естігеніміз бар.

Бірақ, амал қанша, осындай қисыны табылып қойылған атауларды тұрақтандыруға себепші болып, барлық жерде бірыңғай келтірудің орнына кейде жалт беріп айнып жүре береміз. Біз талқылап отырған сөздіктерде әлгі “двигатель” деген термин сөз бір жерде “двигатель” деп сол қалпында алынса, екінші бір жерде “қозғауыш” дейді, тағы бір жерде “қозғағыш”, үшінші бір жерде “қозғалтқыш” деп алынған. Ал, “скирдометатель” дегенді біздің газет, журналдарымыздың дәл аударып, “мая лақтырғыш”, “пішен жинағыш” дейтін кездері де болады.

Кейде осындайға келгенде базбір аудармашылар мен термин жасаушылардың түпнұсқадан айрылғысы келмей қалайда содан дәл шығуға тырысқанын көресің. Яғни творчестволық еркіндік, жасампаздық, өнерпаз зергерлік жағы жетпей

жатады. Айталық, “погрузчик” дегенді аударатын болса, оны қалай да “жүк тиегіш” деп қояды. Осының “жүгін” қоспай-ақ, “тиеуіш” дей салса да болмас па еді? Қазақ “таяныш”, “түйреуіш” дегенде нені таянып, нені түйрейтінін айтпай-ақ ұғатын еді ғой. “Тиеуіш” болған соң ол жүктен басқа нені тиейтін еді? Сондай-ақ орысша “картофелеуборочный комбайн”, “хлебоуборочный комбайн” дейді екен деп, біз де “картоп жинау комбайны”, “астық жинау комбайны” деп жүрміз. Сөздіктерде де осылай алынған. “Жинайтынын” тастап, “картоп комбайны”, “астық комбайны” десе де болмас па еді, немесе, сөздіктердегідей “Радиокабылдағыш” емес, “радиокабылдауыш”, яки тек қана “қабылдауыш”, “регулятор”, яки, “реттегіш” емес, “реттеуіш”, “желпігіш” емес, “желпуіш”, тағы сол сияқты.

Сөздіктерде әлгі айтылған “уыш”, “уіш” жұрнақтарымен жасалған біраз терминдер де бар. Олардың бәрі әдемі де көкейге қонымды шыққан, әрі кісіге сондай бір құралдың атқаратын қызметін аңғартқандай болып тұрады. Мысалы, “сцепка – тіркеуіш”, “врубная машина – үңгуіш машина”, “трохот – іріктеуіш” деген сияқтылар.

Бірақ кей жерлерде әп-әдемі шығып тұрған атауды місе тұтпай, тағы бірденелерді қоса қабат келтіріп қойған. “Увлажнитель” деген сөз “дымдауыш”, “ылғалдауыш” деп алыныпты. Мұның соңғысының өзі де жеткілікті еді. Алғашқысының тұрпайылау екенін айтпағанда, бір сөзге бір неше баламаны қатарластырып қою терминнің тұрақтауына себепші бола бермейді, қайта орынсыз алалық туғызады.

Мұндайға тек екі түрлі әдіспен келгенде және екеуінің қайсысы қонымды болатынын аша алмаған жағдайда ғана бару керек.

Жалғыз “уыш” пен “уіш” жұрнақтары ғана емес, еңбек құралдарына, олардың тетіктеріне, үй жабдықтарына етістіктен шығарып ат қоятын басқа жұрнақтар да аз емес. “Ық”, “ік”, “қы”, “кі”, “гі”, “ты”, “ыр”, “ір” деген сияқты жұрнақтар термин жасау, сөз жарату саласында әлі кең өріс алып, өздерінің табиғи қызметтеріне толық жегіліп болмай келеді. Бұларды біз тым аз қолданып жүрміз. Мәселен, қазақта ежелден келе жатқан “сүзу – сүзгі” (кей жерлерде “сүзекі”), “ілдіргі”, “бүлдіргі”, “шанышқы” деген сөздер бар. Осының негізінде қазір “қондырғы” деген термин туды. Ол “установка” деген техникалық құралдың есімі болып, ғылым мен техника жайында сөз болған сайын қалмай аталып жүр. Жаңа шығып жатқан сөздіктерде бұл жұрнақтар арқылы жасалған термин сөздер тым сирек ұшырайды.

Сөз жаратқыш жұрнақтардан көп қолданылып жүргендерінің бірі “ма”, “ме”, “ба”, “бе” жұрнақтары. Бұлар арқылы көптеген термин сөздер әдеби тіліміздің қорынан лайықты орын алып келеді және олардың бәрі сөздіктерде дұрыс

тіркелген де. Мәселен “қондырма”, “көшірме”, “баяндама” деген сөздерді қазір лайықсыз деп ешкім де айта алмайды.

Бірақ қазіргі уақытта орынды-орынсыз жерлердік, бәрін де осы журналдарды жалғау арқылы сөз жасау әдетке айналып барады. “Набивка – бітеме”, “Крепъ – бекітпе”, “спуск – түсірме”, “выработка – қазба”, “проба – сынама”, тағы сол сияқтылар. Бұл журналдың бір қиын жері – ол жалғанған сөз етістіктің бұйрық райына ұқсап тұрады да, сөз тіркестеріне қосылғанда, ұғымға бірден соға қоймай, сөйлемнің қисынын әлсіретеді. Мұны сөздіктерде келтірілген мысалдардың өздері-ақ дәлелдеп тұр.

Қазіргі қазақ тілінде терминдік сөздердің туу және жасалу жолдары сан алуан. Сол жолдармен келген соны ұғымдар мен жаңа атаулар ана тілінің сөздік қорын дамылсыз молайтып, оның жазу, сөйлеу мәдениетін көтере түсуде. Қазіргі уақытта “айналым” деген сөз бен “айналыс” деген сөздің орысша “оборот” және “обращение” деген сөздердің баламалары ретінде шектеліп, әрқайсысының дара мағына алуының өзі не тұрады. “Білім”, “ғылым”, “ілім” деген сөздер бір кездерде қазақ жерінің әр өлкесінде әртүрлі айтылғаны болмаса, тек бір мағынаның ғана төңірегінде жүрген сөздер емес пе еді? Енді олардың әрқайсысы орыстың “знание”, “наука”, “умение” деген сөздеріне балама болу арқылы адамзат санасының табыстарын жинақтай бейнелейтін тұтқалы да түйінді атауларға айналып отыр.

Осылардың бәрі ана тіліміздің даму мүмкіншілігі өлшеусіз зор екеніне шүбә қалдырмайды және кейбіреулердің “бізде бұрын анау жоқ еді, мынау жоқ еді. сол себепті ондай заттарға қазақша ат қойып өуре болудың да керегі жоқ” деген пікірлері негізсіз екенін сыпаттайды.

Халықтың өмірінде бұрын болмаған нәрселерге сол тілде жаңадан атаулар тұмайтын болса, онда тілдің дамуы да мүмкін болмас еді. Ал терминдік атаулар тек қана шет тілдерден алу арқылы толысады деу – сынаржактық.

Әрине, қазіргідей бүкіл дүние жүзі көлемінде болып жатқан бар оқиғаға көңіл аударып, ой жарыстырып отыратын жағдайда біздің ана тіліміздің тыныс алатын саңылауы, молығатын қайнар көзі – өзіміздің екінші ана тіліміз саналып отырған ұлы орыс тілі екені даусыз. Қала берді, халықаралық терминдерді де біздің қазіргі әдеби тіліміз бойына мол сіңіре алады. Соның бәрін көре отырып, кез келген терминдерді қазақшалай берейік деу де үлкен ағаттық болар еді және одан ештеңе шықпас та еді.

Өйткені, олай ету тіліміздің тынысын тарылтады, даму қорқыныш бөгейді.

Бұл жағынан да біздің табысымыз орасан зор. Қазір мүлде өз сөздеріміз сияқты болып қалыптасып, жымдасып кеткен орыс сөздері мен шетел сөздерінің көптігі соншалық, тіпті олардың санына жету де оңай жұмыс емес.

Олар әлі де көбейе берсін және оған ешкім де бөгет бола алмайды. Орыс және шетел сөздерінен терминдік атаулар алу – біздің тілімізді байытатын үлкен арнаның бірі.

Тек бір айта кететін нәрсе мынау: орысша терминдердің де, сол сияқты халықаралық терминдердің де қазақ тіліне сіңетіні бар да сіңбейтіні бар. Қазақ тілінің өзіне тән туындау мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, жаңа терминдер жасағандағы сияқты, шет тіл сөздерін әкелудің де жолы мен жүйесін таба білу керек, оларды қазақ тілінің фонетикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да және сөйлеу тұрғысынан да бойына сіңіріп, тез игеріп әкететіндей болуын көздеу керек.

Мәселе тек лексикалық атауларды толтыра беруде емес. Сөз құрау түрінде ғана келіп, басқа сөздермен тіркескенде тіліміздің грамматикалық жүйелеріне қиыспай, кірікпей тұратын болса, ол сөз өз қызметін атқара да алмайды. Қайта біз ондай сөздерді алуан көбірек ұтыламыз. Владимир Ильич Лениннің өзі де көпшілікке түсініксіз шет сөздерді алуға әуестен берудің дұрыс болмайтынын әдейілеп ескерткен болатын.

Орыс тілінің қазақ тіліне тигізетін ықпалын айтқанда, көп адам одан тек жеке сөздердің тікелей ауысуын ұғады. Шынында бұл оның бір-ақ жағы. Орыс тілінің қазіргі қазақ тіліне тигізіп жатқан басқа да сан алуан игілікті ықпалдары бар. Сөз етіп отырған тақырыбымыздың тұрғысынан алғанда, біз ең алдымен орыс тілінің негізінде әрбір терминдеріміз бен атауларымыздың ұғымдық жіктерін саралап жатырмыз. Бүкіл совет елінің ортақ ойы, ортақ мұраты, сөйлесуі мен кеңесуі – жалпы тіршілік қатынасы күн сайын бірауыздан бір ауызға көшкендей-ақ орыс тілінен қазақ тіліне ауысып айтылып жатады. Міне, нақ осы процесте орыс тілінің ұстаздық ролін біз сағат сайын, минут сайын сезіп отырамыз және ол өзінің жаңартушылық қызметін дамылсыз атқарып та жатады.

Қазіргі қазақ тілінің синтаксистік құрылымына да, лексикалық құрамына да, фонетикалық қасиеттеріне де түбірлі өзгерістер енуде және бұл өзгерістер, негізінен алғанда, тіліміздің заңды жүйесімен үйлесімді де.

Тілімізге енген әрбір жаңалықтан, негізінен, орыс тілі мен орыс мәдениетінің үлгісін табу қиын емес. Тек қана оны көре білу керек. Әрине, бұлардың бәрі зерттеушілерін зәру күтіп отырған маңызды ғылыми тақырыптар.

Орыс тілінің игілікті ықпалы дегенді дұрыс түсініп, дұрыс пайдалана білуіміз керек, оны өз тіліміздің мәдениетін көтерудің ең тиімді және күшті құралы ретінде орнын тауып жұмсай білуіміз керек. Сөйтіп, әсіре белсенді болғансып тілді шұбарлаушылыққа да және орынсыз қазақшыл болғансып тілдің тынысын тарылтушылыққа да жол бермей, халқымыздың ең асыл мұрасын кейбір тіл түйсігінен құр алақан дөкірлердің сыңаржақ тұрпайылығынан қорғаштап отыруымыз керек.

Орыс тілінің жеке терминдері мен атауларына теңеу іздейміз деп біз көптеген көне сөздерімізді жаңарттық; орыс тілінің кейде қатар келетін синонимдік сөздерінің ұғымдық айырмашылықтарын қазақ халқына айнытпай жеткізу жолындағы іздену жұмыстарының арқасында өзіміздің де мәндес сөздеріміздің жіктерін ашып, саралай түстік; баспасөзіміз жас болғандықтан әлі хатталып үлгірмеген және кей жағдайда “диалект” деген ат тағылып, қаға беріс болып келген көп сөздер орысша атауларға лайықты балама болып алынып, әдеби сөздігіміздің сапына тұрды; ана тіліміздің жалғау, жұрнақтар арқылы туындау жүйелері ашыла түсіп, заманға сай терең ойларды сыпаттайтын тамаша жаңа атаулар туды.

Осылардың бәрінде халқымыздың сонау Октябрь революциясы орнағаннан бергі және одан да бұрынғы тарихи жолының іздері жатыр. Осының бәрі бүгінгі социалистік өміріміздің тарихи объективтік қажеттігінен, тіліміздің өркендеу, даму қажеттігінен туып жатқан нәрселер. Сол қажеттілік әлі де талай нәрселерді тілейді. Өмірдің әр саласының бүкіл бүгінгі ұғымдарына лайықты атаулар болуын тілейді. Екі ұдай болып қырқысқан адамзат санасының егесуінде жаңаиы, озықтықты, жақсылықты уағыздаушы коммунизм лебізінің бүкіл пәрменді де жаңартушы ықпалын халық санасына мүлтіксіз жеткізу үшін тілімізде соған лайық күш болуын тілейді бұл қажеттілік. Тілейді де туғызады, жаңартып, жасарта береді.

Сөз өнерімен шұғылданушылар осы жағдайды әрқашан есте сақтауға тиіс. Бір сөзді өзгертуге әрекег жасау — бүкіл халық алдында бой көрсету деген сөз. Ертең сенің сол сөзіңді барша халық айтып жүреді, ұнаса ұрпағына қалдырады. Ал ұнамаса ше? Беделінді, қызмет орныңды пайдаланып, күшпен айт деген сөзің айтуға келмей, халықтың ойын шатастырса ше? Онда не болмақ? Мұнын жауапкершілігін түсіну керек.

“Сөз өнері дертпен тең” деп Абай тегін айтпаған. Әрбір сөзге жанымыз ашитын болсын. Сондықтан “термин жасау” деген кім болса соның қолынан келе беретін онай ермек емес. Ол үшін сол терминнің ұғымына жетік болу да, сол саланың маманы болу да аз. Сөз жарату деген нағыз творчестволық жұмыс. Тіл сырын, сөз мәнін терең ұғынатын адам керек бұған. “Термин” деген бейнебір қаққан шегедей, сөздіктегі қойған жеріннен тапжылмайтын жансыз зат емес. Ол қозғалатын, құбылатын, түрленетін, туындайтын жанды тұлға. Әрбір сөз сыр шертіп тұруы керек. Сөзге тіл бітіре алмайды екенсің, оны қозғамай аулақ жүр. Сөйлемейтін мылқау термин халықтың көдесіне аспайды.

Қорытып айтқанда, бұл шығып жатқан сөздіктердің пайдасы да көп, кемшілік жағы да толып жатыр. Көп сөздер орнын тапқан, қол жеткен табыстарымыз едеуір жинақталған. Басқаның бәрін былай қойғанда, орысша терминдердің

осынша көп тізімдерін жасап шығудың өзі де үлкен еңбек. Әрине, ол сөздердің ішінде әзірше аудармай қоя тұрса да болатындары да көп-ақ. Өйткені, бүгінгі жалпы тіл қатынасына араласып жүрген терминдік зәру атаулар бар да, әрбір саланың ішкі түкпірлерінен шыға қоймайтын номенклатуралық атаулар бар. Сөздіктерде осы жағы онша сараланбаған.

“Термин” деп алынған атаулардың бірсыпырасы сөздіктердің өрқайсысында қайталап келе береді. Үлкен кемшілік – сөздерді қолдануда бірыңғай жүйенің жоқтығы, алалықтың көптігі.

Барлық кемшіліктеріне қарамастан, бұл сөздіктердің күрделі ғылыми еңбек екенін, оларды құрастырған авторлардың халық алдындағы еңбектері өте игілікті екенін айрықша атап айту керек.

Бұл терминологиялық сөздіктер осы салада істелетін қыруар ғылыми жұмыстардың бірінші сатысы ғана. Ендігі керегі – осылардың бәрін қорытып, әсіресе, жаппай зәрулігі бола қоймайтын сөздердің кебін шығарып тастап, бірыңғай жүйеге келтірілген үлкен бір жинақ шығару. Сонда қазіргідей керексіз қайталаулар да, жиі кездесетін алалықтар да болмауы мүмкін.

1962 ж. Сатыбалдиев Ә. Терминология принциптері туралы // Рухани қазына. – Алматы: Жазушы, 1987. - 206-228 бб.

БАЙЫРҒЫ СӨЗДЕРДІҢ ТЕРМИНДІК МАҒЫНА АЛУЫ

Ұлы Октябрь революциясынан кейін Қазақстанда кең өріс алып кұлаш, жайған экономикалық және мәдени құрылыстар жазбаның, әдебиетінің әдеби тілдің ғылымның, ғылыми және саяси терминологияның жасалуына дамуына ең басты себеп негіз болды. Бұл жағдай тіліміздің дамуына, оның ішкі мүмкіншіліктерін барынша ашып, оны дамытуды, пайдалануды қамтамасыз етті.

Сөз – затқа, нәрсеге құбылысқа телінген атау. Сөз затқа, жай, қалай болса солай теліне салмайды. Ол сол халықтың ұлттық бірлестігіне байланысты жалпы халықтың негізде телінеді, жалпы халықтық атау негізінде телінеді. Заттың аты мен оның жаратылысының арасында ешқандай ішкі шарттылық жоқ. Бұл тілдің фактілерімен дәлелденген де.

Әрбір тарихи дәуірдегі сөздік құрамның өзгерістерінің дәрежесі әртүрлі және оның өзгеру сипаты халықтық тұрмысындағы өміріндегі өзгерістерге тығыз байланысты болады, мәселен, Октябрь революциясынан кейін **енбек, талқылау, өнім, қондырма, мүше, шама, күрес, жарыс** сияқты ондаған жүздеген сөздердің мағыналары дамып кеңейіп қолданылу аясы мен тіркесу қабілеттері артты.

Қоғамдағы өзгерістердің тікелей сәулесін лексика мен семантиканың кейбір жақтарынан көруге, табуға болатындығын сөздік қор қоғамдағы сөздердің мағыналарының өзгеруінең дамуынан, кеңеюінен байқаймыз. Бүгін жоғарыдағы келтірілген мысалдар дәлел. Сөйтіп, тіліміздегі сөздердің мағыналарының дамуына, кеңеюіне басты негіз болатын жағдай – қоғамның дамуы мен оның нәтижесінде туатын түрлі өзгерістер мен жаңалықтар.

Археологиялық қалдықтар сияқты сөздердің мағыналық даму тарихы халықтың көзқарасы мен психикалық қалпын, тұрмыс-салтын көрсетеді. айқындайды, оның сырын ашады, әлеуметтік құрылысын білдіреді. Сөздік мағынасының тарихы кейде сол халықтың тарихының көптеген сырын ашып анықтауға, басқа халықтармен қарым-қатынас, байланысын ашуға да бірден-бір дерек ретінде зор мән бар. Сондықтан да мағыналық заңдылықтың тілдің лексикасының дамуын, баюын анықтауда септігін тигізеді.

Қазақ тілінде сол сияқты Отанымыздағы басқа да ұлттардың тілінде жүздеген мыңдаған сөздердің терминдік мағыналарының аса күшті қарқынмен дамуына, біріншіден, тек праволы одақтас, автономиялы облыстардың, республикалардың құрылуы, екіншіден, өз тілінде басқару органдарының құрылуы мен мектеп, түрлі ғылыми, мәдени мекемелердің ашылуы, үшіншіден, кино, театр, радио,

газет, журнал жұмыстарының кең өріс алуы, төртіншіден, ұлттық көркем әдебиеттің өмірімізден кең орын алуы, дамуы, ана тілімізде саяси, ғылыми, әдеби шығармалардың басылуы марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының, көркем әдебиеттің аудармалары бәрі тіліміздегі сөздердің терминдік мағыналарының дамуына жалпы терминологиялық дамуына басты себеп болып отыр.

Тіліміздегі байырғы сөздер атауы, туынды, біріккен, тіркес формаларда туып, арнаулы терминологиялық сөздіктерде терминдік жаңа мағынаға ие болып, бұрынғы қарапайым, жәй мағынасының үстіне ғылыми, саяси, философиялық, экономикалық, т.б. мағына жамап, бұрынғы қолдану аясын кеңейтіп отыр.

Тіліміздегі қарапайым сөздердің арнаулы (терминдік) мағына жасау жолдары, принциптері қандай? Бір тілде термин жасаудың әдетте екі арнасы болады. Бірі – ана тілінің ішкі мүмкіндігі өз қоры; екіншісі – сырттан сөз ауысып алу мүмкіншілігі. Бұлар қазақ тілінде мына төмендегідей амалдармен жүзеге асады.

1. Балама болатын жаңа сөз табу: **қондырма, кәсіпорын, өнеркәсіп, ақиқат, қондырғы, құрылыс, байыту, амал**, т. б.

2. Балама болумен қатар, байырғы сөз өзінің бұрынғы мағынасын кеңейте отырып та термин жасайды. Мысалы: **жарыс, мүше, дене, қату, тасымал, келі, науа, шама**, т. б.

3. Калька (дәл аударма) арқылы тілімізде көптеген терминдер жасалып отыр. Мысалы: **қозғалыс, шығарма, баяндауыш, өндіріс, айырғыш** т. т.

4. Сөз тіркестері, сипаттау амалы қолданылады. Мысалы: **түбірлер өрісі, ұқсас мүшелер, жарық толқын, төте сайлау, жалпыға бірдей сайлау**, т. б.

5. Сөздер біріктіріліп көзқарас, бесжылдық, жалақы, енбеккүн, тағы сондай мағыналарда жазылады.

6. Аффикация арқылы түрленді. Мысалы: **өткізгіш тұндырма, былғауыш құйма**, т. б.

Бұл көрсетілген амалдардың бәрін қазақ тілі терминдерінен көре аламыз. Бұл амалдардың, басқа тілдердегі сияқты, қазақ тілінде термин жасауда белгілі орын бар. Терминнің дара мағыналы, дәл, жинақы болуы термин жасаудың ең біі негізгі мәселесі.

Жоғарыдағы жолдармен термин сөздер жасағанда бұрынғы қарапайым сөз түрлі мағынамен қабаттала, қалыңдай түседі. Ондай сөздердің көбі бұрын қазақ халқының өміріне, сол кездегі тұрмысы мен шаруашылығына байланысты қарапайым, жәй ұғымды көрсетсе (келі тары түйетін, бидай жаныштайтын нәрс еді, науа мал суаратын ыдыс қана еді, отар бір топ қойдың тұрағы мағынасынд қолданылған) қазір бұрынғы мағынасының үстіне ғылыми, саяси жаңа ұғымд қолданылады. Мәселен, капиталистік елдердегі басы байлы, тәуелді халықтард

отар ел деп атаймыз. Шама – математикалық жаңа ұғымды, мүше – ұйымға байланысты жаңа мағынаны көрсетеді.

Терминде байырғы сөздің негізгі мағынасы мен ұғымдық, ұқсастық сәйкестігі үлкен орын алады. Мәселен, **ақау, тұндырма, ақиқат, шөгу, қалқан, қалдық, өріс, айналым**, тағы да басқа көптеген термин сөздердің қалыпты мағынасы мен терминдік мағынасының жалпы ұқсастықтары барлығын аңғару қиын емес.

Қазақ тіліндегі байырғы сөздердің көпшілігі қазақ тілі терминологиясын жасаудың негізі болумен қатар, терминдік нақтылы, арнаулы мағына алып, орыс тіліндегі қандай терминнің болса да толық баламасы болып отырғаны белгілі.

Бұрынғы қарапайым мағынасымен қазіргі терминдік туынды мағынасын біршама салыстырсақ, олардың арасындағы айырмашылықтарын аңғару қиын емес. Мәселен, металлургияда құю, тұндырма деген сөздердің формасы сақталып, мағынасы кеңейіп отыр. Шойын құю мен құймақ құюды, әрине, бірдей деп қарауға болмайды. Бұл сөздердің қазіргі мағынасы бұрынғы мағынасының негізінде туып отырса да, қолданылу аясы, мазмұны жағынан кеңейген.

Ал қазіргі кейбір терминдер мүлдем жаңа ұғымды көрсетуге қолданылуда. Мәселен, **қозғаушы күш, кезекті демалыс, еңбек қорғау** сияқты ұғым қазақ өмірінде Октябрь революциясынан бұрын болған емес. Бұлардың тіркесу арқылы жаңа мағынада, кеңейген мағынада қолданылуы тек совет шындығына байланысты деп қараймыз.

Тіліміздегі байырғы қарапайым сөздердің арнаулы терминдік мағына жасаудағы ролі, амалы, жолы жөнінде қысқаша айтарымыз міне осылар.

Барлыбаев Р. Байырғы сөздердің терминдік мағына алуы // Оңтүстік Қазақстан. 1965. 16 қаңтар. № 10.

ФИЗИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖАЙЛЫ

Физика табиғат тану ғылымдарының ішіндегі жетекші ғылым. Оны ана тілімізде оқып, үйренуде физикалық терминдерді қалыптастырудың маңызы зор. Бұл салада мектеп-оқулықтарын қазақшалау және кейбір ғылыми-техникалық кітаптар мен журналдардың шығуы алға басушылық болды. Соңғы кезде Қазақ Совет энциклопедиясын бастырып шығару жұмысы қолға алынғаны белгілі. Энциклопедияда ұлттық және советтік мәдениет, ғылым мен техника саласында қол жеткен табыстарымыз баяндалмақ. Өзге ғылымдармен бірге физика ғылымының да бүгінгі деңгейі және өткен тарихы және болашағы жан-жақты айтылмақ.

Оқулықтарды аударуда және физиканың түрлі салалары бойынша қазақ тілінде көмекші құралдар шығаруда **П. Полатбеков, Х. Әбішев, Т. Әбдісадықов, М. Ысқақов** тәрізді ғалымдарымыздың елеулі еңбектерін айрықша атап өтеске болмайды. Әсіресе **П. Полатбековтың** соңғы жылдарда жарық көрген “Оптика”, “Оптикалық спектрлер” атты оқулықтары ана тілімізде жазылған алғашқы оқулықтар болғандықтан оқушылар арасында тез тарап, қазақша термин қалыптастыруға және оны көпшілік арасына насихаттау ісіне көп көмегін тигізді.

Алайда күні бүгінгі физика ғылымының көтерілген шыңын былай қойғанда, тіпті күнделікті өмірге кеңінен тарай бастаған салаларының біразын көпшілік қауым ана тілінде мүлтіксіз оқып, толық игеріп кете алмай жүр. Оның басты себебі өз тілімізде жарық көрген оқулықтардың, немесе аударма әдебиеттің аздығы. Бола қалған орайда бұл еңбектерде ғылыми ұғымдарды беретін атаулар өз дәрежесінде аударылмай (әрине түгелдей емес) негізгі мағнасынан алшақтап жататын жайы да бар. Бұл ана тілімізде оқитын оқушы жұртшылыққа көп қиындық туғызады.

Қазақ тілінде физика оқулықтарының алғашқы аудармалары 20-шы жылдардан бастап жарық көре бастады. Әрине жаңа бастаманың жақсылық жақтарымен бірге кемшілігі де жоқ еместі. Ол аудармаларда бірден көзге ілінетін жай – аудармашылар физика терминдерінің ғылымдық және интернационалдық мәнін ескермей, барынша қазақшалауды негізгі принцип етіп ұстаған. Мысалы, Паровоз – отарба (кейбір оқулықтарда қарайғыр), велосипед – шайтанарба, музыка – әуез, лента – таспа қағаз, экран – керме деп аударылған. Немесе тіптен сонау ертеден келе жатқан физиканың ежелгі интернационалдық терминдері: масса – маңыз, инерция – екпін, абerrация – бұлдырлық, фокус – тоғыс, ферромагнит – темірмагнит, полюс – төбе болып та аударылған.

Осы сияқты жаппай аудару принципі – ол кезде орыс аудармашыларында да кеңінен өріс алғанын байқауға болады. Неміс тілінен орысшаға аударылған

Цингердің “Намальная физика” атты оқулығында аудармашылар индукция, конденсатор сияқты терминдерді влияние, сгуститель – деп алған. Қазақ аудармашыларының да осы оқулықты қазақшалағанда жалпылай аударуы сол орыс аудармасының әсерінен болса керек. Олар жоғарыдағы терминдерді әсер (ықпал), ұйытқы деп қазақшалаған. Бұл аудармалар өз кезінде қаншалықты сәтті болған дегенмен де, ұғым мағнасын тап басып, дәл берген десек, жан сақ болар еді. Олай болатыны қалыптасып қалған интернационалдық терминдер бір тілден екінші тілге аударылғанда жұтаң тартып, мағнасы дөп түсіп келе бермейді. Қаншалықты дәл болғанмен де үлкен ұғымның бір, немесе бірнеше ғана қырын көрсете алады. Энгельстің сөзімен айтқанда: “Көпшілік мақұлдауынан өткен ғылыми-техникалық терминдер болып саналатын аса қажетті шет сөздер аударып алуға келетін болса, онда оның қажеттілігі шамалы болар еді. Демек аударып алу – жан-жақты анықтап, түсінік берудің орнына сөздің мәнін бұрмалап, бұлдыр көрсетеді” екен. Сондықтан да интернационалдық терминдерді аудару мәселесіне мүмкіндігінше аса мұқият болған жөн. Өйткені ғылым мен техника барынша дамып, олардың бір бірімен араласуы күн озған сайын қажет болып тұрған кезде терминдерді бір ұлт көлемінде немесе Одақтық көлемде ғана емес, халықаралық аренада да, бір жүйеге келтіру мәселесі қозғалып жүргені белгілі.

Ал, ғылымның өз дамуына байланысты белгілі бір ұғым әр тілде әртүрлі термин болып қалыптасқан фактілер де кездесіп отырады. Мысалы, орыстың автоматика саласында көп қолданылатын “управление” термині ағылшын оқулықтарында “control” болып қалыптасқан. “Управление”, “control” терминдері бір-ақ ұғымды береді. Міне, мұндай фактілер ғылым жетістіктерін насихаттауға, ғылыми әдебиеттерді аударуға нұқсан келтірмей қоймайды.

Жоғарыда айтылған 20-30 жылдардағы қазақша аудармалардың осы іспеттес кемшіліктері бола тұрса да, ол аудармалардың тәжірибесі кейінгі аудармалар үшін сөз жоқ көп көмегін тигізген болар еді. Амал не, баршамызға белгілі тарихи себептерге байланысты бастапқы аудармалар мен кейінгі аудармалардың табиғи байланысы аз болған.

Егерде алғашқы жылдар тәжірибесін жалтақтамай орнымен іске жарататын болсақ, ол жылдары да сәтімен шыққан аудармалардың болғанын айтпасқа болмайды. Мысалы: центр – кіндік, орталық; график – сызба; эквивалент – балама шама; спайка – байланыстыру, пульверизатор – бүрікпе; клемма – қысқыш; предохранитель – сақтағыш, қоруыш; форма – қалып; изолятор – оңашалауыш сияқтылардың қаншама орынды шыққанын байқамау мүмкін емес...

ФИЗИКАЛЫҚ БАЙЫРҒЫ ТЕРМИНДЕР

Қуаңшылығы мен жұты, шапқыншылығы мен басқыншылығы қабаттаса келіп елдің есін тандырған сонау бір бағзы заманда шұрайлы жер іздеп, сар даланы сыпыра “көшкен ата-бабаларымыз жер бағдарын жақсы шамалай білген. Сол сияқты сауда-саттық алыс-беріс жасағанда да өзіндік өлшем шамалары болған. Алыс-жақынды бағдарлау, уақытты шамалау, өзіндік салмақ өлшемдерін белгілеу тұрмыс қажеттіліктерінен туса керек.

Әдеби кітаптарды, көне жазбаларды оқығанда “көш жер”, “көз көрім жер”, “дауыс жететін жер”, “қырық күндік жол”, “сүт пісірім уақыт” сияқты өлшеулік мәні бар сөздерді жиі кездестіруге болады.

Тіпті қазіргі кездің өзінде қариялармен сөйлесе кетсеңіз “ауыл арасы ат шаптырым жер еді”, “бие сауым уақытта жеттін” немесе “мешін жылы сойған боз биеден табан елі қазы түскен еді” деген сияқты қашықтықты, уақытты қалыңдықты білдіретін ұғымдарды жиі естуге болады.

Жоғарыда келтірілген және одан да басқа халық арасына кең тараған “қарыс”, “кез”, “қадам”, “құлаш”, “шақырым” тәрізді ұзындық мөлшерін білдіретін, “батпан”, “қадақ”, “мысқал” секілді салмақ ұғымын білдіретін сөздер халықтың байырғы өлшеуіштері болып табылады. Бұрынғыдай көп болмағанмен де халық арасында күні бүгінге дейін қажеттілігіне қарай орнын тауып қолданылып та қояды.

Барлық халықтың сәбилік дәуірінде тұрмыс қажеттілігінен туған тұрпайы өлшеуіштері болды. Әр халықтың ерекшеліктеріне байланысты бұл өлшеуіштер де әртүрлі жағдаймен қалыптасқан.

Мысалы испандықтар темекінің бір сигарын тартып біткенше жүріп өткен қашықтығын “сигара” деп атаса, гректер таңертең алғашқы күн сәулесі көрінген уақыттан бастап, оның көкжиектен толық көтерілгенге дейінгі аралықта адамның аяндап жүріп өткен жолының ұзындығын “стадий” деп атаған. Ал біздің Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген түркі халықтары да ұзындықты шынтақпен (қолдың ортаңғы саусағының ұшынан бастап шынтақ сүйегінің бүгілген жеріне дейінгі аралы) табан тұрқымен, адыммен, құлаштап лақтырылған тастың жеткен қашықтығымен, немесе Күннің шығуы мен батуы арасында жүріп өтілетін жолмен өлшеген.

Қазақ арасында ерте кезде сұйық пен сусымалы заттардың мөлшерін шамалауға “шара”, “мес”, “саба” сияқты ыдыстарды қолданғаны белгілі. Олар бірте-бірте сұйық көлемінің өлшеуіші болып қалыптасқан.

Әр елде, әр халықта, тіпті жекелеген тайпаларда да бұндай өлшеуіштер ондап, жүздеп кездеседі. Біздің халқымыздың өлшеуіштері де, ала-бөтен тумаған, өзге халықтардың өлшеуіштері мен шығу тегі жағынан ұқсастығы мол.

1101 жылы Англия королі Генрих Указбен “ярд” өлшеуішін тағайындапты. Алғашқы қабылданған күйінде 1 ярд - корольдің мұрнының ұшынан керіле созылған ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралыққа тең болған.

Заманында ата-бабамыз кеңінен қолданған “қолдың қары” атты ұзындық өлшеуіші ағылшын ярдымен шамалас.

Ал, Россияда I Петрден Октябрь революциясына дейін пайдаланылып келген Англияның “футы” өзіміздің ескілікті өлшеуішіміз “табан еліге” сәйкес келеді. Тіпті “Food – ағылшын тілінде “табан” деген сөз. Демек бұл өлшеуіштердің шығу төркіні, қолданар орны шамалас. Алайда бұдан бұл өлшеуіштер бір елден екінші елге ауысып келген деген ұғым тумаса керек. Бұлар сөз жоқ, әр елдің өз топырағында туған өлшеуіштер. Оны бұл өлшеуішті әр халық өз қажеттіліктеріне қарай пайдаланғанынан-ақ көруге болады. Мәселен “табан” өлшеуішіне біздің халқымыз табанның енін алса, ағылшындарда фут – табан тұрқына (ұзындығына) тең.

1324 жылы Англияның басқа бір королі II Эдвард ұзындық (қалыңдық десе де болады) өлшеуішінің тағы бір түрі дюймді белгілеу туралы жарлық шығарған. Дюйм (голланд тілінде “duim” – “бармақ буыны” деген сөз) – халқымыздың байырғы “бармақ елі” өлшеуішіне сәйкес келеді. Ағылшын дюймі де қазақ арасында қолданылатын бармақтың өңі емес, бас бармақтың ұшынан үлкен буынына дейінгі аралыққа тең. Енді біраз халықтық өлшеуіштеріміздің бұлар сияқты дәл баламасы болмағанмен де, өмірде пайдаланылуы жағынан басқа елдердің өлшеу бірліктерімен ұқсастары да бар.

Мәселен, орыстың “верстасымен” “шақырымымыз”, “долясымен” “мысқалымыз” немесе ағылшынның “фунтымен” “қадағымыз” шығу төркіні жағынан да, атқаратын қызметі жөнінен де ағайындас, тектес десек жаңсақ айтпаймыз.

Біздің жоғарыда келтірген мысалдарымыз көп елдерде тараған, жиі қолданылатын өлшеу бірліктері. Ал енді жеке ұлт көлемінде, әр елдің өз мұқтажына, талап-тілегіне орай пайдаланылатын өлшеуіштер қаншама десеңізші.

Қазақ халқы ішінде кең тарап, оның көшпенділік өмірінде ыңғайлы да, үйлесімді қолданылған “мес”, “торсық” тәрізді сұйық көлемін білдіретін өлшеуіштер, орыстың қалың бұқарасы арасында ғасырлар бойы алыс-беріс, айырбас тәрізді жұмыстарында да қолданылып келген “бочкасы” мен “ведросының” қызметін атқарғаны даусыз.

Өлшеу техникасы жөніндегі оқулықтар мен техникалық әдебиеттерден “ярд”, “дюйм”, “фунт” сияқты ескілікті өлшеуіштердің күні бүгінге дейін маңызын

жоя қоймағандығын байқауға болады. Өндірістік маңызы бар кейбір ұзындық өлшемдері (мысалы, трубаның диаметрі) қазірдің өзінде дюйммен берілетінін талай естіген боларсыздар. Өйткені мәдениеті жоғары, сауда-сағтық қатынасы жедел дамыған елдерде байырғы өлшеуіштер алғашқы шыққан күйінде қалып қоймай “цивилизацияланған” яғни нақтылы мәнге ие болған.

Бұл келтіріліп отырған мысалдардан қазақтың халықтық терминдерінің шығу төркіні, қолданылу мақсаты, өміршеңдігі, аталу сәттілігі жағынан да басқа халықтардың ұлттық өлшеуіштерімен деңгейлес болғанын байқауға болады. Алайда түрлі тарихи себептерге байланысты өлшеулік мәні бар байырғы терминдеріміз ұлт шеңберімен аса алмай, нақты мәнге ие бола алмаған. Сондықтан да қазақтың “бармақ елісі” мен “табан елісі” немесе “құлашы” мен “қарысы” арық пен семіздің, ұзын мен қысқаның жекелеген мүшелеріне тәуелді күйінде қалған.

Сөзіміз дәлелді болу үшін қазақ арасына кең тараған кейбір байырғы өлшеулік терминдерді басқа елдердің өлшеуіштерімен салыстырмалы түрде және олардың метрлік системамен қатысын төмендегі таблицада көрсетіп отырмыз.

Алайда қаншалықты “мәдениеттендіріліп” нақтыланғанмен де әр елде, тұрмыстың әртүрлі саласында кейбір өлшеулік терминдер түрлі мәнмен енген. Мысалы, бір ғана “фунт” өлшеуішінің төмендегідей төрт түрлі мәні бар:

Ағылшын фунты — 453,6 г

Аптекалық фунт — 307,3 г

Орыс фунты — 409,5 г

Монеттік фунт — 373,2 г

Өлшеуіштердің ала-құлалығынан туатын түрлі халықаралық қатынастардағы қиыншылықтарды жеделдету мақсатымен қазіргі кезде дүниежүзінде өлшеуіштердің бірыңғай метрлік системасы (СИ) қолданылады.

Қазақтың байырғы өлшеулік терминдері	Басқа елдердегі баламасы	Метрлік системадағы мәні
Қолдың қары	Ярд	0,9144 м
Табан елі	Фут	30,479 см
Бармақ елі	Дюйм	2,54 см
Мысқал	Доля	4,44 г
Шақырым	Верста	1,066 км
Қадақ	Орыс фунты	409,5 г

Аққошқаров Е. Физикалық байырғы терминдер // Білім және еңбек. 1968. № 12. – 26 б.

БАСПАСӨЗ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ

Біз Совет өкіметі тұсында қазақ тілі мыңдаған жаңа терминдермен, жаңа ұғымдармен, бейнелі сөздермен, мақал-мәтелдермен байыды, шын мәнісінде гүлденіп, өркен жайған, түрлі ғылым саласындағы керемет қиын, қат-қабат құпия сырларды, адам баласына тән ең терең де нәзік сезімдерді жеткізіп бере аларлық әдеби тіліміз бар деп әбден мақтана аламыз.

Міне осы асыл қазынамызды, ұшан-теңіз байлығымызды аман сақтау, оны түрлі қоқыстан, “арам шөптен” тазартып, дамыта беру жолында аянбай күресу – баршамыздың борышымыз. Бұл күресте біздің аға жазушыларымыз, айтулы ғалымдарымыз үлкен үлгі-өнеге көрсете алады.

Сын түзелмей, мін түзелмейді дегендей, тіл мәдениетін көтеру жолындағы күрес ең алдымен көркем әдебиет саласында кең өріс алуға тиіс. Жалпы аударма әдебиетті былай қойғанда, кейбір төл шығармалардың пікір желісінде, стилінде, сөйлем құрылысында кездесіп жүрген шалағайлықтар, екінін бірінде терминдер мен ұғымдардың теріс қолданылуы, архаизм мен неологизм элементтеріне жол берілуі бізде әділ де батыл сынның өте аз екенін дәлелдемей ме?! Арам шөп атаулының әрі өнгіш, әрі жайылғыш келетіні сияқты, кейбір қаламгерлеріміздің орынсыз, талғаусыз қолданатын сөздері мен тіркестері еліктегіш жастарымызға жаңалық түрінде көрінуі де мүмкін екенін бекер дей аламыз ба?!

Қазіргі қазақ тілінің дамуына аударма әдебиет, былайша айтқанда аударма тілі елеулі әсерін тигізіп отыр. Бұл әсердің күші өте-мөте мерзімді баспасөзден айқын көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда ана тілімізді таза сақтау, оны байыту жолында баспасөзіміз зор роль атқара алады. Бұл істі баспасөздің өзінен бастау керек десек, қателесе қоймаймыз. Өйткені жақсы мағынада айтылатын аударма тілімен қатар баспасөзге теріс әсерін тигізіп, тілімізді шұбарлап жүрген “үлгілер” де аз емес.

Күнделікті газет номерінен немесе басылып шыққан кітап беттерінен мынадай сөз тіркестерін оқығанында қатты налысың: *олар міндеттің биік дәрежесіне жетсе тұр; есіңізде болсын, біз сізге елеулі түрде үміт артамыз; өзімнің қайран қалғанымды білдірмеске шыдай алмай отырмын; бұрынғы шешімдердің орындалуына қол жеткізбекиісіз бе? Өкілі болып табыласыз ғой; барыңыз сол түрде, ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту үшін; зор өрлеу үстінде; тәжіктер еркіне тасталды; Польша мен Чехословакияны азат етуге бастама сатысымыз; халықтың аз бөлігін құрайды, т. т.*

Кейбір жолдастар қазақтың бірлі-жарым төл сөздерін де бұрмалап қолданады: *аспаз* деудің орнына *аспазшы*, *диқан* деудің орнына *диқаншы*, *шаптарыз* деудің орнына *шаптаразшы*, *қуә* орнына *қуәгер* деп жазады.

Әрине, мұның бәрі – өнер ретіндегі, творчество ретіндегі аудармалап тек хабары жоқ, тек калька жасауды ғана білетін немесе қазақ тілінде материял

жоя қоймағандығын байқауға болады. Өндірістік маңызы бар кейбір ұзындық өлшемдері (мысалы, трубаның диаметрі) қазірдің өзінде дюйммен берілетінін талай естіген боларсыздар. Өйткені мәдениеті жоғары, сауда-саттық қатынасы жедел дамыған елдерде байырғы өлшеуіштер алғашқы шыққан күйінде қалып қоймай “цивилизацияланған” яғни нақтылы мәнге ие болған.

Бұл келтіріліп отырған мысалдардан қазақтың халықтық терминдерінің шығу төркіні, қолданылу мақсаты, өміршеңдігі, аталу сәттілігі жағынан да басқа халықтардың ұлттық өлшеуіштерімен деңгейлес болғанын байқауға болады. Алайда түрлі тарихи себептерге байланысты өлшеулік мәні бар байырғы терминдеріміз ұлт шеңберімен аса алмай, нақты мәнге ие бола алмаған. Сондықтан да қазақтың “бармақ елісі” мен “табан елісі” немесе “құлашы” мен “қарысы” арық пен семіздің, ұзын мен қысқаның жекелеген мүшелеріне тәуелді күйінде қалған.

Сөзіміз дәлелді болу үшін қазақ арасына кең тараған кейбір байырғы өлшеулік терминдерді басқа елдердің өлшеуіштерімен салыстырмалы түрде және олардың метрлік системамен қатысын төмендегі таблицада көрсетіп отырмыз.

Алайда қаншалықты “мәдениеттендіріліп” нақтыланғанмен де әр елде, тұрмыстың әртүрлі саласында кейбір өлшеулік терминдер түрлі мәнмен енген. Мысалы, бір ғана “фунт” өлшеуішінің төмендегідей төрт түрлі мәні бар:

Ағылшын фунты — 453,6 г

Аптекалық фунт — 307,3 г

Орыс фунты — 409,5 г

Монеттік фунт — 373,2 г

Өлшеуіштердің ала-құлалығынан туатын түрлі халықаралық қатынастардағы қиыншылықтарды жеделдету мақсатымен қазіргі кезде дүниежүзінде өлшеуіштердің бірыңғай метрлік системасы (СИ) қолданылады.

Қазақтың байырғы өлшеулік терминдері	Басқа елдердегі баламасы	Метрлік системадағы мәні
Қолдың қары	Ярд	0,9144 м
Табан елі	Фут	30,479 м
Бармақ елі	Дюйм	2,54 см
Мысқал	Доля	4,44 г
Шақырым	Верста	1,066 км
Қадақ	Орыс фунты	409,5 г

Аққошқаров Е. Физикалық байырғы терминдер // Білім және еңбек. 1968. № 12. – 26 б.

БАСПАСӨЗ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ

Біз Совет өкіметі тұсында қазақ тілі мындаған жаңа терминдермен, жаңа ұғымдармен, бейнелі сөздермен, мақал-мәтелдермен байыды, шын мәнісінде гүлденіп, өркен жайған, түрлі ғылым саласындағы керемет қиың, қат-қабат құпия сырларды, адам баласына тән ең терең де нәзік сезімдерді жеткізіп бере аларлық әдеби тіліміз бар деп әбден мақтана аламыз.

Міне осы асыл қазынамызды, ұшан-теңіз байлығымызды аман сақтау, оны түрлі қоқыстан, “арам шөптен” тазартып, дамыта беру жолында аянбай күресу – баршамыздың борышымыз. Бұл күресте біздің аға жазушыларымыз, айтулы ғалымдарымыз үлкен үлгі-өнеге көрсете алады.

Сын түзелмей, мін түзелмейді дегендей, тіл мәдениетін көтеру жолындағы күрес ең алдымен көркем әдебиет саласында кең өріс алуға тиіс. Жалпы аударма әдебиетті былай қойғанда, кейбір төл шығармалардың пікір желісінде, стилінде, сөйлем құрылысында кездесіп жүрген шалағайлықтар, екінші бірінде терминдер мен ұғымдардың теріс қолданылуы, архаизм мен неологизм элементтеріне жол берілуі бізде әділ де батыл сынның өте аз екенін дәлелдемей ме?! Арам шөп атаулының әрі өңгіні, әрі жайылғыш келетіні сияқты, кейбір қаламгерлеріміздің, орынсыз, талғаусыз қолданатын сөздері мен тіркестері еліктегіш жастарымызға жаңалық түрінде көрінуі де мүмкін екенін бекер дей аламыз ба?!

Қазіргі қазақ тілінің дамуына аударма әдебиет, былайша айтқанда аударма тілі елеулі әсерін тигізіп отыр. Бұл әсердің күші өте-мөте мерзімді баспасөзден айқын көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда ана тілімізді таза сақтау, оны байыту жолында баспасөзіміз зор роль атқара алады. Бұл істі баспасөздің өзінен бастау керек десек, қателесе қоймаймыз. Өйткені жақсы мағынада айтылатын аударма тілімен қатар баспасөзге теріс әсерін тигізіп, тілімізді шұбарлап жүрген “үлгілер” де аз емес.

Күнделікті газет номерінен немесе басылып шыққан кітап беттерінен мынадай сөз тіркестерін оқығаныңда қатты налысын: *олар міндеттің биік дәрежесінде тұр; есіңізде болсын, біз сізге елеулі түрде үміт артамыз; өзімнің қайран қалғанымды білдірмеске шыдай алмай отырмын; бұрынғы шешімдердің орындалуына қол жеткізбекшісіз бе? Өкілі болып табыласыз ғой; барынша сақ түрде, ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту үшін; зор өрлеу үстінде; тағдырдың еркіне тасталды; Польша мен Чехословакияны азат етуге бастама салынды; халықтың аз бөлігін құрайды, т. т.*

Кейбір жолдастар қазақтың бірлі-жарым төл сөздерін де бұрмалап қолданады: *аспаз* деудің орнына *аспазшы*, *диқан* деудің орнына *диқаншы*, *шаштараз* деудің орнына *шаштаразшы*, *куә* орнына *куәгер* деп жазады.

Әрине, мұның бәрі – өнер ретіндегі, творчество ретіндегі аудармадан түк хабары жоқ, тек калька жасауды ғана білетін немесе қазақ тілінде материал

өзірлегенде орысша ойлап отырып жазатын адамдардың қаламынан шыққан “үлгілер”. Келтірілген мысалдардың әрқайсысы қазақ тілінің нормаларына көрнеу қайшы келетінін, тілімізді былғайтынын түсіну қиын емес.

Егер калькадан безіп, шын творчестволық жолмен аударма жасайтын болсақ, *с большим подъемом* деген тіркесті қызу жігермен немесе *ынта-ықласпен* деген сөздермен беруге әбден болады, бұдан түпнұсқа мағынасының дәлдігіне ешбір нұқсан келмейді. *Дальнейшее развитие сельского хозяйства* деген орысша тіркесте *дальнейшее* деген сөз тұрғандықтан әрқашан да *одан әрі* деген сөздерді қолданамыз, ал бұлардың қиыспай тұратынын, сондықтан орысша тіркестің мағынасын *ауыл шаруашылығын өркендете беру* деген сөздермен дәл беруге болатынын ойлап жатпаймыз. Егер түпнұсқаның сыртқы формасына тақылып қалмай, оның дәл мағынасын қазақша жатық тілмен беру мақсатын көздейтін болсақ, онда *өкілі болып табыласыз* дегенді *өкілісіз, елеулі түрде үміт артамыз* дегенді *үлкен үміт артамыз, барынша сақ түрде* дегенді *асқан сақтықпен, осындай түрде* дегенді осылайша деп алғанмыз дұрыс емес пе?!

Телевизия мен радио хабарларында да шалағайлық кездесіп отырады. Мәселен, таңертеңгі хабарлар соңында ауа райына байланысты *“Күн бұлттанып, жауын-шашын болмайды”* деген тіркесті естіп, бұған да налимыз. Өйткені бұл тіркестің байыбына барар болсақ, мұнда тіл нормасы ғана емес, логикалық ойлау заңы да сақталмағанын аңғарамыз. Түрлі құбылыстардың, оның ішінде ауа райы құбылыстарының да себебі мен салдары бар. Күн бұлттанса (себеп), жауын-шашынның (салдар) болуын күту әбден орынды. Күн ашық немесе ала бұлтты болса, жауын-шашынның болмайтыны аян. Бірақ күн бұлттанғанымен, жаңбырдың немесе қардың жауауы да ықтимал. Сонда жоғарыдағы *күн бұлттанғандықтан жауын-шашын болмайды* деген сияқты ұғым туғызатын теріс тіркесті *күн бұлттанғанымен, жауын-шашын болмайды немесе күн бұлттанады, бірақ жауын-шашын болмайды* деп құрғанымыз дұрыс емес пе?!

Қазақ ССР Ғылым академиясының академиктері Ф. Мүсірепов пен І. Кеңесбаев “Сөз талғамы — өрелі ой кепілі” деген мақаласында осы калька жөнінде мынадай пікір айтқан: “Сөзді дәлме-дәл аударуды нысана тұтып, калька төсіліне шамадан тыс әуестенуден тілдің ғасырлар бойғы қалыптасқан заңды жүйесіне қиянат келтіретін де жайы жоқ емес. Кальканың аудармашыға көмекке келер, шылбыр ұшын берер жерін іздеуіміз ұтымды: ана тілі қорынан аудармақ болған сөзімізге сай келетін балама таба алмаған жерде ғана калька қажеті келіп шығады. Зәру болған кезде асығыстық жасамай, байыппен іздестіре, қармана білсек, ана тіліміздің қалтарыс-қатпарында елеусіз жатқан талай сөздерді әлі де табарымыз анық. Ізденудің қиындығынан қашып, жалаң калька қуу салдарынан кейде жасандылыққа ұрынып қалатынымыз да жасырын емес” (“Социалистік Қазақстан” газеті, 19 январь, 1969 ж.).

Ана тіліміздің тазалығын сақтау ниетінен туған бұл пікірді костамаска болмайды. Бірақ бұл жерде бір түсінісіп алатын жәйт бар. Калька деген нәрсе ешқашан да аударма тәсілі ретінде танылған емес және танылмайды да. Калька дегеніміз белгілі бір сөз тіркесінің, сөйлемнің, түрлі фразеологизмдердің, ғылыми формулалар мен анықтамалардың бір тілден екінші тілге аударылған дәл көшірмесі, басқаша айтқанда түпнұсқа формасының екінші тілде сөзбе-сөз қайталануы.

Кальканы өте-мөте керек ететін техникалық ғылымдар мен жаратылыстану саласын былай қойғанда, жалпы әлеуметтік-экономикалық және әсіресе көркем әдебиет саласында калька бойынша жасалған аударма үлгілерінің әжетке жарайтындары кемде-кем. Түпнұсқа мен аударма формасының үйлесуі, дәлме-дәл келуі, сөйтіп жаңа нұсқаның барша жұртқа танылып, тілімізге енуі кальканың жарамдылығын көрсететін өлшем бола алмайды. Тілдегі мұндай құбылыс жұртшылық қабылдаған нұсқаның аударма жасалған тілдің талаптары мен нормаларына сәйкес келетінін ғана дәлелдейді. Сондықтан дәлме-дәл аудару деген ұғым мен калька жасау деген ұғымның екеуі екі басқа нәрсе. Алғашқы ұғымның мәнісі түпнұсқаның мазмұны мен рухын екінші тілде ғылыми тұрғыдан дәл беру, яғни сол тілдің талаптарына сәйкес келетін адекватты аударма жасау деген сөз. Мұндай творчестволық, іске жан-жақты білімі, керек десеңіз дарыны бар адамдар ғана жарайды. Ал мұндай қабілеті жоқтар әрқашан да калькаға жүгінеді, яғни түпнұсқаны тұрған қалпында екінші тілге көшіре салады. Осы күні баспасөзде кездесіп жүрген рабайсыз, сөлекет тіркестер – осындай калькашылдардың “туындылары”.

Калька жасау жолымен орыс тіліне ауысқан азын-аулақ нұсқалар, атап айтқанда *балықшы балықшыны алыстан көрді* (рыбак рыбака видит издалека), *ештен кеш жақсы* (лучше поздно, чем никогда), *көздің қарашығындай сақтау* (беречь как зеницу ока), *лай судан балық аулау* (ловить рыбу в мутной воде) сияқты фразеологиялық тіркестер жарасымды, конымды болғандықтан тілімізге сіңіп кетті. Бірақ қайталап айтайық, калькадан туған нұсқалардың дені қазақ тілінің нормаларына қайшы келетіндіктен, бейне егін ішіндегі арам шөп немесе сау тәндегі өлі ет сияқты, сұмпайы көрініп тұрады.

Нашар мағынадағы аударма тілі әсерінен, тағы бір көрінісі – кейбір газеттерде, радио мен телевизия хабарларында *“жұмыстың қандай формасы болмасын”*, *“есеп жасалынды”*, *“шаруашылықтың табысы есептелінді”*, *“партия ұйымының кемшіліктері көрсетіп отырылды”*, *“осындай жұмыс істелуі тиіс”* деген сияқты теріс тіркестер қолданылып жүр. Бұлардың теріс болатын себебі, асты сызылған сөздердің нұсқалары әдеби тіліміздің нормаларына қайшы келеді.

“Жұмыстың, қандай формасы болмасын” деген тіркес *“какая бы ни была форма работы”* деген орысша нұсқадан, яғни көзсіз калька жасаудан келіп

шыққан. Ал әдебиетшілеріміз бен журналистеріміздің дені қазақ тілінде ежелден қалыптасқан “*жұмыстың, қандай формасы болса да (немесе болсын)*” деген дұрыс нұсқасын қолданады. Сондай-ақ жасалынды, *есептелінді, отырылды* деген сияқты етістік формалары ауызекі сөзде айтылғанымен, баспасөзде тек қана *жасалды, есептелді, отырды* деген нұсқада қолданылуы керек. Тілді жақсы білетін адам *істеуі тиіс* деп айтпайды да, жазбайды да. Өйткені міндетті, *борышты, тиіс, тиісті* деген түйінділердің алдында тұратын жөнеу сөз әрқашан да барыс жалғауда болуы керек: *орындауға міндетті, атқаруға борышты, істеуге тиіс (тиісті)*, т.т.

Ана тіліміздің байлығын пайдалану, тіл заңының талаптарына сәйкес жаңа сөз жасау және интернационалдық сөздерді пайдалану жолымен қазақ тілінің ғылыми терминологиясы белгіленіп, қалыптасты, қазақ лексикасына мыңдаған жаңа терминдер, ұғымдар, фразеологиялық тіркестер берік еніп, қазір қазақтың байырғы төл сөздері қатарында жалпылама қолданылып жүр.

Интернационалдық терминдердің, оның ішінде орыс сөздерінің қазақ тіліне көптеп енуінің заңдылығы өмір жүзінде айдан анық дәлелденіп отыр. Сондықтан бұрын қабылданған терминдерді шетінен қайта қарау жайында қазір әңгіме болуы мүмкін емес. Бірақ кейбір терминдерді анықтай түсу, әсіресе интернационалдық терминдердің сын есімдік формаларын қолдануды бір ізге салу жөнінде пікірлер айтылуы әбден орынды. Баспасөз мәдениеті жайындағы ғылыми-практикалық конференцияның алдында және конференцияның өзінде осы мәселе көбірек әңгіме болды.

Ең алдымен, *дық, лық, тық, дік, лік, тік, шыл, шіл* жұрнақтарына бітетін сын есімдерді қолдануда ала-құлалық көп. Бұл жөнінде қалыптасқан дұрыс тәжірибе мынадай. Қазақ тілінің нормаларына сәйкес адам жөнінде, сондай-ақ адамдардан құралатын партия, ұйым, қауым, қоғам, тап, той жөнінде *шыл* немесе *шіл* қосымшалы сын есімдер, ал адамның іс-әрекетін сипаттау үшін басқа жұрнақтарға бітетін сын есімдер қолданылуға тиіс. Мәселен, *прогрессивное человечество – прогресшіл адамзат, прогрессивное общество – прогресшіл қоғам, прогрессивное движение – прогрестік қозғалыс. Немесе революционный пролетариат – революцияшыл пролетариат, революционная борьба – революциялық күрес*, т.т.

Айта кету керек, кейбір жолдастар жұрнақтардың осындай ерекшеліктерін ажырата білмей, түрліше қолданылып жүрген белгілі бір сын есімдерді дублет сөздерге жатқызады. Бұл дұрыс емес. Мәселен, баспасөзде *прогрессивный строй* деген күрделі терминнің төрт түрлі нұсқада – *прогрессивтік құрылыс, прогресті құрылыс, прогрестік құрылыс, прогресшіл құрылыс* – деп жазылуында ешқандай дублеттілік жоқ, өйткені бұлардың ішіндегі бірден-бір дұрыс нұсқа – *прогрестік құрылыс*, ал басқалары – тек ұқыпсыздық пен шалағайлықтың нәтижелері.

Орыстың, *педагогический* деген сын есімінің қазақша нұсқалары *педагогикалық және педагогтық* деген сөздер жөнінде де осыны айту керек. Бұлар да дублеттер емес, өйткені бұл сын есімдердің әрқайсысы белгілі бір ұғымды ғана білдіреді. Мәселен, ғылым, пән мағынасындағы педагогика деген түбірден шыққан сын есім формасы тек қана педагогикалық болуға тиіс: *педагогикалық институт, педагогикалық тәлім-тәрбие*, т.т. Ал осы ғылымның өкілі педагог жөнінде қолданылатын сын есім формасы – тек қана педагогтық: *педагогтың тәжірибе, педагогтық жұмыс стажы*, т.т. Бұларды бір-бірімен шатастыру жөн емес.

Күрделі терминдердің жазылу түрлері жөнінде мынаны айту керек. Марксизм-ленинизм классиктерінің, әсіресе В.И. Лениннің еңбектерін қазақ тіліне аударғанда біз интернационалдық атаулардың анықтауыш сықарын сын есімдік жұрнақпен, ал қазақша терминдерді көбінесе изафет формасында қолданып жүрміз. Мәселен, интернационалдық терминдер: *демократиялық республика, демократиялық мемлекет, социалистік қоғам, монархиялық, құрылыс; қазақша атаулар: тап күресі, азамат соғысы, Отан соғысы*, т.т. Бұған жаттығып кеткеніміз соншалық, атаулардың алғашқыларын *демократия республикасы, демократия мемлекеті, социализм қоғамы, монархия құрылысы* деп изафет формасына айналдырсаң, бұлардың терминдік сипаты әлсіреп қалатын сияқты көрінеді. Ал егер жоғарыда көрсетілген қазақша атауларды сын есімдік жұрнақпен *таптық күрес, азаматтық соғыс, Отандық соғыс* деп жазатын болсақ, бұлар жұрттың көпшілігіне тұрпайы естіледі. Демек, көбірек кездесетін тәжірибеге сәйкес интернационалдық атаулар қатысатын күрделі терминдердің анықтауышын көбінесе жұрнақпен, ал қазақша атауларды көбінесе изафет формасында қолданған дұрыс сияқты. Біздің көбінесе деген сөзді баса айтып отырған себебіміз, бұл тәжірибені ешбір өзгертуге жатпайтын мызғымас ережеге айналдырмау керек. Мәселен, *пролетарская революция, пролетарская диктатура* деген күрделі терминдерді қазақша ретіне қарай *пролетарлық революция, пролетарлық диктатура* деп те, *пролетариат революциясы, пролетариат диктатурасы* деп те жазуға болады, бұдан келер-кетер зиян жоқ. Сол сияқты кейбір реттерде қазақша атаулардың анықтауышын жұрнақпен белгілеген тиімді. Мысалдар: *қоғамдық құрылыс, данышпандық өсиет, ұстаздық тәрбие, ағалық ақыл-кеңес, аудандық ұйым*, т.т.

Шығыс халықтары тілдерінен қазақ лексикасына ауысқан *әдеби, әскери, мәдени, саяси, табиғи, тарихи* сияқты сын есімдік форма қазіргі кезде біркелкі қолданылып жүр. Орысша *профессиональный, общественный* деген сын есімдердің қазақша баламалары *кәсіптік – кәсіби, қоғамдық – қоғамы* болып екі түрлі алынып келеді. Тегінде бұлардың бірін ғана қабылдап, қолданған жөн.

Ақырында, баспасөз бетінде кездесіп жүрген ала-құлалықты біржола жойып, күрделі терминдер мен түрлі атауларды біркелкі пайдалану мәселесін түпкілікті

шешкен жөн. Мәселен, Қазақ мемлекеттік университеті – үш сөзден құралған күрделі термин, бұл сөздерді бір-бірінен айырып әкетуге есте болмайды, ендеше университетке С.М. Киров есімі берілгендіктен оны Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеті деп алудың ешбір қисыны жоқ. Дұрысы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті. Тіпті бұған тағы бір қосымша жасалған күнде де алғашқы үш сөз өсте жұбын жазбауға тиіс. Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры – бес сөзден құралған күрделі термин болатын, кейін бұл театрға Еңбек Қызыл Ту ордені беріліп, Мұхтар Әуезов есімі тағылды. Қазір театрдың толық аты есебіндегі күрделі термин он екі сөзден құралған: Еңбек Қызыл Ту орденді Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры. Осы дәйектілікті сақтамаған күнде күрделі термин теріс қолданылған болып шығады. Ордендер мен медальдар аттарының, әскери және құрметті атақтардың жазылуы жөнінде де осыны айту керек.

Қазақ тілінде шығатын мерзімді баспасөзде орыс тілінен ауысқан бірталай географиялық атаулар осы күнге дейін әртүрлі алынып келеді: Урал – Орал (тау мен өзен аты) Сибирь – Сібір, Оренбург – Орынбор, Челябинск – Челябині, Омск – Омбы, т. т. 1968 жылдың аяғында өткізілген ғылыми-практикалық конференцияда дәстүрлі жолмен бұрыннан қалыптасқан атаулардың шегін ақтық рет белгілеп, бұдан басқаларының бәрін орысша нұсқалары бойынша қолдану қажет деген ұсыныс айтылғанды. Бірақ терминология комиссиясы бұл жөнінде әлі де тиянақты шешімге келген жоқ.

Қолданылып жүрген әлеуметтік-экономикалық терминдер мен ұғымдар ішінде, жоғарыда айтқанымыздай, анықтап, саралай түсуді керек ететіндері бар. Әсіресе отрицание отрицания, первичное и вторичное деген философиялық терминдердің, специализация деген экономикалық терминнің қазақша баламалары бір ізге салынбай келеді. Мәселен, отрицание отрицания деген күрделі термин біресе бекерге шығаруды бекерге шығару, біресе теріске шығаруды теріс шығару, первичное и вторичное деген ұғымдар бірде алғашқы және соңғы, екінші бір ретте бірінші және екінші деп алынып жүр. Мұндай ала-құлалық тек қана ұқыпсыздықтың нәтижесі деуге болмайды. Сонымен қатар бұл жағдай қазақша баламалардың көңілге онша қонымды емес екенін, сондықтан әлі де орнығып, қалыптаса қоймағанын көрсетеді. Ал специализация деген атауды алатын болсақ, бұл термин де арнаулы кәсіпке бейімдеу және мамандандыру деп екі түрлі аударылып жүр. Шындығында қазақша баламалардың алғашқысын термин деуге келмейді, ол түсіндірмеге (интерпретация) көбірек ұқсайды. Екінші нұсқасын (мамандандыру) қабылдауға қарсылар бұл ұғым адам жөнінде айтылғанымен, кәсіпорын мен шаруашылық жөнінде қолданылмайды деседі. Бұл пікірге өсте қосылуға болмайды, өйткені заводты белгілі бір өнім түрлерін шығаруға мамандандыру немесе совхозды күріш өсіруге мамандандыру деп алуға келісетін болсақ, біздің көміл сенуімізше, бұдан тіліміздің, тазалығына ешбір нұқсан келе қоймайды.

Көрнекті жазушымыз, академик Ғабит Мүсірепов бір үлкен жиында қазақ тілінде қолданылып жүрген өзара сын деген атаудың орысша түпнұсқаға – самокритика деген сөзге дәл келмейтінін өте дұрыс айтты. Осындай біреу өзгеріс жасау жайында әңгіме болғанда кейбір жолдастар бұрын қабылданған тиісті нұсқалардың өбден қалыптасып, дәстүрге айналғанын сылтау етеді. Бірақ дағды-дәстүрдің озығы да, тозығы да бар, сондықтан ескірген немесе қате терминдерді батыл аластап тастап, олардың орнына жаңа терминдер мен атауларды қолданудан қашпауымыз керек.

Қазақ тілінде әртүрлі айтылып, жазылып жүрген бірталай дублет сөздер бар. Конференция тұсында бұлар жайында да үлкен пікір таласы болған. Мұның өзі кейде негізсіз айтысқа айналып кетіп жүрді. Шынында төркіндес екі сөздің анаусы дұрыс, мынауы теріс деп төндіре дәлелдеу қиын. Бұл жөніндегі бірден-бір өлшеуіш тәжірибе болуға тиіс. Әлбетте, баспасөзде дублеттердің қайсысының өте-мөте көп қолданылып жүргенін анықтап, соған жіп тағу, яғни егіздің бір сыңарын әдеби норма етіп қабылдау – тіл мамандары мен терминкомның міндеті. Сонда, *мәселен, әжім – ажым, әжуа – ажжу, басқа – басқадай, өзге – өзгедей, қазір – кәзір, өмір – гұмыр, көңіл – кеуіл, пайым – байым, пейіл – бейіл* деген дублеттердің бірінші сыңарларын құптайтын болсақ, осыларды ереже ретінде қолданғанымыз жөн. Әрине, бұдан дублеттердің, екінші сыңарларын мүлде аластап тастау керек деген ұғым тұмасқа тиіс. Қайта бұлар жергілікті халықтың, белгілі бір кейіпкердің сөйлеу мәнерін сипаттау үшін көркем әдебиет шығармаларында бірінші сыңарларымен қатар қолданыла береді. Жүре келе кейбір *дублеттердің өкімет – үкімет, ғылым – ілім* деген атаулар сияқты дербес мағынаға ие болып кетуі де ғажап емес.

Тек бір қатты ескеретін нәрсе, дублеттерді синонимдермен шатастырмау керек. Өйткені синонимдер тіл байлығына жатады, сондықтан бұлардың әрқайсысын өзінің мағыналық өресінде саралап пайдалана білу шарт. Бұл жерде филология ғылымының докторы К. Ахановтың “Қазақстан коммунисті” журналының 1965 жылғы 2-номерінде жарияланған мақаласының мазмұнын қысқаша еске салып өтуді мақұл көреміз. Мақалада Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты шығарған еңбектер мен сөздіктерде бір ізділік жоқ екені, соның салдарынан біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің бір-бірімен шатастырылып жүргендігі көрсетілген. Мәселен, “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” (екі томдық, 1959-1961 жылдары жарық көрген) көлбақа, құрбақа, атшабар, ақсүйек, көкми, балқаймақ, балмұздақ, бірбеткей, жолбике сияқты сөздер біріккен сөздер ретінде бірге жазылған да, “Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігінде” аталған сөздер сөз тіркестері түрінде бөлек жазылған (көл бақа, құр бақа, т.т.). Сөз тіркестері мен біріккен сөздердің жігін ажырата білмеушіліктен “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде” де осындай ала-құлалық кездесіп отырады.

Ал біріккен сөз бен сөз тіркесінің айырмашылығы неде? Әрбір біріккен сөз бір ғана ұғымды білдіреді (*тасбақа, көлбақа*), мұнда біріккен сөздің алғашқы жартысы (*тас-, көл-*) заттың, жәндіктің сыны емес, біртұтас ұғымның ажырамас бөлігі. Сондықтан *көлбақа, құрбақа, тасбақа, бесатар, алтыатар* деген сияқты біріккен сөздерді *тас бауыр, тас қараңғы, тас жүрек, алты аласы, бес бересі жоқ* деген сияқты фразеологиялық тіркестермен әсте шатастыруға болмайды. Өйткені екінші тізбеде тіркестің алғашқы сыңары сын есім ролін атқарады.

Осы өте жүйелі, нанымды пікірге қосылмау мүмкін емес. Бұл пікірді тіл білімі институтының директоры, академик І. Кеңесбаев та дұрыс деп біледі (“Қазақстан коммунисті” журналының 1965 жылғы 7-номерін қараңыз). Бірақ институттың еңбектеріндегі ала-құлалық әлі арылмай келеді. Соның салдарынан газеттер мен журналдарда біріккен сөздер мен сөз тіркестерін жазуда ешбір тәртіп жоқ екені, кез келген сөзді әркімнің қалауынша, бірде бөлек, бірде біріктіріп жазатыны айтпаса да белгілі. К. Аханов жолдастың мақаласында және ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген бірқатар ғалымдардың сөздерінде мынадай ұсыныс жасалған:

1) Бір ғана ұғымды білдіретін күрделі атаулар (*көлбақа, құрбақа, т.т.*) әрқашан да бірге жазылуға тиіс. Ал егер күрделі сөздің алғашқы сыңары сын есім ролін атқаратын болса, яғни соңғы сөздің анықтауышы болса, бұларды сөз тіркесі ретінде бөлек жазу керек, мәселен, *бидай* (пшеница) дақылының айырым белгілері: *ақ бидай, қызыл бидай, жаздық бидай, күздік бидай*. Бірақ басқа дақылдың (рожь) аты ретіндегі *қарабидай*, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бірге жазылады. Сол сияқты *темір жол, темір таяқ* деген сөздердегі темір соңғы сөздің анықтауышы болғандықтан бөлек жазылады, ал *теміржолшы* деген күрделі атаудың бірге жазылатын себебі, *темір* деген бөлшектің сын есімдік сипаты жоқ, тек темір жолда істейтін қызметкер деген ұғымды ғана білдіреді.

2) Екі сөзден құралған күрделі сын есімдер әрқашан да бірге жазылуға тиіс: мәселен, *ақсары, қараторы, кекала, қызылжүрең, екеуара, үшеуара, халықаралық, бүкілхалықтық, бүкілодақтық, дүниежүзілік, ауылиаруашылық, т.т.* Ал егер күрделі сын есім үш сөзден құралған болса, алғашқысы бөлек жазылуға тиіс. Мәселен, *бүкіл дүниежүзілік*.

Тіл білімі институты осында айтылған пікірлер мен ұсыныстар жөнінде өзінің ақтық шешімін тез арада білдірер деп сенеміз.

Қорыта айтқанда, аударма ісіндегі, терминология мен орфография саласындағы кемшіліктер мен шалағайлықтарды, әдебиет пен баспасөзде орын алып келе жатқан ала-құлалықты біржола жою үшін көп жұмыс істеуге тура келеді.

ҚАЛЫПТАСҚАН ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУ КЕРЕК ПЕ?

Ғылым мен техникада сан алуан – жаңалықтар ашылып, ғарышқа қол созған қазіргі кезеңде, жастардың ғылымның соңғы, жаңалықтарымен танысып, оның бағыт-бағдарын қадағалап отыруы қажет-ақ. Ең тез дамып, күнделікті өмірде кең қолдау тапқан ғылымдардың бірі – физика. Қазіргі физика ғылыми-техникалық прогрестің дамуында шешуші роль атқаратын жетекші ғылымдардың бірі.

Соңғы жылдары физиканың түрлі саласын қамтитын аударма және қолтума әдебиеттердің саны да көбейіп келеді. Бұл еңбектердің, қайсы бірінде ғылыми ұғымдарды беретін терминдердің қазақша баламалары дәрежесінде алынбай, негізгі мағынасынан алшақтап кететін жәйттар да кездеседі. Кейде бір терминнің түрлі әдебиетте әртүрлі алынған баламалары да кездеседі. Физикалық терминологияның кемшіліктері, ең алдымен, физиканы ана тілімізде оқитын оқырман қауымға көп қиындық туғызатыны аян. Осы тұрғыдан қарағанда, физикалық аударма терминдерді белгілі бір жүйеге келтірудің қажеттілігі туып отыр.

Енді физикалық терминологияның кейбір негізгі мәселелеріне тоқталып өтейік. Жалпы терминологияның жедел және қауырт дамитын бөлімдерінің бірі ретінде физикалық терминология, аударылатын тілден ең көп ауытқу принципі немесе ең аз ауытқу принципі негізінде жасалуы мүмкін. Ең көп ауытқу принципі бойынша басқа тілден ауысқан интернационалдық терминдер түгелдей ана тіліне аударылады. Басқаша айтқанда барлық ғылыми термин тек сол тілдің өзінің сөздік қоры негізінде жасалады.

Жиырмасыншы жылдары жарық көрген қазақ тіліндегі алғашқы аударма оқулықтарда осы принцип басшылыққа алынған. Ол кездегі аудармалардағы бірден көзге шалынатын жай – физикалық терминдердің ғылыми-интернационалдық мәні ескерілмей, мүмкін болғанынша қазақшаланғандығы. Мысалы, **центр – кіндік, аномалия – жаңылу, рычаг – бұрау** т. с. с. түрде аударылған. Әрине, ол кезде қазақша термин жасаудың жүйеге келген принципі болды деп айту қиын. Алғашқы аудармалардың осы іспеттес кемшілігі бола тұрса да, онда кейбір сәтті алынған баламалар да ұшырасып отырады. Бұл туралы журналдың 1968 жылғы 11 санында сөз қозғаған болатынбыз. Бірақ мұндай аудармалар сол тұста қаншалықты сәтті табылған баламалар бола тұрса да, терминнің ғылыми мәнін толық, аша алмайды.

Ең көп ауытқу принципі Балтық жағалауындағы және Күнгей Кавказдағы кейбір республикалардың физикалық терминологиясында осы күнге дейін термин

жасаудағы негізгі принциптердің бірі ретінде пайдаланылып келеді. Мысалы, Әзірбайжан ССР-ының физикалық терминологиялық сөздігінде инерция, масса, аберрация т. с. с. интернационалдық терминдер аударылып алынған. Ғылым мен техника қауырт дамып, олардың бір-бірімен иін жалғасып араласуы аса қажет болып отырған қазіргі кезде терминдерді жеке бір ел көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде де, бір жүйеге келтіру сөз болып жүр.

Қазіргі кезде жаңа аударма терминдерін жасаудағы негізгі принцип – ең аз ауытқу принципі. Интернационалдық терминологияға негізделген бұл принцип жаңа термин жасауда мынадай қағидаларды басшылыққа алады: біріншіден термин жасалатын тілдің сөздік қоры түгелдей пайдаланылады, екіншіден, аса қажет болған жағдайда, шет тілден және орыс тілінен ауысқан терминдер аударылмай алынады, “интернационалдық термин” ұғымын абсолюттік емес, салыстырмалы ұғым деп қарау қажет.

Терминологияда шет елдік сөздерді орынсыз көп қолдану, термин сапасын төмендететін кемшіліктердің бірі болып табылады. **В.И. Ленин** тілдің тазалығына және термин сөздердің дәлдігі мен мағналығына ерекше көңіл бөлген: “Орыс тілін бүлдіріп жүрміз. Шет елдік сөздерді орынсыз қолданып жүрміз. Оларды теріс қолданып жүрміз. Кемістіктер немесе кемшіліктер немесе олқылықтар деуге бола тұрса да, “дефектілер” деудің не қажеттілігі бар?” (Ленин, шығармалары, 30-том, 32-бет).

Терминнің жай сөзден басты ерекшелігі – оның бір мәнділігі. Кез келген термин сан алуан сөз тіркестері мен сөйлемдерде тек белгілі бір мағнада ғана қолданылады. Осы тұрғыдан қарағанда терминнің ең басты кемшіліктерінің бірі – оның көп мәнділігі. Мысалы, қазақ, тіліндегі “**тетік**” термині орыс тіліндегі “**приспособление**” және “**устройство**” терминдерінің баламасы ретінде қолданылып жүр. Мұндай бірнеше терминдердің баламасы ретінде қолданылатын аударма терминдер қатарына **мөлшер – количество, размер; кескін – изображение, картина; әдіс – метод, прием; есептеу – исчисления, отчет, расчет** т. с. с. жатады. Көп мағналы терминдер физиканы ана тілінде оқытын оқырман қауымға қиындық келтіреді, түрлі физикалық атаулар жөніндегі түсініктің дұрыс қалыптасуына кедергі жасайды.

Физикалық терминологияның екінші бір жиі кездесетін кемшілігі терминдердің синонимиясы. Қазақ тіліндегі мұндай аударма синоним-терминдер орыс тіліндегі бір ғана терминнің баламасы ретінде қолданылады. Синоним-терминдер деп бір ұғымды (атауды) білдіретін (екі не одан көп) терминдерді айтады. Аударма синоним-терминдер қатарына төмендегі терминдер жатады:

әсерлесу, өзара әсер – взаимодействие; жаркыл, жаркылдау – свечение; жаппалы қабат, бөгеуіш қабат – запирающий слой т.б.

Физикалық терминдердің ең басты, ең көп тараған кемшіліктерінің бірі термин мен оның эквиваленті ретінде қолданылатын аударманың бір-бірімен үйлеспесуі. Мысалы, **сверхтекучесть – төтенше аққыштық, дырөчная проводимость – кемтік өткізгіштік**. Мұндай орашалақ аудармалар физикалық терминдерді қалыптастыруға және оны жетілдіруге елеулі нұқсан келтіреді. Бұл әрине, көп болып қолға алуды қажет ететін келелі мәселе. Қазақша энциклопедия жасау үстінде жинақталған азын-аулақ тәжірибемізді қорыта келіп, **сверхтекучесть — асқын аққыштық, странность элементарных частиц – элементар бөлшектердің ғажаптылығы, К-захват – К-қармау** тәрізді кейбір терминдердің баламасын өзгертіп алуды ұсындық.

Әрбір физикалық термин екі түрлі қызмет атқарады. Біріншіден, ол ғылыми ұғымның атауы ретінде қолданса, екіншіден сол ұғымның мағнасын береді. Ал ғылыми ұғымның мағнасы үнемі өзгеріп, ұлғайып өрі кеңейіп отыратыны белгілі. Бұл туралы **В.И. Ленин** былай дейді: “...адамның ұғымдары қозғалмайтын нәрсе емес, мәңгі қозғалып тұрады, бірі-біріне ауысып жатады, бірін екіншісіне қотарып отырады, мұнсыз олар нағыз өмірді көрсетпейтін болады” (Ленин, шығармалары, 38-том, 261 бет). Сондықтан да физикалық терминология қазіргі ғылымның талабына сай даму үшін, физиканың түрлі саласын қамтитын аударма терминдерді үнемі іріктеп, жетілдіріп отыру қажет.

Аққошқаров Е. Қалыптасқан терминдерді аудару керек пе? // Білім және еңбек. 1971. № 10. – 29 б.

БІР ЖҮЙЕГЕ КЕЛТІРІЛГЕНІ ЖӨН-АҚ

Журналдың осы жылғы жетінші, тоғызыншы және оныншы сандарында математикалық, техникалық және физикалық терминдер мәселелеріне арналған бірнеше мақала жарияланған болатын. Редакция журнал оқушыларын осы мәселелер төңірегінде пікір алысуға шақырған еді. Осыған орай Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты Ономастика бөлімінің меңгерушісі А. Әбдірахманов жолдас өз пікірін ортаға салып отыр.

Қазіргі қазақ тіліндегі терминдерді қалыптастыру ісінің аса үлкен қиындық туғызып отырған тармағы – техника саласы. Оның себебі, біздіңше, мынада.

Біріншіден, техника саласынан осы күнге дейін шыққан бірлі-жарымды терминологиялық сөздік болмаса, әлі де жоғары оқу орындарына, техникумдарға арналған оқулықтар анықтағыш әдебиет мүлде аз. Жасыратыны жоқ, ауылдан, алыстағы аудандардан келіп, арнаулы техникалық жоғары оқу орындарына түскен қазақ жастары алғашқы әзірде орыс тіліндегі техникалық әдебиетті бірден меңгеріп кете алмайды. Демек, техникалық пәндер бойынша қазақ тілінде оқулықтар шығарылса, басқа тілдегі әдебиеттер аударылса, түсіндірме сөздіктер шықса, терминдерді дамыту ғана емес, сонымен бірге әр-алуан ғылым саласын жастарымыздың еркін меңгеріп, оны терең білуіне де едәуір септігі тиер еді.

Екіншіден, елімізде ғылым мен техниканың дамуы соншалықты шапшаң қарқынға ие болған қазіргі кезеңде жыл сайын ондаған-жүздеген жаңалықтар ашылып, тың ұғымдар пайда болуда. Ендеше, осыған орай жаңа терминдер мен терминдік тіркестер де көптеп жасалуда. Міне, бұларды дер кезінде игеріп, әдеби тіл қажетіне жаратуымыз қажет.

Республикамыздың ғылым мен техника саласындағы табыстарын жұртшылыққа жеткізуде “Білім және еңбек” журналы үлкен қызмет атқарып отыр. Бұл тұста журналдың техника терминдері туралы мәселе көтеріп, Е. Көшербаев жолдастың мақаласын (“Білім және еңбек”, № 9, 1971 жылы) жариялауы да әбден орынды деп танимыз.

Автор мақалада 30-дан астам термин мен терминдік тіркестерді мысалға келтіріп, оларды қалай қолдану керектігі жөніндегі өз пікірін ортаға салады.

Е. Көшербаевтың төмендегі орысша терминдерді мына түрде алайық деген пікіріне толық қосыламыз: каркас – каркас, скелет – қаңқа, лампа – шам, лоцильная машина – өзеңдеу машинасы, мездрильная машина – шелдеу машинасы, путепровод – жол өтпе, сухая штукатурка – қатырма сылақ, глубокий вакуум – терең вакуум, глубокое охлаждение – мейлінше салындату, столб – бағана,

подпорная стена – сүйеме кабырға, мясорубка – ет тартқыш, жироловка – май тұтқыш...

Мақалада сетка, решетка сөздері қазақша тор деп алынып жүр, сондықтан соңғысын **керегекөз** деп алайық деген пікір бар. Мұнда автор бұл терминдердің алғашқысы құрылыс ісінде, ал екіншісі металлургияда қолданылатынын және мұндағы әрбір терминнің екі мағынасы бар екенін ескермеген. Сол себептен аталған терминдерді біздіңше мына түрде қабылдаған жөн: **сетка – 1. торг 2. қалбыр елек; решетка – 1. тор; 2. темір шілтер. Сондай-ақ, свая, стойка, колонна** терминдерінің қазақша баламасын табу үшін оларды опора, упор, подпорка, крепь, брус сияқты терминдермен, салыстыра қарамай болмайды. Өйткені, олардың қазақша ұғымын бірді-екілі терминге таңып болсақ, қалғандары қайтеміз? Басқаша айтқанда, белгілі бір қазақша баламаны бір ғана терминге телімес бұрын, осының басқа синонимдері жоқ па деген жәйтті де қоса ойластырған жөн. Қазақ тілінде кейбір техникалық терминдердің тұрақтамай жүру себебі де осыдан. Біз бұл терминдерді мына түрде алуды ұсынамыз: **свая – қада, стойка – таған**, (үш таған, төрт таған сөздерін еске түсіріңіз), колонна – колонна (колонный зал дегенді бағанды зал деп айтпаймыз опора – тірек, упор – таяныш, подпорка – тіреу (тірек емес), крепь – бекітпе (бұл шахтада болады), брус – брус. Мұндағы колонна, брус сияқты халықаралық терминдерді сол күйінде алған жөн сияқты. **Разводной мост** дегенді ықшамдап ашпа көпір десе де болады. **Газоснабжение** терминін газбен жабдықтау деген жөн, өйткені газообеспечение сөзі газбен қамтамасыз ету дегенге дөп келеді. **Кухня** дегенді **асхана, ас бөлме** деудің мүлде қажеті жоқ. Себебі асхана орысшы столовая деген мағынада қалыптасып кетті. Ал ас бөлме – тым жасанды сөз. Қазақтың ас сақтайтын және ас жасайтын жайды (бөлмені) ас үй дейтіні белгілі. Сондықтан кухняға бұл сөз дәл қабысып тұр. **Проявочная машина – айқындайтын машина**. Бұл дұрыс. Ал, **видоискатель** дегенді **түр іздегіш** деуге болады. Өйткені **кескін, бейне** сөздері орысша **изображение** деген терминге балама болып жүр.

Автордың -ғыш (-гіш-қыш) -кіш, жұрнақтары туралы айтқан пікіріне толық қосыламыз. Шынында да бұлар тіліміздегі өте өнімді қосымша. Алайда кейбір жолдастар осы -ғыш (варианттарымен) жұрнағының орнына -ғы жұрнағын жазып жүр. Мысалы, олар **выключатель - айырғы разьединитель – ажыратқы, устройство – құрылғы, горелка – жанарғы** т.б. деп алайық дейді. Бұлардың ішінде ажыратқыш термині **выключатель** мәнінде оқулықтарға, сөздіктерге еніп кеткенін ескеруіміз керек. Оны енді айырғы деп жедел өзгертіп жатудың, қандай қажеті бар? Разьединитель сөзіне айырғыш терминін алсақ, мағына жағынан да, форма жағынан да дәл келіп тұрған жоқ па? **Устройство** деген белгілі бір аппарат, немесе белгілі бір техникалық прибордың маңызды жетігі. Мұны сөздіктерде **құрылма** деп беріп жүр. Осыны өзгертудің принциптік маңызы бар

ма? Орнығып қалған терминдерді өзгерте беру онша жарасты бола бермейді. **Горелка** терминін де **жанарғы** түрінде алуға болмайды, өйткені бұл металлургиялық пештің от жанатын бөлігі.

Сондықтан оны **отғык** деу дұрыс. Тегінде -ғы (-гі, -қы) -кі тілімізде бір кезде өнімді жұрнақ болғаны рас, бірақ қазіргі -ғыш (-гіш, -қыш) -кіш жұрнақтары техникалық аспап, прибор, тетік атауларын дәл бере алады, мұнда ұғым нығыз, ой бекем. Ал -ғы (гі, қы) кі жұрнағының зат есімдік мағынасы бұлдыр, қайта оның сын есімдік мағынасы басым: **күзгі, қысқы, басытқы**, бірақ **бұрғы, сүзгі** сияқты термин сөздер де жоқ емес. Бұл жағдайдың бәрі әлі де ойлана түсуді қажет етеді.

Е. Көшербаевтың мақаласы жөніндегі біздің пікрлеріміз осылар.

Техника саласында әлі де орнықпай, қалыптаспай жүрген терминдер аз емес. Көпшілікке ой салу үшін солардың кейбірін сөз етейік. Метталургия саласында **плавка, плавление** деген термин бар. Осыны қазақша **балқыту, еріту, қорыту** деген эквиваленттерінің ішінен мемлекеттік терминком қорыту дегенін бекіткен болатын. Алайда баспасөз бетінде балқыту сөзі де кездесіп қалып жүр. Осы қорытылудан алынған өнімді орысша **сплав** дейді, оның қазақшасы – **қорытпа**. Орысша **плавление, плавка** деген терминдердің ұғымын қазақша қорыту, қорытыс деген дұрыс беретін сияқты. Себебі, металл қорытылғанда бір ғана емес, бірнеше қоспадан да тұрады. Сондықтан олар араластырылып қорытылады. Ал балқу терминін алсақ, бұл бір заттың балқыған күйін ғана білдіреді. Балқу әлі қорығылу емес. Сол себептен **плавка, плавленииені қорытыс, қорыту** деп тұрақтандырған жөн.

Метталургия, машина жасау, машина мен механизмдер теориясы салаларында қиындық келтіріп жүрген бір топ термин бар. Оларды мынадай түрде қолдануды ұсынамыз: **твердосъ – қатғылық, прочность, упорность – беріктік, стойкость, крепость – бекемдік, устойчивость – 1) орнықтылық; 2) төзімділік, литье – құю, құйма (литейная машина – құю машинасы, литое железо – құйма темір, чугунное литье – шойын құйма т.б.), разливка металла – металл ағызу, обсадка – кигізбе, насадка – қондырма, трещетка – шытырлақ (механизмдегі доңғалақтың бір түрі – шытыр-шытыр етіп айналады), колесо – доңғалақ, круг – дөңгелек – передача – беріліс, сцепление – ілініс, раздаточная коробка – үлестіргіш қорап, металлоноккрытие – металл қаптау, мозаично-шлифовальная машина – өрнектегіш – ажар-лағыш машина, задний мост – артқы белдік, передний мост – алдыңғы белдік (көпір емес), старение металла – металл тозуы, усталость металла – металл қажуы, тяговая подстанция – тартым подстанциясы, гибкость – икемділік, унругость – серпінділік, устройство – құрылма, головка – қалпақша, кулачек – жұдырықша, двигатель**

– двигатель (қозғағыш емес), двигатель – қозғалтқыш, кинематическая пара – кинематикалық жұп, предохранитель – сақтандырғыш (сақтағыш емес), привод – жетек (қозғаушы емес), прибор – прибор (аспап емес), инструмент – 1) аспап; 2) сайман, рубильник – шаппа, сопротивление материалов – материалдар кедергісі (қарсылығы емес), сборная конструкция – құрамды конструкция, составная конструкция – құрамды конструкция, комбинированная конструкция – аралас конструкция, вязкость – тұтқырлық (жабысқақтық емес), хрупкость – морттық т.б.

Осы көрсетілген терминдер әртүрлі вариантта әртүрлі қолданылып жүр, сол себептек біз өз көңіліміздегі дұрыс-ау деген түрін ғана беріп отырмыз.

Сол сияқты тау – кен ісі, геология, бұрғылау салаларында да мұндай әртүрлі қолданып жүрген терминдер аз емес. Оларды біз төмендегідей түрде қолданған жөн деп есептейміз: свита – свита, пласт – пласт, слой – қабат, прослойка – қабатша, мощность – қалыңдық, мощность пласта – пласт қалыңдығы, складка – қатпар, складчатость – қатпарлық, взброс – ығысу, сдвиг – жылысу, разлом – опырылыс, впадина – ойыс, прогиб – ойпаң, канава – жырақа, зона смятия – жаншылу зонасы, руда – руда, рудник – рудник, залежь – кен, месторождение – кен орны, полезное ископаемое – пайдалы қазынды, выработка – қазба, выемка – қазып алу, разработка – қазу, разведка – барлау, поиск – іздеу, взрыв – жарылыс (қопарылыс емес), взрывание – жару (қопару емес), земная кора – жер қыртысы, земная оболочка – жер қабығы, солоды – шақат, солонец – сортаң, солочак – сор, разведочное бурение – барлама бұрғылау (іздей бұрғылау емес) т.б. Көрсетілген терминдердің ішінде жаңылыс қолданылып жүргендері де баршылық. Мәселен, руда – кен, рудник – кен орны, полезное ископаемое – пайдалы қазба, взрыв – қапарылыс деп те қолданылады. Ал залежь сөзі кен, месторождение – кен орны дегенді дәл беретін болғандықтан, руда – руда, рудник – рудник деп алынуы дұрыс деп ойлаймыз. Ископаемое қазба деп ертерек уақытта қолданылған. Бірақ оны қазынды деген дұрыс, өйткені ол осы мағынаны білдіреді.

Қорыта келгенде, “Білім және еңбек” журналының бетінде орынды көтерілген қазақ тіліндегі техникалық терминдерді зерттелетін, көпшілік болып кенесетін жақтары әлі де көп. Сондықтан бұл мәселе жөніндегі пікір алысу бірлі-екілі мақаламен шектеліп қалмай, келешекте де жалғастырыла берсе деген тілек білдіреміз. Ең соңында, айтарымыз жалпы терминология мәселелері, оның аудармаға, орфографияға және стилистикаға қатысы жөнінде республикалық конференция өткізілсе құба-құп болар еді.

Әбдірахманов А. Бір жүйеге келтірілген жөн-ақ // Білім және еңбек. 1971. № 12. – 24-25 бб.

КЕЙБІР ЛИНВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖАЙЛЫ

Қазақ лингвистикалық терминологиясының қалыптасу процесі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталғанмен, ол негізінде тек совет дәуірі кезінде ғана шындап дамыды. Қазіргі кезде қазақ лингвистикалық терминологиясының құрамында айтуда да, жазуда да белгілі бір ізге түсіп, әбден қалыптасқан төл терминдер соншалық мол. Осыған қарамай әлі де болса бір ізге түсе қоймаған немесе қарастыруды керек ететін терминдер де бар. Ондай терминдерді негізінде үш топқа бөлуге болар еді.

Бірінші топқа қазақ тілі терминологиясы құрамына негізінен сіңіскенмен, айтылуы мен жазылуында алалық бар терминдер жатады. Мысалы, әр түрлі оқулықтар мен ғылыми еңбектерде бірде “ілгерінді ықпал”, “кейінді ықпал”, “көп бағыныңқылы (сатылы т.б.) сабақтас құрмалас”, талғаулы салалас құрмалас”, “реттік (бөлшектік, жинақтық т.б.) сан есім” делінеді.

Айталық, “көп бағыныңқылы сабақтас сөйлем” дегеннен гөрі “көп бағыныңқы сабақтас сөйлем” деудің өрісі кең, бұл “бағыныңқы” деген сөзді әрі -ыңқы формасын өзге ретте де қолдана аламыз. Мысалы, “басыңқы сөйлем, бағыныңқы сөйлем”. Оның үстіне “бағыныңқы сөйлем” терминге қойылатын негізгі талаптардың біріне, атап айтқанда, ықшамдылық принципіне де дәлірек келеді.

Ал осы принцип тұрғысынан келгенде “талғаулы сабақтас сөйлем” дегендегі “талғаулы” сөзі “талғаулықты сабақтас сөйлемдегі” “талғаулықты” сөзінен ықшам. Бірақ жүйелілік принципі тұрғысынан келгенде “талғаулықты (қарсылықты) сабақтас сөйлем” бір сипаттас. Бұл термин формасы жөнінде осы бір сипаттастықты, морфологиялық құрам жағынан бірыңғайлықты ескерген жөн болар.

Ал “есепті (ретті, бөлшекті, жинақтау) сан есімдер” дегеннен гөрі “есептік, реттік, бөлшектік, жинақтық) сан есімдер” деген варианттар морфологиялық құрамы жағынан бірыңғай.

Екінші топқа қатарласа қолданылып, күні бүгінге дейін дараланбаған терминдер жатады. Мысалы, “тұйық рай” - “тұйық етістік” - “тұйық райлы етістік” - “етістіктің тұйық рай түрі” - “етістіктің тұйық рай формасы”; “қарапайым сөз” - “дөкір сөз”; “сөйлеу тілі” - “ауызекі тіл” - “ауызекі сөйлеу тілі”; “жазу тілі” - “жазба тіл”; “синонимдік қатар” - “синонимдік топ” - “синонимдік ұя” т.б.

Бұл топтағы “тұйық рай”, “тұйық етістік”, “тұйық райлы етістік”, “етістіктің тұйық рай түрі”, “етістіктің тұйық рай формасы” сияқты варианттардың құрамында неге екені белгісіз “рай” сөзі жүр. Шындығында бұлардың белгілемек

болған ұғымының рай категориясына ешқандай қатысы жоқ екендігі белгілі. Сондықтан бұл варианттардың терминдік мағынасында ешбір дәлдік жоқ. Оның үстіне кейбіреулері тым шұбатылыңқы. Сайып келгенде, бұлардың қайсысы болсын терминге қойылатын талаптарға төтеп бере алмай жатқандығы аңғарылады.

Ал “тұйық етістік” дегенде терминдік дәлдік бар. Өйткені “тұйық етістік” деген термин етістіктің жақ, шақ және рай категорияларынан тысқары екендігін, оның бұл тұрғыдан қарағанда белгілі бір тұйықтығын көрсете алып тұр. Сондықтан мұны ұғым белгісі ретінде қалдыруға әбден болады. Егер терминнің ықшамдық жағын қалдырсақ, онда кезінде Қ. Жұбанов қолданған “тұйықша” терминіне де қайта оралуға болатын сияқты. Қазіргі қазақ лингвистикалық терминологиясының құрамында бұған ұқсас терминдер де жоқ емес.

“Қарапайым сөз” - “дөкір сөз”; “сөйлеу тілі” - “ауызекі тіл” - “ауызекі сөйлеу тілі”; “синонимдік қатар” - “синонимдік топ” - “синонимдік ұя” деген терминдік дублеттердің бірінші қатардағы сыңарларының қолданылу өрісі кеңірек. Әрі “қарапайым сөз” дегендегі “қарапайым” сөзінде мағыналық (терминдік) дәлдік бар да, “дөкір сөз” дегенде эмоциялық мағына басым. Ал “сөйлеу тілі” басқалармен салыстырғанда мағына жағынан дәлірек, құрамы жағынан ықшамырақ. “Синонимдік қатар” орыс тіліндегі терминнен (“синонимический ряд”) калька жолымен ауысқан. Ал “синонимдік топ” пен “синонимдік ұя” сөздері осы жоғарғы сөздің, негізгі термин сөздің синонимдік қатарлары сияқты.

Үшінші топқа тавтологиялық түрде қолданылатын 4-5 сөзден құралған шұбатылыңқы терминдер жатпақ. Мысалы, “мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем”, “мақсат бағыныңқылы құрмалас сөйлем”, “мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем”.

Осы терминдік дублеттердің құрамында жүрген “сабақтас” және “құрмалас” дегендерді алып тастасақ, бұдан келер ешбір зиян жоқ сияқты. Қайта мұның терминдік мәні молая түсер еді. Өйткені “бағыныңқы(лы)” деген компоненті бұл сөйлемнің сабақтас құрмаласқа жататынын көрсетпек.

Біз бұл шағын мақалада қазақ тіл білімінде белгілі бір тілдік құбылыстардың әр түрлі аталып, әр алуан терминмен не ала-құла формамен беріліп келгеніне тоқталдық. Тегінде мұндай алалықты болдырмау жағын ойластырған жөн сияқты.

Молдажаров Ж. Кейбір лингвистикалық терминдер жайлы//Қазақстан мұғалімі, № 2, 92-бет.

1Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. “Ғылым” баспасы, Алматы, 1966, 349-бет.

ТІЛІМІЗДЕГІ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ ТАРИХЫНАН

XIX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін тілімізде ешбір тыныс белгісі қолданылмаған-ды. Оның себебі – қазақша жазу араб алфавитіне негізделген еді. Ал, ол алфавитте ешқандай тыныс белгісі болмайтыны аян.

Жаңа алфавитке көшкен кезде тыныс белгілерінің болмауы үлкен қолайсыздық туғызды.

Қазіргі тыныс белгілерінің терминдері негізінен 30-шы жылдардан, яғни латын графикасына көшкен сәттен бастап, бірте-бірте белгілі бір ізге түсіп қалыптаса бастады. Алғашқы кезде пунктуациялық бір ұғым бірнеше атаумен белгіленді. Мысалы: үтір – кіші тыныс – кіші тыныстық – жапсарлық; нүкте – ноқат – ұлы тыныс; жақша – қоршау; қос нүкте – қос ноқат – екі ноқат; сызықша – қосарлық сызық; көп нүкте – көп ноқат; емле – пунктуация; леп белгісі – лектеу – лектік – лептеулі белгі; тыныс белгілері – тыныстық белгілері сияқты болып қабаттаса қолданылған жағдайлары кездеседі.

Бұл синонимдік қатарлардан тек асты сызылған атаулар ғана сақталып, қазір әбден қалыптасқан терминдер тобына жатады. Бұларға бірден даралыққа және терминдік қасиетке ие болған “сұрау белгісі”, “тырнақша” сияқты атаулар да қосылады.

Орфографиялық терминдер де пунктуациялық терминдер сияқты бірден пайда бола қойған жоқ. Бұл терминдер пунктуациялық атаулардан кейінірек, дәлірек айтқанда, XX ғасырдың басында ғана кездесе бастағандары байқалады. Мысалы, сол кезде жарық көрген әліппелерден “жазу тәртібі, дұрыс жазу тәртібі, тәртіпті жазу, қағида тәртібі, дұрыс жазу қағидалары, емле түзету” деген тәрізді сөздер тұңғыш рет пайда болып, бір-бірімен қатарласа қолданылған. Бұлардың бәрі кейінірек тұрақты түрде қалыптасқан “емле ережелері немесе орфография ережелері” деген атаудың орнына жүрген.

Араб графикасы кезінде қазақша жазуда бас әріп қолданылмағаны мәлім. Латын графикасына көшуге байланысты мерзімді баспасөз бетінде, соның ішінде “Еңбекші қазақ” газетінің 1930 жылғы 4 февральда шыққан санынан бастап, бас әріп мәселесі ерекше сөз болды. Соңынан Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1930 жылғы 11 июльде қабылдаған қаулысы бойынша қазақша жазуда тұңғыш рет бас әріп енгізілді де, “Жаңа мектеп” (қазіргі Қазақстан мектебі) журналында “Бас әріп емлесі” жарияланды...

Латын графикасы кезінде туған орфографиялық терминдерге орысша графикаға ауысу нәтижесінде жаңадан, тың терминдер келіп қосылды.

Сайып келгенде, жоғарыда көрсетілген фактілер орфографиялық және пунктуациялық терминдердің тууы мен қалыптасуы қабылданған графикамен де тығыз байланысты екендігін аңғартады.

ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИН БАСТАМАСЫ

М. Әуезов профессор В. Эвальдтың “Құрылыс материалдары” деп аталатын көлемді еңбегін қазақшаға аударып, 1933 жылы Қызылорда қаласында бастырып шығарыпты. Сөйтіп, біз М. Әуезов қазақ тілінде тұңғыш техникалық термин жасаушылардың бірі болғандығына көз жеткізіп отырмыз.

Октябрь революциясының жеңісі нәтижесінде жаңа қоғамдық қатынасқа лайық жаңаша өмір сүре бастаған қазақ халқы көшпеліліктен отрықшылыққа жаппай ойысты да мекен-жай ісі қолға қауырт алына бастады. Бұл құрылыс мамандарын даярлау және қалың жұртшылықты құрылыс жұмыстарынан хабардар ету талабын бірінші кезекке қойғанды. Осы мақсатта 1930-1934 жылдары құрылысқа байланысты көптеген аударма кітаптар қазақ тілінде жарық көрді.

М. Әуезов аудармасы техника терминдерін, оның ішінде құрылысқа байланысты терминдерді жүйеге келтіруде жаңа бағыт ұстанды. Аудармашы мынадай принциптер бойынша жұмыс істегендігі аңғарылды:

1. Терминдерді аудармастан пайдалану: керамика, плита, цемент, минерал бетон, шлак, асфальт, битум т.т.

2. Қазақша өзгертіліп айтылуы қалпында қолдану: кірпіш, пеш, жәшік, ізбес, т.т.

3. Қазақша аударма мен орысша қолданылуын тең пайдалану: мәрмәр, (мрамор), жанан фаянс, сылау балшық (гипс) т.т.

4. Терминнің қазақша варианттарын қатар қолданып, бірін екіншісіне түсініктеме ретінде пайдалану: өрнек қалып, жамылыш шатыр, кестелі сызық әшекей т.т.

5. Қазақтың байырғы сөздерін техникалық термин ету: ағаш, тас, күм, балшық, сыбак, көпір, төсеніш, ірге, дінгек т.т.

6. Терминге қазақ тілінде балама табу: еден, ірге тас, өрт қатері, көше, шатыр т.т.

7. Техникалық ұғым туғызатын жаңа қолданыстар ұсыну: техникалық қасиет, шөкпелі заттар, иленбелі заттар, кеуек заттар, табиғи заттар, жасама заттар, қалау тастары, жабу жұмысы, сүзгі, отқа шыдамды кірпіш т.т.

Аударманың сөз қолданысында көңілге бірден ұялайтын ұтқыр сөздер жиі ұшырасып отырады. Бет жағын кіреукелеу, (жылтырлау), сыңар есе, кереге көздеу т.с.с.

Техникалық терминдердің М. Әуезов ұсынған қазақша баламаларының дені казиргі сөз қолданысымызда берік орын алып келеді.

ПӘНАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ...

Осы заманғы ғылымда бір ерекшелік бар. Ол бұрын белгілі ғылымдардың аралығынан өрбіп жатқан жаңа ғылым салаларының кең өріс алуы. Бір ғана мысал. Бұрын, физика мен химияны М.В. Ломоносов негізінен қалаған тек физикалық химия ғана біріктіретін еді. Ал, қазір радиохимия, термохимия, фотохимия іспеттес ондаған ғылым салалары туындап отыр. Бұндай салалар әсіресе, жаратылыстану ғылымында көп. Олардың бәрі дерлік табиғат құбылыстарының құпиясын зерттеумен шұғылданады. Сондықтан да болар, бұл ғылым салаларында ортақ түсініктер мен ортақ байламдар, ортақ атаулар үнемі кездесіп отырады. Міне, сол ғылыми атаулардың бір ізге түсірілуінің маңызды екені өз-өзінен түсінікті. Бір өкініштісі, осы орайда қазақ тілінде әлі де болса әрқилылыққа жол беріліп жүр. Бұл кемшілік газет-журнал мақалалары мен баспадан жарық көретін кейбір ғылыми-көпшілік әдебиеттерді оқып отырғанда анық байқалады. Тіпті, ол жеке ғылым саласы бойынша жасалған кейбір терминологиялық сөздіктерде де кездеседі. Пікіріміз дәлелді болу үшін бірнеше мысалдар келтірейік.

Коррозия – орыс тіліне сіңген интернационалдық термин. Латын тілінен сөзбе-сөз қазақшаға аударғанда – **желіну** деген мағына білдіреді. Міне, осы сөз химия сөздігінде коррозия, физика сөздігінде **коррозия және тат**, металлургия сөздігінде тат және тот болып алынып жүр. Осылардың қайсысы дұрыс? **Коррозия** дегеніміз – металдардың, минералдың және тау жыныстарының сыртқы ортаның әсерінен бүліну процесін білдіреді. Сосын да ол бірнеше ғылымға тән кең ұғым. Ендеше, **тат және тот** сөздері **коррозияның** жан-жақты, кең мағынасына дәл келе бермейді. Ол сөздер коррозияның бір жеке түрі – **металдар коррозиясының** нәтижесінде түзілетін өнімді – орысша – ржавчинаны ғана білдіруі мүмкін.

Біздіңше, терминнің мағынасын әртүрлі қабылдаудан ұтыс болмайды. Қазақша лайықты баламасы табылмаса, сол интернационалдық терминнің өзін алған дұрыс. Тағы бір жайт. **Нейтральный, нейтрализация** сөздері химияда аударылмай қолданылады. Ал, физика сөздігінде олар **бейтарап, бейтараптану** болып алынған. Осыған орай айтарымыз **нейтральный мен нейтрализациядан** туындайтын (**нейтрал атом, нейтрал молекула, нейтрал орта** т. б.) терминдерінің өздерін қабылдау талас тудырмаса керек, бірақ оларды алу формаларын әлі де болса ойластыру қажет. Ертеректе, шет тілден енген терминдер фонетикалық өзгеріске ұшырап, қырналып отырған. Тіл дамуы процесіндегі осы құбылыстың

көрінісі ретінде **ізбес** (химия), **сүрме**, **алюмин** (металлургия сөздігі), **мәрмәр** (көркем әдебиетте) терминдері сақталып қалды.

Интернационалдық терминдерді бір ыңғай қабылдап алып, сөздік қорымызды молайту жайлы мәселені түйіндей келіп, Е Аққошқаровтың (Білім және еңбек, 1971 жыл, № 10 “**интернационалдық термин ұғымын абсолюттік емес, салыстырмалы ұғым деп қарау қажет**” деген пікіріне қосыламыз. Бұдан кейбір баламасы табылатын ғылыми терминдерді батыл аударуымыз керек деген қорытынды шығады. Көптен пікірталасын тудырып келген, аударылуға тиісті интернационалдық терминдер қатарына біз цинк және оның қосылыстарының аттарын жатқызар едік. Өйткені, **алтын, күміс, темір, қорғасын және қалайы** атаулары сияқты оның да ежелден белгілі мырыш деген қазақша аты бар. Мырыш сөзі металл атауы есебінде жалпы және терминологиялық сөздіктерде бекітілген. Мерзімді баспасөзде қолданылып та жүр. Ал бірақ химиялық әдебиеттерде ол қолданылмай келеді. 1969 жылы шыққан химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде **мырыш** термині қабылданған да сияқты еді. Бірақ онан кейін жарық көрген жалпы химия оқулығына кірмей қалды. Біздіңше, осындай әр тілдегі нұсқалары бірдей қолданылып жүрген терминдерді іріктеп бір ізге салу қазіргі ғылыми терминологияның маңызды міндеттерінің бірі.

Бірнеше ғылымға ортақ кейбір терминдердің мағыналық және сөзбе-сөз калькасын жасауда да кемшілік бар. Мысалы, **сплав** термині металлургия мен физикада – қорытпа және қоспа химияда құйма болып қолданылып жүр. **Сплав** – металлургия термині, оның **қорытпа** деген баламасы әбден орынды. Қалған екі терминді бұл араға кірістірудің реті жоқ, өйткені олардың өзге баламалары бар: **қоспа – смесь, құйма – отливка және литье**.

Физика сөздігінде **разложение воды** термині бар. Ол – **суды жіктеу** болып алынған. **Разложение** – химияның негізгі түсініктерінің бірі және **айрылу** деп аударылады, мысалы: **судың айрылуы, айрылу реакциясы**. Ендеше, басқа сөздіктерде де бірыңғай осы терминін бекітілгені дұрыс қой.

Енді байырғы сөздерді терминдік дәрежеге дейін көтеру жайлы бірер сөз. Мағынасын шектеу немесе ұлғайту, кейде жаңа мағына беру арқылы байырғы сөздерді терминге айналдыру онша көңілге қонбайды. Мысалы: **тұтқыш – держатель, ошақ – горн** және т.б. Геология мен металлургия сөздіктерінде ертеден келе жатқан **қақ** деген сөз **накипь** терминінің баламасы ретінде қабылданса, химиялық әдебиеттерде **огарок** пен **окалина** терминдерінің орнына қолданылып жүр. **Накипь, огарок, окалина** түзілу тәсілі және химиялық құрамы жағынан бір-біріне ұқсамайтын түрліше заттар, оларды бір терминмен алу жөн емес. Сондығынан болу керек, металлургия сөздігінде **огарок – огарок**, химия сөздігінде **накипь – тас қаспақ** деп алынған.

Келтірілген мысалдар бірнеше ғылымға ортақ кейбір терминдерді іріктен алуда терминология жасауда әлі кемшіліктер бар екенін байқатады. Біз мұны айтқанда қазақ тілінің ғылыми терминологиясын жасауда тындырылған қыруар шаруаны, ғалымдарымыздың елеулі еңбектерін, ғылыми терминдер жасалуының көптен бері қалыптасқан дәстүрлі принциптері барлығын мойындамаудан аулақпыз. Бұл мақалада көпшілік болып ойластыратын, ғалымдар бірлесіп шешетін бір ғана мәселе – пәнаралық терминдер жайлы сөз қозғадық. Мұндай терминдер саны ұдайы өсіп келеді, сондықтан олардың қалыптасуын қадағалап, жүйелеп отыру жөн болар еді.

Нұғыманов И. Пәнаралық терминдер жайлы
бірер сөз // Білім және еңбек. 1972. № 10. – 28 б.

ТЕРМИНДЕРДІ ДҰРЫС ҚОЛДАНАЙЫҚ

Жуырда Мемлекеттік терминология комиссиясының жаңа құрамы бекітілді, Комиссияның Председателі – Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары Қ. Біләлов жолдас, Терминология комиссиясының құрамында белгілі ғалымдар, жазушылар, мәдениет пен өнер қайраткерлері, баспасөз органдарының басшы қызметкерлері бар. Мемлекеттік терминология комиссиясы экономиканың, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларындағы қазақ терминдерін жасап, олардың дұрыс қолданылуын қадағалап отырады.

Бүгін біз терминология комиссиясының соңғы мәжілістерінде қаралып бекітілген біраз атауларды газет оқушыларының назарына ұсынып отырмыз. Экономика мен мәдени өмірімізде кездесетін терминдер жайлы ұсыныс, пікірлері бар жұртшылықтың Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысына ат салысуын сұраймыз. Соңғы кездерде Мемлекеттік терминология комиссиясының бірнеше мәжілісі болып өтті. Бұл мәжілістерде Алматы қаласы көшелері аттарының, қоғамдық ғылымдар саласындағы кейбір терминдердің жазылуы туралы, “Балық шаруашылығы терминдерінің орысша-қазақша сөздігі” және басқа мәселелер қаралды.

Алматы қаласында 140-қа тарта көше, 9 проспекті бар екен. Бұған соңғы жылдары қаланың батыс бөлігінде және аэропорт маңында салынған микроаудандар енбейді, өйткені мұндағы көшелер сол микроауданның үй номерімен белгіленгеп. Астанамыздың көше аттарының қойылуы және қазақша жазылуы туралы мәселе қалалық тұрғын үй басқармасының сұрауы бойынша қаралды. Мемлекеттік терминология комиссиясы бұл мәселе бойынша мынадай қаулы алды:

1. Вишневая, Сосновая, Лесная, Тополевая сияқты көше аттары қазақ тілінде Вишневая көшесі, Сосновая көшесі, Лесная көшесі, Тополевая көшесі түрінде жазылсын. Фабричная, Заводская, Транспортная тәрізді көше аттарының қазақ тілінде түбірі сақталып, Фабрика көшесі, Завод көшесі, Транспорт көшесі түрінде жазылсын.

2. Алматы қаласында Обозная, Гаражная, Снайперская, Пехотная, Огородная, Парашютная, Переходная сияқты көше аттары бар. Мемлекеттік терминология комиссиясы мұндай атауларды өзгертіп, Совет Одағының Батырлары мен Еңбек Ерлерінің, республикаға белгілі қайраткерлердің атымен атау қажет деп есептейді.

Комиссияның бұл қаулысының бірінші пунктін түсіндіре кетейік. Сосновая, Лесная, Тополевая сияқты көше аттарын Шиелі көшесі, Қарағайлы көшесі,

Орманды көшесі, Теректі көшесі деп аударсақ (ондай да пікірлер болды), онда почта-байланыс жұмысына үлкен қиындық туар еді. Бір көшенің Вишневая, Шиелі деген екі аты болуы мүмкін емес, сондықтан мұндай атаулардың орыс тіліндегі түрі сақталсын деу әбден дұрыс шешім. Ал транспорт, фабрика сөздері халықаралық аренада, сол сияқты завод сөзі Совет Одағындағы ұлт тілдерінде осылай қолданылатындықтан түбірі сақталып жазылуы орынды.

Мемлекеттік терминология комиссиясының бір мәжілісінде “Балық шаруашылығы терминдерінің орысша-қазақша сөздігі” қаралды. Сөздіктегі талас терминдерді талқылай келіп, комиссия олар мынадай түрде қолданылсын деп қаулы етті: пруд – тоған, Алма-Атинское прудовое хозяйство – Алматы тоған шаруашылығы, браконьер – браконьер, карась – мөңке, лещ – табан, язь – ақ қайран, налим – лақа, анальное отверстие – анал тесік. Терминком осы терминдерді бекітіп, балық шаруашылығы сөздігін баспаға ұсынды.

Комиссияның соңғы мәжілісінде Қазақ совет энциклопедиясының жазылуы үстінде және мерзімді баспасөз бетінде қиындық келтіріп жүрген терминдер талқыға салынды. Бұл жөнінде баяндама жасаған және пікір айтқан жолдастар Қазақ совет энциклопедиясын жасау барысында коллектив және авторлар алқасы ғылымның барлық салаларындағы терминдер, олардың емлесі, СССР-дегі және шет елдердегі басқа халықтардың жер-су және кісі аттарын жазу сияқты түрлі мәселелерде бірсыпыра қиындыққа кездесіп отырғанын айтты, терминдерді жазуда басшылыққа алынатын “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде” кемістіктер де бар екенін көрсетті. Сол себептен сан алуан ғылым салаларының терминдерін терминкомда бекіттіріп алу мұқтажыдығы туып отырғанын баяндады.

Мемлекеттік терминология комиссиясы бұл мәжілісте 40-қа тарта терминді талқыға салып, оларды төмендегідей түрде бекіту жөнінде шешім қабылдады: – “ист” жұрнағымен келетін терминдер негізінен сол қалпында алынғаны жөн. Мысалы: коммунист – коммунист, социалист – социалист, журналист – журналист. Бірақ тракторист, футболист, кинематографист терминдері практикада қолданылып жүргеніндей, тракторшы, футболшы, кинематографияшы түрінде қолданылғаны мақұл делінді.

Мемлекеттік терминология комиссиясы баспасөз бетінде жиі кездесетін терминдерді мына түрде қолданылсын деп қаулы етті:

- инструмент – аспап
- инструментовка – аспаптау
- сцена – сахна
- инсценировать – сахналау
- ритм – ырғақ

ритмичность – ырғақтық
ритмика – ритмика
структура – құрылым, структура
структура почвы – топырақ құрылымы
структурная формула (химияда) – структуралық формула
инертный – салғырт
инертность – салғырттық
инертный газ – инерт газ
нейтральный – бейтарап,
нейтральность – бейтараптылық
нейтрализация – бейтараптандыру
мастер – шебер
мастерство – шеберлік
мастерская – шеберхана
мастер спорта – спорт шебері
мастер плавильного цеха – қорыту цехының шебері
граница – шек, шекара
кишки – ішек
струна – ішек
индийцы – үнділер
индейцы – үндістер
антик – антик (көне заман)
древний – ежелгі
древность – ежелгі заман.
система – система, жүйе
спутник – спутник, серік
алмаз – алмас

Бекітілген терминдердің ішіндегі ритм, ритмичность – ырғақ, ырғақтылық деп алынып, ритмика терминінің қазақ тілінде сол қалпында қалдырылуына мына жағдай себеп болды. Ритмика дегеніміз ырғақ жөніндегі ілім болғандықтан, сол қалпында қалдырылғаны жөн деп табылды.

“Инертный, инертность” сөздері күнделікті практикада салғырт, салғырттық деп қолданылып, химия термині ретіндегі инертный газ – инерт газ деп алынуы мақұлданды. Совет Одағынан космосқа ұшырылып жатқан аппараттар дүние жүзінде “спутник” деп аталатындықтан, сол қалпында қалады. Ал “Ай – Жердің табиғи серігі” дегенде “спутник” термині серік түрінде алынғаны дұрыс деп танылды.

Мемлекеттік терминология комиссиясы алдағы уақытта түрлі ғылым салаларына байланысты Қазақ совет энциклопедиясы редакциясы дайындаған терминдерді бекітуді жоспарлап отыр.

Термин жасаудың және қолданудың принциптері мен жолдары жөнінде де кең көлемде пікір алысатын уақыт жеткен сияқты. Ол үшін республика немесе қала көлемінде осы мәселе бойынша конференция өткізілсе құба-құп болар еді.

Қазақ тіліндегі терминология, оның емлеге, аударма мен стилистикаға және жалпы тіл мәдениетіне қатысы туралы мәселелерге республикамыздың баспасөз органдары мен көпшілік қауым ат салысып отырса деген тілек білдіреміз.

Әбдірахманов А. Терминдерді дұрыс қолданайық//
“Социалистік Қазақстан” газеті,
1972 жыл 28 январь № 23.

ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТЕ БЕРІЛУІ

Бізді жасыл жапырақты өсімдіктер дүниесі қоршап тұрады. Олар – табиғаттың бізге тартқан сыйы, жеріміздің ырысы, еліміздің байлығы. Адам өмірі өсімдіктер дүниесімен тығыз байланыста. Химиялық “жасыл лаборатория” аталынатын өсімдіктер дүниесі болмаса, ауада оттегі де болмас еді. Оттегі болмаған күнде адам, жан-жануарлар атаулының күні қарап екендігі айтпаса да түсінікті. Өсімдіктердің адамзат игілігіне жарар пайдалы жақтары қаншама десеңізші. Қысқасы, өсімдіктерсіз өмір жоқ. Олар – бүкіл тіршілігімізге тірек, өмірімізге нәр, күнделікті тұрмысымызға көрік!

Дүние жүзінде өсімдіктердің 500 мыңдай түрі өседі екен¹. Олардың ішінде аспанмен таласатын биік *пальмалармен* қатар тек қана микроскоп арқылы ғана көрінетін бір клеткалы *балдырлар* мен *саңырауқұлақтар* да бар. Табиғаттың бұл байлығынан ұлан-байтақ Қазақстан территориясына да аз үлес тимеген. Жер бедері мен климатының алуан түрлілігі, осыған байланысты ондағы өсімдік түрлерінің көптігі, яғни флоралық байлығы жағынан Қазақстан Совет Одағында алдыңғы қатарлы орындардың бірін алады. Соңғы жылдардағы ғылыми мәліметтерге қарағанда Қазақстан жерінде 6 мыңға жуық өсімдік түрлері бар екендігі анықталып отыр².

Қазақ халқының тек қазіргі уақытта ғана емес, тіпті Октябрь революциясына дейінгі дәуірде де мыңғырған жылқы, маңыраған қой айдап, негізінен мал шаруашылығымен айналысып келгендігі белгілі. Жер бедерінің түгінсіз осыншалықты көп мал өспеген болар еді. Сондықтан да қазақ халқы жер бетіндегі өсімдіктерге тым ерте кезден-ақ көңіл аударып, олардың қайсысы қай малға жұғымды екендігін, қайсысы олар үшін зиянды екендігін ажырата білген. Тек ажыратып қана қоймай, олардың түр-түсін саралап, әрқайсысына жеке-жеке ат қойған. Егер қазақ халқы малға, оның түрін, түсін, жасын және ерекшелігін көрсететін сөздерге басқа халықтарға қарағанда бай дейтін болсақ, онда сол малға азық болып табылатын өсімдік түрлері мен олардың атауларына байланысты сөздерге де соншалықты бай екендігінде күмән жоқ. Бұған, кейбір зерттеуші ғалымдарымыз көрсеткендей, бір туыстас өсімдіктер орыс тілінде әр түрлі анықтауыштары бар бір ғана сөзбен аталынса, қазақ тілінде олар жеке-жеке сөздермен (атаулармен) аталынатындығы дәлел бола алады. Мысалы:

¹ Фалам ғажайыптары. Алматы, 1968, 252-бет.

² Флора Казахстана, тт. I-IX. Алма-Ата, 1956-1966 гг.

Астрагал	ветвистый	ақбас жоңышқа
	широколистый	арам жоңышқа
	изогнутый	қонырау
	малопарный	сеңгірлек
	песчаный	ақшатай
	укороченноцветной	ақтаспа
	растопыренный	тарбақ ақтаспа
	сингрэн	ақтікен

Немесе³, марь тұқымдастарына жататын: күйреуік, қаңбақ, қара қаңбақ, түйеқарын, баялыш, балықкөз сияқты өсімдіктерді алалық. Бұлар да орыс тілінде әр түрлі анықтауыштары бар бір ғана сөзбен (солянка) аталынады:

Солянка	русская	қара қаңбақ
	корявая	күйреуік
	паульсена	қаңбақ
	чумная	түйеқарын
	деревцевидная	баялыш
	шерстистая	балықкөз

Мүмкін⁴, сондықтан болар, өсімдіктердің қазақша атауларының кейбіреулері (Мыс.: *саксаул, таволга, карагач, караган, урюк, алыча, джиде, джузгун, сарсазан, терескен, кейреук, коянсуйек, боялым, камыш, кокпек, чий, ақымақ, изень, еркек, ажрек, коксағыз, таусағыз, кермек* т. б.) орыс тіліне дәл сол күйінде еніп, арнаулы ғылыми әдебиеттердің бетінен берік орын алып отыр⁵. Бұл әрине қазақ тілі өсімдік атауларына байланысты сөздерге өте бай екендігінің айғағы.

Лингвистердің болсын, биологтардың болсын қазіргі кездегі басты міндеті – өсімдіктердің қазақша, халықтық атауын жинастырып, оларды бір жүйеге келтіру. Осы маңызды мәселе туралы Ө. Қисыков: “Совершенно необходимо приступать к сбору материалов о народных названиях растений для создания будущего словаря этих названий. Такой словарь будет необходим агрономам, зоотехникам и вообще сельскохозяйственным работникам, а также учителям семилетних и средних школ”⁶ – деп, осыдан 18 жылдай бұрын жазған екен.

³ С. Арзымбетов. Русско-казахский сельскохозяйственный словарь. Алма-Ата, 1958. стр. 23.

⁴ И.А. Юндин. Травы. Алма-Ата, 1968, стр. 109-112.

⁵ Б.А. Федченко Очерки растительности Туркестана. Л., 1925; В. Н. Иса и н. Ботаника. М., 1951; И.А. Юндин. Травы. Алма-Ата, 1968.

⁶ У.К. Кисыков. Материалы для словаря казахско-русско-латинских названий растений. “Известия АН КазССР. серия биол., 1955, вып. 9”, стр. 160.

Алайда өсімдіктердің халықтық атауларының түгелдей жиналғандығы туралы материалды біз әлі күнге дейін көре алмай келеміз.

Шындығына келсек, өсімдіктердің қазақша атауы өте көп және алуан түрлі. Оларды жинап зерттеу және қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігіне енгізу деген мәселелерді біз осыдан 3-4 жыл бұрын өз міндетімізге алған едік, содан бергі уақыттың ішінде 3000-дай өсімдік атауларын жинастырдық. Оның 2800-і нағыз халықтық атау. Бұл мақалада біз өсімдік атаулары қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қалай берілу керек деген мәселеге ғана тоқталмақпыз. Былайша қарағанда бұл мәселенің ешқандай да қиындығы жоқ сияқты. Ал шындығына келсек, олай емес. Гөп мынада.

Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары өзінің атаулары жағынан да, құрамы мен құрылысы жағынан сан алуан. Құрамы жағынан олар бір сөзден де (мыс.: *алғы, әлпел, барқын, лапыз, бөргім, емпір, сөгет, жсебір, жұңқаш, кекек, көре, қырлақ, лақса, мықан, үпелек, тайқар, селдір, сөңке, ұйғақ, сырттан, шогай, шылбы, індек, шәңгір, шеркез* т. б.), екі сөзден де (мыс.: *биеемшек, сабынкөк, текесақал, томарбою, түйме-шетен, кемпіршаш, кендірмасақ, атишонқай, арамсою, киізкіік, бауырқұрт, бұзаушеңгел, жсаушымылдық* т. б.), ал Оұрылысы жағынан қос сөзден де (*асай-мүсей, бұзар-түзер, қау-қаудан, бақ-бақ, бол-болды* т. б.), сөз тіркесінен де (*бұрыш самалдық, бұғы қынасы, грек жаңғағы, қант қызылшасы, қытай тияз, құтырған қияр* т. б.) тұрады.

Бұлардың ішіндегі басым көпшілігі екі сөзден тұратын атаулар. Біз төменде негізінен осылар туралы сөз студі жөн көріп отырмыз. Өйткені, біріншіден, тілімізде мұндай атаулар өте көп (Олар біз жиыстырған өсімдік атауларының 70-75%-і бола алады). Екіншіден өсімдік атауларын түсіндірме сөздікте берудегі негізгі қиындықтар осы екі түбір сөздің бірігуінен жасалған атауларға байланысты.

Екі сөзден тұратын атаулар бірінші сыңары анықтаушы, екінші сыңары анықталушы сөз ретінде жұмсалған екі түбір сөздің бірігуінен жасалып, бір ғана өсімдіктің атауын білдіреді. Мыс.: *хандағаш, қарағаш, сарағаш, қынағаш* (6)⁷; *мейіршөп, тарғақшөп, айланшөп* (35); *қараот, аюоты, қазоты, киікоты* (20); *балқурай, сасықурай, таңқурай* (9); *ақтікен, сүттікен, түйметікен* (8); *наурызгүл, оймақгүл, қоңыраугүл* (17); *бабажапырақ, жсаужапырақ, теңгежапырақ, иманжапырақ* (24); *бұраматамыр, мыңтамыр, қызылтамыр* (5) т.б. Бұл мысалдарда анықталушы сыңардың орнына олардың қандай өсімдік екендіктерін көрсететін *ағаш, шөп, от [ы], құрай, тікен, гүл, жапырақ, тамыр* сияқты сөздер келіп тұр.

⁷ Мысалдардан кейін жақшаның ішінде тұрған цифр тектес өсімдік атауларының санын, яғни қанша сөз екендігін көрсетеді. — Қ.Б.

Екі сөзден тұратын өсімдік атауларының көпшілігі бір затты екінші бір затпен ұқсастыру, метафоралық теңеу негізінде жасалады. Мұндайда халыққа жақсы таныс төрт түлік мал мен жан-жануарларға, олардың дене мүшелерінің атауларына байланысты сөздер үлкен роль атқарады. Мысалға екінші сыңары *бас, көз, аяқ, құлақ, күйірық* сөздерімен келген өсімдік атауларын алалық: *арпабас, күйікбас, жыланбас, қубас (27); боркөз, мысықкөз, тауықкөз (7); қоянаяқ, молда аяқ, құсаяқ (4); аққұлақ, қозықұлақ, тікқұлақ, шайтанқұлақ (15); ешкікүйірық, сиырқүйірық, тұлкікүйірық (10)* т.б.

Екінші сыңары *мойын, қарын, табан, тұяқ* сөздерімен келген өсімдік аттары да көп: *қазмойын, шаянмойын; биеқарын, түйеқарын; ботатабан, иттабан, қазтабан, түйетабан; ақтұяқ, қаратұяқ, қарғатұяқ* т.б.

Мұндай топтарды көптеп келтіре беруге болар еді, бірақ біз оны осымен доғаралық та, ендігі жерде бірінші анықтаушы сыңары мал атауларымен, атап айтқанда — *қой, ешкі, сиыр, түйе* сөздерімен келген өсімдік атауларынан біраз мысал келтірелік: *қойқарақат, қойжелкек, қойноқат, қойбүлдірген (8); ешкіқоңырау, ешкіелмес, ешкітал (7); сиырсілекей, сиыржоңышқа, сиырқүйірық (5); түйебұршақ, түйесіңір, түйетікен, түйеқүйірық (10)* т.б.

Бірінші сыңары *ит, мысық, қоян, тұлкі, қасқыр* (бөрі), *аю* сөздерімен келген өсімдік атаулары да көптеп ұшырасады: *итемген, итжадек, иткөсік, итқұсық (16); мысықот, мысықкөз, мысыққүйірық (5); қоянерін, қоянжын, қоян-қарта, қоянсүйек (14); тұлкімасақ, тұлкікүйірық (3); қасқыржем, бөрікөз (4); аюбадам, аюқұлақ, аюоты (5)* т.б.

Сондай-ақ, бірінші сыңары *құс, қаз, торғай* сөздерімен келген өсімдік атаулары да жиі кездеседі: *құсқонбас, құс-құмық, құссирақ, құстандай (9); қазжуа, қазтамақ, қазтабан, қазмойын (8); торғайоты, торғайбүлдірген (3)* т.б.

Тек мал, үй жануарлары мен аң, құс атауларына байланысты сөздер ғана емес, *тау, тас, жер, су* сияқты сөздер де өсімдік атауларының бірінші сыңары бола алады: *Мыс.: таудаған, таупияз, таусағыз, таубұршақ (11); тасағаш, тасжарған, тасшүйгін, тасшөп (8); жербұрыш, жергөміс, жерқосақ (4); субетеге, сусімір, сушігін, сужапырақ (17)* т.б. Өсімдік атауларын жасауда жоғарыда аталғандардан *май, бал, у* сөздері де қалыспайтын тәрізді: *майкене, майқара, майшөре, майшөп (10); балбөбек, балжуран, балмұрын, білқұрай (12); у қорғасын, у жапырақ, у сойқы, у шатыр, у шөп (16)* т.б.

Сол сияқты, бірінші сыңары *ақ, қара, қызыл, сары, көк, боз, қоңыр* сөздерімен келетін өсімдік атаулары да бар. *Мыс.: ақбас, ақжелек, аққайың, аққатпа, ақшелек, аққылтаң (55); қараспан, қарабарқар, қарабұға, қараматау, қарамесек (57); қызылбоая, қызылқурай, қызылтаңдай, қызылұрық (18); саржағал, саркүйік, сарсазан, сарсадақ (30); көкнайза, көкзеңгір, көкнәр (23); бозбұғы, бозкілем, бозқараған, бозінген (14), қоңырбас (3)* т.б.

Түрлі сан есімдер де өсімдік атауларының бірінші сыңары бола алады. Мыс.: *ушқұлақ, ұштаған, бестобе, алтықана, тоғызтөбе, қырықбуын, қырыққұлақ, жүзжылдық, мыңбас, мыңжапырақ, мыңтамыр (13)* т.б.

Өсімдік атауларының ішінде мазмұны жағынан қызықты болып келетіндері де жоқ емес. Мыс.: *ассалемалейкум, кәріқыз, балақыз, бұзар-түзер, қисықшық, шыңқетер, көтібос, басыпалды, шүкір, домалатпа, ақжүрек, бойқалай, бойөсер, ақбілек, күлләулә, балбырауын, қуырдақ, ерқұны, маңқа, суыртаяқ, күндақ, сыпыртқы, балтасап, ақбайпақ, шеттік, бүркеншік, асай-мүсей, сіңбірік т.б. Малжесемес, құсқонбас, ешкіөлмес, құлынембес, шайтанкелмес* дегендер тағы бар.

Сондай-ақ, бір есімдіктің өзі өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарына қарай бірнеше түрлер мен сорттарға бөлінетіндігі белгілі. Ол түрлер мен сорттар⁸ да есімдіктердің өздері тәрізді тілімізде әр түрлі атаулармен — ғылым тілімен айтқанда, дара номенклатурамен немесе қосарлы (бинарлық) номенклатурамен, яғни алдында өзіне тән ерекшелігін көрсететін анықтаушы бар сөз тіркесімен аталынады. Мыс.: *ақұрық, ақнауат//ақнабат, әбінауат, бол-болды, әміркен, әңгелек, белек, басыпалды, бәйендек, гүлөбі//күлөбі, күлләулә, дембілше, жамша, жегелек, көкдөнен, көксерке, көмек, көкше, қазақы, құрбы, құрбік//күрбек, жәмбелше, қарамойнақ, қызылұрық, мәлек, пәлек, ләблеме, қызылөзек, оқарман, пәрнек, сәбізнәзік, торлама, тараш, тартар, төрнек, шыртылдақ, шытыр (40)* т. б. Бұлар қауын түрлерінің дара номенклатуралары, ал бұхар қауын, көкше қауын, кемпір қауын, өміре қауын//өмір қауын, патсайы қауын, шаржау қауын, құс қауын//қыс қауын//қыш қауын, пәшек қауын (11) дегендер қауын түрлерінің қосарлы номенклатуралары.

Міне, бұл айтылғандардан, Қазақстан жері өсімдік түрлеріне қаншалықты бай болса, оның халқы сол өсімдіктердің атауларына байланысты сөздерге де (әсіресе, екі түбір сөздің бірігуінен жасалған атауларға) соншалықты бай деген қорытынды шығады. Біздің міндетіміз – оларды түгелдей жинастырып, тіліміздің байырғы ретінде сөздіктерге кіргізу, мән мағыналарын түсіндіру.

Олай болса, жоғарыда айтылған өсімдік атауларының бәрі де қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде беріледі. Омардың берілетіндігінде талас жоқ. Талас олардың сөздікте қалай берілетіндігінде. Айталық *бұғы қынасы, қант қызылшасы, грек жаңғағы, орман бүлдірген* деген тәрізді өсімдік атаулары сөздікте бірге жазыла ма жоқ бөлек жазыла ма? Егер бөлек жазылатын болса оларды сөздікте қалай береміз? Сондай-ақ, *жусан* деген бар да, *ақ жусан, арқар жусан, боз жусан, желбас*

⁸ Ескерте кететін нәрсе, сорт атауларының бәрі бірдей сөздікте алына бермейді. Өйткені олар көбінесе ғылыми (орысша) терминдермен аталынған. Мысалыға алма сорттарын алалық: *Ақ Розмари, Белый налив, Бурхард ренети, Ренетка, Сибирка, Пеструшка, Мантуанер, Сүйселтер* т. б. Дегенмен, тілімізде көп айтылып, жиі қолданылатын кейбір сорт атауларын түсіндірме сөздікте алған жөн: *апорт, қытай алмасы* т.б. – Қ.Б.

жусан, бортжусан, кермекжусан, ботажусан, кержусан, қаражусан дегендер тағы да бар. Бұлар өз алдына жеке өсімдіктердің атаулары ма жоқ әлде бір ғана *жусан* өсімдігінің түрлері ме? Берілегін жауапқа байланысты оларды сөзде қалай береміз? Ендігі жердегі біздің тоқталарымыз міне осы мәселелер болмақ.

1. Жоғарыда біз қазақ тіліндегі өсімді атауларының 70-75%-і екі сөзден құралып, бір затты екінші бір затпен ұқсастыру, метафоралық теңеу негізінде жасалатындығын, олардың екі сөзден тұратындығына қарамастан ботаникалық жағынан бір ғана өсімдіктің атауы болатындығын айтқанбыз. Бұл сияқты өсімдік атауларын біріктіріп жазып⁹, жеке реестрге аламыз. Мыс.: *айланишоп, ақжұнар, бабажапырақ, бетіқышық, жүзжылдық, жылантамыр, киікжүн, қазтаңдай, қарғатұяқ, қоңынбас, түйеқарын, түйметікен, қарағаш* т.б.

2. Ботаникалық жағынан бір ғана өсімдік екендігіне қарамастан кейде екі сөзден тұратын өсімдік атауларының кейбіреулерін біріктіріп жазуға келмейді. Оларды біріккен сөздер деуден гөрі, күрделі сөздер деп қарау әлдеқайда дұрыс болады. Мыс.: *қант қызылшасы, грек жаңғағы, бұғы қынасы, орман бүлдіргені, торф мүгі, құтырған қияр* т.б. Алайда бұларды да түсіндірме сөздікте жеке реестрге аламыз. Олардың сөздікте берілу амалы мынандай: алдымен сол өсімдік атауының бірінші сынарын реестрге алып, қос нүкте қоямыз да, содан кейін екі сөздің тіркесінен таратып өсімдік атауын толық жазамыз. Сөйтеміз де, оған анықтама береміз, мысалдар келтіреміз¹⁰. Мыс.:

ҚАНТ: *қант қызылшасы* (Анықтама. Мысал).

3. Тек жеке өсімдіктер ғана емес, бір өсімдіктің түрлері де көбінесе екі сөзден тұратын атаулармен аталады. Ол атаулардың бірінші сынары түрдің өз ерекшелігін (айырмашылығын) көрсетеді де, ал екінші сынары сол түр жататын туыстық атау білдіреді. Сөз табы тұрғысынан қарағанда түрлік атау сын есім туыстық атау зат есім қызметін атқарады. Мәселен, шалғындық жерлерге көп тараған бұршақ тұқымдас өсімдіктердің бірі — жоңышқаны алалық. Оның мынандай түрлері бар: *ақбас жоңышқа, арам жоңышқа, егістік жоңышқа, көкбас жоңышқа, қызылбас жоңышқа, сарбас жоңышқа, түйе жоңышқа, шалғындық жоңышқа* т.б.

⁹ Біріктіріп жазу дегенді айтқанда қара ағаш, қара аспан, қара от, қара өрік, сары ағаш, сары бауыр, сары бұғы (бұға), сары күйік, сары сазан, сары садақ, сары бас, сары барақ т.б. дегендерге тоқтала кетпесе болмайтын сияқты. Әңгіме осы сияқты екі сөзден тұратын өсімдік атауларын біріктіргеннен кейін, оларды талай жазуда болып отыр. Мәселен, қара ағаш сөздері қара ағаш болып жазыла ма жоқ айтылуы бойынша қарағаш болып жазыла ма? Біздің ойымызша оларды айтылуы бойынша жазып реестрге сот күйінде алған жөн сияқты. Сонда жоғарыдағы өсімдік атаулары былай болып жазылған (алынған) болар еді: қарағаш, қараспан, қарот, қарөрік, сарағаш, сарбауыр, сарбұға, саркүйік, сарсазан, сарбас, сарсадақ, сарбарақ, т.б. Бұлай етіп жазу біріншіден, сөздердің бірігу заңына сай келеді, екіншіден жоғарыдағы өсімдік атаулары көркем әдебиетте көбінесе айтылуы бойынша ұшырасады. — Қ.Б.

¹⁰ Күрделі сөздерді сөздікте берудің мұндай амалы лексикографияда бұрыннан бар. — Қ.Б.

Егер екі сөзден тұратын өсімдік атауларының біріншісі сол өсімдіктің өзіне тән ерекшелігін, ал екіншісі оның қай туысқа жататындығын көрсетіп тұрса, онда ол өсімдіктің жеке басының, атауы емес белгілі бір өсімдіктің бір түрінің атауы болып табылады. Оларды бұлай атау арқылы бір туысқа жататын түрлердің өзара айырмашылықтары ортақ қасиеттері, ұқсастықтары анықталады. Сондықтан, мұндайларды біріктіріп жазу арқылы реестрге шығарамыз деп әуре болудың қажеті жоқ. Қайта сол бөлек жазылған күйінде, өзі туыстас болып тұрған өсімдік атауынан (мысалы, *жоңышқа* сөзінен) кейін ромбиктен соң тіркес ретінде беріп сол өсімдіктің түрі екендігін көрсеткен жөн.

Бірақ осы тәрізді екі сөзден тұратын өсімдік атауларының бәрін бірдей тек түр деп қарай беруге болмайды. Мысалға жоңышқа сөзіне байланысты жоғарыда келтіргендерден басқа *қызылжоңышқа (теңгежапырақ немесе қызылбас) таспажоңышқа (қызылтаспа немесе құсқұмық), сиыржоңышқа* деген атаулар бар. Бұлар жоңышқаның түрлері немесе жоңышқа тұқымдас өз алдына жеке өсімдіктер. Осы сияқты, *ақ жусан, арқар жусан, боз жусан, желбас жусан* дегендер жусан түрлері болып табылғанымен, *бөртежусан* (дермене), кермежусан (ермен), қаражусан (майқара), кержусан, ботажусан дегендер жусанның түрлері емес. Бұлар халық тілінде осылай аталынып кеткен өз алдына жеке өсімдіктер. Сондықтан мұндайларды міндетті түрде біріктіріп жазып, реестрге аламыз.

4. Өсімдік атауларының түсіндірме сөздікте берілуі жайлы айтқанда, осы жерде соқпай кетуге болмайтын мәселенің біреуі – бір ғана өсімдіктің халық арасында әртүрлі атаулармен аталатындығы туралы. Айталық, орысша “недотрога” аталатын өсімдікті бір жерде *шыңқетер* немесе *шыңқетпе* десе, екінші бір жерде *торсылдақ* немесе *шытырлақ* дейді; үшінші жерде *жылауық* деп атайды. Сондай-ақ, ғылыми әдебиеттерде *қазоты* аталатын өсімдік айтушысына қарай бірде *құсқымық, сүмелек//сімелек* деп аталынса, бірде *қызылтамыр, таспажоңышқа* деп те аталынады. Мұндайлар біз жыйнастырған өсімдік атауларының ішінде көптеп кездеседі. Олардың біреулері әдеби, ғылыми атаулар болса, екіншілері – жергілікті, халықтық, үшіншілері – диалектілік атаулар. Бұлай болуы заңды да. Өйткені әр ауданда, облыста тұратын халықтың өз жерлерінде өсетін өсімдіктерге өзінше ат қойып, айдар тағулары таңғаларлық нәрсе емес. Мәселен, біз бір ғана *күнбағыс* өсімдігінің 21 түрлі атауларын кездестірдік (әрине, олардың кейбіреулері фонетикалық варианттар болып табылады. Мысалы: *күнбағыс, күнбағар, күнбағым, күнгебағар, күнқабак, күнқабар, айбағар, айғабағыр, айқабак, айғабак, семішке, шемішке, шекілдек, шекілдеуік, шемекі, шемеңкі, пісте, пістешке, күләйлан, алашағу, шағу.*

Сол сияқты, жолжелкен өсімдігі – мыңтамыр, иманжашырақ, козықұлақ, сужапырақ (5) деп аталынатын болса, *жүгері – бұршақ, қонақ, қойбеқонақ, борми// норми (7) деп, ал қияр – бадыран//бәдірен//бадран, әгүршік, тұрап (6)* деп аталынады.

Осындайлардың бәрін түсіндірме сөздікте ала береміз бе? Алсақ, қалай аламыз?

Әрине, қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігі тіліміздің сөз байлығын (лексикасын) түгелдей қамтитын болғандықтан жоғарыда айтылғандардың кейбір сирек ұшырасатындары мен фонетикалық варианттарынан¹¹ басқаларын сөздікке кіргізген жөн. Бірақ анықтаманы олардың тек әдеби немесе ғылыми атауы болып табылған біреуіне ғана (мысалы, *кунбағар, жолжелкен, жүгері, қияр*) беріп, қалғандарын сөйлеу, қарапайым, жергілікті, диалекті деген сияқты әр түрлі стильдік белгілер қою арқылы сол анықтама берілген негізгі түріне сілтеу керек. Осылай еткенде ғана жоғарыда аталған өсімдіктердің халықтық атауларын түсіндірме сөздікке негізінен түгелдей алғандығымыз ғылымға қайшы келмейді. Қайта белгілі бір өсімдікке берілген әдеби, ғылыми, халықтық, жергілікті және диалектологиялық атауларды түгелдей ажыратып беру түсіндірме сөздік үшін маңызды мәселе болып табылады.

5. Халық тәжірибесінде бір өсімдікке бірнеше ат қоюмен қатар бірнеше (екі-үш түрлі) өсімдіктерді бір-ақ атпен атау да жоқ емес. Мәселен, әдетте қарағаш деп Алматы көшелерінде ақ қайыңмен бірге қатар түзеп тұрған әрі жуан, әрі биік қара қабықты мәдени ағаш аталынатын болса, кей жердің халқы қарағаш деп, сонымен бірге өзен бойларындағы тоғайларда жабайы өсетін онша ірі емес, бұтақтарының сойдиган-сойдиган тікенектері бар қара түсті қатты ағашты да атайды. Ол ағаштың шын мәніндегі аты – шырғанақ. Домалақ келген сап сары уақ жемісіне қарап, кей жерде оны маймылжиде деп те атайды. Осы төрізді шырша деп, әдетте қылқан жапырақты ағаштардың бір туысын атаса, біреулер қарағайды да шырша деп атайды. Сондай-ақ, түйетікен деп бір жердің халқы бізге ошағанды көрсетсе екінші жердің халқы жантақты атады. Олардың не себептен солай аталатындығын сұрағанымызда ошаған жайлы оның ірілігін, ал жантақ туралы оның түйе жейтін тікен екендігін дәлелге келтірді. Мұндай ассоциация, әрине, түсінікті нәрсе. Әйткенмен де, әр нәрсенің өз атымен аталғаны жөн сияқты.

Демек, халық аузынан естіген өсімдік атауларының бәрін бірдей дұрыс деп қарауға болмайды. Сондықтан, жоғарыдағыдай шатастырылып жүрген өсімдік атауларына тоқталғанда оларды омоним ретінде қатар алып дұрысына сипаттама түрде анықтама береміз де, дұрыс емесін (жергілікті немесе диалектілік түрін) стильдік белгі қою арқылы дұрысына сілтейміз. Болмаса кей жерде бөлен деген өсімдік осылай аталынады, – деген сияқты түсініктеме береміз.

¹¹ Фонетикалық варианттар жөнінде төменде ерекше тоқталамыз. – Қ.Б.

Мысалы, қызылша – техникалық дақыл. Оның асханалық қызылша, мал азықтық қызылша деген түрлері бар. Кей жерде сонымен бірге таулардың беткейлеріндегі тастар арасында өсетін қылша өсімдігін де қызылша деп атайды¹². Немесе, керісінше, осы екеуін де қылша деп атаушылық бар¹³. Оларды сөздікте былайша алған мақұл:

1. ҚЫЗЫЛША зат. Ауыл шаруашылық техникалық дақыл

2. ҚЫЛША зат. сөйл. Қ ы л ш а немесе: “Қылша өсімдігі кей жерде осылай аталынады”, – деу керек.

Ал, қылша өсімдігіне тоқталған кезде керісінше:

1. ҚЫЛША зат. Тау бөктерлерінің күнгей беттерінде өсіп, қысы-жазы жасыл күйінде тұратын дәрілік бұта.

2. ҚЫЛША зат. сөйл. Қ ы з ы л ш а, немесе: “Қызылша дақылы кей жерде осылай аталынады”, – деу керек.

Өсімдік атауларын жан-жақты зерттеу бізге мыналарды да көрсетті:

6. Әдетте өсімдіктер мен оның жеміс-жидектерінің аты бір ғана атаумен аталынатындығы белгілі. Бірақ ол әр уақытта солай бола бермейді. Мәселен, орысша “барбарис” аталынатын жидекті халық қарақат деп атаса, сол қарақат өсетін бұтаны сарағаш деп атайды т.с.с. Бұл – қазақ тілінде көп жағдайда өсімдіктің өзі бір атпен, ал оның жемісі екінші түрлі атпен аталынады деген сөз. Мұндайлар, әрине тіліміздегі сөздік қордың мағыналық жағынан дамуы, сұрыпталуы, қалыптасуы негізінде пайда болған нәрселер.

Ал, енді бір топ өсімдіктер жаңа өсіп келе жатқан дәуірінде яғни жас кезінде бір түрлі атаумен аталса, кейіннен – барлық мүшелері толық өсіп жетілгеннен соң — екінші түрлі атаумен аталынады. Мәселен, шоңайна өсімдігі ең алғаш тек тарбиған жапырақ түрінде шығып, ол жапырақтар ірі-ірі болып үлкейеді. Сондықтан болу керек, халық оны түйежапырақ деп атайды. Күзге қарай сабағы, бұтақтары, гүлі, басындағы бүрі, толық өскеннен кейін ол шоңайна аталынады. Осы тәрізді, алғаш өсіп келе жатқан кезінде бұйражапырақ аталынатын өсімдік кейіннен сорғыш деген атқа ие болады.

Сөздікте бұлардың “түйежапырақ, шоңайна, бұйражапырақ, сорғыш” әрқайсысын алфавит реті бойынша жеке-жеке реестр етіп алып, оларға осы жоғарыда айтылған ерекшеліктері көрсетілген анықтама береміз.

7. Тілімізде қазақша атауларымен қоса, орысша атаулары да жарыса қолданылатын бір топ өсімдіктер бар. Олар: агава (жүзжылдық), папоротник (шолпаншаш, қырыққұлақ), бук (шамшат), каштан (талшын), малина (таңқурай), чеснок (айылжуа, ақсарымсақ, қытай пияз), фасоль (үрмебұршақ), чина (ноғатық),

¹² Ч.Ч. Валиханов. Собрание сочинений, т.1. Алма-Ата, 1961, стр. 280.

¹³ Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969, 222-б.

сурепка (қышы, сарбас, барбаре), брюква (тарна), редиска (шалғам), редька (шомыр), репка (шалқан), роза (раушан үл), ландыш (мерусеггүл, інжугүл), лилия (лалагүл), жасмин (акжұпар), пион (шүмілдік), т. б.

Бұларды қазақша баламасы болғандықтан түсіндірме сөздікте алмасак та болар еді, алайда олар жазба тілімізде де, ауызекі тілімізде де жиі айтылып, қазақ тілінде жазылған ғылыми, көркем әдебиеттерде көптеп ұшырасады. Сондықтан, бұл өсімдіктердің орысша атауларын да сөздікте алуға тура келеді. Бірақ оларға анықтама бермейміз. Анықтаманы олардың қазақша баламаларына беріп, орысша атауларын түрлі стильдік белгілер қою арқылы сол қазақша баламаларына сілтейміз. Мыс.:

АГАВА зат. бот. сөйл. Ж ү з ж ы л д ы қ.

ЖҮЗЖЫЛДЫҚ зат. бот. Сырты тікенекті болып келген, қалың жапырақты, шырынды көпжылдық үй өсімдігі.

БУК зат. бот. сөйл. Ш а м ш а т.

ШАМШАТ зат. бот. Жылтыр сұр қабықты қатты ағаш.

8. Өсімдік атауларының ішінде әртүрлі дыбыстық, өзгерістерге ұшырап, қолданылатындары да жиі кездеседі. Мыс: Ажырық – ажырек – әжірек – әзірек, алтығана – алтықана – алтыхана, бадыран – бадыраң – бәдірен – бәдірең, бұйырғын – бұйырғұм – бұйырқұм – бүйірген, кареней – көреңей – қареней – қаракеней – қарагеней, көрқара – қорқара – қарқара, құсқонбас – құсқанбас – қосқонбас, сарсазан – сарсозан, шашыратқы – шашырақты т.б.

Мұндай фонетикалық варианттардың бәрі бірдей түсіндірме сөздікте ала бермейміз. Өйткені, дыбыстық өзгерістер, әдеби тілі бар, жазу-сызуы, әдебиеті бар тілдерде болатын жағымды құбылыс емес, керісінше, жазба тілі жоқ, ауызекі сөйлеу тілінің заңы негізінде пайда болатын құбылыс. Сондықтан, фонетикалық варианттардың ішінен тек мағыналық отенкілік, стильдік мәнге ие болғандарын немесе тіліміздің фонетикалық заңы негізінде жасалғандарын ғана алып, олардың дұрыс еместерін дұрыс формаларына – жоғарыда айтылған лексикалық варианттар сияқты – түрлі стильдік белгілер қою арқылы сілтейміз.

Өсімдік атауларының лексикалық, фонетикалық варианттарын түсіндірме сөздікте бұлайша беру – оларды (варианттарды) бір-бірінен ажырату үшін де, келешекте бірімен бірін шатастырмас үшін де және варианттардың дұрыс формаларын тілімізге қалыптасыру үшін де бірден-бір тиімді әдіс болып табылады.

Қорыта айтарымыз, өсімдіктердің қазақша ұлттық атаулары өте көп және сан алуан. Оларды біз түгелдей жинастырдық деп айта алмаймыз. Оған дәлел: Қазақстан территориясында кездесетін 6 мың түрлі өсімдіктің қазіргі уақытта біз тек үш мыңға жуығының ғана қазақша атауын тізімге алыптыз. Әрине, бұл

айтылғаннан сол 6 мың өсімдіктің бәрінің де қазақша атаулары бар деген ұғым шықпауға тиіс. Алайда, біз кездестірмеген, естімеген өсімдік атауларының бар екендігінде дау жоқ. Оларды түгелдей жинау үшін кең байтақ Қазақстан жерінің түпкір-түпкірінде болып, халық аузындағы өсімдік атауларын жазып алу керек. Тек атауларын ғана жазып алумен тынбай, олардың қандай өсімдік екендіктерін де анықтаған мақұл Бұлай ету - өсімдіктердің өздерін танып-білу үшін де оларды бір-бірімен ажырату үшін де және сол атауды осы өсімдік үшін қазақша ғылыми термин ретінде қалыптастыру үшін де сөзсіз қажетті нәрсе.

Қалиев Б. Өсімдік атауларының түсіндірме сөздікте берілуі // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. 1973. № 4. – 61-67 бб.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КАЛЬКА МӘСЕЛЕСІ

Біздің ана тіліміздің лексикасы Совет өкіметі жылдары үлкен қарқынмен дамып баюда. Осы даму мен баюдың жолдары мен ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдап, зерттеу – біздің тіл біліміздің күн тәртібінде тұрған актуальді мәселелердің бірі.

Қазақ тілі лексикасының Совет өкіметі кезеңінде баюының үлкен бір арнасы кірмесөз процесі арқылы екені белгілі. Лингвистикалық тұрғыдан алып қарағанда кірмесөз процесі бірнеше саладан тұрады. Әр саланың өзіндік ерекшеліктері мен жасалу жолдары бар. Лексикалық кірмесөздің бір саласын қамтитын тіл білімінде калькалау арқылы жаңа сөз туғызу деген ұғыммен қалыптасты. Калькалау арқылы жасалған сөздер кірмесөздің басқа түрлеріне қарағанда қазақтың ұлттық сөздік құрамымен тығыз байланысқан және сөздік құрамдағы тұрақты элементтердің қатарына жатады. Калькалар басқа тілдің қазақ тіліне қаншалықты терең де кең әсер еткендігін білуге мүмкіншіліктер береді. Калькалар тіл лексикасын сан жағынан да, сапа жағынан да байытады.

Жалпы тіл білімінде калькалау проблемалары бойынша басы ашылмаған мәселелер әлі де көп. Егер салыстырмалы түрде алсақ, калька процесінің зерттелу тарихы тіл білімінің жас салаларының бірі болып табылады. Сондықтан да болар калькалау мәселелері бойынша зерттеушілердің пікірлері әралуан және де кейде, тіпті қарама-қарсы болып келеді.

Кейбір лингвистер калька шет тілдік сөздерді ана тілінің сөз құралдарымен дәлме-дәл аудару арқылы жасалады десе (1), енді қайсыбірі калькалауды лексикалық кірмесөздің ерекше бір түрі деп санайды (2).

Л. А. Булаховскийдің жазуынша: “Кальки – новые слова с внутренней формой по образцу иностранных” (3). Калька жасауда шет тілдік сөздің ішкі мағынасының ролі баса айтылады. Қазақ тіліндегі калька бойынша Қ. Аханов мынадай сипаттама ұсынады: “Шет тілдік сөздер мен сөз тіркестерінің үлгісі бойынша жасалған, олардың құрылысының көшірмесі болып табылатын сөздер мен сөз тіркестері калька деп аталады” 4). Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде де калькаға берілген анықтама да жоғарыда келтірілген пікірмен бір мағыналас 5). Ал, калькалар, сонымен, жалпы лексиканың жеке ұлттық құрамы тобынан ба, жоқ әлде, кірмесөздер тобынан қарастырылу керек пе деген сұраққа да зерттеушілер шешімді жауап бере алмай келеді. Бір ғалымдар калькаларды жеке ұлттық құрамдағы сөздер қатарына жатқызса (6), енді біреулері оларды кірмесөздер қатарына жатқызуды жақтайды (7). Кірмесөз бен калькалаудың

теориясымен шұғылданып жүрген Л.П. Ефремов калькаларды жоғарыдағы екі топқа да қоспай, үшінші аралық топқа жатқызады. “Кальки занимают промежуточные положения между исконной и заимствованной лексикой” (8). Калькалардың материалдық және фонетикалық жақтарынан негізгі ұлттық құрамдағы сөздерден ешбір айырмасыз болып, ал шығу тарихы тұрғысынан лексикалық кірмеге жатуы калькалардың сөздік құрамдағы орны туралы қайшы пікірлердің, тууының негізгі себебі. Калькалаудың терминологиясы мен классификациясын жасаумен алғашқы шұғылданған неміс ғалымдары еді. Олардың зерттеулермен мынадай терминологиялық сөздер көптеп кездеседі: Lehnübersetzung; Wortübersetzung; Übersetzungslehnwort; Bildungslehnwort; Lehnbildung Lehnprägung, Ersatzlehnwörter, Begriffslehnwort (9).

Бұл терминология калька арқылы сөз тудыру процестерінің ерекшеліктерін, түрлерін, жолдарын айқындап белгілеуге арналған. В. Бетц неміс тіліндегі калькаларды екі салаға Lehnbildungen, Lehnprägungen бөліп талдайды (10). Ол бірінші саладағы калькалардың өзін сөз тудырушы калькалар, не автордың өз сөзімен айтсақ Glied für Glied-Übersetzung (мүшеге сай мүше етіп аудару), деп, өзінің сөз тудыру моделін еркін жасайтын (Lehnübertragungen) калькалар деп, шет тілдік сөздің мазмұнын өзінше (өз бетімен) беретін (Lehnschöpfungen) калькалар деп бөлшектейді. Екінші саладағыларға семантикалық және фразеологиялық калькаларды жатқызады (10). Тіл зерттеушілердің тәжірибесіне сүйене отырып бір тілдер калька арқылы сөз жасауға бейім болса, енді бір тілдер шет тілдік сөздерді сол бүтін күйінде алуға бейім болатындығын анықтайды (11). Қолдағы қазақ тілінің материалдары да осы пікірді растайды. Қазақ тілі орыс тілінен енетін лексемаларды мүмкіндігінше калькалау арқылы алуға тырысады да, орыс тілі арқылы енетін ішкі дәлелдемесі (внутренняя мотивировка) белгісіз шет тілдік (көбінесе интернационалдық) сөздерді бүтін кірме сөз (прямое заимствование) ретінде қабылдайды. Осы тұрғыдан қазақ тілі нағыз интернационалшыл тіл. Жаңа ұғымды калька арқылы алу сол таратушы тілді (язык — Источник) жақсы білуге байланысты. Калькалар қабылдаушы тілді сапа жағынан байытып қана қоймай, тілдің құрылымына, әсіресе сөз тудыру жүйесіне жаңа элементтер әкеледі де тілдердің мағыналық жағынан жақындаса түсуіне түрткі болады. Калька процесінде әртүрлі тілдердің құрылымдық ерекшеліктері, творчестволық белсенділігі, сөз тудыру мүмкіншіліктері, жаңа талаптарға сай бейімділігі мен икемділігі, т. б. айырықша екшелене түседі. “Кальки — это слова и словосочетания, которые, опираясь на структуру иноязычной модели, воспроизводят ее теми же или близкими средствами родного языка. Степень точности передачи модели при этом зависит от структуры обоих языков. Калькирование — не механическое копирование образования по частям, а

творческий процесс, отражающий в своем результате в той или иной мере особенности и своего и чужого языка” (12), – дейді. К. Флекенштейн. Калька сөздердің классификациясын жасауда елеулі еңбек еткен К. Сандфсльд-Ензен. Ол калькаларды семантикалық, сөз тудырушы және фразеологизмдердің аудармасы деп үшке бөлген еді (13). Бұл анықтама әлі де теориялық құндылығын жойған жоқ.

Калькалар сонымен бірге, бүгін калькалар және жартылай калькалар болып қарастырылуда. “Полукальки представляют собой наполовину сохранение, наполовину перевод иноязычных слов на заимствующий язык”, – деп тұжырымдайды Л.А. Булаховский (14). Н. Ю. Топуридзе-Сумбатова жартылай калькаларды “гибридные полукальки” деп атайды (15). Л. П. Ефремов жартылай калькаға тек күрделі сөзді жатқыза (16), К. Флекенштейн, Э. И. Ахунзянов тек сөз тудырушы аффикстері ғана өзгертілген сөздерді де жартылай калькаға жатқызады (17).

Қазақ тіл білімінде калька мәселесі туралы алғаш зерттеу жазған Р. Муллина. Бірақ, ол мақалада кальканың теориялық жағы сөз болмайды, калька процесі лексикалық кірмесөздің бір саласы ретінде қарастырылады. Р. Муллина калькаларды: кальки-эквиваленты, кальки-сочетания, комбинированные сочетания деп үшке бөліп мысалдар келтіреді 18). Мақалада жалпыламалық басым. Мысалы, бірінші топтағы калькаға аффикстік тәсілмен де, күрделі сөз арқылы жасалған да, тіпті ешбір өзгеріссіз енген қысқарған сөз де жатқызылған. Орыс тілінен енген сын есімдердің қазақ тілінде калькалануы жөніндегі Р.А. Урекенованың диссертациялық еңбегі қазақ тіл білімі үшін үлкен табыс (19). Қазіргі қазақ тілінде калька арқылы жасалған сөздер терминологияға арналған диссертациялық еңбектерде бірсыдырғы сөз етілуде (20). Осылардың өзі-ақ кальканың үлкен проблема екендігін, оны терең де кеңінен ғылыми тұрғыдан талдау керектігін айқындайды. Калькаға оптимистік көзқараста болған Ш. Балли мынадай сенім білдіреді: “В науке еще не оценены размах и значение этой формы языкового влияния, которая обнаруживается в самых, казалось бы, сокровенных уголках словаря; но вскоре станет ясно, что заимствование является всего лишь одним из конкретных проявлений общей тенденции, к тому же значительно менее распространенным, чем калька, и тогда быть может, проблема “иностранных слова” будет пересмотрена на более широкой основе. Калька призвана дать новый толчок лексическим исследованиям...” (21).

Енді жоғарыда талданған калька арқылы сөз тудырудың теориялық негіздеріне сүйене отырып, қазіргі қазақ тіліндегі калькалардың мән-жайына оралайық.

Фразеология жалпы лексикологияның бір саласы ретінде қарастырылатындықтан, біз қазақ тіліндегі калькаларды үлкен-үлкен үш топқа:

а) сөз тудырушы, б) мағыналық (семантикалық) және в) фразеологиялық калькалау деп бөлгенді дұрыс көрдік. Дәстүр бойынша алғашқы екі топ лексикалық калькалау деген бүтін бір ұғымға біріктіріледі де, ары қарай тағы да саралана түседі. Лексикалық калькалаудың негізгі қазығы — сөз тудырушы калька процесі. Оны кейде құрылымдық-мағыналық (семантикалық) калькалау деп те атайды. Себебі, қабылдаушы тілдегі жасалған калька сол таратушы тілдегі сөздің құрылымын мүмкіндігінше дәл етіп жасаумен бірге сөздің ішкі дәлелді мағынасын да айнытпай дәлме-дәл етіп береді.

Сонымен, қабылдаушы тіл калькасөз жасаған кезде таратушы тілден сол сөздің морфологиялық құрылымы мен мағынасын алады. Ал калька сөздің дыбыстық материалы қабылдаушы тілдің өзінің сөздік қорынан алынады. Осы құбылысты бейнелі түрде көрсету мақсатымен Ф. де Соссюр оны шахмат фигураларымен салыстыра келіп: “не важно, из какого материала сделана та или иная фигура, важна ее форма, положение на доске и ее ходы в игре” (22), – дейді. Калька екі тілдің бірін-бірі бойлай терең қабысуынан туатын тілдің ерекше бір құбылысы.

Негізінен калькаланатын зат есім, сын есім және етістіктер. Калькалар көбінесе жазба әдебиетте бір тілден екінші тілге аудару кезінде туатын творчестволық ізденістің нәтижесі. Қазақ тіліндегі зат есімнен тұратын сөз тудырушы дара ұғымдық калькаларда таратушы тілдегі сөздің құрылымының және мағынасының дәл немесе жуық мөлшерде берілуіне қарай а) дәл, б) жуық, в) жартылай калькалар деп үшке бөліп қарастырамыз. Дәл калькаларға таратушы тілдегі сөздің құрылымдық компоненттерінің реттік қатары мен әр компоненттің жеке мағыналарының бірлігінен жаңа дара ұғымның қабылдаушы тілде де дәл солай жасалған калькаларды жатқызамыз. Мысалы: пятилетка – бесжылдық, трудодень – еңбеккүң, новатор – жаңашыл, правление – басқарма, водород – сутегі, глазомер – көзөлшер, летчик – ұшқыш, единство – бірлік, успеваемость – үлгірім, показатель – көрсеткіш, обозреватель – шолушы.

Осы мысалдардың өзінен-ақ әртүрлі жүйедегі тілдердің сөз тудырудағы өзіндік ерекшеліктері айқын көрінеді. Орыс тіліндегі екі не одан да көп сөздер бір-бірімен дәнекер элемент арқылы біріксе, қазақ тілінің сөз тудыру жүйесінде ондай элемент мүлде жоқ. Және де осы орыс тіліндегі дәнекер элементтің ешбір мағыналық ролі болмағандықтан, қазақ тіліндегі калька сөзде оның орны жоқталмайды. Осыған байланысты дәнекер элемент сөздің ішкі формасының компоненті бола алмайды деген тұжырым туады. Сонымен дәл калькаларға ішкі дәлелдемесі анық сезіліп тұрған біріккен сөзден және аффикстік тәсілмен жасалған туынды сөздер жатады.

Жуық калькаларға таратушы тілдегі сөздің мағынасын дәлме-дәл емес, жуық мағыналас сөздермен не сөз тіркестерімен, ол сөздің құрылымдық компоненттерінің реттік қатары да қабылдаушы тілде орын ауысып жасалған сөздерді жатқызамыз. Мысалы: второгодник – класта қалған, мороженое – балмұздақ, голосование – дауысқа салу, близорукость – жуықкөздік, мировоззрение – көзқарас, изобретение – өнертабыс, нерентабельность – тиімсіздік, самодеятельность – көркемөнер, т.б. Жуық калькалардың тілде орнығуы өте ұзаққа созылатын процесс. Бұл калькалар көбінесе жазба әдебиетте қолданылғанымен, ауызекі тілде таратушы тілдегі формасымен бүтін кірмесөз ретінде айтылады. Оның себебі, бүтін кірмесөз халыққа калькадан ертерек тарап кетеді де, жиі қолданысқа түседі. Ал кейінірек пайда болған жуық калька өзі дәл емес сипаттық мағынада және морфологиялық құрылымы көп тіркесті болғандықтан ауызекі сөйлеу тілінде көптеген түрлі кедергілерге кездеседі. Кірмесөз бір емес, бірнеше рет калькаланып, синонимдік қатар құруы да мүмкін. Мысалы: тренер – үйретуші – сайыпкер – жаттықтырушы. Каток – сырғанақ, мұз алаңы. Алғашында бір мағына беретін әртүрлі калькалар келе-келе мағыналық ажырымға түсіп, әрқайсысы жеке-жеке ұғымға ие болуы да мүмкін. Мысалы: распоряжение – бұйрық, жарлық болып калькаланған еді. Қазір жарлық “распоряжение” деген сөзге балама ретінде тұрақтады да, бұйрық “приказ” сөзіне балама болып қалыптасты.

Жартылай калькаға таратушы тілдегі сөздің құрылымдық реті сақталып, компоненттерінің бірі қабылдаушы тілдегі сөзімен алмастырылған сөздерді жатқызамыз. Бір зерттеушілер жартылай калькаға тек біріккен сөздерден тұратын лексемалардың бір компоненті алмастырылған ұғымды жатқызса, басқалары аффикстік тәсілмен жасалған туынды сөздің де кез келген компоненттері (префикстері немесе аффикстері) қабылдаушы тілдің сөйкес сөз тудыру құралдарымен жасалған сөздерді де санауды жақтайды. Қазақ тілінде жартылай калькалар өте көп кездеседі. Бұлар көбінесе бір компонентті интернационалдық лексема, енді бір бөлшегі орыс тілінің сөздерінен не сөз тудырушы аффикстерінен жасалған сөздер. Бұл жартылай калькалар – интернационалдық бөлшегі сол күйінде сақталып, орыс тілінен тұратын компоненті қазақ тілінің материалдарымен алмастырылған сөздер. Мысалы: мясокомбинат – ет комбинаты, азотлюбы – азотқұмарлар, валентность – валенттік, микровесы – микротаразы, агенство – агенттік, аэросани – аэрошана, авторучка – автоқалам, автоматизация – автоматтандыру, т.б.

Қазіргі қазақ тілінде, әсіресе, мамандыққа байланысты ұғымдар да бүтін кірмесөз бен жартылай калька жарыса қатар қолданыс табуда. Мысалы: тракторист – тракторшы, комбайнер – комбайншы, спортсмен – спортшы.

Кейбір кірмесөздер алдымен бүтін кірмесөз ретінде қолданылып, кейінірек оның бір компоненті қазақ сөзімен алмастырылып, жартылай калькаға ауысуы мүмкін. Мысалы: телевидение – теледидар, автолавка – автодүкен, рекордсмен – рекордшы, фотокорреспондент – фототілші, фотокарточка – фотосурет.

Калька мен аударма сырт қарағанда өте ұқсас болуы мүмкін. Бірақ олардың арасында үлкен айырмашылық бар. Аударма екі тілде бұрыннан бар сөздерді біріне-біріне балама жасайды. Ал, калька процесінде қазақ тілінде жаңа ұғым, жаңа сөз дүниеге келеді. Калька тек таратушы тілдегі туынды сөздің ішкі формасы, дәлелдемесі анық болған кезде ғана жасалады. Ал, егер қабылданатын сөздің дәлелдемесі белгісіз не көмескі болса, онда ол сол бүтін күйінде бүтін кірмесөз ретінде ғана қабылдаушы тілге енеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі калька мәселесіне байланысты І. Кеңесбаев мынадай пікір айтады: “Специальной разработки требует также проблема калькирования отдельных слов и выражений с русского языка на казахский. Калькирование, как один из способов обогащения лексики языка, может принести большую пользу при умелом к нему подходе. Безразборчивое калькирование, затемняя значение слов, кроме вреда, ничего не приносит языку” (23).

Міне, сондықтан да калька терең зерттеуді, көп ізденуді талап ететін тілдегі ерекше құбылыс.

1 *Шанский Н.М.* Лексикология современного русского языка. М., 1972, стр. 105. *Виноградов В.В.* Очерки по истории русск. лит. языка. XVIII-XIX вв. М., 1938, стр. 162.

2 *Будагов Р.А.* Очерки по языкознанию. М., 1963, стр. 89. *Булаховский Л.А.* Введение в языкознание. т. I. Киев, 1962. стр. 127.

3 *Булаховский Л.А.* Курс русского языкознания. т. I. Киев, 1952, стр. 93.

4 *Аханов К.* Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1973, 201 бет.

5 *Кенесбаев С., Жаңузаков Т.* Русско-казахский словарь лингвистических терминов. Алма-Ата, 1966, стр. 76.

6 *Ахунджанова К.Ю.* О словообразовании в узбекском языке на базе русско-интернациональной лексики. АҚД. Ташкент, 1973, стр. 6.

7 *Будагов Р.А.* Очерки по языкознанию. М., 1963.

8 *Ефремов Л.П.* Калькирование и его отличие от заимствования. – “Изв. АН КазССР”, серия филологии и искусствоведения, вып. 1, 1960, стр. 19.

9 *Пауль Г.* Принципы истории языка. М., 1960. стр. 459.

10 *Betz W.* Deutsch und Lateinisch. Bonn, 1949. *Beck E.* Wesen und Wert der Lehnübersetzungen. Gieben, 1935.

11 *Хакулинен Л.* Развитие и структура финского языка. м. II. М., 1955, стр. 108.

12 *Флекенштейн К.* Кальки по немецкой модели в совр. русском языке. АҚД. М., 1963, стр. 9.

13 *Sandfield-Jensen K.* Notes sur les salgues, linguistigues Festschrift fur V. Thomsen, Leipzig, 1912.

14 *Булаховский Л.А.* Введение в языкознание. т. I. Киев, 1952. стр. 127.

15 *Топуридзе-Сумбатова Н.Ю.* Неологизмы в совр. немецком языке. АҚД. М., 1952, стр. 13.

16 *Ефремов Л.П.* Лексическое и фразеологическое калькирование. – “Труды Самарканд. Гос. университета”. “Вопросы фразеологии”, новая серия, вып. 106, 1961, стр. 4.

17 *Флекенштейн К.* Кальки по немецкой модели в совр. русском языке. АҚД-М., М., 1963. стр. 15. Ахунзянов Э. Русские кальки в татарском языке. – В сб.: “Вопросы татарского языка”. Казань, 1965. стр. 38.

18 *Муллина Р.* К вопросу о русских и интернациональных заимствованиях путем калькирования в казахском языке. – “Уч. зап. Казахского гос. университета (язык и литература)”, т. XIX. 1955.

19 *Урекенова Р.А.* Новообразования прилагательных, созданных путем калькирования с русского языка на казахский. – Изв. АН КазССР”. Серия общественная, 1969, № 3.

20 *Ергазиева Н.И.* Формирование и развитие официально-деловой реми в казахском языке. АҚД. Алма-Ата, 1972. Молдатаев Е.А. Термины спорта в русском и казахском языках. АҚД. 1972. Бажина И.Н: Русские кальки в киргизском литерат. языке.— “Ум. зап. Киргиз. ЖенПИ им. В.В. Маяковского”. вып. VII, 1962. стр. 3.

21 *Балли Ш.* Французская стилистика. М., 1961, стр. 71.

22 *Соссюр Ф.* Курс общей лингвистики. М., 1933, стр. 94.

23 *Кенесбаев С.* Прогрессивное влияние русского языка на казахский. – В сб.: “Прогрессивное влияние русского языка на казахский”. Алма-Ата, 1965, стр. 18.

Молдабеков Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі калька мәселесі. // Қазақ тілі мен әдебиеті.

7-шығы. Алматы, 1975. – 74-79 бб.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әдеби тілдің мәні қашанда қоғамға, қоғам мүшелеріне қызмет ету қабілетімен айқындалады. Тілді қоғамдық құбылыс ретінде танитындығымыз да сондықтан. Қоғам өміріндегі өзгерістердің бәрі тілден орын теуіп, тіл құралы арқылы өрнектеліп жатады. Әрине, ол өзгерістер мен құбылыстарды, ұғымдарды сипаттайтын сөздер бірден ойдан немесе қолдан жасалмақ емес. Әуелі халық тілінің сарқылмас қазынасының бар байлығы сарапқа түсіп, мүмкіншілігі сарқа пайдаланылуға тиіс. Ал тіл иелерінің тіршілік болмысында бұрын болмаған, кездеспеген түсінік, ұғым атауларын сол өзге тілді орыс, не шетел тілдерінен ауыс-күйіс жасау жарасымды заңдылық. Мұндай құбылысты кез келген тіл тарихынан байқаймыз. Мұның бәрі тіл байлығын арттырмаса, кемітпейді. Осылайша әрқилы жолдармен дами, қалыптаса келіп, тіл өз тарихында бұрын болмаған сатыға көтеріледі. Оның сөздік қоры көбейіп, қолданыста икемділіп арта түседі.

Қазіргі қазақ әдеби тілін дәл осы түрі дәл осы тұрғыдан саралай келе дамыған тілдер қатарына жатқызамыз Ұлы Октябрьдің шапағаты ерте тиген халық тілі, бұл күндері, қоғамдық қызметі кеңейіп, нормалары, жазу дәстүрі қалыптасқан, стильдік тармақтары сараланып, сұрыпталған, жан-жақты дамыған өміршең де өскелең тілге айналып отыр. Соның нәтижесінде ол өнер мен әдебиеттің, ғылым мен техниканың, экономика мен мәдениеттің, оқу-білім тәрбие жұмыстарының, тіпті саяси-әлеуметтік өміріміздің барлық саласына қалтқысыз қызмет ететін әлеуетті құралға айналды.

Әдеби тілдің байлығын құрайтын оның әлденеше тармақтары бар. Тіліміздің қазіргі болмысына айрықша әсер етіп, көзі ашылған бұлақ суындай боп келіп құйылып жатқан арнаның бірі – терминологиялық лексика, яғни термин сөздер жүйесі. Әдеби тілдің сұрыпталып, толығып, толысып, нормалы қалыпқа түсуіне лексиканың бұл қабатының да едәуір әсері бар. Алайда терминдердің де өзінен өзі жасалып, қалыпқа түсіп жатпайтыны түсінікті. Тілге сауатты, саналы қамқорлық керек дейтін болсақ, біз мәселенің осы жағын ескеріп айтамыз.

Жоғарыда мән бергеніміздей, тіл дамуың, оның қоғамдық қызметінің кеңеюін, ғылыми-техникалық, саяси-әлеуметтік ой-пікірдің, өріс алуың, мәдениет пен экономика саласындағы сан алуан ұғымдарды білдіретін сөз қатпарларының шеруін біз, ең алдымен, терминдер жүйесінен табамыз. Мұның бәрі халқымыздың әлеуметтік өмірінде болған өзгерістерге, тарихи оқиғаларға орай

өрбіген белгілер. Социалистік қоғам орнату жолындағы күреске белсене кірісудің нәтижесінде қазақ епбекшілерінің жан дүниесінде рухани өсу, өрлеу сөзімдері дамып, саналы ғұмыр кеше бастады. Ендеше ұлттық мәдениеттің бұлайша гүлденуі тілге де әсерін тигізбей қойған жоқ. Сөйтіп, әдеби тіліміздің сөздік қорында қоғам өміріндегі әлгіндей өзгерістердің нәтижесінде арнаулы лексика жүйесі пайда болды. Бұл терминологиялық лексика өнер-білім, ғылым-техника, мәдениет-әдебиет, т.б. салалардың тармақтана дамуына орай жан-жақты қанат жайып, қаулап өсе бастады. Лексиканың бұл қабаттарының әдеби тілдің басқа қабаттарынан айырмашылығы сол, мұнда тіл байлығы ғылым мен техниканың сан саласын, өнер мен кәсіптік мамандықты өзара тығыз байланыстырып тілдің арнаулы қызмет аясын аша түседі. Осы тұста тілдің дамуы, оның лексикалық жүйесі, сол тілді пайдаланушы халықтың материалдық және рухани мәдениет тарихымен тығыз байланыста болатынын байқаймыз.

Түптеп келгенде, терминология тарихын зерттеу – табиғат пен қоғам туралы ой пікірдің даму заңдылықтарын ашумен бара бар болып шығады. Қандай бір ғылым тарихына үнілсеңіз де, сіз сол саладағы ұғымдар мен терминдер жүйесін аттап өте алмайсыз. Өйткені терминологиясы қалыптаспаған ғылым – өлі даму жолына түсе қоймаған ғылым. Олай болса терминология дегеніміз осы заманғы ғылым мен техника тілі, мәдениет пен экономика тіл, әдебиет пен өнер тілі болып шығады.

Қазақ тіл білімінің тарихында термин мәселесі бүгін ғана сөз болып, ғылым объектісіне бүгін ғана айналып отырған жоқ. Кейбір зерттеушілер¹ пікіріне қарағанда және өзіміздің бағдарлауымыз бойынша да революциядан бұрынғы баспасөз бетінде де (“Айқап” журналы, “Түркістан уалаятының газеті”, “Дала уалаятының газеті”, т.б.) бұл мәселеге, әуел бастан-ақ назар аударыла бастайды. Тіпті осы аталған газет, журнал тілінің өзімен де біз термин сөздердің қалай жасалып, қалай қалыптаса бастағанын байқаймыз. Сөйтіп, ғылым тіліне айнарудың алғашқы іздерін көреміз.

Ұлттық мәдениеттің тек советтік дәуірде ғана барынша қанат жайып, дамығаны мәлім. Революциядан кейінгі алғашқы жылдардың өзінде-ақ, советтік Россияның түкпір-түкпіріндегі сияқты, қазақ елінде де халықты қараңғылықта тұмшалап келген сауатсыздыққа қарсы жаппай күрес басталды. Жер жерде сауатсыздықты жою курстары мектептер, қызыл отаулар, клубтар, кітапханалар ашылып, олардың бәрін ел сауат ашу мақсатында пайдаланды. Баспалар жұмыс істеп, газет, журналдар сан алуан салаға байланысты қазақ тілінде материалдар, мақалалар, кітапшалар, оқу құралдарын шығарып елге таратты.

¹ Қарашева Н. О грамматических особенностях казахской публицистики начала XX века – Қазақ тіл білімі мәселелері. - Алматы, 1950, 1 кіт.; Өбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы, 1971.

Бұған дәлел ретінде тарихи документтердегі мынадай деректерді келтіруге болады. Қазақ тілін әрі әдеби, әрі ғылым тіліне айналдыру ісі Қазақ АССР-і құрылған 1920 жылдан бастап-ақ қолға алынған екен. Бұл шаруамен әдепкіде Қазақ АССР Оқу халық комиссариаты жанындағы Академиялық Орталық (Акцентр) шұғылданған. Комиссариат қазақтың ғылыми тілін жасаумен, саяси әдебиетті қазақ тіліне түсінікті, анық, дәл аударумен айналысқан. Сонда, байқап қарасақ, көрші республикалармен салыстырғанда, Қазақстан жұртшылығы термин жасау ісінен, оны қалыптастыру мәселесімен сәлде болса ертерек айналысқан тәрізді. Осы комиссариаттың 1921-1923 жылдары істеген жұмыстары жайында берілген есебінде мынадай жолдар бар. “Қазақ ғылыми әдеби советі өткен жылдарда қазақ тілінің дәл ғылыми терминологиясын жасаумен айналысты, оны жергілікті қазақ баспасөз орындарында жариялап отыру арқылы жалпы жұрттың міндетті түрде қолданылуын қадағалап отырды”².

Осы келтірілген деректен партия мен өкіметтің ана тілге деген қалтқысыз қамқорлығын айқын сезінесіз.

Ал, 1925-1935 жылдар аралығында қазақ әдеби тілінің терминологиялық жүйесін жасау ісімен Қазақ АССР Оқу Халық комиссариаты жанындағы Методикалық бюро шұғылданған 1936 жылдан былай қарай мемлекеттік мәні ерекше бұл жұмыспен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы айналысып келеді.

Сөйтіп, кешегі көшпенділер отырықшы ел қатарына қосылып, жасампаз өміріміздің барлық саласына араласып, жаңа өмірдің саналы күрескерлеріне айнала бастайды. Жалпыға бірдей білім беретін оқу жүйесі жолға қойылған соң, халықтың мәдениеті көтеріліп, әлеумет аренасына шықты.

30-жылдардың ортасына дейін Қазақстанда еңбекші бұқараның 85 проценті³ сауаттылар қатарына қосылды. Осының нәтижесінде республикада мәдени революция жеңді. Арнаулы орта және жоғары оқу орындары ашылып, оларда мыңдаған қазақ қыздары мен ұлдары білім алып жатты.

Қазақша оқыту, қазақша жазу мәселесі күнделікті қажеттілікке айналған соң, осы жазу-сызуымыздың өзін ретке келтіріп, жүйелеу ісі күн тәртібіне көтерілді. Оның үстіне алфавит пен орфографиясы өлі қалыпқа түсе қоймаған тілде сауаттылыққа жету оңайға соқпайтыны тарихтан белгілі. Бұлар мәдени революцияның бірінші кезектегі мәселелері.

¹ Қазақ ССР архивы, 81-ф., 1-оп., 56-іс. Бұл дерек С. Бәйішевтің “Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері” деген мақаласында да (Халық мұғалімі, 1948, № 5) келтірілген.

² Тастанов Ш.Ю. Казахская советская интеллигенция. - Алма Ата, 1982. - с. 74.

Терминология мәселесі сол кезде өткізіліп жататын конференция, съезд, мәжілістердің де күн тәртібіне қойылып бүкілхалықтық талқыға түсті. Мәселен, 1924 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбор қаласында өткен республика ғылыми қызметкерлерінің I съезінде терминология мәселесі алғаш рет кеңінен сөз болды. Бұл қазақ халқының, мәдени өмірінде терминология проблемасының тұңғыш рет көпшілік талқысына түсуі еді. Ендеше қазақ жұртшылығы Бакуде өтетін съезге бұл мәселені пісіріп жан-жақты қамданып барды деп білеміз. 1926 жылы Бакуде өткен түркологтардың алғашқы съезі бұл мәселенің маңызын көтере түсті. Онда ұлттық тілдер терминологиясының көптеген мәселелері әңгіме болды. Съезд өзінің қарарына барлық жерде терминологиялық комиссиялар құру қажеттігі жайында бір пункт енгізді. Міне, осының өзінен-ақ терминологияның қаншалықты маңызы бар мәселе екенін аңғаруға болады. Сол уақыттан бері қарай терминология мәселесі әрқилы деңгейде әр алуан сапада сөз болып келеді.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ тілінің терминдік жүйесін жасап, оны бір ізге түсірудің қалыптастырудың қамын ойлаған айтулы азаматтарды көреміз. Республикалық газет, журнал (“Еңбекші қазақ”, “Қызыл Қазақстан”, т.б.) беттерінде³ 20 жылдардың басында-ақ термин жайында әңгіме қозғала бастайды. “Еңбекші қазақ” газетінің 1926 жылы, 7 июньдегі санында І. Ахметовтің “Термин туралы” мақаласы жарияланған “Жаңа мектеп” журналы мен басқа да баспасөз беттерін шолып қарасаңыз, ә дегеннен-ақ, әр алуан атау сөздерге, терминдік мәндегі ұғымдарға мән беріліп, соларды қалайда бір ізге түсіріп, тәртіптеудің әрекетін байқаймыз.

“Еңбекші қазақ” газеті термин сөздер жайындағы мақалаларды үнемі үзбей жариялап отырған 1928 жылдың 17 майдағы санында “Термин туралы” деген мақала басылады. Ал 1929 жылдың 19 майында “Емле пән атаулары туралы” материал берген. Осы тектес көптеген мәліметтер республикалық партия газетінің о бастан-ақ термин мәселесіне аса жіті көңіл бөліп отырғанын көрсетеді.

Мемлекет қоғам және мәдениет қайраткерлерінің де термин жайындағы ойларын осы баспасөз беттерінен табамыз. Сәл де болса бұл мәселенің ғылыми және әлеуметтік мәнін тереңірек түсініп, байыпты пікір айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин⁴ 5. “Терминдер мен терминология туралы” деген мақаладан Сәкеннің сол кездің өзінде-ақ термин жасау принциптерін дұрыс түсініп, дұрыс бағыт ұсынғанын білеміз.

30-жылдардың басында термин мәселесімен жас Мұхтар Әуезов шұғылданғанын білдіретін М. Мырзахметовтың деректі мақаласын “Қазақстан

³ Еңбекші қазақ, 1923, 25 июнь Қызыл Қазақстан 1923 № 19-20, 21-23-24 6, 924, № 4.

⁴ Советская степь, 1928, 28 февраля.

мұғалімі” (1977, 14 октябрь) газеті жариялады. Мұндағы мәлімет бойынша Ташкент университетінде оқып жүрген М. Әуезов сол жылдары ұйымдасқан терминологиялық комиссияның хатшысы болған екен. Сондай-ақ атақты жазушылар Б. Майлин, І. Жансүгіров, т.б. да жеке мағыналы атау сөздердің тұрақты қызмет атқаруына үнемі араласып, атсалысып отырған.

30-жылдары бұл аса маңызды шаруамен ғылым мен өнердің, әдебиет пен мәдениеттің, шаруашылық пен экономиканың әрқилы саласында еңбек етіп жүрген айтулы мамандар және партия-совет қызметкерлерімен қатар арнаулы білімі бар тіл мамандары да шұғылдана бастайды. Тілшілердің араласуы мәселенің, ғылыми дәйектілігін, заңдылығын арттыра түсті.

Қазақ АССР Халық Комиссарлар Советінің 1933 жылғы № 508 қаулысына сәйкес Қазақстанның Оқу істері Халық комиссариатының жанынан мемлекеттік терминология комиссиясы құрылды. Оның тұңғыш председателі болып проф. Қ. Жұбанов бекітілді. Қ. Жұбановтың басшылығымен бұл комиссия қазақ тілінде термин жасаудың, оны бір ізге түсіріп, қалыптастырудың негізгі принциптері анықтап берді. Бұдан былай қарай көп салалы ғылыми терминологияны жасау, қалыптастыру ісі бір орталықтан жүйелі түрде жүргізіле бастайды.

Осының дәлелі ретінде 1935 жылы басылып шыққан мемлекеттік терминология комиссиясы Бюллетенінің төрт номерін айтуға болады. Бюллетеньде ұлттық мәдениетіміздің тарихында айрықша роль атқарған аса қажет мәселелерге көңіл бөлінген. Оның 1-санында терминология мен орфография мәселелеріне қатысты бірнеше материал берілген Сауаттылыққа кепіл болатын алғы шарт алфавит пен орфография десек, ә дегеннен осы мәселелерге көңіл бөлінуі және сонымен бірге терминологияның қатар қарастырылуы бұл мәселе мәнінің халқымыз үшін қаншалықты жоғары болатынын байқатады.

Мұндағы материалдық көбі әрі қазақша, әрі орысша беріліп отырған. “Қазақ әдебиет тілінің терминдері туралы”, “Термин сөздердің спецификасы туралы”, тіпті “Қазақ орфографиясын қайта қарау жөнінде” мақаласының өзінде де Қ. Жұбанов термин мәселесін тікелей әңгіме етеді. Аталған еңбектерінде ғалым, ең алдымен, термин жайында толып түсінік беріп, оның ерекше белгілерін ашып, мәнін түсіндіреді, анықтамасын жасайды.

Тегінде әрбір ғылым объектісін заман тудырады десек, сол заманның даму барысын уысында ұстап отырған қоғам өзін ілгері жылжытуға себепкер болатын мәселенің бәріне жағдай жасайды. Ғылымның, техниканың, жалпы мәдениетіміздің даму көзін осыдан тартамыз. Ал қоғам керек етіп, күн тәртібіне шығарып отырған проблемаларды дер кезінде танып, көтеруге елдің бәрінің қабілеті жете бермек емес. Оны заманына лайықты туылып, табиғат пен қоғам заңдылығын танып білерлік білім алған білікті азамат қана көреді. Қазақ

мәдениетінің қаулап қанат жаюы тұсында, қаптап шыққан ғылым, мәдениет, қоғам қайраткерлер қатарында Қ. Жұбановтың да есімі аталады. Олай болуы заңды да. Ол қазақ мәдениетінің дамуына бірден бір дәнскер бола алатын жазу, сызу, сауаттылық саласындағы аса бір қажетті мәселемен дер кезінде шұғылданған ғалым. Оның ішінде советтік өміріміздің қарқынды қимылына, іс-әрекетіне орай толассыз туындап жатқан жаңа ұғым, жаңа түсініктерді өрнектеуде жұмсалатын терминологиялық лексиканың табиғатын барлап, олардың жасалу жолдары мен принциптерін дұрыс түзеуге тырысқан осындай білікті азаматтар ролі ерекше болғанын атап айтуымыз керек.

Егер 20-30 жылдардағы тіл шаруашылығына байланысты болған, талас-тартыстарды бір сәт еске түсірсек, мынадай жағдайларды байқаймыз. Тіл дамуындағы әлгіндей өзгеше құбылыстар болмысынан үріккен ұлтшылдар кезінде заңды жолмен жасалып жатқан термин сөздерге тыйым салып, әр түрлі керітартпа әрекеттер істеп бақты. Тілді “таза” ұстау керек деген шектеулі шеңбермен түмшаланып, ауыс-түйістен ат-тонын ала қашып отырды. Революциядан бұрын араб-парсы сөздерінің елімізге келу, тілімізге ену жолдарымен олардың ісі болған жоқ.

Тіпті патшалық Россия тұсында шығып тұрған газет, журнал беттерінде қазақша әдемі баламасы бар сөздерді орысша алғанда үндемеген “байбаламшылар” енді тілімізде тарихи заңдылықтар негізінде еніп, жасалып, қалыптасып жатқан “жат” сөздердің бәрін аластауға тырысуы ғылыми дәйектіліктен тыс пиғыл еді. Барша халықтарға ортақ халықаралық терминдердің өзін қисыны келсін-келмесін қалайда қарабайыр қазақшалап әлекке түсіп жатқан осындай идеологиялық айтыс тұсында жазылған Қ. Жұбанов және т.б. аталған еңбектері бұл мәселенің осы тектес кейбір жайттарының бетін ашты. Әдетте белгілі бір мәселе төңірегінде үзілді-кесілді пікір айту үшін, ең алдымен, сол мәселенің өзін толық түсініп алу қажет. Әйтпесе ол жайындағы айтылар әңгіменің бәрі ғылыми дәйексіз алып-қашты сөз болып шығады. Біз әлгі еңбектерден сондай ғылыми жүйені байқаймыз. Олай дейтініміз бұларда, ең алдымен терминнің анықтамасы берілді, термин жасаудың жолдары мен принциптері көрсетілді. Қазақ терминологиясының белгілі бір жүйемен дамып, қалыптасуына мұның едәуір септігі болғаны мәлім.

Бұл саладағы жұмыстарды ретке келтіруде Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысын айрықша атауға тура келеді. Өйткені терминге қатысты жұмыстардың көбі осы комиссияның, не оның мүшелерінің қолқабысынсыз, қатысынсыз жасалған емес. Барлық ғылым салалары бойынша ұдайы терминдер жүйесі жасалып, олар терминкомда талқыланып, бекітіліп отырды. Мұның үстіне әлденеше терминологиялық сөздіктер түзіліп, әрқилы баспадан жарық көрді.

Ғылым мен қоғам бірінсіз бірі күн кеше алмайды. Ғылымды дамытатын – маман. Мамандары жетілмеген ғылым, шәкірті жоқ ұстаз сияқты болмақ. Алғашқы кезеңнің тағы бір ерекшелігі сол, 30 жылдардан бергі жердегі мерзім ішінде қазақ терминологиясын қарастыра алатын маман адамдар басы құралды. Олардың арасында, жоғарыда ескерткеніміздей, партия, совет қайраткерлері, ғылым, оқу-ағарту майданының қызметкерлері бар. Бұлар терминологияның қалыптасу, даму барысына септігі тие ой-пікірлер өрбітсе, біртіндеп ұйымдаса бастаған авторлар коллективі практикалық жұмыспен шұғылданды. Ғылым мен техниканың әр алуан саласының өзді-өзінен маман адамдар шығып, өз ғылымының терминологиялық жүйесін қамтитын сөздіктер түзді.

Проф. Ш.Ш. Сарыбаевтың библиографиялық көрсеткішіндегі деректерге сүйенсек, бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде жалпы терминология мәселесіне қатысты 450-500-дей материал жарияланған екен. Мұның ішінде монографиялық зерттеулер, мақалалар, рецензиялар да есептеліп отыр. Қазақстанда жарық көрген екі тілді, немесе түсіндірме сөздіктердің жалпы саны 60-қа жуықтайды. Әрине, бұл сөздіктердің бәрі бірдей ғылыми талапқа сай деңгейде деп айта алмаймыз. Алайда соншама жұмыс жасалып, бұлардың жұртшылыққа мезгілінде ұсынылуының өзі қуанарлық, құптарлық жайт. Терминология мәселесіне қатысты жазылған зерттеу жұмыстарың, мақалаларды әрбір он жылға шаққанда жалпы есебі былай болып шығады екен. 30-жылдары алпысқа жуық болса, 40-жылдары 34 мақала жарияланыпты. Ал 50-60-жылдарды қоса есептегенде 400-ден астам еңбек жарияланған. 70-жылдар үлесі де жаман емес. Бұл жылдары жұртшылық 122 еңбекпен танысты. Сонда байқайтынымыз бұл проблемаға деген ықыластың жыл өткен сайын үдемеленіп, үстеп отырғаны. Осындай хронологиялық тәртіппен осы еңбектерді сүзіп шыққанның өзінен де, біртіндеп ғылыми зерттеулер салмағының басым бола бастағанын көреміз.

Сөздік жасау мәселесіне келсек, бұл тұста едәуір табысымыз бар. Дегенмен жұмыс жүйелі жүргізілді деп айту қиын. Мемтерминком араласқан жұмыстарда ғана ептеп бірізділік, принциптілік көрінеді. Сонда да оқырман қолына тиген 60-қа жуық терминологиялық сөздік құрылысы, құрамы, көлемі, көркемделуі жағынан ала-құла. Бұлардың арасында бір тілді екі тілді, тіпті көп тілді сөздіктер де кездеседі. Екі тілді сөздіктер қатарына түсіндірмесі де бар. Яғни терминологиялық сөздіктер шығаруда бірегей мақсат көзделіп, белгілі принцип сақталмаған. Мұның үстіне сөздік жасау тәжірибемізді жинақтап, оның теориялық мәселелерін түйіндейтін лексикографиялық жұмыстар мүлде аз. Терминология мәселесін қарастыруды ұйымдастырушылар бар болғанмен, оның проблемаларын зерттеушілер қауымы әлі күнге жетілмей жатқанын ашып айту қажет. Бұл мәселенің зерттелу жайының шкаласына қарасақ, ол бірде секіріп

жоғары шығып, бірде күрт төмендеп отырған. Оның әрқилы ретті, ретсіз жайлары болды, яғни объективті, субъективті себептері бар. Мұндай себептер сыры ғылыми-зерттеу жұмыс барысында айқындалып, ашылып отыруы тиіс.

Жалпы қазақ терминологиясын жасауға, дамытуға, қалыптастыруға күш салған азаматтар ретінде проф. Қ. Жұбанов, Х. Басымовтардан кейін, біз, бұл шаруамен айналысқан Қазақ ССР Ғылым академиясының академиктері С. Бәйішев, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаевтың, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері С. Аманжолов, М. Балақаевтың, белгілі журналистер М. Жанғалин, Қ. Шәріпов, Қ. Сағындықовтардың есімін ілтипатпен атаймыз. Бұлар термин сөздердің жасалуы мен қалыптасуына тікелей араласып, әдеби тіліміздің арнаулы өріс алуына қызмет еткен жандар. Бұлар орыс тілінің бай тәжірибесіне сүйене отырып, қазақ тілінің мүмкіншілігін сарапқа салды. Олар мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі ретінде де көп жұмыс атқарды (мемлекеттік терминология комиссиясының терминді қалыптастырудағы ролі жайында ғылыми анализ келесі өңгімемізде болмақ. – Ө. А.).

Әрбір кезеңнің өз мөрі, өз қолтаңбасы ғылымда, оның ішінде тіл білімінің негізгі объектісіне айналған қазақ тілінде де қалып отырған. Советтік заманымыздың ұлттық тілдегі айрықша бір көршісі ретінде терминдер жүйесін атайтын болсақ, бұлар жайында жасалған бірен-саран баяндама, хабарламалардың әдеби тіліміздің арнайы лексикасын түбегейлі қарастырған, ғылыми дәйекті пікір түйген сараман еңбектер деп асыра бағалау қиын. Рас, бұлар терминологиялық лексиканың ғылыми проблемалары талданар алдындағы жолнұсқа ролін атқарған қажетті баспалдақтай дүниелер.

Осы тұрғыдан келгенде қазақ терминографиясының қазіргі күйі мен оның әдеби тілімізді қалыптастырудағы, дамытудағы әр алуан қызметін саралап оның ғылыми теориялық проблемаларын күн тәртібіне шығарып жан жақты зерттеудің жүйелі түрде жүргізілуіне бүгінгі таңда біраз мүмкіндіктер жасалып отыр. Оларды біз міндетті түрде атап-атап айтуға тиіспіз.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының құрамын да Терминология және аударма теориясы бөлімінің құрылуына байланысты бұл саладағы жұмыс бағыты түбірімен жаңа арнаға түсті. Бөлім ең алдымен, өзінің болашақтағы зерттеу жұмыстарына тірек негіз болар картотекалық қорын жасап, оны бітіруге таяу. Бұл қорда ертелі-кеш жарық көрген терминологиялық сөздіктер материалы түгел сала-сала бойынша жинақталмақ. Оның үстіне, біз терминологиялық сөздіктер жасау ісіне алғаш рет электронды есептеу машинасының қызметін пайдаланып отырмыз. Біздің ойымызша, бұл жаңа әрекеттің ғылым үшін де, ғылым жетістіктерін неғұрлым ертерек игергісі келетін жалпы жұртшылық үшін де пайдасы мол болмақ. Мұның бәрі қазақ

түсіру жөніндегі базасы болып есептелетіндіктен осы нақты байланыс мәселесін қолға алып бірқатар шаралар жасады. Алдағы тұрған міндеттер де осы әңгіме болып отырған жайлардан туындайды.

Мемлекеттік терминология комиссиясының жанынан құрылып отырған алты терминологиялық секцияда Қазақстандағы барлық ғылым саласы қамтылған. Терминологияға қатысты жұмыстық бәрі осы секциялар мен Тіл білімі институты қызметкерлерінің яғни тілші терминологтардың ғылыми практикалық байланысы қаншалықты дәрежеде болуына қарай шешім таппақ. Міне, сондықтан да осындай өзара байланыс нәтижесінде қазірдің өзінде барлық секцияларға алғашқы ұйымдастыру мәжілістері өте құрам мен жұмыс жоспары нақтыланып отыр.

Осыған орай, алдағы жұмыстар барысында ойда болатын мынадай жайларды айта кетсек.

Терминологияны қарастырғанда қашанда, сол ғылымның нақты саласының талабын ескеру қажет. Мұқтаждық, қажеттілік мәселесін де ескермеуге болмайды. Содан кейін осы салада жасалып отырған, жасалуға тиіс терминдер белгілі бір ұлт тілінің сөздік құрамына енетін лексикалық жүйе екенін ұмытпау керек. Қай ғылым саласының қажетін өтеу үшін жасалған термин сөз, сол ғылым байлығы ғана емес, ұлттың әдеби тіл қорын молайтып отырған арна. Осындай қазына болуы үшін терминдер ұлт тілінің негізгі заңдылығына сәйкес жасалуға тиіс. Термин жасауда кетіп жататын кейбір қисынсыздық осыны ескере бермейтіндіктен. Сондықтан қазақ тілі терминологиясын жасап, қалыптастыруда тілшілер мен өзге ғылым салаларының өкілдері үнемі тізе қосып еңбектенуі қажет. Сонда ғана еңбек нәтижелі болмақ.

Екіншіден, термин жасауда қалыптасқан, уақыт сынынан өткен тәсілдер бар. Соларды ыңғайына қарай саралай білуде – білік пен сарамандық керек. Мәселен, қазақ тілінің сөз байлығын сарқа пайдаланып жүрміз бе, жоқ әлде қиындыққа бара бермей, жеңіл жол іздеп қалқып жүрміз бе? Ең алдымен, халық тілінің қазынасында терминдік сапада жұмсалуға сұранып тұрған қаншама сөздер барын бұрынғы зерттеушілер де айтқан, қазіргі ізденушілер де көрсетіп, дәлелдеп келеді. Орысша терминдерге балама іздеп табудағы, халықаралық терминдерді қабылдау жолындағы кейбір ерекшеліктерді ескермеуге болмайды. Осылардың бәрін шебер үйлестіріп, саралай білгенде ғана терминдер жүйесінде принциптілік белең алады.

Термин жасау ісі бүкілхалықтық іс болғандықтан да, біз бүкілодақтық терминология жүйесіндегі бірегейлікпен санаспай тұра алмаймыз. Иіні келген тұста Совет Одағындағы барлық халықтар тіліне ене бастаған ортақ сөздерден қашып оңашаланудың қажеті жоқ. Сонымен бірге, қайталап айтатын тағы бір

мәселе, ұлт тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің жаңа сөз жасаудағы мүмкіндігі мол. Әңгіме соны игере білуде.

Ендеше ғылымның барлық салалары мамандарының және тіл білімпаздарының алдында әлеуметтік мәні айрықша қазақ терминологиясын ретке келтірудің, қалыптастырудың, жасаудың сараман жолдары мен кезекті міндеттері тұр. Соны іске асырудың нәтижесінде біз жұртшылыққа бүгінгі талапқа сай сөздіктер жасап және осы проблеманың ғылыми-теориялық түйіндеулерін жазуға тиіспіз. Тіл дамыды, тіл байыды, тіл бұрын көтерілмеген сапаға көтерілді дегенде, оның қоғам өміріндегі қызметінің ерекшелігіне байланысты айтылса керек. Ұлттық тіліміздің советтік дәуірдегі қолданысында айтулы ерекшеліктер байқалатын болса, сол өзгешеліктің біразы терминологиялық жүйеден көрінеді. Ал ол қандай өріс, өзгешелік, нендей заңдылық екенін әлі толық қарастырып, дәлелдеп бере алғанымыз жоқ. Ендеше алдағы жұмыс бағдары осы ыңғайда жүргізілетіні түсінікті болар деп білеміз.

Айтбаев Ө. Қазақ әдеби тілі терминологиясының кейбір мәселелері // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология сериясы. 1984. № 4. – 1-8 бб.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРІ ЖӨНІНДЕ

Қазақ терминдерін жасау және оны қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде 20-жылдардан бастап қолға алына бастады. Бұл жұмысты Қазақстан Оқу Халық комиссариатының жанындағы Методикалық бюросы басқарған. Одан кейін Қазақ ССР Министрлер Советінің жанынан арнаулы Терминологиялық комиссия құрылды. 1935 жылы Қазақстан мәдениет қызметкерлерінің съезі болды. Онда қазақша терминдерді қалыптастыру және дамыту мәселелері қаралды.

Съезде интернационалдық терминдерді, мүмкіндігінше, өз қалпында өзгертпей қолдану және термин жасауда ана тіліміздегі сөздік қорымызды мейлінше, сарқа пайдалануды атап өтті.

Содан бері жарты ғасырдай мезгіл өтіпті. Техника мен ғылымның дамылсыз өсуі тіліміздің сөздік құрамын дамытты. Тіліміз, әсіресе терминдер есебінен, байыды. Қазірде ғылым мен техниканың әрбір саласына арналған және жалпы терминге байланысты 80-ге жақын терминологиялық қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктер мен түсіндірме лұғаттар жеке-жеке кітап болып шықты. Бұл әрине, тек саны жағынан ғана емес, сапасы мен мазмұны жағынан да құнды еңбектер. Қазірде терминологиялық сөздіктерді бүкіл мәдениетті қауым күнделікті өмір қажеттеріне жаратуда, олар көпшілікке үздіксіз қызмет етуде.

Қай тілде болмасын әрбір грамматикалық категория белгілі бір терминмен аталады. Терминнің мағынасы грамматикалық категорияларды анық, дәл көрсетіп, ұғым мен атаудың қасиетіне сәйкес қойылуы өте қажет. Қазақ тілі оқулықтарында зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, өткен шақ, қалау рай т.б. тәрізді терминдер өздеріне қатысты категориялардың мазмұнын бірден ашып тұрады.

Терминдердің осы сияқты грамматикалық формалардың мазмұндарына сәйкес болып келуі, әсіресе мектеп оқушыларының материалды тез және нақты меңгеру үшін маңызы өте зор.

Орта мектепте оқытылып жүрген оқулықтарда қазірде әбден нормаланды деген терминдердің бәрі бірдей мазмұнына сәйкес келе бермейді. Кейбір терминдердің аттары, тіпті, шартты түрде қойылған. Мысалы, етістік, шырай, рай, көсемше тәрізді терминдердің қандай категорияға қатысты екендігін тек тіл мамандары ғана айыра алады.

Өкінішке орай, грамматикалық категориялардың мазмұнын дәл беретін терминдерді тауып қою да оңай емес. Өйткені көптеген грамматикалық формалар тұрақты бір ғана мағынаны білдірумен шектелмейді.

Жалпы қазақ тіл білімі жайында жазылған еңбектерде, әсіресе университеттер мен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралдары, сондай-ақ орта мектептер мен педагогтық училищелердің оқушыларына арналған оқулықтарда грамматикалық терминдердің берілуінде бірізділік сақтала бермейді. Белгілі бір категорияның әр оқулықта әр түрлі аталуы әдетке айналған. Қазақ тіл біліміне, оның ішінде қазақ тіліне тән терминдерді үйрену, онымен таныстық бастауыш мектептерден басталады. Солай болса, бастауыш пен орта мектептерге қазақ тілінен жазылған оқулықтар қазақ тіліне қатысты барлық терминдерді сұрыптайтын, қалыптастыратын бірден-бір алғашқы оқу құралы екендігін авторлар ешқашан да ұмытпауы қажет-ақ.

5-6-класстарға арналған оқулықта¹ “Көсемше” мен “Есімше” жасалу түрлеріне қарай ғана бөлінген. Оларды беретін мағыналарына қарай ажыратып қалыптасқан² терминдермен атамаған. Сол класстарға жазылған екінші еңбекте³ “Көсемшені” жасалу түріне қарай ғана бөліп, ал “Есімшені” мағынасына сәйкес ажыратып, тиісті (“Өткен шақ есімше”, “Келер шақ есімше”, “Ауыспалы шақ есімше”) терминдермен атаған. Міне, орта мектепке арналған оқулықтарда оқушыларға терминді үйрету, оны қалыптастыру жайында бірыңғай талап қойылмаған.

Мұндай ала-құлалықтар жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқу құралдарында да жиі кездеседі. Мысалы: “Қазіргі қазақ тілінде”⁴ көсемшені “Үнемді көсемше”, “Үнемсіз көсемше”, “Мақсатты көсемше” деп бөлсе, екінші оқулықта⁵ “Өткен шақ көсемше”, “Келер шақ көсемше”, “Мақсатты көсемше” деп мағынасына қарай ажыратқан. Сонда көсемшенің, үш түрінің біреуін ғана атауда (мақсатты көсемше) екі оқулықта бірізділік бар да, қалған екеуінде әр түрлі терминмен берілген. Келесі бір еңбекте есімшені “Өткен шақ есімше”, “Дағдылы есімше”, “Болжалды есімше”, “Ниет есімше”, “Осы шақ есімше” деп бес түрлі терминмен атаса⁶, педучилищеге арналған оқу құралында⁷ “Осы шақтық есімше”, “Өткен шақтық есімше”, “Келер шақтық есімше”, “Ауыспалы шақтық есімше” деп төртке бөлген. Мұнда “Есімшені” мағынасына сәйкес ажыратуда тек қана екі атаудың терминін тауып қоюда ой бірлестігі бар да, қалғандарында әр тарапты болып кеткен.

Орта мектепке арналған қазақ тілі оқулықтарында⁸ шақ категориясын “Жедел өткен шақ”, “Бұрынғы өткен шақ”, “Ауыспалы өткен шақ” деп бөлсе,

¹ Кеңесбаев І., Бісқақов А., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы Алматы, 1968, I бөл., 142-б.

² Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1966.

³ Аханов Қ. Қазақ тілі оқулығы. Алматы, 1976, 148-б.

⁴ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 320-б.

⁵ Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1966, 91-99-б.

⁶ Сонда, 91-118-б.

⁷ Әбуханов Ф. Қазақ тілі. Алматы, 1982, 138-б.

⁸ Кеңесбаев І., Бісқақов А., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. Алматы, 1968, I-бөл., 156-б.; Аханов К. Қазақ тілі оқулығы Алматы, 1976, 166-б.

педучилищеге арналған кітапта⁹ “Бұрынғы өткен шақтық” жасалу жолының екінші түрін (-ып)-іп, -п жұрнағы арқылы бөліп алып, “Ежелгі өткен шақ” деген төртінші мағына егіп жаңа термин қосқан. Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқу құралдарында терминдерді “жаңарту”, “қосу” әрекеттері одан сайын дами түскен. “Қазіргі қазақ тілінде”¹⁰ “Ауыспалы өткен шақ” деген терминді “Тиянақсыз өткен шақ” деп ауыстырса, екінші еңбекте¹¹ “Жедел өткен шақ”, “Бұрынғы өткен шақ”, “Ежелгі өткен шақ”, “Дағдылы өткен шақ”, “Қатысты өткен шақ” деп өткен шақтың мағынасына бір жаңа термин (қатысты) қосып, бір терминді (дағдылы) ауыстырып жалпы санын беске жеткізген. Орта мектептер мен жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқу құралдарында “Шырайдың түрлері” де әр оқулықта аталу жағынан да, сан жағынан да әр түрлі берілген. Педучилище мен 5-6-класстарға арналған оқулықтарда¹² “Жай шырай”, “Салыстырмалы шырай”, “Күшейтпелі шырай” деп үш түрге бөлсе, филология факультеттері үшін жазылған еңбектердің кейбіреулерінде жоғарғы аталған үш шырайға “Асырмалы шырайды”¹³ қосып санын төртке жеткізген, екіншісінде – шырайлардың түрін “Салыстырмалы шырай, “Күшейтпелі шырай” деп тұқыртып әкеліп екіге төмендеткен¹⁴, үшіншісінде – “Салыстырмалы шырай”, “Бәсең шырай”, “Шағын шырай”, “Күшейтпелі шырай”, “Үдетпелі шырай” деп дамытып бес түрге бөлген. Мұнда әрбір автор өз көзқарастарын бірінші орынға қойған да, терминді қалыптастыру, бірізге салу сияқты күрделі мәселеге аса көңіл бөлмеген.

Орта мектептер мен жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқулықтарда “Қос сөздерді” де мағыналық және тұлғаларына қарай топтастыруда біркелкілік жоқ.

Қазіргі қазақ тілі оқулығында “форма тудырушы” десе, екінші оқулықта “сөз түрлендіруші” деп басқа терминмен атаған. Орта мектепті бітіріп, жоғары оқу орындарына түскен студенттер көпке дейін осы терминдерді шатастырып әуре болуы мүмкін.

Оқу құралдарында септік формалары да әр түрлі аталып жүр. Мысалы, “табыс септік”, “табыс септігіндегі сөз”, “табыс жалғаулы”, “табыс септік жалғау” тәрізді басқа септіктер де осы сияқты төрт түрде аталады. Септік жалғаулары жалғанған

⁹ Әбуханов Ф. Қазақ тілі. Алматы, 1982, 149-б.

¹⁰ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 309-б.

¹¹ Маманов І. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1966, 121-б.

¹² Әбуханов Ф. Қазақ тілі. Алматы, 1982, 112-б, Кеңесбаев І., Ысқақов Ы., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. Алматы, 1968, I-бөлім 107-б.

¹³ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 252-б.; Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1964, 247-б.

¹⁴ Оралбаева Н., Мадина Ф., Әбілқайев А. Қазақ тілі. Алматы, 1964, 113-б.

сөзді өз атымен “Табыс септік”, “Шығыс септік”¹⁵ деп, ол сөздің септік жалғауларымен түрленуін – септелу деп аталғаны ертеден-ақ нормаға айналған

Терминдерді қолдануда және оларды қалыптастыруда оқу құралдарында кездесіп жүрген жоғарыдағыдай ала-құлалықтардың тізбесін одан әрі соза берудің қажеті жоқ сияқты.

Терминдер де өзгереді, ескіреді, сұрыпталады. Қазақ тілінің терминін жасауда, ескі қолданылып жүрген терминдерді жаңа терминмен ауыстыруда профессор Қ. Жұбановтың: “Әр категорияны атайтын термин сол категорияның өзін бірқатар түсіндіріп тұра алғандай болу керек”¹⁶, – деген сөзін ешқашанда естен шығармау керек.

Қазақ тілі оқулықтарында 40 жылға дейінгі қолданылып келген терминдерді ауыстыруға байланысты профессор Қ. Жұбановтың келтірген дәлелдемелері мен айтқан түсініктері¹⁷ қандай айқын, сонша дәлелді десеңізші. Жиырмасыншы жылдардан бастап қазақ тіліндегі оқулықтарды қалыптасып келе жатқан көптеген грамматикалық терминдердің мағынасы өзіне лайықты еместігін дәлелдеп, қыркыншы жылдары өзгертулер жасаған. Мысалы, жұрнақ дегенді шылау, шылауды қосалқы сөз, қос сөздерді қосар сөздер деп өзгертсе, қыркыншы жылдардың аяғында үстеуді жұрнақ, қосалқы сөзді шылау, қосар сөздерді қос сөздер деп бұрынғы терминге қайта көшкен. Сондай-ақ сол кездегі қолданылып жүрген кейбір грамматикалық терминдерге өзгеріс енгізген. Мысалы, үстеулі сөзді туынды сөз, олқы сөйлемді толымсыз сөйлем, жалғауыштарды жалғаулықтар, қиюлы сөзді, біріккен сөз тәрізді жаңа терминдермен атаған. Грамматикалық терминдердің әртүрлі аталуын сөз еткенде авторлар коллективін кінәлаудан аулақпыз. Өйткені қолданылып келген терминді жаңа бір терминмен ауыстыру, өзгерту процестері бұрын да болған, одан кейін де болмақ. Бұл – тіл дамуының табиғи заңы.

Қазіргі қазақ тіліндегі көптеген грамматикалық категориялар ғылыми-теориялық және практикалық жағынан толық мүлтіксіз шешімін тапты деп айта алмаймыз. Олар әлі де зерттеуді, анықтауды, өзгертуді, жаңартуды керек етеді. Жоғарыдағы айтқан грамматикалық терминдердің әр оқулықта әр түрлі аталудың өзі-ақ әрбір грамматикалық категориялардың сырын дәл ашатын терминдер табу үшін істеліп жатқан игілікті ғылыми ізденістердің көріністері деп қараймыз.

Осындай толық шешімін әлі де таба қоймаған категорияларды анықтауда әр автордың өзіндік көзқарасы болуы заңды да. Оқу құралдарындағы термин ала-құлалығы да осының салдарынан болу керек.

¹⁵ Кеңесбаев І., Жапузақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1966.

¹⁶ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966, 114-б.

¹⁷ Сонда, 212—229-б.

Математика ғылымы тәрізді тіл де дәл ғылымдар қатарына жатады. Оның ішінде грамматикалық терминдер өте дәлдікті талап етеді.

Орта мектептерге және жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқу құралдарының авторлары оқушылар мен студенттердің арасындағы білім беру, оқыту сабақтастығын берік ұстап, грамматикалық терминдердің тұрақтылығын, біркелкілігін қалыптастыруға көбірек көңіл бөлуге тиіс.

Өйткені оқушылар мен студенттер қауымына өз ана тілінің грамматикасын тілдік материалдың негізінде сапалы меңгеру үшін әрбір грамматикалық категориялар барлық оқулықтарда бір ғана терминмен аталғаны жөн. Әйтпесе бір ұғымды әр түрлі терминмен атау оқырманның материалды нақтылы дұрыс түсінуіне кедергі жасайды. Қазақ тілі мамандарының терминдерді қалыптастыруда бір ескеретіні – тіл білімі терминдері¹⁸ сөздігінде берілген терминдік атауларды өзгертпей қолдану қажет. Әрине бұл сөздік қазақ тіл біліміне қатысты терминдердің барлығын қамтымаған. Тіл білімі сөздігін толықтырып, қайтадан шығаратын мезгіл де жеткен сияқты.

Термин сұрыптала, жанара, өзгере келе ұғым мен атаудың арасындағы кейбір үйлеспеушілікті, ала-құлалықты жойып, ақыры өміршең, мәні терең ғылыми ұғымның атауы болып әдеби тіліміздің икемділігін арттырады. Мысалы, қазірде әбден қалыптасып кеткен “пролетарлары” мен “өнеркәсіп” сияқты терминдердің даму жолдарына тоқталайықшы. “Пролетарлар” ең әуелі “бейнеткештер”, “бейнетқорлар”, “еңбекшілер”, “еңбекшілдер”, өнеркәсіпті алдымен “өнерлі кәсіп”, “өндіріс кәсібі”, өзгеріп, қазіргі қалпына жетуі үшін әрқайсысы талай-талай эволюциялық дәуірді бастарынан кешірді.

Қырқыншы жылдары мәдениетті қауым жақсы қабылдаған және грамматикалық термин ретінде ұғымның дәл сырын ашатын, қазақ тілінің табиғатына сіңіскен, сәтті жасалған терминдерді (үстеу, үстеулі, үстеуіш, жалғаулы, жалғауыш, олқы сөйлем, т.б.) тиісті өздерінің бұрынғы орындарына қайтарсақ, ешбір зиян шекпес едік. Тіліміздің икемділігін арттырып, әдеби норманың қалыптасуына игілікті әсерін тигізер еді.

Есенқұлов А. Қазақ тілінің грамматикалық терминдері жөнінде // Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы. 1985. № 3. - 25-29 бб.

¹⁸ Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1966.

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДЕРДІ ТҰЖЫРЫМДАУ

Қазіргі ғылыми-техникалық революция заманында біздің тіл-түсінігіміз (понятийный аппарат) жетіліп, жаңа сөздік қорлармен молығып, толығуда.

Әсіресе ғылыми-білімдер арасындағы интеграциялық және дифференциялық процестердің ықпалы нәтижесінде сөздік қорымызға қосылған терминдер көп. Осыған байланысты кейбір философиялық және математикалық терминдердің философия ғылымының кандидаты Томан ЖҰМӘДІЛОВ жасаған сөзтізбесін ұсынып отырмыз.

КОЛИЧЕСТВО – МӨЛШЕР. ЧИСЛО – САН

Себебі қазіргі философиялық оқулықтарды “количество” категориясын “сан” категориясы деп аударған. Сол сияқты “число” ұғымын да “сан” деп аударып жүр. Бұл жағдайда “количество” мен “число” теңесіп кетеді. Ал шындығында бұл екі ұғымды теңестіруге болмайды. Себебі “количество” ол философиялық категория кең де күрделі ұғым. Ал “число” сол “количествоның” математикалық көріну формасы. Сондықтан “количество” сөзін “мөлшер” деп ал “число” ұғымын “сан” деп аударған көңілге қонымды сияқты.

МЕРА – ӨЛШЕМ. ВНЕШНЯЯ МЕРА – СЫРТҚЫ ӨЛШЕМ

Кейбір сөздіктерде (Орысша-қазақша терминология сөздігі, Алматы 1969) “мера” ұғымын өлшеуіш деп аударған. Бұл дұрыс емес сияқты, себебі “өлшеуіш” ұғымы түрлі құралдарға (приборларға) тән айтылады. Ал “мера” да кең философиялық категория. Яғни “мөлшер” мен “сапа” категорияларының диалектикасының бірлігін “мера” (өлшем) дейміз.

МЕТОД – МЕТОД

Кейбір әдебиеттерде “методты” әдіс деп аударып жүр. Ал шындығында әдіс “методтың” бір ғана көрінісі іспеттес. Сондықтан “методты” шет тілдерінен қабылданған сөздер ретінде сол күйінде “метод” деген дұрыс болар.

НОРМАЛЬ – НОРМАЛЬ. НУЛЬ – НУЛЬ. ОБРАЗ – ОБРАЗ. ЯДРО – ЯДРО

Бұл сөздерді де түрлі әдебиеттерде түрліше балама сөздермен түсіндіріп жүр. “Нормаль” ұғымын “қалыпты”, ал “нульді” – “нөл”, “образды” – “бейне”, “ядроны” – “өзекше” деп аударған. Біздің пікірімізше жоғарыдағы сөздерді де сол қалпында қалдырсақ, одан ешбір зиян болмайтын сияқты. Қайта ұғым аппаратымыз жаңа ұғымдармен толыға түседі.

ПЕРСПЕКТИВА – ПЕРСПЕКТИВА

Кейбір сөздіктерде “перспектива” сөзін “көрініс” не көпше түрін “келешек”, “болашақ” деп аударған. Бұл аудармалардан гөрі “Перспектива” француз тілінен кірген сөз ретінде сол күйінде қабылдағанын жөндер едік.

ПРОТЯЖЕННОСТЬ – АУМАҚТЫЛЫҚ. РАЗМЕРНОСТЬ – ӨЛШЕМДІЛІК

Орысша-қазақша терминологиялы сөздікте “протяженность” ұғымын “өлшемдік” десе ал кейінгі шыққан “Орысша-қазақша сөздікте” “бойлық” не “ұзындық” деп қабылдаған. Бұл пікірлерге қосыла алмаймыз, себебі “долгота” – “бойлық”, ал “длительность” – “ұзындық” деген пікірлерді білдіреді. Сондықтан “протяженность” – “аумақтылық”, ал “размерность” – “өлшемділік” деп алған жөн.

КРИТЕРИИ – КРИТЕРИИ. СТРУКТУРА – СТРУКТУРА. СТРОЕНИЕ – ҚҰРЫЛЫМ

Кейбір аудармаларда “Критерий” ұғымын да “өлшем” деп аударған. Ал жоғарыда айтқанымыздай “өлшем” дегеніміз, “мера” деген сөздің баламасы. Сол сияқты “структура” және “строение” – “құрылым” деп беріліп жүр. Әрине бұлай теңестіріп жіберу дұрыс емес. Сондықтан “структура” мен “строение” сияқты ұғымдарды сәйкес “структура” және “құрылым” деген жөн.

ЕДИНИЧНОЕ – ЖЕКЕЛІК. ОСОБЕННОЕ – ЕРЕКШЕЛІК. ОТДЕЛЬНОЕ – ДАРАЛЫҚ. ОБЩЕЕ – ЖАЛПЫЛЫҚ. ВСЕОБЩЕЕ – НЕҒҰРЛЫМ ЖАЛПЫЛЫҚ

Бұл айтылғандар философиялық категориялар. Кейбір аудармаларда тіпті фундаментальды зерттеулерде де “единичное” мен “отдельное” ұғымдарын теңестіріп бір ғана “жекелік” баламасымен бергісі келеді. Материалистік диалектиканың категорияларының субординациялық байланыстары бойынша “единичное” мен “отдельное” тең емес. Өйткені “отдельное” оқшау тұрған (дара) затты құбылысты т.с.с. көрсетеді. Ал “единичное” белгілі бір заттың өзіне ғана тән жекелік қасиеттері. Ендеше “отдельное” кең ұғым. Сол сияқты “общее” мен “всеобщее” ұғымдарын өзара салыстырып көрсетуге болады.

* * *

Терминологиялық сөздерді тұжырымдау //
Білім және еңбек. 1985. №3. - 20- ... бб.

ЖҰП-ЖҰМЫР ТЕГІС КЕЛСІН АЙНАЛАСЫ... (ТІЛДІК ТЕРМИН ТӨҢІРЕГІНДЕ ОЙЛАР)

*** кіргенімен, ол көп уақытқа дейін сіңісе қоймай, оның орнына алғашқы кезде “тіл ілімі”, кейінірек “тіл ғылымы” деген қазақ тілінің лексикалық материалынан құрылған атаулар қолданылды. Тек 1935 жылы “лингвистика ғылымы”, “лингвистика” деген түрде тілімізге қайта оралып, қазіргі кезде әбден сіңіскен терминге айналды. Әйтсе де бұл термин тілімізде даралыққа ие бола қойған жоқ. Өйткені, бұл термин “тіл білімі”, “тіл ғылымы” орыс тілінен енген “языкознание”, “языковедение” кейде, тіпті “глоттогония”, “тіл туралы ғылым” деген терминдермен қосарлана қолданылып жүр.

Кейін орфографиямыздың өзгеруі мен белгілі бір дұрыс арнаға түсуі, орыс графикасы негіздерін басшылыққа алуымыз және осыған орай, басқа тілден енген сөздерді өзгеріссіз жазайық деген принциптерімізге сәйкес мұндай терминдер тілімізге орыс тіліндегі қалпын сақтайтын болды. Мысалы, фонема, элиписс, аллофон, морфема, лексема, неологизм, лексикография, лингвистика, т. б.

“Лингвистика” терминімен қатар “лингвист” деген атау да қалыптаса бастады. Қазір ол “тіл маманы”, “тілші” сирек те болса, кейде кездесіп қалып жүрген “тіл білімпаздары”, “тіл оқымыстылары” сияқты атаулармен қатарласа, солардың баламасы ретінде пайдаланылып жүр. Бұл терминнің келешегі “лингвистика” терминінің келешегіне байланысты болар.

Қазақ тіл білімінде ертеректен қолданыла бастаған терминдерге “фонетика, грамматика, морфология, синтаксис, лексикология, этимология, стилистика, семантика” сияқты халықаралық терминдер жатады.

“Фонетика” термині тіл туралы еңбектерде бірде “дыбыс” деген мағынада, бірде өзінің нақтылы мағынасында 1912 жылдардан бастап кездесе бастады. Бірақ “лингвистика” термині сияқты, бұл да бірталай уақыт қалыптаса қоймай, оның орнына “дыбыс жүйесі” деген атау қолданылып жүреді. Ал 1928 жылдан бастап “дыбыс жүйесі” атауымен біраз уақытқа дейін қатарласа қолданылып келіп, ақыры “пәнетика”, “пәнетике”, “фонетике” беретін келе жаңа графика негізінде “фонетика” болып әбден қалыптасып кетті.

“Грамматика” термині ең алғаш рет Ыбырай Алтынсарин еңбегінде қолданылғаны белгілі.

“Этимология” термині алғашқыда ол кездегі орыс тіліндегідей “морфология” мағынасында қолданылғаны байқалады. Мұндай қолданыс тіпті 30-шы жылдардың өзінде де кездесіп қалып жүргенді. Кейін бірте-бірте өзінің нақты

мағынасында қолданылып қазір әбден қалыптасқан термин болды. Алғашқы айтылуы мен жазылуы – этимология.

“Стилистика” термині жоғарыда айтылған терминдермен салыстырғанда тілімізге кейінірек, шамамен айтқанда, 1930-шы жылдардан бері қарай еніп, қалыптаса бастады. Ал 1927 жылы шыққан екі тілдік сөздікте “стилистика – тіл қисыны” деп аударылған. Онан ертеректе “анық сөйлеу” деп те аталған (Султанғазин. Біздің қазақ тілі турасында бес-алты ауыз сөз “Дала уалаяты” газеті, 1890, 9 февраль, № 6).

“Семантика” термині қазақ тілінің терминологиясында шамамен айтқанда, 1935 жылдан бастап қалыптасты. Бұрынғы айтылуы мен жазылуы сәмәнтিকে.

“Лексика” термині тіліміздің терминологиясына, негізінде, 30-жылдардың аяқ кезінде кіре бастады. Онан бұрын бұл ұғым “лұғәт” деген араб атауы арқылы беріліп жүрді. Кейініректе оның орнына “сөз кені” және “сөздік” деген қазақ тілінің байырғы атаулары, тіпті “сөз запасы” деген қазақ және орыс сөздерінен тұратын құрама атау да қолданылып жүрді. Ал 40-жылдардың басында “лексика” термині “сөз қоры” және “сөз қоры қазынасы” деген қазақ атауларымен қатарласа жүріп, ақырында бірте-бірте тіліміздің терминологиясына әбден сіңісіп, қалыптасып кетті.

“Лексикология” термині мерзімді баспасөз бетінде 1896 жылы кездескенмен, ол қазақ лингвистикалық терминологиясының құрамына тек 30-жылдардың аяғында – 40-жылдардың басында кіріп, қалыптаса бастады. “Сөз кенін тексеру ғылымы” деп аталған кезі де болды.

Ол кезде бұл сияқты терминдердің тілімізге кіруіне әр түрлі себептер болған сияқты. Солардың басты бірі – ол кезде тіліміз жете зерттелмеген, сондықтан оның терминдері әлі дами қоймағанды. Соған орай, басқа тілдерден дайын терминдер алу мұқтаждығы туған.

Ол кездегі қазақ оқығандарына танысырақ тіл татар тілі болғаны жұртшылыққа мәлім. Сондықтан да алғашқы әліппелерімізде көптеген татар сөзі қазақ сөздермен, кейде араб, парсы тілдері сөздерімен, сондай-ақ, пағатаизм элементтерімен араласып жүрді.

Оның үстіне араб атауларын көбірек пайдаланғандар – негізінен татар молдаларынан діни мектептерде және жартылай арабша оқығандар. Соның нәтижесінде араб атаулары тілімізге ең алдымен татар тілі арқылы ауысқан.

Әңгіме етілген атаулардан біз лингвистикалық терминдерде сыры ашылмай жатқан талай-талай қызық жайлар мен құбылыстар бар екендігін байқаймыз. Ондай құбылыстардың сырын ашу, біздің ойымызша, қазақ тіл білімі үшін, әрі қазақ тілін оқыту методикасы үшін өте пайдалы.

Молдажаров Ж. Жүп-жұмыр тегіс келсін айналасы // Білім және еңбек. 1985. №3. - 33 бб.

ҚАСИЕТТІ ҚАЗЫНА

Соңғы кезде көркем әдебиет тілінің қазіргі хәліне арналған мақалаларда көп қызықты пікірлер айтылып, әдеби тілдің табиғи қалпын бұзушылықтың мол мысалдары көрсетіліп жүр. Сөз жоқ, келтірілген мысалдар әдеби тілдің бұдан былайғы тағдыры жұртшылық болып кеңінен ойласуды қажет ететінін анықтап отыр. Әсіресе екі мәселе үздіксіз қайталанып, ұсыныс-пікірден гөрі нақты шешімін күткендей. Соның бірі әдеби тілді шұбарлаушылық өлшеусіз зиянға ұласып, қоғамдық қатынас құралы болып табылатын тіліміздің бүгінгі кемел қоғамымыз бен жүрдек уақыт талабын қанағаттандыра алмаушылық нышандарының төбе көрсетуі. Екіншісі – осы кемшіліктерден құтылудың сан сала жолдары.

Міне, осынау өзекті мәселе жөнінде, ойласу ретінде пікір бөлісуді ниет еткен жай бар.

Осы орайда жұртшылық назарына салғымыз келген мәселенің бірі арғы түбірі шығыс тілдерінен ауысқан, бірақ ертеден көне жазба мұраларымызда ғана емес, классикалық әдебиетімізде де орын тепкен жекелеген сөздерді қайта тірілтіп, бүгінгі күннің кәдесіне жарату жайы. Мұндай тәжірибе соңғы жиырма шақты жыл ішінде аздап көрініс беріп те келеді. Ескі сөздердің кейбіреулерін жанды қазына қатарына қосу, әлдекімдердің байыбына бармай үкім шығарып жүргеніндей, шығысшылдықтан, тіл нормаларын қалайда ескілендіргісі келгендіктен емес, салдарлы себептен туатындығын айтпақшымыз. Біздің түрлі атауларымыз бен терминдеріміздің өз орнына дәл сәйкес келмей жүргендері бар. Кейде екі-үш түрлі мағынаны бір-ақ сөзбен қайыра береміз. Міне, осындай жағдайда айтылмақ ұғымға неғұрлым сай келетін сөздер табу қажет. Сонымен қатар көне қазақ әдебиетіндегі кейбір дәстүрлі терминдерді сақтау, тілі, тарихы, тағдыры жақын халықтармен тіліміздің ежелгі туыстығын білдіретін, бір-бірімізді түсініп оқуды жеңілдететін кейбір сөздерді қолдану интернационалдық мүддеден де туады. Енді осы екі желі – тезисті кеңірек түсіндіріп көрейік.

Соңғы жылдары баспасөз беттерінде шаир, тәржімә, жәдігер, санаткер, уәзипа, ләзім, үкімдер секілді бас-аяғы он-он бес шамалы сөз жазылып, таралып келеді.

Енді сол соңғы жылдарда қолданыла бастаған кейбір шығыс сөздерінің қатарға қосылу себептеріне келейік. Бізге мәдени дәстүрі жақын өзбек, тәжік, түркмен, азербайжан, татар, башқұрт халықтарының бәрі де елеңді жазып шығаратынды шаир деп атайды. “Ақынның” баламасы ретінде де, жазбаша ақын

мағынасында да шаир деген сөз қазақ арасында ежелден танымал. Сондықтан осы күнде ақын, шаир терминдері қатарласа қолданыла береді. Осы тәжірибеге кейбіреулер әлі де болса келіспейтіндік білдіреді, “ақын” деген атауды өленді табанда ауызша тегін шығаратындарға да, жазып шығаратындарға да талғаусыз, бірыңғай қолдануды жақтайды. Бұл әрине, ақын деген сөздің ертеден құлаққа әбден үйреншікті, санаға сіңісті болып кеткендігінен. Ал бірақ бізден басқа халықтардың бәрінде де ауызша және жазбаша толғайтындарын иелерінің анық жіктелген атаулары бар. Орыс ұғымындағы “поэтті” көп елдер шаир деп алса, төкпе, суырып салма импровизаторлар ды солардың бірі хафиз, екіншісі бақшы, үшіншісі ашуг деп атайды. Міне осындай терминнің сипатын анықтау, нақтылау бізге де қажет. Қазақ ССР терминологиялық комиссиясы орысша “поэт” дегенді ақын, шаир деп синоним ретінде қатарластыра алуы осы себептен болу керек. Текпе және жазба ақын ұғымын бір ғана “ақын” деген сөзге байлап қою іс жүзінде көп ыңғайсыздық тудырғанын ұмытуға болмайды. Бір кезде Қалқа Жапсарбаевтар алған Қазақ ССР халық ақыны атағы С. Мұқанов, А. Тоқмағамбетов, Ғ. Ормановтарға бұйырған жоқ. Сәбит, Асқар, Ғалилардың нағыз сөз суреткерлері екеніне ешкім де күдік келтірген емес, бірақ сонда да болса оларға халық ақыны деген құрметті ресми атаң берілмеді. Мұның негізгі себебі терминдегі біржақтылықтан еді.

Европа халықтары тілдерінен ондап, жүздеп, мындап терминдерді тоғытып алып жатқан шағымызда өзімізге ежелден етене, мағынасы анық, қазіргі тілімізді байыта алатын жекелеген сөздерді алуға табандап қарсы тұруымыз адам түсініп болмастық бір хикмет десе болады. Мұндай психология әрине бірер күнде немесе бес-он жылда сіңген жоқ. Бұл шығыстан келген рухани байлықты біржақты құбыжық етіп, жұртшылықты шошындыру дағдысынан қалған көрініс режиссер, дирижер, композитор, суфлер деген секілді сан алуан сөздер жаңа заманның мәдени құбылыстарына орай қабылданды ғой. Ол кезде бұларды ешкім де ескі қазақы сөздердің қанжығасына байлап жіберейік деп талап қойған жоқ. Біздің сақтығымыз бен “белсенділігіміз” түбірі шығыстан келген аса зәру самаулы термин атауларды жатырқауға ғана кеткен қайран қаларлық...

“Искусствоны” өзбектер “санат”, азербайжандар “инжесанат” деп алады. “Санат” деген сөз қазақ тілінде де бар. “Санда бар, санатта жоқ” деген тіркес осының дәлелі. Бірақ біз “искусствоны” өнер деп алдық. Шынында өнер деген сөз санаттың деңгейіне жете алатын термин емес. “Өнердің” түпкі мағынасы “промыселге”, “кәсіпшілікке” жақын. Етікшілік өнері, теміршілік өнері, тігіншілік өнері деген тіркестерден-ақ бұл сөздің негізгі мәні аңғарылса керек. Бірақ біз “искусствоны” санат деп алуға қазір ұсыныс та жасай алмаймыз. Мұның себебі бәз-баяғы шығыс сөздерінен ат-тонды ала қашушылықта жатыр. “Санат” пен

“искусствоның” бірін таңдау керек болса, біздің көп адамдарымыз ойланып жатпастан-ақ соңғысына жіп тағар еді. Мұның бәрі біздің тарихи біліміміздің біржақтылығынан, анығырақ айтқанда Қазақстан мен Орта Азия халықтарының мәдени, тілдік дәстүрінен бейхабарлығымыздан туады. Қазақ зиялысы, ілуде біреуі болмаса, тілі жақын өзбек, қырғыз, қарақалпақ, татар, құмық, қарашай кітаптарын оқымайды. Тіпті олар шығыс халықтарынан бізге қандай да болмасын ілгерішіл әсер, ауыс-түйіс болуы мүмкін дегенді естен мүлде шығарған секілденеді.

Тағы да біреу сөздің мән-жайына кідірейік, қазіргі тілімізде “міндет”, “міндетті”, “міндеттеме” деген сөздерді жиі қолданамыз. Осылардың орысшасы обязанность, обязанный, обязательство болса керек. Бір ғажабы осы міндет деген сөзді “задачаның” да орнына ала береміз. Шынында обязанность пен задачаның ұғымы екі басқа ғой. Сол үшін “задачаны” қазақша уәзипа деп алсақ, ұғымға дәл келмек. Біраздан бері біз осылайша, задача орнына уәзипаны жазып та жүрміз. Тіпті түсінікті болу үшін “бүгінгі міндет, ертеңгі уәзипа” деген тіркесті де қоса жазып көрдік. Бірақ бірен-саран қаламгерлер болмаса, көпшілік авторлар бұл сөзге мән бере қойған жоқ. Бұрынғысынша обязанность та, задача да “міндет” деп айтылып, жазылып келеді. Тілдің қызметі өскен.

“Тәржімәні де” аударма деген сөздің синонимі ретінде алу жөніндегі бастамамыз қаламгер жұртшылық тарапынан қолдау тапқандығын атап өткіміз келеді. “Тәржімә да” революциядан бұрынғы басылымдарда қолданылған сөз еді. Сондай-ақ зайыр, ләзім дегендер де ежелгі түркі әдебиетінің көбінде кездесетін, Қазақстанның кейбір өңірінде осы күнге дейін айтылып жүрген, тілдік қорымызда бар сөздер. “Үкімдер” дегенді де орысша “властелиннің” орнына алып жүрміз. Бұл және басқа мысалдар кейбіреулердің жатырқай қарап жүрген бірнеше шығыс сөзінің аспаннан түспегенін, оның бәрі де ескі әдеби тіл қорында орын теуіп келгенін, ең бастысы, ол сөздерді, ұғымдардың жігін неғұрлым дәлірек беру қажеттігінен алып жүргенімізді аңғартса керек. Тіл зерттеушіні де, газеттің хабаршысын да “тілші ” деген бір сөзге танып қоюымыз да көңілге қоңбайды. Шынында газет тілшісі дегенді хабаршы деп алған орынды болар еді. “Издательствоны” баспа деу де тапқандық емес, баспа типография мағынасын беруге ғана қолайлы...

Қазақ тіліне өзге тілдерден ауысқан сөздерді жазудың транскрипциялық принциптері анық емес.

Мәселен, Хиуа қаласында Ишан қала деген ескі ескерткіштері көп аудан бар. Соны біздің газеттер орысшадағысындай “Ичан қала” деп жазып жүр. Қаншама жер, адам, мекен атаулары да дәл осы айтқандай қазаққа ежелден сіңген қалпында емес, қазіргі орысша жазылған күйінде алынып келеді. Тіпті “Тұрсынай” деген

қыз атын да, өзбекше түрінен орысша көшірілгеніндей етіп “Түрсыной” деп жазған кездеріміз де болған. Нақ сондай-ақ Самарханды Самарханд деп, Бұхарды Бұхара, Марғұланды Маргелан, Хиуаны Хива деп жазу етек ала бастады. Шет елден ауысқан сөздерді де қазақ тілінің заңдылығына сәйкес қабылдап жазу мәселесі қалпымен қозғаусыз жатыр. Бүгін-де қазақ тіліне қосылып жататын сөздер бірен-саран болса, оны әңгіме етіп жатпас та едік. Ал ондай сөздер ондап, жүздеп, мыңдап еніп отырғанда оларды ешбір ережесіз “сіңіре” беру тіл табиғатына обал емес пе? Жалпы қазақ тіліне сырттан келген сөздерді транскрипциялау шарттары арнаулы ғылыми зерттеулерде байыпты шешілетін мезгіл жетті.

Орыс тіліне басқа тілдерден енген сөз сан мыңдап саналады. Бірақ сол сөздер орыс тілінің ішкі заңдылығына бағына отырып сіңген. Өйтпеген күнде орыс тілі өзінің дара келбетін әлдеқашан жойып алған болар еді. Исраилды – Израиль, Жамалды – Гамаль, Қаһираны – Каир, Жазаирды – Алжир, Түркияны – Турция, Марокашты – Марокко, Ертісті – Иртыш деп жазу орыс тілінің ерекшелігінен туса керек. Бұрын қазақ басылымдарында Россияның Ресей, Москваның Мәскеу, Ростовтың Растау болып жазылғаны да қазақ тілінің табиғатын ескеруден шыққан. Қысқасы сөзді транскрипциялауда қашан да ғылыми әділ принциптер басшылыққа алынуы тиіс. Тіл заңдылығын, оның ғасырлар бойында қалыптасқан жүйесін, өзгешелігін есепке алу бірден-бір шарттылық болып табылады. Біз дайын шешім ұсынғалы отырған жоқпыз, қазақ тілінде өзінің талдауын тауып болмаған күрделі мәселеге жұртшылық назарын аударуды ғана көздедік.

Қазақ тілінде бұрыннан бар, әбден қалыптасқан сөздердің орнына жаңадан ешбір мағыналық сонылығы жоқ “жаңалықтарды” тықпалай беру сорақы әрекет. Ал тәжірибеде жеке сөздер ғана емес, тіркестердің де табиғи тігісін, заңдылығын бұзу да кездесіп қалып отырады. Ондай ерсілік күн санын, сағат сайын ұшырап отырса да, селт етпейтін болып барамыз. Қазақтың уақыттық өлшемде айтатын сөз тіркестері радионың соңғы хабарында күн сайын бұрмаланып айтылып келе жатқанына біраз болды. Мәселен, “сағат он” дегеннің орнына “он сағат”, “сағат бестен жиырма минут өтті” дегеннің орнына “бес сағат жиырма минут” деу жиілеп барады. Радиодағы жолдастар “сағат он” мен “он сағаттың” екі түрлі жағдайда айтылатынын шынымен білмей ме екен? “Жолаушылар он сағат жүрді” мен “уақыт сағат он” арасының айырымын неге елемейтініне қайран қаламыз. “Хабар бітті” дегенді “хабар аяқталды”, “ән салады, күй тартады” орнына “орындайды” деп алып жүргеніміз де жасандылау. Қалыптасқан тіркестерді бұзуды ешқандай сылтаумен аяқтауға болмайды. Бір жас очеркшінің “қазанда қайнап жатқан қазының жұпар иісі аң қиды” деп жазғанын оқыдық. Газет, журнал беттерінен орын алып жүрген “айпара намыс”, “айғұлақ жарыс”, “қан езу жау”,

“команданы шебер спортшылармен жабдықтау”, “ақындық қуатының сол сезімін”, “бұла ес”, “толағай табыс”, “жүрек дауысы зордан ашылып” секілді “тамашаларға” тосқын болар ма екен. Мұндай мысалдарды күн сайынғы баспасөзден еркін табуға болады. Бұл ретте пролетариат әдебиетінің атасы Максим Горькийдің “тіл байлығы фольклорда, ауыз әдебиетін үздіксіз оқып үйреніңіздер” деген өсиетін жас авторлар есіне салғымыз келеді. “Тіл өнері дертпен тең” деген ғой Абай! Тіл қазынасын үйренуге үлкен азаматтық мақсаттылық, отаншылдық санамен келгенде ғана оның ғажайып сырларын терең бойлауға болады.

Тілдің тазалығы үшін күрес жүйелі түрде, әр тарапта жүріп жатуы ләзім. Бұл ретте, ең алдымен, жас балаларға тіл үйрету борышы ата-аналарға жүктеледі. Ал осы қасиетті парызын ата-аналардың өзі ұмытса немесе бұл мәселеге жүрдім-бардым жауапсыз қараса, ең зор ұтылыс сол болмақ. Онан соң жас жеткіншектердің тіл тұнығын үйренетін жері балалар бақшасы болуға тиіс. Өкінішке орай қазақ тіліндегі балалар бақшасы өлі де болса тым аз. Ал жас кезінде үйренілмеген тіл байлығы есейіп кеткенде оңайлықпен қолға түспейді. Балаларға арналған мультфильмдер, радио, телехабарлар, документі және көркем фильмдер, грампластинкалар әрі қызықты, әрі мол шығарылуы қажет-ақ. Бір сөз бен айтқанда жас бала ана тілінің сұлулығы мен қуатын, сан жеткісіз реңін ерте жастан құлағына сіңіріп, жан-жүрегімен қабылдап есуіне жағдай жасау шарт. Өзіміздің енжарлығымыз, шалағайлығымыз болмаса, бұл істе басқа ешкімге кінә артуға болмайды. Әзірше ана тіліміз толық мағынасында жоғары оқу орындарының, ғылымның тілі бола алмай отыр. Кейбір пединституттарда, қазақ мемлекеттік университетінің жекелеген факультеттерінде ғана қазақ бөлімдері бар. Ғылымның күрделі, жетекші салаларына маман дайындайтын оқу орындарында қазақ бөлімдері ашылатын мерзім жетті.

Қасиетті қазынамыз – ана тілін бұдан былай да көркейту жайындағы кейбір ойларымыз осылар.

КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕРМИНДЕР

Биылғы сентябрь айынан бастап жалпы білім беретін мектеп пен кәсіптік-техникалық училищелердің сабақ кестесіне “Информатика мен есептеуіш техника негіздері” пәні қосылды. Бұл курстың мақсаты – оқушыларға компьютерді қолдану дағдыларын үйрету, осы техниканы халық шаруашылығында кеңімен пайдалану туралы білім беру. Осы мақсатты жүзеге асыруда журналдардың атқаратын ролі зор және жауапты. Ал “Қазақстан мұғалім” газеті мен “Қазақстан мектебі” журналының осы көштің басында болуы орынды.

Қуанарлық жай “Қазақстан мұғалімі” газетінде компьютерлік сауаттылыққа байланысты бірнеше материалдар жарияланды.

Осыған байланысты газетте жарық көрген материалдарда пайдаланылған терминдер туралы өз пікірімді ортаға салуды орынды көрдім.

“Термин” шекара сөзінен шыққан. Ол – белгілі бір ғылыми ұғымды бейнелейтін сөз немесе сөз тіркесі. Термин де, анықтама тәрізді, ұғымның қажетті және жеткілікті шарттарын білдірумен қатар, оның сол саладағы басқа ұғымдармен ортақ қасиетін айқындайды. Яғни әр термин екі түрлі қызмет атқарады. Біріншіден, ол ғылыми ұғымның атауын білдірсе, екіншіден, сол ұғымның мағынасын береді. Сондықтан, алдымен, терминологияның негізі болып саналатын терминдер жүйесін құру үшін сол ғылым саласына қатысты ұғымдарды бір ізге түсіру керек.

Ұғым – бізді қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың ең маңызды қасиеттері мен олардың арасындағы байланыстың біздің санамыздағы көрінісі. Ал, ғылыми ұғым ғылымда жаңадан ашылған заңдылықтар мен оның бұрынғы мағынасының арасындағы қайшылықтарды ашу арқылы дамиды. Түрлі құбылыстардың, заттардың жаңа қасиеттері ашылуына байланысты ұғымның мағынасына байиды, ауқымы біртіндеп кеңейеді. Ғылымның дамуына байланысты тыңнан жаңа ұғымдар пайда болады.

Кейбір ұғымдар ғылымның, техниканың, өндірістің дамуында шешуші роль атқарады. Қазіргі ғылыми-техникалық революция заманында “Информатика”, “кибернетика”, алгоритм”, “процессор”, “компьютер”, компьютерлік сауаттылық” терминдері осындай ұғымдардың қатарына жатады. Яғни, шет тілден енген термин сөздердің дұрыс қолданылып, құлаққа сіңісті болып кетуі қазақ тіліне ғылыми ұғымды білдіретін терминдерді сапалы аударып, саналы түрде қабылдауға байланысты. Олай болса орыс тілінен ана тілімізге талғамсыз енген және келешекте аударылуға тиісті терминдерге (әсіресе математикалық, физикалық, техникалық) өте жауаптылықпен қараған жөн.

Бұл бағыттағы тиімді шаралардың бірі – “Информатика мен есептеуіш техника негіздері” саласын қамтитын терминдерді жинақтап, байыпты талдау жасап, ғылым мен өмір талабына сай келегіндерін іріктесп алудан басталады. Бұл әрине, көп болып қолға алуды керек ететін келелі мәселе.

Аударма терминдерді бір ізге түсіріп, қалыптастыру баспа орындарының, аудармашылардың “Информатика мен есептеуіш техника негіздері” курсы қазақ тілінде оқытатын мұғалімдер мен жоғарғы оқу орындарындағы оқытушылардың төл ісі. Ал осылардың басын біріктіруді Қазақ ССР Оқу министрлігі тікелей өзінің жауапкершілігіне алып, арнаулы комиссия құрса орынды болар еді.

Мұғалімдер мен оқушыларға қажетті орыс тілінен аударылатын оқулық, методикалық практикум, оқу құралдары және қазақ тілінде жазылған методикалық көмекші құралдар мен мақалалар осы комиссияның қарауынан өткен соң көпшілікке ұсынылса, “әттеген-ай” дейтін өкініш болмас еді, әрі оқу құралдарының сапасы талапқа сай болар еді.

Екіншіден, бұл комиссияға терминдер туралы пікірлерді жинақтап, талқылаудан өткізіп, түсінік беріп баспаға және Мемлекеттік терминология комиссиясына ұсынуды тапсыруға болар еді.

Мұндай шараның қазақша термин сөздердің тиянақты, ғылыми қалыптасуына және оқушылардың информатика мен компьютертану білімімен қарулануына үлкен септігін тигізери анық.

Терминнің дұрыс қалыптаспауы ұғымдардың анықтамаларын ғылыми негізде дәл беруге үлкен нұқсан келтіргендігін, материалдарды игеруде қиындық тудыратынын ұмытпағанымыз жөн.

Осы пікірдің айғағы ретінде бірнеше мысалдар келтірейін. Мәселен, Б. Жаңбырбаевтың мақаласындағы “вычислительная машина”, вычислительная математика” деген термин сөздердің қатарына “вычислительная задача” деген термин сөздер тіркесін қой да, аударып көр; ал “решение задачи” - бірде есеп шығару, бірде “есеп шешуші” деп аударылған; “алгоритмы решения” - “шығару алгоритмі”, “алгоритм есебі” деп алынған. Ал менімше “шешу алгоритмі” дәл секілді; “структура информации” - “информацияның структурасы” деп алынған, осыны “информация құрылымы” деп аударуға болмай ма? Ал “информатика” - “хабарнамаға” келе ме?

“Основы информатики и вычислительной техники” деген курс қазақша “Информатика және есептеу техникасының негіздері”, “Информатика мен есептеу техникасының негіздері” деп аударылған: Аудармада “мен”-ді алған дұрыс. Себебі бірінші аудармадағы “негіздері” деген сөз тек “есептеу техникасының” деген сөздер тіркесіне ғана тиісті болып тұрғандай.

Тағы бір ескертетін жай – “есептеу техникасы” деген сөздер тіркесі орыс тіліндегі “Техника вычислительная” деген сөздер тіркесіне сәйкес келмей ме? Ал мұндағы “техника” сөзі “машина” сөзімен төркіндес екендігін айқындау үшін “есептегіш техника” деп алса қалай болар еді?

Қ. Нұрсұлтановтың мақаласындағы “алгоритм” термині туралы: “Оның сөзі Европа халықтарының тілдік мәнерінде “алгоритм” немесе “алгорифм” болып, олардан қазір “алгоритм” немесе “алгорифм” термині қалыптасқан” - деп жазылған. Осыны С.А. Майоров пен Г.И. Новиковтың “Электронные вычислительные машины” деген кітабындағы “Трактатта қосу, алу, көбейту, бөлу және түбір алу тәсілдері трактат авторы аль-Хорезми есімімен алгоритмдер деп аталады” - деген үзіндімен салыстырсаңыз сонда “алгоритм” терминінің шығу тегі қайсысында түсініктірек жазылғаны белгілі болады.

Осы айтылған термин сөздер мен келтірілген үзінді “Қазақстан мұғалімі” газетінің бір бетіндегі материалдарда ғана кездесіп отыр. Егер ортақ пікірге келсек мұндай кемшіліктер болмас еді.

Біздің әлі де қалыптаспаған терминдер туралы арнайы сөз қозғап, пікір айтудағы негізгі мақсатымыз — компьютерлік сауаттылықты іске асыруда жастардың терең білім алуын қамтамасыз ететін, алдағы уақытта қазақ тілінде шығатын оқулықтар мен методикалық оқу құралдарының сапасын арттыруға да септігін тигізері анық.

Есжанов А. Компьютерлік терминдер // Қазақстан мұғалімі. 1985. № 39 (1970). 27 қыркүйек.

ТЕРМИНДЕР СЫРЫ

Дүние жүзіндегі барлық тілдерге ортақ кең шеңберде қолданылатын терминдік атаулар интернационалдық терминдер деп аталады. Олардың этимологиясы, пайда болу кезеңі белгілі бір халықтың немесе жеке адамдардың өмірімен тығыз ұштасып жатады. Интернационалдық терминдердің шығу тегін қарастырсақ, олардың көбінесе латын, грек тілдерінен тарағандығы байқалады. Сонымен қатар өзге тілдерден де ауыс-түйіс болғандығы көрінеді. Мысалы: класс – латын сөзі, тундра – фин сөзі, пионер – ағылшын сөзі, конфета – итальян сөзі, май – қытай сөзі, киоск – түрік сөзі, каратэ – жапон сөзі.

Бізді қоршаған ортадағы заттардың, құбылыстардың атауын астрономиялық цифрмен есептегенде, 4 миллионнан асады екен. Сол заттардың бәрінің де жеке-жеке атаулары бар, оның үстіне жаңа сөздер де қосылып тұрады. Яғни сөздің “ұстаханасы” да екпінді еңбек етеді. Әрбір заттың аталуы үшін керекті материал қайдан табылады? Ондай материал – отандық және шетелдік сөздер. Себебі бір халықтың тілімен айналадағы барлық құбылысқа, затқа ат қойып шығу мүмкін емес. Сізді автомобиль, автобус деген сөздердің қалай пайда болғаны қызықтырады делік. Бұл сөздерді грек-латын сөздерін біріктіріп және өздері де үлес қосып, француздар ойлап шығарған. Яғни авт – “өзім, өзімдікі”, меншікті деген мағынаны, ал мобил – “қозғалмалы, жылжымалы” деген мағынаны білдіреді. Ал “омнибус” сөзін “жалпыға бірдей “экипаж” деген мағынада XIX ғасырда француздар ойлап тапқан. Сөйтіп автобус сөзінің “авто” деген бөлшегін омнибус деген сөздің соңғы “бус” деген буынымен қосып, автобус сөзін жасаған. Осы сөзге ұқсатып аэрофлот қызметкерлері аэробус сөзін тапса, ағылшындар троллейбус сөзін ойлап шығарған. Троллей – “жалғасқан, ұласқан доңғалақша” деген ұғымды білдіреді. Сондай-ақ витамин сөзінің шығу тегі де белгілі. Вита – латынша “өмір” деген сөз, амин – химиялық термин мағынасы “адамға өмір беруші” дегенді білдіреді.

Кейбір зат атаулары кісі фамилияларымен де аталады. Мысалы, браунинг, маузер, наган. Бұл сөздердің түп-төркіні – кісі фамилиялары. Ал Ван дер Бурсе деген адамның фамилиясы заттың атауы болғанда тіпті өзгеріп, “биржа” болып қысқарған. Биржаның мағынасы капиталистік елдердегі бағалы товар, не қағазға көтерме сауда жасайтын орын. Әрбір халық осындай сөздерді өз тілінде пайдалана отырып, кейде ол сөздерге фонетикалық, графикалық жақтан өзгерістер енгізіп отырады. Мұндай өзгеріс қазақ тіліне енген орыс сөздерінен де байқалады. Мысалы, Әбіш Кекілбаевтың “Елең-алаң” кітабын оқып отырғанда,

бодан сөзі көп ұшырайды. Ол сөз орыстың поданный – қол астына кіру, бағынышты болу – сөзінің фонетикалық жақтан өзгерген түрі. Сондай-ақ пәуеске сөзі орыстың “повозка” сөзінің дыбыстық жағынан өзгерген түрі.

Қазіргі кезде тіл туралы ғылымның дамуына байланысты сөздердің пайда болу тарихын зерттеудің мақсаты мен әдістері едәуір өзгерді. Сөз тарихын талдау үшін мынадай жұмыстар жасауға тура келеді: біріншіден, ол сөздің қашан, қайда, қай тілде, қай диалектіде пайда болғанын, екіншіден, ол қай сөз табынаң, қалай жасалған, үшіншіден, ерте кезде ол сөз қандай мағынада жұмсалған, төртіншіден, ол сөз қазіргі тілімізде қолдануда грамматикалық тұлғалық, мағыналық жақтан қандай өзгерістерге ұшырады – деген мәселелерді анықтау қажет. Мысалы, қазіргі кезде қолданылып жүрген ай аттарының түп-төркініне экскурсия жасап көрейік. Ежелгі Русь мемлекетіне ай аттары грек-византия дәстүрі арқылы латын тілдерінен енген. Сол себептен де ай аттары бүкіл еуропа тілдерінде бір-біріне ұқсас. Уақыт өткен сайын кейбір тілдер дыбыстық өзгерістерге ұшыраған. Ежелгі Рим календары бойынша жыл басы – 1 март. Кейбір ай аттары осы дәстүрдің ізімен тізбектеліп отырады: сентябрь жетінші ай, октябрь – сегізінші ай, ноябрь – тоғызыншы ай, декабрь – оныншы ай. Ай аттарының январь, февраль т.б. болып аталуының тағы бір мынадай сипаттамасы бар. Онда ежелгі римдіктердің христиан дініне дейінгі мифологиясымен байланысты түсінік беріледі. Мысалы, январь уақыт (мезгіл) құдайы екі жүзді Янустың атына байланысты, февраль – осы айда өтілетін тазалау (очищение) мейрамының атына байланысты, март – дала, жайлау құдайы Марстың атымен май – Маюс құдайының атымен, июнь – Юнон құдайының атымен аталса, Июль – Юлий Цезарьдің құрметіне, август – император Августың құрметіне қойылған.

Россияға календарь сөзі кейінірек – XVII ғасырда келген. Ал оған дейін ежелгі орыс тілінде коляда сөзі, одан туындаған колядовать сөзі болған. Оның мағынасы – халық ойындарын, әдет-ғұрыптарын орындау деген Коляда сөзі барлық славян тілдерінде бар. Осы сөздің дыбыстық жүйесі, ежелгі мағынасы оның латын тілінен ауысқан сөз екенін көрсетеді.

Қазіргі кезде жаңа сөз жасаудың түрлі жолдары пайда болды. Әр халықтың өзіндік ерекшеліктері бар сөз тудырушы амалдары көбейді.

КАЗАХСКАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Общее число казахов в СССР (по данным переписи 1979 г.) 6 или 556 тыс. чел., из них казахский язык считают родным 97,5%. В Казахстане проживают 5 млн. 289 тыс. казахов, в РСФСР – 518 тыс., в Узбекистане – 620 тыс., в Туркменистане – 80 тыс., в Киргизии – около 27 тыс. [Н СССР, 1980, 23, 27-301, в Таджикистане – более 8 тыс. (перепись 1970 г.). На казахском языке говорят также казахи, живущие в Китае (650-700 тыс. чел), Монголии (около 70 тыс. чел), Афганистане (15-20 тыс. чел), Иране, Турции, Пакистане (примерно по 5-10 тыс. чел), США, ФРГ, Англии, Франции (по 3-5 тыс. чел) [см. КЭС 1981, 27-28, 490].

В формировании и развитии терминологии любого языка большую роль играет письменность. В раннем средневековье крупные племенные союзы, вошедшие позже в этнический состав казахского народа, пользовались древнетюркской письменностью. С момента образования казахского ханства и казахской народности (XV-XVI вв.) казахи стали пользоваться арабским алфавитом. Но арабский алфавит не соответствовал фонетической системе казахского языка. Так, например, девять гласных фонем передавались лишь тремя буквами. В 1924 г. для казахского языка были введены в арабский алфавит дополнительные диакритические знаки и дифференцированы функции отдельных букв; несколько сближилось написание слов с их живым произношением.

В 1929 г. была создана казахская письменность на основе латинского алфавита. Принятие этого алфавита, по сравнению с арабским, – значительный шаг вперед, однако и этот алфавит не мог полностью удовлетворить быстро растущие запросы и потребности языкового развития. Недостаточно четко разработанная система письма на основе этого алфавита очень искажала написание русских и заимствованных через него интернациональных терминов и слов. Ср.: *абсолютизм* – absolvytjizim, *автор* – артыг, *акция* – аксија, *амбиция* – әmbijtsija, *анархизм* – анарқьjzim, *антагонизм* – antagonizm, *артель* – артил, *валюта* – valuvta, *завод* – завьт, *империалист* – imperijalis, *капитулянт* – көpijtulәnt; и т.д. [КРТС, 1937, 145-176]. Подобного рода искажения в известной степени усугублялись неразработанностью научных принципов терминовтвора, особенно в отношении заимствования русско-интернациональных слов. Все это в целом привело к ошутимому отрыву письменной традиции от устной, произношения от написания.

Создание письменности на национальных языках на основе русского алфавита в 1940 г. сыграло огромную роль в деле сближения наций, развития общей

экономики, науки и культуры. Преимущество нового казахского алфавита над всеми предшествующими алфавитами, которыми пользовались казахи, всем очевидно; его прогрессивная роль в культурной жизни народа, особенно в развитии казахской терминологии, доказана многолетней языковой практикой.

Весь сознательно организованный терминологический процесс национального литературного языка прежде всего базируется на основе богатой и разнообразной народной терминологической лексики. Общенародные истоки терминологической лексики и понятий своими корнями уходят в далекое прошлое языка. Многие слова и выражения, употребляемые в терминологическом значении, пришли к нам из языка памятников древнетюркской письменности. К ним относятся: 1) термины родства: *ата* 'дед, отец', *әже* "бабушка", *ана* "старшая сестра", *сіңлі* "младшая сестра" по отношению к старшей, *келін* "сноха, невестка", *жсиен* "племянник или племянница по женской линии" и т. д.; 2) термины, отражающие явления природы и ее богатства: *жер* "земля", *тау* "гора", *тас* "камень", *алтын* "золото", *күміс* "серебро", *темір* "железо" и т. д.; 3) термины, связанные с общественно-политическим строем: *қаған* "царь", *бек* "господин", *тарқан* — военно-дворянское звание, *құл* "раб", *қуң* "рабыня", *шығай* "бедняк" и т. д.; 4) скотоводческие термины: *ат* "конь, лошадь", *айғыр* "жеребец", *тай* "жеребенок", *буқа* "бык" и т. д.; 5) анатомические названия: *бас* "голова", *айақ* "нога", *құлау* "ухо", *жүрек* "сердце" и т. д. [ДТС 1969]. Эти же термины встречаются в средневековых памятниках уйгурской и кипчакской письменности.

Казахи с древних времен занимаются животноводством, и поэтому в казахском языке весьма широко представлена разветвленная животноводческая терминология, особенно связанная с коневодством, верблюдоводством, овцеводством. Коневодческие термины дифференцируют лошадей по возрасту: *құлын* "жеребенок", *жабағы* "жеребенок возрастом более 6 месяцев, но менее одного года", *тай* "стригуң, стригунок, годовалый жеребенок", *құнан* "жеребенок более двух лет", *дөнен* "конь более трех лет", *бесті* "конь пяти лет"; они охватывают названия видов жеребят, кобылиц, жеребцов, яловых лошадей и т. д., например: *буаз бие* "жеребая кобыла", *құлынды бие* "кобыла с жеребенком", *мес бие* "жирная, молочная кобыла", *ту бие* "яловая кобыла", *тел бие* "кобыла, припускающая чужого жеребенка", *қасабалы бие* "кобыла 7-8 лет", *шар бие* "кобыла средних лет", *жасаган бие* "кобыла возрастом более 20 лет с жеребенком" и т. д. Наличие в казахском языке огромного количества слов и словосочетаний, связанных со скотоводческим хозяйством, составляет его специфику.

В казахском языке распространены многие географические термины, что обусловлено прежде всего обширной территорией Казахстана и полукочевым образом жизни казахов (постоянными поисками плодородных пастбищ для скота, требующими хорошего знания рельефа местности: гор, рек, озер, степи и т. д.).

По мнению Г. Конкашпаева, “каждая мельчайшая деталь горы, ложбины, реки, озера, пастбища и т.д. имеет у них (у кочевых казахов) свой особый термин, почти не встречающий аналогов у других народов, особенно у земледельцев” [Конкашпаев, 1951, 3]. Такие народные географические термины, составившие основу научных терминов по физической географии, насчитываются в казахском языке сотнями, например: *айрық* “узкая речная долина”, *атырау* “дельта, изрезанное побережье крупного водоема”, *аиа* “место слияния двух рек”, *бастау* “ручей”, *бұлақ* “родник”, *жал* “заметная, вытянутая возвышенность”, букв. “грива”, *жарық* “трещина, щель”, *жыра* “промоина”, *қайнар* “ключ”, *кемер* “береговой вал, обрыв”, *қойтас* “валун”, *өзек* “лощина” и т.д. Такие местные географические термины, как *адыр*, *бидайық*, *саз*, *сай*, *сырт*, *тақыр*, *томар*, *туғай*, *үстірт* и др., вошли в русскую специальную литературу.

В казахском языке широко представлены такие народные ботанические термины. Это и понятно, так как при кочевом образе жизни необходимо иметь полное представление о растительности родного края, свойствах различных трав, их пользе и вреде для домашнего скота, ...

* * *

Вопросы казахской терминологии наряду с другими проблемами обсуждались на конференциях, съездах и совещаниях. Так, впервые в культурной жизни казахского народа проблемы терминологии рассматривались на I съезде научных работников Казахстана, который проходил в 1924 г. в г. Оренбурге. Вопросам терминологии в тюркских языках, в том числе казахском, было уделено большое внимание и в докладах на I Всесоюзном тюркологическом съезде, проходившем в Баку в 1926 г. [см. БОК 1926, 8; Гасымов, 1972, 42].

Вопросы развития терминологии на национальных языках были предметом специального обсуждения II Всесоюзного партийного совещания по народному образованию, проходившего в 1930 г. в Москве. На этом совещании были определены основные научные принципы разработки терминов на языках народов СССР [см. ВВПС 1931, 306-309]. С начала 30-х годов вопросами разработки терминологии на языках народов СССР стал специально заниматься Комитет нового алфавита. В 1933 г. Академия наук СССР образовала комиссию по технической терминологии, преобразованную затем в Комитет научно-технической терминологии. Основателями этого комитета были академики Е.А. Чаплыгин (1869-1942) и Д.С. Лотте (1898-1950).

В 1933 г. в Казахстане была организована Государственная терминологическая комиссия. В мае 1935 г. был проведен Всеказахстанский съезд деятелей культурного строительства, на повестке дня которого одним из узловых вопросов

был вопрос о разработке и упорядочении казахской терминологии. На съезде были одобрены принципы создания терминов путем использования внутренних ресурсов казахского языка и принятия интернациональных терминов без изменений их формы, разработанные и предложенные проф. Х.К. Жубановым [1966, 283–285]. После определения основных научных принципов вся практическая работа по созданию, унификации и кодификации научных отраслевых терминов в казахском языке стала осуществляться централизованно.

Рабочим органом Государственной терминологической комиссии является Отдел терминологии и теории перевода, функционирующий в Институте языкознания АН КазССР. Он призван заниматься научно-исследовательской работой в области казахской терминологии, составлением и редактированием терминологических словарей, а также проведением консультации по вопросам терминологии в различных учреждениях, вузах, издательствах, ведущих терминологическую работу.

Создание и внедрение терминов в казахском языке в настоящее время осуществляется чаще всего через периодическую печать, учебники для школ и вузов, терминологические словари, специальную и научную литературу, а также через труды классиков марксизма-ленинизма. В создании новых терминов и терминологических сочетаний большую роль играет русский язык. Многие русские и интернациональные термины были приняты казахским языком без изменения, т. е. в их русской литературной форме. Немало терминов в казахском языке, образованных путем калькирования русских терминов и терминологических сочетаний. Большинство научных терминов, созданных на базе собственно казахских слов в той или иной мере носят на себе отпечаток терминологических моделей русского языка.

Каждый этап терминотворчества в казахском языке характеризуется своими особенностями и отражает социально-экономические, культурные и исторические изменения в жизни народа. Так, в 20-30-е годы создание и развитие терминов было тесно связано с великими преобразованиями в нашей стране. В середине 20-х годов в связи с политикой партии о советизации казахских аулов появился целый ряд новых терминов, например: *кооперация*, *совет құрылысы* “советский строй”, *социалистік құрылыс* “социалистический строй”, *ауылдық совет* “аульный совет”, *кәсіподақ* “профсоюз”, *орташа* “средняк”, *жеке шаруа* “единоличник” и т.д.

В конце 20-х – начале 30-х годов в связи с принятием первого пятилетнего плана и всеобщей коллективизацией в казахском языке были созданы термины *конфискелеу* “конфискация”, *колхозшы* “колхозник”, *тракторшы* “тракторист”, *комбайнышы* “комбайнер”, *екпінді су* “ударник”, *ауатком* “райисполком”,

жоспар “план”, *жоспарлау* “планирование”, *еңбеккүн* “трудодень”, *социалды жарыс* “социалистическое соревнование”, *жеке меншік* “частная собственность”, *есепші* “учетчик”, *кілтші* “кладовщик”, *бесжылдық* “пятилетка” и мн. др.

Развивалась общественно-политическая терминология, связанная с политической и организационно-политической деятельностью партии, структурной революцией, марксистско-ленинским учением, государственным строем и т. д. К ней относятся термины *партия мүшесі* “член партии”, *партбюро*, *партиялық тазарту* “партийная чистка”, *аудандық партия комитеті* “районный партийный комитет”, *марксистік* “марксист”, *қызметкер* “работник”, *социалистік сана* “социалистическое сознание”, *қызыл бұрыш* “красный уголок”, *сауаттандыру* “обучение грамоте” и т. д. [см. Байтикова, 1971, 27-30].

20-е - начало 30-х годов в истории развития казахской терминологии были переходным периодом в создании и употреблении общественно-политических и научных терминов. Многие из терминов, созданных в те годы, и поныне употребляются в казахском литературном языке.

Первые опыты создания терминов не всегда были удачными, допускался разноречивый в их употреблении, зачастую встречались попытки перевода даже интернациональных терминов. Например, термин революция употреблялся относительно редко, а более частым его эквивалентом выступало слово *төңкеріс*, которое не отражало политического содержания термина революция, и потому в 30-е годы оно уступило место интернациональному термину революция, а само утвердилось в значении “переворот”. Из вариантов, обозначающих “прения” — *жарыс сөз*, *талас сөз*, *тартыс*, как термин закрепилось *жарыс сөз*, а слово *тартыс* стало означать “конфликт”. Не были освоены казахским языком такие термины, как *бейнетқор* “трудящийся”, *серке* “лидер”, *кеңес* “совет”, *қара айғыр* “паровоз”, *отарба* “поезд”, *кіндік комитет* “центральный комитет”, *тор аға* “председатель”, *әуе кемесі* “аэроплан, самолет”, *мұратшыл* “идеалист”, *бибауырмал* “интернационалист”, *баурмал* “националист”, *қосшы би* “заседатель”, *дәрісіші* “лектор” и т. д. [см. Исаев, 1973, 80-81], и они были заменены другими лексическими единицами: *еңбекші*, *лидер*, *совет*, *паровоз*, *поезд*, *орталық комитет*, *председатель*, *самолет*, *идеалист*, *интернационалист*, *ултышыл*, *заместитель*, *лектор* и т. д. Как видно из примеров, интернациональные и русские термины приняты без изменения, а некоторые термины заменены более удачными словами казахского языка.

Говоря об этом периоде, нельзя не отметить пуристические тенденции в терминотворчестве, имевшие место во всех национальных языках. Как указывают некоторые исследователи казахского языка, в практике создания терминов в 20-е годы в периодической печати элементов пуризма было больше, чем в

художественной литературе [см. Балақасв и др., 1968, 183]. Эта тенденция проявлялась в стремлении переводить русские и интернациональные термины на казахский язык, в результате чего возникало немало курьезов, например: *плакат* – *жалын сөзді сурет* букв. “рисунок с пламенным словом”, *портфель* – *былғары дорба* букв. “кожаный мешок”, *форточка* – *жел жаңартар* букв. “обновляющий ветер”, *авторучка* – *мәңгілік қалам* букв. “вечная ручка”, *тюрьма* – *қараңғы үй* букв. “темный дом” и т.д. Такие многословные описательные сочетания в казахском языке в качестве терминов так и не прижились. Сама жизнь продиктовала необходимость заимствования этих терминов (целиком или частично): *плакат*, *портфель*, *форточка*, *автоқалам*, *түрме*. В те годы интернациональные и русские термины – *конференция*, *съезд* и *совещание* на казахском языке передавались одним словом *топ*, что означало: сбор людей; группа людей и не соответствовало по значению указанным выше терминам. Точно так же на страницах периодической печати, политической и научной литературы, учебников переводились казахскими словами такие интернациональные термины, как *материалист* – *затшыыл* букв. “любящий предмет”, *капитал* – *дәулет* букв. “достояние, богатство”, *капиталист* – *дәулетшіл* букв. “уважающий богатство”, *идеализм* – *мұратшыл даналық* букв. “стремящийся к идеалу, гениальность”, *радио* – *сымсыз телеграф* букв. “беспроволочный телеграф”, *полиграф* – *жазба сөз* букв. “письменное слово”, *экспертная комиссия* – *сыншы комиссия* букв. “критическая комиссия”, *реалист* – *нағызшыл* букв. “прямой, настоящий”, *стипендия* – *оқу ақшасы* букв. “деньги для обучения”, *институт* – *орда* букв. 1) “центр”, 2) “ставка, резиденция”, *коммунист* – *ортақшыл* букв. “любящий общее, коллективное”, *бюллетень* – *аурулық қағаз* букв. “больничная бумага” и т.д. [Там же, 185-186].

Пуризм с его националистической окрашенностью и стремлением препятствовать всему новому в языке просуществовал недолго. На смену ему в терминотворчестве пришли научные принципы, которыми, начиная с 1935 г., стала руководствоваться Государственная комиссия при Наркомпросе Казахской ССР.

Эти принципы сводились к следующему.

1. Термины типа *революция*, *совет*, *теория*, *практика*, *тенденция*, *медицина*, *хирургия*, *климат*, *абсолютный* и т. д., имеющие единое международное значение, принимать в том же международном едином обозначении, без перевода их на казахский язык.

2. Термины, которые в практике литературных языков переводятся на национальные языки – *производство*, *труд*, *деньги*, *корень*, *стебель*, *деление*, *умножение*, и т. д. – переводить на казахский язык. Если подлежащий переводу термин не имеет эквивалента в казахском языке (или же если казахский перевод

делает его менее понятным, искажает смысл термина), то принимать соответствующее русское слово.

Принятие на съезде культурных работников республики в 1935 г. Этих принципов было большим шагом вперед в создании и унификации казахской терминологии. Особенно важным было то, что советско-интернациональные стали употребляться без изменений в той форме, в какой они употребляются в русском языке. Однако, не все пункты рекомендованных принципов были оправданными и осуществлены на практике.

* * *

В создании и унификации казахской терминологии определенную роль сыграло издание учебников. В 30-40-е годы на казахском языке вышли в свет учебники для средних школ, а в послевоенные годы – как переводные, так и оригинальные учебники для вузов по математике, физике, географии, биологии, литературе, грамматике и т.д., которые значительно обогатили казахскую терминологию.

В разработке и унификации терминов огромная роль принадлежит двуязычным и одноязычным терминологическим словарям. Терминологические словари в Казахстане начали издаваться с 1935 г. Началом этого явилась публикация в бюллетенях Государственной терминологической комиссии терминов по математике, физике, ботанике, сельскому хозяйству. В 1936 г. вышел терминологический словарь “Атаулар сөздігі” (“Словарь терминов”), в 1937 г. – “Казахско-русский и русско-казахский терминологический словарь”. В 1948-1949 гг. были изданы две книги “Терминология сөздігі” (“Терминологический словарь”), которые содержали термины по математике, физике, истории, биологии и т.д.

В 1959-1963 гг. под руководством Института языкознания АН КазССР вышло 12 томов русско-казахских терминологических по металлургии, географии, математике, физике, геологии, педагогике и психологии, юриспруденции, медицине, делопроизводству, экономике, философии, лингвистике, литературоведению, спорту, строительству и стройматериалам, железнодорожному транспорту, ботанике, почвоведению, горному делу общим объемом 160 печатных листов. В последующие годы (до 1981 г.) были изданы терминологические словари по механизмам и машинам, разведочному бурению, педагогике и психологии, физике, географии, химии, рыбному хозяйству, машиностроению, русско-казахский общественно-политический терминологический словарь и т.д.

В настоящее время в Казахстане существует шесть типов терминологических словарей: 1) словари, в которых даются двуязычные словники без какого-либо толкования; 2) словари, в которых в переводной, т.е. казахской части даются

краткие толкования, объяснения, а иногда и определения; 3) словари, в которых дается полное толкование казахского термина; 4) словари, в которых казахские термины даются в качестве реестровых слов, а их русские эквиваленты приводятся в переводной части; 5) словари, в которых в их обеих (и русской, и казахской) частях дается полное толкование; 6) словари, в которых в качестве реестровых слов берется только казахский термин и ему дается полное толкование. По характеру эти терминологические словари можно назвать казахско-русскими и русско-казахскими двуязычными толковыми, полутолковыми и одноязычными толковыми терминологическими словарями.

При оформлении русской части русско-казахских отраслевых терминологических словарей в первую очередь использованы готовые терминологические словари, вышедшие на русском языке, по которым составлена русская часть словарей. В словари вошли наиболее необходимые и часто употребляющиеся термины той или иной отрасли науки и техники. При подборе терминов авторы не ограничивались привлечением терминов, имеющихся в русских терминологических и прочих специальных словарях, но дополняли их терминами, часто встречающимися на практике, в учебниках и литературе.

Все терминологические словари сыграли большую роль в деле упорядочения казахской терминологии. В 1952 г. было выпущено в свет “Руководство по разработке и упорядочению научно-технической терминологии” под редакцией акад. А. М. Терпигорева.

Создание современной казахской терминологии основывается на следующих двух основных принципах: на использовании возможностей родного языка и заимствовании международных и русских терминов.

Использование лексического богатства и грамматических возможностей казахского языка осуществляется разнообразными способами, отражающими специфические особенности лексико-грамматической системы казахского языка. Можно указать на четыре способа создания терминов: 1) лексико-семантический, 2) синтетический, или морфологический, 3) аналитический, или синтаксический и 4) калькирование.

Лексико-семантический способ осуществляется путем:

терминологизации обычных бытовых и общеупотребительных слов казахского языка, используемых в создании географических, ботанических, медицинских и др. терминов: *қырат* “возвышенность”, *атырау* “дельта”, *шығанақ* “залив”, *мүйіс* “мыс”, *үстірт* “плато”, *қараған* “акация”, *дәнек* “зерновка”, *түйнек* “заворот кишок”, *бұғана* “ключица” и т.д.;

специализации значений слов в словосочетаниях: слово *шақ* “момент, миг, пора”, сохраняя свое основное значение, выступает в качестве лингвистического

термина в сочетаниях: осы шақ “настоящее время”, келер шақ “будущее время”, өткен шақ “прошедшее время”;

расширения значений слов: слово жарыс в казахском языке имело до революции только одно значение – “состязание”, ат жарысы “конное состязание”; ныне его значение расширилось: социалистік жарыс “социалистическое соревнование”; в современных терминах казахского языка можно найти десятки таких примеров;

создание различных типов сокращенных терминов (аббревиатур) на базе самого казахского языка: АҚШ – Америка Құрама Штаты “США”, ОК – Орталық Комитет “ЦК”, БҰҰ – Бірлескен Ұлттар Ұйымы “ООН” и др.

Синтетический, или морфологический, способ – один из продуктивных способов создания терминов в казахском языке. Некоторые словообразующие аффиксы присоединяются не только к собственно казахским, но и к интернациональным и русским терминам. К наиболее продуктивным аффиксам, с помощью которых образуются термины от различных частей речи, относятся:

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: *игілік* “достояние”, *куәлік* “свидетельство”, *теңдік* “равенство”, *сөздік* “словарь”, *құлдық* “рабство”, *жарлық* “распоряжение”, *азаттық* “свобода”, *сенбілік* “субботник” и т.д;

-шы/-ші: *елиші* “посол”, *комбайншы* “комбайнер”, *тракторшы* “тракторист”, *спортшы* “спортсмен”, *кітапханашы* “библиотекарь”, *малшы* “скотовод” и т.д.;

-ым/-ім: *қысым* “давление”, *келісім* “соглашение”, *өнім* “продукт, урожай”, *алым* “сборы, налог”, *ұғым* “понятие”, *шағым* “жалоба”, *тізім* “список”, *білім* “знание”, *тарам* “отрасль, ветвь” и т.д.;

-ғыш/-гіш, -қыш/-кіш: *жарғыш* “взрыватель”, *ұшқыш* “летчик”, *сызғыш* “линейка”, *өткізгіш* “проводник”, *көрсеткіш* “показатель”, *желдеткіш* “вентилятор” и т.д.;

-ыс/-іс/-с: *ұрыс* “битва”, *ағыс* “течение”, *егіс* “посев”, *табыс* “прибыль”, *соғыс* “война”, *сөгіс* “выговор”, *кіріс* “приход”, *жиылыс* “собрание”, *құрылыс* “строительство”, *құбылыс* “явление”, *өндіріс* “производство” и т.д.;

-уыш/-уіш: *елеуіш* “решето”, анықтауыш “определение”, тіреуіш “подпорка, опора”, толықтауыш “дополнение”, и т.д.;

-ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе: *қима* “разрез”, *жазба* “письменность”, *тұнба* “ил, осадок”, *қойма* “склад”, *бөлме* “кабинет, комната”, *көрме* “выставка”, *бөртпе* “парча”, *қортпа* “сплав”, *міндеттеме* “обязательство” и т.д.;

-ша/-ше: *кітапша* “книжка, брошюра”, *бөлімше* “отделение”, *жұлдызша* “звездочка”, *қосымша* “аффикс”, *сызықша* “дефис”, *белдемше* “поясница” и т.д.;

-кер/-гер (аффикс иранского происхождения): *жумыскер* “рабочий, работник”, *дәрігер* “врач”, *қызметкер* “служащий”, *саудагер* “спекулянт”, *қаламгер* “писатель”, *еңбеккер* “труженик” и т.д.;

-шылық'-шілік: құрғақшылық “засуха”, арзаншылық “дешевизна”, шабыншылық “нападение”, қанаушылық “эксплуатация”, бұрмалаушылық “искажение” и т.д.;

-ландыру/-лендіру, -дандыру/-дендіру, -тандыру/-тендіру: куәландыру “освидетельствование”, механикаландыру “механизация”, жарақтандыру “вооружение”, қарусыздындыру “разоружение” и т.д.

Аналитический, или синтаксический, способ терминообразования в казахском языке заключается в сложении обычно двух (реже трех) лексических единиц с использованием или без использования морфологических средств. Этот прием словообразования существовал в казахском языке издавна: *көлбақа* “лягушка”, *құрбақа* “жаба”, *белбеу* “ремень”, *кемпірқосақ* “радуга”, *кезқұйрық* “коршун” и т.д. Данный способ терминообразования ныне является одним из активных в создании не только казахских, но и смешанных (интернационально-русско-казахских) терминов, например: *қолтаңба* “автограф”, *аппаратхана* “аппаратная”, *шорбуын* “артрит”, *алаяқтық* “афера”, *суқұзғын* “баклан”, *ішперде* “брюшина”, *гүлшанақ* “бутон”, *көк-тамыр* “вена”, *көзқарас* “взгляд”, *қазтамақ* “герань”, *жылнама* “ежегодник”, *машинатану* “машиноведение” и т.д.

Значительная часть сложных терминов в казахском языке падает на долю терминологических сочетаний, образующихся синтаксическим способом. Эти разряды терминов состоят обычно из двух, трех, четырех и более самостоятельных компонентов, выражающих в целом одно сложное терминологическое понятие. Чаще отдельными компонентами таких сложно-составных терминов выступают русские и интернациональные слова. Подобные конструкции как бы занимают промежуточное положение между свободными и фразеологическими словосочетаниями. Примеры: *Социалистік еңбек ері* “Герой Социалистического Труда”, *бесжылдық план* “пятилетний план”, *жарыс сөз* “прения” и др.

Калькирование является одним из ведущих и продуктивных способов образования новых терминов в казахском языке. Терминологические кальки по своему характеру делятся на два типа: смысловые кальки и структурно-смысловые кальки. В первом случае при переводе термина передается лишь значение, существующее в данном языке: *көрсеткіш* “показатель”, *аударма* “перевод”, *бесжылдық* “пятилетка”, *ағыс* “течение” и т.д. Во втором случае применяются буквальные переводы компонентов и копирование структурных моделей терминов в русском языке, например: *еңбеккүн* “трудодень”, *социалистік өмір салты* “социалистический образ жизни”, *тап күресі* “классовая борьба”, *социалистік өнеркәсіп* “социалистическая промышленность”, *кемелденген социалистік қоғам* “развитое социалистическое общество” и т.д.

Заемствованные международные и русские термины могут входить в казахский язык в той же форме, в какой они употребляются в русском языке: *абсорбция, агломерат, абсцесс, агностик, аннексия* и т.д.

Интернациональные технические термины обычно принимаются без перевода, за исключением тех терминов, которые имеют точное соответствие в казахском языке, например в физической географии, биологии, медицине: *дюна – шағыл, левада или урема – тоғай, артрит – шорбуын, астрагал – таспа, океан – мұхит*.

Префиксы *ре-, син-, де-, анти-, контр-* и сокращенные слова типа *авто-, аэро-*, встречающиеся в составе международных терминов, принимаются в казахский язык вместе с терминами: *реконструкция, синхрония, деформация, антипартийный (антипартиялық), контрреволюция, аэросъемка, автотрансформатор, автопоезд, автостоп* и др. Однако, если эти префиксы употребляются с русскими словами, то последние часто переводятся на казахский: *автоматиегиш* “автопогрузчик”, *автосуат* “автопоилка”, *автоқалам* “авторучка” и т.д.;

суффиксы *-изация, -ификация, -ация* во многих случаях передаются казахскими суф. *-лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу* и *-ландыру/-лендіру, -дандыру/-дендіру, -тандыру/-тендіру*: *амальгамалау* “амальгамация”, *коагуляттау* “коагуляция”, *автоматтандыру* “автоматизация”, *газдандыру* “газификация”, *электрлендіру* “электрификация” и т.д.

Некоторые технические термины из-за отсутствия эквивалентов в языке принимаются в русской форме; их называют терминами, заимствованными из русского языка, например: *воронка, втулка, драга, золотник* и др.

Некоторые заимствованные международные и русские термины используются в сочетании с соответствующими казахскими суффиксами, например: *алгебралық символика* “алгебраическая символика”, *бинантты электрометр* “бинантный электрометр”, *совет мемлекеті* “советское государство” и т.д.

В соответствии с принципами терминотворчества заимствуются некоторые сокращения типа *СССР, РСФСР, КПСС* как термины, принятые казахским языком в той же форме, что и в русском языке. Однако наблюдается тенденция избегать, если это возможно, употребления сокращенных терминов.

В настоящее время наряду с созданием новых терминов по различным отраслям науки большая работа в республике проводится по их унификации, стабилизации и дальнейшей дифференциации.

Дифференциация значений терминов в казахском языке зачастую ведется в соответствии с существующей системой терминологии в русском языке. Например, в почвоведении имеются такие близкие по значению, но разные по функции термины, как: *мелиорация, ирригация, орошение, полив, обводнение*.

При разработке соответствующих терминов почвоведения в казахском языке были приняты следующие эквиваленты: рус. *мелиорация* – казах. *мелиорация*, *ирригация* – *ирригация*, *орошение* – *суармалау*, *полив* – *суару*, *обводнение* – *суландыру*.

Аналогичные термины геологии соответственно передаются: рус. *пласт* – казах. *пласт*, *слой* – *қабат*, *прослойка* – *қабатша*, *мощность* – *қалыңдық*, *мощность пласта* – *пласт қалыңдығы*, *толица* – *қатқабат*, *толица угленосная* – *көмірлі қатқабат*, *грунт* – *грунт* и т.д. Устранение параллелизмов также относится к сфере упорядочения терминов. Например, из параллелизмов *форум*, *жиын*, *кеңес* “форум”, *көрермен*, *көруші*, *қатысушы* “зритель”, *жігерсіздік*, *қажырсыздық*, *еріксіздік* “безволие”, *спутник*, *серік* “спутник” и т.д. были выбраны и закрепились *форум*, *көрермен*, *жігерсіздік*, *спутник*.

Одним из интересных вопросов разработки терминологии в казахском языке является подбор соответствующих эквивалентов омонимичным и многоязычным лексическим единицам русского языка, выступающим в разных терминологических значениях. Например, слово *мир* по словарю С. И. Ожегова имеет два омонимичных и девять переносных значений, многие из которых являются терминологическими. В подобных случаях основные терминологические понятия передаются в казахском языке отдельными словами: 1) *әлем* “мировое пространство”, 2) *дүние* “мир”, например: *өсімдіктер дүниесі* “растительный мир”; 3) *дүние жүзі* “мир, вселенная”; 4) *бейбітшілік* “мир”; 5) *бітім* “соглашение”, например: *Брест бітімі* “Брестский мир” и т.д.

Обобщая опыт разработки и упорядочения терминологии в Казахстане, отметим следующие ее основные задачи: необходимость ведения более глубокой научно-исследовательской работы в области теоретической и практической терминологии; осуществление координации деятельности Терминологической комиссии и соответствующих комиссии других республик; публикация и широкая пропаганда вновь принятых терминов на страницах республиканской печати¹, проведение всесоюзных, республиканских и региональных конференций, посвященных вопросам терминотворчества и культуры речи; издание терминологических, толковых и орфографических словарей в целях упорядочения терминов в казахском языке; публикация на страницах республиканской печати статей по злободневным вопросам терминологии.

¹ См., например, сборник “Бекітілген терминдер мен атаулар” (Алматы, 1979), который включает в себя 1892 термина, утвержденных Казгостерминкомом с 1968 по 1978 гг.

ЛИТЕРАТУРА

Абишев Х. Рассказы о небе. Алма-Ата, 1962.

БОК – Бюллетень организационной комиссии по созыву I Всесоюзного тюркологического съезда. Баку, 27 февр. – 8 марта, 1926.

ВВПС – II Всесоюзное партийное совещание по народному образованию. М.; Л., 1931.

Гасымов М.Ш. Основы терминологии азербайджанского языка: Автореф. дис. . . . д-ра филол. наук. Баку, 1972. ДТС – Древнетюркский словарь. Л, 1969.

Елубаев С. Терминологические проблемы преподавания математики в казахской школе: Автореф. дис. . . . канд. филол. наук. Алма-Ата, 1974.

Жубанов Х.К. Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией // Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966.

Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. – Изв. АН КазССР. Сер. геогр., 1951, № 99, вып. 3.

КРТС – Казахско-русский и русско-казахский терминологический словарь к переводу “Вопросов ленинизма”. Алма-Ата, 1937.

Куленов К., Куленова С. Русско-казахский словарь по рыбному хозяйству. Алма-Ата, 1971.

КЭС – Казахская Советская Социалистическая Республика: Энциклопедический справочник. Алма-Ата, 1981.

Н СССР – Население СССР: По данным всесоюзной переписи населения 1979 года. М., 1980.

Сейфуллин С. Сочинения, 1961. Т. IV.

Айдаров Ф., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971.

Баишев С. Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері // Халық мұғалімі, 1948, № 5.

Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968.

Бәйткікова Ш. Қазақ тіліндегі неологизмдер: (1920-1930 жылдар материалдарынан). Алматы, 1971.

Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971.

Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы: (Мерзімді баспасөз материалдары бойынша). Алматы, 1973.

Сағындықов Қ. Көсемнің асыл мұрасы. Алматы, 1970.

СПИСОК СЛОВАРЕЙ

1. Атаулар сөздігі. Қызылорда, 1931. – Словарь названий.
2. Математические термины: Бюллетень Гос. терминологической комиссии при Каз. НКП, 1935, май, № 1-3.
3. Термины социально-экономической дисциплины: Бюллетень Гос. терминологической комиссии при Каз. НКП, 1935, май, № 1.
4. Сельскохозяйственные термины: Бюллетень Гос. терминологической комиссии при Каз. НКП, 1935, май, № 3.
5. Ботанические термины: Бюллетень Гос. терминологической комиссии при Каз. НКП, 1935, май, № 3-4.
6. Дополнительные термины по физике: Бюллетень Гос. терминологической комиссии при Каз. НКП, 1935, май, № 3-4.
7. Қазақ тілінің терминдері. I к. Алматы, Қазақстан, 1936. – Термины казахского языка.
8. *Мусабаяев Г., Цунзаво Ю., Адайханов К.* Русско-казахский военный словарь, Алма-Ата: КазОГИЗ, 1942.
9. Терминология сөздігі. I к. / Жауапты ред. Н. Сауранбаев. Алматы: Қаз. ССР ҒА басп., 1948. – Терминологический словарь.
10. Терминология сөздігі. II к. / Жауапты ред. Н. Сауранбаев. Алматы: Қаз. ССР ҒА басп., 1950. – Терминологический словарь.
11. *Арзымбетов С.* Русско-казахский сельскохозяйственный словарь с основными терминами биологии. Алма-Атад: Казгосиздат, 1952 (Издание второе дополненное – 1955 г.).
12. *Кеңесбаев С, Жанұзақов Т.* Русско-казахский словарь лингвистических терминов. Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1956. 160б. (Изд. 2, испр. и доп. – 1966 г.).
13. *Бекмұхаметов Е.* Металлургия өнеркәсібі терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі // Орысша-қазақша терминология сөздігі, I т. / Жалпы ред. С. Аманжолов. Алматы: Қаз. ССР ҒА басп., 1959, 5-103 б. – Краткий русско-казахский словарь терминов металлургии.
14. *Әбішев Х.* Астрономия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі / Жауапты ред. П. Полатбеков, М. Томанов // Орысша-қазақша терминология сөздігі, 2 т. Алматы: Қаз. ССР ҒА басп., 1959. 289-347 с. – Русско-казахский словарь терминов астрономии.
15. *Әбішев Х.* Физика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі / Жауапты ред. П. Полатбеков, М. Томанов // Орысша-қазақша терминология сөздігі, 2 т. Алматы: Қаз. ССР ҒА басп., 1959. 143-228б. – Русско-казахский словарь терминов физики.

16. Әмірбаев М., Бектаев Қ., Бөкейханов Р., Жәутіков О., Оразбаев Б., Сәтбаев М. Математика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Жауапты ред. М. Әмірбаев, Р. Бөкейханов, Е. Жанпейісов // Орысша-қазақша терминология сөздігі, 2 т. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1959. 5-142 б. – Русско-казахский словарь терминов математики.

17. Әубәкіров Ж., Қазақбаев О., Қоңқашбаев Ф., Өтемағанбетов М. Физикалық география терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі // Жауапты ред. А. Әбдірахманов, Ф. Қоңқашбаев // Орысша-қазақша терминология сөздігі, I т. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1959. 141-221 б. – Краткий русско-казахский словарь терминов физической географии.

18. Машанов А., Мусин А., Айташев Г. Тау-кен ісі терминдерінің – қысқаша орысша-қазақша сөздігі // Орысша-қазақша терминология сөздігі, I т. / Жауапты ред. А. Әбдірахманов, Е. Бекмухаметов. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1959. 105-140 б. – Краткий русско-казахский словарь терминов горного дела.

19. Байсалов Г., Құдайбергенов Ұ. Заң терминдерінің орысша-қазақша сөздігі // Орысша-қазақша терминология сөздігі, 4 т. / Жауапты ред. М. Томанов, А. Әбдірахманов. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1960. 5-116 б. – Русско-казахский словарь терминов юриспруденции.

20. Исамбаев М. Орысша-латынша-қазақша терминология сөздігі. Медицина терминдері // Орысша-қазақша терминология сөздігі, 5 т. / Жалпы ред. А. Н. Сызғанов. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1960. 507 б. – Русско-латынско-казахский словарь. Термины медицины.

21. Машанов А., Әбдірахманов А., Сыздықов Ж. Геология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі // Орысша-қазақша терминология сөздігі, 3 т. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1960. 2006. – Русско-казахский словарь терминов геологии.

22. Мұсақұлов Т. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы: Мектеп, 1960. 180 б. – Русско-казахский словарь терминов биологии.

23. Қойбағаров К., Рақымбеков Ф. Педагогика-психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі / Жауапты ред. М. Томанов // Орысша-қазақша терминология сөздігі, 4 т. Алматы: Қаз. ҒА басп., 1960. 117-186 б. – Русско-казахский терминологический словарь педагогики и психологии.

24. Мұсабаев Р., Сүлейменова Б. Орысша-қазақша терминология сөздігі. 6 т. іс жүргізу терминдері. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1961. 1556. – Русско-казахский терминологический словарь. Термины делопроизводства.

25. Асайынов М., Жанпейісов Е., Тәнекеев М. Орысша-қазақша терминология сөздігі, 8 т. Физкультура мен спорт / Жауапты ред. А. Әбдірахманов. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1962. 248 б. – Русско-казахский терминологический словарь. Физкультура и спорт.

26. Бақаев М.Г., Нұғыманов Қ.Х., Сейдуалиев З.С., Ыбыраев Ш.И., Ұлықбеков О. К. Орысша-қазақша терминология сөздігі. 12 т. Тау-кен істері / Жалпы ред. Ө. Ш. Мусин, А. Әбдірахманов. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1962. 282 б. – Русско-казахский терминологический словарь. Горное дело.

27. Балқашев Ү. Философия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі // Орысша-қазақша терминология сөздігі, 7 т. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1962. 211-257 б. – Русско-казахский словарь терминов философии.

28. Әбетов Ф. Әдебиет тану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі / Жалпы ред. Қ. Жұмалиев. Алматы: Қаз. ССР ҒА басп., 1962. 142 б. – Краткий русско-казахский словарь терминов литературоведения.

29. Әбдіров М., Құлқашев Т., Тольбеков С. Орысша-қазақша терминология сөздігі. 7 т. Экономика / Жалпы ред. А. Әбдірахманов. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1962. 5-210 б. – Русско-казахский терминологический словарь. Экономика.

30. Қуатбаев К., Томанов М. Орысша-қазақша терминология сөздігі, 9 т. құрылыс және құрылыс материалдары терминдері / Жалпы ред. А. Әбдірахманов. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1962. 164б. – Русско-казахский терминологический словарь. Термины строительства и стройматериалов.

31. Мусақұлов Г. Қазақша-орысша терминология сөздігі. Биология терминдері / Жалпы ред. А. Әбдірахманов. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1962. 162 б. – Казахско-русский терминологический словарь.

32. Оспанов Ө., Жанпейісов Е., Шолақов Ш. Орысша-қазақша сөздік. Топырақтану // Орысша-қазақша терминология сөздігі, 11 т. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1962. 365-469 б. – Русско-казахский словарь. Почвоведение.

33. Рамазанов Е. Орысша-қазақша сөздік. Ботаника / Жалпы ред. Л. Қылышев, А. Әбдірахманов // Орысша-қазақша терминология сөздігі, 11 т. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1962. 364 б. – Русско-казахский словарь. Ботаника.

34. Хасенов С., Жанпейісов Е., Ырысманбетов К. Орысша-қазақша терминология сөздігі, 10 т. Темір жол катынасы терминдері / Жалпы ред. А. Әбдірахманов. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1962. 162 б. – Русско-казахский терминологический словарь. Термины железнодорожного сообщения.

35. Рахмиев А.Р. Казахско-русско-латинский словарь анатомических терминов. М. 1. Органы движения / Под ред. З. Г. Слободина, С.Р. Карынбаева. Алма-Ата: Казучпедгиз, 1963. 87 с.

36. Әубәкіров Ж., Әбдірахманов С., Базарбаев К. Географиялық терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. І. К. Кеңесбаев, А. Әбдірахманов. Алматы: Қаз.ССР ҒА басп., 1966. 204 б. – Русско-казахский толковый словарь географических терминов.

37. Жолдасбеков Ө., Әбдірахманов А. Орысша-қазақша механизм мен машиналардың терминологиялық сөздігі. Алматы: Қайнар, 1968. 132 б. – Русско-казахский терминологический словарь по механизмам и машинам.

38. Бірімжанов Б.А., Омаров С.Т. Химия терминдерінің, орысша-қазақша сөздігі / Ред. Б. Жұбанов, А. Әбдірахманов. Алматы: ҚазССР ҒА басп., 1969. 396 б. – Русско-казахский словарь терминов химии.

39. Қашағанов Х.Е., Бердімұратов Ж.Б. Орысша-қазақша мал-дәрігерлік сөздік. Алматы: Қайнар, 1969. 247 б. – Русско-казахский зооветеринарный словарь.

40. Насырова М. Әлеуметтік-экономикалық терминдердің қысқаша орысша-қазақша сөздігі. Алматы: Қазақстан, 1968. 215 б. – Краткий русско-казахский толковый словарь социально-экономических терминов (изд. 2, доп. – 1976 г.).

41. Куленов К., Куленова С. Балық шаруашылығының орысша-қазақша қысқаша сөздігі / Арнаулы ред. Т. Мұсақұлов. Алматы: Қайнар, 1971. 160 б. – Краткий русско-казахский словарь по рыбному хозяйству (изд. 2, доп. – 1980 г.).

42. Сайко А.Ф. Краткий русско-казахский толковый словарь эстетических терминов / Под ред. Д. Т. Турсунова. Алма-Ата: Казахстан, 1972. 157 с.

43. Тұяқбаев Н., Әбдірахманов А. Барлама бұрғылаудың орысша-қазақша сөздігі / Жалпы ред. Ш.Е. Есенов. Алматы: Ғылым, 1972. 131 б. – Русско-казахский словарь по разведочному бурению.

44. Аққошқаров Е. Физика терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы: Қазақстан, 1974. 152 б. – Русско-казахский толковый словарь терминов физики.

45. Орысша-қазақша қоғамдық саяси терминологиялық сөздік. Жоба. Алматы: Қазақстан, 1974, 1986. – Русско-казахский общественно-политический словарь. Проект.

46. Серікбаев Д., Жолдасбеков Ө., Тәжібаев С., Әбдірахманов А. Машина жасау терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы: Мектеп, 1974. 192б. – Русско-казахский словарь терминов машиностроения.

47. Жарықбаев К., Әбдірахманов А. Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы: Мектеп, 1976. 84 б. – Русско-казахский словарь терминов психологии.

48. Әлібеков Е., Малгозин С. Азаматтың қорғаныс терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы: Қазақстан, 1979. 136 б. – Русско-казахский толковый словарь терминов гражданской обороны.

Кайдаров А.Т., Абдрахманов А.А.
Казахская терминология//Развитие терминологии
на языках союзных республик СССР.
Отв. ред., доктор филол. наук К.М.Мусаев.
Москва: Наука, 1987. – С. 29-49.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ тілінде пайдаланылып жүрген психологиялық терминдерді негізінен “Педагогика, психология терминдерінің орысша қазақша сөздігі” (Қ. Қойбағаров, Ғ. Рақымбеков, 1960 ж. Қазақ ССР Ғылым академия баспасы) мен “Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі” (Қ. Жарықбаев, А. Әбдірахманов, 1976 ж. “Мектеп”) бойынша анықтап, онда қамтылған 2000-нан астам термин ұғымындағы психология сөздерінен 60 шамалы араб (а), парсы (п) тілдерінен енген терминді қарастырдық. Мұның ішінде жалпы психологиялық терминдермен қатар, оның жеке салаларының әлеуметтік, педагогикалық, медициналық және жоғары нерв физиологиясына қатысты ғылыми терминдік мәндегі сөздер бар. Мысалы, Адал (а) (хәлал). Адалдық, ақ ниет, турашыл, әділ. Ал “АҚТС” сөздігінде⁴¹: аталған сөздердің ақ ниетті, таза ойлы, әділ, тура, анық, шын, күнәсіз, жазығы жоқ, сондай-ақ *адал* жол *алыс* мағынасында көрсеткен.

Адам (а) (әдәм). Адамгершілік Ар-ожданның тазалығы, адамгершілік Адам – ойлау және сөйлеу қабілеті бар тірі жан, саналы, ойлаушы, қоғамға пайда тигізетін адам. Сондай-ақ *Адамата*, *адамзат* тәрізді араб сөздерінен қатар *адамсу*, *адамсымақ*, *адамша* т.б. сөздер өрбіген. Туынды сөздердің қазығы арабтың “адам” деген термині.

Ажал (а) (аджәл). Өлім, қаза.

Амал (а) (ғәмәл). Шара, ылаж; айла, тәсіл, жол, әдіс.

Арифметика сабағында есеп шығарудың жолы – төрт амалы бар (бастауыш мектепте өтетін қос), алу, бөлу, көбейту тәсілдері). Мұнда “төрт” санымен тіркесіп, математикалық күрделі термин (төрт амал) болып тұр.

Арман (п) (арман), мүдде, тілек, қиял.

Әдеп (а) (әдәб), сыпайылық, көргендік, кішіпейілдік, ибадаттылық, ізеттілік. Белгілі бір халықтың әдет-ғұрпында тұрақтанып қалыптасқан этикалық тәртіп. “Әдепті, әдептілік” сияқты туынды сөздер жасалған. Сондай-ақ, әдептілік сақтады, ізеттілік қылды секілді ауыспалы мағынада қолданылатын сөз тіркестері де болады.

Әдет (а) (ғадәт). Дағды, жол-жора, үйреншікті салт, ғұрып. Бұл туралы түсіндірме сөздікте: “Өмірде тұрақтанып қалыптасқан, бойға біткен үйреншікті қылық, бейімділік, – (“ҚТТС”⁴², I том, 575-б.) деп түсінік береді. Осы негіз сөзден “әдет-ғұрып”, “әдет-дағды”, “әдет-салт” т.б. қос сөздер, әдеткі, әдетгі сияқты туынды лексемалар пайда болған. Ал әлеумет (а) (әл-үммәт). Бұл халық, ел-жұрт, бұқара, көпшілік, әлеуметтік кемелдену, социалдық кемелдену, қоғамдық кемелдену деген мағынада.

Әрекет (а) (хәрәкәт): 1. Қимыл, қозғалыс. 2. Амад, айла, тәсіл, орындау, тыңдыру, меңгеру үстіндегі амал-айла, іс-қимыл (“ҚТТС”, I том, 634-б.).

Әсер (а) (әсер). Ықпал – сырттай бір құбылыстан, қимыл-әрекеттен болатын әсер. Осыдан туынды сөздер жасалады. “Әсер алды” тіркесе келіп, ауыс мағыналарында да қолданылады.

Әуес (а) (әвәс). Құмар, күштар, үйір. Бұлардан “әуеской, әуестеу, әуестік” сияқты лексемалар жасауға болады.

Батыр (п) (бәһадүр). Ер, қаһарман. Түсіндірме сөздікте “батыр” терминінің төрт мағынасын көрсеткен. Сонда бәрі де ер, қаһарман деген мағынаның төңірегінен аспайды: Ел қамы үшін жауымен сайысқан тарихи қаһарман, эпостық жырлардың геройы, алып ер (“ҚТТС”, 2 том, 1976, 152-б.).

Баян (а) (бәйан). Хабарлау, айту, түсіндіру. Айту, болған істі хабарлау, баян ету (“ҚТТС”, 11 том, 178-б.). “Баян” сөзінен “баяндама, баяндамашы, баяндаушы, баяндауыш” тәрізді сөздер жасалған. Бәйқам, бейғам (а) (бигәм). Бұл сөз – жайбарақат, алаңсыз, қамсыз, қаперсіз деген ұғым береді. Арабтың ғам (қам) қолдау, қорғау, әрекет деген мағыналы сөзіне өзінің (арабтың) төл жұрнағы - бей, -би қосылып қамсыз, алаңсыз, қаперсіз деген мағына үстеп жүр.

Данышпан (п) (данышмәнд). Ақылды, оқымысты, білімді. Ақыл-білімі асқан кемеңгер, ойшыл адам. Түбірі “дана” сөзі. “Дана” сөзі “данышпанның” толық синонимі ретінде қолданыла береді.

Дәм (а) (тәм). Түрлі тағамдардың ауызға салғанда сілекей арқылы түйсінетін өзіндік қасиет. Түсіндірме сөздікте: “Түрлі тағамдардың, әсерінен ауыз қуысында пайда болатын сезім” (“ҚТТС”, 3 том, 1978, 72-б.). Ас, тамақ, тағам ұғымын да білдіреді.

Дүние (а) (дүнья): 1. Бүкіл әлем; бүкіл жер жүзі; 2. Өмір, тіршілік. 3. Мал, мүлік. “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” 5-6 мағынасын береді: 1. Өмір, тіршілік; 2. Зат, мүлік, жиһаз, нәрсе; 3. Әлем, жер жүзі; 4. Табиғат, жаратылыс; 5. Табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің табы, жиынтығы. Сондай-ақ ауыспалы мағыналары да көп (“ҚТТС”, 3 том, 204-206-б.). Осы “дүние” сөзіне байланысты көптеген туынды сөздер жасалады: “Дүние-ай” – (одағай) адамның әр түрлі көңіл-күйін білдіреді, “дүние-байлық” – (қос сөз) барлық, қазына, дәулет, “дүниедей” (сын есім) дүниеге ұқсас, “Дүниежанды – (сын есім) дүниеқор, “дүние-жиһаз” – (қос сөз) күнделікті тұрмысқа керекті заттар мен мүліктер. Дүниеқор – (сын есім) дүниеқұмар т.б.

Ес (п) (һүш). Ақыл сана. Адамның естіген, көрген-білгенін онда сақтау қабілеті, ақыл-ойы. “Ес” сөзіне байланысты қазақ тілінде көптеген ауыспалы мағыналар жасалады.

Жад (п) ой, ес. Адам баласына тән ой, ес, ақыл

Жан-жануар (п) (джан-джанвөр), жануарлар әлемі. Қос сөз. Жан (п) (джан): 1. Адамның психологиялық ішкі сарайы-ойы, санасы. 2. Діни. Адамға, жануарларға тіршілік беретін рух. Кейде кісі, адам мағынасында (ауыспалы) жұмсалады.

Жауап (а) (джәуаб). Біреудің берген сұрағына қайтаратын сөз. Сондай-ақ, ауыспалы мағыналарда кездеседі. 1. Ауыс. Қарсы әрекет; 2. Тергеу, сот; 3. Жат. Есептің қорытындысы, нәтижесі; 4. Жазалану.

Жәбір (а) (джәбір). Біреуге жасаған қиянат, зияң, қорлық, зорлық, жапа, реніш, жала. Кейде арабтың бір мағынаны беретін синонимдері қосарланып келіп “жәбір-жапа” – қос сөзін жасайды.

Жігер (п) (джегер). Қажыр, қайрат, күш, қуат. Парсының осы сөзіне қазақ тіліндегі баламасы “қайрат, күш” тәрізді сөздері қосылып, қос сөздер жасайды (жігер-күш, жігер-қайрат т. б.).

Зат (а). 1. Нәрсе, бұйым. 2. Табиғаттағы жанды-жансыз нәрселер. Тілімізде ауыспалы мағынада жұмсалады.

Зейін (а) (зейін). Ес, ақыл, ұғымдылық, алғырлық, ынта, ықылас, көңіл, ниет, зерде. Арабтың бұл сөзінің де қазақ тілінде ауыспалы мағыналары бар, қос сөздердің, алғашқы сынары ретінде қолданылады (зейін-зерде).

Кәмелет (а) жету, толу, есею. Кәмелеттік аттестат.

Кәсіп (а) (кәсіб). Өндіріс саласындағы кәсіпорындар мен шаруашылықтағы белгілі мамандық. Ауыс мағынасы – тіршілік, жұмыс, іс, еңбек, қызмет. Қос сөздердің де бір сынары болады (кәсіп-қаракет). “Кәсіп” сөзінен “кәсіби, кәсіпкер, кәсіпқой, кәсіпқор” лексемалар қосымшалар жалғану арқылы жасалады. Сонымен қатар, тіліміздегі байырғы сөздер қосылып біріккен сөздер қатарын жасайды (кәсіподақ, кәсіпорын).

Күмән (п) (гуман, гөман). Шүбә, шек, күдік.

Күнә (п). Дінге қайшы іс, теріс әрекет, теріс қылық, қылмыс. Парсының осы сөзіне түрлі қосымшалар жалғанып, әр түрлі мағыналы лексемалар жасалады: күнәгер, күнәйі (күнә), күнәкар, күнәмшіл.

Қабыл (а) (қабул). Тілегі орындалу, айтқаны келу. Бір нәрсені өзінің қарамағына алу.

Қайыр (а) (хәйр). 1. Жақсылық, рақым, жәрдем. 2. Діни. Қарып-қасерге, жетімге садақа ретінде беретін көмек.

Қам (а) (ғам). 1. Қолдау, қорғау, әрекет. 2. Жай, жағдай, хал-күй, айла, амал. 3. Көңілдегі шер, уайым-қайғы, қапа-мұң. Сондай-ақ шикі, піспеген, өңделмеген, оғаш, шет, қаға беріс болды, араласпады тәрізді ұғымдарды да білдіреді (“ҚТТС”, 5 том, 1980, 606-б.).

Қате (а) (хата). 1. Жанылыс, жаза басу, кемістік, теріс іс. 2. Ауыс. Өтірік, жалған. Қос сөздердің бір сынары болады (қате-кемістік).

Қиял (а) (хиял). Арман, елес секілді фантастикалық ойды білдіреді. Мұның түсіндірме сөздікте бірнеше мағыналарын көрсетеді. 1. Заттар мен құбылыстардың субъективті образдарын қайтадап жаңғыртып, өндеп бейнелеуде көрінетін тек адамға ғана тән психологиялық процесс. 2. Өзіндік жаңа образдар, жаңа туындылар жасаудағы тереңінен топшылайтын ой көзі, творчестволық көрегендік, фантазия. 3. Ауыс. Ой, пікір, ұғым, түсінік, арман, тілек, мақсат т. б.

Қызмет (а) (хедмәт). Жұмыс, іс, еңбек. Еңбек ету, кәсіп, қызметкер. Туынды сөз қалпында тілімізге енген.

Мағына (а) (мәғнә). Бір нәрсенің мәні, мазмұны.

Маза (п) (мәзе). Жым-жырт, қимылсыз күй, тыныштық, дамыл

Мұрат (а) (мурад). Алға қойған мақсат, тілек. Мұның тілімізде бірнеше ауыспалы мағыналары қолданылады. Мұрат етті, мұрат тұтқан, мұратқа жету т.б.

Міндет (а) (меннәт). Мүліксіз орындалуға тиіс тұрған борыш.

Нәзік (п) (нәзік). Жіңішке, осал, үзіліп түскелі тұрғандай, жіп-жіңішке. Ауыспалы мағынасы: берік емес, әлсіз.

Нәресте (п) (нардсиде). Жас бала, сәби. Парсының бұл сөзіне тіліміздегі қосымшалар жалғанып нәрестелі, нәрестелік сияқты сөздер туындайды. Сондай-ақ -хана сияқты сөздермен бірігіп те жұмсалады. Хана қосымшасы арабтікі.

Ниет (а) (нийәт). Бір нәрсеге бейіл, ықылас білдіруде алдын ала болатын мақсатты ой, ынта, тілек. Арабтың бұл сөзіне де тіліміздегі жұрнақтар еркін жалғана береді (ниеттестік, ниетті, ниеттік, ниеттілік). Кейде қос сөздің бірінші сыңары болып келеді.

Нышан (а) (нешан). Ішкі құбылыстың сыртқы белгісі, немесе бір нәрсенің белгісі. Бұл сөздің негізінде нышана, нысаналы, нышанасыз тәрізді ұғымдар туындайды.

Реніш (п) (рәнжд). Кейіс, ыза, ашу, наразылық немесе бір нәрсеге риза болмаудан; көңіл қайтудан туған кейіс, өкпе, жабырқау. Қосымша жалғанады (ренішті, реніштік, реніштілік).

Сапа (а) (сафа). Бір заттың не құбылыстың өзіне тән басқа заттан, құбылыстан белгілік, қасиеттілік, өзгешелік айырмашылықтары. Түйсік сапасы.

Себеп (а) (сәбәб). Дәйек, сылтау. Бұл сөзге қазақ тілінің де (себепшіл, себептік, себепті), арабтың да қосымшалары жалғанып (себепкер) жаңа ұғымдағы сөздер өрбітеді. “Себеп” сөзі қос сөздің сыңары ретінде де жұмсалады (себеп-салдар, себеп-мақсат).

Сыпайы (п) (сепәһи). Әдепті, ибадатты. Термин ұғымындағы бұл сөзге де қосымшалар жалғана береді: сыпайыгершілік, сыпайылық, сыпайылау, сыпайылану.

Тәкаппар (а) (тәкәббар). Менмен, өр көкірек, паң.

Хабар (а) (хәбәр). Біреудің не бір нәрсенің жай-күйі жөнінде ауызекі не жазба түрде алынған мәлімет. “Хабар” сөзінен “хабардар, хабарландыру, хабаршы” тәрізді сөздер туындайды. Сондай-ақ “хабар-ошар” тәрізді лексемалардың (қос сөздердің) бірінші сыңары болып та жұмсалады.

Шарт (а) (шарт). Өзара міндеттеме алысу жөніндегі келісім. Шартты, шарттас, шартсыз тәрізді сөздер туындайды.

КЕЙБІР ТЕРМИНДЕР ТУРАЛЫ

Терминология саласында қол жеткен табыстарымызды әркім-ақ біледі. Енді бұл жайға тоқталып жатпай-ақ әлі де болса орныға қоймаған кейбір терминдер жағдайына жұртшылық назарын аударсақ деп едік. Өйткені әрбір толық мағыналы сөз бен тіркеске қазақ тілінен лайықты балама табу – тіл мәдениетінің көрсеткіші болмақ.

Осы кезге дейін орысша “Совет старейшин” деген тіркестің ана тілімізде әр түрлі қолданылып жүруі көңілге қонбайды-ақ. “Совет старейшинді” “Ақсақалдар алқасы” немесе “Ақсақалдар кеңесі” деп алғаннан терминнің түпкі мағынасына зәредей де нұқсан келмейді. Өзге туысқан республикаларда бұл сөздер жатық аударылып жүр. Айталық, өзбек тілінде әлгі тіркес “Ақсақалдар кенгаши” деп алынған. Қазақ тілі мамандары, терминологиялық комиссия осы мәселеге көңіл аударып, талқыға салып, орынды шешім жасар деп сенеміз.

Бұл кезге дейін тілімізден тиісті балама таба алмаған, анығырағы, тапқымыз келмеген сөздің бірі – “председатель”. Осы сөздің дәл қазақшасы “төраға” еді. Өкінішке орай бұл баламаны бүгіндері ұмытып барамыз. Бүгінде “аға жаттықтырушы”, “аға лейтенант”, “аға агроном” деген тіркестер көптеп кездеседі. Ендеше “төраға” деген тіркестен де ат-тонды ала қашудың ешбір қисыны жоқ. “Председательді” “төраға” дегеннен сөздің саяси, әлеуметтік мәніне қылаудай нұқсан келмейді. Осындай дәл өз баламасы бар сөзді қолданғанымызға ешкім де қарсы бола қоймас дейміз.

Сөз реті келгенде көңілімізде жүрген және бір термин жайында айтуды лайық көреміз. Ол – “указ” деген сөздің баламасын тіліміздің ішкі қорынан іздеп көру мәселесі. “Пәрмен” сөзі тілімізде бағзы заманнан бар. Ол, тіпті, осы күнгі баспасөзімізде де “пәрменді басшылық”, “пәрменді қимыл” секілді тіркестер ретінде қолданылып келеді. Ал, ауыз әдебиетінде “күштінің ісі пәрменмен, әлсіздің ісі дәрменмен” деген мәтел де бар. Ендеше, ретті жерінде бұл сөзді термин етіп пайдалануға неге болмайды?

Біз нағыз интернационализм ұлттық тілдер мен мәдениеттердің өз топырағында гүлденуі негізінде туатынын жақсы білеміз. Әңгіме орыс тілінен ауысқан, орнымен қабылданған жүздеген, мыңдаған терминдер туралы емес, жекелеген сөздер мен тіркестерді анықтай түсу турасында болып отырғанын сауатты жұртшылық дұрыс ұғынар деп сенеміз.

- ¹ См. “Русско-казахский терминологический словарь”, 1959, стр. 16.
- ² См. Л.Н. Ниязов. Русско-туркменский словарь химических терминов, 1954, стр. 12.
- ³ Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. “Ғылым” баспасы, Алматы, 1966, 349-бет.
- ⁴ Ғалам ғажайыптары. Алматы, 1968, 252-бет.
- ⁵ Флора Казахстана, тт. I-IX. Алма-Ата, 1956-1966 гг.
- ⁶ С. Арзымбетов. Русско-казахский сельскохозяйственный словарь. Алма-Ата, 1958. стр. 23.
- ⁷ И.А. Юндин. Травы. Алма-Ата, 1968, стр. 109-112.
- ⁸ Б.А. Федченко. Очерки растительности Туркестана. Л., 1925; В. Н. Иса и н. Ботаника. М., 1951; И.А. Юндин. Травы. Алма-Ата, 1968.
- ⁹ У.К. Кисыков. Материалы для словаря казахско-русско-латинских названий растений. “Известия АН КазССР. серия биол., 1955, вып. 9”, стр. 160.
- ¹⁰ Мысалдардан кейін жақшаның ішінде тұрған цифр тектес есімдік атауларының санын, яғни қанша сөз екендігін көрсетеді. – Қ.Б.
- ¹¹ Ескерте кететін нәрсе, сорт атауларының бәрі бірдей сөздікте алына бермейді. Өйткені олар көбінесе ғылыми (орысша) терминдермен аталынған. Мысалыға алма сорттарын аламыз: *Ақ Розмари, Белый налив, Бурхард ренеті, Ренетка, Сибирка, Пеструшка, Мантуанер, Сүйсенпер* т. б. Дегенмен, тілімізде көп айтылып, жиі қолданылатын кейбір сорт атауларын түсіндірме сөздікте алған жөн: *апорт, қытай алмасы* т. б. – Қ. Б.
- ¹² Біріктіріп жазу дегенді айтқанда қара ағаш, қара аспан, қара от, қара өрік, сары ағаш, сары бауыр, сары бұғы (бұға), сары күйік, сары сазан, сары садақ, сары бас, сары барақ т.б. дегендерге тоқтала кетпеске болмайтын сияқты. Әңгіме осы сияқты екі сөзден тұратын өсімдік атауларын біріктіргеннен кейін, оларды талай жазуда болып отыр. Мәселен қара ағаш сөздері қара ағаш болып жазыла ма жоқ айтылуы бойынша қарағаш болып жазыла ма? Біздің ойымызша оларды айтылуы бойынша жазып реестрге сот күйінде алған жөн сияқты. Сонда жоғарыдағы өсімдік атаулары былай болып жазылған (алынған) болар еді: қарағаш, қараспан, қарот, қарөрік, сарағаш, сарбауыр, сарбұға, саркүйік, сарсазан, сарбас, сарсадақ, сарбарақ, т.б. Бұлай етіп жазу біріншіден, сөздердің бірігу заңына сай келеді, екіншіден жоғарыдағы өсімдік атаулары көркем әдебиетте көбінесе айтылуы бойынша ұшырасады. – Қ. Б.
- ¹³ Күрделі сөздерді сөздікте берудің мұндай амалы лексикографияда бұрыннан бар. – Қ. Б.
- ¹⁴ Фонетикалық варианттар жөнінде төменде ерекше тоқталамыз. – Қ.Б.
- ¹⁵ Ч.Ч. Валиханов. Собрание сочинений, т.1. Алма-Ата, 1961, стр. 280.
- ¹⁶ Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969, 222-б.
- ¹⁷ Қарашева Н. О грамматических особенностях казахской публицистики начала XX века – Қазақ тіл білімі мәселелері. - Алматы, 1950, 1 кіт.; Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы, 1971.

¹⁸ Қазақ ССР архивы, 81-ф., 1-оп., 56-іс. Бұл дерек С. Бөйішевтің “Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері” деген мақаласында да (Халық мұғалімі, 1948, № 5) келтірілген.

¹⁹ Тастанов Ш.Ю. Казахская советская интеллигенция. - Алма Ата, 1982. – с. 74.

²⁰ Енбекші қазақ 1923, 25 июнь Қызыл Қазақстан 1923 № 19-20, 21-23-24 б, 924, № 3-4

²¹ Советская степь, 1928, 28 февраля.

²² Кеңесбаев І., Ысқақов А., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. Алматы, 1968, I бөл, 142-б.

²³ Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1966.

²⁴ Аханов Қ. Қазақ тілі оқулығы. Алматы, 1976, 148-б

²⁵ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 320-б.

²⁶ Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1966, 91-99-б.

²⁷ Сонда, 91-118-б.

²⁸ Әбуханов Ф. Қазақ тілі. Алматы, 1982, 138-б.

²⁹ Кеңесбаев І., Ысқақов А., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. Алматы, 1968, I-бөл, 156-б.; Аханов К. Қазақ тілі оқулығы. Алматы, 1976, 166-б.

³⁰ Әбуханов Ф. Қазақ тілі. Алматы, 1982, 149-б.

³¹ Қазіргі қазақ тілі . Алматы, 1954, 309-б.

³² Маманов І. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1966, 121-б.

³³ Әбуханов Ф. Қазақ тілі. Алматы, 1982, 112-б, Кеңесбаев І., Ысқақов Ы., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. Алматы, 1968, I-бөл 107-б.

³⁴ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 252-б.; Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1964, 247-б.

³⁵ Оралбаева Н., Мадина Ф., Әбілқайев А. Қазақ тілі. Алматы, 1964, 113-б.

³⁶ Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1966.

³⁷ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966, 114-б.

³⁸ Сонда, 212-229-б.

³⁹ Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1966.

⁴⁰ См., например, сборник “Бекітілген терминдер мен атаулар” (Алматы, 1979), который включает в себя 1892 термина, утвержденных Казгостерминкомом с 1968 по 1978 гг.

⁴¹ Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы, 1969.

⁴² Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
1930-1990 жылдар аралығында термин, терминология мәселелері бойынша жарияланған мақалалар.....	5
<i>Қайыпназарұлы М.</i> Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін.....	5
<i>Момынұлы Р.</i> Қазақ тіліндегі қайсы біртерминдер туралы.....	10
Қазақ әдебиет тілінің терминологиясы жөнінде.....	17
Терминология принциптері туралы.....	19
<i>Жұбанов Қ.</i> Физика терминдері жайынан.....	24
<i>Жұбанов Қ.</i> Математика терминдері жөнінде.....	29
<i>Жубанов Х.</i> Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые государственной терминологической комиссией.....	33
Термины казахского языка – Қазақ тілінің терминдері.....	36
<i>Балақаев М.</i> Қазақ тілінің емлесі мен терминологиясының кейбір мәселелері туралы.....	40
<i>Нұршыев С.</i> Терминология жөнінде ғылыми-зерттеу жұмысын күшейту керек	45
<i>Балақаев М.</i> Терминдердің жазылуы туралы.....	52
<i>Ермеков Ә.</i> Емле мен терминологияның кейбір мәселелері.....	55
<i>Ермеков Ә.</i> Емле мен терминологияның кейбір мәселелері.....	60
<i>Сауранбаев Н.</i> Алғы сөз	63
<i>Шарипов И.</i> Терминология тәртібі берік сақталсын.....	66

<i>Баишев С.</i> Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері.....	70
<i>Баймурзин Т.</i> Термин сөздер туралы.....	81
<i>Баишев С.</i> Тіліміздің терминология мәселелері.....	82
<i>Нұрышев М., Мақашев Қ.</i> Ғылыми терминдерді аударудағы кемшіліктер Мемлекеттік терминология комиссиясында.....	100
<i>Аманжолов С., Әбдірахманов А.</i> Қазақ тіліндегі ғылыми терминология мен аударма мәселесі туралы.....	118
<i>Әбдірахманов А.</i> Терминология мәселелеріне арналған бүкіл одақтық мәжіліс.....	128
Выступления на всесоюзной конференции “Вопросы терминологии”.....	141
<i>Мусақұлов Т.</i>	141
<i>Рахимов Х.</i>	143
<i>Балакаев М.Б.</i>	147
<i>Балакаев М.Б.</i>	149
<i>Абдрахманов А.А.</i> О принципах составления русско-казахских отраслевых терминологических словарей.....	151
<i>Абишев Х.А.</i>	159
<i>Сатыбалдиев Ә.</i> Терминология принциптері туралы.....	161
<i>Барлыбаев Р.</i> Байырғы сөздердің терминдік мағына алуы.....	180
<i>Аққошқаров Е.</i> Физикалық терминдер жайлы	183
<i>Аққошқаров Е.</i> Физикалық байырғы терминдер	185
Баспасөз мәдениеті туралы.....	188

<i>Аққошқаров Е.</i> Қалыптасқан терминдерді аудару керек пе?.....	196
<i>Әбдірахманов А.</i> Бір жүйеге келтірілген жөн-ақ.....	199
<i>Молдажаров Ж.</i> Кейбір лингвистикалық терминдер жайлы.....	203
<i>Молдажаров Ж.</i> Тіліміздегі тыныс белгілері тарихынан.....	205
<i>Көшербаев Е.</i> Техникалық термин бастамасы.....	206
<i>Нұғыманов И.</i> Пәнаралық терминдер жайлы бірер сөз.....	207
<i>Әбдірахманов А.</i> Терминдерді дұрыс қолданайық	210
<i>Қалиев Б.</i> Өсімдік атауларының түсіндірме сөздікте берілуі	214
<i>Молдабеков Қ.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі калька мәселесі	225
<i>Айтбаев Ө.</i> Қазақ әдеби тілі терминологиясының кейбір мәселелері.....	232
<i>Есенқұлов А.</i> Қазақ тілінің грамматикалық терминдері жөнінде.....	243
Терминологиялық сөздерді тұжырымдау.....	248
<i>Молдажаров Ж.</i> Жүп –жұмыр тегіс келсін айналасы	250
<i>Бердібаев Р.</i> Қасиетті қазына	252
<i>Есжанов А.</i> Компьютерлік терминдер.....	257
<i>Салиева Ұ.</i> Терминдер сыры.....	260
<i>Кайдаров А.Т., Абдрахманов А.А.</i> Казахская терминология.....	262
<i>Есенқұлов А., Аппақова Т.</i> Қазақ тіліндегі психологиялық терминдердің даму жолдары	279
<i>Ысқақов Д.</i> Кейбір терминдер туралы.....	282

Терминологиялық жинақты құрастырғандар:

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ
Ербол ӘБДІРӘСІЛОВ
Әбдібек ӘМІРОВ

ТЕРМИНОЛОГИЯ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

(1930-1990 жылдар)

Теруге 22.03.2006 берілді. Басуға 30.04.2006 қол қойылды.
Қаріп түрі “KZ Times New Roman Cyr”. Офсеттік басылым. Пішімі 60x84.
Шартты баспа табағы 18,0. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 3246.
«ІС-Сервис» ЖШС басылды.

Түптеу жұмыстары Қазақстан Республикасы
«Атамұра корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинатында жасалынды.
050002, Алматы қ., Мақатаев к., 41.

